

83.3(5K23)

М 82

К



ҚАЙЫМ

МҰХАМЕДХАНОВ



2



2
KOT TOMMY
LIBRARY
...
...

LIBRARY OF THE
...
...
...

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРАЛІГІ

ҚАЙЫМ

МҰХАМЕДХАНОВ

КӨП ТОМДЫҚ
ШЫҒАРМАЛАР
ЖИНАҒЫ

А. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ "ОТЫРАР КІТАПХАНАСЫ"
ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫ



ҚАЙЫМ

МҰХАМЕДХАНОВ

2

Зерттеулер,
мақалалар



АЛМАТЫ "АЛАШ" 2005

ББК 84 Қаз 7

М 83

“Алаш мұрасы” сериясының редакциялық аткасы:

М. Құл-Мұхаммед, Е. Қосубаев, Ғ. Әнес, С. Қасқабасов,
М. Қойгелдиев, З. Қабдолов, С. Қирабаев, К. Нұрпейіс, Р. Нұрғали.

Жауапты редакторы – филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Құдакелдіұлы Жұртбай

Пікір жазғандар:

С.С.Қирабаев, ҚР ҰҒА-ның академигі, ф.ғ.д., профессор
Р.Ф.Нұрғали, ҚР ҰҒА-ның академигі, ф.ғ.д., профессор.
С.Қасқабасов, ҚР ҰҒА-ның академигі, ф.ғ.д., профессор.

Құрастырып және басқа да әзірлеу жұмысына қатысқандар –
Т. Жұртбай, Е. Іргебаев, М.Ермағанова, Г. Қалияқасова, З. Жолдасбекова,
Ж. Нұғыман, Ө. Құрманханұлы.

Қолжазбалар мен фотосуреттер Қайым Мұхамедхановтың баталары – Мұслиманың, Розаның, Жәнібектің, Назымның, Бекеттің, Қанағаттың, Динаның, Дегдардың, Қарлығаштың және Қазыбектің отбасы архивтерінен алынды.

Мұхамедханов Қ.

М 83 Көп томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы, “Алаш”, 2005. – 344-бет.

ISBN 9965-669-43-0

Қайым Мұхамедхановтың шығармалар жинағының екінші томына 1945–1997 жылдар арасындағы әдебиет тарихы мен текстология мәселесіне арналған көлемді зерттеулері және М.-Х. Дулатидің, Қ.Жалайыридың, Бұқар жыраудың, Жанақ ақынның, Махамбеттің, Дулаттың, Шөженің, Мәшһүр-Жүсіптің шығармашылық өмірі жөніндегі ғылыми очерктері хронологиялық тәртіппен енгізілді. Соның ішінде монографиялық сипатта жазылған “Келелі іске кемелдік жарасады”, “Түсініктемелер жайында біраз сөз”, “Қаракерей Қабанбай батыр” жыры” атты еңбектері ғалымның пайымды парасатын танытатын ғылыми маңызы терең, білікті де бірегей зерттеулер болып табылады. Екінші бөлімге Абайдың өмірі мен шығармаларының жазылу тарихы, сондай-ақ ұлы ақын поэзиясының текстологиясы жайында жарты ғасыр бойы қалам тартқан мақалалары мақсатты түрде топтастырылып берілді.

Екінші томдағы қазақ әдебиетінің көкейкесті мәселелерін қамтитын бұл еңбектер жалпы оқырман қауым мен ғылыми ортаның назарын ерекше аударатыны анық.

4702250200

М хабарландырусыз–2005

ББК 84 қаз 7

00(05)-05


ISBN 9965-669-43-0-(Т.2)

© Мұхамедханов Қ., 2005

ISBN 9965-669-85-X

© “Алаш” баспасы, 2005

© “Отырар кітапханасы”, 2005



I БӨЛІМ

Әдебиет тарихы туралы зерттеулер

“Қаракерей Қабанбай батыр” жыры

Туғанына 300 жыл толуына орай

Бұдан 46 жыл бұрын, 1945 жылы ол кездегі ССРО Ғылым академиясының Қазақ филиалы Мұхтар Әуезовтің басшылығымен “Қазақ әдебиеті тарихының” бірінші томын даярлау жұмысын қолға алған болатын. Сол жылы (1945) Мұханның шақыруымен Алматыға келіп, әдебиет тарихының бірінші кітабын жазу жұмысына мен де қатысатын болдым.

Кітаптың “Тарихи жырлар” деп аталатын бөліміне кіретін: Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай батырларға арналған халық жырлары туралы жазу маған тапсырылды. “Қаракерей Қабанбай батыр”, “Қанжығалы Бөгенбай батыр” аталатын жырлардың бірнеше қолжазба нұсқаларын қарап шығып, солардың ішінен, уақиғасы тарихи шындыққа сәйкесірек келетін және тілі неғұрлым көркем деген нұсқасын сайлап алып, Мұхтар Әуезовтің ақыл-кеңесі, нұсқаған бағыты бойынша зерттеу жұмысын жүргізіп, әдеби талдау жасадым. Менің жазғанымды Мұхтар қарап шығып, толықтыратын, жөндейтін, өндейтін жерлерін көрсетті. Айтқандарын орындадым. Қайта қарап шығып, қабылдады.

Содан үш жылдан кейін, 1948 жылы “Қазақ әдебиетінің тарихы” I-том басылып шықты.

“Қаракерей Қабанбай батыр” да, “Қанжығалы Бөгенбай батыр” да әдебиет тарихы кітабына кіргізілімепті.

Кейінірек: “Бұл қалай? – деп Мұхаттан сұрап едім:

– Қайтесің. Қалай дерің бар ма. Жоғары орындағылар

сенің Қабанбайыңды да, Бөгенбайыңды да тарихқа кіргізіп, дәріптеу керек емес деп тапты. Болды, – деп, қысқасынан қайырды да қойды.

Сонан кейінгі қилы-қиын заманда, “Байтал түгіл, бас қайғы” болды. 1948 жылы шыққан, редакциясын Мұхтар Әуезов басқарған “Қазақ әдебиетінің тарихы”-ның өзі де “зиянды кітап” деп таңбаланды...

1980 жылдың қаңтарында “Қазақ тарихи жырларының мәселелері” кітабы қолыма тиді (“Ғылым” баспасы, 1979, жауапты редактор: филология ғылымының докторы Рахманкүл Бердібаев). Кітаптың “18-ғасырдағы тарихи жырлар” деп аталатын бірінші бөліміне “Абылай туралы жыр, аңыздар”, “Қаракерей Қабанбай батыр”, “Қанжығалы Бөгенбай батыр”, т.б. жырлар кірген екен. “Қаракерей Қабанбай батыр” жыры туралы жазған Б.Абылқасымов жолдас мақаласында былай депті: “Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Олжабай туралы шығармалар бірде батырлық, бірде тарихи жыр санатына қосылып келді. Кейбір зерттеушілер: “Кейінгі дәуірдің батырлық эпосы”, “Кенже эпос” атауларын ұсынады. Біз “Қабанбай батыр” – тарихи жыр деп танымыз. Анығында бұл позиция қырқыншы жылдары-ақ қалыптасқан еді. ССРО Ғылым академиясы Қазақ филиалы даярлаған “Қазақ әдебиетінің тарихының” I томындағы “Тарихи жырлар” тарауында “Қабанбай батырға” да орын берілді. Бөлімді белгілі зерттеуші Қ. Мұхамедханов жазды (ОҒК, 2-папка, Қазақ әдебиетінің тарихы. 1945, 772–795 бет).

Ескертетін бір жай. Автор өзіне белгілі төрт нұсқаны пайдаланған. Олар: Қ. Омарұлының, Әбжанұлының, Н. Байматайұлының айтуындағы және М. Сағымбаев жазып алған нұсқалар. Басқаларына қарағанда неғұрлым көркем және толық деп санағандықтан, Қ. Мұхамедханов жырдың идеялық-тақырыптық, образдық табиғатын талдағанда негізінен соңғы нұсқаға сүйенген. Зерттеуші нұсқалардағы айырмашылық сөз, сөйлем өзгешеліктерінде деп біледі” (92-бет).

Сөйтіп, Б. Абылқасымовтың мақаласынан өзімнің 1945 жылы жазған мақалам Қазақстан Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасында сақтаулы екенін білдім.

Сол мақаланы Сәбит Мұқанов музейінің қызметкері – Қайрат Раев сақтаулы тұрған жерінен көшіріп жазып алған екен, ақпан айында (1991) Алматыда жолығып, өзіме табыс етті.

Қабанбай бабамыздың дүниеге келгеніне 300 жыл толатын мерекесі қарсаңында ел қорғаны болған батырдың ерлігі туралы мағлұматтар баспасөз жүзінде жиі-жиі жариялануы қалың оқырман қауым құптап отырған игілікті істің бірі.

Бұдан қырық алты жыл бұрын жазылып, жарық көре алмай, архив қоймасында сарғайып жатып қалған мақаламды бүгін ұсынып отырмын.

* * *

Қаракерей Қабанбай батыр туралы халық аузында сақталып, біздің заманымызға жеткен, ел аузынан жазылып, қағазға бертін түскен жыр, әңгіме — әзірше төртеу. Оның бір нұсқасы 1936 жылы “Әдебиет майданы” журналының 11–12 сандарында (140–147-беттерінде) басылды, екіншісі Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданының азаматы Омарұлы Қайырбек қарттың аузынан 1935 жылы жазылып алынған. Үшіншісін Қарқаралы елінің азаматы Әбжанұлы 1939 жылы ел аузынан жазып алып жіберген, енді біреуін сол жылы, қазіргі Көкшетау облысы, Еңбекшіл ауданының азаматы Мәули Сағынбайұлы ел аузынан жазып алып жіберген. Жырдың соңғы үшеуі де жарияланбаған, ССРО Ғылым академиясының Қазақ филиалы архивінде сақталады. Бұл түскен жырлардың қай-қайсысы болсын, уақиғаға, мазмұн жағынан бір негіз, бір сарында. Қабанбай батырдың басына арналған халық жырының үш түрі бірін-бірі толықтыра отырып, түбі бір арнаға құяды.

Түпкі негізі бір жырдың, ауыздан-ауызға, елден-елге, заманнан-заманға көшіп, әрбір айтушы ақыннан, әр елден, әр заманнан өзіне тән сыбаға алады: уақиғаға уақиға, сөзге сөз қосылуы, тағы осындай жайлардан барып, бір жырдан бірнеше түр туындауы, халық мұрасына айналған шығармаға тән қасиет болатыны мәлім. Қабанбай туралы жазып алынбаған, ел аузында таралып жүрген тарихи аңыз әңгіме, жырлар әлі де көп екені даусыз. Әсіресе, Қабанбай жайындағы ел әдебиетінің нұсқалары, сол батырдың жұрағаты өрбіген Шығыс Қазақстандағы Найман елі арасында мол жайылған.

Қаракерей Қабанбай батыр туралы жоғарыда айтылған жырлардың ішіндегі толығырағы және ең көркемі Сағымбайұлының ел аузынан жазып алған нұсқасы. Жырда Қабанбай батырдың өз халқының қамы үшін, ел намысы, ел кегі жолындағы күрестерінің, көп жорықтарының соңғы бір кезеңі, батырдың өз өмірінің ақырғы белесі суреттеледі.

Қабанбай елінен аулақ сапарда жүргенде, ежелден өштесіп, ішіне кек сақтап, қапысын аңдып жүрген қырғыздың Аманалы деген батыры Қабанбайдың елін шабады. Қызын қатын, қатынын жесір, баласын жетім етіп, ел на-

мысын аяққа басып, ер жүрегіне кешіртмес кек өртін тұта-тады. Ат жалын тартып мінгелі жауына елінің кегін жіберіп көрмеген ел қорғаны Қабанбай батырға бұл қорлық қатты батады.

Қарт батыр қапаланып халқына хабар айтып, жауына аттанбақ болады. Қабанбай хабарын есіпген қазақтың атакты батырлары түс-түсқан андап, Қабанбай туының астына жиыла бастайды:

– Ел жұртын жаулар шауып алғаннан соң,
Қайғылы боп қан жұтты қарт Қабанбай,
Қайғылы боп қан жұтты дегеннен соң,
Мұрыннан келген екен ер Боранбай
Ақытын әлі де отыр түзей алмай,
Жауымнан қалдым ба деп кек ала алмай,
Жиылды тамам батыр дегеннен соң,
Келіпті қанжығалы қарт Бөгенбай.

Көкжарлыдан көкжал Барақ, Шақшақұлы Жәнібек батыр келеді. Ақылгөй қарт Бұқар жырау да келеді. Ел кегін қуған ерлердің ұлы дүбір жорығын естіп, сексен сегіз жасында Бұқар жырау да шыдап жата алмай аттанады.

– Тауында мерген атар арқар, құлжа,
Жігіттер атқа түйе тегін олжа,
Жиылды тамам батыр дегеннен соң,
Келіпті шанышқылы Бердіқожа.

Жырдың басқа бір түрінде Бердіқожа батырдың орнына сыбаннан Шыңғожа батыр келді деп айтылады.

Қабанбайдың батыр інісі, ту ұстаған Дәулетбай, найманнан Жантай батыр¹ келеді. Қазақ халқының қол бастаған батырлары, топ бастаған көсемдері, сөз бастаған шешендері түгел жиналады.

– Ертістің арғы жағы күлдір самай,
Мылтығы Қабекемнің күлдір Мамай,
Жиылды тамам батыр дегеннен соң,
Аттанды жұртқа бас боп хан Абылай.

Жырдағы осы Абылай туралы бір ауыз өлең Қабанбай жырының кейбіреуінде бар да, кейбіреуінде жоқ.

Қабанбай өзінің сан жорықта сыналған жан серігі, ер қанаты Қубас атын мінеді. Өз қасына жолдастыққа Шағалақ батырды алады.

¹ Жантай батыр – найман емес, қанжығалы болуы керек (К.М.)

Қабанбай батыр бастаған қазақтың ығаны мен сығайы, еңіреген ерлері ту алып, тұлпар мініп, егескен жауының еңсесін басып, ел кегін алу жорығына шеру тартып келеді. Батырлар күні-түні жолбарыстай жортып, Алатауға келіп, жаумен кездесе алмай, жау жерінде айлап жатады. Ат арып, іон тозып, ас-судан кемшілік көріп, ерлер байлаудағы арыстандай құса болады. Бөгенбаи. Барак сияқты бас батырлардың да шыдамы тозып, далала атымызды сойып жата алмаймыз, жауыңды алдырмайсын, қайтуға рұқсат бер дейді Қабанбайға. Қабанбай бұларға тоқтау айтып, жауды алмай елге қайтуға рұқсат бермейді.

– Соны айтып ер Қабанбай күлімдейді.
– Қой қайтпайық, сабыр ет, інім дейді.
Сол күні жел жоқ, бұлт жоқ шаңқай түсте,
Ақ туы Қабанбайдың дүрілдейді.
Қабанбай сонда тұрып айғай салды,
Қубасқа “бісмілде” деп мініп алды.
Бір қырғын шаңқай түсте болады деп,
Ақ туын дүрілдеген жеті айналды.
Боз бала, тез-тезінен қамдан дейді,
Туымның сыры мағлұм болған дейді.
Бір қырғын шаңқай түсте болады екен,
Жігіттер, атыңды ерттеп қамдан, – дейді.

Аңсыраған қырандай жауды аңсаған ерлер, қанды майдан ұрысқа қамданады. Қарауылға кісі жіберіп, жау хабарын асығыс күтеді. Сол кезде көшіп келе жатқан бір тайпа ел көрінеді. Жау қарасын көріп қуанған ерлер аттарына асығыс аттанып, ұрысқа даярланып көш алдынан шығады. Бұл көш кешегі Қабанбайдың елін шапқан жауы, Аманалы батырдың көші болады. Аманалы батыр інісімен араздасып, бөліне көшкен бетінде аңдып жатқан жауына абайсызда кездеседі.

Аманалы – самсаған сар қолдан беті қайтпайтын еңіреген ер, камал бұзған қайсар батыр. Көшінің алдын тосқан қаптаған жауына қарсы жеке дара жалғыз шығады.

Аманалы батыр Қабанбай қолының алдын кес-кестеп, қазақ батырларын иіріп тастайды. Аманалы сияқты айбынды батырға ә дегенде жекпе-жекке ешкім шыға алмай қаймығып қалады.

– Жібермей қолдың алдын иіреді,
Батырлар ыза болып күйінеді.

Ұмтылды шыдай алмай Жантай батыр,
Найзамен түйреп мұны жібереді.

Жекпе-жекке шыққан Бөгенбайды да найза шайқап жуытпайды. Көкжарлы көкжал Барак барған шақта, найзамен іліп тастап, оны да тезек құрлы көрмей түсіріп кетеді. Ызаға шыдай алмай сексен сегіздегі қарт — Бұқар жырау ұмтылады:

— Кәрі байғұс сені бейнет айлады деп,
Оны да іліп тастап жүре берді.

Ат қойып жетіп келген Бердіқожа батыр да алдыңғылардың кебін киеді. Аманалы қазақтың даңқты батырларын жекпе-жекте шыдатпай, бірінен соң бірін түсіре береді. Әр бірі жүзге салмақ батырларды Аманалы қаңбақ құрлы көрмейді. Аманалының асқақтығына шыдай алмай, кеудесін кек кернеп, ызаға булығып, Қабанбайдың інісі Дәулетбай батыр шығады. Жекпе-жек айқаста Аманалыға Дәулетбай да төтеп бере алмайды. Күші басым Аманалы Дәулетбайды найза үшін еліп алып көтереді. Қазақ батырларына бұл қорлық қатты батады. Ту ұстап майданның аңысын аңдап тұрған Қабанбай бұдан ары шыдап тұра алмайды. Інісін жау найзасының ұшында көрген қарт батыр, томағасын сыпырған қырандай түйіліп жетіп келеді:

— Қабекең кейін тұрған қолды бастап,
Қырғыздың көрініп тұр өнері асқақ.
Ұмтылды таудан құлай ер Қабанбай,
Ақ туды Шағалаққа бере тастап.
Найзадан Дәулетбайды тастай берді,
Дұшпанын Қабанбайдай көзі көрді.
Құдайдан тілегенім сен едің деп,
Ат қойып Қабанбайға жетіп келді.

Қабанбай асқақтаған Аманалыны найзамен іліп алып, басынан тоғыз қабат айналдырып, жерге ұрады. Сол кезде жетелеген түйесі бар, көштен бір қыз зарлап шығады. Ол Аманалының бала дегендегі жалғыз қызы болатын. Әкесінің өлгенін көрген соң, көкті күңіретіп, жерді тебіретіп жылаған қыздың зары адамның сай сүйегін сырқыратады. Қыз бос зарламайды. Аманалының өліміне жүрегі өртене еңіреумен бірге, әкесінің өз елімен араздасып көшемін деп, айтқан тілге көнбей келіп, аңдыған жаудың қармағына ілініп, қаза тапқанын айта зарлайды. Әкесінің бір беткей мінезінің ажалына себеп болғанын кінәлай күңіренеді.

Әкесін қабырғасы сөгге жоқтай келіп, Қабанбайдың алдында жекпе-жекке шыққан қазақ батырларынан кек ала алмай кеткенін арман етеді. Қазақ батырларынан, оның ішінде Қабанбайдан әкесінің сүйегін және өз бас бостандығын сұрайды. Қабанбай қызды азат етіп, өзіне жол ретінде қыздың арнап әкелген түйесін алалы. Бұл түйе хайуаннан асқан өзгеше бір жануар болады. Ақбас атанның:

— Басы бар осы атанның он бес кездей,
Отыз ер арқасына мінгескендей.
Келбеті жануардың тап осындай,
Аяғының астынан ел көшкендей.

Көзі бар жануардың шаңырақтай,
Қырық аршын жауырыны шапқан тактай.
Басында қырық құлаш алтын бұ да,
Тұрады жетелеуге адам батпай.

Атанды тамаша етті жұрттың бәрі,
Мұндай хайуан көрген жоқ жас пен кәрі.
Інісі Қабанбайдың ер Дәулетбай,
Келіпті ағасынан сұрағалы.

Дәулетбай жетіп келіп: ағам, депті,
Қисаңыз осы олжанды алам, депті.
Ей, аға, осы олжанды маған қисан,
Мақтанып келіңіз барам, депті.

— Дәулетжан, маған келдің сырыңды айтып,
Мен бермесем қалады көңілің қайтып.
Сұрама осы атанды мені десең, —
Жүрейін өл-өлгенше қосымды артып.

Ағасының бұл сөзіне ашуланып: “Бұл түйені бермесең, сені көрмеймін, тіріде жолдас боп, соңыңнан да ермеймін, өлсең сүйегіңе енбеймін”, деп морт мінезді Дәулетбай ауыр сөздер айтады. Інісінің бұл мінезіне Қабанбай да ерегесіп, түйені бермейді. Дәулетбай өз қолын соңынан ертіп, ағасымен араздасып, аулаққа айырыла көшеді.

Арада бірнеше жылдар өтеді. Күндерде бір күні Қабанбай ауыр науқасқа ұшырап, өлім халіне жеткен шақта, ел-жұртына хабар айтады. Қабанбайдың мұндай хабарын естіп, халықтың сәуегей қарты Бұқар жырау келеді. Батырдың өлетініне көзі жеткен Бұқар халыққа: асқар тауының құлайтынын, жайлау, қыстауды өрт аларын, халық қорғаны Қабанбайдың дүниеден қайтатынын жырлап келіп:

-- Ақ берен деген сауыттың,
Етегі бар, жеңі жоқ.
Ағайынды адамның,
Төбелесе кегі жоқ.
Мен шын кісі танысам,
Адам болар кебі жоқ.
Шағалақ пенен Шыңғожа,
Дәулетбайға барыңдар.
Барып та хабар салыңдар:
Мына ағанды көрсін де,
Өз қолынан көмсін де.
Қияметте қайтеді,
Арыздасып калсын де.

Мұны естіген Қабанбай: “Дәулетбайға бармаңдар, тіріде мені көрмеймін деп ант берген, келмейді”, – дейді. Өз қолынан інісіне айттырып әперген келіні мінез-құлық, ақыл-парасат, адамшылық жағынан Қабанбайға аса қатты ұнайды екен. Сол келініне сәлем айтады.

“Өлінің тілін тірі алмас”, Дәулетбай сенен хабар алмаса, арманы ішінде кетеді деп, Бұқар Шағалаққа Қубасты, Шыңғожаға Бөрте атты мінгізіп, Дәулетбайға шапқызады. Бұлар Дәулетбайға барып, Бұқардың сәлемін айтады.

Суық хабарды Дәулетбайдан бұрын әйелі сезіп, екі бетін алып зарлап, қайнағасына қабырғасы қайысып жылайды. Күйеуін ерік алдына қоймай, қолма-қол үй жыққызып, ауылын көшіріп, өздері жылқыдан қос-қос ат мініп, тірісінде Қабанбайды көріп, бақұлдасып қалуға асығып жүріп кетеді:

– Қасқыр жортпас қалыңнан,
Қарғып өтіп барады.
Түлкі жортпас тоғайдан,
Түнде жортып барады.
Ертең сәске болғанда,
Елге келіп қалады.
Елге келген белгісі,
Қой баққан шал қойшыдан,
Ағекем тірі бар ма деп,
Сұрап хабар алады.

Қойшы Қабанбайдың болар-болмас халы, шығар-шықпас жаны бар, сусын берсе ішпейді, қайғылы болып жылаған, барша халық сонда отыр дей келіп:

– Күркілдеп демін алады,
Есіктегі сәулеге

Тесіліп көзін салады.
Сені тосып жатқанға
Мен білсем сол ұқсайлы

Ашу билеп адасқан Дәулетбай қоишының сөзін естігенде. іші-бауыры елжіреп, “Ағакем” деп күңірене шабады. Қубас аттын дүбірін әл үстінде кірпігі кимылдап жатқан Қабанбай сезіп, далаға кісі шығарып блдіреді. Інің келді дегенде Қабанбайға тіл бітіп, шырай кіріп, қайратын жиып, басын көтереді. Өлім халінде отырған ағасын көрген Дәулетбай іші күйіп, еңіреп барып бас салады. Өткен өкінішті күндеріне күйініп, екі бірдей ауыр қайғы басына түседі. Бірін-бірі көптен көрмеген сағыныш, ақырғы көрісу, өлім үстіндегі қайғымен камығысады.

– Қабанбай айтты, інімсің,
Қарағым, інім, күнімсің.
Белгі қылып алып ем,
Қырғыздың ақбас атаның.
Елімнің ескі кегі үшін...

– Не айтайын, жалғыз серігім, мына иесіз қалған малға қоса өкпелеген түйенді де ал деп, інісіне дүниенің опасыздығын айтады. Інісі Дәулетбайға, жақсы көретін келініне, қалған елге ұйытқы болуды, берекелі болуды өсиет етеді. Батыр әлсіреп, басын жастыққа сүйейді. Осындай ауыр хал үстінде жатқан шағында ел басына қауіп төнеді.

Ежелгі қанды көйлек жолдасы Шағалақ ел басына төнген қауіпті, өлім алдында жатқан батырға естіртуге батылы бармай, сасқалақтап тұрғанын сезген Қабанбай оны қасына шақырып алады.

– Шағалақ келді қасына,
Тізесін қойды басына.
Өкіргенде көл болды,
Көзінен аққан жасына.
Айналайын, Қабеке-ау,
Көзің тірі жатқанда,
Қорлық дейтін осы ма.
Ауылға жау төніп тұр,
Мың кісіге бас болып,
Әтеке жырық келіп тұр.
Көзі тірі жатқанда
Көңіліңе дақ болсын деп,

Елін шауып кетем деп,
Бір шетіне қазақты
Бүріктіріп ат қойып,
Суық хабар беріп тұр. —

деген хабарды естіген Қабанбай басын жұлып алады. Әлі кеткен денеме түске дейін әл бер деп. тілек тілеп, жан серігі Қубас атын алдырып, ерттетіп, қайраты тасып, орнынан тұрғанда, батырдың жабықта тұрған ақ туы дүрілдеп көкке көтеріледі.

Жиырма бестегі күндей Қубасына мініп, Қабанбай батыр қалын жауға қарсы шабады. Ағасының қанын жоқтап, көзі тірісінде Қабанбайдан кек алуға келген Аманалының інісі жас батыр Қабанбайға жекпе-жекке шығады. Қайратына мініп, қаһарланып алған қарт батыр, қарсы келген жауының туын құлатып, жығасын жығып, жеңіліп қашқан жауды бұршақ ұрған егіндей жусатады. Көзі тірісінде дұшпанына ел кегін жібермеген Қабанбай батыр қару алып, сауыт киген күйінде, ат үстінде ажал жетіп, дүниеден өтеді.

“Қаракерей Қабанбай батыр” жыры — шебер құрылған дастан. Жалпы жырдың уақиғасын алғанда, үш бөлімнен құрылған деуге болады.

Бірінші бөлімі Қабанбайдың Аманалыға қарсы күрескендегі ерлігін суреттеп көрсетуге арналған. Бұл бөлімде қарт батырдың өзге батырлардан астам майдандағы қайраты, табандылығы, сырт бейнесімен қатар, ішкі адамгершілік қасиеті де сипатталады. Екінші бөлім ел ортасы, ағайын арасының жайына арналған. Бұл арада Қабанбайдың науқас халі, халықтың Қабанбайға көзқарасы айтылып, батырдың ел ортасындағы қадір-қасиеті айқын суреттеледі. Батырдың жақсылық қасиеттері ашыла түседі. Үшінші бөлімде елге қауіп төнгенде хал үстінде жатқан батыр, ажалға мойын сұнбай, жауға қарсы аттанып, ел намысын жібермей, майданда өледі. Жыр осындай уақиғаға бай үш бөліммен аяқталады. Жырды шығарушы ақын уақиғаның бәрін жырдағы бас батыр, негізгі тұлға Қабанбайдың айналасына құрып, оның ерлік, адамгершілік бейнесін сымбаттап, көркем суреттеп берген.

Жырдағы уақиғаға араласушы үлкенді-кішілі кейіпкердің істеген ісі, сөйлеген сөзі болсын, Қабанбайдың толық тұлғасын айқындауға негізделген. Әрбір уақиғаға қатысушы адамдардың әр қайсына өзіне тән сөз, іс-әрекеттері нанымды, көңілге қонымды етіліп берілген.

Жырдың халықтың қасиетінің бір сипаты елдің әдет,

салты, қазақ халқына тән дәстүрлер, халықтың терең мағыналы, бейнелі көркем сөзбен қайғы-зарын, тілегін, көңіл-күйін білдіретін жайлар суреттеледі.

Жырдың басындағы қысқаша кіріспе, мадақтағалы отырған тұлғаны дәріптеуге арналған:

– Тұлпарым, арғымағым, жүлде алғаным,
Басынан Арқаулының күн шалғаным.
А дегенде аузыма түсетұғын,
Қамқорым, ер Қабанбай, ел қорғаным, –

деген бастау жырдың негізгі желісі болады да, осы кіріспені уақиғаға апарып ұштастырып, Қабанбай батырдың әдеби-көркем тұлғасын жасайды.

“Қабанбай батыр” жырының бұл нұсқасында өлең құрылысының екі түрі қолданылған: төрт жолды, 11 буынды қара өлең және жеті-сегіз буынды жыр түрі. Өлең құрылысының осы екі түрін орынды қолдану, жырдың қуаты күшті болып шығуына үлкен әсер еткен деуге болады.

Уақиғаны баяндау жағына келгенде төрт жолды қара өлең түрімен жырласа, ашу, ыза, мұң, зар, сол сияқты көңіл-күйін, адамның ішкі сезімін суреттеуге келгенде, әсерлі жыр түріне көшіп отырады.

Әрбір кейіпкердің өзіне тән лайықты тілі, сөз өзгешелігі бар. Жырдағы бас кейіпкердің бірі, халыққа белгілі Бұқар жырау сөйлегенде, оның тіл ерекшелігі айқын көрінеді. Дәулетбайға хабар айтқанда ол Қабанбайдың халін бейнелі, астарлы тілмен сөйлейді:

– Былайша деп айтыңдар:
Тас қорғаның бар еді,
Бытырап, сынып құлады.
Бау шарбағың бар еді,
Бірі күймей құрады.
Қос тірегің бар еді,
Бірі құлап, сұлады.
Қабығы кеткен қу талды,
Қурап жерге түскен соң,
Қатын олжа қылады.
Бес байыстың баласы,
Қайда барып сыяды,
Кімді туған қылады...

Қайғылы хабарды айтқанда адам көңілін жыртып тура айтпай, шешен тілмен астарлап айту қазақ халқының ежелгі салты.

Жырдағы бас қаһарманның тұлғасын суреттеген сәтте әсірелеп жырлау, аскактата сипаттау, халық әдебиетіне лайықты, өзгеше бір дәстүрі болады.

Қабанбай ауырып жатқанда көңлін сұрай келген жырдағы кейпкердің бірі Бұқар жырауға былай дегізеді:

— Арғыннан айттым жүз кісі,
Найманның айттым жүз кісі.
Үйсіннен айттым жүз кісі,
Алшыннан айттым жүз кісі,
Төрт жүз кісі болсайшы,
Қара мойын лағың.

Жырдың тілінде батырлық дастандардың (“Қобыланды батыр”, “Ер Тарғын”, тағы басқа) әсері байқалады. Бұндай әсірелеу тәсілі “Қабанбай батыр” жырының көркемдік жағын күшейтіп, орынды жерінде қолданылған:

— Тақымы ерге тиген соң,
Лап беріп Қубас жөнелді.
Маядай мойның созады,
Тарта-тарта батырдың,
Алақаны тозады.
Көк айыңды болып көпірді.
Жер басқаннан озады.
Ауыздықты басады,
Езуден көбік шашады.
Кекілік деген тік кезен
Қубаспен шауып асады.

Қубастың шабысы да эпостық жырлардың дәстүрі бойынша суреттелген. Жалпы жырдың тілі халыққа ұғымды, шын мағынасында халық жырының тілі.

“Қаракерей Қабанбай батыр” жыры — тарихи адамдарға арналған халық жырының ішіндегі көрнектісінің бірі. Бұл қазақ халқының жауынгершілік, батырлық өмірінің тарихи бір кезеңінің бейнесін айқындап, сол өмірдегі ел қамын жеген ерлердің тұлғаларын көз алдына әкеледі.

Абылай ханның қырғыз манаптарына қарсы тарихта белгілі, үлкен жорығы 1770 жылы болғанын еске алсақ (Ш. Уәлиханов. Шығармалар жинағы. 1961 жыл, 1-том; 375-бет), “Қабанбай батыр” жырының уақиғасымен сәйкестік жағы да байқалады. Қабанбай тарихта Абылай заманының бас батыры болып саналса, халық жырында Қабанбайдың сондайлық зор қасиеттерін көркем сипаттаған. Ол елінің

намысы үшін жанын құрбан еткен. халықтың камқоры еді. алған бетінен қайтпайтын табанды. қажымайтын қажырлы батыр. Қабанбайдың қиыншылыққа төзімділігін, қысылшаң күн туғанда да қабағын шытпайтын шыдамдылығын. тебіренбейтін салмақты мінезін құрғақ сөзбен сипаттап қоймайды. белгілі бір оқиғаға байланысты суреттейді.

Жау жерінде ассыз, сусыз бір ай жатқан уақытта Барак сияқты батырлар шыдамсыздық білдіргенде Қабанбай оларға ақыл айтып, тоқтам салып, жігер береді. Жырдағы аталатын батырлардың бәрі де негізгі тұлға – Қабанбайдың ерекше ерлік бейнесін, жеке дара артықшылық қасиеттерін айқын көрсетуге, толықтыра түсуге атсалысатын кейіпкерлер.

Атақты батыр Аманалымен жекпе-жекке шыққан кездегі Қабанбайдың қайраты, ерлігі жырда ерекше сыйпатталады.

Қабанбай – қажырлы, қайтпас қайрат иесі ғана емес, орынды жерінде қайырымды, ашуды жүрек сезіміне жеңдіре білетін аталық махаббат иесі. Өзі жоқта елін шауып, қатын-балаға жәбірлік жасаған Аманалы батырдың қызына рақымы түсіп, аяйды.

Қыздың басын азат етіп, әкесінің сүйегін қайтарып беріп, астына ат мінгізіп жібереді, ешкімге тигізбей аттандырады. Қызды ермек еткісі келген Шағалақты да еркіне жібермейді.

Ел тілегінен, халық мақсатынан ауа жайылған адам халық қарғысына ұшырайды. Ел намысын жоқтап, халық қамы үшін атқа мінген Қабанбай Аманалыны жеңеді. Өз елінен бөліне көшкен Аманалы халқының қарғысына тап болғандай, Қабанбайдың қолынан қаза табады. Жырда осы жайды Аманалының өз қызының аузымен айтқызады:

– Алакөл тасыр сайы аз боп,
Ер сандалар малы аз боп.
Қаның да түртіп қаңғырдың,
Өз еліңмен араз боп, – дейді.

Аманалыға елінің айтатын сөзі де осы болады. Қабанбайдың ешбір жаудан жеңілмейтін себебін, халқының қамын жеген, елге арқа сүйеп, үнемі ел тілегін ғана тілеген қасиетімен дәлелдейді.

Қабанбай – кейбір батырлар сияқты алды-артына қарамай, ақылдан тыс іс істейтін батыр емес, адамшылық қалпын сактай білген ер. Жау қызына жасаған рақымшылығы арқылы батырдың адамшылық қасиеті айқын берілген.

Сондай кешірімді, ізгі көңілді батыр өз інісі Дәулетбайдың болымсыз істі (Ақбас атан үшін өкпелеуі) насырға шаптырып, орынсыз ашуға жол беріп, береке-бірліктің аса қатты керекті заманында, ел ұйтқысын бұзғанына қатты наразы болып көңілі қалады. Ақырында інісінің де кінәсін кешіп, ақылын айтады.

Жырдың негізгі желісі: ел қамы, халықтың тілегі, береке-бірлік. Аманалы ел қарғысына ұшырап, Қабанбайдан қаза тапса, ел берекесіне іріткі салып Дәулетбайдың бөлініп көшіп кетуі де елге үлкен пәле ала келеді. Әл үстінде жатқан Қабанбай ауылын жау қамайды. Бірақ Дәулетбай дәл осы кезде елін табады. Ел бірлігі, халық қамы наукас Қабанбайға қайрат береді.

Жырда Қабанбайдың өз халқының шын адал ұлы екені айқын жырланады. Халқын ері қалай сүйсе, ерін елі де солай құрметтеп сүйеді. Қабанбайдың наукас халін естіген елі егіліп, еңірей жиналады. Қабанбайдың елді алаламайтын, бүкіл халқына ардақты адам екенін, қойшы шалдың күйініш зарынан көреміз. Дәулетбай ағасының ауыр халін естіп, ақырғы рет амандасып, кешірім сұрап қалуға келе жатып, ел шетіне жеткенде, қой бағып жүрген қойшыдан Қабанбайдың халін сұрағанда:

– Қабекем тірі ме деп сұрайды енді,
Шал байғұс “Қабекем-ай” деп кемсеңдеп,
Айта алмай арғы жағын жылай берді, —

дейді.

Қабанбай сияқты бүкіл қазақ халқына мақтан болған батырға халық жырында ел қиялына ұштасқан өзгеше бір сипаттар бере жырлайды. Батыр жауға аттанып, жауын жеңетін болса, Қабанбайдың ақ туы өзінен-өзі дүрілдеп, көкке қарай желпіне жазылады екен. Аманалымен соғысарда дүрілдеп хабаршы болған ақ ту, батыр өлім халінде жатып, жауға аттанарда да:

– Тұрғанын біліп батырдың,
Жабықта тұрған ақ туы,
Желбір қағып, байқасаң,
Көтеріліп барады.

Халық жырында батырдың басындағы өзгешелік қасиетінің бір белгісі — осы ақ туы. Қабанбайдың ақ туы халық аузында аңызға айналып кеткен.

Жырда Қабанбайға өзінің ажалы жететін күнін болжайтын қасиет береді. Ол ауырмай тұрып-ақ, қай күні өлетінін біледі:

– Бұқар күнді сұрады,
Сұрады да жылалы.
Бүгін айдың нешесі,
Ай қараңғы кешесі.
Он үші айдың, дүйсенбі,
Жан шіркін бойда күйзелді.
Мен сауымда көргенмін
Дүйсенбі күні бітпекпін... –

дейді әл үстінде жатқан Қабанбай. Жырда осындай халық қиялына ұштасқан қасиеттерді беру арқылы Қабанбайды өзге батырлардан жеке дара ірі тұлға етіп суреттейді. Жырға ертедегі батырлық жырлардың салты үлкен әсер еткен. Бұл – халық әдебиетінің өзара іштей желісін үзбей ұштасып, қабысып жатқан жақсылық дәстүрлерінің бірі. Осы жай “Қабанбай жырынан” да орын алған. Қабанбайдың өлім уақытын болжауы, ал туының қасиеті, өлгеннен кейін денесі аспанға ұшып кетуі, халықтың сүйген ерін көкке көтере мадақтай жырлауынан туған жайлар.

Тарихи адамның, тарихи уақиғаның ертедегі батырлық жырлардың, эпостың салтымен жырлануы “Қабанбай жырының” аса бір жақсылық жағы. Ел қорғаны ердің жанына балаған Кубас ат жырдың басынан аяғына дейін батырмен қатар жырланады. Кубас ат – Қабанбайдың ұлы тұлғасын көкке көтеретін қанаты. Сондай қасиетті жануары өлім аузында жатқан Қабанбайдың есінен шықпайды. Дәулетбайдың келгенін хал үстінде жатқан Қабанбай Кубас аттың дүбірінен біледі.

Кубас ат батырдың жанымен жаны ұштасқан серігі, жан жолдасы ретінде жырланды. Кубас батырының науқас халіне халықпен бірге күйінгендей, батыр жатқан үйді жағалап жүреді. Төсектен бас көтеріп жауға аттанғалы тұрған ерді көргенде иесін танып оқыранады.

Жан серігі Кубас атын көргенде ауру халіндегі Қабанбайға қуат бітіп, қайта жасарып кетеді:

– Жиырма бестегі күніндей
Ұшып атқа келеді.
Мандайынан бір сипап
Аллалап атқа мінеді.

Бұл – Қабанбайдың Қубас атқа мініп жауына ақырғы рет аттанған жорығы. Осы сапарында жауын жеңіп, сүйікті жануарының үстінде дүниеден өтеді.

Жырдағы кейіпкерлердің бірі – Дәулетбай, ол Қабанбайдың інісі: алды-артын шолақ ойлайтын, долы да құрғақ қайрат иесі. Қабанбай өлім алдында жатқанда, бүкіл ел күңіренгенде ғана барып, ағасының қадірін біліп, алдына келіп бас иеді. Қабанбайдың хабарын айта барған Шағалақтың сөзін аңғал Дәулетбай түсінбей қалады. Оның ақылды әйелі қайнағасына күйініп, Дәулетбайдың ағат мінездерін сөгіп:

– Алыскан жыртар жағанды,
Ойбай сонда көрермін,
Ағакемсіз бағынды, –

дегенде долы Дәулетбай ағасының алдында, Қабанбайды қадірлеген елдің алдында істеген кінәсі ойына түсіп:

– Қатынның сөзін қостады,
Қайтадан екі ат ұстады.
Уа дариға, ағакем деп
Білегін жұлып тастады.

Қабанбайдың келіні – жырдағы сүйкімді кейіпкердің бірі. Әл үстінде жатқан Қабанбай Дәулетбайға хабар жіберейік дегенге наразы болса, келініне ризашылық білдіреді:

– Тоғыз жасар күнінде,
Қоңыр берен Үйсіннен,
Төле бидің аулынан
Қоймай айттырып беріп ем.
Түскенде үйде жоқ едім,
Бір сапардан келіп ем,
Екі қыз бар қасында,
Желегі бар басында,
Бес беленнен асқанда,
Аяғын тік-тік басқанда,
Ұрғашының дегдары
Боласың ғой деп едім.
Сүйткен қайран келінге
Дұғай-дұғай сәлем де.

Абылай заманында батырда Қабанбайдан асқан батыр болмаса, биде Төледен асқан би болмаса, Қабанбай інісіне сол Төленің үлгі, өсиетін естіп өскен елдің қызын әпереді.

Жырдағы Дәулетбайдың басындағы кемшіліктердің орнын толтырып тұрған да Қабанбайдың осы келіні.

Жырда сол сияқты, Аманалы қызының бейнесі де жау деген жаман ниеттен аулақ, шындық, әділдік тұрғысынан суреттеледі. Қырғыздың қызы жеңген жауының алдында жылап, жалбарынатын жасық емес, көңілдегі арманын жасқанбай айта білетін ер жүрек қыз.

Жырдағы үлкен орын алатын адам Бұқар, халықтың сәуегей қарты. Өз халқына шын жүрегімен берілген ел қамқоры. Халқының табанына батқан қара тікен маңдайыма қалалсын дейтін, нағыз халық қамқоры. Қабанбай жорыққа аттанса, сексеннен асқан Бұқар ақсақал болып ауылда қалмайды. Қару алып қан майданда болады. Қабанбайдың ауру халін естігенде қайғылы боп қан жұтып, өз басын Қабанбай үшін құрбандыққа байлайды:

— Қарағым, қалқам Қабанбай,
Зар болармыз таба алмай.
Иіріліп карап тұрармыз,
Бұрынғыдай шаба алмай,
Саған берген ажалды.
Аударып алла берсейші,
Сорлы болған маған да-ай!... —

дейді. Қабанбайдың халқына қандай қадір, қасиеті барлығын Бұқардың сөзінен көреміз. Бұқардың зары, тілегі — Қабанбайға деген ел тілегі, ел жүрегі. Сондықтан Бұқар сияқты ділмар, дана жырауға жырда өзіне лайық сөз беріп, оның бейнелі сөзі арқылы Бұқардың кім екенін де толық көрсетеді. Қабанбайдың ауыр халін көріп, дүниеден көшкелі жатқан батыр еліне қандай қадірі бар жан екенін жырда Бұқар аузынан былай сипаттайды:

— Биік тауға шыққанда,
Шаңгіштен еді таяғым.
Арқамды күнге күйдірмес,
Бұхардан келген бояғым.
Мың жылқыны суарған,
Қайнардан аққан бұлағым.
Айтатын сөзге келгенде,
Түріліп жатқан құлағым.
Қашқан жауды құтқармас,
Белдеудегі пырағым.
Сен ауырды дегенде,
Естідім де жыладым.

Бұқар елдің береке-бірлігін сақтаушы, араз ағайынды табыстырушы, алыстағыны жақындастырушы, берекенің берік қазығы. Бұқар бейнесі айтқан сөзіне ел ұйып, ер тындайтын шешен, кеңінен толғайтын дана, терең ақыл иесінің бейнесі. Халық жырындағы Бұқардың тұлғасы тарихтағы белгілі Бұқар жыраудың қалпынан алшақтамай дұрыс берілген.

“Қаракерей Қабанбай батыр” жырында, бас батырдың бейнесін, кесек тұлғасын, келісімді сымбаттап, көркем суреттеуде, оның ішкі сезім сырын, адамгершілік қасиетін жеріне жеткізе сипаттау мәселесінде, Бұқар жыраудың алатын орны ерекше зор.

Қабанбай батыр осы күнге дейін елдің әңгімесінде болсын, қазақ халқының өлең, жырында болсын, ең алдымен ауызға алынатын ардақты адамдардың бірі болып тарихта қалды. Ел қорғаны болған ерлерін халық ешқашан ұмытпай, есінде сақтайды.

1945 жыл.

Мұхаммед-Хайдар Дулати

Бұдан бұрын, өткен жылы декабрьде дүние жүзіне аты әйгілі ұлы ғалым Әбунәсір Фараби және XVII ғасырдың басында өмір сүрген қазақ халқының тарихшы ғалымы Қадірғали Қосынұлы Жалайыри жайында баяндаған едік.

Жақында Қазақстан Ғылым академиясының Президиумы Әбу Насыр Фарабидың ғылыми мұрасын зерттеу жайында мәселе қарап, Президиум жанынан комиссия құрды. Комиссия құрамына Қазақстанның белгілі ғалымдары кірді. Комиссияның председателі Қазақ ССР Ғылым академиясының вице-президенті, академик Жабғағы Тәкібаев, орынбасары Қазақ ССР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті А. Машанов, мүшелері ғылымның саласында еңбек етіп жүрген белгілі ғалымдар: С. Балмұханов, О. Жәутіков, Қ. Жұбанов, С. Зиманов, А. Нүсіпбеков, Рожковский тағы басқа ғалымдар.

Біз бүгінгі әңгімемізді қазақтың дулат руынан шыққан, әлемге әйгілі ғалымы, сегіз қырлы, білімпаз, өнердің, саналуан саласын меңгерген дана — Мұхаммед-Хайдар Дулатиға арнаймыз.

Мұхаммед-Хайдар Дулатидың атақ даңқын бүкіл дүние жүзіне әйгілі еткен оның “Тарихи Рашиди” деген кітабы болады. Дулатидың бұл еңбегі барлық мәдениетті елдердің тілдерінде аударылып, дүниежүзілік әдеби мұраның бірі болып отырғанын академик Марғұлан атап айтады:

“Тарихи Рашиди” кітабының ең тамаша жері, Мұхаммед-Хайдар Дулати еңбегінде Алтынорда мен Шағатай ұлысының әбден ыдырап, XV ғасырдың орта кезінде бұрынғы қазақ тайпалары бірігіп, жеке өкімет құрғанын бірінші рет ашық, кең көлемде, нақтылы жазған. “Тарихи Рашиди” кітабының тілі тамаша көркем, келтірген тарихи мағлұматтар нақтылы, айқын. Осының бәрі “Тарихи Рашидидың” авторы Мұхаммед-Хайдар Дулатидың жергілікті халықтардың хал-ахуалын, тұрмыс-шаруашылық жағдайын, саяси-әлеуметтік тіршілігін әрі жетік, әрі терең білетін ғалым адам екенін көрсетеді.

Мұхаммед-Хайдардың қазақ гуралы жазғандарында тек сұрау арқылы біліп, үстірт жазу мүлде жоқ. Ол көбінесе өзінің көзімен көріп, байқағанын әңгіме етіп, не атакты билермен кездесіп, солармен пікір алысқанын негізге алып жазады. Мұхаммед-Хайдардың жазуында өрескел, оғаш айтқан ойлар кездеспейді. Оның еңбегінен сыпайылық, әлептілік, сезгіштік, халық мұнын ойлаушылық аңқып тұрады. Сондықтан бұл кісіні халықтың адал ұлы, кеменгер ойшысы, халық өмірінің суретшісі деуге болады”, — дейді, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Әлкей Марғұлан.

Ал енді, Мұхаммед-Хайдар Дулатидың өмір тарихы жайында академик В.В. Вельяминов-Зернов “Қасым хандары мен ханзадалары жөніндегі зерттеу” атты үлкен тарих кітабында және Шоқан Уәлихановтың тарихи еңбектерінде жазылған.

Академик В.В. Вельяминов—Зернов:

“Мухаммед-Хайдар дулат ұруынан, текті атадан көрінеді. Дулаттар — тарихи заманнан келе жатқан түрік нәсілдес көп тайпалардың бірі. XVI ғасырда қазақ қауымына қосылып, Алтынемел тауынан Шымкентке дейін қоныстап отырады”, — дейді.

Шоқан Уәлиханов Мұхаммед-Хайдардың “Тарихи Рашиди” еңбегінің қолжазбаларын зерттеп, оның тарауларын парсы және шағатай тілдерінен орыс тіліне еркін аударып, түсініктер жазған.

Шоқан бұл зерттеуін Қашқар сапарынан оралып, Петербургке барғанда, яғни 1860 жылы жазған деуге болады. Шоқанның бұл зерттеу еңбегі ұзақ жылдар бойы жарық көрмей, қолжазба күйінде архивта жатқан. Тек 1961 жылы Шоқан Уәлихановтың бес томдық шығармалар жинағының I томында тұңғыш рет жарияланып, жарық көрді.

Шоқан бұл еңбегінде Мұхаммед-Хайдар туралы былай дейді:

“Мұхаммед-Хайдар — дұғлат ұруынан, Болатшы бидің ұрпағы. Дұғлат руы ол кезде атакты рулардан саналған. Қашқар хандары әйгілі осы дұғлат руынан алатын болған. Мұхаммед-Хайдардың әкесі — Мұхаммед-Құсайын, Жетісу, Шу, Талас өзендерінің өлкесін мекен еткен дулаттар ортасында туған адам.

Өзбек ханы Мұхаммед—Шайбани мен (Шайбани 1451 жылы туып, 1510 жылы өлген) қазақ ханы Өз Жәнібектің баласы — Қасым хан (ол 1523 жылы өлген адам) екеуі, сыр бойындағы қалаларды иемдену үшін таласып жауласады. Сол талас-тартыста Мұхаммед-Хайдардың әкесі Құсайын

оның ағасы Мұхаммед—Қаисар және дулаттын биі Сұлтан Ахмет Қасым ханды жақтап, Шайбани ханға қарсы шығады. Бұлардың бәрі де дулат руының қолбасшылары еді.

Мұхаммед-Хайдардың шешесі Хұб Нигар ханым – шағағай ұрпағы Жүніс ханның қызы.

Жүніс Ташкент қаласын билеген, Алмалыққа дейінгі жерді осы Жүніс хан басқарған

Бұл жерлерді моғұлдар мен дулаттар мекендейтін. Мұхаммед-Хайдардың әкесі Құсайын өзінің қайын ағасы Жүніс ханның атынан әр кездерде Ташкент және Ұратөбе қалаларын басқарып тұрған. Хайдардың әкесі тарихта көбінесе “Құсайын көреген” деп аталады. “Көреген” ескі монғол-түрік тілдерінде күйеу деген сөз. Құсайын Жүніс ханның қызын алып, күйеу болған “Көреген” деген қосымша ат тағылған.

Жоғарыда айтылғандай, Құсайын қайын ағасының атынан Ташкент қаласын басқарып тұрған кезде оның-баласы, өзіміз әңгіме етіп отырған Мұхаммед-Хайдар дүниеге келген.

Мұхаммед-Хайдар 1499 жылы Ташкент қаласында туып, 1552 жылы Кашмир уәлаятын басқарып тұрған шағында дүниеден қайтады.

Мұхаммед-Хайдардың әкесі – Құсайын қазақ ханы Қасымға қосылып, Шайбани ханмен жауласып жүргенде 1508 жылы соғыста қаза табады. Мұхаммед-Хайдар сегіз жасында жетім қалып, тарихта атақты жазушы, тарихшы, “Бабырнама” кітабының авторы – Заһиритдин Мұхаммед Бабырдың қолында тәрбиеленді.

Заһиритдин Мұхаммед Бабыр 1483 жылы Ферғанада дүниеге келген адам. Ол Ақсақ Темірдің шөбересі. Кейін Ферғананың әмірі болған. Бабыр он бір жасында Ферғананың әмірі болып, одан соң 12 мың әскермен Дели патшасы сұлтан Ибраһим Лодидың 40 мың кісілік қолын жеңіп, қазіргі Ауғанстан мен Үндістан жерінде тарихта белгілі “Ұлы моғұлдар империясы” аталатын мемлекет құрады.

Бабырдың шешесі – Құтылық Нигар ханым Жүністің қызы болатын. Жоғарыда айтылған Мұхаммед-Хайдардың шешесі – Хұб Нигар ханым да Жүніс ханның бір қызы еді. Сонда Бабыр мен Мұхаммед-Хайдардың шешелері апалы–сіңілілі адамдар. Мұхаммед-Хайдар мен Бабыр бөле болды.

Сондықтан әкесінен сегіз жасында айырылып, жетім қалған Мұхаммед-Хайдар өзінің туған бөлесі Бабырдың қолына барған.

Мұхаммед-Хайдар 13 жасқа шыққанда Қашқар өлкесін

билеп тұрған Сейтханның қолына келеді. Сейтхан Мұхаммед-Хайдардың нағашысы болатын. Сейітханның қолында 20 жыл бойы әрі биі, әрі әскер басы болып қызмет істеді”.

Мұхаммед-Хайдардың табиғи, адамгершілік қасиеті жайында Заһиритдин Бабыр былай деп жазады:

“Мұхаммед-Хайдардың әкесін өзбектер өлтіргеннен кейін, ол менің қарамағым келіп, үш-төрт жыл тұрды. Кейін рұқсат сұрап, Қашқардағы Сейітханға кетті. Не нәрсе болса да, өзінің шыққан тегіне тартатын әдеті ғой, мәселен, сап алтын да, күміс те, қорғасында тегіне тартпай ма? Жұрттың айтуынша ол бұрынғыдан көп есейіп, жақсы жолға түскен. Өзінің қолы әр нәрсеге шебер, оның қолынан келмейтін ісі жоқ: – ол әрі жазушы, әрі суретші, онымен бірге садаққа оқ жасап, оның жебелерін өзі істейді. Бір жағынан дарынды, құйылмалы ақын. Маған бірер жазуы келген еді, әлпеті еш жаман емес”.

Мұхаммед-Хайдар – XVI ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген өзінің бөлесі, атақты Заһиритдин Бабыр сияқты Орта Азиядағы білімпаз, үлкен ғалым, сегіз қырлы өнерпаз болған адам.

Шоқан Уәлиханов Мұхаммед-Хайдардың еңбегін, өмір тарихын зеттеп, оның орасан зор тарихи тұлға болғанын баяндайды. Ол жас күнінен кітап оқып, оқығандарын терең түсініп өскен ғалым. Мұхаммед-Хайдар дарынды ақын, шебер суретші – художник. Зергерлік ұсталық өнерімен де шұғылданған жан-жақты талант иесі. Тіпті, қырнау, безеу, ою өнерін өркендеткен, жоғары сатыға көтерген өнер қайраткері. Ол өзінің данышпандығымен, ерлігімен, адамгершілігімен өз заманында халық құрметіне бөленген адам. Мұхаммед Хайдар өзі туралы былай деп жазады:

“Халықпен кішіпейіл болып мажыраласып, кеңесуді, олардың алдында әдепті, соғыс үстінде қырағы болуды, атқыш мергендікті, тағы басқа өнер түрлерін үйренуде мен нағашым Сейтханның шәкірті ғана едім”, – деп өзін соншама кішіпейілдікпен сипаттайды.

Сейітхан нағашысы өлген соң, Мұхаммед-Хайдар Сейітханның баласы – Рашид сұлтанның уәзірі болып қызмет істейді. Оның әлемге әйгілі кітабының “Тарихи Рашиди” деп аталды сол Рашид ханға арналғандықтан.

Кейін Рашидпен келісе алмай Мұхаммед-Хайдар Бабырдың балалары Камран мен Ғұмайының қасына көшіп келеді.

Бабырдың балалары Мұхаммед-Хайдардың білімін, даналығын жоғары бағалап, оны ерекше құрметтейді. Мұхаммед-Хайдарды Кашимир өлкесін басқару қызметіне

тағайындады. Сол Кашимир өлкесін басқарып тұрған шағында, жасы елуден асып Мұхаммед-Хайдар дүниеден өтеді. Бұл 1552 жылы еді.

Мұхаммед-Хайдар қазақтың дулат руынан шыққандықтан, шығыс ғалымдарының тарихи дәстүрі бойынша, өзінің кітабы “Тарихи Рашидиге” Мұхаммед-Хайдар Дулати деп қол қойған.

“Тарихи Рашиди” қазақ тарихы туралы жазылған бірінші кітап. “Тарихи Рашиди” бір ғасыр ішінде, яғни 1450 жылдан 1546 жылға дейін қазақ халқының басынан кешкен тарихын нақтылы тарихи шындықпен баяндайды.

Мұхаммед-Хайдар Дулати “Тарихи Рашиди” кітабының қазақ тарихына арналған бөлімін мына тарауларға бөледі:

1. Оқиға, сұлтан Сейіт ханның Сүйінші ханнан жеңілгенінің баяны.

2. Ахуал қазақ, олардың сұлтандары, “қазақ” деп ат қоймақ себебінің баяны.

3. Сүйінші хан жеңгеннен кейінгі оқиғалар және сұлтан Сейіт ханның Қасым ханның қасына барғаны.

4. Қасым ханнан кейінгі оқиғалар. Тайыр хан қазақты өзбектермен елдестіріп, онда өткен оқиғаның баяны.

5. Қасым хан өлгеннен кейінгі Моғұлстан мен Қазақстан арасында болған оқиғалар.

Қазақ қауымының ең алғаш ұйымдасуы туралы Мұхаммед-Хайдар Дулати былай деп жазады:

“Ол уақытта барлық Дешті Қыпшақтың ұлы ханы Әбілқайыр еді. Бірақ Жошы ұлысының сұлтандары өзара толқып, Жәнібек пен Керей хан одан қашып, Моғұлстанға келді. Бұл жерге келген соң Моғұлстан уәләятін билейтін Есен-Бұқа оларға көп құрмет көрсетіп, Моғұлстанның күнбатысында тұратын “Қозыбасы”, “Шу” өлкесін оларға береді. Бұлар ол жерде емін-еркін жасады.

Әбілқайыр өлген соң өзбек ұлысы қозғалып, зор көтеріліс шықты. Толқын шығарғанның көбі ауып, Керей мен Жәнібектің қасына барды. Оларға босып барған адамдардың саны 200 мыңға жетті. Өздеріне “өзбек – қазақ” деген ат береді.

Қазақ сұлтандарының ең алғашқы мемлекет құруы тарихтан сегіз жүз жетпісте – 1456 жыл еді”.

Қазақ ұлысының Әбілқайыр ордасынан бөлініп, “қазақ” аталған Мұхаммед-Хайдар: “Ахуал қазақ, олардың қазақ аталуы” деген тарауында ашық жазады. Ол былай дейді:

– “Барлық Дешті Қыпшақты билеп тұрған хан Әбілқайыр еді. Бірақ Дешті Қыпшақ сұлтандарының кейбірі оған наразы болып, толқын шығаруды ойлады. Осы кезде Ке-

рей мен Жәнібек хан тағы басқа адамдармен Әбілқайырдан қашып, Моғұлстан шекарасына барды. Бұл уәләятты билейтін ол кезде Есен-Бұқа хан еді. Есен-Бұқа оларға көп құрмет көрсетіп, Моғұлстанның бір бөлігін береді. Олар бұл жерді паналап, бейбіт тұра берді.

Әбілқайыр өлген соң, өзбектер өзара толқып, қашуға шамасы келгендерінің көбі Керей мен Жәнібекті паналанды. Сондықтан оларды “қазақ” деп атап кетті”, — дейді Мұхаммед-Хайдар Дулати.

Бүкіл дүние жүзіне аты әйгілі, кітабы шет елдердің көбінде аударылып жарияланған. Орта Азия мен Қазақстан халықтарының мақтанышы, ұлы ғалым — Мұхаммед-Хайдар Дулатиды өткен ғасырда орыс ғалымдары және Шоқан Уәлиханов зерттеп, тарихи зор баға берген.

Қазақстан ғалымдары Мұхаммед-Хайдар Дулатиды зерттеу мәселесін соңғы кезде қолға алып отыр.

Мұхаммед-Хайдар Дулати — қазақ халқының мақтанышы, тарихи ұлы тұлға.

26. II. 1968 жыл.

Қадырғали Қосынұлы Жалайыри

Өткен 1967 жылы 23 декабрьде, бұрын 1098 жыл бұрын, яғный 870 жылы Қазақстан жерінде Отырар шаһарында дүниеге келіп, әлемге аты әйгілі болған, ұлы ғалым Әбунасыр Фараби жайында баяндаған едік.

Ал бүгінгі әңгімеміз алдымыздағы 1970 жылы дүниеге келгеніне 440 жыл толғалы отырған қазақ халқының тарихшы ғалымы Қадырғали Қосынұлы Жалайыри жайында болмақ.

Қадырғали Қосынұлы 1530 жылдары дүниеге келген адам. Туған жері Қазақстан, ұлы жүз. Қадырғалидың ұруы ұлы жүз ішінде тарақ таңбалы Жалайыр болады.

Қадырғали өзінің “Жами-ат-таварих” (“Жылнамалар жинағы”) деп аталатын кітабының 169 бетінде, кітаптың жазылу тарихын айтқанда ол өзі туралы:

“Бұл тарихты жазушы, әуелде Оразмұхаммед сұлтан-ның аталарына қызмет етіп келген, тарақ таңбалы Жалайыр еді”, — дейді.

Жалайыр қазақтың ең ерте заманнан тарихқа мәлім

ұруы, Үйсіннің негізгі бір тарауы. Жалайырлар орта ғасырдың алғашқы кезеңінде Орта Азия тарихында үлкен орын алған көп те, күшті ұру болған.

Шығыстың ғылым, мәдениет, әдебиет қайрагерлерінің дәстүрі бойынша Қадырғали Қосынұлы да өзінің аты-жөніне қоса “Жалайыри” деп ұруын да атап жазған.

Ал енді Қадырғалидың Оразмұхаммед деп отырғаны кім? Ол жөнінде “Жылнамалар жинағы” атты кітабында:

“Оразмұхаммед хан сегіз жасқа келгенде ұлы бабасы Шығай хан өлді, 13 жасқа жеткенде өз әкесі Ондан сұлтан шәһит болды, содан бір талай уақыт таршылық азабын тартып, кіріптарлық көрді.

Ақыры 16 жасында орыс патшасы Борис Федорович Годуновтың қолына келіп, қызметін атқарды...” — дейді.

Тарихшы ғалымның жазып отырған Шығайы — XVI ғасырдың екінші жартысында болған қазақ ханы. Ол 1582 жылы өлген. Шығайдың баласы Ондан сұлтан қолбасы, атакты батыр болған. Оның садақ тартқыштығы көп ұрыстарда ерекше көзге түсіп, халық “Ұзын оқты Ондан батыр” деп дәріптеп атаған. Ондан калмақтармен соғыста отыз жасында қаза табады. Осы Ондан батыр Қадырғали Жалайырдың айтып отырған Оразмұхаммедінің әкесі.

Қадырғали Оразмұхаммедтің атасының және әкесі Онданның кеңес, ақыл беріп, ел билеу жұмысын басқаратын қарашысы болған. Кейін Оразмұхаммед әкесінен жастай жетім қалып, басқа туыстарынан қаққы-соққы көргенде, Қадырғали Жалайыри оның қамқоры болып, өз тәрбиесіне алады.

Ақыры Оразмұхаммед пен Қадырғали Жалайыри Сибирь ханы Көшімнің қол астына кетеді де, Қадырғали Көшім ханның кеңесшісі, қарашысы болады.

Шейбани тұқымынан шыққан Көшім Мұртаза баласы 1563 жылы Сибирге келіп, Жәдігер, Бекболат сұлтандарды өлтіріп, Сибирь қаласын басып алып хан болады, Бекболаттың баласы Сейд Ахмет (Сейдақ) Көшімге қарсы күреседі.

Қадырғали Жалайыри мен Оразмұхаммед Көшім ханмен келісе алмай Сейд Ахмет жағына шығып кетеді.

Көшім ханның астанасы Ертіс өзенінің бойында, яғни Тобыл өзенінің Ертіске құятын саласынан жоғарырақ болатын. Ол қаланы Сибирь деп немесе Искер, Қашлық деп атайтын. Көшімнің астанасын 1581 жылы 25 октябрьде Ермақтың әскері талқандап, жойып жібереді.

Көшім Ертісті өрлей шегініп қашып Омбыдан жоғары-

рақ келіп, тоқырайды да, ендігі хандық астанасын Қараката деп атайды. Көшім хандығы 1598 жылы түбегейлі талқандалады.

Қадырғали Жалайыри өзінің кітабында Оразмұхаммед 16 жасында Россия патшасы Борис Годуновтың қолына келіп еді дейді. Ал қандай жағдаймен келгені айтылмайды.

1883 жылы Иркутск қатасында басылған “Сибирь” тарихынан ең қажетті мағлұматтар жинағы” атты кітаптың 51-бетінде:

“1588 жылы әскер басы Чулков Сибирь қаласындағы көршілері: “Сейдақты, қазақ сұлтаны Оразмұхаммедті және Мырзақарашаны Тобыл қаласындағы үйіне қонаққа шақырып, күтпеген жерден оларды тұтқынға алды да, 1588 жылы 10 сентябрь күні Москваға жөнелтті”, – делінген.

Бұл пленге түсіп, Москваға жіберілгендер: Сейдақ – Көшімнен бұрынғы Сибирь сұлтаны Бекболаттың баласы, Оразмұхаммед – жоғарыда айтылған Ондан сұлтанның баласы, ал “мырза қарашы” деп отырғаны – Қадырғали Қосынұлы Жалайыри.

Қадырғали Жалайыридың: “Оразмұхаммед 16 жасынан Россия патшасы Борис Годуновтың қызметінде болды”, – дейтіні, міне, осындай жағдайдан туған.

Сөйтіп, 1588 жылдан бастап Оразмұхаммед сұлтанмен бірге Қадырғали Жалайыри Москва қаласында патша сарайында өмір сүреді.

Россия патшасы Қадырғали Жалайыри мен Оразмұхаммед сұлтанды құрмет тұтады.

Жас жауынгер, ер жүрек батыр Оразмұхаммед әскери-соғыс қызметіне араласып кетеді. Ол 1590 жылы Россияның Шведтерге қарсы соғысына қатысады. 1593 жылы Қырым татарларына қарсы ұрыста да алдыңғы шепте болып, ерлік көрсетеді.

1600 жылы Борис Годунов патша Оразмұхаммедті Қасым шаһарына хан етіп тағайындайды. Қасым қаласы Ока өзенінің жағасында. Қазіргі Рязань облысына қарасты қала. Бұл шаһар тарихта 1152 жылдан бері мәлім. 1376 жылы қала монғолдардың басқыншылық шабуылында талқандалып, кейіннен жаңадан салынады. 1471 жылға дейін Мешер қаласы деп аталып келеді де, онан соң Қасым қаласы аталады.

Қасым қаласы аталатын себебі 1452 жылы ол қаланы Василий Темный Қасымға беріп, оны хан етіп, тағайындаған.

Ал Қасым қазақ ханы Махмүтектің баласы, Токтамыс ханның немересі болатын. Қасым туыстарымен келісе алмай, олардан қуғын көрген соң, өз әскерімен Россияға кетеді. Москваның князі Василий Темныйға барып, доста-

сады. Оның соғыс жорықтарына қатысып, адал қызметімен танылады. Москва князі Қасымды Мешер қаласына (татарлар ол қаланы Кермен-шаһар деп те атаған) хан етіп қойған. Содан былай, Мешер қаласы немесе Кермен-шаһар Қасым қаласы атанып кеткен.

Міне, сол қалаға Борис Годунов Оразмұхаммедті хан сайлаған.

Осы уақыттардың бәрінде тарихшы ғалым Қадырғали Жалайыри Оразмұхаммедпен бірге болады. Оразмұхаммед Қасым қаласынаң билеушісі болып тағайындалғанда Қадырғали Жалайыри оның оң қолы, ақылшысы болған.

Оразмұхаммед пен Қадырғали Жалайыри 1588 жылдан 1600 жылға дейін Москва қалсында тұрған кездерінде қазақ халқын Россияға қосуға қам жасайды.

1586—1598 жылдары қазақ ханы Тәуекел болатын. Тәуекел Оразмұхаммедтің әкесі Онданмен бірге туысқан еді.

1594 жылы Тәуекел Россияға қосылу және әскери одақтасу мәселесін сөйлесіп, мәслихаттасу мақсатымен Москваға өзінің өкілін жібереді. Тәуекелдің жіберген өкілі Құлмұхаммед 1594 жылы январь айының жиырмасынан жиырма тоғызына дейін Москвада болып, келісім сөз сөйлеседі, Оразмұхаммедпен әңгімелесіп, ақылдасады. Оразмұхаммед өзінің ағасы Тәуекел ханға хат жазып, Россияға қосылуға мәслихат береді. Қазақ халқының Россияға қосылуын Москва қарсы алып, ол жөнінде ресми грамотамен өзінің өкілі етіп, тілмаш Вильямин Степанов дегенді Тәуекел ханның Москваға келген өкілі Құлмұхаммедпен бірге қазақ даласына аттандырады.

Сөйтіп, Қазақстанның Россияға қосылу мәселесі XVI ғасырда да мақсат етілгенін көреміз. Бұл жөнінде Оразмұхаммедпен Қадырғали Жалайыри өз халқының келешегін кеңінен ойлап, болжаған адамдар болғанын аңғарамыз.

Сөйтіп әуелде пленге түсіп Москваға келген Қадырғали Жалайыри мен Оразмұхаммед мемлекет қызметіне белсене қатынасқан.

XVI ғасырдың аяғында өмір сүрген қазақтың тарихшы ғалымы Қадырғали Қосымұлы Жалайыри, жоғарыда айтылған жағдайлармен 1588 жылдан 1600 жылға шейін Москва қаласында, 1600 жылдан Қасым қаласында болады.

Қадырғали Жалайыридың “Жами-ат-таварих” немесе “Жылнамалар жинағы” атты тарихи ғылыми әйгілі еңбегі XVI ғасырдың аяғында Москвада жазылған. Қадырғали бұл еңбегін өздеріне қамқорлық жасап, құрмет көрсеткен Борис Годуновқа арнайды.

Қадырғали Жалайыридың Қазақстан мен Орта Азияда

XIII–XV ғасырларда болған уақиғаларды кең қамтып, терең зерттеп жазған тарихи кітабы ешқашан маңызын жоймайтын. Әзірге тарихта мәлім болып отырған, қазақ ғалымның жазып қалдырған баға жатпес еңбегі. Шығыс тарихын, мәдениетін зерттеген үлкен ғалым, профессор И.Н. Березин Қадырғалидың тарихи еңбегін жоғары бағалаған. Жайлайыри бұл кітабын жасы егде тартқан кезінде, ақыл-ойы әбден толып, өмірден алған тәжірибесі молыққан шағында жазған дейді. Және Қадырғалидың сол замандағы орыс қоғамының өмірін, тұрмысын жетік білетін, көп жерлерде болған, көп оқыған білімпаз ғалым екенін айтады.

Қадырғали Жалайыри кітабында:

“Мен дүние жүзіндегі неше түрлі мемлекеттерді аралаған, әділеттікке толы даналық ойдың қазынасы болған сансыз кітаптар оқыған адаммын”, – дейді.

Жалайыри әуелде өз еңбегін 1247–1318 жылдарда өмір сүрген тарихта Рашид-ад-Диннің моңғол тарихын жазған кітабын фарсы тілінен аударып, толықтыра отырып, XIV–XV және XVI ғасырлар тарихын өзі жазады. Алтын Орданың, Шағатай ұлысының күйреуін, Қазан, Астрахан, Қазақ хандықтарының құрылу тарихын баяндайды.

Қадырғали Жалайыридың ең мағыналы өмірі Москвада, Қасым шаһарында өткен. Қадырғали – қазақ тарихында көрінбей келген адам. Тек соңғы жылдары ғана Қазақстан тарихшылары оған көңіл аудара бастады.

Қадырғалидың еңбегін тұңғыш жарыққа шығарған татар ғалымдары.

Татарстан тарихында Қадырғали Жалайыри әлде қашаннан құрметті орын алған тарихшы ғалым.

Қадырғалидың “Жылнамалар жинағы” немесе “Жамият-тауарих” атты еңбегін профессор И.Н. Березин “Шығыс тарихтарының кітапханасы” деп аталатын жинақта, орыс тілінде аударып, 1854 жылы жариялаған.

Шоқан Уәлиханов Қадырғали Жалайыридың кітабына “қазақ тілінде жазылған тұңғыш тарихи-ғылыми еңбек” деп зор баға берген.

Қадырғалидың өмірі жайында тарихи мағлұмат әлі аз. Қазақтың үлкен тарихшы ғалымы Қадырғали Қосынұлы Жалайыридың өмірі мен ұмытылмас еңбегін ғылыми тұрғыдан терең зерттеу Қазақстанның тарихшы, әдебиетші ғалымдарының алдында тұрған абыройлы міндеті.

1968 жыл.

Дулат жырау

(1802–1874)

Клубымыздың бүтінгі мәжілісін Дулат жыраудың дүниеге келгеніне 175 жыл толу құрметіне арнаймыз.

Дулат Бабатайұлы қазіргі Семей облысы, Аякөз ауданында 1802 жылы дүниеге келіпті.

Дулат – қалың Найман руынан шыққан ХІХ ғасырдағы қазақтың әйгілі жырауы. Ол Найман ішінде Сыбан. Бұрынғы ру жігімен алғанда бес сыбан деп келеді. Бес сыбанымыз: Жанкөбек, Байкөбек, Ахымбет, Салпы, Жарасқұл, Дулат сол бес Сыбанның Жарасқұлынан шыққан ақын (“Қазақ совет энциклопедиясы”, 4-т., 42 бет).

Жырау өзінің ата тегі, тасқындаған табиғи ақындық өнерін өлең еткенде былайша жырлайды:

– Тегімді менің сұрасаң,
Қалың Найман нуынан.
Жырымды менің сұрасаң,
Сары алтынның буынан.
Сырымды менің сұрасаң,
Тұманың тұнық суынан.
Кеудеме қайғы толғанда,
Тұнық жырмен жуынам.
– Жырын тыңда Дулаттың,
Сорғалаған нөсердей,
Тасқын судай ағызып,
Шәрбөт балдай тамызып,
Торқалы топыр тойында.
Той бас қосқан ойында,
Қасқа-жайсаң алдында
Айдасаң алыс жерімді,
Алсаң ашы терімді,
Өзіне-өзі сенімді,
Тоят төс, салпы ерінді,
Топтан торай бермейтін
Тұлпар аттай қунақпын.
– Қайырсыз сараң малынды,
Еріншек есер жарынды,
Халыққа емес сыйымды –
Парақор баепақ биінді,
Ел бүлдіргіш бегінді,

Әперіп сөзбен кегінді –
Улы тілмен улаттым.

– Сана құйып ойына,
Қуат беріп бойыңа,
Аққан жасы сел болған,
Етегі толы көл болған,
Беріш боп шері байланған,
Ұйқы беріп, қайғы алған,
Қайғылыны уақыттым.

– Жырымды менін тыңдаған,
Сөз ұғатын соңғы адам.
Тыңдаудан әсте тынбаған,
Гауһардай дүрі бұлаған.
Сарқырап аққан жылғадан,
Жыр арнасы суатпын.

– Шашудай болып шашылар,
Меруерттей асыл сөз деген.
Жаршылардың шаһиры
Асыл сөзді езбеген.
Нысананы дәл басып,
Қалаған жерден кездеген.
Қамқа бірдей бола ма,
Қаламы мата бөзбенен.
Қосылып алтын қорылмас,
Мырыш пен мыс, жезбенен.
Меруерттей сөзбен шашайын,
Бойыма біткен асылын
Ақындық әсер қуаттың.

Дулат жырау – көркем сөз өнерінің өрен жүйрігі. Абайдың алдындағы және болашақ ұлы ақынның алғашқы танып-білген дарынды жырау, ақындарының бірі де осы Дулат болған (М. Әуезов “Абай Құнанбаев”, сыртқы, алғашқы беттері және 44-бет).

Бұл жөнінде Мұхтар Әуезов: “Қаладағы оқудан шығыс ақындарын сүюді, ақындықты сүюді ала келген Абайға ендігі зор тәрбиеші, ұстаз қазақтың қалың бұқара халқы бола бастайды. Ел даналығын танып, соны ерте қамту жас талапкерге жаңа зор мектеп тәрізденеді. Бұл жөніндегі азық білімді ол... халықтан шыққан шешен, ділмәр ақыннан, ескі әңгімешіден, көпшіліктен алады. Ең алғашқы өлең жайын баяндаған жырында Абай Шортанбайды, Дулатты, Бұхар жырауды ауызға алса, солардың сөзін бала күнінен естіп, танып, жаттап өскенін сезуге болады”, – дейді.

Дулаттың ақындық атағы XIX ғасырдың бірінші жарымында шыға бастаған.

Ал, енді ақын шығармаларының идеялық-мазмұнын дұрыс түсіну үшін, Дулат өмір сүрген кездегі жалпы Қазақстанның тарихи халын еске алу керек болады (Қазақ ССР тарихы, том алғашқы сыртқы беттері және 322, 323, 324-беттер).

“XIX ғасырдың бас кезіне қарай Қазақстан жерінің көбі Россия империясының құрамына кірді. Осымен байланысты қазақ халқының тұрмысында болған әлеуметтік-экономикалық өзгерістер оның саяси құрылысына да өзгерістер туғызды”.

1822 жылы патша өкіметі “Сибирь казактары туралы Устав” дегенді шығарды.

1822 жылдың Уставы бойынша Орта жүзде хандық өкіметі жойылды. Бүкіл жүз сегіз сыртқы округке бөлініп, оның әрқайсысының басында округтік приказ болатын болды.

Округті округтік приказ басқарады. Оның председателі аға сұлтан деп саналады; ал мүшелері – төрт заседатель болды: оның екеуі губернатор тағайындайтын орыс чиновниктері болады да, қалған екеуі билер мен старшиналар екі жыл мерзімге сайлайтын екі “Құрметті” қазақ болды.

Устав бойынша қазақтар патша үкіметіне 100 бас малдан бір бас есебімен алым төлеуге міндетті болды. Қазақ шаруалары, алым-салықпен қатар, жолды қарауға, керуендерді қорғауға, ылау беруге міндетті болды.

Сөйтіп, 1822 жылдың Уставы патша өкіметінің отарлау саясатының нәтижесі болды. Ол патша үкіметінің қазақ халқы үстінен жүргізген өкімет билігінің нығаюына көмектесті, оны отарлық малмен қанауды жеңілдетті. Әскери түрде отарлау арқылы бірсыпра жергілікті шаруа халқының қонысы ауысып, өздерінің шұрайлы жерлерінен айырылуы.

Қысқаша ғана айтқанда, Дулаттың ақындық өнері басталған шақта Қазақстанның мемлекеттік-әкімшілік бөлінісі, саяси-әлеуметтік, шаруашылық-тұрмыс хал-ахуалы осылай болған еді.

Осы айтылған жағдайлар Дулат шығармаларында әр алуан түрде өзінше сыпатталынып, сыналып, әшкереленіп отырады.

– Аға сұлтан, қазының
Ел сілкінді ісінен.
Ауылдың атқа мінері,
Жемтікке қонған күшіген,
Өзі тойса мәз болды.
Ел іргесін сақтамай,

Ер деп елді бұзғышты,
Сұқсыр деп сұмырай қызғышты.
Кезкүйрықты лашын деп,
Кенеусізді ісім деп.
Құладыңды сұңқар деп.
Жабыны шабан тұлпар деп.
Құтқармайтын құмай деп,
Төбетке қарғы таққаны, —

деп аға сұлтан билерді ащы ажуа етсе, олардың патша әкімдерінің алдындағы жалпақ жағымпаздық сиқын да суреттейді. Олардың екі жүзді, ел сатқыш опасыздығын, жиіркенішті қылықтарын, еңбек еліне істейтін озбырлық, зұлымдықтарын әшкерелейді:

— Майырдың алса бұйрығын,
Борбайға қысып құйрығын,
Ел пысығы жортады.
Өзі елді қорқытып,
Онан өзі қорқады.
Алдына түсіп томпаңдар,
Жарлылардың торпағы.
— Бір торпақтан он болып,
Пысықтардың ортағы.
Қара шығын алымы
Бай, кедейге бірдей боп,
Шаңыраққа салығын
Ел ұйтқысы шайқалып,
Дәулет судай аққаны,
Сортаң жерге қақ тұрып,
Суы ішуге келмейтін.
Сараң байға бақ тұрып
Қолынан қайыр бермейтін.
Қортиғандар бек болды.
Елді теріс сермейтін...

Дулат өлең-жырды қолма-қол суырып салып айтатын ақпа ақын әрі хат білетін сауатты да адам болыпты. Бүкіл Жетісу аймағында, Бұхар, Ташкент жақта да болып жыр төккен жырау.

Оның өлеңдер жинағы “Өсиетнама” деген атпен 1880 жылы Қазанда жеке кітап болып басылып шыққан. Мынау, сол Дулат кітабының фотокөшірмесі (“Өсиетнама” кітабының фото-суреті).

Дулат 1822 жылғы Устав бойынша хандық жойылып, оның орнына аға сұлтандық шыққан кездегі қазақтан болған ұлықтарға үнемі қатты шүйіледі:

– Қазіргі қазақ ұлығы,
Жаман иттен несі кем.
Жемтік көрсе, қан көрсе,
Айырылар мүлде есінен.
Сендер атқа мінген соң,
Тандыр болып суалды,
Шалқар көлдей несібім...

Дулат шығармаларының енді бір негізгі тақырыбы – жер мәселесі. Ол ата мекен, туған жеріне арналған өлеңдерінде терең тебіреніп, толғана жырлайды. Ақынның ондай жырларын туғызған сол кездегі тарихи жағдайлар болады.

Патша үкіметі шығарған “1868 жылдың “Уақытша ережесі” бойынша Қазақстандағы барлық жер мемлекет меншігі деп жарияланды. Жер мәселесін шешуде патша үкіметі Өлкені отарлау мақсаттарын көздеді. Жерді мемлекет меншігі деп жариялау оны керегінде жергілікті халықтан алып отыруға заңды негіз болды”, – дейді “Қазақ ССР тарихында” (415-бет, “Үш ғасыр жырлайды”. Сыртқы беттері және 86, 87-беттер).

Дулаттың “Ақжайлау мен Сандықтас” дейтін толғау-жыры осы кезде туған болады.

– Ақжайлау мен Сандықтас,
Атамның қонған қонысы.
Түн асса, тұтам түгі өскен
Басылмайтын сонысы.
Аққан бұлақ сай-салаң,
Шытырман тоғай айналаң,
Жоның жайлау кең алаң,
Атам қонған ен далам,
Мендей сені қызғанар,
Бауырыңда өскен қай балаң?
Көл қорыған қызғыштай,
Сен десе, салам байбалам.
Жайлауыңды көргенде,
Жадыраймын, жайланам.
Өксігінді ойласам,
Ұйқы беріп, қайғы алам...
Ой, Сандықтас, Сандықтас,
Атамның қонған жайлауы,
Қайнардан суың қайнауы,
Шалғынға жонын көмілтіп,
Құлынды қазақ байлауы.
Бал татыған бағланның
Езілтіп етін шайнауы.

Сенің арқан емес пе.
Лықсытып малды айлауы.
Мына азған заманда
Сөзіңнің кетті байлауы.
Келелі биде кезек жоқ.
Қу тиын болыс сайлауы...

Дулат өз заманындағы өмір шындығын, қазақ даласында патша үкіметінің отаршылдық саясатынан туып жатқан өзгерістерді жыр етеді. Сол болып жатқан өзгерістердің тарихи себептерін терең түсіне алмаған, заман ағымының байыбына бара алмаған жыраудың әлеуметтік көзқарасында көп қайшылықтары бар. Ол заман азды, замананың адамы азды деп өзінше түсініп жырлайды. Дулат өз заманындағы ел билеуші әкімдердің халыққа істеп отырған зорлық-зомбылығын, зұлымдық қылықтарын аяусыз әшкерелеп, беті-жүзіне қарамай, аттарын атап-атап шегіне жеткізе шенеп жыр етеді. (“Үш ғасыр жырлайды”, 95, 96-беттер).

“Баракқа” деген өлеңінде:

– О, Барак жас, Барак жас,
Жегенге тоқ, ішсең мас.
Жаксы болса ұлығы,
Өз елін жаудай таламас.
Қасқыр тартып, қан шықса,
Жаман ет жұлып жей берер,
Алды-артына қарамас.
Жаксы иттің белгісі,
Жұлмақ түгіл, жоламас.
Азғын елдің бектері.
Қан шықса елін жұлмалар,
Қасқырменен аралас.

Сол сияқты, өзінің аталас туысы, Ақтайлақтың баласы Кеңесбайды да өткір тілмен өлтіре түйрейді.

– Кеңесбай азғын туғансың,
Тістеуік айғыр секілді,
Үйіріңді сұйылтып,
Тай-қуанды қуғансың.
Ел білерлік ісің жоқ,
Дегдар емес, будансың.
– Будан дейтін себебім,
Айналанды торисың,
Түзден тоят тілемей,
Өлексені қорисың,

Алдына келсе жүгініс,
Терісті он деп жорисын.
– Қолбала күс секілді.
Биялайға қарайсын
Не тұлғама тұтқа боп,
Не керекке жарайсын?
Ішің аяз ақ қырау.
Сырты сұлу сарайсын.
– Ыдысысын параның.
Қотара құйса толмайтын.
Ашылған әбден араның,
Түйені жұтсаң түгімен,
Биені жұтсаң бүгімен,
Қақалмай бір-ақ толғайсын.

Өз заманынан, сол заманның ел билеген азғын, екі жүзді адамынан түңілген ақын, ертеде өткен заманның қол бастаған ерлерін еске алып, соларды дәріптей жырлайды. Мысалы, “Еспенбет” атты поэмасында өзінің арғы аталарының бірі – Еспенбет батырдың әдеби-көркем образын суреттейді. Ата-анадан жастай жетім қалған Еспенбет, өз елінен аулақ Уақ руының ішінде, нағашысы Ер Қосайдың тәрбиесінде өсіп, 14 жасқа толғанда туған еліне қайтпақ болған соң, нағашысы ұрықсат етіп, енші беріп қайтарайын дейді. Еспенбет енші алмай, құлын күнінен көзіне түскен Ақбөрте деген тайды ғана сұрап мініп еліне қайтады.

Еспенбет еліне аттанарда нағашысы Ер Қосайдың айтқан өсиетін Дулат ақын былайша толғайды: (“Үш ғасыр жырлайды”, 108, 109, 110, 111, 112-беттер).

– Бірақ балам айтайын:
Еліне де барарсың.
Тірі болсаң еліңнің,
Керегіне апарарсың.
Дос та елден, жауда елден,
Алды-артыңа қарарсың.
Күнdestік те еліңнен,
Мінdestік те еліңнен
Қамалау да еліннен.
Табалау да еліннен.
Абалау да еліңнен,
Өсіру де еліңнен,
Өшіру де еліннен,
Бақыт та елден қонады.
Дәулет те елден болады.

Елі менен ер жетіп,
Емендей өсіп толады.

Еспенбет еліне келіп, жұртқа жағымды, жомарт, адал ер-азамат болып өседі. Қабанбай, Ақтамберді сияқты қарт батырлар бастаған, сыртқы жауға қарсы жорықта, жекпе-жекте жаудың басбатырын жеңіп, Еспенбет абырой-атаққа ие болады.

— Еспенбеттей ер ұлын,
Елі сонда таныған.
Бет бұрып тізгін тартқан жоқ,
Жаудың шоқ қол санынан.
Өле-өлгенше ел болды,
Еспенбеттің арманы.
Өзімен бірге жасады,
Астындағы тарланы.
Бәрін айт та бірін айт
Еспенбеттей ер қайда,
Ер күтетін ел қайда? —

деп, Дулат поэмасын аяқтайды.

Дулаттың ақындық өнердегі өрен жүйріктігін, жалаң сөз қуып, жайдақ жырлайтын, үнемі бейнелі, көркем сөзбен жырлайтын төкпе ақын екенін әрбір өлең-жырынан көреміз.

Жаңағы “Еспенбет” поэмасында жауға қарсы жорыққа аттанып, шеру тартып, жөңкіліп бара жатқан қалың қолды суреттегенде:

— Жөңкерілген қалың қол,
Жүйткіген желге ұқсайды.
Көрінісі кей кезде,
Толқыған гүлге ұқсайды.
Мұнар түнеп, бұлт көшкен,
Асқар белге ұқсайды.
Кенетінен ду емес,
Тас қопарып, тау бұзған,
Аққан селге ұқсайды, —

деп табиғат көрінісі мен құбылысына салыстырып, көркем де, әсерлі жырлайды.

Ал Еспенбетпен жекпе-жек шайқасатын қалмақтың бас батырын сипаттағанда:

— Қалмақ шықты майданға,
Шамасы елу жастағы.

Астына минген әлемдеп,
Макпалдай кара қасканы.
Ерлігі өлең қылмайды,
Бір өзінен басканы.
Қайырымсыздығы талайдын
Жонынан алған таспаны.
— Қыр басқан құлаш айдары.
Аждаһадан кем емес.
Аузын ашқан айбары.
Алты жүз кірген соғысқа,
Алпыс алты айлалы
Алты қару асынған
Айласының айғағы, —

деп жау батырын әсерлеп суреттейді.

Дулат өзінің бойына біткен ақындық дарынның құдіретін
терең түсініп, ардақтай білген ардагер ақын.

— Менің атым — байғұс қарт.
Көзге түсер сиқым жоқ.
Орынсыз күлер күлкім жоқ,
Есепсіз ұйықтар ұйқым жоқ.
Көзге қораш бойым бар,
Тенізден терең ойым бар,
Шынардан биік санам бар.
Атан өгіз ағызған,
Ақылдан алпыс салам бар,
Қорыған құрыш сөзім бар.
Бұлттан өтіп мұнарды,
Болжайтұғын көзім бар, —

дейді.

Өлең-жырлары елге көп тарап, молырақ сақталған, 19
ғасырдың ең әйгілі табиғи талантты ақыны, көркем сөздің
зергерлерінің бірі — Дулат жырау.

Дулат Бабатайұлы 1874 жылы дүниеден қайтқан.

Келесі кездескенше есен-сау болыңыздар.

30.11.1977 жыл.

Шөже ақын

Туғанына 170 жыл толуына

Қазақтың атакты ақыны Шөже Қаржаубайұлының туғанына биыл, 1978 жылы. 170 жыл толады. Шөже 1808 жыл дүниеге келіпті...

Өткен ғасырдағы айтыс өнерінің, қалың қазақ халқына аты әйгілі, өрен жүйрік ақыны Шөже болғаны мәлім. Оның айтысы ел есінде көп сақталған.

— “Шөженің өз тұсындағы әлде неше ақындармен айтысканы. — дейді Мұхтар Әуезов, — көбінше, тапқыр жүйрік Шөженің жеңісімен бітеді. Сол айтыстарда бұған кездескен ақынның бәрі алғашқы қақтығыс сөздерін Шөженің соқырлығынан бастайды. Бұл тұста жарыс, бәсеке сөз бас мінеуден басталады. Шөженің көзін ауызға алмайтын ақын қалмайды деуге болады”.

Қарсы ақынның бәрі де Шөжені сонымен жасытпақ, тұсамақ болады. Мысалы, Балта ақын:

— Өз сөзінді өзіңе жөн де, соқыр,
Ел кемітіп жүруің жөн бе, соқыр.
Қараөткел, Көкшетауды жеген соқыр,
Ел түзеуші, тергеуші сен бе, соқыр, —

дейді.

Орынбай ақын:

— Бәйгеден келіп тұрсын ақын, Шөже,
Өнерлі жақсылармен жақын, Шөже.
Кенесары, қырғыздың соғысында,
Сонда соқыр болдың ба батыр, Шөже? —

дейді.

Тезекбай, Қалдыбай ақындар да осылай кемітсе, Кемпірбай ақын Шөженің әке, шешесінен бастап тұқырта шеней келіп, ол да соқырлығын айтып:

— Әй, соқыр, мен сөйлесем, шын емес пе,
Өзіңе күпірлік сөз күнә емес пе?
Жайықтың әкең Қаржау құлы емес пе,
Қазының шешен Жама күні емес пе?
Жаралған екеуінен мұндар соқыр,
Дегенің сенің күндіз түн емес пе? —

дейді.

Сөйтіп, бар ақын Шөжені мінеп, соқырсын деп, одан да әрі кемітіп, оны тұқыртпақ болып, құлдан, күннен тудың дейді. Сондай ауыр сөздер төбесінен топ-тобымен түсіп жатса да, Шөже оған тіпті міз бақпайды, жасымайды да, абыржымайды:

– Мұқтасар сөзім майда тактасындай,
Бұхардың омырауым қақпасындай
Көзіме он жеті ақын тұқ қылған жоқ,
Сен маған қылармын деймісің атанның қақ басын-ай! –

деп бар ақынға қияс, қыңыр жауабын бір-ақ береді.

Шөже – өзімен замандас атақты ақпа ақындармен айтысқанда олардың талайын жеңіп шығып, жүзде алған желқабыз жүйрік.

Айтыс ақындарының бірінің жеңіп, біреуінің жеңіліп қалуы жайында Мұхтар Әуезов былай дейді:

– “Айтысқа түсіп жүрген суырып салма ақын, тегінде, өлең таба алмағандықтан жеңілмейді... жеңілгенде ұтықты дәлелден атсырап, жүйеге жығылып, дау сөздің логикалық жағынан ұтылып барып жеңіледі. Жеңуші жақ өзінің қарсы ақынына бет бұруға, жалтаруға ерік бермей, өмірлік, логикалық бір шындықтар табады. Дәлелдермен тұсап, тұқыртып, буып тастайды.

Ондай өмір шындығы дауласуға келтірмейтін айқын, мықты дәлелдер құр шешендікпен, құр ұйқас сөз айтқанмен әлсіремейді, мұқалмайды. Сондықтан көлденең тындаушы сыншы жұрт та, жол білетін ақын өзі де бұл тартыста жеңілгендігін айқын ұғынып, еріксіз тоқтайтын болады”.

Мысалы, Шөженің әйгілі айтыс ақыны Кемпірбаймен айтысын еске алайық.

Шөже Кемпірбайды жеңгенде: “уаттүрі уөззәйтүни” деген аяттың мағынасын айт деп қысады. Онысы діндер аңыз бойынша Мұсаның Син (Синай) тауына шығып, құдаймен жауаптасқанын келтіріп, сондағы айтысқан сөздерін өлеңмен шешіп бер дегені еді.

– Ол сөзімнен бұл сөзім ағаласын,
Ақын болсаң, бұл сөзді табаласын,
“Уаттүрі уөззәйтүни” деген аят,
Тауып бер бұл жұмбақтың мағанасын.

Бұл аяттан хабары жоқ Кемпірбай, тура жауаптан жалтарып, қарсы дау айтып:

– Әй, соқыр, мына сөзден пақыр болдың,
Аирылып таза малдан тақыр болдың.
Құран сөзін өлеңге қосамын деп,
Қағының талақ, өзің кәпір болдың, –

десе, Шөже оны бұлтартпай, жұмбақ-аятын өзі шешіп берді:

– Кемпірбай, жай жүр десем, жай жүрмейсің,
Сөзіме менің айтқан еш көнбейсің,
Бір ауыз айтқан сөзге жауап таппай,
Дегенде айтпап ба едім сен жеңбейсің.
Уаттүрі тауына Мұса барған,
Аллидан төрт-ақ ауыз жауап алған.
Алланың төрт сөзінен дым блмейсің,
Жанымнан былшылдамай, тұр, кет арман!, –

дегенде, Кемпірбай:

– Келіп ем осы тойға өктемделіп,
Жүруші ем қу соқырдан сектемденіп.
Бағасы жоқ соқырмен айтысам деп,
Жығылдым төрт аяғым көкпен келіп, –

деп жеңілгенін мойындайды.

Шөже табиғи дарынды ақын. Ол мақтап айтса да, даттап айтса да, жеріне жеткізіп айтады. Оның қолма-қол суырып салып айтқан өлеңдері өткір, әсерлі де көркем. Сәкен Сейфуллин Шөженің импровизаторлық өнерінің үлгісі ретінде мына бір өлеңін келтіреді.

Бір жиылыста Бағаналы Ерден батырға атақты Шөже ақын өлең айтыпты. Сондағы Шөженің өлеңі:

– Ақылмен жеңіп алдың айлалыны,
Қамшымен ұрып алдың найзалыны,
Атадан артық туған батыр Ерден,
Жеңіп алдың Аққошқар, Сайдалыны.

Сонда үйінің төрінде жатқан Ерден басын көтеріп, баласы Бимендіге: “Мынаған бір нәрсе бер”, – депті. Шөже өлеңін тоқтатпай:

– Құлын берсең, сүтінен кете алмайды,
Тай берсең, жерім алыс жете алмайды.
Құнан берсең, жеріме жетер еді,
Күз болса, тісеу құнан ет алмайды.

Шөже бұлай деген соң, Ерден баласына: “Ендеше бұған бір байтал бер”, – десе, Шөже:

– Еркеке, не айтарға, не қайтарға,
Енді менде жауап жоқ көп айтарға.
Баладан байтал болса, сізден сәуір.
Үйірі Ерден көктің деп айтарға, –

депті.

Шөже – өлең сөзден мүдірмейтін, алғыр да тапқыр, анық ақпа ақын.

Шөженің үстем тап өкілдеріне қарсы айтқан қатты сын сөздері, түрлі әкімдерді халық алдында масқаралап шенейтін өлеңдері ақынның атын көпшілікке қадірлі еткен. Ол – ешкімнен де жасқанбай, кісінің мінін бетіне айтатын, от ауызды, орақ тілді ақын.

– Қуандық, Алтай, Қарпық араладым,
Тыңдадым ел жақсысын, сараладым,
Кісінің міні болса, бетіне айтып,
Ат пен ас, ажарына қарамадым, –

дейді Шөже.

Сондайлық сыншыл, өткір тура сөзін Құнанбай, Алшынбай, Жолшора сияқты азулы би, сұлтандарға да қарсы жұмсаған. Құнанбай мен Алшынбайды Шөже елдің қызылын жеп тояттап жүрген жыртқыш құстарға, құзғындарға теңейді. Қаракесектің бір асында Шөже өлеңді Құнанбайдың соқырлығынан, Алшынбайдың ақсақ, таздығынан және олардың елді жеген паракорлығынан бастайды:

– Болыпты бір ақсақ, таз және соқыр,
Құранды мысық сопы, молда оқыр,
Болғанда ақсақ – дария, соқыр – қарға,
Ортасын дарияның қарға шоқыр, –

деп, Алшынбайдың Құнанбайды ұлық сайлатып, елді жегізіп отырғанын айтады.

Сонда Жолшора отырып: “Беретін билік, айтатын төрелік бар. Бір мақтайды, бір боқтайды, мынаны шығару керек”, – депті.

Оған Шөже:

– Жолшора, өзің қазы, әкең Анай,
Параны бұрын беріп, жедің талай,
Алдында жеті тамұқ, сегіз жұмақ,
Қайсысына кіруің екі талай.

Қазылықпен дүниеде жедің пара,
Бұл сөзді сен айтасың қалай-қалай?!

Бұған төзе алмаған Алшынбай тұра сала қамшы жұмсайды. Шөже сонда да өз дегенінен қайтпайды:

– Япырай, бұл неменс тарсылдаған,
Қаншық емес, төбет қой арсылдаған
Тепкітей бер, сабаи бер – өлтірмессің,
Ашуыңды бас бірақ қалшылдаған
Бошанның ақ серкесі Алшынбай таз,
Жаз шілдеде ұшады ит ала қаз.
Екі сөздің бірінде соқыр дейсің,
Кепшетің бар болса, басыңды жаз! –

дейді, ол Алшынбайға.

Таяқпен Шөжеден теңдік ала-алмайтынын сезген Құнанбай мен Алшынбай: “Мұны сөзбен тұқыртайық” деген оймен Балта ақынды айтыстырады. Ашынып отырған Шөже Балтаға да есе бермейді. Қайта-қайта “соқыр” дей берген Балтаға:

– Не жамандық көріп едің Жамантайдан,
Әр қайда бар салуым бір құдайдан.
Жалғыз соқыр халқына тиышсыз болса,
Құтылсаңшы, мына отырған Құнанбайдан! –

дейді Шөже.

Шөжені Абай бала жасынан жақсы білген және оның ақындық талантын жоғары бағалап, шыншылдығын, жасқанбай, жалтандамай, тура айтатын өткірлігін қатты құрметтеген.

Шөже ақын “Абай жолы” романының “Жолда” деп аталатын тарауында суреттелген. Шөженің дарынды, суырып салма – импровизатор ақындық өнерін Шоқан Уәлиханов та атап жазған.

Шөже – қазақтың ежелден келе жатқан өлең-жырларын жадына сақтаған шежіре ақын. “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” дастанының бір нұсқасын да Шөже жырлап, халыққа жайған.

Сұлтанмахмұт Торайғыров XVIII–XIX ғасырдағы қазақтың ең ірі ақындары, алдымен Абайды ерекше айтып, сонан соң Шөже ақынды да ардақтаған.

Жамбыл ақындық өнерде Шөжеден үлгі-өнеге алып, оны өзінің үлкен ұстазы деп білген, өмір бойы аузынан тастамаған. Ол ертеде Досмағамбет ақынмен айтысында, өзінен бұрын өткен ірі ақындарды есіне алып, солардың ішіндегі өзі ұстаз тұтқан, ең дарындыларын ерекше атайды:

– Ілгеріде Шөже. Балта заманда өткен.
Асекең. Бұхар жырау арманда өткен
Солардың аруағы маған қонып,
Ел мұнын жырмен төгіп нөсерлеткем. –

десе, 1943 жылы “Ақындарға арнау” атты толғауында Жамбыл:

– Ақындар, көз салыңдар,
Қиуаны шалыңдар.
Қику салып талайдан,
Келе жатқан сарын бар.
Ұзын жолда біз өткен
Өнерге көп тәлім бар.
...Кеншінбай мен Орынбай,
Өлең сөздің қорындай.
Шөже менен Кемпірбай,
Өлең-жырдың жұртындай, –
Біз солардың өрені, –

дейді.

Әдебиетші ғалым, профессор, Жамбылды терең зерттеген Есмағамбет Ысмаилов өзінің “Ақындар” атты үлкен монографиялық еңбегінде: “Жамбылдың айтыс өнеріне жетілуіне атақты Шөже ақынның творчестволық ықпалы елеулі болғандығын атап айтуымыз керек. Өткен ғасырдың 70-жылдарында Шөже Арқадан келіп, Жетісу елін, қырғызды аралаған шағында Жамбыл сияқты талантты жас ақындардың көбі Шөженің қасына еріп жүрген”, – дейді.

Шөже ақын қазақ даласының көп жерін аралап, қырғыз еліне де барып жыр төккен. Оның ақындық атак, даңқы бүкіл қазақ, қырғыз еліне ерте жайылған.

Қазақтың ақындық өнерінің мақтанышы Шөже 1895 жылы 87 жасында дүниеден қайтқан.

1978 жыл.

Үш халыққа ортақ ақын

Ақмолланың туғанына 150 жыл толуына

Ақмолла – казак, башқұрт, татар халықтарына бірдей ортақ ақын. Осы туысқан үш халықтың ұшан-теңіз тіл байлығын еркін меңгеріп, терең біліп, үш тілде бірдей тебірене жыр толғаған Ақмолланы казак та, башқұрт та, татар да өздерінің тума ақыны деп біледі.

Осы күнге дейін өмірі, жазушылық, ағартушылық еңбегі терең зерттеліп, толық жиналып басылмай келген Ақмолланың өмірін зерттеп, бұрын баспа бетін көрмеген өлеңдерін толығырақ жинап, Башқұртстан әдебиетші ғалымдары осы жылы (1981) ақынның бір томдық өлеңдер жинағын басып шығарды. Ақын шығармаларының академиялық басылымы әзірленіп жатыр.

Ақмолланың өлеңдері революцияға дейін, көбінесе, ауыздан-ауызға көшіп, қолжазбадан-қолжазбаға көшіріліп елге тараған. Ақынның көзі тірісінде татардың озық ойлы үлкен тарихшы ғалымы – Шихабетдин Маржаниға (1818–1889) арнап жазған, ұзақ мадақ өлеңі 1892 жылы Қазанда басылып шыққан. Одан соң, ақын қайтыс болғаннан кейін, өлеңдері екі рет – 1904 жылы Троицкіде, 1907 жылы Қазанда басылған.

Октябрь революциясынан кейін ақынның тұңғыш өлеңдер жинағы 1935 жылы Алматыда басылып шықты. Бастырушы редактор және кітап басында: “Ақмолланың өмір тарихы, ақындығы” атты мақала жазған Сәкен Сейфуллин. Тегінде ақынның өмірбаяны жайында мағлұмат жазып қалдырған адам, Ақмолланың шәкірті – Досмайыл Қашқынбаев. Оның қолжазбасы Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми кітапханасында сақтаулы.

Ақмолланың ұлты, ата-ана тегі туралы екі түрлі пікір айтылып, жазылып келеді. Бірінші, казак әдебиетшілерінің пікірі. С. Сейфуллин жоғарыда аталған “Ақмолланың өмір тарихы” деген мақаласында: “Бұл кісінің әкесі казак, шешесі татар”, – дейді. Ақмолланың әкесі Мұхамедияр – Сырдария өзенінің бойындағы Ақмешіт (қазіргі Қызылорда) аймағының қазағы. Мұхамедияр жас кезінде Нығметолла қазірет деген молламен Башқұртстанның Стерлібаш қаласына еріп кеткен. Сол Нығметолла қазіреттің қолындағы бір асыранды қызын Мұхамедияр алып, сол татар қызынан

Ақмолла ақын туады. Ақмолланың әкесі өліп, анасын Камалетдин деген бір татар алады. Ол кісі анасымен бірге Ақмолланы да (яғни Мифтахитдинді) өзіне бала қылып алады. Ұзамай анасы да өледі. Сөйтіп ақын өгей ата, өгей ананың қолында қалады. Ақмолла жасынан жетімдік көріп, мұқтаждық, таршылықты басынан кешіріп, туған жері Стрелибашты тастап, Жайық бойына, Орынбор қаласының маңына келеді. Қазақ даласына келген соң Ақмолла әркіммен сөйлескен сөз үстінде, өзінің ата тегі қазақ екенін үнемі айтып жүретін болады. Ақмолланың туысы жөніндегі мағлұмат, оның өз аузынан айтуы бойынша қазақ еліне тарайды. Және Ақмолланың шәкірті Досмайыл Қашқынбаев жазбасында: “Біз одан (Ақмолладан. — Қ. М.), тақсыр, сіздің затыңыз кім, һәм кімнен тудыңыз, кім боласыз деп, неше жыл бірге жүрсек те, сұрауға батылымыз бармауы себепті қай заттан екендігін біле алмаймыз. Алайда, бағзы уақыттарда сөз реті келгенде, өзі айтушы еді, менің әкем қазақ, анам ноғай деп”, — дейді. Бұл сөзге қарағанда, Ақмолланың балалық, жастық шағындағы өмір кезеңі Досмайылға да толық мәлім болмағанын байқаймыз. Біздің қазақ әдебиетшілері (Сәкен Сейфуллин, Бейсенбай Кенжебаев, т.б.) осы айтылған деректер бойынша, Ақмолланың өмірін баяндаған. Екінші пікір, татар, башқұрт әдебиетшілерінің пікірі. Олар Ақмолланың туған, өскен елінен, оның ата-анасын, жастық шағын жақсы білетін жерлес адамдарынан сұрап, біліп, ақынның өмірін зерделеп зерттеп жазған. Нақтылы туған жерін, ата-анасының кім екенін анықтаған. Және метрикасын (туғаны жөніндегі куәлік) тапқан.

Ақмолла 1831 жылғы 26 (ескі стиль бойынша 14) декабрьде Уфа губерниясының Бөләбәй уезі Елдәр болысы (қазіргі Башқұртстанның Миәкә ауданы), Тоқсанбай ауылында молла семьясында дүниеге келген. Әкесінің аты-жөні — Камалетдин Ишмұхаммет ұлы, анасы — Бибігүлсім Сәлім қызы.

Шешесі Ақмолланың жас шағында өліп, өгей шешесінің қорлығын көріп өседі. Оқу жасына толған соң, Менәузтамақ медресесінде, одан кейін, көрші Қарамалы болысы Әнес ауылындағы медреседе оқиды. Өнер-білімге құштар, талапкер Мифтахитдинді ауыл медреселерінің оқуы қанағаттандырмайды. Ол енді Стрелибаш медресесіне түсіп оқиды. Өз заманында бір келкі тәуір дейтін медресе де сол болатын. Ол медреседе атақты софы ақын Шамсетдин Зәки (1825—1865) сабақ беретін. Ақмолла енді Шамсетдиннің шәкірті болады.

Есейіп, ер жетіп, өз күнін өзі көруге жараған соң, Ақмол-

ла ел кезіп, Орынбор жағына, Жайық өлкесіне кетеді. Ол жақта бірталай болып, ауыл баталарына сабақ беріп, ұстаздық етеді. Өз білім дәрежесін әлі жеткіліксіз көріп, Троицкі қаласындағы Зейнулла ишанның медресесіне түсіп оқиды. Ол медреседе парсы, араб тілдерін меңгеріп алған соң, шығыс классик ақын, жазушыларының, ғалымдарының шығармаларын зер салып оқып, олардан мол үлгі-өнеге алып, дүниеге көзқарасы тереңдей түседі. Қыс айларында оқу оқып, жаз уақытында Троицк маңындағы қазақ ауылдарында болып, қазақ балаларына сабақ береді.

Медреседегі діни оқуды місе тұтпай, өз бетімен көп ізденген Ақмолла:

– Білмеген қазақ та бар, ноғай да бар,
Ең әуел ғылымыңды оңайлап ал!
Кітапты, періштені, пайғамбарды
Құр атын білуменен не пайда бар? –

деп, өнер мен ғылым жолын қуады, халқына пайдалы адам болуды мұрат, мақсат етеді. Троицк медресесін бітіріп шыққан соң, Ақмолла еліне қайтады. Оның үйінен кеткеніне 13 жыл болған екен. Өзінің мұрагері болар деп ойлайтын жалғыз ұлының өз бетімен кеткенін ұнатпаған әкесі – Камалетдин хазірет Мифтахитдинді (Ақмолланы) құшақ жайып қарсы ала қоймайды. Қатал мінезді, дүниеқор әке мен адамгершілігі зор, өнер-білімді, еркіндікті ардақтайтын, талантты бала тіл табыса алмайды. Ақыры, әкесінен мүлдем күдер үзіп, қазақ даласына шығып кетеді. Әкесінен көңілі қалып, енді көрместей болып кеткенін, кейін жазған “Әкеме хат” деген ұзақ өлеңінен айқын көреміз:

– Хат жібердік Орынбор қаласынан,
Қаладан, ғұламалар арасынан.
Құрметті әкемізге жүз мың сәлем,
Көңілі сынық ақ сұңқар баласынан.
...Әкетай, келіспеді ісің артық,
Біз қайттық сағынып сізді, көңіл тартып,
Он үш жылда бір қайтып, көңілім сынды,
Енді бізге тірліктен өлген артық.
Сәләмат, аман болсын бас, малыңыз,
Мал болса, жоқ қой басқа еш қамыңыз.
Алтынның қолда барда қадірі болмас –
Табылмас мың теңгеге мысқалымыз!...

Ақын Тоқсанбай ауылынан сол кеткеннен мол кетіп,

өзіне бұрыннан таныс қазақ еліне келеді. Троишкіден жүз шақырымдай жердегі Қарабалық болысы Қарасу деген жердегі Бәтеш дейтін байдың ауылында молда болып, бала оқытады. Өзінің ақ көңіл, адалдығымен, шындықты тура айтатын әділдігімен, өнер-білімімен, от ауызды, орақ тілді акындығымен Қостанай қазақтарының ортасында абыройлы, қадірлі адам болады. Осындай адамгершілік қасиеттерін құрметтеп, қазақ елі оны “Ақмолла” деп атап кеткен. Ақмолла тура тілді шыншыл жазушы, әрі суырып салма – импровизатор.

Ақмолла ұстаздық етіп, бала оқытқанда, шәкірттері қай тілде сөйлесе, сол тілде сабақ берген, қазақ балаларын қазақ тілінде, башқұртты – башқұрт тілінде, татарды – татар тілінде оқытқан. Ол ұлттық тар шеңберде қалмаған.

Ақмолла қазақтың жерін жерлеп, жырын жырлаған, қазақ халқының бел баласындай болып кеткен ақын. Қазақ елін өнер, білімге – мағырифатқа шақырған, жанашыр жаршысы болған адам.

– Көшпелі қазақпыз ғой күрке астында,
Өнер жоқ, ұйықтаған тек көрпе астында.
Байқам боп жата берсең, қор боларсың,
Жау жоқ деп ойламаңыз бөрік астында...
Тұрмысы басқа елдердің күн секілді,
Тұрмысы надан елдің түн секілді.
Өзіңіз ойлап қара, миға салып,
Көрінер осы жері мін секілді...
Жігіттер, хабардар бол заманадан,
Сиырдан артық емес надан адам.
Неге біз қор боламыз басқа жұрттан,
Біздағы туып өстік ата-анадан... –

дейді халық қамын жеген қамқор ақын.

Ол қазақ арасына келген соң, туған әкесі Камалетдиннің атын тастап, Мұхамедияр деген қазақтың баласымын деп атап кеткен. Өл-өлгенше, оның әкесінің аты, фамилиясы – Мұхамедияр болып, жазылып қалған. Сондықтан қазақ әдебиетшілерінің Ақмолланы қазақ ақыны деп танулары дұрыс. “Қазағым” деп тебіреніп, таза қазақ тілінде өлең жазған ақынды, оның ұлты кім болса, ол болсын, қазақ ақыны деуіміз орынды. Шынында Ақмолланың ұлты башқұрт екенін жоғарыда айттық. Ақмолланың қазақ еліне келіп, өзін қазақтың деп жүру себебін, башқұрт, татар әдебиетшілері былайша түсіндіреді. “Ақмолланың қазақ арасында жүруінің түпкі бір себебі де солдаттан қашу үшін

болған. Ол із жасыру үшін Мұхамедияр деген бір жарлы қазаққа ұл болып жазылып, фамилиясын өзгертіп, қазақ болып жүрген. Ол бұны жақын кісілерінен де жасырған. Сондықтан, өзі өлгеннен соң да, көп адам оны қазақ болған деп жүрген. Алғашырақ жазылған өмірбаянда да қазақ деп жазылып келген”, — дейді, татар әдебиетшісі М. Ғали. (Совет әдебиеті, 1941, 71-бет). Бұл да нанымды дәлел.

Ақмолла ешкімнің де беті-жүзіне қарамай, шындықты айтатын нағыз реалист ақын.

— Жеңіл іс, ұсақ сөзге құлақ салма,
Болар-болмас кенесті ойыңа алма,
Өз әкеңнің көрсең де хилаф ісін,
Дұрыстықты айтудан еш ұялма! —

дейді ақын. Ақмолла еңбекші бұқара халықтың жырын жырлайды. Еңбек елін езуші, қанаушыларды, озбыр әкімдерді — болыс, билерді, надан молда, қожаларды әшкерелеп, зұлымдықтарын бетіне басады.

— Би, болыс өнер емес пара деген,
Нашарға өкім қылып текке неген.
Ісінді жөндеймін деп иек қағып,
Мұнан да хайуан артық шуын жеген, —

дейді.

Еңбекші халық ақынды өзінің қамқоры, ақ сөйлейтін Ақмолла, деп құрметтесе, би, болыстар оны жек көріп, өшігіп, түрмеге салдыруға шейін барған. Бұл жөнінде Сәкен Сейфуллин толық жазған. Есенкелдінің алғаш өшігуінің себебі мынадан болады: сол елде бір әйел өледі. Әйелдің жаназасында, әлгі Есенкелді жиналған жұрттың көзінше, Ақмоллаға таяғын нұсқап: “Қазақта бір мақал бар еді: “Өленді жерде өгіз семіреді, өлімді жерде молла семіреді” деген, сондай-ақ, мына молланың семіргенін қараңыздар!” дейді. Ақмолла жұлып алғандай: “Рас айтасыз, бай, өленді жерде өгіз семіреді, өлімді жерде молла семіреді, молласыз жерде, сіздей надардың басын ит кеміреді”, — дейді. Жұрт Ақмолланың тапқырлығына риза болып, күліседі. Содан кейін Есенкелді Ақмоллаға өшігіп, қас болады. Есенкелдінің көрсетуімен 1867 жылы тұтқынға алынып, Троицк түрмесіне қамалады. Тар қапаста тарығып, ауыр азап шегіп жатса да, ақынның қаламы қолынан түспейді. Дұспанын қарғап, достарын алғап, ұзақ-ұзақ өлең жазып: “Қыпшақ іші, Қарабалық, Қарақыздар, зарына Ақмолланың қараңыздар!” — деп қазақ ауылдарына сәлем жолдап жатады.

Жұмысы сот орындарынан қаралып келгенше, гөрт жыл уақыт өтеді. Сот Ақмолланы екі жарым жылға арестанттар ротасына жіберуге шешім шығарады және жұмысын қууға бір жыл уақыт береді. Сол кезде Ақметбай Бекіров, Иманбай Құдайбергенов деген қазақ достары елден екі мың сом ақша жинап, залог салып, 1871 жылы Ақмолланы кепілге алады. Түрмеден шыққан соң, Ақмолла баяғы өзі бала оқытып тұратын Қаракыз, Бәтін ауылына келіп, жаздай дем алып, күзге қарсы жұмысын қуу үшін Петербургке аттанады. Жолшыбай Қазан қаласына соғып белгілі ағартушы, ғалымдар: Шиһабетдин Маржани, Қажом Насыримен жүздесіп, олардан ақыл-кеңес алады. Петербургке барған Ақмолланы “астана ғұламалары Ғатаулла Баязитов пен Ғұбайдолла Жәңгіров те жылы қарсы алады. Ақмолла Ғ. Жәңгіровке арнап өзінің белгілі шикәйәтін (мұнын айтып жазған өлеңі. — Қ. М.) жазып береді. Ол өз қолымен император Александр II атына арыз жазып, ақынды “арестантский ротадан” құтқарып алып қалады”, — дейді башқұрт әдебиетшісі Әхәт Вилданов (Ақмолла. “Өлеңдер”, Уфа, 1981, 11 бет). Полковник Ғұбайдолла Жәңгіров (1840—1909) сол 1871 жылы Петербургте флигель адъютант болып қызмет істейтін. Ақмолланың Ғұбайдоллаға арнап жазған өлеңі 1935 жылғы жинағында (Алматы, 24—26-беттер), 1981 жылғы жинағында (Уфа, 88—90-беттер) жарияланған. Ақмолла тек ісі түскен Ғ. Жәңгіровты ғана емес, Ыбырай Алтынсариннен бастап, сол кездегі қазақ оқығандарын жақсы білген. Олай деуімізге ақынның Ыбырай Алтынсаринге, Тілеу Сайдалинге, Қорғанбек Бірімжановтарға арнап жазған өлеңдері дәлел.

Түрме азабын шегіп, бай, болыс, билердің зұлымдығын көрген Ақмолланың ақындық таланты онан сайын тасқындап, өлеңінің әлеуметтік мазмұны тереңдей, өткірлене түседі.

— Ғажап, әркім бай адамды,
Қуанышпен қарсы алады.
Кедей сорлы бейшаралар,
Қорлық көріп зарланады.
Қорасына кірсе бір бай,
Әлде қазақ, әлде ноғай,
Басын иіп тағзым етіп,
Қош келдің! — дер, һам алақай! —

дейді сатирик ақын. “Молланың несін мақтайсың, өлі менен тірінің — бәрін бірдей жалмаған” деп рухани қанаушыларды аяусыз әшкерелейді.

Бұқара халықтың жырын жырлап, елінің құрметіне бөленген ақынды дұшпандары көре алмай, оған өлердей өшіккен.

Өзінің әйгілі арбасымен Троицк қаласынан шығып, Златоуска қарай келе жатқан Ақмолланы 1895 жылы 8 октябрь күні, Миас қаласының түбінде, дұшпандарының айдап салған қолшоқпарлары Ғифиат және Дәули деген зұлымдар өлтіреді.

“Артына өлмейтұғын сөз қалдырған” ақынның әдеби мұрасы мәдениет қазынасына қосылып, Ақмолла туысқан үш ұлттың ардақты ақыны болып, тарихтан құрметті орын алып отыр.

26. 12. 1981 жыл.

Бұхар жырау

Өмірбаяны мен шығармаларын зерттеу мәселесі

Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің 1957 жылғы “Қазақ халқының әдеби-поэзиялық және музыка мұрасын зерттеудің жайы және оны жақсарту шаралары туралы” қаулысын жүзеге асыру мақсатымен Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты 1959 жылы ғылыми-теориялық конференция өткізгені мәлім. Ол конференцияда қазақ халқының өткен ғасырлардағы және қазіргі дәуірдегі әдебиеттің әр түрлі проблемалық мәселелерінің зерттелу жайына арналған баяндамалар тыңдалып, талқыланды. Солардың ішінде XVIII–XIX ғасырлар әдебиетін зерттеу мәселелері туралы арнаулы үш баяндама жасалып, талқыланған болатын.

Конференция өз жұмысын қорыта келіп, нақтылы ұсынстар қабылдап, соның ішінде, XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілінің бірі – Бұхар жыраудың ақындық творчествосы жоғары және орта мектептерде өтілуге тиіс деген. Конференция материалдары “Әдеби мұра және оны зерттеу” деген атпен 1961 жылы жеке кітап болып басылып шыққаны белгілі.

I

XVIII ғасырдың атақты жырауы Бұхар Қалқаманұлы

қазақ әдебиеті тарихында көрнекті орын алатын ақын екендігі, өзінің шығармаларында заманның кейбір маңызды уақиғаларын әділ көрсетіп, қазақ халқының жонғар феодалдарына қарсы азаттық күресінің жаршысы болғандығы, халықты бірлікке, ерлікке шақырғаны “Қазақ ССР тарихында” атап айтылған. Өзінің күрделі және қайшылықты творчестволық жолының ақырғы кезінде Бұхар Россиямен тату болу қажет деген қорытындыға келді (Қазақ ССР тарихы. I том, 1957, 378–379-беттер).

Бұхар — табиғи дарынды ақын, алғыр ойлы жырау сөз өнерінің өрен жүйрігі, өз заманындағы көрнекті әлеумет қайраткері.

Соңғы жылдары Бұхар мұрасын зерттеу, жариялау мәселесіне көбірек көңіл бөлініп, әдебиетші ғалымдар бірталай еңбек етті. Бұхар шығармалары деп танылған туындылар түгел дерлік басылып шықты (“XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары”, 1962 ж., “Үш ғасыр жырлайды”, 1965, “Ертедегі әдебиет нұсқалары” 1967 ж., “Алдаспан” 1970 ж., “Казахский фольклор в собрании Г. Н. Потанина”, 1972 ж). Бұхардың өмірі мен творчествосын арнайы зерттеген әдебиетші — ғалым М. Мағауиннің еңбегі, оның “Қобыз сарыны”, (1968) атты монографиясында жарияланды. Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Ы. Дүйсенбаевтың “Бұхар жырау Қалқаманұлы” атты үлкен мақаласы “Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері” (Зерттеулер, мақалалар, 1976 ж.) атты жинақ кітабында басылды. Профессор Х. Сүйіншәлиевтің “Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезендері” (1967) кітабында Бұхарға арналған тарау бар. Бұхарды, оның әдеби мұрасын зерттеу, жариялау жөнінде аз жұмыс істелмеген сияқты.

Бұрын-соңды жазылғандарды толық жинақтап, Бұхар жырауды зерттеу жұмыстарының нәтижесі жайында пікір айтатын уақыт болды деп білеміз. Бұхардың шығармаларының жиналып, жариялануы, жыраудың өмір тарихының зерттеліп жазылуы қазір қандай дәрежеде? Бұхар жыраудың туған, өскен жері, туған, өлген уақыты әдебиеттану ғылымында дұрыс анықталды ма? Біздің бұл мақаламыз осы мәселелерге арналады.

Бұхар жырау туралы тұнғыш тарихи мағлұмат Шоқан Уәлихановтың еңбектерінде (“Исторические предания о батырах XVIII в”) берілген.

“Ай, Абылай, сені мен көргенде” деп басталатын толғауын, 1878 жылы Ыбырай Алтынсарин “Қазақ хрестоматиясы” кітабында жариялаған.

Одан соң, Бұхардың екі-үш толғау жыры, ол жырлардың туу тарихы, тарихшы Құрбанғали Халидұлының 1910, 1911 жылдары екі рет басылып шыққан, “Тауарих хамса” атты кітабында жарияланған. Бұхар туралы Октябрь революциясына дейінгі, кітап жүзінде мәлім болған мағлұматтар осылар.

Бұхардың өлең-жырларын ертеректе ел аузынан молырақ жинап жазған және ата тегі туралы мағлұмат берген адам – Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Ол кісінің жазбалары және бұрынды-соңды ел аузынан жиналған Бұхар шығармалары Қазақ ССР Ғылым академиясының кітапханасында сақталғаны мәлім.

Бұхар жырау өлең, жырларын жинап, бастыру мәселесі Октябрь революциясынан кейін қолға алынды. Ең алдымен, жыраудың жырларын, сөздерін жинап бастыру жұмысын бастағандар – Мұхтар Әуезов пен Сәкен Сейфуллин.

1925 жылы Семей қаласында шығып тұрған “Таң” журналының төрт кітабында (№ 1, 2, 3, 4 сандарында) Бұхардың жеті толғау жырын Мұхтар Әуезов жинап бастырған. Сол жырлардың туу тарихынан қысқаша мағлұмат берілген. Бұхардың өмірбаяны жөнінде ештеңе де айтылмаған.

1931 жылы Сәкен Сейфуллин “Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары” атты кітабында Бұхардың он шақты толғау-жырын, бір-екі әңгімесін бастырған. Және Бұхардың өміріне байланысты, аз да болса, баспасөз жүзінде тұңғыш рет жазған Сәкен Сейфуллин. “Бұхар жырау Абылай ханның заманында ханның бірінші жыршы, шешен, ақылшысы болған. Бұхар жыраудың ұруы Арғын (Арғынның Сүйіндігі). “Осы күні Бұхар жыраудың моласы Баянауылда, Далба тауының ішінде”, – дейді (“Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары”, 84-бет).

Сөйтіп, 1930 жылдардан бастап, Бұхар жырау орта мектептердің жоғары оқу орындарының программаларынан орын алып, оның шығармалары, өмірі туралы деректер оқулықтарда, хрестоматияларда басыла бастады.

1938 жылы Сәбит Мұқанов пен Қалижан Бекқожин құрастырған, орта мектептің 8 класына арналған “Әдебиет хрестоматиясында”: “Бұхар жыраудың туған және өлген жылы туралы мәлімет жоқ. Алайда, Бұхар жыраудың жасаған заманы мәлім. Ол Абылай ханның тұсында болған кісі” (68-бет), – деп жазылған.

1941 жылы Қажым Жұмалиев 8-класқа арналған “Қазақ әдебиеті” оқулық кітабында Бұхардың туған уақыты 1693 жыл, өлген уақыты – 1787 жыл дей көрсетіп: “Бұхар жырау Баянауылда туып, Далба тауында өлген. Моласы Далба та-

уынын ішінде”, – деп туған, өлген жерлерін де атап айтады. Баянауылда туды дегенде қандай тарихи деректер негізінде айтылғаны мәлім емес. Тегі Сәкен Сейфуллиннің 1931 жылғы: “Бұхар жыраудың моласы Баянауылда, Далба тауының ішінде”, – деген мәліметі бойынша, туған жері де Баянауыл болуы керек деген ұғымнан туса керек.

Ал Бұхар 1693 жылы туып, 1787 жылы өлді дегенде, Қ. Жұмалиевтың келтіретін дәлелі: “...Бұхар өзінің “Ей, Абылай!” деген өлеңінде:

– Ей, Абылай, Абылай,
Сені мен тұңғыш көргенде.
Тұрымтайдай ұл едің,
Түркістанда жүр едің,
Әбілмәмбет хандарға
Қызметші болып тұр едің, –

дейді.

Осы өлеңінде ол Абылайды 11 жасынан бастап ең ақырғы өміріне дейін білетін адам болып сөйлейді. Бұхардың осы өлеңіне қарағанда оның жасы сол кезде 95-те болса керек:

– Токсан бес деген тор екен,
Дүйім жанның қоры екен... –

дейді.

Егер Абылайдан оны үлкен десек, Абылай 81-жылы өлсе, Бұхар өз ауызынан Абылайды он бір жасында білем деп отырса, онда Абылай өлген кезде Бұхардың 95-те болуы таң қаларлық нәрсе емес”, – дейді. (“Қазақ әдебиеті”, 8 класқа арналған оқулық, 1941, 168 бет). Бұхар 1693 жылы туған, Абылай 1781 жылы өлген дей отырып, “Абылай өлген кезде Бұхар 95-те” деу қалай болады? Ол кезде Бұхар 88-де болуы керек қой. Және Бұхарды 1787 жылы өлді дегенде сүйенер дерек, дәлел келтірілмеген.

1942 жылы Сәбит Мұқановтың “Қазақтың XVIII–XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер” атты үлкен еңбегі жарияланғаны мәлім. Ол кітапта Сәбит Мұқанов Бұхардың ата-тегі туралы Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің қолжазбаларындағы деректерге сүйеніп жазады. Тарихи зерттеліп, дәлелденбеген мәселелерге бармайды. “Қазақ халқының белгілі ақыны және халық әдебиетін көп жинаушы Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің айтуынша, Бұхар жыраудың әкесі Қалқаман батыр, арғы руы – Арғын, Арғын ішінде – Қаржас, Қаржас ішінде Алтынторы. Қалқаман – сол Алтынторының баласы. Оның ұрпақтары қазір Павлодар облысының

Баянауыл ауданында тұрады. Бұхар жыраудың нақ қай жылы туып, қай жылы өлгенін тарих әлі білмейді, бірақ жасаған ғасыры белгілі, XVIII ғасыр Абылай ханның тұсы”, – деп жазады Сәбит Мұқанов (жоғарыда аталған кітап, 13-бет) Сәбит Бұхардың туған, өлген жерін атамайды. Тек қана оның ұрпақтарының Павлодар облысының Баянауыл ауданында тұратынын айтады.

1941 жылғы “Қазақ әдебиеті” 8-класқа арналған оқулықтағы берілген мәліметтерден басталса керек, 1966, 1967 жылдарға дейінгі тарих, әдебиет тарихы туралы кітаптарда: Бұхар жыраудың туған, өскен және өлген жері – қазіргі Павлодар облысы Баянауыл. Туған жылы – 1693 жыл, өлген жылы – 1787 жыл деп жазылып келеді (1957, I том 378-бет) “Қазақ әдебиетінің тарихында” (1961, II том, бірінші кітап, 29-бет), XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ ақындары шығармаларының жинағы” (1962 жыл, 7 және 386-беттер), “Үш ғасыр жырлайды” революцияға дейінгі қазақ ақындарының шығармалары” аталатын кітапта (1965 жыл, 58-бет), т.б.

Ал Х. Сүйіншәлиев 1967 жылы шыққан “Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері” атты кітабында: “Бұхар Қалқаманұлы (1668–1781) ...Ол қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында туып өскен” дейді (110 бет). Сөйтіп, Бұхардың туған, өлген жылдарын, бұрынғы кітаптарда берілген деректерден басқаша етіп, өзгертіп жазады. Бұрынғы кітаптарда Бұхар 1693 жылы туған, 1787 жылы өлген делінсе, Х. Сүйіншәлиев 1668 жылы туған, 1781 жылы өлген дейді. Яғни, туған уақытын 25 жыл кейін, өлген уақытын 6 жыл кейін шегереді. Не себептен және қандай деректерге, қандай мағлұматтарға сүйеніп, Бұхардың туған, өлген уақытын – 1668–1781 жылдар деп көрсетуі жайында Х. Сүйіншәлиев кітабында еш нәрсе айтылмайды, ешбір дәлел де келтірілмейді.

“Қазақ Совет энциклопедиясының” II томында (532–533-бет) Бұхарға арналған мақалада да оның туған, өлген жері қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданы, Далба тауы, туған уақыты 1668 жыл, өлген уақыты 1781 жыл деп жазылған.

1941 жылы шыққан 8 класқа арналған “Қазақ әдебиеті” – оқулығы кітабында Бұхар жыраудың өмірбаяны туралы берілген дүдәмәл деректердің 1967 жылға дейін, 25 жыл бойы бір кітаптан бір кітапқа көшіріп келуінің себебі не? Бұның себебін, Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты 1959 жыл өткізген ғылыми-теориялық конференциясында, әдебиеттану ғылымының негізгі міндеттері туралы жасаған баяндамасында Қазақ ССР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті, профессор, әдебиетші

ғалым Есмағамбет Ысмайылов марқұм ашып, айқындап айтқан болатын. Әдебиет тарихын зерттеушілер үшін ешқашан маңызын жоймайтын, үлкен ғалымның гибратты сөзін өзгертпей келтіруді орынды деп білеміз:

– “Әдебиет тарихын зерттеудегі ең үлкен қиындық, ең төзбестік сорақы кемшілік — біздің әдебиетші ғалымдарымыздың кітапханаларда, архивтерде, қолжазба фондыларында сақтаулы бай түпнұсқа материалдарды жан-жақты зерттеп игермеді. Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуші ғалымдар түпнұсқадағы қолжазбаларды қадағалап зерттемейінше, өзгесін былай қойғанда, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Ә. Диваев қалдырған қолжазбаларды түгел оқып игермейінше шын мәнінде ғылыми еңбек жазылады дегенге сену қиын. Сөйтіп әдебиет пен фольклордың нақты фактілік материалдарын арнайы зерттемейінше, тек бұрын-соңды басылған кітаптарды ғана пайдаланып жазған еңбектер бірін-бірі қайталауға, сайып келгенде ғылыми ойдың, тоқырауына апарып соғады. Біз бұл кемшілікпен батыл күресуіміз керек. Осы жөнінде нағыз материалдың ортасында отырған Қазақ ССР Ғылым Академиясының ғалымдары басқаларға үлгі көрсетуге тиіс” (“Әдеби мұра және оны зерттеу”, Алматы, 1961 ж, 41-бет

XV—XVIII ғасырларда жасаған қазақ ақын-жырауларының өмірі мен шығармаларын зерделеп, зерттеп, еңбек жазып, 1966 жылы талапты әдебиетші жас ғалым Мұхтар Мағауин филология ғылымының кандидаты дәрежесіне ие болады. Бұхар жыраудың туған, өлген жылдары туралы соңғы жаңа деректерді (1668—1787) тұңғыш келтірген — М. Мағауин.

Мұхтар Мағауиннің монографиясы, 1968 жылы “Қобыз сарыны” деген атпен, жеке кітап болып шыққаны белгілі. М. Мағауин осы еңбегінде Бұхар жыраудың өмірбаянын тереңірек зерттеуге, әсіресе, жыраудың туған, өлген жылдарын анықтау мәселесіне ерекше көңіл бөлген. М. Мағауин былай деп жазды: “Қазір Бұхардың туған, өлген жылдары 1693—1787 деп көрсетіліп жүр. Ал бұл ой-жобамен, солай шығар-ау деген долбармен алына салған сан. Бұхар 1693 жылы туды деудің ешбір қисынға келмейтінін дәлелдеу онша қиынға түспейді: ол үшін ақылдылықтың да, алғырлықтың да қажеті жоқ.

Абылайға арнаған толғауларының бірінде Бұхар:

— Күнінде мендей жырлайтын,
Токсан үште қария
Енді де саған табылмас, —

дейді. Бұл сөздер Абылай өлген 1781 жылдың өзінде-ақ

айтылды дейікш. 1781-ден 93-ті алыңыз, сонда 1688 қалады... Яғни Бұхар қазіргі көрсетіліп жүрген 1693-тен 5 жыл бұрын туған болып шығады”, – дейді (78-бет). Сөйтіп, Мағауиннің өзінше келтірген бұл дәлелі бойынша Бұхар 1688 жылы туған болып тұр.

Бірақ Мұхтар Мағауин Бұхар 1688 жылы туған деп, өзінше дәлелдеп айтқан пікірін ұстап қалмай, Бұхардың жылын тағы 20 жылға шегіндіріп, 1668 жыл туған дейді. Оған келтіретін дәлелі: “Жырау өзінің Абылайға айтқан толғауларының бірінде ханның жас кезіндегі өмір жолын шоли келе:

– Елу жасқа келгенде,
Үш жүздің атының басын
Бір кезенге тіредін.
Елу бес жасқа келгенде,
Жақсы болсаң шоларсың,
Жаман болсаң маужырап барып соларсың, –

дейді. Яғни бұл сөз айтылған кезде Абылай елуден жаңа асқан, елу бір, елу екілерде. Демек, толғау 1763 жылдар шамасында туған”.

... “Аталмыш толғаудан Бұхардың өз жасы жөнінен де дерек аламыз. Жырау елу бестен арғы жастар туралы толғана келіп, тоқсан беске тоқтайды да, өз басының мұңын шағып кетеді:

– Тоқсан бес деген тор екен,
Дүйім жанның қоры екен...
...Ел қонбайтын шөл екен,
Келмей тұғын неме екен.

...Тоқсан бесті мүлде істен алғысыз етеді, бұл жасқа келіп қажеті жоқ екен дейді. Яғни толғау айтылған сәтте оның авторы тоқсан бес жаста. Олай болса, Бұхар жыраудың 1668 жылдар шамасында туғандығын көреміз”, – дейді (79–80-беттер). Сонда жоғарыда келтірілген толғау жырды Бұхар 1763 жылы айтқан, жырды айтқан кезде жырау 95 жаста деп есептеп, 1763-тен 95-ті алып, 1763–95–1668, олай болса Бұхардың “1668 жылдар шамасында туғанын көреміз” – деген қорытындыға келеді.

М. Мағауин Бұхардың туған, өлген жылдарын анықтауды мақсат етіп, зерттеу жүргізгенде, қолында нақтылы тарихи деректер болмағандықтан, жыраудың өлең-жыр, толғауларына сүйеніп, жорамал жасау (гипотеза) әдісін қолданған. Бұхардың туған жылын анықтау үшін жыраудың тура өзі туралы айтқан:

– Күнінде мендей жырлайтын
Токсан үште қария
Енді саған табылмас. –

Не болмаса “менің жасым тоқсан үш, мұнан былай сөйлеуім, маған да болар ауыр күш” дейтін сөздеріне сүйеніп, жыраудың туған жылын анықтауға талаптану дұрыс деп білеміз. Бірақ осы “тоқсан үште қария” дегенді Бұхар қай кезде айтты?

Оны дәлелдеу қиын. Мағауин: “Бұл сөздер Абылай өлген 1781 жылдың өзінде-ақ айтылды дейікші” деп дәлелдемек болады. Бұл сүйенер басқа дерек болмағандықтан, амалсыздықтан айтылған, жадағай жорамал ғана, дегенмен, бұрынғы зерттеушілердің Бұхар 1693 жылы туған деген ешбір негізсіз пікірлеріне қарағанда, Мағауиннің Бұхарды 1688 жылы туған деп ғылыми жорамал жасауы тарихи шындықтан аса алшақ кете қоймайды. Ал енді Мағауин осы айтқан бір пікіріне тұрақталмай, Бұхардың тағы бір өлеңіне үңіліп, зерттеп ол, 1668 жылы туған деген қорытындыға келеді. Бұндай қорытынды жасау үшін келтірілетін дәлелді Бұхардың Абылайға айтқан толғауларының бірі екенін жоғарыда айттық. Ол толғау жырында Бұхар: “Ай, Абылай, сен он бір жасыңда әншейін-ақ үл едің” деп бастап, Абылайдың басынан кешкен өмір кезеңдерін сөз етеді. Он бес жасқа келгенде, жиырма беске келгенде, отыз беске келгенде, қырық жасқа келгенде, қырық беске келгенде, деп Абылайды осы айтылған жастарында басынан нендей уақиғалар өткізгенін, не істегенін баяндап айта келіп:

– Елу жасқа келгенде
Үш жүздің басының
Атының басын бір кезеңге тіредін.
Елу бес жасқа келгенде,
Жақсы болсаң толарсың,
Жаман болсаң, маужырап барып соларсың, –

дейді.

Мағауин ұзақ жырдың осы алты жолын мысалға келтіріп, “бұл сөздер айтылған кезде Абылай елуден жаңа асқан, елу бір-елу екілерде. Демек, толғау 1763 жылдар шамасында туған” деген қорытындыға келеді. Бірақ жыр Абылайдың елу бес жасқа келгенде қандай күйде болатынын айтумен аяқталмайды. Жасы ұлғайған сайын адамның қандай халде болатынын толғайды. “Елу бес жасқа келгенде” дегеннен әрі: алпыс бес жасқа, жетпіс бес жасқа, сексен, сексен бес келгенде не күйге ұшырайтынын айта келіп, “тоқсан бес деген

тор екен... келмейтұғын неме екен” деп барып, толғау аяқталады. Толғаудың осы соңғы сөздерін Бұхар өзі туралы айтқан деп білген Мағауин “толғау айтылған сәтте оның авторы тоқсан бес жаста” деген қорытынды жасайды.

Бұхардың Абылайға арнап айтылған бұл жыры жыраудың (Бұхардың) туған жылын анықтауға дәлел бола алмайды деп білеміз.

Адамның өмір жасына арнап өлең, жыр шығарып айту – ақын, жыраулар творчествосына тән, ежелден келе жеткен дәстүр. Ақындар адамның албырт бозбала кезін, жалынды жастық дәуренін, жігерлі жігіттік жасын, орта жасқа – жер ортасына келген кезде, жасы ұлғайып, қайрат қайта бастаған кезін, жас жеткен қартайған шақтағы халін кәрілік жеңіп, қаусаған, өмірдің ақырғы кезеңіне дейінгі өмір сапарын сипаттап жыр етіп, толғайды. Ондай өлең жыр ақынның жеке өз басына ғана арналып айтылған болып қалмайды, жалпы адамның өмірі, тағдыры туралы терең тебіреніп, толғанудан туады. Сондықтан ақын-жыраулардың адамның өмір кезеңдерінің сипаттама шығармалары олардың туған, өлген жылдарын анықтау үшін нақтылы тарихи дерек бола алмайды. Мысал келтірейік, ең алдымен Бұхардың өзінен келтірейік. Жырау тағы бір толғауында:

– Жиырма деген жасыңыз
Ағып жатқан бұлақтай.
Отыз деген жасыңыз
Жарға ойнаған ылақтай.
Қырық деген жасыңыз
Ерттеп қойған құр аттай.
Елу деген жасыңыз
О да бір көшкен ел екен.
Алпыс деген жасыңыз
Қайғылы, мұңды күн екен.
Сексен деген жасыңыз
Қаранғы тұман түн екен.
Тоқсан деген жасыңда
Ажалдан басқа жок екен, –

дейді (“Алдаспан”, XV–XVIII ғасырдағы ақын, жыраулардың шығармалар жинағы. Алматы, 1970 ж., 152–153-беттер). Осы өлеңіне қарап, Бұхарды 90 жасында өлген дей аламыз ба? Шал ақын Құлекеұлы 1748 жылы туып, 1819 жылы 71 жасында өлген екен. Шал ақынның да жоғарыда мысалға келтірілген, Бұхар толғауына ұқсас жыры бар.

Онын: “Он бестегі жасым-ай” деп басталатын өлеңі: “Сексен жасқа келгенде, қазулы тұрған көр екен, тоқсан жасқа келгенде, өлімнен басқа жоқ екен” — деп аяқталатын “Шал ақынды тоқсан жасында өлген екен дей аламыз?”

Ақын, жыраулардың, соның ішінде Бұхар жыраудың да аламының өмір жасы туралы айтқан өлеңдерінің бәрі бірдей олардың туған, өлген жылдарын анықтау мәселесінде нақтылы, тарихи дерек бола алмайды.

Бұхардың өлген уақыты 1781 жыл дегендегі М. Мағауиннің келтіретін дәлелі қайсы? Ол былай дейді: “1781 жылы Абылай өлгенде Бұхар әлі тірі. Жырау ханды азалап, өзінің ең көркем туындыларының бірі — “Күпшек санды күренді — Тәбиға жаратқан” деп басталатын жоқтау жырын шығарады. Бұхардың Абылайдан соңғы өмірі жайында ешқандай дерек жоқ, 113 жасқа келіп, қаусап отырған жыраудың өзі де көп ұзамай ажал жастығына бас қойса керек... жоғарыдағы келтірілген кейбір фактілерінің негізінде біз Бұхар жырау Қалқаманұлы 1668 жылдар шамасында туып, бір ғасырдан астам жасап, 1781 жылдың шамасында өлген деп есептейміз” (Мұхтар Мағауин. “Қобыз сарыны”, 80–81-беттер). М. Мағауин кітабында Бұхардың туған жерін атаймайды. “Бұхардың сүйегі қазір Баянауыл ауданы, Далба тауының ішінде” дегенді ғана айтады.

“Бұхар өмірі хақында да біздің білеріміз тым тапшы. Жыраудың туған-өлген жылдары жайында да нақты деректер жоқ. Оның қанша жасаған адам екені де белгісіз” деп, Бұхардың өмірін зерттеу ісінің қиындығын ашық айта отырып, Мағауин сол қиындықтан қашпай, ғылыми батылдық жасап, тарихи шындықты анықтаудың жолын іздеп, зерттеу ісіне әдебиетшілерге ой салатын еңбек еткен. Бұхар туралы бұрынғы айтылып, жазылып, бір кітаптан бір кітапқа көшіп жүрген дұдамал пайымдауларды қайталамай, өзінше зерттеу жолына түскен.

Бұхардың өмірбаяны жөнінде 1966–67 жылдары жаңадан зерттеу жүргізіліп, бұрынғы пайымдаулардың тарихи шындыққа жанаспайтындығы айтылып, жазылып жатса, кей әдебиетшілер оған тиімді мән бермей, бұрынғы айтылғандарды қайталап келеді. Мысалы, Ы. Дүйсенбаев 1976 жылғы “Бұхар Қалқаманұлы” деген мақаласында жыраудың туған, өлген жылын — 1693–1787 деп көрсетіп: “Бұхар Баянауылда туып, сол жерде дүние салған, моласы Далба тауында” (“Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері”, 1976, 30-бет), — деп жазды.

Енді Бұхардың дүниеге келген жері туралы, яғни “Бұхар Қалқаманұлы қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында туып өскен” деген мәселеге келейік.

Бұхардың “Әз Тәуке ханның баласы өлгенде” деп аталатын өлеңі 1967 жылы басылып шыққан “Ертедегі казак әдебиеті хрестоматиясы” кітабында жарияланды. Өлеңге берілген түсінікте: “Әз Тәуке ханның баласы өлгенде” – Алғаш жариялануы. Әдебиет институтының қолжазбаларынан. Баспаға әзірлеген – М. Мағауин” – делінген. Және М. Мағауин “Қобыз сарыны” монографиясында: “Біздің қолымыздағы Бұхарға қатысты ең ескі деректердің бірі Тәуке ханның атымен байланысты. Ел аузынан әңгімелерге қарағанда, Бұхардың тұсында-ақ ордадағы белді би, батагөй ақсақалдардың бірі болғандығы аңғарылады” (78-бет), – дейді. Бұл берілген мағлұмат тарихи шындыққа қайшы келмейді. Және Тәукеге айтқан толғау жырын жыраудың басқа өлеңдерімен салыстырып, пайымдап қарағанда, Бұхар аузынан шыққандығы күдік тудырмайды деп білеміз. Тәукенің 1680 жылдан 1718 жылға дейін, яғни 38 жыл хан болғаны тарихта жазылған. Тәукенің хан болып отырған дәуірінің соңғы 10–15 жылдары шамасында Бұхардың да жігіт ағасы болып, ел басқару ісіне араласып, сөз өнерінің өрен жүйрігінің бірі болып, атағы шыға бастаған кезі болады. Өз заманында Үмбетей жыраудың Бұхар туралы айтқан жырында:

... Бұлбұл құстай сайраған,
Топты көрсен жайнадың,
Көріктей басқан күпілдеп,
Көмекейің бүлкілдеп,
Сөйлер сөзден таймадың,
Тәукенің болып жаршысы,
Халқының болып заршысы,
Белді бекем байладың... –

деген сөздерінен де, Бұхардың Тәуке хан заманының өзінде елге әйгілі жырау болғаны байқалады. Сондықтан біз де М. Мағауиннің Бұхар Тәуке тұсында-ақ ордадағы белді би болды – деген пікіріне қосыламыз.

Ал енді Бұхар XVIII ғасырдың басында Тәуке ханның ордасында болса, Тәукенің ордасы қай жерде болған еді? Бұл тарихта айқын мәселе. “Қазақ ССР тарихы” кітабынан қысқа ғана мағлұмат келтірейік: “Түркістан маңындағы Тәуке ханның ордасын бұл кезде “әскери адамдардың қоныстары” айнала қоршап отырған еді. 1710 жылы жауға

қарсы калай төтеп беру мәселесін талқылау үшін Қарақұм маңында барлық қазақ жүздерінің өкілдері бас қосты”, – деп жазылған. (“Қазақ ССР тарихы”, I том, 1957 ж., 248-бет). Олай болса, Бұхардың алғашқы жыр толғап, жырау аты шыға бастаған жері – Тәуке ханның ордасы, Түркістан маңында екенін көреміз.

Бұхар Абылайға арнап айтқан жырында: “Ай, Абылай, Абылай, сені мен көргенде, тұрымтайдай ұл едің. Түркістанда жүр едің, Әбілмәмбет патшаға қызметкер болып тұр едің, қалтақтап жүріп күнелтіп, Үйсін Төле билердің түйесін бакқан құл едің...” – десе, жас бала Абылайды да Түркістан жағында көрген. Әбілмәмбет ханның ордасы да Түркістан маңында екені, Ұлы жүз Үйсін Төле бидің мекені де сол жақта – Оңтүстік Қазақстан екені де тарихтан хабары бар адамның бәріне аян нәрсе.

Абылайдың, Бұхардың Түркістан жақтан келгені қай жылдар болды? Осы мәселенің де басын ашып алу керек. Бұхардың “Алдаспан” атты кітапта (1970) басылған: “Ай, Абылай, сен он бір жасыңда әншейін-ақ ұл едің” деп басталатын өлеңі бар. Ол өлеңге қарағанда, Бұхар Абылайдың он бір жасында көрген сияқты. Осы өлеңге берілген түсініктен өлеңді “Ғылым академиясына 1941 ж. М. Кәдірбергеноұлы тапсырған” дегенді оқимыз (“Алдаспан”, 157–159, 259-беттер). Шоқан Уәлиханов “Абылай” деген мақаласында Абылайдың он үш жасында Түркістаннан қашып, қазақ даласына келгенін айтады (Бес томдық шығармалар жинағы, I том, 1961, 426-бет). Мәшһүр-Жүсіп Көпеев: “Абылай он екі жасар бала күнінде ... Түркістанға келіп, Әбілмәмбет патшаға қызметкер болды...” – деп жазды (Қазақ ССР Ғылым академиясында сақтаулы қолжазбалары, I том, 721, 727-беттер). Шоқан мен Мәшһүр-Жүсіп мағлұматтарында көп алшақтық жоқ. Тек Мәшһүр-Жүсіптің “Абылай Түркістанға келіп еді” дегені нанымды емес. Тарихи нақышы дұрыс деректі Шоқан берген. Оны тарих дәлелдеді. “Қазақ ССР тарихында”: 1724–1725 жылдары жоңғар феодалдары Ташкент пен Түркістанды басып алып, талан-таражға ұшыратты, – деп жазылған (I том, 249-бет). Сонда Шоканның “Абылай” деген мақаласында: “Дед его, тоже имени Абылай, был владетелем города Туркестана и прославился такими воинскими доблестями, что получил грозное и почетное название Кан-ичер (Кровопица). Сын его Вали, не мог поддержать славы отца, один из соседних владельцев, взяв Туркестан, убил его, и только преданность одного из рабов спасла жизнь тринадцатилетнего сына его, Аблая. Верный слуга бежал со своим питомцем в Киргиз-

скую степь” дегені тарихи шындыққа дәлме-дәл келеді. Сол сияқты Бұхардың да, Үмбетейдің де Абылай туралы жырларындағы айтылатын, оның басынан кешкен уақиғалары тарихи шындық негізінде суреттелгенін көреміз.

Бұхардың өлең-жырларынан оның жүрген жері: Түркістан мыңы, Оңтүстік Қазақстан, Сырдария өзенінің өлкесі екенін, басынан кешкен уақиғаларының көбі осы аталған жерлерде өткенін көреміз. Жыраудың шығармаларының бірде-бірінен “Баянауыл” деген сөзді кездестіре алмаймыз. “Керей, қайда барасың? деген өлеңінде “Керей қайда барасың, Сырдың бойын көбелеп...” дейді ғой. Сонда Бұхар анау Баянауылдан аттанып, сонау Сыр бойында Керейді қуып жеткен екен дей аламыз ба?

Осы айтылғандарды пайымдап, ой елегінен өткізіп, ақыл таразысына тартып көрсек, “Бұхар жырау қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданында туып-өскен” деген сөз тарихи шындыққа жанаспайды, адамды нандыра алмайды. Ендеше іздей түсу, анықтай түсу қажеттігі айқын-ақ. Бұл тарапта біздің тырнақтап жиып, тиянақ еткен дүниеміз бар.

Деректер не айтады?

II

Бұхар жыраудың туған, өскен жерін, дүниеге келген, дүниеден көшкен жылдарын анықтауға тарихи дерек боларлық, әлі зерттеу объектісіне кірмеген мағлұматтар қандай? Енді соларды тілге тиек етейік. Ең алдымен, зерттеу объектісі ретінде қарастыратын тың мағлұмат, деректердің тарихын қысқаша болса да баяндауымыз қажет болады.

Біздің қолымызда Бұхар жыраудың өмір тарихын баяндайтын алпыс беттен астам қолжазба бар. Ол қолжазбадағы мағлұматтардың түпкі негізі, тарихта белгілі Бапан бидің айтып қалдырған шежіре сөзінен басталады. Бапан би — Қанжығалы Бөгенбай батырдың тұқымы. Бөгенбай батырдың Баяу деген бәйбішесінен: Тұраналы, Тұрымбет деген балалары болған (Бөгенбайдың Қымырқан, Лаба дейтін әйелдерінен туған балалары да аз емес). Тұранальдан туған Бапан би Бөгенбай батырдың немересі болады. Бапанның баласы, әйгілі Саққұлақ шешен (Саққұлақ туралы Қазақ Совет Энциклопедиясының 9-томында жазылған). Бапаннан қалған тарихи әңгімені, өлең-жырларды сақтап, кейінгі ұрпақтарына жеткізген, оның мұрагері — Саққұлақ шешен (1800—1888). Саққұлақтың жеті баласының бірі — Ерәлі. Бұл кісі де шешен, шежіре әрі ақын, ескіше сауатты адам болған. Саққұлақтан қалған сөздерді, өлең жырларды қағаз бетіне

түсірген сол. Бұл кісі өзі де ел аузынан аңыз-әңгіме, үлгілі сөз жинап жазып, тарихта белгілі адамдар жайында да көп мағлұмат, деректер қалдырған. Шокан еңбектерінде (бірінші том). Әдебиет тарихында аталатын Абылайдың атақты бас батырларының бірі – Қанжығалы Жантай батыр туралы Ерәлі жазып қалдырған поэма да бар. Сәкен Сейфуллин оны жақсы білген. Ерәлі бірталай жазбаларын Сәкенге тапсырған. Оның бір әңгімесін С. Сейфуллин “Ерәлі ақсақал сөзі” деп атап, 1936 жылы “Әдебиет майданы” журналының бірінші санында бастырған. Ерәлі 1846 жылы туған, 1932 жылы 86 жасында Семей қаласында дүниеден қайтты. Одан қалған қолжазба мұра, оның баласы – Тұрсынбайдың қолында сақталып келеді. Тұрсынбай Ералиев, филология ғылымының кандидаты, доцент, көп жыл Семей пединститутында оқытушы болды. Тұрсынбай 1892 жылы туған, 1972 жылы 80 жасында Семей қаласында дүниеден қайтты.

Тұрсынбай көзі тірісінде: “Ерәлі қарттың қолжазба жинағынан тәбәрік” деп жазып, маған бергендерінің ішінде: “Бұхар жыраудың өмірбаяны, Абылай мен Бұхар, Ақтабан шұбырындыдан кейін Орта жүз руларының Арқаға ауып келіп қоныстану тарихы, Тобықты мен Қанжығалы арасында болған үлкен бір дауға Бұхардың билік айтуы, Үмбетей жыраудың Бұхардың асында айтқан жыры, “Жантай батыр” поэмасы, тағы басқа материалдар бар. Осы айтылғандардың ішінде Бұхардың өмір тарихын толықтырып баяндайтын: “Бұхар жыраудың асында, зиратының басында отырып, Үмбетей жыраудың жырлағаны” деп аталатын ұзақ жыр.

Ерәлінің басқа жазбаларындағы Бұхардың өмірбаяны туралы айтатындары негізінде Үмбетей жырына келіп сайып отырады.

Сондықтан, ең алдымен Үмбетей жыраудың жырына тоқталамыз. Жыр былай басталады:

– Асқар тауды құлатып,
Токсан екі жасында.
Арыстанды сұлатып,
Отырмыз біз басында.
Өткір тілі жоғалған,
Тұрсақ та тосып қасында,
Зиялатын жіберген
Хан Абылай асына.
Үйірлеп жылқы айдатқан,
Сойылсын деп басына.

Шыдап қалай тұрамын,
Егіліп мен жылайын,
Зарым шықсын ішімнен,
Біраз енді жырлайын,
Түсіріп еске өмірін,
Қауымға баян қылайын.

Жырдың бұл бастамасынан Бұхардың тоқсан екі жасында өлгенін және оның асын берген кезде Абылай ханның тірі екенін көреміз.

Әдебиет тарихына арналған кітаптардың бәрінде, Бұхар туралы жазылған мақалаларда Бұхар Абылайдан бұрын туған соң өлген деген пікір, ешбір күдік тудырмайтын қорытынды сияқты болып келе жатыр. Бұхардың Абылайдан бұрын туғаны, жасы одан әлдеқайда үлкен екендігі даусыз. Ал Абылай Бұхардан бұрын өлген дегенде, келтіретін дәлеліміз қайсы? Оған дәлел ретінде жыраудың өзінің айтқан сөзі алынып жүр.

Мысалы, “Қазақ әдебиетінің тарихы”, екінші том, бірінші кітабы: Абылай өлгенде, Бұхар жырау тірі. Өйткені, оның өлер алдында (?) Абылайға көңіл сұрап келіп айтқан сөзі бүгінге шейін сақталған” (29-бет). Кітапта Бұхардың айтқан сөзі жазылмаған. Оның Абылай науқастанып жатқанда айтқан деген сөзін келтірейік:

– Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай,
Қайырусыз жылқы баққызған, ханым-ай,
Қалыңсыз қатын күшқызған, ханым-ай,
Үш жүзден үш кісіні құрбан қылсам,
Сонда қалар ма екен қайран, жаның-ай! –

дейді. Бұхар осылай депті дегеннің өзінде, оның бұл сөзі ауырып жатқан Абылай ханның сауығуына бағыштап айтылған тілек-мінәжат болады. Жоқтау жыры емес. Және ауырған адамның бәрі бірдей өле бермейтін шығар. Сондықтан, Бұхар айтыпты деген бұл сөз Абылайды Бұхардан бұрын өлді деуге дәлел бола алмаса керек. Және “Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай” дейтін өлеңді Бұхардың жарияланып жүрген өлең-жырларының ішінен (“Алдаспан” т.б.кітаптар) кездестіре алмаймыз. Жә, енді осы өлеңнің тарихын қарастырып көрейік.

Белгілі Көкбай ақын Жанатаев (1862–1925) 1885–86 жылдар Абылай туралы “Сабалақ” атты тарихи көркем поэма жазғаны мәлім. “Сабалақ” поэмасы кезінде қолжазбадан қолжазбаға көшіріліп, ауыздан-ауызға көшіп, ел ішіне мол тараған болатын.

Поэмада Абылайдың (шын аты Әбілмәнсүр, Үйсін Төле би берген есімі – Сабалақ) бала жасынан бастап, өлгенге дейінгі басынан кешкен өмір уақиғасы суреттеледі. Поэма былай аяқталады:

– ...Болмайды өткен өмір ешбір хилап.
Ел үшін сәбек еткен өзін бұлап.
Мың жеті жүз жылында дәл сексен бір
Үйсінге барған екен жолаушылап.

Сол елде жатып қалды наукастанып,
Шошынды науқасының түрін танып.
Өлерін ыңқ еткеннен білсе-дағы,
Ешкімге сездірмеді қайраттанып...

Бұдан әрі, Абылайдың халы нашар дегенді естіп, Бұхар жыраудың қоштасуға келгені айтылады:

– ...Есіткен сонда Бұхар жылай келеді,
Қалай деп ханның халын сұрай келеді.
Қазақта жалғыз тұтқа тиянағым-ай,
Шынымен көп көрді ме құдай – дейді.

Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай,
Қайырусыз жылқы баққызған, ханым-ай.
Қалыңсыз қатын құшқызған, ханым-ай,
Үш жүзден үш кісі құрбан қылсам,
Сонда қалар ма екен, қайран жаның-ай!

Мұның Бұхар екенін жатыр байқап
Көңілі көңіл дүниеден кеткен тайқап.
Енді Бұхар көп айтпа дегендей ғып,
Қойыпты ишаратпен басын шайқап...

...Мен сені келген жерден жаттым танып,
Әсте қой, демеуші едім айғай салып,
Қой дедім, дүниеде бар қылғаным
Сыйған соң, үш-ақ сөзге тәмамданып...
Сасқанда көңілімді ашар, жұбанышым-ай,
Боларсың кімге жыршы менен қалып...

Көкбайдың “Сабалақ” поэмасы – тарихи тақырыпқа жазылған көркем шығарма. Бұл шығарма туралы М.О.Әуезов: “Көкбай бұл шығармасында халық ауызында жүрген тарихи деректер мен естегілерді, лақап әңгімелерді, әр түрлі көлемді фольклор материалдарын көп жиып, пайдаланған.

Сонымен қатар, Абай арқылы кітап жүзінен алынған. баспаға шыққан мақала. зерттеулердің дәлді деректері де бар екені байқалады. Мысалы, Көкбай жырында Абылайдың жетпіс бір жаста, 1781 жылда өлгенді айтылады”, – дейді.

Абылайдың қай жерде дүниеден кайтқаны жайында да Көкбай тарихи шындықтан аса алшақ кете қоймағанын көреміз.

Ал тарихта Абылайдың жорықта жүрген кезінде ауырып, 1781 жылы Ташкент қаласында өлгені туралы толық мағлұмат-деректер архив документтерінде сақталған (“Казахско-русские отношения в XVIII–XIX веках”, Алма-Ата, 1964, стр. 102–104). Әрине, ақын бұл сияқты нақтылы тарихи деректермен таныс болмаған. Ол кезде жарық көрген тарихи деректерді Көкбайдың білуі мүмкін емес еді. Көкбай ақын, көбінесе, Мұқан айтқандай, “...лақап әңгімелерді, әр көлемді фольклор материалдарын көп жиып, пайдаланған”. Тарихи ерлік дастан – көркем шығарма жазып отырған эпик ақынның ақындық қиялына тізгін беріп, кең көсіле жырлауға ерікті екені және бар. Онысы ақын өзі айтып, ескертеді:

– ...Абылай дәл осының қылды бәрін,
Менің де естігенім ұзын сарын, –

дейді ақын.

“Сабалақ” поэмасының соңында, ауырып, нашар халде жатқан Абылаймен Бұхарды қоштастырып, Абылайдың халыққа жасаған үш түрлі жақсылығын жырауға айтқызу – Көкбайдың ақындық қиялынан туған көркемдеу әдісі. Шынында Бұхардың Абылайдан біраз жыл бұрын өлгені жоғарыда айтылды. Тіпті тірі болған күннің өзінде, жасы тоқсаннан асып кеткен қарт жыраудың сонау Баянауылдан, Ташкент қаласында ауырып жатқан Абылаймен қоштасуға іздеп келуі мүмкін емес қой. Бұхардың Абылаймен қоштасқаны дейтін сөз “Сабалақ” поэмасы арқылы халыққа кең тарап, Бұхар Абылайдан кейін өлген деген пікір туғызған. “Сабалақ” поэмасындағы Бұхардың Абылаймен қоштасуын, ешбір өзгеріссіз, тарихшы Құрбанғали Халидұлы (1846–1913) өзінің “Тауарих хамса” кітабына кіргізген. Оқып көрейік.

Абылай хан ауырып, нашар жатқанда, “Мәшһүр Бұхар жыршы келіп, бұл шиғырды сөйләміш:

– Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай,
Қайырусыз жылқы баққызған, ханым-ай,

Қалыңсыз қатын күшкызған. ханым-ай.
Үш жүзден үш кісіні құрбан қылсам
Сонда қалар ма екен, қайран жаның-ай! —

деп және сөйлемек болғанда, хан көзін ашып, тоқта деп ишарат етеді де: “мен жұртыма осы айтқан үш қызметтен басқа пайда келтіргем жоқ. Егер бұдан артық сөйлесен, мен мақтанған (Махрұр) болармын, сен жалғаншы боларсың”, — дейді. (“Тауарих хамса”, Қазан, 1911, 263–264-бет).

Біздің кейбір әдебиетшілеріміздің Бұхар Абылайдан кейін өлген деп жазып жүргендегі келтіретін дәлелдері де, Абылайдың көңілін сұрап барып, Бұхардың қоштасқанда айтқан деген сөзі, яғни Көкбай ақынның сөзі.

Егер де Бұхар Абылайдан кейін өлген болса, алжып жатса да, Абылайды жоқтап бір толғау жыр айтып кетер еді ғой. Олай болған күнде Бұхардың ол жыры ел есінде ұмытылмай сақталып, Мәшһүр-Жүсіптің қолжазбасына кірер еді, не болмаса жыраудың немересі Күрекенің есінде сақталып, бізге жеткен болар еді. Ондай тарихи мәлімет жоқ.

III

“Қобыз сарыны” кітабында: “1781 жылы Абылай өлгенде Бұхар әлі тірі. Жырау ханды азалап, өзінің ең көркем туындыларының бірі — “Күпшек санды күренді Тәбияға жаратқан” деп басталатын жоқтау жырын шығарады” (80-бет) деп жазылған. Бұл өлең тұңғыш рет, Ш.Ш. Уәлихановтың бес томдық шығармалар жинағының бірінші томында 1961 жылы жарияланған (169–170). Онда берілген түсіндірмеде, Шоқанның қалған қолжазбаларының ішінен табылған жоғарыда аталған өлең туралы: “Запись представляет собой черновой автограф на казахском языке без перевода, озаглавленный, “Для образца (причитаний)” Полный заголовок не сохранился, край листа оторван. Автор песни-известный казахский певец Бухар-Жырау (XVIII в); он сочинил ее на смерть хана Аблая”, — дейді.

Осы түсіндірмені пайымдап қарасақ, Шоқан жазбасының шеті жыртылып қалғанын, жырдың басқы сөзінен тек “Для образца” деген сөздердің сақталғанын “причитаний” деген сөзді түсіндірме берушілердің қосқанын және Шоқан жазбасында Бұхар жырауды Абылай өліміне шығарған өлеңі деп айтылмағанын көреміз. Түсіндірмеде осы аталған жырдың бір нұсқасын 1880 жылы Г. Н. Потаниннің өтініші бойынша, Бұхар жыраудың немересі Күрекелен (Шын аты Құрманбек) Имантай Сәтбаевтың жазып алып бергені, жыр-

дың бұл нұсқасының қайда сақталатынын қысқасы, қандай жағдайда, қалай жазылып алынған тарихы толық баяндалады. Күрекенің айтуынан жазылып алынған жырдың нұсқасы келтірілмеген. Түсіндірменің соңында: “Вариант Имантая, хотя и записан спустя 25 лет после Чокана, но между их записями нет особых расхождений, язык и основной текста обеих записей совершенно сходен, они лишь некоторыми куплетами и отдельными строками взаимно дополняют друг друга. С точки зрения четкости правописания казахских слов, вариант И. Сатбаева лучше и является верным ключом для расшифровки некоторых неясностей, встречающихся в записи Ч. Уалиханова”, – делінген. (Ш.Ш. Уәлиханов. Бес томдық шығармалар жинағы. I том, 653-бет).

“Күпшек санды күренді” деп басталатын жырда Абылайдың дүниеден қайтқанын аңғартатын бір де бір сөз жоқ, тіпті, Абылайдың аты да аталмады.

Осы жырдан, мысал үшін, үзінді келтірейік:

– Күпшек санды күренді,
Табияға жаратқан.
Қырық сан қара қалмақты,
Жарлығына қаратқан.
...Еңсесі биік боз орда,
Салтанатқа орнатқан.
Болаттан шеге соқтырып,
Шаңырағын торлатқан...
...Қазығын қалайыдан қақтырып,
Токпағын сом алтыннан соқтырып,
Былғары саба пістіріп,
Шыны аяқпен іштірген.
Орындығын оймыштай,
Ою нақыш салдырған,
Сандығын сары алтынға малдырған...
...Ғаділдігін Наушаруан ғаділге жеткізген,
Жомарттығын Хатымдай жомарттан өткізген.
Күнінде мейман күзетіп,
Кесекелеп ет берген,
Имандының ісіне қарай бет берген.
Бір құдайдың дидарын
Сен көрмесең кім көрер.
Табандасқан дұшманға!
Күнінде қылыш шауып өткерген, –

деп жыр аяқталады. Бұл – өлген адамды жоқтау жыры емес, кемеліне келіп тұрған тірі адамның еткен ерлігін, ерекше

сән салтанатпен, шалқыған байлығын, әділтігін, жомарттығын асқақтата, асыра мақтаған мадақ (ода) жыры.

Енді “Күпшек санды күреңді” жырының сырын айқындап, ашып беретін, нақтылы тарихи дерекке келейік. Ондай дерек “Казахский фольклор в собрании Г.Н. Потанина, Архивные материалы и публикации, Алма-Ата 1972 г.” деп аталатын кітапта берілген.

Осы кітапта жоғарыда айтылған Бұхардың немересі Күрекеден Г.Н. Потанин жаздырып алған Бұхар жыраудың жырлары Ленинград архивінен алынып, тұңғыш рет жарияланған.

Бұл кітапта да Г.Н. Потаниннің 1880 жылы Баянауылға келіп, Мұса Шормановтың ауылында болуы, Имантай Сатбаев арқылы Күрекеден Бұхар жырларын жаздырып алу тарихы толық баяндалады (17 бет). Кітаптың “Түсіндірме” (комментарии) бөлімінде: “Тексты песен Бухара – жырау воспроизводятся по рукописи из фонда И.Н. Березина (ЛО ИВ АЛ СССР, ф.5 №1, л.7 и др.). К. Березину они попали от Г.Н. Потанина...” – деп келіп сол Ленинград архивынан алынған Бұхар жырлары қалай деп аталғаны айтылады. (354–355-бет).

Кітапта Бұхар жыраудың он жыры жарияланған. Әрбір жыр архивта қалай сақталып келген болса, сол қалпынан өзгертілмей, яғни араб әрпімен беріліп, соңынан қазіргі жазуымыз бойынша да қайталанып және орыс тіліне де аударылып басылған. Архивтағы қолжазбаларда әрбір жырдың басында, не тақырыпта жырланатыны жазылып отырса, кітапта да солай, өзгертілмей берілген. Мысалы, кітаптың 267 бетінде басылған: “Ай, айтамын, айтамын, мінген атың айтамын” деп басталатын бірінші жырдың басында: “Шұбаррағаш, құба жонда Абылай ханның шүршітпенен жау болып, су бермей, қалмақ қолы сусыздықтан жүдеп, Абылай ханның аяғына жығылып, тарту беріп, қараймын дегенде, Абылай ханға Бұхар жырау атын мақтап, һәм қалмақты қырамын дегенін жырмен айтқаны” деген жыр тақырыбын баян ететін сөз бар.

Екінші жыр (268-бет): “Абылай хан қалмаққа жора айт дегендегі сөйлегені” деп аталады.

Үшінші жырдың (268–269-бет) тақырыбы: “Абылай ханның мүлкін мақтағаны” деп аталған. Бұл Абылай өлгенде, Бұхар жыраудың айтқан жоқтау жыры делініп, Абылайдың Бұхардан бұрын өлгенін дәлелдеу үшін дерек етіліп жүрген осы жыр.

Бұхардың немересі, Күрекенің айтуынша, Имантай Сатбаев жазып алып, Потанинге берген – “Абылай ханның мүлкін мақтағаны” деп аталатын жырдың атының өзі-ақ бұл

шығарманың өлген Абылайды жоқтау емес. көзі тірі Абылайды ардақтап, мақтап айтқан, Бұхар жыраудың мадақ жыры екендігі ешбір күдік тудырмаса керек және жырға “Абылай ханның мүлкін мақтағаны” деп ат қойған, оны баспаға даярлаған әдебиетші ғалымдар емес. Бұхардың өз немересі — Күреке екеніне де шәк келтіре алмаймыз. Күреке қалай айтса, Имантай да сонын айтуы бойынша жазған және сол қалпында Потаниннің архивында, одан соң Березиннің архивында сақталған. Потанин, Березин сияқты ғылыми адалдықты берік ұстайтын ғалымдардың біреудің жазып берген қолжазбасына қол тигізбейтіндеріне кәміл сенеміз.

“Казахский фольклор в собрании Г.Н. Потанина” кітабында басылған Бұхардың “Абылай ханның мүлкін мақтағаны” атты жыры:

— Күпшек санды күреңді,
Тәбияға жаратқан,
Қырық сан қара қалмақты,
Жарлығына қаратқан...
Айбалтасын алтынмен булатқан, —

деп басталып:

— ...Бір құдайдың дидарын
Сен көрмесең кім көрер,
Табандасқан дұшпанға,
Күнінде қылыш шауып өткерген, —

деп аяқталады. Сөйтіп, бұл жырдың жоғарыда айтылған, Шоқанның шығармалары жинағында басылған жырдан өзгешелігі жоқ. Аздаған айырмашылығы: Шоқан кітабындағы жырдың көлемі қырық жеті жол, Потанинде — елу үш жол, кейбір сөздерінде ғана айырмашылық кездеседі.

— Алафасін арттырып,
Арпалап атты қунатқан.
Лабашы деген бір елді
Антыменен улатқан.
Еренші менен Серенді
Тозғындатып шулатқан... —

дейтін өлең жолдары Потанин нұсқасында жоқ. Потанин нұсқасында: “Қазығын ақ күмістен қақтырған, көпсе қырық ер арта алмас” деген өлең жолдары Шоқанда: “Қазығын қалайыдан қақтырған, көпсе қырық арта алмас” деп жазылған. Сөз образдары Потанин нұсқасында дұрыс берілген. Бұл жөнінде Шоқан шығармалары жинағында берілген түсінікті жоғарыда келтірдік.

Қорытып айтқанда, Бұхардың бұл өлені Абылайды Бұхардан бұрын өлген деген пікірге дәлел бола алмайды.

Енді Үмбетей жыраудың жырына оралайық. Үмбетей: “Түсіріп еске өмірін, қауымға баян қылаиын” деп келіп:

– Туған жерің – Жиделі–Байсын екен.
Елібай деп атаған Бұхар маңы.
Атыңды Бұхар қойған сол себептен.
Мәлім ғой, ол – қазақтың ескі заңы.
Соғыста қалмақ жеңіп, босып келген.
Белгісіз келген жанның қанша саны.
Бастап келген Қалқаман сенің әкең,
Батырды қарсы алатын Бұхар ханы.
Екі жылда еліне қайтарыпты.
Босатып Ембі, Жайсан екі араны.
Онда сенің бір жасар бала күнің,
Қазақта Өз Тәукенің хан заманы, –

деп, Бұхардың қай жерде, қандай жағдайда қай уақытта дүниеге келгенін оған “Бұхар” деп ат қойғанының себебіне дейін баяндап береді.

Үмбетейдің осы жырындағы айтылғандарды “Қазақ ССР тарихы” кітабында (I том, 1957) жазылған уақиғалармен салыстырып көрейік. Тарихта былай деп жазылған: “XVII ғасырдың 80-ші жылдарында жоңғар феодалдарының қазақ жеріне жорықтары бұрынғыдан бетер зор көлемде қайтадан қозды. Жоңғар феодалдары Оңтүстік Қазақстанды және Сырдария бойындағы сауда қалаларын, сонымен қатар ең маңызды керуен жолдары өтетін территорияны да басып алуға тырысты. Халдан (1671–1699) деген жоңғар хонтайшысы 1681–1685 жылдары Оңтүстік Қазақстанға бірінші рет шабуыл жасады. Сайрам қаласын алып, қиратып кетті. Бай аудандар тып-типыл болды” (248-бет).

Олай болса, Өз Тәуке хан кезінде (1680–1718) қалмақ феодалдарының қазақты ойсырата жеңіп, бастырып жіберген уақыты – 1685 жыл. Үмбетей жырында айтылған, қалмақтан жеңіліп қашқан қазақтың бір бөлігін Қалқаман батыр (Бұхардың әкесі) бастап барып, Бұхар ханын паналайтын кезі де 1685 жыл шамасы деуімізге болады. Және Үмбетей жырын бастағанда: “Асқар тауды құлатып тоқсан екі жасында” дейді. Яғни Бұхардың 92 жасында өлгенін айтады. Үмбетей жыры бойынша Бұхарды 92 жасында өлген десек, оның 1685 жылы туғаны да дұрыс болып шығады.

Үмбетей жырау Бұхардың қай жерде, қай елде туғанын баяндап берген соң, енді оның балалық, жастық шағын

суреттей келіп. ақындық өнері мен халыққа әйгілі болып танылып. Тәуке ханның жаршысы болғанын жырлайды:

– Тілің шықпай жасыңда,
Бата болдың сен мылқау.
Бір алуан жан десетін,
Іштен туған кем сырқау.
Сырқат па, әлде мінез бе?
Мұны қиын жобалау.
Дәл он екі жасыңда,
Бақыт қонды басыңа.
Тілің шықты сөйледің,
Қолдан қолға тимедің,
Төре, қара қасыңда
Бұлбұл құстай сайрадың,
Топты көрсең жайнадың.
Көріктей басқан күпілдеп,
Көмекейің бүлкілдеп,
Сөйлер сөзден таймадың.
Тәукенің болып жаршысы,
Халқынның болып заршысы,
Белді бекем байладың, –

дейді Үмбетей.

Үмбетей жырындағы Бұхардың балалық шағы жайында айтқандары Ерәлі қолжазбасында да жазылған. “Бұхар жас кезінде мылқау бала екен, тілі он жасына келгенде шығыпты деп айтысады. Тексеріп келгендегі анығы; ол нағыз мылқау емес, көрініске аңқау, сылбыр андалғандай, қиял билеп өз бетімен жүретін бір алуан сынды адам сияқты көрінеді. Сондықтан жұрт оны мылқау бала деп атайтын болса керек. Он екі жасында, мылқау бала жай тілі шыққанның үстіне, өз жанынан суырып салып айтатын жыршы болып, сайрай бастапты. Содан жұрт қолдан қолға тигізбей, ойын-сауығына алып жүретін болған, жігіт ағасы кезінде жырау аты шығыпты деседі. Бұл – оның өнерінің (ақындық қызметінің) басталған кезі болады, яғни он екі жасынан ақындығы басталады, – деп жазады Ерәлі ақсақал.

Ал енді Үмбетей жырындағы: “Тәукенің болып жаршысы, халқынның болып заршысы, белді бекем байладың” деген сөздеріне келетін болсақ, бұл мағлұматтардың тарихқа қайшы келетін жері жоқ. Тәукенің хан болған кезі – 1680–1718 жылдар екені тарихта аян. Бұхардың жырау атағы жігіт ағасы болған кезінде, яғни 25–30 жастарында шықса, 1710–1715 жылдар шамасы болады. Ол жылдар Тәуке хан тірі.

Үмбетай жыры былайша аяқталады:

– Өткіздің тоғыз ханды толғауменен.
Шештің талай түйінді болжауменен.
Іс болса қиын-қыстау сен сайыстың,
Қылыш қып қызыл тілді қорғауменен.
Армансыз тоқсап екі – келген жасың,
Арманы ел-жұртыңның әзіз басың.
Сұрағанмен бермес-ті,
Жылағанмен келмес-ті,
Айтты сәлем еліңнен,
Сарыарқадай жеріңнен,
Жатсаң да шірімейтін асыл тасым!

Үмбетей: “Өткіздің тоғыз ханды толғауменен” десе, бұл да тарихи шындық. Бұхар Әз Тәукеден бастап, онан соңғы казак хандары: Қайып, Болат, Сәмеке, Әбілмәмбет, Күшік. Әбілқайыр, Барақ, Абылайды көргені, олардың кеңестерінде болғаны, көбінің ордасында тұрғаны белгілі.

Үмбетей – Бұхардың замандасы, тілектес, ниеттес, ең жақын досы болған адам. Ақындық өнерде Бұхармен теңдес, XVIII ғасырдағы атақты, ірі жыраулардың бірі. Үмбетей—өзі көрген, басынан кешкен және жақсы білген уақиғаларды шыншылдықпен жырлайтын шежіре – жырау. Оның бұл қасиетін Бөгенбайды жоқтау және батырдың дүниеден өткенін Абылайға естірту жырларынан айқын көреміз.

Сондықтан Ерәлі қарттың қолжазбасында сақталған, “Бұхар жыраудың асында, зиратының басында отырып, Үмбетей жыраудың жырлағаны” деп аталатын жыры – Бұхардың туған жерін, туған, өлген жылдарын анықтау мәселесінде қазіргі қолда бар, бірден-бір нанымды мағлұмат, тарихи дерек деп білеміз.

Осы айтылғандарды қорыта келгенде, Бұхар жыраудың дүниеге келген жері – Бұхар хандығының жері, Бұхар қаласының маңы (Бұхара қазіргі Өзбекстандағы Бұхара облысының орталығы) болады. Өскен ортасы, көп уақыт өмір сүрген жері – Оңтүстік Қазақстан.

Ал Бұхардың өлген жері туралы әуелде (1931 ж.) Сәкен Сейфуллин айтқан: “Бұхар жыраудың моласы Баянауылда, Далба тауының ішінде” деген сөз тарихи шындық.

Бұхардың Оңтүстік Қазақстан жағынан Баянауыл жаққа келген кезі Ақтабан шұбырындыдан кейін, XVIII ғасырдың 50–60 жылдары сияқты. Олай дейтініміз: Абылайдың да Есіл, Нұра, Ертіс өзендерінің өлкесі сияқты шұрайлы жерлерді алып, иемденіп ірге тебе бастауы осы жылдар екендігі “Қазақ ССР тарихында” айтылған:

“XVIII ғасырдың 50–60-жылдарында Абылай сұлтан, оның балалары мен туыстары Есілдің, Тобылдың, Нұранның, Ертістің және басқа өзендердің бойындағы жақсы қыстауларды басып алады”, – деп жазылған (“Қазақ ССР тарихы” I том. 271-бет). Абылай ел басқарып, атағы шыққан кезден бастап, Бұхар өле-өлгенше оның ордасында болғаны белгілі. Абылайдың ордасы Көкшетауда Бурабай көлінің маңында, ханның Қызылағашы деп аталатын жерде болған. Бұхардың өз руының қонысы – Баянауыл, өз ауылының мекені – Далба тауы.

Енді Бұхар өмірінің ақырғы кезеңі туралы Ерәлі ақсақалдың жазбасынан келтірейік: “Бұхардың соңғы өміріне келсек, ол кісі Абылай ханнан бұрын өлген, бірақ арасы көп алыс емес. Бұхар Абылайдан бұрын өлді дейтініміз: “Бұхар қартайып, маужырағын соң, ордадан мүлде кетіп, өз ауылына келіпті. Тоқсан жастан асып, жағы түсіп өлуге айналыпты. “Бұхар нашар жатыр, ол дүниелік болуға айналды” деген хабар Абылайға жетіпті. Мұны естіген соң, Абылай соғысқа мінетін белгілі жүйрігіне мініп, Бұхармен қоштасып қалуға аттаныпты. Жүйрігінің ұшқырлығымен Көкшетаудан шыққан күні Далбадағы Бұхардың үйіне жетіпті. Абылай келгенде Бұхар жағы түсіп, қалжырап жатыр екен. Келгенін естіп біреуге орамалмен жағын таңғызып, Абылайға қаратқызыпты. Сонда:

– Бас ауырды, жан қорықты, түсті пікір,
Хан иемді көрсеткен бұған шүкір.
Ауыздыға жол бермен деген басым,
Тісім түсіп қалыпты, тілім бүкір, –

деп өлеңмен амандасқан екен”, – дейді ескі қарттар. Бұхардың Абылайдан бұрын өлгенін дәлелдедік. Бірақ жоғарыда екеуінің жылының арасы таяу дегенбіз. Ал Абылайдың өлген жылын айтуымыздың себебі: онымен біз Бұхардың өлген жылын іздеп таппақпыз. Өйткені, Абылайдың өлген жылы белгілі, ол 1781 жылы өлген. Сөйтіп, жоғарыда айтылған екеуінің арасы таяу екендігіне қарағанда, Бұхардың өлген кезі 1775–1776 жылдардың шамасы болады. Яғни Абылайдың өлгенімен екі араға 5–6 жылдан артық уақыт беруге сыпаттамалардың жөніне қарағанда, келмейді”, – деп жазады Ерәлі ақсақал.

Біздің дәлелеуіміз бойынша, Бұхар 1685 жылы шамасында туып, 1777 жылы 92 жасында өлген. Бұл жөнінде Ерәлі ақсақалдың берген мәліметінен алшақтық жоққа тән.

Ақын, жыраулардың туған, өскен жерін, өмір сүрген

ортасын, дүниеге келген, дүниеден көшкен уақытын, қысқасы, өмір тарихын жақсы білмей тұрып, олардың шығармалары туралы дұрыс пікір айту қиын, тіпті, мүмкін емес леуге болады.

Әдебиет тарихында Бұхардың туған, өскен жерінің өзі, дұрыс жазылмай келуі, қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеуші ғалымдарды да жаңылыстыруға себеп болған сияқты.

Мысалы. “Қазақ әдеби тілінің тарихы” (М. Балақаев, Р. Сыздықова, Е. Жанпейісов. “Мектеп” баспасы. – Алматы, 1968) кітабында, профессор М. Балақаев, қазақ әдеби тілінің тарихы туралы айта келіп:

“...XVIII ғ. ақындарының тілінен Қазақстанның шалғай жатқан екі-үш өлкесінің лексика–грамматикалық ерекшеліктерін таба аламыз. Мысалы, Орталық Қазақстанда (Баянауылда) туып, сонда өскен Бұхарда бергіл, ойлағын сияқты (“Сыйлай білген көнені, мұның түбін ойлағын”) оңтүстік өлкесі тіліне тән грамматикалық ерекшеліктер мен дара (ағаш), орақ ору, масақ теру тәрізді басқа өлкелік лексика–фразалық элементтер кездеседі” (12-бет), – дейді. Сөйтіп, қазіргі кездегі бір аймаққа тән диалектілік ерекшелік деп танылған элементтердің ерте кезде жалпы халықтық норма болуы мүмкін деген түсінікке басты дәлелдердің бірі ретінде Бұхар шығармаларынан мысал келтіре отырып, “Қазақ әдеби тілі тарихы Қазақстанның барлық аймақтарында бір уақыттарда дамыды деп жобалаймыз” деген қорытындыға келеді.

Ал филология ғылымдарының докторы Рабиға Сыздықова: “XVIII ғасырдан қазақ әдеби тілін танытатын үлгілерде етістіктің екі жақ бұйрық райдың –ғын, –ғыл жұрнақтарымен келген түрлері де кездеседі. Мысалы,

“Сыйлай бергіл көнені,
Ақылын бар хан едің,
Мұның түбін ойлағын (Бұхар)”, –

деп келіп, “Бұл көне тұлғалар қазіргі оңтүстік говорларда сақталған. Ал Орталық Қазақстанды мекендеген Бұхар сияқты жырау-ақындардың тілінен –ғын, –ғыл жұрнақты етістіктердің ұшырасуын екі түрлі дәлелдеуге болады”, – дейді де, бірінші дәлелі жоғарыда келтірілген Балақаевтың пікіріне келіп саяды.

“Екінші дәлел – егер бұл тәсілдер ертеден қазақ жерінің оңтүстік аймақтарында ғана тән болып келген болса, бұлардың Бұхарда кездесуі автордың осы аймақтарда да біраз мекендеп, кейбір тілдік ерекшеліктерін қабылдағанға байланысты. Бұхардың Абылайға: сені мен көргенде, Түркістан-

да жүр едің. — дегеніне карағанда, оның оңтүстік өлкелерде болғаны байқалады” (27–28-беттер). — дейді Рабиға, сөйтіп мәселеге ғылыми, тұрғыдан тереңірек көз жіберіп, байыптырақ қарайды.

IV

Енді Бұхар шығармаларының зерттелуі жайында да ойласар жәйт баршылық. Бұхар жырау — негізінен, суырып-салма — импровизатор ақын. Оның шығармалары ел аузында сақталып, тек XIX ғасырдың екінші жартысында ғана қағаз бетіне түсе бастаған. Сондықтан оның кейбір шығармалары болмаса, өлең-жырларының дені алғашқы айтылған қалпы сақталмай, түпнұсқа көп өзгеріске ұшыраған, бір жырының өзі ауыздан ауыздан көшкенде өзгеріп, әр түрлі болып айтылып келген. Жыраудың бір толғауы екінші бір толғауымен тоғысып, бірімен бірі араласып, сапырыласып кеткен; жеке сөздері, сөз тіркестері бұзылып, бұрмаланған.

Осы айтылғандардың бәрі Бұхар мұрасын зерттеу мәселесінің аса қиындығын көрсетеді.

Осы күнге шейін ел аузынан жиналып, қағаз бетіне түскен Бұхардікі дейтін шығармалар түгел дерлік жарияланды. 1962 жылы шыққан “XVIII – XIX ғасырлардағы қазақ ақындары шығармаларының жинағы” кітабында Бұхардың 847 жол өлеңі, 1965 жылы “Үш ғасыр жырлайды” жинағында 515 жол өлеңі басылып шықты. Ал 1970 жылы шыққан “Алдаспан” атты жинақта: “Бұхардың ғылымға әзірге белгілі туындылары түгел енгізіліп отыр” делінген. Бұл жинақта жыраудың 1127 жол өлеңі басылған. “Алдаспанда” берілген түсінікте: “Біз Бұхар өлеңдерінің түпнұсқасы ретінде Мәшһүр-Жүсіп қолжазбаларын алдық... Мәшһүр-Жүсіптен басқа жинаушылар арқылы жеткен жырлар да Ғылым академиясындағы түпнұсқалармен немесе алғашқы басылымдармен салыстырылды” делінген. Сондықтан Бұхар шығармалары деп есептелген туындылардың толық және біраз зерттеліп басылған жинағы — “Алдаспан”.

Осы аталған жинақтарда Бұхар жырларының басылу реті, әрбір өлеңнің көлемі әр түрлі. Бір жинаққа кірген өлең, екінші жинақта жоқ, жеке сөздер, сөз тіркестері әр жинақта әр түрлі, кейбір өлеңдердің тақырыбына мазмұны қайшы келіп отырады. Мысалы, “Ал, тілімді алмасаң, ай, Абылай, Абылай, сен мен көргенде тұрымтайдай ұл едің, Түркістанда жүр едің” деп басталатын жырда Абылайдың бастан кешкен өмірін айтып келе жатады да, “Уа, сен қанжығалы Бөгенбай

тақымы (?) кеппес ұры едің . . Қабанбайдан бұрын найзаңды, қай жерде жауға тіредің?” деп екі батырды сөз етіп, одан әрі тағы Абылайды сынап кетеді де, “Орыспенен соғысып.. жұртына жаулық сағынба, күнінде мендей жырлайтын тоқсан үште қария енді де саған табылмас” – деп аяқтайды. Жырдың көлемі 64 жол (“Алдаспан”. 153–155-бет). Бұхардың бір жыры емес, бірнеше жырының араласып кеткендігін өлеңнің мазмұнынан байқауға болады. Осы жыр туралы түсінікте: “Мәшһүр-Жүсіп бойынша берілді” – дейді және жыр 1925 жылы “Таң” журналында басылған, “Бір үзіндісі Құрбанғали Халидұлының “Тауарих хамса” атты еңбегінде (Қазан, 1911) келтірілген”, – дейді. Бұл жырдың “Алдаспанда” басылған нұсқасының мазмұнындағы қайшылықтың себебі түпнұсқа ретінде, тек бірыңғай Мәшһүр-Жүсіп қолжазбасына ғана сүйенгендіктен деп білеміз. Олай дейтініміз: “Алдаспанда” “Мәшһүр-Жүсіп Бұхар толғауларын жеке-жеке жіктемей, бірінен соң бірін бір-ақ бергені мәлім” деп жазылған түсінік тағы бар. Әрине, Бұхар мұрасын ең көп жинап қалдырған Мәшһүр-Жүсіп болғандықтан, жырау шығармаларын зерттеу, баспаға әзірлеу ісінде, ол кісінің қолжазбаларына молырақ назар аударуға тиіспіз. Сонымен бірге Мәшһүр-Жүсіп Бұхар шығармаларын жырау дүниеден қайтқан соң, 120–130 жылдардан кейін, ел аузынан жазып алғанын да ескеру керек. Мәшһүр жазбасындағы жылдардың басқа жазбаларда бар нұсқаларымен салыстырып, жан-жақты зер сала зерттеп барып нанымдырақ деген нұсқасын баспаға ұсыну керек деп ойлаймыз.

Осы сөз болып отырған жырдың бір нұсқасы 1911 жылы “Тауарих хамса” кітабында басылғаны “Алдаспандағы” түсінікте айтылған. Бірақ ол нұсқаға жырдың “үзіндісі” деп карап, көңіл бөлінбеген. “Тауарих хамсада” жыр жай жариялана салмаған. Кітаптың авторы, Құрбанғали Халидұлы Бұхар жырына толық түсінік беріп, өлеңнің туу тарихын баяндаған. Тарихшы Құрбанғалидың берген түсінігінің мазмұны: Абылай қалмаққа қарсы соңғы жорықтарының бірінде Қалба тауына келген. Сол жақта көшіп жүрген елден хабар алып, Торғауыт тайпасы Тарбағатайдың солтүстігінде Ласты, Шорға өзендерінің өлкесінде, қалмақтың енді бір бөлегі Үржар, Еміл бойында екенін білген. Енді жауды қалай шабу мәселесін қолбасы батырларымен ақылдасқан, Бөгенбай батыр: алдымен Тарбағатай тауын асып барып, Үржар, Еміл бойындағы қалмақты шабу керек. Ал Ласты, Шорға бойындағы торғауыт болса; елдің шегі, жау келер жақ бетінде болғандықтан, олар сақ отырады, адамдарды, аттары, қару-жарақтары әрдайым даяр тұрады. Таудан ерте асып кетсек, біздің аттан-

ғанымызды бәлкім білмей де қалады. Сөйтіп алыстағы бей-хабар жатқан елді ең алдымен басып аламыз дейді. Бөгенбайдың бұл айтқанына Қабанбай батыр қарсы шығады. Ол былай ақыл береді: әуелі жақын жердегі Ласты, Шорға бойындағы елді алу керек. Егер алдымен алыста жатқан жауға аттансақ, ат арып, азық таусылып, адамдарымыз шаршап-шалдығады және Ласты бойындағы қалмақтар ізімізді көріп. Үржар, Еміл тарапына аттанғанымызды білсе, ол елге хабарлайды, өздері соңымызға түседі. жаудың екі ортасында қаламыз, қоршауына түсеміз дейді Қабанбай. Сөйтіп, әрбірі өз сөзін мақұлдап, екі бас батыр ерегеске түскен соң, Абылай қайсысының ақылын алуды өзі шешкісі келмей, Бұхар жырауға салады. Бұхар Қабанбайдың пікірін дұрыс көріп, былай деп толғайды:

– Сен Абылай, Абылай,
Түркістаннан келген үл едің,
Онан бері келген соң,
Ұлы жүзде Төленің
Түйесін баққан құл едің.
Дәулет қонды басына
Қыдыр келді қасыңа
Бак үйіне түнедің,
Алтын тұғырға қонып,
Ақ сұңқардай түледің,
Алыстан тоят тіледің.
Сен, қанжығалы Бөгенбай,
Токымы кеппес ұры едің,
Түн қатып жаңа жүр едің,
Қабанбайдан бұрын найзаңды,
Қашан сен жауға тіредің, –

деп төрелік айтқан соң, алдымен Ласты өзенінің бойындағы торғауытты шауып, жауды жеңгендігін, Құрбанғали Халидұлы баяндап жазады (“Тауарих хамса”, 1911, екінші басылуы, 251–253-бет).

Бұл жыр – үзінді емес, айтатынын жеріне жеткізіп айтқан жыраудың түйінді жыры, тұжырымды толғауы, Бұхар стилін толық аңғартатын туынды. Тегінде, Бұхар сияқты жыраулардың әрбір толғау-жырлары үлкен бір уақиғаға, күрделі мәселеге байланысты туатыны әдебиеттану ғылымында зерттеліп, анықталған мәселе. Бұл толғаудан Бұхардың Абылайды, Бөгенбайды шеней сөйлейтін себебі де айқын аңғарылады және “орыспен соғыспа” деген сөздер де бұл жырда жоқ. Ол мәселеге арналған жыры 1925 жылы “Таң” журналында: “Абылай орыспен соғысамын дегенде.

Бұхар жыраудың айтқан бір толғауы” деп аталып, жарияланған (“Таң” № 4, 96–99-беттер). Құрбанғали кітабында басылған Бұхар толғауы осы күнге шейін қате басылып, бұрмаланып, теріс түсінік беретін сөздерді дұрыстап оқуымызға да үлкен себебін тигізеді. Мысалы, Құрбанғали кітабында: “Сен, Абылай, Абылай, Түркістаннан келген ұл едің” деп басылса, 1962 жылғы жинақта және “Алдаспан” жинағында: “Ал, тілімізді алмасаң, ай. Абылай, Абылай, сен мен көргенде, тұрымтайдай ұл едің, Түркістанда жүр едің” деп басылып жүр. Басқасын былай қойғанда, “Түркістанда жүр едің” деген дұрыс па, “Түркістаннан келген ұл едің” деген дұрыс па? Бізше, Құрбанғали кітабындағы “Түркістаннан келген” дегені дұрыс. Түркістанды жау алып, әкесін өлтірген соң, 13 жасар Абылайдың қазақ даласына қашып келгенін Шоқанның жазғанын жоғарыда атап айтқанбыз. Құрбанғали кітабында тарихи шындық дұрыс берілген. Құрбанғалида: “Сен, қанжығалы Бөгенбай тоқымы кеппес ұры едің” десе, 1962 жылы және “Алдаспан” жинақтарында: “Тақымы кеппес ұры едің” деп басылып жүр. Әрине тақымы кеппес емес, тоқымы кеппес деген дұрыс. Бұл арада адамның тақымы туралы айтылып отырған жоқ, ат үстінен түспейтін, атының тоқымын алып кептірместен дамылсыз жортатын адамның ат тері сіңген тоқымын айтып отыр. Қазақта “тоқымы кеппес ұры”, не болмаса, “сарытоқым ұры” дейтін ежелден қалыптасқан, халық тіліндегі фразеологиялық сөз тіркесі бар.

Бұхар сөздері әр басылымда әр түрлі болып басылып жүр, кейбір толғаулары бір жинаққа кірсе, екінші бір жинаққа кірмей қалған. Жарияланып жүрген жырлардың ішінде Бұхарға тән емес жырлар да кездеседі. Басқа ақындардың өлеңдерінің Бұхар атынан басылып жүргені де байқалады.

Бұған да бірер мысал келтірейік. “Алдаспан” жинағында “Биік тауға жарасар, ығынан тиген панасы” деп басталатын көлемі 18 жол толғау жыр басылған. (149–150-беттер). “Биік тауға жарасар...” – алғаш “Лениншіл жас” газетінде (1969, 4 февраль) “Павлодар облысында тұратын Жүнісбек қарттың аузынан жазып алған Қалкен Жәмінұлы” деген ескертпемен басылады” (258–259-бет) деген түсінік берілген. Ал одан 44 жыл бұрын, 1925 жылы шыққан “Тәрбие, білім, әдебиет жайындағы” жинақта “Байдалы бидің сөздері” (Абылай ханның тұсында болған, Арғын, Қуандық, Алтай) деген атпен Байдалының жеті толғау жыры басылған. Соның жетінші толғауы – “Биік тауға жарасқан” деп басталады, көлемі 24 жол. Бұхар атымен “Алдаспанда” басылып отырған өлең мен Байдалы өлеңінің мазмұнында айырма жоқ деуге болады.

Тек “Алдаспандағы” жыр нұскасында Байдалы жырының кейбір сөздері, сөз тіркестері өзгеріске ұшырап бұзылған. көркемдік сапасы төмендеген. Біз бұл толғау жырды Байдалыныкі дейміз. Байдалы – елге әйгілі шешен, Бұхардың замандасы, сөз өнерінің өрен жүйрігінің бірі, XVIII ғасырдың ақын-жырауларының қатарынан орын алатын адам. 1969 жылдан бері ғана Бұхарға таңылып жарияланып жүрген жырдың Байдалы сөзі деп аталып, 1925 жылы басылған нұсқасын келтіруді орынды көрдік.

– Биік тауға жарасқан,
Басындағы обасы.
Өзен суға жарасқан,
Жағалай біткен қоғасы,
Ақсақалға жарасқан,
Аузындағы тобасы.
Бәйбішеге жарасқан,
Орындықты сабасы.
Келіншекке жарасқан,
Емізікті баласы.
Балалыққа жарасқан,
Еркелеткен анасы.
Ер жігітке жарасқан,
Қолындағы найзасы.
Жақсы болса азамат,
Халқына тиер пайдасы.
Ердің “білем” дегені,
Басына салған ойраны.
Көпке сөзін бергені,
Тастан соққан қорғаны.
Өсек басты болады,
Қыздың жасқа толғаны.
Жан түршігер жаман іс,
Ағайын ала болғаны.

1925 жылы басылған дәл осы толғау жырды (“Биік тауға жарасқан”) Сәкен Сейфуллин 1932 жылы шыққан “Қазақ әдебиеті” кітабында: “Арғын руынан, Қуандық – Алтай, Байдалы би айтқан деген сөздер” деп, мысал ретінде кіргізген.

“Алдаспан” жинағында “Биік тауға жарасар” өлеңінен соң, “Қорғанды шаһар, қаласын, қазақ білмес, сарт білер деп басталатын 21 жол басылған. Берілген түсінікте: “Бұ да солай” делінген, яғни 1969 жылы “Лениншіл жас” газетінде басылған дегені болу керек. Өлең “...Төс айылдың батқаны иесі білмес, ат білер, ер жігіттің қадірін, ағайын білмес, жат

білер ”, — деп келеді де, одан әрі: Қойға қошқар күт болса, қозы құрттан өлмейді” деп жалғасып, басқа бір тақырыпқа ауысады. Сөйтіп, екі бөлек өлең араласып кеткен.

1925 жылы жоғарыда аталған жинақта басылған, “Қалалы қорған мәнісін” деп басталатын Байдалы толғауының бастапқы жолдары аз өзгеріспен басылған да, одан басқа бір жыр араласып кеткен. Байдалы атымен 1925 жылы жарияланған толғау — мазмұнына түр көркемдігі сай келген, бір тұтас, аяқталған 12 жол толғау жыр:

— Қалалы қорған мәнісін.
Қазақ білмес, сарт білер,
Төс айылдың батқанын,
Иесі білмес ат білер.
Шөлдегенін құланның,
Ешкім білмес, қақ білер.
Бұл жіберсең базарға,
Сатушы білмес, нарық білер.
Атқа мінсе ер жігіт
Батырлық білмес, бақ білер.
Кімнің жақсы, жаманын,
Бар жаратқан хақ білер, —

деп аяқталады. Міне, осындай араласып, сапырылысулар басылып жүрген Бұхардың толғау жырларында ұшырасып отырады. Бұл жалғыз Бұхар емес, XV–XVIII ғасырлардағы ақын, жыраулардың көбінің шығармаларына да тән нәрсе.

XV–XVIII ғасырлардағы ақын, жыраулардың шығармаларын тіл, стиль жағынан терең зерттеп, толғау жырларының тексін дұрыстап анықтап, жүйелі бір ретке келтіру — жедел қолға алатын мәселенің бірі. Бұл — әдебиет тану және тіл білімі мамандарына ортақ парыз. Тіл білімінің маманы Қ. Өмірәлиевтің “XV–XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі” (1976) атты ғылыми-зерттеу еңбегі — үлкен күрделі мәселенің сәтті бастамасы. Қ. Өмірәлиев тіл және әдебиеттану біліміне ортақ өнімді де өнегелі еңбек етіп, игілікті іс істеген деп білеміз. Соның ішінде Бұхар шығармаларына ерекше назар аударып, үлгі ретінде, жыраудың екі-үш өлеңіне текстологиялық талдау да жасаған.

XVIII ғасырдағы әдебиетіміздің ең ірі ақыны — Бұхар жыраудың ғылыми өмірбаянын жазып, әдеби мұрасын текстологиялық жағынан жан-жақты зерлей зерттеп, әрбір шығармасына толық түсінік (комментарий) беріп, ұқыпты түрде әзірлеп, басып шығару керек.

1982 жыл.

Мол мұраның иесі

Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің туғанына 125 жыл

Қазақ халқының ірі суреткер ақындарының бірі — ғалым, тарихшы, этнограф, фольклорист Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің туғанына биыл 125 жыл толып отыр. Кез келген ғылым оның ішінде әдебиет тарихы ғылымы да, бір орында тоқтап қалмай ілгерлеп, дамып отыруы керек десек, әдебиет тарихы үшін мол материалдар көзі бар Мәшһүр-Жүсіп мұраларын жан-жақты зерттеу қажеттігі келіп шығады. Осы орайда алдымен Мәшһүр-Жүсіп творчествосының зерттелу тарихына тоқталып өтуді жөн көрдік.

Мәшһүр-Жүсіп туындылары отызыншы жылдары орта мектеп оқулық-хрестоматияларына енгізіліп келді. Әсіресе, 1940 жылы шыққан Е.Исмаилов құрастырған, қазақ әдебиеті хрестоматиясында ақын өлеңдері мол қамтылған. Жоғары оқу орны студенттеріне арналып 1959 жылы басылған хрестоматияда (құрастырушылар Т. Әбдірахманов, Қ. Жармағамбетов) ақынның екі туындысы “Өкімдер мен қазақ кедейлері”, “Шайтанның саудасы” берілген. Мәшһүр-Жүсіп туындылары аз да болса орыс тілінде де аударылды. Ақынның бір өлеңі Москвада 1940 жылы шыққан “Даланың өлеңдері” (“Песни степей”) антологиясына енсе, екінші бір өлеңі (“Шайтанның саудасы”) Ленинградтан 1978 жылы шыққан “Қазақстан ақындары” жинағына (құрастырушы М.Мағауин) кіргізілді.

Ең алғаш рет қазақ молдасы алдын 1863 жылы көрген ол сол қыстың өзінде хат танып шығады да, 7–9 жасында “Қозы Көрпеш–Баян сұлу”, “Ер Тарғын” сияқты батырлар жырын және шығыс киссаларының біразын жатқа айтатын болады. Жүсіп он бес жасында-ақ медресе оқуында жүргенде өлең жаза бастапты. Ел аралап, сөз зергерлерімен жиі жүздесіп, сөз өнерін меңгереді. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинайды. Бұл аралықты біз Мәшһүр-Жүсіптің ақындық өмірінің алғашқы кезеңіне жатқызамыз.

1888 жылдан бастап бірінші қазақ газетіне “Дала уалаяты” бетінен Мәшһүр-Жүсіптің мақалалары мен өлеңдері жиі көріне бастайды. Ақын бұл жылдары ұлықтардың әділетсіздігін, байлардың зорлықшылдығын, ел ішінде өріс алған нағандықты сынайды, елді өнерге, отырықшылыққа шақырады. Ең бастысы, халықтың ауыр тұрмысын көрсетеді.

1887 және 1894 жылдары Мәшһүр-Жүсіп Орта Азияға саяхат сапарымен барып, Бұхар, Ташкент шаһарларында болады. Осы тұста айта кетер бір жай – жасынан діни медреседе оқыған ақын дін шырмауына түспей кете алмайды. Ол кезде бұл мүмкін емес те еді. Жүсіптің алғашқы шығармаларында діни көзқарастың басым көрінетіні де содан. Орта Азия сапарына да ол осы дін жолын қуып барған. Бірақ бұл сапарларында ол дін иелерінен дәріс алып қана қоймайды, Шығыс мәдениетімен, Шығыстың ұлы ақын, ғалымдарының еңбектерімен танысады.

Ол барған жерінің бәрінде еңбекшіл халықтың ауыр тұрмысын көріп, зорлық-зомбылықтың жан күйінтер зардабын таниды. Міне, осы кезден бастап әділетсіздікті ашына жырлайды. Мәшһүр-Жүсіптің халық өмірін жырлауға ерекше ден қойған шағын 1888–1905 жылдардың арасындағы еңбегін ақындық өміріндегі екінші кезең, сапа жағынан мүлде жаңа кезең деп білеміз.

Мәшһүр-Жүсіптің ақындық өмірінің үшінші кезеңі 1905–1912 жылдарды қамтиды. Ол әсіресе 1905–1907 жылдары саяси сахнада батыл көрінуімен байланысты. Бұл кезеңнің айырмашылығы сол – патша үкіметінің 17 октябрьдегі манифесіне әуелде сеніп, үміт күткен Мәшһүр-Жүсіптің оған алданып, адасқаны ақын шығармаларынан анық көрінеді.

Ақын 1907 жылы Қазан баспасынан “Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз”, “Сарыарқаның кімдікі екендігі туралы”, “Хал-ахуал” деген үш кітабын бастырып шығарды. Ақын бұл үш еңбегінде қазақ даласын жайлаған жоқшылық пен теңсіздіктің күштілігін ашып береді, ашына сынайды. 1905 жылғы патша манифесі алдау боп шыққанын әшкерелеген Мәшһүр-Жүсіптің баспа бетін көрген шығармалары қайта қаралып, кітапты басып шығарушылар да, оның авторы да қуғынға ұшырайды.

Шамамен 1913 жылдан бастап Мәшһүр-Жүсіптің өмірінің ақырына дейінгі, 1931 жылға дейінгі аралық уақытты ақын өмірі мен творчествосының төртінші кезеңіне жатқызамыз. Бұл кезде ақын жазудан мүлде қол үзіп кетті деген пікір айтылып жүр. Расында да анда-санда туған-туысқандарына жазған хаттары, бірен-саран өлеңдері болмаса, ел өміріне белсене араласып жазғандары мүлде аз. Ақынның Октябрь революциясына дейін үндемеуін оның жігерінің жасып, үмітінің тозып, 1907–1912 жылдары күшейген қуғыннан қорғалақтап қалғанынан деп білу керек.

Мәшһүр-Жүсіп Алаш Орда партиясымен еш жақындаспаған, олардан өзін аулақ ұстаған, олар да бір кездегі сыншыл ақыннан қауіптеніп, оған жанасудан қашқалақтаса

керек. Колчак саясатына да Мәшһүр-Жүсіп наразы болғаны байқалады. Сәкен Сейфуллиннің “Тар жол тайғақ кешу” кітабында Колчак адамдарының Мәшһүрге таяқ тигізгені туралы айтылады.

Көп уақыт Мәшһүр-Жүсіп совет заманы тұсында ештеңе жазбады делініп келді. Ол пікірлердің бекер екендігін жанадан табылған бір топ өлеңдері де дәлелдесе керек. Әйтсе де жасы келіп қалғандығы бар, жеке қайғысы бар, түрлі себептермен бұл кезде сирек жазған. Мысалы, 1915 жылы оның әйелі қайтыс болса, 1921 жылы 18 июньде Ташкент қаласында мұғалімдік қызмет етіп жүрген Әмин деген баласы 34 жасында дұшпан пышағынан қаза табады. Әмин Мәшһүр-Жүсіптің: “бір балам бар өзімнен өте туған” деп үлкен сенім артқан баласы екен. Академиядағы Мәшһүр-Жүсіп қолжазбаларының арасында Әминнің де бір топ өлеңдері бар. Оның, әсіресе, 1916 жылғы халық наразылығы жөнінде жазғандарының ішінде жоғары идеялы өлеңдері баршылық.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеев 1931 жылы 27 ноябрьде қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданындағы Ескелді деген жерде дүниесалды. Сүйегі өзі қайтыс болмай тұрып салдырған бейіт-үйіне жерленген.

* * *

Жоғарыда атап кеткеніміздей, 1888 жылдардан бастап “Дала уалаяты” газетіне Мәшһүр-Жүсіп Көпеев өз мақалалары мен өлеңдерін жиі бастырып, ел өміріне маңызды деген мәселелерді өзінше көтеріп отырған. Сол кездегі қазақтың демократ ақын-жазушыларының көтерген негізгі тақырыптарының бірі халықты өнер-білімге, отырықшылыққа шақыру болса, Мәшһүр-Жүсіп те сол ойды өзінше осы газет бетінде көтереді.

Мәшһүр-Жүсіптің тағы бір үлкен еңбегі сол – ол әйелдерге білім берудің қажеттігін батыл қуаттап, өзінше болса да дәлелдейді. Ол былай деп жазды: “Ғылым еркекке бір есе керек болса, әйелге он есе керек”. Олай деу себебін ақын өзінше дәлелдермен тұжырымдайды.

1907 жылы Қазан баспасынан Мәшһүр-Жүсіптің үш кітабы шықты дедік. Бұл кітаптарының бәрінде де ақын патшаның манифест шығарғанына назар аударады, манифест арқылы жақсылық орнайды деп сенгендігін білдіреді. Бірақ оны жергілікті чиновниктер халықтан жасырды деп, олардың бұрынғы ниеттерінен қайтпай отырғандарына назаланды.

– Қолында үкіметі тұрған күнде.
Жібесін біздің жаққа не қып қып. –

деп, әкімдердің өз еркімен теңдік бермеігінің дұрыс баи-
қаса да, патшаны олардан бөліп алуы ақынның аласуы еді

Кітаптың атыншы бөлімінде Мәшһүр-Жүсіп әсіресе, 1869 жылдан кейін күшейе түскен патша үкіметінің қанау саясатын әшкерелейді. Қарсы келген галаи ерлердің түрмеде қан жұтып жатқанын, елді қорқыту үшін ұлықтардың тұтқындау, штраф салу, жала жауып қуғындау шараларын жүргізетінін баян етеді. Сегізінші бөлімінде де ел арызын ешкімнің тыңдамайтынын мәлім етеді. Жетінші бөлімінде елдегі теңсіздікке, озбырлыққа, қанау саясатына, қулық-сұмдыққа ақынның батыл қарсы шыққанын көреміз. Өлеңді өз тілімен сөйлетсек:

– Қызыл гүл жасарсайшы солып жатқан,
Әр нәрсе шағымызда болып жатқан.
...Құрметлі ел билеген хакімдер де
Жыландай зәрін төгіп сорып жатқан...
Бас салып мұңды-зарлы, кем-кетікті,
Бүркіттей тырнағымен бүріп жатқан.
...Жатырмыз бір қараңғы ұзын түнде
Көрінбей жарық сәуле бір таң атқан.

Ақын осы кітабының ішіндегі “Қазақтың қылып жүрген жұмысы” деген екінші ұзақ өлеңінде де көп мәселелерді қозғайды. Мәшһүр-Жүсіп ең бірінші ел ішіндегі партия болып жікке бөлінушілікті айыптайды. Оның нәтижесінде ел өмірінің берекесі кететінін, күнде кеңеспен, даумен босқа уақыт өтетінін, өз жақтарына көбірек адам тарту үшін көп мал шығын болатынын айтады, мұның бәрінің көбінесе болыстыққа таласу үстінде болатынын көрсетеді. Біреуді-біреуге айдап салушылардың әрекетін мінейді, мұндай жік-жікке бөліну әсіресе кедейге зиян екенін ашады:

– Таусылмай ала жаздай күнде жиын,
Жұмыс жоқ еш бітірген жалғыз тиын.
Сабылтып жалғыз атын тулак қылып,
Кедейге мінері жоқ болды қиын.
Жыртылды байға ерумен кедей таңы,
Есінен адастырып байдың шаңы.

Мәшһүр-Жүсіп кітабының алғашқы бөлігінде де ел билеушілерді түйреп еді, мұнда ол сынын тереңдете түседі:

— . Белне ақ кизден күиек байлар,
Цифрын бес тиынның бес теңге деп,
Кедейдің хат білмеген соры қайнар.
Мойнына сары жезден қарғы салып,
Алдына неше түрлі дау-шар барып,
Жиытып қара құстай билер отыр,
Жемтігін өлексенің қоршап алып.

Ақын осындай ұнамсыз жайларға ашына отырып, қазақ халқын ынтымақтасып бірігуге, өнер-білімге, отырықшылыққа үгіттейді:

— Өнерге, ғылым-білім болсақ жерік,
Берілер әзір бүгін басыңа ерік.
Көп жұрттан көз жасына қылсаң куә,
Табылар мұңды-зарлы саған серік.

Енді бір тоқталатынымыз — “Шайтанның саудасы” оқиғалы өлені. Бұл өлеңінде де ақынның діни сенімі өмір шындығымен қат-қабат алынған. Түйіндей келгенде шындыққа баса ден қояды ақын. Қай әдебиетте болмасын шайтанды алдау екі жүзділіктің символы ретінде алынып келгені белгілі. Өлеңде қанаушы тап өкілдері алдау, қиянат істерімен сол шайтаннан да асып түскені нанымды берілген. Шайтан бес есектің біріне өтірікті, екіншісіне айлакерлікті, үшіншісіне күншілдікті, төртіншісіне зорлықты, енді біріне тәкаппарлықты артып алғанын мәлімдейді. Сол зиянды, теріс әдет, істерді кімдер сатып алатыны шайтан сөзімен беріледі. Шайтанның өз табысына сенімі молдығы, жүгін алушылардың таласып алатынын қайталап айтып, соны мақтаныш тұтатыны да сол жүк иемденушілер ісінің келіссіздігі жарқырап ашылуына ықпал етеді:

— Базарға айдап барып салсам қатар,
Алдымен жетіп келер алыпсатар.
Түк қоймай өтірігімді талап алып,
О да алдап көрінгенді, дәмін татар.
...Базарға алып барса не қалады?
Қараумен әр нәрсеге көз талады.
Білетін күншілдіктің қадір-құнын,
Оқыған көп оқуды молда алады.
Шаршарсың базар барсаң басың қатып,
Сөйлеп түр өз білгенін әркім шатып.
Жұрт билейтін ұлықтар таласумен

Зорлығымды алады пұтға сатып
...Біреуі ұн, біреуі пұттан маи алады.
Біреу кой, біреу тайынша, тай алады.
Тәкаппарлық жүгімді қалдырмастан.
Жетілген надандыққа бай алады.

Назар аударар қарасақ, Мәшһүр-Жүсіп сол зиянды әдет иелері кімдер екенін жай таныстырып қоймайды, солардың әрқайсысының теріс, зиянды әрекеттерін жеріне жеткізе әшкерелей біледі. Мәселен, алыпсатарлар өтірікті жай ғана иемденіп қоймайды, “О да алдап көрінгеннен” дәмін татады. Ол аз десеңіз, мына бір сыны тағы бар:

– Көтерме өтірікпен, менен қалған,
Бар күшін сап олар да сөйлер жалған.
Кім болса бұл заманда сол әкетер,
Қор болып қашан өтірік жерде қалған?!

Ұлықтардың зорлықты таласып алуы да олардың өздері зорлықшыл, соның барып тұрғаны екенін танытады. Одан кейін берілген мына бір ойларды тек шайтан айтқан пікір деп бөліп қарастыра алмаймыз. Бұл ара-тұра автордың өзі кірісіп, шайтанның аузына өз идеясын салып, ортақ төл сөз жасаған тұстары:

– Неге болыс болады малын шашып,
Қашан болып шыққанша жан таласып.
Текке тиын біреуге кем береді,
Зорлықпенен алмаса үкімі асып.

Немесе байлардың тәкаппарлықты қалдырмастан алатыны мәлімдемесімен берілген жолдар да – “ортақ төл сөз” жемісі:

– Бай біткен болғандықтан қара бауыр,
Арқасы ер салмастан болар жауыр.
Не айтып, не қойғанын білмес өзі
Тырнадай өзін-өзі біліп ауыр.

Мәшһүр-Жүсіп өлеңінде бұл айтылған сындармен шектелмейді. Жоғарыда көрсетілген зиянды әдеттердің бәрі бес есекке артылса, қалған он қашырға бір ғана жүк артылған. Демек, мұндағы кесепат бәрінен де асып түсетін, ең ауыр кесепат деген сөз. Ақын он қашырдағы жүктің атын “тамиғ” деп берген. Е.Бісмайыловтың 1940 жылы құрастырған

оқулығында да. Т.Әбдірахманов, Қ.Жармағамбетов құрастырған 1959 жылғы хрестоматияда да “тамиғ” сөзі “дәме ету”, “тілемсектік” мағынасында деп түсінік берілген. Біздіңше, “тамиғ” сөзінің араб тілінде мағынасы көп. Бұл өлеңдегі “тамиғ” мағынасы дәме ету, тілемсектік ұғымына сыймайды. Оның араб тіліндегі “сараңдық, ашкөздік” мағынасы өлең рухына, ондағы адамдар іс-әрекетіне дөп келеді деп санаймыз. Өлеңнің өзіне сөз берейік:

– Бес есек өзді-өзінің орнына өтті.
Жүк еді он қашырда бір ретті.
Артқаным бәріне де тамиғ еді,
Біреуін тиеншілер талап кетті.
Иыққа ала қоржын салған алды,
Қайыр сұрап жұрт тынышын алған алды.
Пірге қол берген сопы пірадарлар
Жұрттан пұл жинап қажыға барған алды.

Егер тек осы екі шумақпен шектелсек, сөз мағынасын “дәме ету”, “тілемсектік” деп шектеуге де болатын тәрізді. Бірақ өлеңнің келер жолдарында дәме ету, тілемсектік ұғымы емес, ашкөздік, сараңдық, дүниеқорлық көрінеді ғой.

– Бір қашыр жүк бәріне түгел жетті.
Тоғызы өтпей, біраз тентіретті,
Қожа, молда, ишандар елді жеген,
Дағдарып тұрған шақта солар жетті.
– Біз үйде қалай шыдап жатамыз, – деп,
– Мұны алсақ, қарық олжаға батамыз, – деп.
Шайтаннан көтерме алған бұл тамиғты,
Қыдырып үйден-үйге сатамыз, – деп.
Бұл пұлмен бірі меншіт салмақ болды.
Бірі мүлгін ишан боп қалмақ болды.
Біреуде шай, біреуде ет қайнатып,
Жұрттан пайда шығарып алмақ болды.

Ақын сонымен қатар халық санасын улайтын дін иелерінің алдамшылығын, пайдакүнемдігін жайып салады:

– Басына дағарадай сәлде салды,
Жұрт қоршап:
– Ой, тақсыр! – деп, ортаға алды.
Түлкінің құйрығындай бұландатып,
Құйрығымен сәлденің тапты малды.

Тәспіні жыбыр-жыбыр серіп тастап,
Надандық қисық, қыңыр жолға бастап,
Онысы – жерге шашқан бидай, тары,
Торғайды келу үшін торғай бастап.

Міне, бұл жолдардың жеке өзі-ақ Мәшһүр-Жүсіптің дін иелерін жай, жеңіл әжуалап қана қоймағанын. Барынша өткір түйрей білгенін дәлелдесе керек.

Өлең соңындағы өзі кірісіп айтқан қорытынды сөзінде де Мәшһүр-Жүсіп өз сынның жай бір сөз арасындағы сын еместігін әйгілейді:

– Ежелден болып өстім байға өш, қас,
Кожа, молда, ишандар, – бәрі бір бас.

Назар аударарлық жәйт: Мәшһүр-Жүсіптің қанаушы тап өкілдерінен ірге бөлуі, оларды барынша батыл айыптауы бар шығармасында ғана емес, жоғарыда көргеніміздей, көп туындысында қайталанып келіп отыратындығы. Осы орайда айта кетейік, 1929 жылы қазақ байларының мал-мүлкі конфискеленуінен кейін 1931 жылы өлер шағында жазған мына бір өлең жолдары – сол бұрын айтылған пікірлерінің әрі жалғасы, әрі қорытындысы:

– Ай, Мәшһүр, туа қастас болдың баймен,
Бай көрінсе, қашушы ең қолат саймен.
Байдың түбі боларын біліп мұндай
Сөйлесіп қойғансың ба бір құдаймен.
Онан соңғы бір қасың – кожа-молда,
Олармен елдеспедің бұрын-сонда.
Жамандап бас-басына өлең жазып,
Жазған сөзің әр жерде жүрді қолда.
Қажы мен ишандарды түйрей шаныштың,
Бәрінен бойынды аулақ салып қаштың.
Аза бойың тік тұрып осылардан,
Арапшы жек көрсетер бар ма албастың?!

Міне, осындай ащы сын атаулыны көріп отырып, ең соңында: “Мәшһүр-Жүсіп сөйте тұра әлеуметтік теңсіздікті жете ашпады, солқылдақтық білдірді” деп қорытынды жасасак, шындыққа барып тұрған қиянат болмай ма? Рас, Мәшһүр-Жүсіпте қайшылық болмады емес. Ол көбінесе, жоғарыда атап өткеніміздей, 1905 жылғы патшаның Октябрь манифесіне деген бастапқы үміті ақталмағаннан кейін біраз сарыуайым, торығуға салынуына байланысты. Ал бірақ ақын қашан да әлеуметтік теңсіздікті батыл сынап, езуші

байларды өлтiре түйреп, езілуші кедейлерге жанашырлық білдіріп отырған. Мұны біз жоғарыда талданған шығармалардан айқын көрдік.

Мәшһүр-Жүсіп тек патшалық Россияның қанау, езу саясатын сынаумен ғана шектелген жоқ, ол да өз әлініше прогресс пен ізгілік Россиясы бар екенін көре білді. “Дала уалаяты” газетінде және “Айкап” журналында басылған мақалаларындағы орыс өнері мен ғылымы мәні жөніндегі пікірлері бізге белгілі. Біз сонымен қатар Мәшһүр-Жүсіптің жаңадан табылған қолжазбасын актара отырып, орыстың демократ ақын-жазушылары туындыларын оқып отырғанын, олардың пікірін қуаттап жазғандарын көрдік. Мәселен, бір жазғанында: “1810–1848 жылдардың арасында тіршілік қылған Виссарион Белинский өз тұсында замандастарынан басы озған арттағыларына ұстаз болған орыстың атақты, ірі әдебиет сыншысы, тарихшысы. Ол айтқан пәлсапа: “Дүниеде бір-ақ жалпы тіршілік бар. – дейді. – Жеке заттар, жеке көріністер туады, өледі, кетеді, – дейді. – Бірақ тіршілік ешуақытта, ешқайда кетпейді. Толқыннан толқын туады. Толқынды толқын қуады. Толқын мен толқын ауысады. Бір толқынның орнына екінші толқын басып ауысып өзгеріп жатса да, түпсіз терең дария әлі күнге орнында, әлі күнге тірі қозғалады, ұшы-қиыры жоқ ауданды кең бесігінде толғанады”. Осы сөзге менің жаным риза болды. Оны орыс деп айту жарамайды. “Ерсiң” деп сөйлеу керек”.

Одан әрі Мәшһүр-Жүсіп негізінен алғанда, атақты ғалым Ч. Дарвин пікірлерін келтіріп, оған өзінің қосылатынын білдіреді. Белгілі ғалымдар еңбегін қай кезде қаншалық дәл аударды немесе өз түсінгенін өз сөзімен айтып берді ме, ол да арнайы қарастыруды қажет ететіні анық. Бірақ осы бір үзіндінің өзінен бір жайт көзге ұрады. Ол, біріншіден, Мәшһүр-Жүсіптің алдыңғы қатардағы озық ой иелерін құрмет тұта білгендігі, екіншіден, оның көзқарасы үнемі идеалистік шеңберде қалды деуге келмейтіні. Өмірінің бастапқы кезінде құдайға шек келтірмейтінін жазса, кейіннен дүние өзгеріп, дамитындығы, ғылыми мәні туралы өз кезі үшін құнды, озық ойлар айтуға жеткені.

Мәшһүр-Жүсіп – орыстың ұлы жазушысы Лев Толстойдың қатардағы көп жазушының бірі еместігін айыра, бағалай білген адам. Ол бір жазбасында “Адам баласынан озған күн жоғалмаса, аты жоғалмайтын Лев Николаевич Толстой “Ұят-ай” деген бір мақала жазды”, – дейді де, ондағы ұлы суреткердің демократияшыл, озық идеясына толық қосылатынын білдіреді.

Ақынның совет заманында жазған: “Алпыс сегіз жасында сөйлеген сөзі” туындысы да назар аударарлық. Ақын бұл туындысында:

– Жынысы әйет мен жас ұлан, кедей тобы.
Алып тұрсын еркіндік бостандықты, –

деп жаңа замандағы бостандық мәнін, кімдер үшін екендігін дұрыс түсінгендік білдіреді. Өлең шетіне өз қолымен жазған бір ескертпесінде: “Сақал-мұрт қуарып, бойға біткен тамырдың бәрі бірдей суалып тұрған күнде теңдік, бостандық келді. Бізге онан не пайда?” – деп жазады. Байыптап қарамаған зерттеуші болса: “Бізге онан не пайда?” деген сөзін ғана бөліп алып, Мәшһүр-Жүсіп бостандықты керексіз етіп тұр деп жаңсақ қорытынды шығарар ма еді, қайтер еді? Бұл жерде ақын өзінің күші қайтып қартайғанына, бостандық қызығын көріп үлгере алмайтынына уайым жеп тұр. Рас, сол өлеңнің өзінде теңсіздік, жоқшылық толық жойылмай отырғанына қынжылу да бар. Жиырмасыншы жылдарындағы Қазақстан өмірін жазған Ғ. Мұстафиннің “Дауылдан кейін” романында да ауылды советтендіру ісі бір күнде, бірер жылда оңайлықпен біте қоймағаны, ұзаққа созылғаны шынайы бейнеленеді емес пе? Ауылды советтендіру қиындықтары тарих оқулықтарында – бәрінде орынды көрсетіліп келеді. Ал бұл өлеңнің 1926 жылы, демек жер бөлісі, ірі байлардың мал мүлкін конфискулеу болмаған кезде, жазылғанын ескерсек, ақын сынының мәнін кең көре түсінеміз. Оның үстіне ақын бір өлеңінде сол кезде байқалған кемшіліктерді ғана тізуі мүмкін, ал екінші бір туындысында жетістіктерді арнайы жыр етуі мүмкін. Ақынға баға бергенде, жеке бір өлеңіне, жеке бір қынжылысына қарап емес, бар творчествосын тұтас алу керектігі де осы орайда еске түседі. Өз жазғандары көптігін, заман ағымының әр кезінде айтқан әр қилы пікірлерін болашақ оқырмандары әртүрлі түсініп, айтысуы мүмкіндігін ескергендей болашақ ұрпақ ойлансын дегендей, Мәшһүр-Жүсіп енді бір жазбасында Октябрь революциясын қуана қарсы алғанын арнайы жазып кетіпті. (Біз бүгін ол пікірдің де фотокопиясын жолдап отырмыз): Бүгінгі күн – қай күн? Бұл күннің аты қазақша: “Ұлыстың ұлы күні” – делінген күн. Міне, көзің көріп тұрған қыбырлаған, жыбырлаған әлеуметтің қарқ олжаға батқан күні”.

1983 жыл.

байларды өлтіре түйреп, езілуші кедейлерге жанашырлық білдіріп отырған. Мұны біз жоғарыда талданған шығармалардан айқын көрдік.

Мәшһүр-Жүсіп тек патшалық Россияның қанау, езу саясатын сынаумен ғана шектелген жоқ, ол да өз әлінше прогресс пен ізгілік Россиясы бар екенін көре білді. “Дала уалайты” газетінде және “Айқап” журналында басылған мақалаларындағы орыс өнері мен ғылымы мәні жөніндегі пікірлері бізге белгілі. Біз сонымен қатар Мәшһүр-Жүсіптің жаңадан табылған қолжазбасын ақтара отырып, орыстың демократ ақын-жазушылары туындыларын оқып отырғанын, олардың пікірін қуаттап жазғандарын көрдік. Мәселен, бір жазғанында: “1810–1848 жылдардың арасында тіршілік қылған Виссарион Белинский өз тұсында замандастарынан басы озған арттағыларына ұстаз болған орыстың атакты, ірі әдебиет сыншысы, тарихшысы. Ол айтқан пәлсапа: “Дүниеде бір-ақ жалпы тіршілік бар, – дейді. – Жеке заттар, жеке көріністер туады, өледі, кетеді, – дейді. – Бірақ тіршілік ешуақытта, ешқайда кетпейді. Толқыннан толқын туады. Толқынды толқын қуады. Толқын мен толқын ауысады. Бір толқынның орнына екінші толқын басып ауысып өзгеріп жатса да, түпсіз терең дария әлі күнге орнында, әлі күнге тірі қозғалады, ұшы-қиыры жоқ ауданды кең бесігінде толғанады”. Осы сөзге менің жаным риза болды. Оны орыс деп айту жарамайды. “Ерсiң” деп сөйлеу керек”.

Одан әрі Мәшһүр-Жүсіп негізінен алғанда, атакты ғалым Ч.Дарвин пікірлерін келтіріп, оған өзінің қосылатынын білдіреді. Белгілі ғалымдар еңбегін қай кезде қаншалық дәл аударды немесе өз түсінгенін өз сөзімен айтып берді ме, ол да арнайы қарастыруды қажет ететіні анық. Бірақ осы бір үзіндінің өзінен бір жайт көзге ұрады. Ол, біріншіден, Мәшһүр-Жүсіптің алдыңғы қатардағы озық ой иелерін құрмет тұта білгендігі, екіншіден, оның көзқарасы үнемі идеалистік шеңберде қалды деуге келмейтіні. Өмірінің бастапқы кезінде құдайға шек келтірмейтінін жазса, кейіннен дүние өзгеріп, дамитындығы, ғылыми мәні туралы өз кезі үшін құнды, озық ойлар айтуға жеткені.

Мәшһүр-Жүсіп – орыстың ұлы жазушысы Лев Толстойдың қатардағы көп жазушының бірі еместігін айыра, бағалай білген адам. Ол бір жазбасында “Адам баласынан озған күн жоғалмаса, аты жоғалмайтын Лев Николаевич Толстой “Ұят-ай” деген бір мақала жазды”, – дейді де, ондағы ұлы суреткердің демократияшыл, озық идеясына толық қосылатынын білдіреді.

Ақынның совет заманында жазған: “Алпыс сегіз жасында сөйлеген сөзі” туындысы да назар аударарлық. Ақын бұл туындысында:

– Жынысы әйел мен жас ұлан, кедей тобы,
Алып тұрсың еркіндік бостандықты, –

деп жаңа замандағы бостандық мәнін, кімдер үшін екендігін дұрыс түсінгендік білдіреді. Өлең шетіне өз қолымен жазған бір ескертпесінде: “Сақал-мұрт қуарып, бойға біткен тамырдың бәрі бірдей суалып тұрған күнде теңдік, бостандық келді. Бізге онан не пайда?” – деп жазады. Байыптап қарамаған зерттеуші болса: “Бізге онан не пайда?” деген сөзін ғана бөліп алып, Мәшһүр-Жүсіп бостандықты керексіз етіп тұр деп жаңсақ қорытынды шығарар ма еді, қайтер еді? Бұл жерде ақын өзінің күші қайтып қартайғанына, бостандық қызығын көріп үлгере алмайтынына уайым жеп тұр. Рас, сол өлеңнің өзінде теңсіздік, жоқшылық толық жойылмай отырғанына қынжылу да бар. Жиырмасыншы жылдарындағы Қазақстан өмірін жазған Ғ. Мұстафиннің “Дауылдан кейін” романында да ауылды советтендіру ісі бір күнде, бірер жылда оңайлықпен біте қоймағаны, ұзаққа созылғаны шынайы бейнеленеді емес пе? Ауылды советтендіру қиындықтары тарих оқулықтарында – бәрінде орынды көрсетіліп келеді. Ал бұл өлеңнің 1926 жылы, демек жер бөлісі, ірі байлардың мал мүлкін конфискулеу болмаған кезде, жазылғанын ескерсек, ақын сынының мәнін кең көре түсінеміз. Оның үстіне ақын бір өлеңінде сол кезде байқалған кемшіліктерді ғана тізуі мүмкін, ал екінші бір туындысында жетістіктерді арнайы жыр етуі мүмкін. Ақынға баға бергенде, жеке бір өлеңіне, жеке бір қынжылысына қарап емес, бар творчествосын тұтас алу керектігі де осы орайда еске түседі. Өз жазғандары көптігін, заман ағымының әр кезінде айтқан әр қилы пікірлерін болашақ оқырмандары әртүрлі түсініп, айтысуы мүмкіндігін ескергендей болашақ ұрпақ ойлансын дегендей, Мәшһүр-Жүсіп енді бір жазбасында Октябрь революциясын қуана қарсы алғанын арнайы жазып кетіпті. (Біз бүгін ол пікірдің де фотокопиясын жолдап отырмыз): Бүгінгі күн – қай күн? Бұл күннің аты қазақша: “Ұлыстың ұлы күні” – делінген күн. Міне, көзің көріп тұрған қыбырлаған, жыбырлаған әлеуметтің қарқолжаға батқан күні”.

1983 жыл.

“Жанақ жырау”

атты мақала туралы

“Қазақ әдебиеті” газетінің 8 июнь күнгі (1984 ж.) санында Сәрсенбі Дәуітов жолдастың “Жанақ жырау” атты көлемді мақаласы жарияланды. Мақаланың тақырыбында Жанақты “жырау” деп атаса да, мақаланы бастағанда: “Жанақ Сағындықұлы әйгілі айтыс ақыны” деп дұрысына көшкен.

Автор Жанақтың туған жерін атап, келей болғанын айта келіп: “Жанақ бір беткей ешкімнің бедел-абыройына қарамайтын биік парасатты талант... бай мен болысқа мақтау сөз айтып көрмеген... Бұл жайында Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасында мынандай бір қызық материал бар. Бәкі төре Жанақ ақынды шақырып алып мынаны айтады...” деп, аңыз әңгімені келтіреді. Одан соң екінші бір әңгімені бастайды. “Жетісудың Ұшаралында Бексұлтан төреге берілетін асқа ай бұрын сауын айтылып қойған. Арнайы айтылып шақырылған Ақтайлақтың балалары мен Жанақ жүріп кетеді... Қонақтар құрметтелгеннен кейін, бесінде астың тамашасын көруге аттарына мініп, күй тартып, сыбызғы, сырнай, керней тартқандар көрінеді. Жанақтың қолында қобыз. Ат үстінде тұрған Жанақты көпшілік қамап алады. Ақ жібек шапанды, белбеу буынған, қара құндыз бөрікті, көк сауыр етігі бар жас жігіт Жанақтың жанына келіп, тізгінін ұстап, астындағы атының маңдайынан сипап: “Алда, жануарым-ай” – деп тани кетеді...” Осыдан басталаған дауды автор бірталай әңгіме етеді. Ас басқарушы келіп кеңес құрады дейді. Жанақ: “Аузын үріп туғызған қолтума атым екенін түгел арғын-найманның бәрі біледі”, – дейді... “Ат таныған адам өте сөзшең екен. Құндыз бөркін қолына алып жыламсырай, ...менің атымның орасан белгісі бар... Белгім шықса мені жылатпай өзіме алып беріңіздер”, – дейді. “...Жігіт өршеленіп, тай күнінде қатпалау болған соң, ұры тісін қаққанымызда тілінің сол жақ түбінде алақан көлемінде қалпақ қала бар еді”, – депті. Аттың ауызын ашып қараса, анық қалы бары рас екен. Ат жігітке беріліпті. Жанақ жаяу қала беріпті. Жанақ ер-тоқымын жастанып отырып аздан соң, қобзымен әлде неше күй тартып, бақсылар тартатын Қорқыттың күйіне денесін билетіп ырғала келіп, әндетіп

өлең айтып қоя береді. Жанак тағыда күй тарта жөнелгенде жиынның анау жағынан шапқан ат дүбірі, айғайы естіледі. Бірсыпыра уақыттан кейін қара тер боп қиналған шұбарды Жанактың өзіне Бармақ би әкеліп беріпті. Ат иесін көргенде оқыранып жіберіпті” деседі, – деп автор аңыздан аңыз туғызып әкеткен.

Әңгімесін қорыта келіп автор: “Уақиға былай болыпты: “Жалақор жігіт аттың мойнына беліндегі белбеуінің бір ұшын байлап қойған екен. Арықтан аттай бергенде құлап қалыпты. Жанактан басқа адамды теуіп, тістеп жуытпайтын сәйгүлік бөтен жігітті сүйреп өлтіріпті” (Бұл арада Жанактың шұбары Алпамыс батырдың Байшұбарына айналып кетеді).

“Озбыр адам шұбар атын алып кеткен соң Жанактың жан дүниесі шу асау теңіздей тебіреніпті. Екі көзінен моншақтап жас төгіпті. Екі иіні бүлкілдеп ұзақ үнсіз отырыпты. Алайда зрқалы ақын найзағайдай от шашқан көзімен жұртты бір шолып өтіп былайша бір ауыз өлең толғайды...

Жанын жеген (дұрысы “Жанын берген”. – Қ.М.)
– Жапактың шұбарын жер,
Мына адам бұл шұбар менікі дер.
Жаксы атыңды жалғанға сатқан жанды,
Бір құдай өзің біліп жазасын бер.

Әңгіменің түйіні Жанактың осы бір ауыз өлеңінің туу тарихы.

Автордың бұл өлеңге жасаған сәтсіздеу әдеби талдауына тоқтамаймыз.

Одан әрі автор былай дейді: Жоғарыдағы біз сөз еткен бір шумак өлең “Тауарих хамсада” жарық көріпті. Филология ғылымының кандидаты Б. Ақмұқанова “Тауарих хамса” және қазақ әдебиеті” атты мақаласында осы өлеңді талдай келіп: “Тауарих хамсада” өткен ғасырдағы қазақ әдебиетінің жеке өкілдерінен Асан, Бұқардан басқа екі Жанак ақынның аты бар”, – дейді. Ал шынына келсек, тарихтағы Жанак ақын біреу...” – деп С. Дәуітов жолдас дұрыс дәлелдеп берген. Бұл мәселеге кейінірек ораламыз.

Жанак ақынның “Жанын берген Жанактың шұбарын жер” деп басталатын бір ауыз өлеңінің тарихын баяндау үшін С.Дәуітовтің ел аузынан алынған аңыз әңгімені сын көзімен қарап, зерттемей, тарихтың шындықты ашып, анықтауды ойламастан, ғылыми зерттеу татқысынан өтпеген шикі материалды сол қалпында қабылдап, жариялауын құптауға болмайты.

Белгілі тарихшы, этнограф Құрбанғали Халидов (1846–1913) жиырма жылдан астам уақыт бойы ерінбей-жалықпай аса ұқыптылықпен бай мағлұмат жинап, жинаған материалдарын ғылыми тұрғыдан қарап, терең зерттеп барып, кітап жазуға кіріскен. Жиырма бір жыл еңбек етіп, 1909 жылы “Тауарих-и-хамса шарқи” (“Шығыстың бес халқының тарихы”) атты кітабын жазып аяқтаған. Құрбанғалидың бұл еңбегі тұңғыш рет 1910 жылы Қазанның “Өрнек” атты баспаханасынан басылып шыққан. Екінші рет, 1911 жылы Е. В. Казаков типографиясынан (бұрынғы “Өрнек”) басылып халыққа тараған. “Тауарих хамса” кітабының көлемі 791 бет. Кітапта қазақ халқының тарихы мен этнографиясына ерекше көңіл бөлініп, мол орын берілген.

“Тауарих хамса” кітабында Жанақ ақын екі жерде аталып, оның екі өлеңі жарияланған. С. Дәуітов мақаласында: “Жоғарыда біз сөз еткен бір шумақ өлең “Тауарих хамсада” жарық көріпті”, – дейді. “Тауарих хамса” да Жанактың бір ауыз өлеңі ғана емес, ең алдымен сол өлеңнің туу тарихы баяндалған. Тарихи шындықты дұрыс ашып алу үшін, Құрбанғали Халидовтың уақиғаны қалай баяндап жазғанын келтірейік:

“...Бұл тарап қазақтардың Россияға жаңа қараған уақыттары екен. Арғын елінен Жанақ есімді мәғруф шағийр (атақты ақын. – Қ.М.) Найман еліне келіпті. Астына мінген бір жақсы шұбар аты бар екен. Бірнеше дуан ел жиналып ұлықтарының құзырына келіпті. Жанақ та аттан түсіп отырыпты. Жөні түзу, малдар (малы көп, бай. – Қ.М.) бір жігіт сол топта отыр екен. Жанактың аты есінеп, аузын ашқан кезде әлгі жігіттің көзі түсіп, аттын тілінің түбінде бір қара қалы барын көріп қалады да, шұбар аттың тілінің түбінде қалы барын кім біліп жатыр дейсің. Осы белгіні сылтау етіп дау шығарайын деген ойға келеді де, аттын алды-артына шығып, айналдырып қарап, бұл шұбар менің пәлен жылғы жоғалған атым екен, танып тұрмын дейді. Жанақ: “Қате айтасың, бұл ат пәлен байдың өз тумасы, өз биесінің баласы десе де, жігіт айтқанынан қайтпай, менің нақты белгім бар, тай күнінде ұры тіс шығып, сол тісін алған уақытта көріп едім, тілінің түбінде қалы болса керек. Егер қалы болмаса, менің атым емес” деген соң, осы сөзге байлау жасасып, үлкендердің алдында аттың аузын ашып көрсе, жігіттің айтқанындай қалы болып шығады. Жанақ та еш сөз айта алмай, тек жаным, анық білетінім бұл ат пәленнің өз биесінің құлыны, өз айғырының баласы еді, не айтайын, бірақ маған да қажет болсын, осы шұбар сол жоғалған атым, анық таныдым деп құдайдың есімін айт та ал десе,

жігіт: “олда” – уа алла өз атым дейді. Аттың ер-тоқым, жүгенін сыпырып алады да, тауы шағылған Жанак, мына өлеңді айтып, отыра кетеді.

– Жанын берген Жанактың шұбарын жер,
Мына адам бұл шұбарды менікі дер.
Жаксы атынды жалғанға сатқан жанның,
Бар құдай өзін біліп жазасын бер.

Ол кездегі адамдардың ақ, көк матадан күлдәрі белбеу буынатын салты екен. Жігіт белбеуін шешіп, бір ұшы белінде, бір ұшын аттың мойнына байлап, жетектеп алып кетеді. Бара жатқан жолында бір кішкене бұлақ бар екен. Жігіт бұлақтан секіріп өткен кезде ат тартынып қалады да, жігіт шалқасынан түседі. Ат үркіп жігітті сүйрей жөнеліп, тастан-тасқа соғып, жігіттің іші, басы жарылып өледі. “Жанын берген Жанактың шұбарын жер” деген мысалдың асылы (негізі) осы екен. Бұл адам жалған ант ішем деп мына бөлеге душар болады, ат сенікі екен, өзін ал десе, жалғаншының жазасын беріп өлтірген (жәлиядты) атты мінбек жарамас деп, өлген адамның асына сойғызады (“Тауарих хамса”, Қазан, 1911 ж., 205–207 бет). Тарихшы Құрбанғали болған уақиғаны көзімен көрген адамдардың айтуы бойынша жазған. Әңгімені бастарда: Ғасырымызда болған ғибратты бір уақиғаны өзіміз көрмесек те, көргендерден естіп, жұртқа мәшһүр әңгіме болғандықтан жазуды орынды көрдік. (Язмак мөнәсиб көрілді), – дейді.

Ал С. Дәуітов жолдас “Тауарих хамсада” жазылған нанымға сиымды уақиғаға мән берместен:

“...Бексұлтан төреге берілетін асқа ...арнайы айтылып шақырылған Ақтайлақтың балалары мен Жанак жүріп кетеді...” деп басталатын тарихи шындықпен қиыспайтын, аңызды келтіргені түсініксіз. Жанактың найман еліне келген уақыты Құрбанғали кітабында: “Бұл тарап қазақтарының Россияға жаңа қараған уақыттары екен”, – деп ашық атап жазады. Сонда Найман елінің Россияға қарай бастаған кездері қай жылдар болады? Бұл жөнінде “Тауарих хамсада” айтылып жазылған (370–371-бет) және Сабыржан Ғаббасов “Тарих қазақ жайынан” атты еңбегінде ашық жазған. С. Ғаббасов былай деп жазады. “...Қытай қазақтары қара, төресі жиылып, Қытайдан шығып, Россияға қараймыз деп 1240 жылы (1824 жылы. – Қ.М.) Қызыл тұғылықтан (қызыл тулыдан. – Қ.М.) Сарт төре Жошы төре баласын ақылдасып, Петроградқа елшіге жіберген. Жұрттың патшаға айт деп төреге бұйырған арыздары мынау: Бізге арна-

лып қала салынса екен. Сол бүкіл Найманға алыс – беріс істейтұғын орталық бір жерде болса екен деген. Патша құзырында бұл арыз мақұл көрінеді һәм Россия үкіметінің ойлаған планына тура келді. 1249 һиджре бойынша (1833 жылы. – Қ.М.) Семейден отряд шығып Аякөз суы бойына келіп түсті. Бұл жер осы күнде ескі “Дуан” деп аталады...” Сөйтіп, Жанак ақынның Найман еліне келген уақыты 1833–1834 жылдар болады. Одан әрі С. Ғаббасов былайша баяндайды: “Елдің бірсыпырасы Россияға бағынды. Біраз ел Алатауда жүрген Бексұлтан төреге барып паналады. Ол күнде Бексұлтан төре Қытайда гүн дәрежесінде болған. Бірақ Бексұлтан төре бұлардың келгеніне риза болмаған. “Сіздер мұнда неге келдіңіздер, Қытайдың жайы белгілі. Россия үлкен патшалық. Мен сіздер үшін Россияға қарсы бола алмаймын ғой”, – деп бұларға жауап қайырған. Ақырында Россия төрелері Алакөлден өтіп барып, Бексұлтан төрені де өзіне қаратып алыпты... Сөйтіп Россия Күншығыста Жайсан көлі, Күнбатысында Балқаш көлі, Алатауға дейін ені, ұзыны жеті-сегіз жүз шақырым жердегі елдерді өзіне қаратып, сол елдерге Аякөз қаласын орталық дуан қылды”. – дейді С. Ғаббасов.

Аякөз дуанында аға сұлтандық 1833 жылдан басталып, 1868 бітеді. Аякөз дуанының бірінші аға сұлтаны Сарт төре Жошы баласы, екінші – Жабай төре Шаңқай баласы, үшіншісі – аға сұлтан Бексұлтан төре Ағадай баласы. Бексұлтан бір сайлау, яғни 1843 жылға дейін аға сұлтан болады. Сондықтан С. Дәуітовтің “Жанак Бексұлтан төренің асына” келген дегені тарихи шындыққа жатпайды.

Жанак Бексұлтан төреден бұрын өлген. А. Янушкевич “Күнделіктер мен хаттар” кітабында (қазақ тілінде 1979 ж. шыққан): 19 август (1846 ж. – Қ.М.) “...Тілмаштар маған жол бойы Жанак туралы әңгіме айтты. Ол бұл өңірге аты жайылған жыршы, ақын екен, жуырда қайтыс болыпты”, – деп жазады (203 бет). Бексұлтан туралы: “22 июнь (1846 ж.) ... Лепсі бойы толған тасбақа... Қасында баласы және күзетшілер отряды бар Бексұлтан Ағадаев келді. Бүкіл лагерьге және бізге де қымыз әкелді”. – дейді (101-бет).

Қазақ ССР Ғылым академиясы, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты шығарған “Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті (XV–XVIII ғ., зерттеулер)” атты кітаптың (1983) “Тауарих хамса” және қазақ әдебиеті” деп аталатын тарауында (авторы Б. Ақмұқанова) “Тауарих хамсада” өткен ғасырлардағы қазақ әдебиетінің жеке өкілдерінен Асан, Бұқардан басқа екі Жанак (?) ақынның аты бар”, – депті.

Зерттеуші “Тауарих хамса” кітабын үстірттеу оқып, шала-шарпы түсінген сияқты. Жанактың бір ауыз өлеңінің үшінші жолын:

“Жаксылықты (?) жалғанға сатқан адам (?)”, – деп жазыпты. Кітапта “Жаксы атыңды жалғанға сатқан жанды (жанның), Бар құдай, өзің біліп жазасын бер”, – деп, құдайға жалбарынып, яғни сенің құдай деген жаксы атыңды (есімді) жалған сөзге сатып тұрған жанның (адамның) жазасын бер деген мағынада айтылған сөз және жалғаншы жігіттің өлімі туралы “Қиянатшы жігіт атты жетектеп кетіп бара жатып, судан өтерде жүгенге оратылып (?)” қапыда өліп кетеді”, – деп жазыпты (193 бет). “Тауарих хамсада” қалай жазылғанын біз жоғарыда келтірдік.

Б. Ақмұқанова одан әрі Жанак акын туралы былайша баяндайды: “Біздіңше мәселе тарихта Жанак деген акынның болғанында жатыр. Халидов оның нақты қашан, қай елде болғанын атап айтады. Ол былай дейді: “Қазақтардың Россияға ілкі (?) қараған уақыттары Арғын елінен Жанак есімді мағрип (?) шағыр (?) Найман еліне келеді”, – дейді. Бұл арада да Халидовтың жазғаны дұрыс келтірілмеген. Халидов жалпы қазақтың Россияға қарай бастаған кезін айтпайды. Аякөз жағының қазақтарын, яғни найман елін айтады.

“Бұл тарап қазақтардың (бұл жақтың қазақтарының. – Қ.М.) Россияға жаңа қараған уақыттары...” деп жазады Халидов және Халидовтың: “..Жанак есімді мағруф шағыйр” (атақты белгілі акын) дегенін: “Жанак есімді мағрип (күнбатыс деген сөз. – Қ.М.) шағыр (шағыр сын есім ғой. – Қ.М.)” – деп қате жазып келтірген. Халидовты шала түсінудің салдарынан барып теріс қорытындыға келген, “Тауарих хамса” және қазақ әдебиеті” мақаласының авторы: “Егер “Россияға ілкі қараған уақыт” сөздері мағынасына үңілсек, – дейді. – ол шамамен 1730-40 жылдардың төңірегінде болып шығады, олай болса Жанак сол кездің өзінде атақты акын деген атқа ие болып жүрген болса, XVIII басында туған адам болуы мүмкін” (194-бет).

“Тауарих хамсада” (370–371-бет) және Сабыржан Ғаббасов еңбегінде найман елінің Россияға қарай бастаған уақыты айқын баяндалғанын жоғарыда айттық.

XIX ғасырда өмір сүріп, 1846 жылы дүниеден кайтқан, белгілі Жанак акынды: “XVIII ғасырдың басында туған адам болуы мүмкін”, – деп орынсыз жорамал жасау, – “Тауарих хамса” кітабын зер салып зерттеп, түсініп оқымағандардың салдары деуге болады. “Тауарих хамсада” ..екі Жанак акын-

ның аты бар” — деу де сондықтан. Б. Ақмұқанов енді былай деп жазады: “Тауарих хамсада” Жанақ атты тағы бір ақынның:

— Шұбарым, арғымағым, кермаралым,
Өз заңымша болғандай(?) жандаралым.
Бала күннен бас болған мың сан қолға,
Баласы Солта—екемнің ер Барағым.
Жасың бар, жиырмада, жылың — сиыр,
Жайлады бек сұлтаның (?) о бір қиыр.
Жас күніңнен талпынып талап қылып,
Тайлағыңда атанға (?) (кітапта: атанмен. — Қ.М.)
болдың үйір, —

деген өлеңі жарияланған”, — дейді.

Бұл арада “Тауарих хамсада” басылған Жанақ ақын өлеңінің кейбір сөздерін дұрыс оқи алмағандықтан, қате түсініп жазғанын көреміз. Өлеңнің бірінші шумағының екінші жолы: “Өз заңымша болғандай (?) жандаралым” — деп көшірілген. Кітапта: “Өз заңымша болкандик (“полковник” деген сөз. — Қ.М.) жандаралым” деп басылған. Сабыржан Ғаббасов мақаласында: “Өз заңынша полковник, жандаралым” деп, Жанақтың “болкондик” деп айтқан сөзінің орыс тіліндегі “полковник” деген сөз екенін түсініп, дұрыстап жазған.

Өлеңнің екінші шумағының екінші жолын Ақмұқанова: “Жайлады бек, сұлтаның (?) о бір қиыр” деп, Бексұлтан деген кісінің атын екі сөз етіп, яғни бек және сұлтан деген лауазым деп қате түсініп жазған. Одан әрі Ақмұқанова былай дейді: “Бірақ бұл Жанақтың кім екендігі, қайдан келгендігі туралы ештеме айтылмайды. Ал оның қай Жанақ екендігі — өлең текстерінде аты аталған, адамдардың кім екендігі аталса ғана айқындалмақ. Құрбанғали бір жерде Жошы төре (?) ұрпақтарын санай келіп: “Абылғазыұлы Бүбішөре (?) Бүбішөреұлы (?) Солтабай, Солтабайұлы Барақ” дейді, — деп жазады. Бұл арада да “Тауарих хамсада” анық жазылған сөздер дұрыс оқытмай, тарихта белгілі адамдардың аты-жөні бұрмаланған. “Тауарих хамса” кітабының “Тәкмилә” (толықтама) бөлімінің “Шыңғыс ханнан бір силсилә” (Шыңғыс ханнан бір шежіре) атты тарауында Шыңғыс ханнан бастап, оның ұрпақтарының шежіресін баяндай келіп: “...Жәдік хан ұғлы Сығайхан ұғлы Есім (Есім) хан, Ондан хан екеулері. Қызыл тұғылық (тулы. — Қ.М.), Ақтұғылық төрелер Сығай ханның осы екі ұғылынан тарайды. “Есім (Есім) хан ұғлы Жәңгірхан, ұғлы Тә-

укехан, ұғлы Фолад (Болат. – Қ.М.) хан, ұғлы Әбілмәмбет хан, ұғлы Әбілфейіз хан, ұғлы Бопы төре, ұғлы Солтабай гөре, ұғлы Барак хандур (аға сұлтанды да ел ол кезде хан деп атаған. – Қ.М.) Бұл зат Аякөз дуан мекемесінде хандығының екінші жылында 1279 һиджриде (1862–1863 ж. – Қ.М.) қайтыс болды, тәржімахалы жоғарыда жазылды...” (663 бет), – дейді Құрбанғали Хамидов. Ақмұқанова жолдас “Тауарих хамса” кітабынан тағы бір үзінді келтіріп, былай деп жазады: “Енді бір жерде: “Бүбітөре мәткәлям және сөзшен, яғни шешендікпен аты шыққан адам болып, алдынан іс бітпей кетпеген (?) деседі. Сондықтан дұғашылардың (?) әр сөзіне бір мысал, әр мысалын бір хикая етіп, ерте күнді кеш, кешті еш қылатын кезде ақындар:

– Бұл кәлемнен (?) төрелік іс кетпеген,
Жаһанда (?) Байбосындай(?) ел жетпеген.
Қара сөзге құбыладан ескен желдей,
Алдынан тоқтылы кой дау кетпеген(?) –

өлең шығарды деп, Барактың ата-бабасы жайын анықтай түседі”, – дейді. Бұл арада да “Тауарих хамсада” жазылған уақиға мазмұнын дұрыс ұқпай, кейбір сөздердің мағынасын түсініп, оқи алмағандықтан тарихшының дұрыс жазғандары өрескел бұрмаланған.

Құрбанғали кітабының “Бойы төре әулеті” атты тарауында Бойы төре өмірінің ақырғы кезеңін, оның қандай халде өлгенін баяндай келіп, қандай адам болғанын жазады: “Бойы төре мүтәкәллим (әңгімешіл, сөйлегіш), сөзшен, яғни шешендігімен белгілі адам болып, алдынан іс бітпеуші еді деседі. Сондықтан даугерлердің (дағуашылардың) әр сөзіне бір мысал және әр мысалына бір хикая тізбектеп сөйлей, ерте күнді кеш, кешті еш етеді екен дейді.

Ақындар:

– Бопекемнен төрелік іс кетпеген,
Жегеніне Байыстай ел жетпеген.
Қара сөзге құбыладан ескен желдей,
Алдынан тоқтылы кой дау бітпеген, –

деп әжуа етеді екен”, – деп жазады “Тауарих хамсада” (456-бет). “Жегеніне Байыстай ел жетпеген” деген өлең жолындағы Байыс деген найманның бір үлкен руына “Тауарих хамса” кітабында: “...Қаракерей баласы Ерторы, Байторы... Байторы баласы: Тайлак, Жайнақ, Айрам. Майрам...

Майрамнан Байыс атты бір ұл, Мақта апай атты бір қыз туған. Байыстан бес ұл бар: Мұрын, Сыбан, Мәмбет...” — деп таратып берген.

Кітапта дұрыс басылған бір ауыз өлеңнің сөздерін адам түсінбестей мағынасыз етіп: “Бопекемнен” деген сөзді: “Бұл көлемнен” деп, “Жегеніне байыстай ел жетпегенді” “Жаһанда Байбосындай ел жетпеген” деп бүлдіріп жазу — әдебиетші-ғалым үшін кешірілмес кемшілік.

Б. Ақмұқанова екінші Жанақ ақын және оның өлеңі туралы пікірін былайша қорытады: “Сөйтіп жоғарыда келтірілген өлеңнің аталы төре тұқымынан шыққан Солтабайұлы Бараққа арналған көрінеді. Өлең текстінде: “Баласы Солтакемнің ер Барағым” дегендегі “Солтакем” — Солтанбай. Тағы да Құрбанғалидің өз сөзіне сүйенсек: Бұлар Аякөз, Семейде туып (?), сонда өмір сүрген (?), ал Барақ Құнанбаймен тұстас адам болады. Олай болса, Құнанбай заманындағы Жанақ атты ақын белгілі Түбек, Сабырбайлармен айтысатын арғын Жанақ болып шығады. Сонда Бараққа жоғарыдағы өлең арнағаны осы арғын Жанақ деп жорамалдауға болады”, — дейді. (“Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті”, Алматы, 1983, 194–195-бет).

“Тағы да Құрбанғалидің өз сөзіне сүйенсек бұлар (Солтабай мен Барақ. — Қ.М.) Аякөз. Семейде туып, сонда өмір сүрген...” деген сөздер шындыққа жатпайды. Құрбанғали кітабында Солтабай мен Барақ Аякөз, Семей қалаларында туып, сонда өмір сүрді деген сөз жоқ. Қайта Құрбанғали. Солтабай төренің әкесі Бопы төренің Найман ішінде Тума елінің жерінде (Құм деген жерде) қыстап отырған кезде жасы жүзге таянған шақта, жер дауының үстінде қайтыс болғанын, әкесін жерлеуге Солтабай төренің Шыңғыс тауындағы қыстауынан келгенін жазады. (455–456-бет) және “Тауарих хамса” кітабында Барақ төренің Аякөз дуанының аға сұлтаны болғанына екі жыл толмай, жасы елуге жетпей қайтыс болғанын, сүйегі Семей жолын да Ашысу бойында жерленіп, басына үлкен күмбез тұрғызығанын, ол жердің батыр сүйегі деп аталатынын жазады.

Барақ төре тек аға сұлтан болған уақытында ғана Аякөзде тұрған. С. Ғаббасов: “Барақ батыр хан (аға сұлтан. — Қ.М.) болған соң дуаннан жай сатып алып, мекен етті”, — деп жазады.

Солтабай да, Барақ та қалада туып, қалада өмір сүрген адамдар емес, екеуі де қазақ даласында туып, өсіп, сахаранда өмір сүрген.

“Тауарих хамса” және қазақ әдебиеті” атты мақала авторынан: “Тауарих хамсада” ... екі Жанақ ақынның аты бар”, бірінші Жанақ “XVIII ғасырдың басында туған адам

болуы мүмкін” деген және “Тауарих хамса” Жанак атты тағы бір ақынның: “Шұбарым арғымағым, кер маралым” деген өлеңі жарияланған. ” деп, тарихта белгілі жалғыз Жанак ақынның “екі Жәнак” болған деген жаңсақ пікірі туралы сөзімізді осымен аяқтаймыз. Біз бұл мақаламызда Б.Ақмұқанова жолдастың “Тауарих хамса” және қазақ әдебиеті” атты еңбегінің Жанак ақынға байланысты жеріне ғана тоқталып өттік. Жалпы бұл еңбек жайында пікір айту қажет сияқты. Тарихшы Құрбанғали Халидовтың “Тауарих хамса” сияқты көлемді де тарихи аса бағалы үлкен еңбегі осы күнге шейін тарихшы, әдебиетші, тілші ғалымдарымыздың назарынан тыс қалып, арнайы зергелмей келеді. Әр кезде тиіп-қашып, үстіртеу қарап, әр жерінен, қажет болған кезде пінат келгіруден аса алмай жүрміз.

Дегенмен Қ. Халидов туралы жарияланған мақалалар да жоқ емес. Мысалы, тарихшының өмірі мен еңбегі туралы біраз түсінік беретін Б. Ысқақов пен М. Смағұловтың “Тауарих хамса” хақында” деген мақаласы (“Білім жән еңбек” №1, 1969). Бүркіт Ысқақовтың “Аякөз азаматы” атты мақаласы жарияланды (“Лениншіл жас”, 11 апрель, 1969).

Құрбанғалидың өмір тарихын және “Тауарих хамса” кпабының мазмұнын тарихи, ғылыми мәнін толығырақ баянлап берерін Ж. Х. Кармышеваның “Казахстанский историк-краевед и этнограф Құрбанғали Халиди” атты орыс тілінде жазылған көлемді әрі мағыналы мақаласы “Советская этнография” журналында басылып шықты (№ 1. 1971 г.)

Құрбанғали Халидовтың тарихи мәні зор еңбегінің елге еркінтанылып, әйгілі бола алмауының себебі жайында Ж. Х. Кармышева былай деп жазады: “Основной причиной неизвестности, этого автора надо считать чрезвычайную трудность языка его сочинений”.

Язык “Таварих-и-хамса-иі тарки” – турецкий с элементами татарского и староузбекского (чагатайского) языков. Это обстоятельство, усугубленное крайней насыщенностью текста арабизмами, приводит к тому, что книгу трудно читать без специальной подготовки”. – деп Кармышева дұрыс айтқан. Сондықтан да “Тауарих хамса” және қазақ әдебиеті” мақаласы авторының көп қиындыққа ұшырағаны айқын байқалады.

Енді Сәрсенбі Дәуітовтың мақаласына оралайық. Жанак ақынның Баракқа арнап айтқан өлеңі туралы Дәуітов былайша жазады: “Тауарих хамсаға” енген Жанак ақынның екінші өлеңі кезінде Барак төреге мадақ ретінде айғылыпты.

– Шұбарым, арғымағым, кермаралым.
Өз заңымша полкөндік, жаңдаралым

Бала күннен бас болған мың сан қолға,
Баласы Солтекемнің ер Барағым.
Жасың бар жиырмада жылың сиыр,
Жайлады Бексұлтаның ыбыр (?) – кийр.
Жас күніннен талпынып талап қылып,
Тайлағында атанмен болдың үйір, –

деп өлеңін өзінің мініп жүрген атынан бастайды. Оның да өзіндік сыры бар. Халқымыз атты жанындай жақсы көріп “ат – адамның қанаты”, “ат өлді – ер жігіттің бағы сынды” дейді ғой. Бұл жерде Жанақ ақын Барақ төреге менің атымдай жаныма жақын едің, менің атымдай “арғымақ едің, кер марал едің” деп тұрғандай. Бір қызығы, осы шұбар ат аста зорлықшыл жігітті сүйреп өлтіріп, Жанақтың өзіне қайтып келетін белгілі шұбар тұлпары болуы да мүмкін ғой... (“Тауарих хамсада” шұбар ат өлген жігіттің асына сойылғаны жазылған ғой. – Қ.М.)

Дәуітов жолдас “Тауарих хамсадағы” Жанақ өлеңін дұрыс оқып (о бір кийр (ол бір кийр) – дегенді, “Ыбыр – кийр” дегені болмаса), кітаптағы бойынша, өзгертпей дұрыс келтірілген. Ал, өлеңді талдауға келгенде, “Жанақ өзінің мініп жүрген атынан бастайды...” деп, әдеби талдау қағида-сынан ашақ кетіп, “шұбарым арғымағым...” деген қазақ өлең-жырында ежелден келе жатқан дәстүрлі сөз образын, Жанақтың мініп жүрген шұбар атына байланысты ғана қарап, оғаштық жасап алған.

Біреу мысал келтірейік. Академик В.В. Радловтың 1870 жылы шыққан: “Образцы народной литературы Тюркских племен” атты кітабында “Алтынбас – Күмісаяқ атың болған” деген шағын дастанда, Алтынбас Күмісаяқты алып еліне қайтып келе жатқанда шал мен кемпір алдарынан шығып, көріскенде:

– Шұбарым, арғымағым, бозтарланым,
Түскенде сен есіме көп зарландым, –

деп бастап амандасады. Келесі өлең шумағы да осы сөздермен басталады (635–648-бет).

Солтабай төре (Барақтың әкесі) Сыбан еліне өкпелеп, көрші найман ішіне көшіп кеткенде, Сыбан елінің сәлемін Солтабайға айта келген Сабырбай ақынның (Ақтайлақтың баласы) өлеңінде “Шұбарым, арғымағым...” деген сөздер үшінші рет қайталанып айтылады. Мысалы, “Шұбарым, арғымағым, арыстаным, сөзге бай, ауыздыға қарысқаным”, “Шұбарым, арғымағым, кер маралым, Өз заңынша бөлкіндік, жандаралым”, “Шұбарым, арғымағым, жүлде алғаным”

“Шұбарым, арғымағым, сары жілік, арғын, найман арасы болды бүлік...” (“Таң” журналы, №1, 1925, 75–76-бет).

Құрбанғали Халидовтың “Тауарих хамса” кітабына Жанактың Бараққа айтқан өлеңін кіргізуінің тарихы бар. “Тауарих хамса” кітабында баяндалған уақиғаның қысқаша мазмұнын келтірейік. Әбілфейіз ханның әулеті Найман ішінде әрбірі бір ру елге ие болып тұрғанын айта келіп, Найман елі Россияға қарай бастаған кезде, Садыр, Матай рулары бөлініп, Түркістан жаққа көшеді. Шу өзенінен өтіп Үйсін еліне жеткен шақта, үйсін ішіндегі Рүстем төре көшіп келе жатқан елдің басшыларын (20 адамды) өлтіріп, Садыр, Матайды шауып, мал-мүлкін талан-таражға салды. Мал-мүліктен жұрдай болып, шабылған ел кейін қайтады. Бұлардың намысын қуу “Әбілфейіз хан әулетіне уажіп уа лазым көріліп” дейді тарихшы. Барақ төре бастаған, Садыр, Матайдың кәрі-жасы жиналып, үш мың қол болып, аттанып, Үйсін еліне барады. Барақ қолы келе жатқанда Рүстем төре көше қашады. Барақтан құтыла алмасын білген соң тоқтап, Барақпен елшілесіп, бітімге келеді. Садыр, Матайдың таланған мал-мүлкін қайтарып, өлген адамдардың құнын және көп мал алып, Барақ үлкен абырой, атаққа ие болады. Осы ерлігі үшін Барақ батыр атанады. Кітапта Барақтың “батырлықтан басқа өнерлері бар еді,” – деп, оның мергендігін суреттейді. “Ағаш жону ісінде, киім-кешек, етік, етік пішіп және тігу ісінде, темір соғуда ешбір ұстадан және ешбір шеберден кем емес еді”. Қолы күшті еді, өрік, жаңғақты сығып шағады, жілік сүйегін бұрап сындырады; ақын және шежіре еді” деп Барақтың тағы басқа қасиеттерін баян етеді. Барақтың аға сұлтан сайланғанын, жасаған тойын, оның тұр-тұлғасын сипаттап қашан өлгенін, ас бергеніне шейін Құрбанғали толық баяндап жазған. Барақтың тағы басқа ерліктерін С. Ғаббасов та жақсы суреттеп берген. Батыр атағын алған кезде Барақтың жасы жирма шама-сында, бәлкім жиырмаға толмаған да болар, үлкен бір жиында мәшһүр Жанақ ақын оған арнап өлең айтыпты дей келіп, Құрбанғали “Шұбарым арғымағым...” деп басталатын екі ауыз өлеңді келтіреді (“Тауарих хамса” 376–380-бет). Жанактың бұл өлеңі және “Жанын берген Жанактың шұбарын жер” деген өлеңі бір кезде, яғни найман елінің Россияға жаңа қарай бастаған кезінде айтылған. Ол кезде Бексұлтан төренің қытай жағында жүргенін жоғарыда айттық. Жанактың: “Жайлады Бексұлтаның о бір қиыр” – дейтін де сол. Ал енді Бараққа айтқан өлеңінде “Бексұлтаның” дегенінің себебі не? Оның Бараққа қандай жақындығы бар? Әбілфейіз ханның төрт әйелі болған. Үлкен әйелінен,

бәйбішесінен Бопы төре жалғыз. Бопының бір баласы – Солтабай төре, Солтабайдан Барак батыр. Әбілфейіздің үшінші әйелі Өзбейке ханымнан Ағадай төре. Ағадайдың бір баласы Бексұлтан төре. Барак пен Бексұлтанның туыстық жақындығы осындай. Жанақтың Баракқа “Бексұлтанның” дейтіні де сол.

Жанак ақын өлеңдерін зерттеуші. аттары аталған екі әдебиетші-ғалым, ең алдымен, шығарманың тууына себепкер болған жағдайды анықтап алуды ескермей, өлеңнің тарихи негізін айқындап ашу мәселесін қағыс қалдырып, шығарманы жалаң талдауға тырысқан. Соның өзінде талданып отырған өлеңге алдын ала текстологиялық зерттеу жасамаған.

Мұхтар Әуезовтің “Қазақ әдебиетінің тарихын жасау мәселелері” атты мақаласында: “Шығарманың, жазушының, қоғамдық-таптық, тарихтың шынын ашудың орнына шаруашылық жағдайдың Маркс – Ленин жүйесі бойынша әр шығарманың тууына себепкер болған тамырын ашудың өлеңдік түрін, шала көркемдік тілін, өзіміз жете ұғынбаған сырын, көп мадақтаумен болдық. Тіпті кертартпа идеологиясы айқын тұрған ескі шығарма, бұрынғы ақын болса, оны да кешіре салу көп болды. Ұғынамын деген боп, заманның нағандығын сылтау етіп, сол кертартпа сананың ақынын сынау орнына ақтау көп болды” деген сөзін, революциядан бұрынғы ерте замандағы әдебиетіміздің тарихын ақын, жыраулардың шығармаларын “олардың өмір жолын” зерттеу жұмысымызда есте ұстауымыз керек.

С. Дәуітов мақаласында: “Жанак суырып салма ақын болуымен қатар, өте дарынды айтыс ақыны да болған” деп, ақын туралы әдебиет тарихында жазылып жүрген әділ пікірді дұрыс айта келіп, Жанакты одан әрі асыра мадақтап, орынсыз дәріптеуге салынып кетеді. “XV–XVIII ғасыр ақындарында жаугершілік жырлары қызыл тудай желбірейді. ...Ал XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап, мініл-сыншыл өлеңдер етек ала бастағанын көреміз. Бұл гүстың осы саладағы бастаушыларының бірі Жанак ақын екені ешқандай дау-дамай тудырмаса керек”, – деп кесіп айтады да, “Енді сыншылдық өлең бірте-бірте дами келе, Абай поэзиясында айрықша орын алды”, – дейді. Автор осы пікірін дәлелдеу үшін Абайдың: “Уайым – ер қорғаны, есі барлық” деп басталатын бір ауыз өлеңін мысалға келтіріп, Абай мен Жанакты “тоғыстырады”. “Ал Жанак ақын мен Абай ақынның тоғысар тұсы дәл осы ара болса керек. “Отырған мына бізді халық сынар” десе Жанак, оның да арғы түпкі ойы “әр бір істі ойланып істе, арғык-кемін халық көріп отыраты” деп ескерткендік емес пе?” – дейді. Автор одан

әрі Жанақ акынның Абай творчествосына тікелей әсері болғанын дәлелдеуге тырысады. Жанақ пен Абайдың жас айырмашылығын салыстыра келіп: “Жанақ акынның Абайға тікелей адамның ішкі жанын және мінезі мен портретін жасауда да әсері аз емес сияқты.

Жанақ:

– Бір ұрты май болғанда, бір ұрты қан,
Екі мінез адам ғой түсі суық, – десе,

Абай:

– Жаксы менен жаманды айырмадың
Бірі – қан, бірі – май боп енді екі ұртын.

Жанақ:

– Моласындай баксының тұрған оқшау
Бара алмайсың бас қосқан болса жиын, –

деп өзінің егде тартып, жүріс-тұрысының қиындағанын, сөйтіп сырласар адамы болмағандықтан мұң ғып шақса,

Абай:

– Моласындай баксының.
Жалғыз қалдым, тап шыным, –

деп өзі теңдес жақсы жанның жоғына қатты күйініш білдіреді”, – дейді. Тағы былай деп жазады: “Қазақ ақындарының ішінде аңшылық жайында айтылған жыр-толғаулар болған шығар... Ал бізге белгілісі Жанақ акынның өлеңі:

– Шұбатылып қиынға тартса түлкі,
Астыңда болса сонда жылпын жылқы – ...

десе, Абай:

– Қызық көрер көңілді болса аңшылар,
Шабар жерің қарамас жығылғанға .. –

деп толғайды. Екі ақында да аңшылық ғажайып қызық құбылыс, жан рахаты”, – дейді. Сөйтіп, Дәуітовте ақындық өнерде Абайдың үлгі-өнеге алған ұстазы Жанақ ақын болып шығады.

Абай шығармаларындағы сөздерге үқсас жеке сөз тіркестері тек Жанақ өлеңдерінен ғана емес. Абайдан бұрынғы, онымен замандас қазақ ақындарының өлең-жырларынан кездесе береді. Мысалы, Майлықожа (1835–1898) акынның өлеңдерінен: “Түзге шықса сырдан бой, мен белгілі мырзан деп, үйінде қатар қыпылдап” деген сөздерлі кездестіреміз.

Абайда: “Түзде мырзан, үйде сырлаң” деген сөздер “Бойы бұлған” өлеңінде кездеседі. Майлықожа: “Табытын қағып шай ішіп, тентек жүрер жөтеліп” десе, Абай “Сегіз аяқ өлеңінде”: “Күпілдек, мақтан табытын қаққан, андығаны баққаны”, – дейді. Майлықожа: “Адал жүріп, анық бас, біреудің алма түймесін” десе, Абай: “Ақырын жүріп, анық бас, еңбегің кетпес далаға”, – дейді. Майлықожа: “Тез ұмытып, тез жойып бұзылмаңдар нілдей боп” – десе, Абай: “Тез үйреніп, тез жойма, жас уақытта көңіл гүл”, – дейді. Шортанбай ақын: “Менменсінген зор кеуде; ..., алдындағы жолығар құлайдың құрған тезіне” десе, Абай: “О да құдай пендесі, түспей кетер деймісің, тәңірінің құрған тезіне, – дейді. Шортанбай: “Текті құс қарар Қырымға, ит айналар жырымға” десе, Абай: “Қыранша қарап қырымға, мұң мен зарды қолға алар”, – дейді. Дулат ақын: “Мөңіреп жұртқа ой қайтты, бұзауы өлген сиырдай” десе. Абай: “Адасқан күшік секілді, ұлып жұртқа қайтқан ой” дейді. Тағы Дулат: “Әуелі қазақ деген ғарып жұрт, миығында көрсетпей, ұстарасыз өскен мұрт” десе, Абай: “Қалың елім, қазағым қайран жұртым, ұстарасыз аузына түсті мұртын ...” деп келеді.

“Кісі айтпаған сөз барма, тегі ұғар қай құлақ” деген Абай.

Әдебиет зерттеу ісінде, әсіресе, ұлы Абай жөнінде де, шалағайлық болмасын деп, кемеңгер Мұхтар алдын ала ескертіп кеткен екен. Ол былай дейді:

“Ал, 1880 жылдардан 1903–1904 жылдарға шейін ұлы қайраткер, биік сапалы көркемөнерлі Абай бірде бір уақыт өзінің сол жеткен жаңалық сатысынан төмендемейді. Бірде бір жол оқымаған фольклор көлеміндегі қазақ ақындарының үлгісіне қарай кейін баспайды. Абайдың арнаулы шығармаларына сүйеніп отырып, нақтылы түрде айтатын кейбір қорытынды пікірдің жәйін осы тұста алдын ала ескерте кетейік.

Мәдениетті, жаңа бағытты ақын Абай қазақ тіршілігінің қай тақырыбын жырласа да, өз алдындағы қазақ поэзиясының атактылары саналған Бұхар, Дулат, Шортанбайларша жазбайды. Тұтас өлең түгіл, соларды қайталап, не солар үлгісіне түсіп жазған бір шумақ өлеңінің өзі де жоқ деуге болады. Өлеңіндегі тіл, кейбір теңеу, кейбір мақал және кейбір тақырып пен көңіл-сезімі сарыны соларға ұқсас сияқтанғанмен әр кезде Абайдың ойы, өрісі, идеясы мен әлеуметтік арманы, мақсаты әлдеқайда басқаша боп, классик ақынның өзіне ғана тән болған өзгешелікпен айқындалып шығып отырады” (М.О. Әуезов “Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер”. – Алматы, 1967, 102-бет).

С. Дәуітов мақаласында: “Ақынның (Жанақ. — Қ.М.) “Рүстем төреге айтқаны” атты ұзақ толғауы әлеуметтік іргелі мәселелерді көтереді... толғауы 448 жол”, — дейді. Бірақ Жанақ өлеңінде қандай іргелі мәселелер көтерілгендігі айтылмаған, өлеңнен мысал келтірілмеген.

Шынында Жанақтың Рүстем төреге (“Тауарих хамса” кітабында: “Қанішер Рүстем” дейді) айтқаны деген өлеңнің бір-екі ауыздай жұрнағы ғана сақталған. Рүстем төреге Жанақ ақынның айтқаны дейтін ұзақ өлеңді шығарған және “Жанақ сарыны” дейтін бір сарынға салып, домбыраға қосып айтатын, белгілі ақын Шәкір Әбенев және Шәкір ақынның сол өлеңді қағаз бетіне түсіріп, Қазақ ССР Ғылым академиясына тапсырған тарихын да біз жақсы білеміз.

Жанақтың “Тауарих хамса” кітабындағы сияқты белгілі бір уақиғаға байланысты айтылған өлеңдері ғана, көп өзгеріске ұшырамай, елдің есінде сақталып қалған. Оның көп өлеңдері ұмытылған. Ал Жанақ айтқан дейтін кейбір өлеңдер, басқа бір ақындардың талқысынан өтіп, өзгерген, түпнұсқасы сақталмаған. Сондықтан Жанақ өлеңдеріне ең алдымен ұқыпты түрде текстологиялық зерттеу жасалу қажет.

Жанақ — табиғи дарынды, суырыпсалма-импровизатор ақын. Жанақ та Түбек, Орынбай, Шөже, Кемпірбайлар сияқты негізінен айтыс ақыны. Бұл ақындар үстем тап өкілдеріне қарсы сын сөздерімен қатар, мадақ, мақтау өлеңдерін де арнап айтатын болған. Бұлардың бәрі де келдей, нашар таптан шыққан таланттар. Жоқшылық, ауыр тұрмыс ақындық өнерді кәсіп қылуға мәжбүр еткен. Кемпірбай ақынның: “Бөгенбай әкем аты, Кемпір едім, өлеңді кәсіп қылып, тентіредім” дейтіні, осы ақындардың бәрінің басында болған хал. Абай бұлардың ақындық өнерді кәсіп еткендерін сынаған.

Сондықтан Жанақ сияқты әйгілі ақынды зерттегенде, оның творчествосындағы қайшылықтардың да тарихи-әлеуметтік жағдайға байланысты, себебін ашып айту керек.

8 сентябрь, 1984 жыл.

Семсер жырға сергек қарайық

Махамбет өлеңдерінің басылымдары және текстологиясы жайында

Махамбет ақыннан қалған әдеби асыл мұраның баспасөз жүзінде жарық көре бастағанына алпыс жылдан асып барды. 1925 жылы “Исатай–Махамбет” атты кітап басылып шыққаны мәлім (Қазақстан мемлекет баспасының күншығыс бөлімі. Ташкент. 1925 жыл). Кітаптың мазмұны: 1. Исатай қозғалысының қысқаша тарихы. 2. “Исатай–Махамбет”. Ығылман ақынның өлеңі. 3. Махамбет батырдың Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі. 4. Махамбет батырдың басқа сөздері.

Ақын шығармаларының екінші басылымы “Махамбет Өтемісов. Махамбет, Өлеңдер” деп аталып, 1939 жылы шықты. (Өлеңдерін жинаған, өмірбаянын және сөз басын жазған Қажым Жұмалиев. Қазақстан Көркем әдебиет баспасы, Алматы, 1939 жыл). Осыдан кейін профессор Қ. Жұмалиевтің редакциясымен ақынның шығармалар жинағы бірнеше рет (1948, 1951 және 1962 жыл) басылып шықты.

Ал үшінші басылымы “Ерулі атқа ер салмай” деген атпен 1974 жылы, содан соң 1979 жылы “Жыр-семсер” деген атпен “Жазушы” баспасынан қайта жарық көрді. Бұл екі жинақты да: “Баспаға әзірлеген, кіріспе мақала мен түсініктерін жазған, библиографиясын құрастырған Берқайыр Аманшин”. Сөйтіп, Махамбет өлеңдері жеке жинақ кітап ретінде 1925 жылдан бастап сегіз рет басылып шығыпты.

Осы айтылған жинақтарда жарияланған Махамбет өлеңдерін салыстырып байқасақ, ақын шығармаларының басылу тәртібі жағынан, өлеңдерінің, өлең жолдарының, жеке сөздерінің әр жинақта әр түрлі берілуі жағынан қарағанда, қым-қиғаш қайшылықтар көзге ұрып, көңіліңді алаңдатады. Ақынның кейбір асыл сөздері өрескел бұрмаланып, мән-мағынасынан айырылған. Текстологиялық зерттеу дұрыс жүргізілмеген. Ақынның кейбір сөз тіркестеріне, сөз тәркініне берілген түсініктер мүлдем дұрыс емес, т.т. Осы айтылғандардың бәрі ақынның тіпті әйгілі деген өлеңдерінің де идеялық мазмұнына, көркемдік сапасына нұқсан келтіріп тұрғанын зер салып оқыған адам ап-айқын көреді.

Ақынның атакты өлеңі – “Ерулі атқа ер салмай” толғауынан бастайық. Махамбеттің бұл өлеңі “Шаир яки казак

акындарының басты жырлары” атты кітапта (жиюшысы: Ғабдолла Мұштак, Бөкейліктен. Орынбор) тұңғыш рет “Исатайдың інісі Мұхамед жыраудың сөзі” (35-бет) деген тақырыппен жарияланған. “Шаир” (шайыр емес) кітабының қай жылы шыққаны көрсетілмеген. С.Аманжолов 1910 жыл дейді, ал Б. Аманшин 1910–1912 жылдар шамасы депті.

Махамбет өлеңінің осы кітапта басылған нұсқасын келтірейік:

– Ереуіл атқа (9) ер салмай,
Егеулі найза (10) қолға алмай,
Еңку-еңку (11) жер шалмай,
Қоңыр сатқын төске алмай,
Қыбланы (12) дөрткіл оңға алмай,
Төбінгін (13,14) терге шірітпей,
Терлікті (15) сүттей ірітпей,
Өлеңді төсеп (16) ет жемей.
Ұлы түске ұрынбай (17).
Жанға салған малтаның (18),
Әр түйірі (19) ет болмай,
Атыңды байлап келгенде,
Қатын, бала жат болмай (20),
Түн катып жүріп түс қашпай (21).
Темір қазық жастанбай (22),
Қу толағай бастанбай (23),
Ерлердің ісі бітер ме? (24)

Осы он жеті жол өлеңнің ішіндегі 24 сөзге түсінік берілген. “Шаир” кітабында түсінік берілген сөздердің қазіргі зерттеуімізге қажетті деген кейбіреулерін келтірейік (қалғандары бүгінгі оқушы жұртшылыққа былай да түсінікті сөздер).

(9) Ерулі атқа – мінбей сақталған атқа.

(10) Егеулі найза – егеу өткірленген сүңгі.

(11) Еңку-еңку – кең уа төмен жерлер.

(12) “Қыбланы дөрткіл оңға алмай” деген сөздерге тартар-түркі сөздерін қолданып: “Шын түслі яғни жіді (тырысу. күш салу, усердие, старание. – Қ.М.) түске кірмейінше”, – деп түсінік берілген.

Махамбеттің: “Қыбланы дөрткіл оңға алмай” дегені көздеген мақсатына жету үшін жан-тәніңмен шындап беріліп, күш-жігермен құлаш ұру деген мағынада айтылған сөз, яғни өлеңнің идеялық бағытын айқындап тұрған көркем бейнелеу.

“Қыбла” (қыйбла, құбыла) деген сөздің үш түрлі мағынасы бар: 1) діни – намаз оқыған кезде бетке алатын жақ

(қағба жак). 2) Қыбла — оңтүстік жак. 3) Қыбла, құбыла — ауыспалы мағынада, — идеялық беталыс, көздеген мақсат (идейное направление, устремленность). “Қыбла” сөзі Махамбет өлеңінде осы соңғы, ауыспалы мағынада қолданылған. 16) Өлеңді төсеп — ширамны жайып деп татар сөзімен түсінік берген. “Өлең” — шөптің бір түрі, қазақтың төл сөзі екені белгілі. 17) Ұлы түске ұрынбай — ұлұғ түш (ұлы түс. — Қ.М.). 12 сағат уақытына сөхүнәт (ыссы, жаркий. — Қ.М.) жүрмейінше, — деп түсінік берген. Яғни күннің ең қатты қыздыратын, шаңқай түс (тал түс) кезі.

22) Темір қазық жастанбай — батырлардың түнде ат арқандау үшін истиғмал идұлған (пайдаланатын. — Қ.М.) темір қазықты басқа міндәр (жастық) етпейінше, — деген.

23) Қу толағай бастанбай — етсіз, қу бас бастанбайынша, яғни жабықбайынша (жүдемейінше. — Қ.М.); қалмақша “толағай” бас мағынасында деп түсінік берілген. Сөйтіп “Шаир” кітабында тұңғыш жарияланған Махамбет өлеңіндегі қалың оқырманға түсініксіз болар деп ойлаған сөздерге аса ұқыпты түрде түсінік берілген.

* * *

1925 жылғы кітапта (137–138-бет) алдымен Махамбет өлеңінің туу тарихы баяндалған:

— Ереулі атқа ер салмай”.

“1837 жылы жедді жұлдызының 12-сінен 13-не қараған түні Исатай мен Махамбет Жайықты жарып өткен соң, қасындағы қырық жолдасымен далаға қонады. Күн суық боран екен. Ертемен тұрса батырлар қар астында тоңып қалған екен. Сол заманда Бөкейлік қазақтар едәуір тәрбиелі екен. Жұрттың көбі қыстыгүні ағаштан не тастан салған жылы үйге, күнде ішегін шайға үйреніп қалған екен. Етіктің орнына елдің бірқатары кебіс-мәсі киеді екен.

Далада қонып тоңып тұрған жігіттердің көбі жылы үйді, жұмсақ төсекті, қызыл шайды жоқтайды.

Сонда Исатай айтыпты дейді: “Ай, жігіттер! Қазақ жұртына сәлем айтыңыз! Ел болам десе: құс төсек төсенбесін, шай ішпесін, қималы етік кимесін”, — деп. Қималы етік деп кебіс-мәсіні айтқан. Сол уақытта Махамбет батыр мына өлеңді айтып жолдастарын жұбатқан:

— Ереулі атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңкейіңкі (?) жер шалмай,
Қоңыр салқын төске алмай,

Тебіңгі терге шірімей (?),
Терлігі майдай ерімей (?),
Алты малта ас болмай,
Өзіңнен туған жас бала,
Сақалы шығып жат болмай,
Ат үстінде күн көрмей,
Ашаршылық шөл көрмей,
Арып-ашып жол көрмей,
Өзегі талып ет жемей,
Ер төсектен безінбей,
Ұлы түске ұрынбай,
Түн қатып жүріп түс кашпай,
Тебіңгі теріс тағынбай (?!),
Темір қазық жастанбай,
Қу толағай бастанбай,
Ерлердің ісі бітер ме!!

Өлең жиырма жол, “Шаир” кітабындағы нұсқасынан үш жолы артық.

Енді осы өлеңнің бірінші жарияланған (“Шаир” кітабындағы) нұсқасымен екінші жарияланған (1925 ж.) нұсқасын салыстырып көрейік.

Өлеңнің бастапқы төрт жолы екі басылымда да бірдей. Жалғыз-ақ үшінші жол бірінші кітапта: “Еңқу-еңқу жер шалмай” деп берілсе, екінші кітапта: “Еңкейіңкі жер шалмай” деп берілген. Бірінші кітапта “Еңқу-еңқу...” деп дұрыс басылған және бұл сөздерге дәл түсінік берілген. Ал қазақ жер туралы: “еңкейіңкі жер”, я болмаса “шалқайыңқы жер” демейді. Бірінші кітаптағы “Қыбланы дөрткіл оңға алмай” деген бесінші жолы екінші кітапта жоқ. Шынында, өлеңнің бұл жолы Махамбеттің терең ой-пікірін айқындап тұрғанын жоғарыда айттық. Тағы да қайталап анықтап айтсақ: Ұлы күрес майданына шықсаң, төрт құбылаң түгел сай болсын дейді Махамбет.

Өлеңнің келесі жолдары бірінші кітапта “Тебіңгіні терге шірітпей, Терлікті сүттей ірітпей” деп берілсе, екінші кітапта: “Тебіңгі терге шірімей, Терлігі майдай ерімей” деп берілген.

Бірінші кітапта өлең жолдарының құрылысы, сөз образдары, ішкі логикалық байланысы дәлме-дәл дұрыс та нанымды суреттеліп берілген. Тебіңгіні терге шірітетін, терлікті сүттей ірітетін кім? – Жорық жолында ұзақ уақыт жүрген батыр.

Екінші кітапта (1925): “Терлігі майдай ерімей” деп, ақынның аса нанымды, айқын тұрған сөз образдары ақылға қонбайтындай болып, өрескел бұрмаланған. Шынында

жабағыдан жасалған терлік (потник) аттың ащы тері сіңе-сіңе сүттің ірігені сияқты іриді (разлагается). Қалың жабағы терлік еріген май сияқты, сұйық затқа айналып кетпейді, іртік-іртік болып, іріген сүт секілді күйге түседі.

Екінші кітапта (1925) “Алты малта ас болмай” деп басылған өлең жолы, бірінші кітапта (“Шаир”) “Жанға салған малтаның әр түйірі ат болмай” деп берілген. Екінші кітапта: “Өзіңнен туған жас бала, Сақалы шығып жат болмай” деп басылған сөздер, бірінші кітапта “Атыңды байлап келгенде, Қатын-бала жат болмай” деп берілуі дұрыс деп ойлаймыз. Алыс сапар, ауыр жолда ұзақ уақыт, “Түн қатып жүріп түс қашып”, күтпеген жерден келіп, атыңды байлай салып, үйге кіріп келгендегі халды: “Қатын, бала жат болмай” деп, бүкіл үй-ішті атап суреттеу ақылға қонымды, әсерлі де нанымды.

Екінші кітаптағы: “Ат үстінде күн көрмей, Ашаршылық шөл көрмей, Арып-ашып жол көрмей, Өзегі талып ет жемей” деген төрт жол өлең бірінші кітапта (“Шаир”) жоқ. Осы төрт жолдың үш жолы өлеңнің бастапқы және соңғы шумақтарында айтылған ойды басқа сөздермен қайталап айту деп білеміз. Ал “Өзегі талып ет жемей” деген жалаң сөздер бірінші кітапта: “Өлеңді төсеп ет жемей” деп, есіз далада дастарқан орнына өлең шөпті асжаулық етіп тамақтанып жүрген батырдың күй-жайы көркем суреттелген.

Екінші кітапта басылған: “Ер төсектен безінбей” деген өлең жолы бірінші кітапта (“Шаир”) жоқ. Бұл да “Қатын бала жат болмай” дегеннің қайталануы сияқты.

Екінші кітаптағы (1925) “Тебінгі теріс тағынбай” деген сөздер (Шаир кітабында жоқ) мүлдем мағынасыз, ақылға қонбайтын оғаш сөздер.

Тебінгі туралы: “Тебінгіні терге шірітпей” (бірінші кітап), “Тебінгіні терге шірімей” (екінші кітаптың өзінде) деп өлеңнің бас жағында өз орнымен бір айтылып кетті. Ал енді “Тебінгі теріс тағынбай” деп екінші рет орынсыз қайталануы қалай? Және тебінгі тағынатын нәрсе ме?

“Шаир” кітабында (34-бет) “Тебінгіні терге шірітпей” деген сөзге былай деп түсінік берілген: “Үзенгінің асытқы— (астыңғы. — Қ.М.) тарапынан асылған, былғары көннен істелген бір нәрсе, тоқым киізінің үстінен асалар”. Яғни киіз тоқымның үстіне жапсырылып тігілген былғарыны тебінгі дейді екенбіз.

Құйысқан емес, өмілдірік емес, не айыл, не тартпа емес, тоқымға жапсырып тігіп тастаған тебінгіні қалайша тағынуға (теріс тағынуға) болады?

Сондықтан “Тебінгіні теріс тағынбай” деген шындыққа жанаспайтын, мағынасыз сөздер. Махамбет өлеңіне кейіннен қосылған “бөтен” сөз. Махамбет ақынның аузынан шыққан сөз емес-ау деген ой келеді.

Махамбет ақынның “Ерулі атқа ер салмай” өлеңінің алғашқы (1910) басылған нұсқасын екінші (1925) басылған нұсқасымен салыстырып қарағанымыз да, **идеялық мазмұн жағынан да, көркемдік түр жағынан да Махамбеттің өз аузынан шыққан түпнұсқаға жақыны — 1910 жылғы “Шаир” кітабында жарияланған өлең деп білеміз.**

Махамбет өлеңдерінің 1925 жылғы басылымы туралы кітапта былай делінген: “Біздің бастырып отырғанымыздың негізіне, Мұрат ақыннан естіп едім деп, Шөрек ұлы Ығылман ақынның жазып бергені алынды. Қолымыздағы нұсқаларды салыстырып құрастырғында, бабтарға бөлгенде, сөздің орны аумасып кетуі мүмкін” (64-бет). Махамбет өлеңдерін есіне сақтап, өзінен кейінгі ұрпаққа жеткізген негізінде Мұрат ақын болғанын, Мұраттан естіп, Ысылман ақынның жаттап алғанын профессор Қ. Жұмалиев те айтты (“Махамбет Өтемісұлы. “Ереулі атқа ер салмай...”. Өлеңдер. Алматы, 1962 ж., 216-бет).

1910 жылғы жинақта басылған Махамбет өлеңін (“Ерулі атқа ер салмай”) “Шаир” кітабын бастырушы және сол кітаптағы өлеңдерді жиюшы Ғабдолла Мұштаққа айтып беруші Мұрат ақынның өзі болуы да мүмкін. Ол Мұрат ақынды көрген, білген адам. Мұрат өлген жылы (1906) Ғабдолла отыз жаста еді.

“Ерулі атқа ер салмай” өлеңінің бірінші басылымы (1910) түпнұсқаға жақын десек, енді он бес жылдан кейін екінші рет жарияланғанда (1925) қандай өзгерістерге ұшырағанын көріп отырымыз.

* * *

1939 жылдан бастап 1962 жылға дейінгі басылымдарда Махамбет өлеңі негізінен 1925 жылы басылған нұсқасы бойынша жарияланған. Азғана өзгерісі: өлеңнің үшінші жолы 1925 жылғы кітапта **“Еңкейіңкі жер шалмай”** деп басылса, 1939–1962 жж. басылымдарда **“Еңку-еңку жер шолмай”** (?) деп берілген, “Арып-ашып жол көрмей” дейтін өлең жолы алынып қалған.

1974 жылғы “Ерулі атқа ер салмай” деген атпен шыққан жинақтағы өлең нұсқасын келтіріп, одан бұрын басылған үш жинақтағы (1910, 1925 және 1939–1962) нұсқалармен салыстырып көрейік:

– Ерулі атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай,
Қоңыр салқын төске алмай,
Тебінгі терге шірімей,
Терлігі майдай ерімей,
Алты малта ас болмай,
Әр түйірі ат болмай,
Атыңды байлап келгенде,
Қатын-бала жат болмай,
Ат үстінде күн көрмей,
Ашаршылық шөл көрмей,
Арып-ашып жол көрмей,
Өзегі талып ет жемей,
Ер төсектен безінбей,
Ұлы түске ұрынбай,
Түн қатып жүріп, түс қашпай,
Тебінгі теріс тағынбай,
Темірқазық (?) жастанбай,
Қу толағай бастанбай,
Ерлердің ісі бітер ме?!

Өлеңнің жалпы көлемі 21 жол болып шыққан. Бірінші кітапта (“Шаир”) – 17, екінші кітапта (1925) – 20, үшінші кітапта (1939–1962) – 19 жол.

Өлеңнің бірінші, екінші, үшінші, төртінші жолдары “Шаир” жинағы бойынша берілген. Бесінші, алтыншы жолы – 1925, 1962 жылғы жинақ бойынша берілген. Өлеңнің “Алты малта ас болмай” деген жетінші жолы 1925, 1962 жылғы жинақтардан алынған да, одан кейін сол екі жинақта басылған: “**Өзіңнен туған жас бала, Сақалы шығып жат болмай**” дейтін өлең жолдарын алып тастап, оның орнына “Шаир” кітабындағы: “**Әр түйірі ат болмай, Атыңды байлап келгенде, Қатын-бала жат болмай**” дейтін өлең жолдарын қосқан. Одан кейінгі өлең жолдары аяғына дейін 1925, 1962 жылғы жинақтар бойынша берілген. 1962 жылғы жинаққа кірмеген, 1925 жылғы жинақтағы: “Арып-ашып жол көрмей” деген сөздерді қосқан. 1974 жылғы жинақты баспаға әзірлеген жазушы Берқайыр Аманшин екенін жоғарыда айттық. Ол Махамбет ақынның осы өлеңі жайында: “Ерулі атқа ер салмай” – Бұл өлең Ғабдолла Мұштақ... құрастырған “Шайыр” (1912 жыл шамасы) жинағында басылған нұсқасымен түзетіліп, толықтырылды”, – дейді (116-бет). “Түзетіліп, толықтырылды” дегенде, “Шаирдағы” өлеңнен үш жолын ғана алып, 1962 ж. жинақтағы нұсқасына қосқан. Неге олай етке-

ніне түсінік бермейді. Ал 35 жыл бойы қате басылып, қате түсінік беріліп келген, оған ешбір әдебиетші мән беріп, көңіл аудармаған Махамбет акынның әйгілі өлеңіндегі асыл сөзін түпнұсқасына келтіріп баспаға әзірлеп, дұрыс түсінік берген Аманшин жолдастың еңбегін ерекше атап айтуымыз керек. Берқайыр былай дейді: “Махамбет өлеңдерінің 1939 жылдан бергі барлық басылымдарында өлеңнің бастапқы сөзі “ереулі” болып жазылып келді. 1939 жылдан бергі барлық (1951 жылдан басқа) басылымдарында бұл сөз: “Ереулі ат – ерттеулі ат. Бұрын жаугершілік уағында жолдасының аты оққа ұшса, мінгестіріп алу үшін басы артық ері болады екен. Ереулі ат осыдан шыққан сөз” деп түсіндіріліп келді. Бұл түсінік – қате. Ереулі ат – ерттеулі ат емес. Өйткені “ереулі ат” дегеннің орнына “ерттеулі ат” деген сөзді алсақ, бұл жол “ерттеулі атқа ер салмай” болып, мағынасыз болып шығар еді. Сол сияқты жолдасын “... мінгестіріп алу үшін басы артық ері болады екен” деген де ақылға сыймайды (мінгескен адам ер салып мінгеспейді ғой). “Шайырда” өлеңнің басқы сөзі “ереулі” емес, “ерулі” деп жазылған. Сосын бұл сөзге: “... ерулі ат – мінбей сақталған ат” деп, түсінік берілген... Сондықтан біз бұл сөздің осы “Шайырдағы” жазылуын алдық”, – деп Б.Аманшин дұрыс жазған.

Осындай дәлелденген дұрыстықты мойындағысы келмеген кейбір жолдастар баспасөз жүзінде айтысқа айналдырып жіберген соң, Б.Аманшин жолдастың Ғабит Мүсіреповке жүгінуге мәжбүр болғаны мәлім. Әрқашан әділін ашып айтатын шыншыл, дана ұстаз Ғабит Мүсірепов Б.Аманшинге жауап хатында:

“Әуелі ереулі ат па, ерулі ат па дегенге келсек, Махамбет жырларының 1925 жылғы Ташкентте араб әрпімен шыққан кітабында ереулі деп қате басылған (яғни – емле қатесі), әйтпесе өлеңнің екінші жолындағы егеулі деген сөзге үйқасымы үшін қолдан өзгертілген, яғни жасанды сөз деп ұғу қажет. Сенің қазақ тілінде **ереулі** деген сөз жоқ дегеніне мен де қосыламын, оның жоқтығының ең мықты дәлелі – ол сөздің Махамбеттің сол өлеңінен басқа жерде кездеспеуі. Дұрысы – ерулі атқа ер салмай, “Шайырдың” құрастырушысы оған “ерулі ат – мінбей сақталған ат” деп, дұрыс түсінік берген. Сондықтан Махамбеттің атакты өлеңінің басқы екі жолы:

– Ерулі атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай, –

деп оқылуы тиіс. Бұл еш талассыз, басы ашық мәселе.

кейбіреулер мұны тышқанкөкпарға салып жүрсе, басқа кәсіп таппағаны да” (“Жұлдыз” № 1, 1983, 184-бет), – дейді.

Осы айтылған ғылыми дәлелді, тұжырымды пікірді, “еш талассыз” ақиқатты мойындап, өз ағаға алғыс айтсақ керек еді. Өнімсіз “тышқанкөкпарды” мансұқ етсек керек еді. Амал не? Фабекең қынжылып айтқан тышқанкөкпары казір енді қайта басталыпты.

Қазақ ССР Ғылым академиясының М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты шығарған “ХІХ ғасырдағы қазақ поэзиясы” атты кітап (Қазақ ССР-інің “Ғылым” баспасы. Алматы, 1985) жaqында қолымызға тиді. Сол жинаққа Махамбет өлеңдері де кірген. Біз сөз етіп отырған Махамбет өлеңі туралы мынадай түсінік берілген: **“Ереулі атқа ер салмай”** 1925 жылғы жариялануы бойынша берілді. “Ереулі” сөзі туралы соңғы жылдары әртүрлі пікірлер айтылды. “Ерулі”, “ереулі” деп берейік деушілер де жоқ емес. 1962 жылғы басылымда да “Ереулі”. Сондықтан мұнда 1925 пен 1962 жылғы басылымдар негізге алынды. “Ереулі” деген сөздің шығу тегі туралы: бұрын жаугершілік кезінде **жауынгер жолдасының аты оққа ұшса, мінгізіп алу үшін қосалқы ат алып шығатын болған, сол атты ереулі ат деп атаған (!?)** – делінеді” (302-бет), – дейді (Сөздердің астын сызған біз. – Қ.М.).

Фабит Мүсіреповтің дәлелдей айта келіп: “Махамбеттің атақты өлеңінің басқы екі жолы:

– **Ерулі атқа ер салмай,**
Егеулі найза қолға алмай, –

деп оқылуы тиіс. Бұл еш талассыз, басы ашық мәселе” – деген ақиқат сөзін құлаққа ілмеуі былай тұрсын, 1962 жылғы жинақта берілген түсініктің өзін қасақана бұрмалап, өзгертіп, “өңдеп” берген.

1962 жылғы жинақта берілген қате түсінікті қайталап оқып көрейік: “Ереулі – ертгеулі ат. Бұрын жауынгершіліктің уағында, жолдасының аты оққа ұшса, мінгестіріп алу үшін, басы артық ері болады екен. Ереулі ат – осыдан шыққан сөз” (5-бет) – деген. 1962 жылғы жинақта осылай деп басылған түсініктің “ХІХ ғасырдағы қазақ поэзиясы” кітабында қандайлық дәрежеде өрескел бұрмаланып берілгенін көріп отырмыз.

Осындайды көргенде академик Д.С.Лихачевтің: “Истина историка и литературоведа всегда патриотична; ложь и подтасовка патриотичными быть не могут” дегені еріксіз еске түседі.

Махамбет ақынның тағы бір атақты өлеңі — Исатай батырдың тұлғасын (образын) көркем сымбаттаған. қазір “Тарланым” деп аталып жүрген шығармасы.

Бұл өлең 1925 жылғы кітапта “Махамбет батырдың Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі” деп аталып, 28 бапқа (тарауға) бөлініп берілген көп өлеңнің екінші, үшінші бабы ретінде берілген. Екінші бабы: “Таудан мұнартып ұшқан тарланым” деп басталып, “Тербенбес ауыр мінездім” деген сөздермен аяқталған. Үшінші бабы: “Садағына сары жебені салдырған” деп басталып. “Арыстан онан кім өткен” деп аяқталады (116–118 беттер). Яғни екі өлең ретінде басылған, көлемі 32 жол.

1939 жылғы жинақта “Тарланым” деп аталып, бір-ақ өлең болып басылған, сөздері негізінен өзгертілмей берілген. Тек екі сөз ғана аздап өзгертілген. 1925 жылғы жинақта өлеңнің оң үшінші жолының бастапқы сөзі “**Тербенбес** ауыр мінездім” деп, жиырма жетінші жолдың бастапқы сөзі: “**Атылған** оғы Еділ-Жайық тең өткен” деп басылса, 1939 жылғы жинақта әлгі екі сөз: “Төбіренбес”, “Атқан оғы” делінген.

“Тарланым” сияқты идеялық мазмұнына көркемдік түрі сайма-сай болып, кемеліне келіп тұрған көркем шығарманың шырқын бұзып, бөліп-жармай жариялау өте дұрыс. Махамбеттің өрен жүйрік, табиғи дарынды ақындық өнерін анық танытып, айқындай түсетін басты шығармасы осы өлеңі.

Ақын халқы үшін қан майданда қаһармандық күрес үстінде қапыда қаза тапқан батырды көкке көтеріліп, көз жаздырып кеткен тау қыранын — тарлан бейнесінде асқақтата суреттейді. Оның сыртқы түр-түрпатын, көрікті жарқын, жайдары жүзін, салмақты ақыл-парасатын, мінсіз мінез-құлқын, кең пейілді кемеңгерлігін, айбынды қару-жарағын асынып күрес майданына шыққан шақтағы ерекше ерлік қимылын, құдіретті күш-қуатын, бойына біткен барлық адамгершілік қадір-қасиетін жеріне жеткізе ақын тілімен суреттеп, Исатайдың жанды бейнесін көз алдына әкеледі.

“Оның портрет, мінез-құлқын көрсету үшін ақын қазақтың бай тілінен ең шұрайлы эпитет, теңеу, метафора, алуан көркем сөз образдарын қолданады. Сонымен қатар бағыр образын жасауда Махамбетке ауыз әдебиеті, әсіресе, батырлар жырының азды-көпті әсері болғандығы аңғарылады”, — дейді профессор Қ.Жұмалиев (1962 жылғы жинақ, 180-бет).

Енді “Тарланым” өлеңінде 1925 жылдан бастап осы күнге

дейін қате басылып, өлеңнің шырқын бұзып, мазмұн-мағынасына нұқсан келтіріп тұрған кейбір сөздерге және дұрыс берілмеген түсінікке көңіл аударып көрейік:

Өлеңнің жетінші жолы 1925 жылдан бастап, барлық жинақтарда: “Керіскендей шандозым” деп басылып келеді. Және осы сөздерге 1962 жылғы басылған Махамбет өлеңдері жинағында: “Керіскендей шандозым – керіскендей – негізі – керу. Тартысуға, керісуге, төзімділік ұғымында. Шандозым – кербездің синонимі” деп түсінік берілген (11-бет). Бұл арада “керіскендей” – қате басылған, ақылға қонбайтын сөз. Ақын бұл жерде Исатайдың “тартысуға, керісуге төзімділігін” айтып отырған жоқ. Батырдың бейне-бітімін, сыртқы тұрпат-тұлғасын (портретін) сипаттап, салыстыру, теңеу арқылы суреттеп отыр.

– Кермиығым, кербезім,
Керіскендей (?) шандозым,
Құландай ашы дауыстым,
Құлжадай айбар мүйіздім, –

деп, батырдың дауысының күштілігін құланның ащы дауысына теңеп, ерекше айбарлы көрінісін арқардың мүйізі шаңырақтай кошқарына – құлжасына теңеп, суреттейді. Сонда бұл арада ақынның теңеуге қолданған сөз образына жанаспай орынсыз окшау тұрған “керіскендей” деген мағынасыз сөз. Ақынның өзіне жүгініп, “Керіскендей” деген Махамбет аузынан шыққан сөз емес деп кесіп айта аламыз.

Махамбет сөзін түпнұсқасына келтіріп: “Керіскедей” деп оқуымыз керек. Ақын Исатайдың зор дене бітімін, алып тұлғасын асқақтата, асыра (гипербола) суреттеп, **керіскеге** теңеген.

“Керіске” деп отырғанымыз – носорог (мүйіз тұмсық деп жүрміз). Л.З.Будаговтың сөздігінде: “керс” ұйғыр сөзі – носорог, парсы тілінде – керік (Сравнительный словарь турецкотатарских наречий, том II. Санкт-Петербург, 1871, 122, 123-бет). “Керіске” сөзінің түп төркіні осындай болса, бұл сөзді Махамбет білген. “Махамбет хадитша хат танып, жаза да білген ақын”, – дейді профессор Қ. Жұмалиев (1962 ж. жинақ, 198-бет). Және қазақ ақындары “керіске” деген сөзді қолданған. Мысалы, Мұқаметжан Сералин қазақ тіліне аударған “Рүстем-Зораб” дастанында (Фирдоусидің “Шахнама” дастанының бір бөлімі) Зораб батырдың Хеджир батырмен жекпе-жек айқасын суреттегенде:

– Найзасын Зораб алады,
Мұқал үшін сырықтай

Ер үстінен салады.
Борбайынан жүгіртіп,
Көтергенде ер Хеджир
Аспанға ұшып барады.
Аспаннан келіп құлады,
Қатты түскен бойымен
Есін танып қалады.
Керіскедей керіліп,
Жатыр жерде созылып... –

дейді.

Махамбеттің “Тарланым” өлеңіндегі “керіскендей” деп кате басылып жүрген сөзге берілген түсінік те дұрыс болмай шыққан. Сол сияқты “Кермиығым, кербезім” деген өлең жолына 1962 жылғы жинақта берілген түсінікте: “Кермиығым, кербезім. Кермиық – түсініксіз. Мағынасы аңның бір түрі болуға тиіс” (11-бет) – делінген. “Миық” деген аң емес, мұрт (усы) деген сөз екенін қазақтың көбі-ақ білетін шығар. “Миығынан күліп” немесе “мұртынан күліп” демейміз бе?!

1925 жылдан бастап барлық басылымда: “**Жауырынына** күшігін жүнді **оқ шанышқан**” деп беріліп келе жатқан өлең жолы мүлдем мағынасыз.

Дұрысында Махамбет бұл арада соғысқа аттанған баатырдың садақ оғын көп етіп толтырып, асынып алған ауыр қорамсағының жауырынын жаншытатынын айтып отыр. Махамбеттің өз сөзін алғашқы айтылған қалпына келтіріп:

“Жауырынын күшіген жүнді оқ жанышқан” деп, жазып, осылай оқысақ дұрыс болар дейміз.

Дәл осындай сөз образы ерте замандағы жыраулардың жырында да кездеседі. “**Шаир**” жинағында басылған “Ер Шобан” атты жырдағы өлең жолдарын келтірейік:

– Бәрін айт та, бірін айт! –
Қабағын кара сусар бөрік басқан,
Жауырынын күшіген жүнді оқ жанышқан,
Қалжуырдай шаншылған,
Күшігендей шонқайған... (23-бет) –

дейді.

“Тарланым” жырында: “Көк шыбығын қанды ауыздай жалатқан” деген өлең жолындағы: “Көк шыбығын, қанды ауыздай” деген сөздердің мағынасы қазіргі оқырмандарға түсініксіз. Бұл сөздерге Махамбет өлеңдерінің ешбір жинағында түсінік берілмеген. Осы сөздерді зерттеп қарастыр-

ғанымызда, тағы сол “Шаир” жинағындағы “Әділ сұлтан” жырынан кездестірдік. “Әділ сұлтан” жырынан үзінді келтірейік:

– Орақтың ұлы Қарасай,
Шалқасканы мінеді енді,
Көк шыбығын байланып,
Ғаскерінің Қарасай
Басы болып жүрді енді (28-бет).
...Орақтың ұлы Қарасай
Шалқасканы ту астында жықтырып,
Көк шыбықты орта белден бүктіріп.
Көк сырлы оғын төктіріп,
Баданадай сауығын
Тері тондаи жырттырып... (29-бет) –

дейді. Осы өлеңнің мазмұнына қарағанда, “көк шыбық” – қылыш деген сөз болып шығады. Олай деуімізге тағы бір толығырақ дәлелді татар әдебиетінен табамыз. “Чура батыр хикаяте” атты дастанда Шағали ханның қызы Сарқани батырларға әр кімнің өз дәрежесіне қарай сыйлық үлестіргені баяндалады. Шора батырға бір алтын қобди береді. Бұл сыйлыққа батырдың көңілі толмай, өкпелеп, қобдиды ашып та қарамай, тастай салады. Бірнеше күн соғысқа шықпай жатып алады. Шағали хан қызы Сарқаниды батырға жіберіп, соғысқа неге шықпай жатқан себебін сұратады.

“Сарқани барып сұрағанда, Шора батыр айтты:

– Мен саған өкпелеп жатырмын, сен маған күр қобди бердің, ал басқа батырларға сауыт бердің, – деді.

Сонда қыз айтты:

– Қане, сол қобдиды ашып қарашы. – деді. Шора батыр қобдиды ашып қараса, ішінде “**Көк шыбық**” (“**Күк чыбық**”) деген қылыш бар екен. Шора батыр мұны көріп, қызға риза болып, әскерімен аттанып, көп жауды қырып салды” дейді (“Татар халық ижаты. Дастаннар”. Қазан – 1984, 116–117-бет). Сөйтіп, батырға әдейі арнап соқтырған әйгілі қиғыр қылыш – “Көк шыбық” деп аталып, ерлік жырларында ежелден қолданылатын бейнелі сөз екен. Ал енді Махамбет өлеңінде: “Көк шыбығын қанды ауыздай жалатқан” деген сөйлемдегі “қанды ауыздай жалатқан” дегенді қалай түсінеміз? Бұл сөздердің төркінін (этимологиясын) “Ер Шобан” жырын оқығанда анықтай аламыз. Ол жырда: “Аударылмас қара кемелей, Қанды ауызға сырлап салған жебедей” (“Шаир”, 23-бет) және “Қырымнан қырық мың әскер қол алды, Қабардыдан қызыл сырлап ару жон-

ған жебе алды” (26-бет) деген сөздер бар. Осы келтірілген өлең жолдарындағы “қанды ауыз” деген сөздің мағынасы – садақ, жебе – садақтың оғы деген ұғым береді. Сонда Махамбет өлеңіндегі: “Көк шыбығын қанды ауыздай жалатқан” деген сөйлемді Исатайдың жауына қылыш сілтеген сәттегі көз ілеспестей шапшаңдығын сипаттаған бейнелі сөздер деп түсінуіміз керек деп білемін. Яғни Исатайдың қылыш сілтеп жауын жайратқан шақтағы шапшаңдығын садақ тартып, жебесін (оғын) жауына дарытқан (жалатқан) мергендікке тенең суреттеу деп ұғамын.

Махамбеттің өлеңдерінде қолданған, бірақ дұрыс басылмай жүрген кейбір сөздерінің түпнұсқасын анықтап, төркінін (этимологиясын) түсініп, дұрыстап оқи алмасак, ақынның асыл жырының көркемдік қасиетін әділ бағалап, әдеби талдау жасау да мүмкін емес.

Ең алдымен Махамбеттің атакты екі өлеңіне ерекше назар салып зерттеп, нақтылы әдеби-тарихи деректерден өзімше дәлелді деп білген мысал келтіріп, пікір айтуды мақсат еттім. Бірақ өз мүмкіншілігімше қорытып айтқан пікірімнің бәрін бірдей үзілді-кесілді тұжырымды деген ойдан аулақпын.

Енді Махамбет өлеңдерінің үшінші басылымына (бұдан былай шартты түрде 1925 жылғы жинақты – бірінші басылым, 1939–1962 жылдардағы басылымды – екінші, 1974 жылғыны – үшінші басылым деп айтамыз) тоқтаудан бұрын, ақын өлеңдерінің мазмұн-мағынасына, көркемдік түріне нұқсан келтіріп тұрған, қате басылып жүрген сөздердің бірнешеуіне ғана көңіл бөлуді қажет деп білдік.

Бірінші басылымда Махамбеттің бір өлеңінің бастапқы төрт жолы:

– Желп-желп еткен ала ту
Жиылып алар күн қайда.
Орма мылтық тарс ұрып,
Жауға ататын күн қайда?! (129-бет)

Екінші басылымда:

– Желп-желп еткен ала ту
Жиырып алар күн қайда.
Орма мылтық тарс ұрып,
Жауға аттанар күн қайда?! (1962, 15-бет)

Үшінші басылымда өлеңнің екінші жолының бастапқы сөзін, екінші басылым бойынша “**жиырып** алар” деп, үшінші жолдың бастапқы сөзін, бірінші басылым бойынша “**Орма**

мылтық” деп берген де, төртінші жолының бастапқы сөзін, екінші басылым бойынша, “жауға аттанар” деп берген (76-бет).

Өлеңнің үшінші жолындағы “**Орма** мылтық” дегеннен басқа жолдар бірінші басылымда (1925) дұрыс басылған. “Желп-желп еткен ала ту, жиылып (жиып) алар күн қайда?” дегенде Махамбет дәл тудың (ала тудың) өзін айтып отырған жоқ. Көтеріліс күшпен басылған соң, бытырап, тарап кеткен қолды (әскерді) айтып отыр. Бұл арада “Ала ту” әскер мағынасында қолданылған сөз – метонимия. Яғни қалың қолды (әскерді) қайтадан жинап алуды арман етеді – (құр ғана ала туды жиып алу емес). Бұл түсінігімізді өлеңнің келесі жолдары анықтап тұр. Әскерді жинап алған соң, жауға оқ жаудыруды: “Орма (?) мылтық тарс ұрып жауға ататын күн қайда?” деп ақын арман етеді. Осындай сөз образдарын басқа ақындар да қолданған. Мысалы, Бұхар жыраудың “Тілек” деп аталып жүрген толғау жырында: “Желкілдеген ту келіп, Жер қайысқан қол келіп, Сонда сасып тұрмасқа” деген өлең жолдары бар екені белгілі (Алдаспан, 141 бет).

Ал бірінші, үшінші басылымдағы “**Орма** мылтық” және екінші басылымдағы “**Орама** мылтық” деген сөздер дұрыс берілмеген, қате басылған. Және екінші басылымдағы “**Орама** мылтық” дегенді сондай мылтық болады деп ұғып, сол сөздің орайына қиыстырып түсінік берген.

“**Орама** мылтық” деп ескі қара мылтықты айтады. Пистоны дымқыл болып атылмай қалатындықтан сыртын шүберекпен орап жүруден шыққан”, – дейді (1962 ж., 15-бет).

“Орма” деген де, “орама” деген де мылтық болмайды. Дұрысында Махамбеттің айтатыны – **қорама** деп аталатын, ертеден елге әйгілі болған мылтық. Шоқан Уәлиханов “ХҮІІІ ғасыр батырлары туралы тарихи аңыз әңгімелер” деген еңбегінің ішінде Елшібек батырдың ерлігін баяндайтын әңгіме бар. Сол әңгіменің басында қалмақтың мергені суреттеледі. “В одной из пещер в степи засели калмыки. У входа сидел один стрелок с знаменитым тогда корамом черным ружьем...” – дейді. Сол мылтық туралы берілген түсінікте: “Корамом – дальнебойное, легендарное ружье казахского султана Ондана, погибшего во время войны с джунгарами (XVI в.) (Ч.Ч.Валиханов, Собрание сочинений, том 1, 1961 г., стр. 223, 664).

Осы келтірілген дәлелді сенімді деп біліп, Махамбет өлеңін: “Қорама мылтық тарс ұрып, жауға ататын күн қайда” деп дұрыстап оқуымыз керек болар.

“Айналайын Ақ Жайық” деп басталатын өлеңнің ішін-

дегі екі жолы: “Керт бұғыдай билерден, Ақыл сұрар күн қайда” деп бірінші, екінші басылымда да қате берілген, үшінші басылымда “Кертбұғалай” делінген. “Керт бұғы” деген сөзге екінші басылымда: “Керт бұғы – бұғының бір түрі” деп ақылға қонбайтын өрескел түсінік берілген.

“Керт бұғы” деген бұғының түрі (тұқымы) жоқ. Және бұл жануардың Махамбет өлеңіне араласатын жөні де, қисыны да жоқ. Ақынның қате басылып, қате түсінік беріліп жүрген сөзін түпнұсқасына келтіріп:

– **Кертбұғалай** билерден
Ақыл сұрар күн қайда? –

деп оқысақ дұрыс болады. Дұрыстығына көз жеткізу үшін, тарихи деректің бәрін бірдей тізбей-ақ, Мұхтар Мағауиннің “Қобыз сарыны” кітабының бастапқы беттеріне (5–10-бет) көз салсақ және ҚСЭ-ның 5 томын ашып қарасақ та жеткілікті.

“Кертбұға (шамамен – 1150–1225) – жырау, күйші композитор, аңыз кейіпкері. Руы найман... халық өлеңдері мен аңыз әңгімелерде Кертбұға ел қамқоры, дана ақсақал ретінде бейнеленген...” (405–406-бет).

Махамбет өлеңдерінің барлық басылымдарында қате басылып, ақын жырларының шырқын бұзып, мазмұн-мағынасына, көркемдігіне көріне нұқсан келтіріп тұрған сөздер көп. Оның бәрін тізіп айтып, талдау жасау бір мақала көлемінде мүмкін емес.

* * *

Махамбет өлеңдерінің үшінші басылымы “Ерулі атқа ер салмай” деп аталып, 1974 жылы шықты. Профессор Қ.Жұмалиевтен кейін ақын өлеңдерінің осы үшінші басылымын баспаға әзірлеген Берқайыр Аманшин екінші басылымы туралы:

“Белгілі әдебиетші ғалым Қажым Жұмалиев Махамбет өлеңдерінің 1939 жылғы басылымын даярлағанда, бұл жырлардың... тұңғыш басылымындағы орналасу тәртібін өзгерткен” – дейді. Қалай өзгерткенін көрсетеді және қандай өзгерістер жасалғанын айтады (109, 110-бет).

Б. Аманшин Махамбет өлеңдерін баспаға әзірлегенде 1962 жылғы басылымды негізге алғанын айта келіп: “Сосын Махамбеттің өмірі мен творчествосын зерттеудегі соңғы деректерге сүйеніп, ақын жырларының құралымына да, текстіне де қажеттігі күмәнсіз деп тапқан біраз түзетулер енгіздік” (110-бет), – дейді.

Бұрынғы басылымдарда ақын өлеңдерінің хронология-

лық тәртібі сақталмауын айта келіп: “Ақын жырлары әр жолы атакты “Ерулі атқа ер салмай” өлеңімен ашылатын да, оған жалғас “Соғыс” басылып жүрді. Көтерілістің соңғы кезеңінде туған бұл екі шығарманың ақынның бұлардан бұрынырақтағы өлеңдерінің алдында басылуы қай-қай жағынан да дұрыс емес-ті” (110-бет), — дейді. Қысқасы, екінші басылымдағы (1962) Махамбет өлеңдерінің орналастырылған тәртібін мүлдем өзгерткен: “Махамбет жырларын, бұрынғы дағдылы орындарын ауыстырып қайта түздік”, — деген.

Жұмалиев былай деген: “Махамбет өлеңдерін зерттеудегі қиыншылық, оның өлеңдерін хронологиялық ізбен зерттеуге бола бермейді. Бірен-саран өлеңдері болмаса, көпшілігінің-ақ жылдарын белгілеу мүмкін емес. Қай өлеңі бұрын шығарылып, қай өлеңі онан кейін еді — деген сұраққа үзілді-кесілді жауап беру қиын”. Осындай өте орынды пікір айта келіп: “Ал Махамбет өлеңдерінің тақырыбына, мазмұнына және жер аттарына қарап хроникалық жағынан екі бөлімге бөлуге болады: көтерілістің алғашқы кезеңі, яғни 1829 жыл мен 1838 жылдар және 1838 жыл мен 1846 жылдар арасы”, — дейді (1962 ж. жинақ, 164, 165-б.). Және Жұмалиев осы айтылған бағыт-бағдар бойынша 1962 жылғы жинақты баспаға әзірлеген. Сондықтан айтылған жылы, уақыты анық белгілі “Ерулі атқа ер салмай” өлеңін жинақтың басына кіргізген. “Соғыс” өлеңінде суреттелетін уақиға алғашқы өлеңнен бұрын болғанмен, өлең кейін Исатай өлген кезде шығарылған. Оған дәлел — өлеңнің “Қызғыштай болған есіл ер, Қайран да жұрттан не көрді? — деп аяқталуы. 1962 жылғы жинақта одан кейін келетін өлеңдердің бәрі көтеріліс басылғаннан кейінгі уақытта айтылған өлеңдер.

Махамбет шығармалары, негізінен, көркем сөзбен, өлеңмен айтылған көтерілістің шежіресі және Махамбеттің ақындық атак-даңқын шығарып, халыққа танытқан да, атын тарихта қалдырған да осы өлеңдері. Сондықтан Махамбет шығармаларының екінші басылымын әзірлеу мәселесінде Жұмалиевтің ұстаған қағидасы дұрыс деп білеміз. Әрине, мүмкін болған жағдайда, ақын, жазушылардың шығармасын хронологиялық тәртіппен бастыру ең дұрыс жол екені рас. Бірақ, бұл жолды Махамбет өлеңдеріне қолдану аса қиын және мүмкін емес.

Үшінші басылымда (1974) ең алдымен “Қоғалы көлдер, ком, сулар” деген өлеңді кіргізіп: “Халық толқуы әлі басталмаған шақта, бейбіт өмір, жастық шақ қызықтарын уағыздайтын” (110-бет) өлең дегенді дәлел етіпті. Дәл осы өлеңнің бір нұсқасы “Шаир” жинағында, “Әуелгі қазақ батырларының жырлары” деген өлеңдер қатарында басылған (34–35-

бет). Бұл өлең текстологиялық зерттеу қажет еді. Және өлеңнің он бірінші жолының бастапқы сөзі: “Садағына сары шіркей үймелеп” – деп басылған. Шыбын-шіркей өліп жатқан батырдың садағына үймелемейді. “Сағағына...” деп. “Шаирда” дұрыс басылып және сол “сағағына” сөзіне “тамақ түбіне” деп түсінік берілген.

Одан кейін “Ат – жігіттің майданы” деп басталатын жеті жол өлең беріліпті. Бұл өлең екінші басылымдағы “Арғымақ, сені сақтадым” (1962 ж. 79–80-бет) деген көлемі 28 жол өлеңнің ішнен алынған. “Ол өлеңмен мазмұны қабыспай тұрғандықтан, ырғағы, ұйқасы бөлек болғандықтан өз алдына өлеңге бөлінді” деген түсінік берілген (111 бет).

Одан соң келетін “Аспандағы боз торғай” дейтін 27 жол өлеңнің (21-бет) бастапқы 16 жолы екінші басылымдағы “Аспандағы боз торғай” (40-бет) өлеңнен, ал соңғы 11 жолы екінші басылымдағы “Пыр-пырлай ұшқан қасқалдақ” (48–49-бет) деген көлемі 30 жол өлеңнен алынған. Бұл өлеңнің қалған 19 жолын өз алдына жеке өлең етіп, “Күн болған” деген ат қойып басқан (91-бет).

“Аспандағы боз торғай” – бұрынғы тексінің соңғы жеті жолы алынып қалды (?). Оның орнына “Пыр-пырлай ұшқан қасқалдақтың” он бір жолы қосылды. Бұл соңғы өлеңнің қалған он тоғыз жолы “Күн болған” деген атпен басылды” (111-бет), – деп түсінік берген. Неге олай етілгеніне түсінік берілмеген

“Арғымақтан туған қазанат” (22-бет) 14 жол өлең. Екінші басылымдағы “Тайманның ұлы Исатай” деген өлеңнің соңғы бес жолын алып тастап, атын өзгертіп берген Түсінікте: “Аяғындағы бес жолы “Мінкен ерге” қосылды” (112-бет) деген.

Енді “Мінкен ер” өлеңін қарасақ (86 бет), 29 жол өлең боп шығыпты. Екінші басылымдағы “Мінкен ер” (9–10-бет) – 19 жол. “Мінкен ер – бұрынғы текстіңдегі соңғы төрт жолы алынып қалды. Бұрынғы “Біз неткен ер” деп аталатын өлеңнің басындағы сегіз жолы, “Тайманның ұлы Исатайдың” соңғы бес жолы қосылды” (122-бет) деген түсінік берілген.

“Айғайласып жауға ти” (24-бет) – 14 жол өлең. Екінші басылымдағы “Толғау” (20–21-бет) деп аталатын 30 жол өлеңнің соңғы 14 жолын алып, жаңадан ат қойылған.

“Айғайласып жауға ти” – бұрын “Толғау” деген өлеңнің құрамында басылып келді. Жаңадан ат қойып, “**бөлек өлең жасадық**” деп түсінік берілген (112-бет). Сөйтіп кете береді.

“Арқаның қызыл изені” (25-бет) – 10 жол өлең. Екінші басылымда да солай аталады (75–76-бет), көлемі 32 жол. Сол 32 жол өлеңнің бастапқы он жолы ғана алынған. Қал-

ған жолдары басқа бір өлеңге қосылған. Одан қалғанынан жаңадан жеке өлең жасалған. “Арқаның қызыл изені” – өлеңнің бұрынғы тексіндегі “Өлгенде бекер жыламадан” кейінгі үш жолы мағынасына қарай “Қарағай шаптым шандоздапқа” қосылды. Одан кейінгі бөлігі бөлек өлең түрінде басылды (“Көшер еді-ау біздің ел”) деп түсінік берілген.

Махамбет өлеңдерінің үшінші (1974) басылымын “әзірлегенімізде 1962 жылғы... ең соңғы басылымын негізге алдық” дегенмен, ол басылыммен аса санаса қоймағаны байқалады. “Махамбеттің өмірі мен творчествосын зерттеудегі соңғы деректерге сүйеніп, ақын жырларының құрылымына да, текстіне де қажеттігі күмәнсіз деп тапқан біраз түзетулер енгіздік” (110 бет) дегендері де жадағай айтылған сөз сияқты. Сүйенген деректер аталмайды, түзетулер де біраз емес, көп көрінеді. Ақынның ешбір күдік туғызбайтын белгілі өлеңдеріне басқа өлеңдерінен алып сөз қосу, не болмаса, белгілі өлеңінде өз орнында тұрған сөздерді алып тастап, басқа бір өлеңіне апарып кіргізу сияқты “түзетулер” баршылық. Мысалы, Махамбеттің “Соғыс” аталып жүрген белгілі өлеңі екінші басылымда (1962 ж. 7–8-бет) 54 жол. Үшінші басылымда (1974., 42–43-бет) 47 жол болып басылыпты. Екінші басылымдағы өлеңнен “Жау бір өрттей қайнады... Мылтығын қардай боратып, жетіп келді камалға, Қамалды бұзып аларға”, – дейтін жолдардан кейін келетін:

– Толғай-толғай оқ атқан,
Он екі тұтам жай тартқан,
Қабырғасын қақыратқан,
Тебінгісін тесе атқан,
Тізгінінен кесе атқан,
Біздің қайсар батырдың
Жүрегін сөйтіп оятқан, –

дейтін, өз орнында қисынымен тұрған жеті жол өлең алынып тасталған. Алып тастағаны туралы: “... Нақты оқиғаны суреттеген сюжетті шығарманың төсегінен бұл жолдардың оқшау тұрғаны анық. Және бұл шумақта ақынның айтпақ ойы аяқталмағаны бадырайып тұр.

– Біздің қайсар батырдың
Жүрегін сөйтіп оятқан, –

делінеді де кімнің, яки ненің “сөйтіп” оятқаны белгісіз, яғни сөйлемнің “бастауышы жоқ” деп “түсінік” берілген (115-бет).

Бұл түсінік – сөздің сыртына ғана үстірт караудан, ішкі мағынасын аңғармаудан, логикалық байланысын байқай ал-

маудан туған үстірт түсінік. Осы алып тасталған жеті жолдың алдындағы өрттей қайнап, мылтығын қардай боратып келіп қалған жау тасқыны суреттелетін өлең жолдарына көз жіберіп, көңіл аударсақ, бәрі де түсінікті, анық та айқын. Сондықтан өлең ішінде өз орнын дәл тауып, өз қызметін жақсы атқарып, өлеңді күшейтіп, көркейтіп тұрған сөздерді алып тастау — ақын мұрасына мұқият қарай алмаудан туған, абайламай жасалған қиянат болады.

“Соғыс” жырынан алынып қалған 7 жол өлеңді қайда апарып орналастырғаны туралы былай делінген: “Қ. Мырзалиевтің материалдарында осыған ұқсас бір шумақ өлең былай аяқталады... (жеті жол өлең келтірілген. — Қ.М.). Бұл жолдар бұрынғы аяқталмай тұрған шумактың қисынды жалғасы екені көрініп тұр. Біз бұл шумактың Қ. Мырзалиев материалдарындағы нұсқасын алып, оған бұрынғы текстінің мұнда жоқ екі жолын қостық. Сосын бір үзіктің, жоғарыда айтылғандай, мазмұн жағынан да “Соғысқа” жанасымы жоқ болғандықтан өз алдына дербес өлең түрінде бердік те атын “Өкініш” қойдық” деп түсінік берілген (115—116-бет).

Енді жанадан жасалған “Өкініш” атты өлеңді оқып көрейік:

— Толғай-толғай оқ атқан,
Он екі тұтам жай тартқан,
Қабырғасын қаусатқан,
(Махамбетте: қақыратқан)
Тebiнгісін тесе атқан,
Тізгінінен кесе атқан,
Теспей қанын зулатқан
(Бұл жол Махамбетте жоқ).
Біздің қайсар батырдың
Жүрегін сөйтіп оятқан.
Кешегі Орақ пенен Мамайдай
Батырлар, шіркін, болар ма-ай!
Олардай болып жүруге
Біздерге қуат толар ма-ай!
Қазақтан бір құлт кетті деп,
Біздерге нәубат жетті деп,
Бұзылды көңілім жыларға-ай!

Бастапқы жеті жол Махамбеттің “Соғыс” өлеңінен алынғаны белгілі. Соңғы жеті жол өлең “Қ. Мырзалиев материалдарындағы нұсқасынан алынғандығы” жоғарыда айтылды. Бұл соңғы жеті жол Махамбетке тән өлең емес.

Идеялық мазмұны жағынан таяздығын, өлеңдік түрі жұтаңдығын былай қойғанда, “Кешегі Орақ пенен Мамай-

дай, Батырлар шіркін болар ма-ай!” деген сөздердің өзі-ақ Махамбеттің өлеңі еместігіне айғақ болып тұр. Исатайға ешбір батырды тең келеді деп білмеген, өлеңдерінің өн бойында Исатайды ғана ардақтап: “Бұл фәнидің жүзінде Арыстан одан кім өткен?” дейтін Махамбет өзінен төрт ғасыр бұрын өткен ноғайлы заманының Орақ, Мамайларын аузына алмаған ақын. Махамбеттің бүтін тұрған өлеңінен жеті жолын жырып алып, оған Орақ, Мамайды арман еткен басқа бір ақынның жеті жол өлеңін қосақтап, қолдан “Өкініш” деген өлең жасаудың өзі өкінішті-ақ.

Ақынның “Тарланым” атты атақты өлеңінде (60–61-бет):

– Еңселігі екі елі,
Егіз қоян шекелі,
Жараған теке мүшелі,
Жауырыны жазық, мойны ұзын,
Оқ тартарға қолы ұзын, –

деген бес жол өлең қисынсыз қыстырылып, қосылғын. Бірінші, екінші басылымдағы “Тарланым” өлеңінде ондай өлең жолдары жоқ (1925, 16–18-бет, 1962, 11–12-бет). “Еңселігім екі” деген – екінші басылымда көлемі он бес жол, жеке өлең (82-бет). Осы өлеңнің “Еңселігім екі елі” деп басталатын бастапқы бес жолы алынып, үшінші басылымда “Тарланым” өлеңіне қосылуы туралы берілген түсінікте: “Тарланым” өлеңінің аяқ жағына “Еңселігім екі” деген өлеңнің басқа бес жолы қосылды. Өйткені Махамбет өзі туралы: “Еңселігім екі елі, Егіз қоян шекелі”, – деген бағытта сөйлеуі оғаштау. Әрі бұл жолдардың ырғағы ақынның Исатайды мадақтаған “Тарланымына” құйып қойғандай жақын (118-бет) – делінген. Бұндай түсінікті нанымды дей алмаймыз. Тіпті “жараған теке мүшелі” деген образдың өзі Исатай тұлғасына қонымды болып тұрған жоқ.

Екінші басылымдағы “Тар қамау” (1962 ж., 63-бет) атты он бес жол өлең мен “Толарсақтан саз кешіп” (19-бет) аталатын атақты өлеңнің үшінші басылымда (1974) өрескел өзгеріске ұшырағанын көреміз.

Үшінші басылымдағы “Тар қамау” (45-бет) өлеңінде, осы өлеңнің екінші басылымдағы бастапқы бес жолы алынып тасталған да, оның орнына екінші басылымдағы “Толарсақтан саз кешіп” (сегіз жол) дейтін жеке өлеңді салған. Одан соң екінші басылымдағы “Тар қамау” өлеңінің соңғы он жолы қосылып, он сегіз жол өлең болып өзгеріп шыққан.

Үшінші басылымдағы “Тар қамауға” кіргізілмей тасталған, екінші басылымдағы “Тар қамаудың” бастапқы бес жол өлеңі:

– Маң-маң басқан сары атан,
Маңғыстап шығар өріске.
Бұрынғыдай қарыштап,
Қона алмадың қонысқа,
Келе алмадың келіске... –

Енді осы бес жол өлеңге басқа бір жақтан сегіз жол өлең алып қосып, “Қоштасу” деген ат қойып, “бөлек өлең жасаған”. Осы өзгертулерге берген түсінікте: “**Тар қамау**” – Бұрынғы басылымындағы басқы бес жолына Қ.Мырзалиев материалдарынан сегіз жол өлең қосып, “Қоштасу” деген атпен бөлек өлең жасалды. Қалған жолдары “Толарсақтан саз кешіппен” біріктірілді”, – деген (116-бет).

“Қ.Мырзалиев материалдары” дегені – “Қазақ әдебиеті” газетінде, 1971 жылы жарияланған: “Махамбет жырлары” дейтін мақала. Қ.Мырзалиев ол мақаласында “Махамбет өлеңдері” деп жазылып алынған бұл жолдарда осы кезге дейін басылып келген жинақтарда ұшыраса бермейтін тың жолдар кездеседі. Бұл жолдарды айтып беруші жыршы – Шамшиденов Тілекқабыл... Жыршы екі өлеңге түсініктеме беріп айтады. Біріншісі, Тайсойған деген жерде Исатай қалып, Махамбеттің кетер жердегі қоштасу сөзі делінеді. Бұл өлең – 25 жол. Мазмұнына қарағанда, екі бөлек айтылған сөз сияқты”, – дейді.

25 жол өлеңді газетте екі бөлек етіп келтіріп, соңғы 13 жолы туралы: “Махамбеттің басылып жүрген “Тар қамау” өлеңімен жуықтасады: “Тар қамаудағы” “Келе алмадық келіске” деген тармақ жаңа табылған тың жолдармен ұштасады:

– ... Маң-маң басып, маң басып,
Екі аяғын тең басып,
Әкем келсе өрістен,
Көзін салып байқар ед
Біздің мына жүріске.
Қанша жылап жалынып,
Айтсамдағы болмадың
Иса-еке, болдың **еріспе.**
Енді жалғыз кетемін,
Саладан сала өтемін,
Қолыңды бер де аман бол,
Күн болар ма, болмас па,
Қайта айналып көріске!

Бұл жолдардың мазмұнына қарағанда, сол бір жорықты күндерде Махамбеттің бір сапарға шығу-шықпауы жайында

Исатаймен екеуінің арасында пікір алшақтығы болған сияқты дейді Қ.Мырзалиев (“Қазақ әдебиеті”, 6 август, 1971 ж.).

Үшінші басылымда осы өлеңнің соңғы сегіз жолы алынып, “Қоштасу” деген өлең “жасалған” екен.

Үшінші басылымдағы: “Бөлек өлең жасадық”, “Бұл өлең жаңадан түзілді”, “Бөлек басылды”, “Екі өлең қосылды”, “Жаңадан 8, 6 жол қосылды”, “Жаңадан ат қойылды” деген сияқты сөздер көңілді алаңдатып, еріксіз күдік туғызады.

Тағы бір мысал келтірейік. Екінші басылымдағы “Қайда бар” (25-бет) деген 17 жол өлеңнің бастапқы 7 жолын алып, “Орай да борай қар жауса” (17-бет) аталатын 19 жол өлеңнің соңғы 6 жолын алып және “Арғымаққа оқ тиді” (46-бет) дейтін 15 жол өлеңнің соңғы 6 жолын алып, осының бәрін біріктіріп, “Ақсұңқар құстың баласы” деген ат қойып, жаңадан өлең жасалған (1974 ж., 97-бет). Осы сияқты өзгеріске ұшыраған өлеңнің бәріне бірдей тоқталып, пікір білдіру бір мақалада мүмкін емес.

Махамбеттің өлеңдерінің ішіндегі ең көлемдісі – “Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі”. Бұл өлең екінші басылымда (1962 ж., 52–59-бет) 12 тармақ, 210 жол.

Үшінші басылымда өлеңнің 6 тармағы қысқартылған, 155 жол. Өлеңге берілген түсінікте: “Өлеңді бұл басылымда қайтадан түздік. Біз негізге алып отырған 1962 жылғы басылымдағы” I, II, III, IV және VI тармақтары бірнеше дербес өлең болып, я жекелеген шумақтары мен жолдары басқа өлеңдердің құрамына енгізілді. Мұның әр қайсысына сол өлеңдерге берген түсініктерде жазып отырдық. Өлеңнің қалған тармақтары мазмұн қисынына қарай қайта орналастырылды. Кейбір сөздері 1925 жылғы басылымдағымен түзетілді. Осы өлеңмен арқауы бір де, бұрын басқа өлеңдердің ішінде жүрген шумақтар орнына салынды”, – делінген (126-бет). Бұндай күрделі, шетін (деликатный) мәселеге тоқталып, пікір айтуды мақала көлемі көтермейді.

Екінші басылымда өлеңнің рет тәртібі “Ерулі атқа ер салмай” жырынан басталса, үшінші басылымда ол өлеңнің алдында 28 өлең берілген. Үшінші басылымға, бұрынғысы бар, жаңадан қосылғаны бар, барлығы 71 өлең кіргізілген.

Үшінші басылымды әзірлеген Б.Аманшин жолдас Махамбет өлеңдерінің ішінде қате басылып жүрген бірнеше сөзді, бұрынғы басылымдарды салыстыра отырып және өлеңнің идеялық мазмұнына зер салып қарап, дұрыс түзетіп, алғашқы қалпына келтірген. Жинақтың соңында ақын шығармаларының және Махамбеттің өмірі мен творчествосы туралы жазылған жұмыстардың библиографиясын бергені дұрыс болған.

Махамбет өлеңдерін сапалы етіп шығаруға барынша тырысып баққан. Бірақ мақсаты, ниеті дұрыс болғанмен. Ұстаған бағыт-бағдары дұрыс болмаған. Ақын өлеңдеріне “түзету”, “жаңадан түзу”, “қайта түзу”, “бөлек өлең жасау” деген сияқты ғылымға сәйкеспейтін жолға түсіп кеткен. Сондықтан Махамбет ақын шығармаларының үшінші шығармаларының үшінші басытымы сапалы болып шықпаған.

Сөйтіп, Махамбет мұрасына сақтықпен қарап, ұқыпты түрде терең зерттеу аса күрделі мәселе.

Ақынның өмірі мен творчествосын көп зерттеп, көп еңбек жазған әдебиетші ғалым Қ. Жұмалиев: “Махамбет шығармаларын жинауда болсын, зерттеуде болсын бұл жинақ Махамбетпен шұғылданушылардың соңғы сөзі емес” — деген (1962 ж., 232-бет).

1985 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясы, М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты әзірлеп шығарған “ХІХ ғасырдағы қазақ поэзиясы” атты жинақ кітабына Махамбет шығармалары да кіргізілген. Бірақ ақын өлеңдерінің кітапта дұрыс басылып шығу мәселесі ескерілмеген. Текстологиялық жұмыс жүргізілмеген. Бар болғаны: “Ұсынылып отырған кітапта ақын шығармаларының алғашқы басылымдары (1925, 1962) негізге алынды, жеке жайларда кейінгі екі басылымы да (1974, 1979. — Қ.М.) ескерілді”, — делінген (302-бет). Бұрынғы басылымдардағы қате басылып жүрген сөздер сол қалпында қайталанып берілген. Тіпті бірінші басылымда қате басылған сөздер, екінші басылымда (1962) түзетіліп, дұрыс берілген болса, ол сөздер қабылданбаған. Бірінші басылымдағы қате басылған сөздер сол қате басылған күйінде қайта қалпына келтіріліп берілген. Мысалы, “еңкейіңкі”, “қирдан”, “қиқарланып” (62, 63-бет) тағы басқа сөздер.

Мұхтар Әуезовтің: “Абай сөзі” деген сөз бір-ақ жол болса да, Абайша шықса жарасар, Абайдың Абайлығы да сонда шығар. Осы Абай өлеңдерінің санын көбейтейік деп өзеурегенше. бар сөзінің кенеуін кетірмейік деп көбірек ойланайық. Абай сөзін көбейтеміз деп, көбік етіп алмайық. Жауаптырақ қарайық” деген өсиет сөзі Махамбет мұрасын зерттеушілердің де есінде ерекше сақталатын үлгі-өнеге болуы керек.

Махамбеттің асыл мұрасын терең зерттеп, таза сақтап келешек ұрпаққа жеткізу — әдебиетші, тарихшы ғалымдарымыздың тарих алдындағы абыройлы борышы деп білеміз.

16 май, 1986 жыл.

КЕЛЕЛІ ІСКЕ КЕМЕЛДІК ЖАРАСАДЫ

ҚСЭ-сындағы кейбір мақалаларда берілген тарихи деректер жайында

Ұлт болып қалыптасып, шаруашылықтың сан алуан саласында табыстан табысқа жетіп, мәдениеті өркендеп, өрлеп өскен қазақ халқының тамаша жеңіс-жетістіктерінің тағы да бір айғағы — қазақ халқының тарихында тұңғыш Қазақ Совет Энциклопедиясының (ҚСЭ) жасалып, жарыққа шыға бастауы — саяси маңызы зор, үлкен тарихи оқиға.

ҚСЭ-сы — өнер-білімнің бір ғана саласынан анықтама-мағлұмат, энциклопедия емес. “ҚСЭ-сы барлық өмір саласынан білім беретін сан алуан ғылымның анықтама жиынтығы...”, өнер, ғылым, әдебиет, мәдениет, мемлекет, қоғам қайраткерлерінің өмірі мен еңбегі жайында нақтылы тарихи, ғылыми дерек-мағлұмат беретін, өмірдің, тарихтың, табиғаттың сан алуан елеулі мәселелерінен ең қажетті мәліметтер беретін ғылыми шежіре энциклопедия..

Энциклопедияның бас редакторы, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, үлкен ғалым, жан-жақты терең білімді әдебиетші, әдебиет сыншысы — Мұқаметжан Қаратаевтың ҚСЭ-сын жасауда ұйымдастыру жұмысындағы қабілетті қайраткерлігін, ерекше іскерлігін, қажырлы, байыпты басшылығын зор құрметпен атап айтамыз.

Көрнекті ғалымдардың, өнер мен қалам қайраткерлерінің, өнеркәсіп пен шаруашылық мамандарының аянбай ат салысуының нәтижесінде ҚСЭ-ның он екі томы басылып шықты.

“Бас редакциядан” деген мақаланың (1-том) соңында: “Біз бұдан былай ҚСЭ-ның барлық томының сапалы шығуына ғалымдарымыз бен мемлекет және қоғам ұйымдары белсене қатысып, күш-көмегін бере береді деп сенеміз” делінген.

“Күш-көмек” деген сөз. ҚСЭ-сына өзіне қанық мәселе жөнінде мақала жазып, ат салысатын мамандарға арнап айтылса да, Бас редакция сонымен бірге, энциклопедияда жазылған мақалалардың ішінде әркімнің байқаған кемшіліктері болса, дәлелдеп айтып, жазып, ҚСЭ-ның сапалы болып шығуына іс жүзінде нақтылы күш-көмегін көрсетіп, пікір айтуларын өтінгені деп білеміз. Шынында да солай және дұрыс айтылған. Бас редакция ҚСЭ-ның басылып шыққан томдары түгелдей сапалы болып шықты, кемшілігі

жок, мінсіз деп жайбарақаттыққа салынып отырған жок. Кеткен кемшіліктер болса, ҚСЭ-сын оқыған адамдардың байқағандарын білсек екен деп отыр. Мақалаларда берілген деректерде, мәліметтерде шындыққа жанаспайтын қателіктер байқалса, сол қателіктерді дәлелдеп ашып айтып, алдағы уақытта ондай олқылықтарды толықтырып, түзетуімізге көмектессе екен деген игі тілек білдіріп отыр.

Бас редакция онымен де қанағаттанып қоймай, жер-жерге өзінің өкілдерін жіберіп, елдің пікірін, ҚСЭ-на қоятын талап-тілектерін естіп, біліп, орынды ұсыныстар болса, елеп-ескеріп, ҚСЭ-ның жұмысын онан әрі жетілдіріп, жақсарта беруді мақсат етуі өте орынды, игілікті іс деп білеміз.

Энциклопедияның мән-маңызы, жетістіктері жайында баспасөз жүзінде аз жазылған жок.

Энциклопедияда басылған мақалаларда берілетін тарихи, ғылыми мағлұмат, анықтама, деректерде, түсіндірмелерде, жалпы мәліметтерде тарихи шындыққа, ғылымға қайшы келетін қате, жаңылыс, үстірт қорытындылар болмауы шарт. Қандай мақала болмасын нақтылы тарихи деректер негізінде терең зерттеліп жазылуы даусыз қағида екені мәлім.

Мақалада, анықтама, түсіндірмелерде жаңылыс, қате жазылған кемшілік, олқылықтар болса, олардың мынасы ойсыраған олқылық емес, мынасы болымсыз ғана кемшілік қой деп қарауға болмайды. Энциклопедияда мүлт кеткен дейтін, елеусіз нәрсе ғой дейтін қателікке орын жок.

ҚСЭ-ның басылып шыққан томдарында байқалған үлкенді-кішілі кемшіліктер, жаңылыс берілген мағлұмат, деректер, мүлт кеткен қателіктер болса, оларды ашып айтып, дәлелдеп көрсету, энциклопедияның қосымша ретінде қайта басылатын кітаптарында түзетіп, толықтыруға, алдағы уақытта шығатын кезекті томдарының мінсіз, сапалы болуына іс жүзінде көрсетілген нақтылы көмек болмақ.

Біз осы тұрғыдан қарап, ҚСЭ-ның қолымызға тиген томдарында басылған кейбір мақалаларда дұрыс берілмеген деген мағлұмат, деректер жайында ғана жазбақпыз. Онда да, ерекше көңіл бөлетініміз, өз мамандығымызға қатысы бар мақалалар болмақ.

Абайға арналған мақалада (I том) ақынның туған жылын 10 август 1845 ж., қайтыс болған уақытын 6 июль 1904 ж. деп көрсеткен. Абайдың дүниеден қайтқан күні, айы дұрыс көрсетілмеген. Дұрысы Абай 23 июньде дүниеден қайтқан. “Мағауияның өлімінен кейін қырық күн отырып, 23 июньде 1904 жылы, алпыс жасында қайтыс болды”, – дейді Мұхтар Әуезов. Ал Мағауияның 1904 жылы 16 май күні қайтыс болғаны жөне белгілі.

“Энциклопедияны пайдаланушылардың есіне” (I том) деген мақалада: “Өмірбаяндық мақалаларда қайраткерлердің фамилиясы мен атынан кейін жақша ішінде оның туған, өлген жылдары мен туған және өлген жерлері көрсетіліп отырады. Егер ол даталар жыл санаудың ескі (Юлиан) стилі қолданылған кезге жататын болса, жақшада жаңа Григориан стилімен де көрсетіледі. Мысалы, “Аксаков Сергей Тимофеевич 20.9 (1.10). 1791, Уфа-30.4 (12.5) 1850, Москва — орыс жазушысы” деп дұрыс айтылған. Бірақ бұл қағида Абай және басқа қайраткерлер туралы өмірбаяндық мақалалардың көпшілігінде сақталмаған.

Энциклопедияда: “Абай (Ибраһим) Құнанбаев (10.8.1845 — 6.7. 1904) — қазақтың ұлы ақыны...” деген. Дұрысында: “А б а й (Ибраһим) Құнанбаев (10.8) (22.8). 1845 — (23.6.) (5.7) 1904 — қазақтың ұлы ақыны...” — деп берілуі керек еді.

Абайға арналған мақалада ақынның әкесі Құнанбай туралы: “ Патша үкіметі оны ХІХ ғасырдың орта тұсындағы бір сайлауда Қарқаралы дуанының аға сұлтандығына бекіткен” деген. Тарихи деректі дәл беру қажет еді, яғни Құнанбайдың туған, өлген жылдары (1804—1885) және қай кезде, қанша уақыт аға сұлтан болғаны (1849—1853) көрсетілуі керек еді.

Абайдың шешесі Ұлжан туралы: “Ол Арғын ішіндегі Қаракесек руының шешендік, әзіл-ажуамен атағы шыққан Шаншар тобының (!) қызы екен” делінген.

Абайдың шешесі жайында толығырақ айту қажет еді. Ақынның нағашы жұртынан алған үлгі-өнегесі де аз болмаған. Арғысы атақты Битен мен Шитен, бергісі әйгілі шешен, әзілқой, тапқыр, мысқылшылдар — Қантай, Тонтай, Жантайлар. Ұлжанның әкесі Тұрпан — Тонтайдың інісі екенін анықтап жазған дұрыс болар еді.

Мақалада Ұлжаннан Тәкежан (Тәңірберді), Абай, Ысқақ, Оспан деген төрт ұл туады. Абайдың “Атадан алтау, анадан төртеу, жалғыздық көрер жерім жоқ” деуі сондықтан”, — деп жазып, өлең жолдарындағы: “Атадан алтау” деуінің себебі анықталмай калған. Жалпы оқушы жұртшылыққа түсініксіз.

Абайдың Семейде көп оқи алмаған себебіне келгенде: “Сол кезде әкімшілік жұмысынан қол үзуге айналған, тек дінмен шұғылданып, Мекеге қажылыққа баруға дайындалған Құнанбай ел басқару істерінде келешекте өзінің орнын басады деп дәмеленіп, Абайды 13 жасында оқудан шығарып қасына алады”, — делінген. Бұл 1858 жыл болатын. Ол кезде Құнанбай 54 жаста, тұғырдан түспеген, ел басқару,

оқимшлік жұмысынан қол үзбеген кезі. Және ол кезде Мекеге баруды да ойламаған болар. Құнанбай “Кейін 70 жастар шамасында, өмір-биліктен тоқталып, Мекеге барды”, — деп жазады Мұхтар Әуезов (яғни 1874 жылдар).

“...Абай 70-жылдардың бас кезінде (?) Тобықты руындағы Қоңыр Көкше дейтін елге болыс болып тағайындалады”, — деп болжау-мөлшермен жазылған. Бұл жөнінде архив документтеріндегі нақтылы тарихи деректер ескерусіз қалған.

Архивте сақталған документте Абайға жаулары жалған жала жауып, ұзақ уақыт тергеу жүргізілгені айтылады. 1878 жылы тергеушіге берген жауабында, Абай өзінің 1875 жылдан 1878 жылға дейін болыс болып, үш жыл өткен соң, болыстық қызметінен өзі бас тартып босағанын, халықтан алғыс алғанын айтады.

Мақалада: “Абай тұсында казак балаларына қолайлы оқу орны мектеп-интернат еді. Соның бір-екеуі... Абай тұсында Семей қаласында болған. Абайдың “Интернатта оқып жүр” деген өлеңі осы тақырыпқа арналған”, — дейді. Шынында Абай: “Интернатта оқып жүр, талай қазақ баласы” деп Семейде ашылған бірер интернатқа арнап өлең жазбаған. Саны көп, сапасы аз, “талай қазақ баласы оқып жүрген” интернат етек алып, жайылып кеткен соң жазған. Оны тарихи деректер дәлелдейді: Мысалы, 1871 жылдан бастап, 1879 жылға дейін: Павлодар, Семей, Қарқаралы, Ақмола, Атбасар, Омбы қалаларында қазақ балалары оқитын интернаттар ашылса, қыз балалар оқитын интернаттар Ақмола, Петропавл, Атбасар, Көкшетау, Қарқаралы, Павлодар, Омбы қалаларында ашылған. Осының бәрі жылжылымен, қашан, қай жерде қандай интернаттар ашылғаны тарихи документтерде айқын көрсетілген. Абайдың: “Интернатта оқып жүр, талай қазақ баласы” деуі сондықтан болар деп білеміз.

Мақалада: “Абайдың Петербургте оқыған баласы Әбдірахман ағайындас інісі (?) Мұқа скрипка ойнаса...” - деп келетін сөйлем бар. Шындығында Мұқа (Мұқаметқанафия) Әділханов Уақ руынан, Абай елімен көршілес Көкен деп аталатын елдің адамы.

“Абай жалғыз өз өсиетін қанағат қылмай, жастардың сезім тәрбиесін толықтырмақ болып, көбіне музыка үйретпекші болады. Сол мақсатпен Көкен еліндегі Мұқа деген скрипкашыны қолында ұстайды”. — дейді Мұхтар Әуезов. Сөйтіп, Мұқа Әбдірахманның “ағайындас інісі” емес. Және Әбдірахманнан 11 жас үлкен адам (1857—1927). Мұқа туралы 1905, 1907 жылдан бастап, одан соң, 1933

жылдан бері басылып келе жатқан, Абай өмірбаянында толық айтылады. “Абай жолы” романында да Мұқаның кім болғаны суреттеліп жазылған.

Энциклопедияда Абайға мол орын берілген (9–16-беттер). Абай өміріне байланысты мағлұмат, тарихи деректерді дұрыстап, толық етіп беруге болатын еді. “Абайдың Жидебайдағы қыстауы” деген мақалада (1 том. 17–18-беттер): “Жидебай аталатын шұрайлы жерді ХІХ ғасырдың 2-жартысында Құнанбай балаларының бірі — Абайдың інісі Оспан иемденіп, үлкен қыстау салдырады... Оспан қайтыс болған соң оның үй-ішіне, шаруашылығына қамқорлық жасау мақсатымен, Абай өзінің ескі мекені — Ақшоқыдан Жидебайға қоныстанады... Ақын бейітінің басына 60-жылдардың бас кезінде ескерткіш құлпытас салынды”, — деген. Шындығында, Абай ұрпақтарының айтуы бойынша, Жидебайдағы кейінгі қыстау 1895 жылы салынған. Абай өзі салдырған. Осы үйде 9 жыл тұрған. Және Абайдың Жидебайға келу себебі, Оспан өлген соң, оның шаруашылығына қамқорлық жасау емес еді. Оспанның бәйбішесі — Еркежанға үйленіп, сонан соң Жидебайға келген. Ақын бейітінің басына салынған құлпытас емес, 1960 жылы Абай бейітінің үстіне биіктігі жеті жарым метр граниттен жасалған ескерткіш орнатылған.

“Абай музейі” атты мақалада (18-бет) музейдің ашылған уақытын: “16 октябрь 1940 жыл” деп дәл көрсету керек еді. Ол көрсетілмеген және осы мақалада, музейде Пушкиннің, Салтыков-Щедриннің ертеде шыққан кітаптары сақтаулы тұрғанын айта келіп: “Бұларды кезінде Абай оқыған, кейбірінде оның қолтаңбалары да кездеседі”, — деп жазылған. Абайдың қолтаңбаларын көруге құштар адам аз болмас. Егер сондай адамдар энциклопедиядан мынадай қуанышты жаңалықты оқып алып, ақын музейінен Абай қолтаңбаларын көреміз деп келсе, ондай қолтаңба болмай шықса, қандай қолайсыздық болар еді. Шындығында, музейдегі ешбір кітапта Абай қолтаңбасы жоқ.

“Абайтану”, “Абай тілі сөздігі” атты мақалалар (18–19-беттер) туралы пікір білдіру үшін, арнайы жеке мақала жазу керек болады.

Ақылбай Абайұлы Құнанбаевқа арналған мақалада (238-бет) ақынның: “Жаррах”, “Дағыстан”, “Зұлыс” поэмаларын жазғаны аталады. Оның ең елеулі шығармасы — “Дағыстан”. Осы поэмаға тоқтала келіп, аяғында: “Бірақ поэма толық сақталмаған”, — дейді. Шындығында, ақынның бізге толық сақталып жеткен поэмасы осы “Дағыстан”. Сақталмағаны — “Жаррах” поэмасы да, толық сақталмағаны — “Зұлыс” поэмасы.

Ақмолла ақынның өмірбаяны дұрыс берілмеген. Энциклопедияның 213–214-бетінен ақын туралы: “Ақмолла” – лақап аты, шын аты – Мұфтахетдин Мұхамедияров (14.2.1831, Уфа губ. Белебей уезі... – 21.10.1895, қазақ жері)... әкесі – қазақ, шешесі – башқұрт. Өгей әкесі Камалетдиннің қолында тәрбиеленген”, – делінген. Дұрысында Ақмолла (Мұфтахетдин) 1831 жылы 26 декабрьде (ескі стиль бойынша 14 декабрь) туып, 1895 жылы 8 октябрь күні кісі қолынан қаза тапқан, сүйегі Миас қаласының зиратында жерленген. Туған әкесінің ұлты башқұрт, молда болған адам. Әкесінің аты-жөні – Камалетдин Ишмұхаметұлы, шешесі – Бибігүлсім Сәлім қызы. Энциклопедияда Ақмолланың әкесі – Мұхамедияр, қазақ деп жазылғаны дұрыс емес. Ақмолланың әкесі Мұхамедияр деген қазақ еді, ол өлген соң, шешесін Камалетдин деген татар алған деген лақаптың қайдан туғаны жайында, Ақмолланың туғанына 150 жыл толған мерекесіне арнап жазған “Үш халыққа ортақ ақын” атты мақаламызда (“Семей таңы” газеті, 26 декабрь 1981 ж.) толық жазғанбыз. Октябрь революциясынан кейін Ақмолланың тұңғыш өлеңдер жинағын 1935 жылы Сәкен Сейфуллиннің бастырып шығарғаны да (Ақмолла. Өлең жинағы. Алматы, 1935) энциклопедияда аталмай, ескерусіз қалған.

КСЭ-ның бірінші томынан орын алған ақындардың бірі Ақылбек Сабалов (238-бет). Бұл арада осы ақын жөнінде қысқаша болса да айта кетуді орынды деп білдік. Бір кезде қисса-дастандары, өлең-жырлары Қазан қаласының баспасынан бірінен соң бірі, едел-жедел кітап болып басылып шығып, халыққа мол тарап, бүкіл қазақ даласына аты әйгілі болған Ақылбек ақынды қазіргі жұртшылықтың көбі біле бермейді. Өйткені, ақынның революциядан бұрын шыққан кітаптары қайтадан басылып жарық көрген емес. Ерте-ректе шыққан шығармалары қазір қолға түспейтін болып кетті. Ақылбек кітаптары Москва, Ленинград, Қазан сияқты қалалардың үлкен кітапханаларында ғана сақталады. Және де ақынның өмірі мен ақындық қызметі ешқашан да арнайы терең зерттеліп, жазылып, ешбір жерде жарияланған жоқ.

Сонда да оның есімі мен еңбегі мүлдем ұмытылып кеткен жоқ. “Қазақ ССР тарихында” (1 том, 582-бет), “Қазақ әдебиеті тарихында” (2 том, I-кітап) және Мұхтар Әуезовтың қазақ әдебиеті тарихын зерттеу мәселесі жайындағы мақаласында, әдебиетімізге мол еңбек сіңірген ақындардың қатарында Ақылбек Сабалов та аталып жазылған. “Қазақ ССР тарихында”: “Шәді Жәңгіров, Ақылбек Сабалов, Шахниғмет Шахсейтов, Айтмағамбет Белгібаев сияқ-

ты ақындар қазақ әдебиетіне өздерінің үлесін қосты. Олар Шығыстың классик ақындарының шығармаларын қазақ тіліне аударды. тарихи уақиғаларды, аңыздарды, ертегілерді эпостық жырға айналдырды. Араб, парсы және басқа көптеген түрік тілдерін жетік білетін бұл ақындардың көпшілігі халықтар мен елдердің тарихын қызғылықты уақиғаларды суреттеумен ұштастыра жазып отырды. Олардың жазған поэмалары халық арасына кең таралды, ал кейбіреулері тіпті бірнеше рет басылып шықты”, – деп жазады. Ақылбек Сабаловтың Қазан баспасынан 1911–1912 жылдары, екі жылдың ішінде, он бес кітабы (бізге белгілісіз ғана айтып отырмыз) басылып шығыпты. Олардың кейбіреулері екі реттен басылып шыққан.

Мысалы, “Таһир – Зүһра” екі рет (1902-1911) Қазанда, ал үшінші рет “Ғашық-наме” кітабында 1976 жылы Алматыда басылды. “Мағишүк наме” (1910, 1911), “Бозжігіт” (1910, 1911), “Сәтбек батыр” (1911, 1915), “Алтын балық” (1912), “Назым” (1911), “Сұм заман” (1911), “Қисса Марғұба” (1911), “Ғибрат-нама” (1911), “Қырық уәзір” (1911) тағы басқа поэмалар. Бұлар көлем жағынан да кішігірім кітаптар емес. Мысалы, “Қырық уәзір” дастаны 11920 жол өлең.

Ал енді энциклопедияда осы Ақылбек ақынға арналған мақала (238-бет) үстірт, ойжотамен жазылған. Туған жылы белгісіз делінген. Өлген уақыты 1919 жыл деп дұрыс көрсетілген де, қай жерде өлгені айтылмаған. Мақалада: “Семей маңында туып. 60-тан асып өлген” (?) делінген. Бұның бәрі нақтылы шындықтан аулақ жатыр.

Ақылбек соншама ұқыпты адам болған. Ол өзінің еңбектерінде туған жылын, айын, туған, тұрған жерін, ата-бабаларын, қай рудан екенін, қашан, қайда оқығанын, бала жасынан кешкен өмірін, қай шығармасын қашан жазғанын, қай жерлерде болғанына шейін бәр-бәрін өлеңмен де, қара сөзбен де жазып кеткен. Ол өзінің басылған, басылмаған өлең-жыр, қисса-дастандарын өз қолымен таза көшіріп жазып, түптеп отырған. Ақынның өз қолымен жазған еңбектерінен, әзірге табылған үш қолжазба бар. Түптелген үлкен бір қолжазбасына жинақталған өлең, дастандарының көлемі 42800 жол.

Ал енді өмірбаянынан бір-екі ауыз айта кетейік. Ол өзі: “1880 жылы ескіше 17 сентябрьде тудым”, – депті. 1919 жылы ескіше 4 январьда қазіргі Семей облысы, Бесқарағай ауданы, Бестерек деген жерде қайтыс болған. Бейіті Жалқайыңның бауырында, Сарыой деген жерде. Сөйтіп, Ақылбек ақын энциклопедияда айтылғандай, “60-тан асып өлген” емес, 39 жасында өлген.

Арыстанбай (Арыстан) Тобылбайұлына (1811–1880) ар-

налған мақала (499-бет) жайында бір-екі сөз. Мақалада Арыстанбай ақын: “Кенесары қозғалысы кезінде Ұлытау даласына шығарылған орыс экспедициясына қатысқан. Кенесарының қолына түсіп қалған Арыстанбай туған жерімен бостандалы. Ақындық өнерінің құдіреті арқылы ғана басына бостандық алады”, — деп жазылған.

“Дала уалаяты газетінің” 1893 жылғы 16-санында жарияланған: “Қазақтың өлеңшісі мен ақыны” атты естелік мақаласында И.З. Безверков “Анық атақты ақынды”, Арыстанбайды жақсы білетінін, Кенесарыға қарсы жіберілген отрядтың қағарында Арыстанбайдың да болғанын айта келіп: “Жаздың ұзақ күнінің мезгілінде, мидай далада бір жұмадай тұрған соң, жұмыс та бітті... Көңіл ашатын дәнеме де жоқ... Осындай уақыттарда Арыстан ақын домбырасын алып, ән салып, отрядтағы адамдардың көңілін ашып жүрді”, — дейді. Отряд бастығының Арыстанбайға өлең, әңгіме айтқызығанын, бір күндерде ақынның “Қозы Көрпеш — Баян сұлу” жырын түгел айтып бергенін баяндайды. Отряд Есіл бойына қайтып оралған соң: “Отрядтың бастығы Арыстан ақынның әңгіме, өлең айтып қылған қызметі үшін Кенесарыдан алған олжалардан оған сый қылып берді: бір қыз, бірнеше шапан, түйе, екі ат. Сол аттарды ерттеп алып... амандасып... Көкшетауға карап жүре берді”, — деп мақала аяқталады. Ал мақалада Арыстанбай ақынның Кенесарының қолына түсіп қалғаны айтылмайды. Шынында Арыстанбай бұл жолы Кенесарының қолына түспеген.

“Қазақтың өлеңшісі мен ақыны” мақаласының авторы И.З. Безверков — қазақтың сөйлеу тілін жақсы білген адам. Көкшетау округтік приказының, одан соң Сібір қазақтарын басқаратын шекара басқармасының кеңсесінде тілмаш болып қызмет атқарған. Шынғыстың, Шоқанның хаттарында аты аталатын осы Безверковтың 1866 жылға дейін істеген қызметі жайында, Шоқан шығармаларының IV томында (679–680-беттер) берілген тарихи деректерде оның Арыстанбай жөнінде жазған мақаласы да аталып, онда былай делінген: “...служил переводчиком в отряде полковника Кривоногова во время преследования Кенесары Касимова. В отряде он (Безверков. — *Қ. М.*) познакомился с акыном Арысланбаем, который пропел ему всю поэму “Козы-Корпеш”. Вскоре он опубликовал небольшую заметку “Степные уленчи и акыны”. Безверковпен бірге Арыстанбай ақынның отрядта болған уақыты 1845–1846 жылдар.

Арыстанбай ақынның Кенесарының қолына түсуі — анық болған уақиға. Бірақ ол Кенесарының қолына қай жылы қандай жағдайда түсті. Осы мәселені нақтылы тари-

хи деректерге сүйеніп, анықтап барып, дәл айтуымыз керек. Ондай деректер бар ма? Бар. Ол — Арыстанбай ақынның Кенесарының қолына қай уақытта, қандай жағдайда түсіп, ажал тырнағынан қалай құтылғанын баяндап беретін. ақынның тарихи поэма дерлік, ұзақ өлеңі болады. Сол өлеңнің бірнеше ауызын ғана келтірейік:

— ...Ереймен есіз баста тау болыпты,
Ол шақта мұсылман көп қау болыпты.
Саржан — Қоңырқұлжа құда болып,
Орыспен Кенесары жау болыпты.

Төскейде мал жайылмас қау болғанда.
Жігітке кедейлік жоқ сау болғанда.
Ұшқан құс, жүгірген аң өте алмады,
Орыспен Кенесары жау болғанда.

Жеткенде жиырма беске Ташкент бардым,
Қамал боп бір қыс, бір жаз сонда қалдым.
Жігітке мал табу бек қиын екен.
Күн өтіп маңдайымнан көп сандалдым.

...Жүк арттым он сегіз пұт қара нарға,
Болады әркім әуес қызы барға.
Ташкентті бір қыс, бір жаз жайлап жатып,
Тағы да қайта шықтым Қызылжарға.

Бұйдасын қызыл нардың қолыма алдым,
Жеткенде жиырма беске Ташкент бардым.
Кене хан керуенді қамағанда
Қай жерге қашарымды біле алмадым.

Шұбыртып мал біткенді санап тұрды.
Ұмтылып қолы жеткен талап тұрды.
Қылармын нешік айла мұнша көпке,
Жиылып бес жүз жігіт қамап тұрды.

Төлеңгіт ұрысуға тым-ақ күшті,
Басымнан қан шашырап аспанға ұшты.
Кене хан керуенді қамағанда.
Ақының Арыстанбай қолға түсті, —

деп бастап, ұзақ жырлап кетеді.

Сөйтіп, Арыстанбай 25 жасында Ташкентке барған.

Энциклопедияда көрсетілгендей, 1811 жылы туған болса, оның Ташкентке барғаны — 1836 жыл, яғни Кенесары көтерілісінің басталған жылы. Ташкентте бір жыл тұрып, Қызылжарға (Петропавловск) қайтып келе жатқан жолында Кенесарының қолына түсіпті. Олай болса, қолға түскен уақыты — 1837 жыл. Ал Безверковпен бірге Кенесарының соңына түсетін отрядқа қосылып, Ұлытау жаққа баруы Кенесарының қолынан босап шыққан соң, 8—9 жылдан кейін болады. Және отрядқа ол беталды қосыла салмаған, оның себебі бар. Бір кезде Кенесарының төлеңгіттерінен көрген қорлығы, Кенесарының катал қысымы естен кетпестей, кеудесіне кек болып байланып қалған. Кек алу кезінің келіп, сәті түсіп тұрған шағында. Арыстанбай да отрядқа қосылып аттанған.

Энциклопедиядағы мақала Арыстанбай творчествосының негізгі саласы айтыс екенін айта келіп: “Айтыстарының бірсыпырасы революцияға дейін жазылып алынып, 1910 жылы және совет тұсында жарияланған”, — деп аяқталады.

Библиография берілмеген. Бұры қажет еді. Арыстанбай — пединституттар мен университеттердің филология факультеттеріне арналған ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің программасына кірген ақындардың бірі.

Біз осының бәрін айтып отырғанда. Арыстанбайға энциклопедиядан орын аз берілген демеіміз. Ақынның өмір тарихына байланысты мағлұматтардың терең зерттеліп, қорытылып, тұжырымдалған, тарихи деректердің дұрыс берілуі жайында айтып отырмыз.

Қазақ совет энциклопедиясының екінші томының 162-бетінде, Кіші жүздің ханы Әбілқайырды 1748 жылы өлтірген Барақ туралы мақалада: “Барақ (туған жылы белгісіз — 1751 жылы өлген) Кіші жүздің Шекті руынан шыққан (?!) сұлтандардың бірі, Әбілқайыр ханның саясатына қарсы топтың басшысы”. — деп жазылыпты. Шындығында Барақ Кіші жүздің шекті руынан шыққан сұлтан емес, қазақтың руларынан шыққан ел билеушілерді ол кезде “сұлтан” деп атамайды. Барақ қара қазақтан емес, хан тұқымынан шыққан адам. Оның жетінші атасы тарихта белгілі Өз Жәнібек хан, өз әкесі — Тұрсын. Энциклопедиядағы Бараққа арналған мақаланың соңында көрсетілген библиографиялық еңбектер де, оның Орта жүз сұлтаны екені айтылған. Оның бәрінен бірдей мысал келтіріні жатпап-ақ, Шоқан Уәлихановтың “Шығармалар жинағының” бірінші томының 506-бетіне мән жіберіп қорейік. Онда былай делінген: “... в 1748 году сугтан Барақ, один из сильнейших владельцев Сред-

ней Орды, убив Абулхайра, хана Меньшей Орды, избрал для суда над собой 4-х биев из биев всего киргизского народа...”.

Және “Қазақ ССР тарихында”, (I том) Барақтың қай жылы, қайда, қалай өлгені жазылған: “1748 жылы августа Жоңғарияның сойылын соғушы Барақ сұлтан Әбілқайырды өлтіреді”. Содан кейін Барақ “Ұлы жүзге көшіп кетіп, жоңғар феодалдарына барып паналайды. Ол онда тіпті хан болуға да әрекеттенеді, бірақ 1760 жылы жоңғар қонтайшысы оны у беріп өлтіреді” (276-бет). Сөйтіп, Барақтың өлген уақыты 1751 жыл емес, 1760 жыл болады.

Тарихта белгілі Барақ есімді адамдар аз емес. Энциклопедияда солардың төртеуі аталыпты. Олардан басқа тағы бір Барақты энциклопедияға кіргізу керек еді. Ол — тарихта, әдебиетте көп айтылатын Аякөз дуанының аға сұлтаны болған, атақты батыр, сегіз қырлы өнерпаз Барақ. Оның өмірі, ерлігі өнері жайында тарихшы Құрбанғали Халидовтың “Тауарих хамса” кітабында толық жазылған (Қазан, 1911 жыл. 374–383-беттер) және Жанак ақынның оған арналған өлеңі келтірілген. Ақын былайша жыр етіпті:

– Шұбарым, арғымағым, кермаралым,
Өз заңымша полковник, жаңдаралым,
Бала күннен бас болған мың сан қолға,
Баласы Солтекемнің ер Барағым.
Жасың бар жиырмада, жылың – сиыр,
Жайлайды Бексұлтаның¹ ол бір қиыр.
Жас күніннен талпынып, талап қылып,
Тайлағында атанмен болдың үйір.

(“Тауарих хамса”, 380-бет). Осы өлең филология факультеттерінің студенттеріне арналған “Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясына” кірген (1967 ж., 144-бет). “Біржан-Сара” айтысында:

– Ей, Біржан, шыдамаймын қылығыңа,
Мақтанба Құсбек, Сартай ұлығына.
Үстіне Жамантайды сомдап қоссаң,
Барақтың пар келмейді сынығына, —

дейтіні де осы Барақ. Кенесары көтерілісін басуға ат салысқан Барақ та — сол.

“Адольф Янушкевичтің өмірі және оның қырғыз (қазақ.

¹ Бексұлтан Ағадаев ҚСЭ-ы, 1-том 98-бет

– Қ. М.) даласынан жазған хаттары” кітабында А. Янушкевич Барақты өз көзімен көріп, кездескенін жазады. 1846 жылы июньнің 11 күні, Польшадағы досы Густав Зелинскийге Аякөзде болған уақытында жазған хатында А. Янушкевич: “Мен саған Барак сұлтан мен Құнанбай би жайынан аз ғана әңгіме шертейін. Барак сұлтан — хан тұқымы... Қазір ол жігіт ағасы, ел адамы болып толып тұрған кезі, бойы еңгезердей. Дарқан табиғат ең даланың бұл Геркулесіне кең ақылды, күшті жігерді, қайтпас қайратты аямай беріп баққан”, — деп Барақты асқақтата, асыра мадақтап кетеді (“Қазақ әдебиеті” газеті. 6 март, 1964 ж.). А. Янушкевичтің: “Барак сұлтан — хан тұқымы” дегені тарихи шындық. Барақтың үшінші атасы Әбілфейіз (Әбілмәмбет ханның баласы). Әбілфейіздің баласы Бопы, Бопыдан Солтабай. Барак — Солтабайдың баласы (“Тауарих хамса”, 455–457-беттер). Осы айтылған Барак Солтабайұлының да энциклопедияда атап айтылатын жөні бар еді.

Ежелден елге әйгілі “Бозжігіт” дастаны туралы энциклопедияда мақала берілген (372-бет). Мақалада “Бозжігіт” халық арасына көп тараған ғашықтық дастан екені айтыла келіп: “Жыр мен қара сөз аралас жазылған... Дастан қазақ даласына ХІХ ғасырдың басында әуелде қолжазба түрінде тараған... Бертін келе (1881–1912, 1918) белгілі қиссашы ақындар қиссаны негізінен шағатай тіліндегі нұсқаларынан аударып, Қазан, Орынбор баспаларында бастырып таратқан”, — делінген. Бұл арада “жыр мен қара сөз аралас жазылған, әуелде қолжазба түрінде тараған, бертін келе (1881–1912, 1918) ...бастырып таратқан” деген анықтамаларды айқындапқырап, тарихи нақтылы дәлелдермен ашып айту керек еді. Дастан қазақ даласына қолжазба түрінде ғана емес, сонымен қатар, әсіресе ауызша да айтылып, кең жайылғанын “жыр мен қара сөз аралас жазылған” қисса түріндегі нұсқасымен қатар, таза өлеңмен жазылған дастан — поэма түрінде де мол тарағанын анықтау қажет еді. Және “Бозжігіт” баспасөз жүзінде 1881 жылдан әлдеқайда бұрын шыққаны әдебиет тарихында белгілі. Ал 1881 жылы Қазанда университет баспасынан басылып шыққан нұсқасында өлең мен қара сөз аралас келіп отырады.

“Бозжігіт” дастанының таза қазақ тілінде жазылған, әрі көркем, әрі толығырақ нұсқасы 1842 жылы жазылған. Бұл нұсқасы академик В. В. Радловтың жинақ кітабында 1870 жылы жарияланған (“Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи”. Часть III. Киргизское наречие. СПб., 1870 г.). “Бозжігіт” осы кітаптың: “Кітап өлең”, “Үлкен қиссалар”

деп аталатын бөлімінде басылған (336–443-бет). Көлемі 3445 жот өлең. Дастанды жазған адамның (аты-жөні айтылмаған) түсіндірме сөзі берілген. Онда: Уфа шаһарына барғанда “Бозжігіт” кітабын бірқатар көріп едім. Бұл кітап жақсы жазылған еді. Жыры көп жоқ екен, сөзі мұңлы екен. Жігіттің аты Бозжігіт екен, қыздың аты Қарашаш екен. Бозжігіттің досының аты белгісіз екен. Берікмен деп жазып едік. Және шаһардың аты жоқ еді. Бұл кітап жазарда бізге қиын болды. Өзіміздің көңліміз қайғылы күнде бұл “Бозжігіт” кітабын мың сегіз жүз қырық екінші жылда жазып едік. Әуелі жазғанда қисса деп жаздық. Сөзін жазып жырлап едік, шәкірттеріміз: “Бозжігіт” кітабы бәрі әнмен (өлеңмен дегені. – Қ. М.) жазылсын деген себепті, бар сөзін әнмен жаздық”, – дейді. Сөйтіп, аты-жөнін айтпаған, сауатты бір ақын “Бозжігіт” дастанын 1842 жылы түгелдей өлең түрінде жазған. Ахмет Оразаев деген ақын (қосымша ныспысы: Құрмаши, Қызылжари) “Бозжігіт” қиссасын жазып, 1875 жылы Қазанда бастырып шығарған (Бұл ақын 1879 жылы “Таһир-Зуһра” дастанын жазған). Ахмет тегінде қазақ ақыны.

Ақылбек ақын Сабалов “Бозжігіт” дастанын 1910 жылы жазып, 1911 жылы “Қисса Бозжігіт” деген атпен Қазан баспасынан жеке кітап етіп шығарған. Ақылбек нұсқасы таза өлеңмен жазылған. “Бозжігіттің” тағы бір нұсқасы 1879 жылы Қазанда Қоковин баспаханасынан төртінші мәртебе басылып шыққан. Дастанның уақиғасы орыс тілінде де аударылып жарияланған (“Тургайская газета”, 1901, № 7. “Киргизская степная газета”, 1990, № 26–30; 1901, № 2, 18, 20, 24, 26). Сөйтіп, “Бозжігіт” дастаны 1870 жылдан бастап 14–15 реттей басылып шыққан.

Ежелден елге әйгілі “Бозжігіт” дастаны жөнінде энциклопедияда толығырақ жазылуы керек еді. Және библиография көрсетілуі қажет еді.

Энциклопедияның 438-бетінде Бөкейге арналған 8 жол тарихи деректе: “Бөкей (ғұған жылы белгісіз — 1819) Орта жүздің беделді сұлтаны. Ораз-Мұхаммед — Ондан сұлтанның ұрпағы (?). Уәлихан Россияға бағынбаған кезінде, Александр I Уәлиді кемсіту мақсатымен Бөкейді Орта жүзге хан етіп сайлаттырды. Бірақ ол көп тұрмай, үш жылдан кейін қартайып өлді”, — деп жазылған. Бөкейдің өмірбаяны жөнінде тарихи нақтылы, дәл дерек беру керек еді. Бөкейді “Ораз-Мұхаммед — Ондан сұлтанның ұрпағы дегенде, Ораз Мұхаммед Онданның әкесі сияқты болып тұр. Тарихи шындықта Ораз Мұхаммед Онданның баласы. Шығай (Сығай) ханның үш баласы: Тәуекел хан, Есім хан (Еңсеген бойлы ер Есім атанған) және Ондан сұлтан. Онданның бір

баласы Қайнар Күшік, енді бір баласы — Ораз-Мұхаммед. Қайнар Күшіктен Бөкей сұлтан және Дайыр, Бөкей сұлтаннан Құдайменде, Құдайменделен Тұрсын, Тұрсыннан Күшік және Барак (Әбілқайыр ханды өлтіретін Барак). Барактың бір әйелінен: Қанбаба, Маман, Таһир (Дайыр) және Бөкей. Сөйтіп, Бөкейдің әкесі Әбілқайыр ханды өлтіретін Барак сұлтан болады. Бөкейдің мекен-жайы, хандық құрған жері Қарқаралы. “Қазақ ССР тарихында”, 1781 жылы Абылай өлгеннен кейін патша үкіметі Уәли сұлтанды Орта жүздің ханы деп таныды, ал Цин империясы (Қытай. — Қ. М.) Ханқожаны хан деп таныды. Шындығына келгенде бұлардың екеуі де екі империяға бірдей қарады” (1 том, 282-бет).

Ал Ханқожа (Қанқожа) деген адам — жоғарыда айтылған Барактың бір баласы.

Тағы да “Қазақ ССР тарихында” былай деп жазылған: “Уәлидің билігі бүкіл жүзге жүрген жоқ. Ол тек арғын руы мен наймандардың бір бөлегін ғана басқарды. Уәлидің Цин империясына бейім болуы қазақтардың наразылығын туғызды. 1795 жылы Петербургке Уәлиді тақтан түсіруді сұраған арыз түсті. Өзінің өкімет билігінің тұрақсыздығын сезген Уәли 1805 жылы тіпті Синьзян жеріне көшіп кетпек те болды. Бірақ қазақтар оған еріп көшпейтін болды. Уәли ханның Цин чиновниктерімен байланысы барын білген және оның өкімет билігін бұрынғыдан да нашарлатуға тырысқан патша үкіметі 1815 жылы Барактың тұқымы Бөкейді Орта жүздің екінші ханы етіп бекітті” (1 том, 322—323-беттер). Бұл жөнінде Александр I патшаның Бөкейді Орта жүздің екінші ханы етіп бекітіп, оған 1816 жылы 31 декабрьде жазып жіберген грамотасы “Тауарих хамса” кітабында толық келтірілген (436—437-беттер). Грамотада Бөкейдің билігіне берілген Алтай, Төртуыл, Шаншар, Байбөрі, Тарақты, Қарпық, Жалықпас, Тобықты, т. б. 13 ру ел аталған. Уәлидің билігінде 9 ру ел болған. Осындай тарихи нақтылы деректер энциклопедияда қорытылып, тұжырымдалып берілуі керек еді. Әркімнің көз алдында тұратын тарих айнасы — энциклопедиядан нақтылы шындықты көрсетіп, оның ұрпақтары жөнінен де қысқаша мәлімет беру дұрыс болар еді. Мысалы, Бөкейдің баласы Шыңғыс, Шыңғыстың баласы, “Біржан-Сара” айтысында айтылатын Қарқаралы дуанының аға сұлтаны болған Жамантайды атап кетсе, тарих пен әдебиетке құштар оқушы жұртшылыққа тарихи деректі мағлұмат берген болар еді.

Энциклопедияның 447-бетінде “Бөрілі” деген сөзге бес түсінік мақала арналған. Бөрілі Павлодар облысының Ертіс ауданындағы тұйық көл екені, қола дәуірінен қалған мекен

орындары, Қызылорда қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 200 км жерде екені, Орал облысының Бөрілі ауданындағы село екені, Қостанай облысының Комсомол ауданындағы село екені және “Бөрілі ауданы — Орал облысының солтүстігінде орналасқан әкімшілік аудан” екені аталып, арнаулы бес мақала берілген.

Ал Бөрілі Семей облысының Абай ауданындағы жер аты екені, сол жерде ұлы жазушы Мұхтар Әуезов туып өскен, сол жерде Мұхтардың қыстауы, ата-анасының, басқа туыстарының бейіті бар екені, Бөрілідегі қыстау бұрынғы қалпына келтірілгені, ол қыстау үйінде “Мұхтар Әуезов музейі” бар екені де энциклопедияда атаусыз қалған. Бұның бәрі, әрине, ұлы жазушының осы күнге шейін толық ғылыми өмірбаянының зерттеліп, жазылмауының салдары деуіміз керек. Энциклопедияда Бұхар жырауға арналған мақала (532, 533-беттер): “Бұхар жырау Қалқаманұлы (1668 ж. — 1781, қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Далба тауы) — қазақ жырауы, мемл. қайраткері”, — деп басталады. Бұхар жыраудың туған, өлген жылдары жөнінде бұрын жазылған мақалаларда басқаша айтылатын. 1957, 1968 жылдарға дейінгі Бұхар туралы берілген деректерде оны 1693 жылы туып, 1787 жылы өлген делінетін. Мысалы, “Қазақ ССР тарихында”: “XVIII ғасырдың атақты жырауы Бұхар Қалқамановтың (1693—1787) бірсыпыра шығармалары сақталып қалды... Бұхар жырау Павлодар облысының қазіргі Баянауыл ауданында, Қаржас руы ішінде туып өскен (1957, I том, 378-бет). “Қазақ әдебиетінің тарихында” да Бұхар жырау Қалқаманұлы (1693—1787)... Бұхар Баянауылда туып, сол жерде өлген. (1961, II том, бірінші кітап, — 29 бет). Ал, Х. Сүйіншәлиев 1967 жылы шыққан “Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері” атты кітабында “Бұхар Қалқаманұлы (1668—1781) ...Ол қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында туып өскен”(110-бет), — дейді. Сөйтіп, Бұхардың туған жылын бұрынғы деректерден өзгеше жазып, яғни туған жылын 25 жылға дейін шегеріп, өлген уақытын 6 жыл кейін шегереді. Бұхардың туған, өлген жылдары туралы осы соңғы соны дерек — 1668—1781 жылдар деп энциклопедияда берілген. Бұхардың туған, өлген жылдары туралы соңғы деректі өзінше дәлелдеп жазған — Мұхтар Мағауин. Ол 1968 жылы жарияланған “Қобыз сарыны” деп аталатын кітабында. “Қазір Бұхардың туған, өлген жылдары 1693—1787 деп көрсетіліп жүр. Ал бұл — ой-жобамен, солай шығар-ау деген долбармен алына салған. Бұхар 1693 жылы туды деудің ешбір қисынға келмейтінін дәлелдеу онша қиынға түспейді. Ол үшін ақылдылықтың да, алғырлықтың да қажеті жоқ. Абылайға арналған толғаулардың бірінде Бұхар:

– Күнінде мендей жырлайтын,
Токсан үште қария,
Енді саған табылмас, –

дейді.

Бұл сөздерді Абылай өлген 1781 жылдың өзінде-ақ айтылды дейікші. 1781-ден 93-ті аламыз, сонда 1688 қалады... Яғни Бұхар қазір көрсетіліп жүрген 1693-тен бес жыл бұрын туған болып шығады” (79-бет). Сөйтіп, Мағауин келтірген өзінше дәлел бойынша, Бұхар 1688 жылы туған болып отыр. Ал бірақ кітаптың 81-бетінде: ”Жоғарғы көрсетілген кейбір фактілердің негізінде біз Бұхар жырау Қалқаманұлы 1688 жылдар шамасында туып, бір ғасырдан астам жасап, 1781 жылдың шамасында өлген деп есептейміз”, – дейді. Дегенмен, Бұхардың туған, өлген жылы туралы бұрынғы берілген деректер нанымсыз деп біліп, тарихи шындықты анықтауға ұмтылып, ізденуі орынды деп білеміз. Бірақ бұл жөнінен Мағауиннің келтірген дәлелдерін сенімді деген тоқтамға келе қоюға болмайды. Әлі де тарихи мағлұматтарды іздеп, зерттеп қарастыру керек болады. Бұхардың замандасы Үмбетей жыраудың: “Бұхардың асында, зиратының басында отырып, Үмбетей жыраудың жырлағаны”, – деп аталатын:

– Асқар тауды құлатып,
Токсан екі жасында,
Арыстанды сұлатып.
Отырмыз біз басында, –

деп басталатын толғау жыры бар. Бұл жырда Бұхардың туғанынан бастап, өлгенге дейінгі өмірі баяндалады. Жырдың енді бір жерінде:

– ...Бұлбұл күстай сайрадың,
Топты көрсең жайнадың,
Көріктей басқан күпілдеп,
Көмекейің бүлкілдеп,
Сөйлер сөзден таймадың,
Тәукенің болып жаршысы,
Халқыңның болып заршысы,
Белді бекем байладың... –

дейді.

Және Бұхардың қай дәуірде, қай жерде туғаны, атын неге “Бұхар” деп қойғаны да Үмбетей жырында атап айтылады. Жырдың тағы бір жерінде:

— ...Туған жерің Жиделі-Байсын екен,
Елібай деп аталған Бұхар маңы,
Атыңды Бұхар қойған сол себептен,
Мәлім ғой, ол — қазақтың ескі заңы.
Соғыста қалмақ жеңіп, басып келген
Белгісіз келген жанның қанша саны.
Бастап келген Қалқаман — сенің өкең,
Батырды қарсы алыпты Бұхар ханы.
Екі жылда жеріне қайтарыпты,
Босатып Ембі, Жайсаң екі араны.
Онда сенің бір жасар бала күнің,
Қазақта Өз Тәукенің хан заманы, —

дейді.

Тәуке тұсында қалмақтың қазақты ойсырата жеңген жорығы 1681–1685 жылдары болғаны тарихта белгілі (“Қазақ ССР тарихы”, 248-бет). Ал Тәукенің хандық құрған кезі 1680–1718 жылдар. Бұхардың туған, өлген жылдарын анықтау үшін Үмбетей жырындағы мағлұматтарды ерекше еске алып, зерлей зерттеу керек болады. Ал енді Бұхарды Баянауылда туып-өскен деген тарихи шындыққа жатпайды.

Тәуке ханның ордасы Түркістанның маңында болғаны, 1710 жылы жауға қарсы қалай төтеп беру мәселесін талқылау үшін Қарақұм маңында бартық қазақ жүздерінің өкілдері бас қосқаны, халық жасақтары құрылып, олардың Жоңғар әскерлерін шығысқа ығыстырып тастағандары, бірақ көп ұзамай қалмақтардың қайтадан жорыққа шыққаны, ақыры 1723 жылы жоңғарлардың қалың қолы Қаратау тауларынан асыл, Татас өзенінің аңғарына басып кіргені, сөйтіп, қазақтың Ақтабан шұбырындыға ұшырағаны “Қазақ ССР тарихында” айқын жазылған (248–249-беттер).

Бұхар алғашқы рет Абылайды қандай шағында, қайда көргенін:

- Мен көргенде Абылай,
Тұрымтайдан ұл едің.
Түркістанда жүр едің, —

деп келді Әбілмәмбет ханға қызметкер болғанын, Үйсін Төле бидің түйесін баққанын айтады. Ал Шокан Абылайдың 13 жасында жетім қалғанын айтады. Сонда Бұхар Абылайды Түркістан жақта көреді, оны 13–14 жастарында көрсе, 1724–25 жылдары көрген болады. Қысқартып айтқанда Абылайдың да, Бұхардың да Баянауыл жаққа келулері Ақтабан шұбырындыдан көп кейін. Сөйтіп, Бұхар жыраудың өмір тарихы әлі де ғылыми нақтылы зерттеліп жазылмағанын көреміз.

“Қазақ совет энциклопедиясының” III томының 377-бетінде жазушы Г. Д. Гребеншиковқа арналған мақаланың соңында: “Қазақ халқының ұлы ақыны Абайдың шығармаларын орыс тіліне аударды” делінген. Гребеншиковтың революциядан бұрынғы қазақ тұрмысынан шығарма жазғаны және поляк жазушысы Густав Зеллинскийдің “Қазақ” (“Киргиз”) атты поэмасын орыс тіліне аударғаны (1910 ж.) тарихта белгілі. Ал Абайды аударғаны осы күнге дейін белгісіз еді. Гребеншиков Абайдың қандай шығармаларын, қашан аударған, ол аудармалары қайда, қай жылы жарияланған? Энциклопедияда ондай мағлұматтар берілмеген. Сондықтан бұл мәселе жұмбақ сияқты болып қалған.

Энциклопедияның 405-бетінде Гросс Северин туралы мағлұмат берілген. Онда: “Гросс 1858 жылы туған. ...1882 жылы тұтқынға алынып, бір жыл қамауда болады да, Сібірге бес жылға жер аударылған. 1885 жылы Семейге ауыстырылады. Мұнда ол қазақтың әдет-ғұрып правосын жасауға қатысады (?). Семейде Абаймен танысады” делінген. Гросс жайында тарихи дерек-мағлұматтар тұрыс берілмеген. Архив деректеріне жүгінейік.

Гросс 19.II. 1882 жылы берген жауабында жасының 29-да екенін айтады (ЦГИА Каз ССР, ф. 15 д.94, св.6 стр. 1,2). Олай болса, Гросс 1853 жылы туған. 1881 жылы март айында тұтқынға алынып, бір жылдай түрмеде отырған соң, Сібірге жер аударылып, 15.V.1882 жылдан 12.V.1883 жылға дейін Ишим қаласында тұрады. 16.I.1883 жылы саяси жер ауып келген Анна Скалацкаяға үйленеді (ЦГИА Каз. ССР ф. 15 от I “, д. 10, стр. 94, св. 5, стр. 23).

Гросс 23. V. 1883 жыты әйелімен бірге Семей қаласына келеді. 1884 жылы 4 июньнен 1 июльге дейін Абай елінде, Мұқыр, Шыңғыс болыстарында болады (ЦГИА Каз. ССР, ф. 15, св. 6, д. 94, Л. 53). Және бұл жөнінде Көкітай Ысқақұлы Құнанбаев: “Бұл Гросс және Михаэлис Абайлікіне қонақ болып, келіп-кетіп жүрген. Абайдың ғылымға бетін күзеп жібермекке осы кісілер үлкен себеп болған”. — дейді “Абай (Ибраһим) Құнанбай ұғылының өмірі” атты мақаласында (“Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі”, СПб., 1909. Бірінші басылуы). Ал энциклопедияда Гросс туралы: “... От қазақтың әдет-ғұрып правосын жасауға қатысады” деген пікір тарихи шындыққа жатпайды. Қазақтың әдет-ғұрпы ерте заманнан бері қатыптасқан және соған сәйкес ескі заңдары болатын. Гроссты заң мәселесіне жүйрік маман (кандидат прав С. -Петербургского университета) болғандықтан, Семейдің уездік соты Маковецкий қазақтың ежелгі әдет-ғұрып заңдары жөнінде мағлұмат

жинап, зерттеу ісіне қатыстырады. Бұл жұмысқа А. Леонтьев, А. Блек сияқты саяси жер ауып келген Абай достары да араласқан. Қазақтың ескі әдет заңдары жайында бұларға көп мағлұмат берген Абай болады. Бұл жөнінде Мұхтар Әуезов былай деген: “Гросс айдалып келген соң, қазақтың ескі жорасы бойынша айтылатын билік, кесім сияқты ескі заңдарын жиып, қарастыруға салынған, сонымен бұл да Абаймен араласып, қырға шығып... Абай ауылында жатып қайтқан” (“Абайдың туысы мен өмірі”. Абай Құнанбайұлы. “Толық жинақ”. 1933 ж. 361 бет).

Сол зерттеу нәтижесі Маковецкийдің атынан 1886 жылы Омбы қаласында кітап болып басылып шыққан. Кітап былай деп аталады:

“Материалы для изучения юридических обычаев киргизов”. Вып. 1. Изд. Семипалатинского областного статистического комитета”. Бұл тарихи маңызы жойылмайтын құнды кітап болып саналады.

Гросс Семейдегі статистика комитетінің жұмысына, қоғамдық кітапхана, өлкетану музейін ұйымдастырып, құру ісіне белсене ат салысып, мол еңбек сіңірген адам болған Абайдың жақын достарының бірі.

Энциклопедияның 588-бетінде Диваевқа арналған мақалада: “Диваев Әубәкір Ахметжанұлы (19.12. 1856, Орынбор, – 5.2. 1933, Ташкент) совет ғалымы, фольклорист...” делінген. Осы мағлұматқа сүйенген болар, 1976 жылдың “Қазақ календарында” Диваевтің туғанына 19 декабрьде 120 жыл толады деген. Ал 1977 жылдың “Қазақ календарында” Диваев мүлдем кірмей қалған. Ал “Қазақ әдебиеті” газетінде 1977 жылы 1 апрель күні 1343-санында “Ғұлама” (Әубәкір Диваевтің туғанына 120 жыл) атты мақала жарияланған. Онда Диваев 1857 жылы туған болады. Диваевтың туған жылын шатастыру тағы басқа кітап, мақалаларда да кездеседі. Мысалы, “Қазақ кітаптарының тарихынан” атты кітапта (А. 1971): “Атақты қазақ ғалымы Диваев 1933 жылы 5 февральда 96 жасында дүние салған” делінген. Онда Әубәкір 1837 жылы туған болып шығады.

Оның бәрін қойғанда, қазіргі сөз етіп отырған энциклопедияның 3 кітабында да Ә. Диваевтің туған жылы дұрыс берілмеген. Шынында Ә. А. Диваев 1855 жылы туған. Академик В.А.Гордиевский “А.А. Диваев (К 25-летию научной деятельности)!” деген мақаласында: “Аубакир Ахметжанович Диваев родился 6 декабря 1855 года в Оренбурге”, – дейді (Журнал “Живая старина”. 1916, вып. 1, стр. 37–38). Өзбек әдебиетші-ғалымы, фольклорист Х. Т. Зарифов (Әубәкірдің жиені) “Неутомимый ученый и просветитель

А.А.Диваев родился 19 декабря (6 декабря по старому стилю) 1855 года”, — деп жазады (“Известия Академии наук Казахской ССР”. Серия литературная, 1945, вып. 6, стр. 74–77). Осы шындықты дәлелдейтін нақтылы деректерді көптеп келтіре беруге болар еді. Бірақ осы да жеткілікті.

3 кітапқа Шығыс әдебиетінің тарихын жазып даңқы шыққан Дәулет-шах ибн Ала-ад-девле Бехтишақ, лақап аты — Эл-ғазиз Әс-Самарканди кіру керек еді. Ол XV ғасырдың бірінші жартысында Самарканд қаласында туып, 1495 жылы қайтыс болған адам. Тарихта оның атын қалдырған еңбегі “Тазкирет — Әшшоара” (Ақындар өмірбаяны) деп аталған. Онда әдебиет тарихы X ғасырдан бастап қамтылады. “Тазкирет” құрылысы: кіріспе бөлім, онан соң жеті кітап және қосымша бөлім. Бірінші кітапта 20 ақынның (оның ішінде, Фердоуси бар) өмірі берілген, екінші кітапта — 20, үшінші кітапта — 16, төртінші кітапта — 20 (оның ішінде Аттар мен Саадидың өмірбаяны бар), бесінші кітапта 18 (оның ішінде, Хафиз бар), алтыншы кітапта — 20 және жетінші кітапта 20 ақынның өмірбаяны берілген.

Дәулет-шах кітабының қосымша бөлімінде, өзімен замандас алты ақын жайында баяндайды. Олардың ішінде Әбдірахман Жәми, Әлішер Науаи бар. Кітапта адамдардың өмірбаяны, олардың туған жылы ретімен жазылып, әрбір өмірбаян соңында ақын шығармасынан үзінді үлгі келтірілген.

“Тазкирет” 1887 жылы Бомбейде басылып шыққан. Кітаптың қолжазба нұсқалары Петербург, Вена, Оксфорд кітапханаларында және Британия музейінде сақталады. Россияда Болдыревтің “Персидская хрестоматия” (Москва, 1833) атты кітабында Фердоусидің, Аттардың, Хафиздің өмірбаяндары парсы тілінде жарияланған. Фердоусидің, Саадидің өмірбаяны орыс тіліне аударылып, 1919, 1865 және 1867 жылдар “Қазан” баспасынан басылып шықты.

Қазақ Совет Энциклопедиясының 4-томының 158-бетінде “Еңлік–Кебек” атты мақала жарияланған. Мақалада: “Еңлік–Кебек” — адал махаббатты, ескі заманның әділетсіздігін баяндайтын белгілі қазақ поэмасы. Поэма революциядан бұрын бірнеше рет жарияланған (?). Алғашқы нұсқасы “Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз” деген атпен 1892 жылы “Дала уалаяты газетінің” 31–39 сандарында басылған. Поэманың (?) мазмұны: “Тобықты руында Кебек деген батыр болады”, — дей келіп, “поэманың” қысқаша мазмұнын баяндайды. Одан әрі: “Поэма (!) 1900 ж. “Дала уалаяты газетінде” “Қазақтың тұрмысынан хикая” деген атпен қайта басылады. Мұнда мазмұны, сюжеттік

желісі бұрынғы қалшында қалған, тек адам жер-су аттары өзгерген “Е. — К.” поэмасы негізінде М. Әуезов осы аттас трагедияны жазды делініп, мақала аяқталады

Шындығында 1892 жылы “Дала уалаяты газетінде” “Қазақтардың естерінен кетпей жүріп бір сөз” деген атпен басылған поэма емес, әңгіме. Газетте де “әңгіме” деп аталған. Бұл әңгіме ең әуелі “Сибирский вестник” газетінде “Незабытое прошлое и настоящее киргизов. “Очерки” деген атпен орыс тілінде жарияланған. Және очерктің соңында жазған адамның — автордың аты да көрсетілген. Ал “Дала уалаяты” газеті очеркті содан көшіріп басып, орысшасымен қатар қазақша аудармасын да берген.

Очерк әлдеқашанғы өткен заман жайын, қазақ шалдары естеріне алып, өздері бастарынан кешпесе де, ата-бабаларынан естіп-билгендері бойынша әңгіме етіп айтып отыратындарын баяндаудан басталады. Өткен заманмен өздері өмір сүріп отырған заманын салыстырып шалдар әңгіме шертетіні, табиғаттың, ауа райының өзгергендігі, мал шаруашылығының жайы, тұрмыс-салт, жер-су мәселесі... сөз болады. Одан соң очерктің авторы: “В своих очерках я ограничусь пока небольшим, сравнительно куском площади, той ее частью, которую занимают северо-западная часть гор Чингизтау и его отроги”. — дей келіп, Шыңғыс, Орда Доғалаң, Шұнай, Ақшоқы таулары, Ши, Ашысу алаптары жайын баяндайды. Одан әрі Шыңғыс тауының Хан аталатын биігін сөз етіп, сол биікке байланысты және басқа жерлер туралы ел есінде сақталған аңыз-әңгіме терді баяндауға көшеді. Ол әңгіме Шыңғыс ханның басқыншылық жорығына Майқы би атына байланысты айтылады. Тобықтының Мамай, Жуантаяқ руларының ірге тепкен жерлерін атайды. Очерктің екінші тарауында қазақтың ежелгі әдет-ғұрып заңдары туралы баяндалып, ертеде ол заңды қазақтың құрмет тұтып, бұлжытпай орындайтынын, заңды бұзушылар болса, қатал жазаға тартылатыны айтылады. Үйлену, құдалық салты туралы заңының қандай болатынын төрт тармаққа бөліп баянлап, ол заңды бұзушылар өлім жазасына тартылатынын атап айтады. Одан әрі ерте замандағы қазақ жастары мен кейінгі заман жастарының махаббат мәселесіне көзқарастарын салыстырып сөз етеді.

Ерте замандағы қазақ жастарының арасында үйлену салт заңын бұзушылардың сирек кездесетінін, ол заңды бұзып, шын махаббат үшін өлімге бас байлайтын, елден ерекше шыққан ер жүрек, өршіл жастардың болатынын айта келіп: “В памяти народной осталось несколько рассказов с романтическим оттенком, кончившихся трагически. . Этими

рассказами пока поделюсь с читателями”, -- деп, очерктің үшінші тарауында Кебек батыр жайын баяндауға көшеді. Әуелі батырды ерте кезде халықтың қалаи, не үшін құрметтеітінін сөз етеді. Кебектің әйелі барын, бірақ әйеліне көңілі голмантынын, оны сүймеітінін айта келіп, Нысан абызға бал ашқызуға барғанын баяндай отырып, бақсының тарихын да сөз етеді. Одан әрі елдің көбі жақсы білетін Еңлік пен Кебек жайы айтылады. Бірақ ел білетін поэмада кездеспейтін: билердің Кебекті іштей жек көру себебі, Еңлікті айттырған Керей руының бай, кексе адам екені. Еңліктің ағасымен Кебектің достасып, тамыр болуы, Еңлікті алып қашып келген соң, некесін қиғызып Кебектің өз ауылында сүіген жарымен өмір сүруі, Матайлардың Жуантаяқтардан барымта алуы, Кебек бастаған Жуантаяқтардың Матайлардан барымта алып есесін қайтаруы, Матайлардың Керейлерді көмекке шақыруы, барымтаның екі жылға созылып, кісі өлімі болуы, осының бәрінен жалыққан екі елдің өздері билердің бітіміне жүгінуі. Токтамыстың Кебекті қорғауы, тағы басқа жайлар очеркте толық суреттелген.

Очеркте Кебектің алғашқы әйелінен ұлы калғанын, оның ұрпақтары болғаны айтылған... Бұдан соң, очеркте Қалқаман мен Мамыр туралы азғана айтылып, әңгімеде Кеңірбай би ағалады. Бұл арада, әрине, тарихи қайшылық бар. Очерктің соңында, Россияға қараған соң, қазақ тұрмысында болған өзгеріс сөз болады. Очерк былай аяқталады: “Все изменилось у киргизов, повторим и мы со стариками: и нравы их и сама природа. Но к лучшему ли. Это увидим из следующих очерков”

Сөйтіп, 1892 жылы жарияланған бұл очеркті поэма деп атап және оны “Еңлік—Кебек” поэмасының алғашқы нұсқасы еді деп берілеп түсіндірме-деректерді мақұлдауға болмайды. Орыс тілінде жарияланған (1892) очерктің өзін және оның нағыз “Еңлік—Кебек” поэмасына қандайлық дәрежеде қатысы барын, очерктің авторы кім болғанын зерттеу өз алдына бір мәселе болуы керек.

Ал энциклопедияда. “Поэма (?) 1900 ж. “Дала уалаяты” газетінде “Қазақтың тұрмысынан хикая” деген атпен қайта басылды” деу де дұрыс емес. Газеттегі тақырыбының өзінде “Хикая” делінген ғой, орысша аудармасында да “Легенда про былое киргизов” делінген (өлең-жыр түрінде де емес, қара сөзбен баяндалатын аңыз-әңгіме). Аңызда Еңлік, Кебек деген есімдер аталмайды. Аңыз ағы батыр Кебек емес — Сергелі, қыз Еңлік емес — Қанлық, абыз Нысан емес — Келісі. Сондықтан “Қазақтың революциядан бұрынғы

мерзімді баспасөзіндегі материалдар” (Алматы, 1963) атты кітабында бұл аңыз-әңгіме туралы: “Ел аузынан алынған аңыз-әңгіме. Сюжеті “Еңлік–Кебекке” ұқсас” деп филология ғылымының кандидаты Үшкілтай Сүбханбердина дұрыс айтқан. Энциклопедиядағы “Еңлік–Кебек” атты мақалада сол тақырыпқа жазылған баспадан шыққан нағыз поэмалар туралы айтылуы керек еді. Шынында әдебиет тарихында мәлім болған “Еңлік–Кебек” атты екі поэма бар. Біреуі — революциядан бұрын 1912 жылы Семей қаласында “Ярдам” баспаханасынан жеке кітап болып, “Жолсыз жаза яки кез болған іс” (Самосуд или случайность) “Еңлік–Кебек” деген атпен басылып шыққан поэма.

Екіншісі — ақын Мағауия Абайұлының жазған поэмасы. Мағауияның “Еңлік–Кебек” дастаны Абайдың айтуы бойынша жазылып, революциядан бұрын жарық көрмеген. Поэманың қолжазба көшірмесі Мұхтар Әуезовтің архивінде сақталған (“Абай қолжазбалары”, А., номер 26, 11 дәптер, “Еңлік–Кебек”, Дайрабай қолжазбасы). Сол қолжазбаны тұңғыш рет 1941 жылы қарап шығып, Мағауияға арналған зерттеу еңбегімізде әдеби талдау жасап, поэманы баспаға әзірлеген едік.

Мағауияның “Еңлік–Кебек” поэмасы Х. Сүйіншәлиев құрастырған “Дастандар” атты кітапта (1960 ж.) бірінші рет басылды (78–87-беттер). Сол кітаптың “Түсініктер” бөлімінде “Еңлік–Кебек” — Мағауияның ескілік пен озбырлықтың қатал зардабын тартқан екі жастың сүйіспеншілік жолындағы трагедиясын баяндайтын романтикалық поэма. Бұл поэманың тексін ҚазССР Ғылым академиясының Тіл мен әдебиет институты қолжазба қорындағы Қ. Мұхамедханов қолжазбаларынан алып бірінші рет баспаға ұсынылды” (322-бет) делінген.

Мұхтар Әуезовтің “Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы” атты үлкен монографиялық зерттеуінің (Алматы, 1967) “Мағауияның шығармалары” деген тарауында: “Мағауия Абайдың мәслихатымен және материал беруімен пайдаланып, бірнеше поэма жазды. Ол жазған поэмалар: “Еңлік–Кебек”, “Абылай” және “Медғат–Қасым” (221-бет), — дейді.

Энциклопедияда “Еңлік–Кебек” поэмасына арналған мақалада осы айтылған тарихи деректер қорытылып, тұжырымды түрде берілуі керек еді.

Энциклопедияның 266-бетінде басылған “Жанкісі жырау” атты мақалада: “Жанкісі жыраудың Бөгенбай батырды жоқтап айтқан, ерлікке үндейтін толғаулары болған” деп мүлдем қате мәлімет берілген. Бөгенбай батыр XVIII

ғасырда өлген адам, Бөгенбай өліміне арнап жыр шығарған атақты жыраулар — Бұхар мен Үмбетей екені елге ежелден мәлім:

“XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары” (Алматы, 1962) атты кітаптың алтыншы бетінде: “Жанкісі жырау да Абылай кезінде өмір сүрген көрінеді. Оны Бөгенбай батырдың өліміне арнаған мына өлеңінен аңғаруға болады:

— “Уа, Алатаудай Ақшадан
Асып тудың, Бөгенбай,
Болмашыдай анадан
Болат тудың, Бөгенбай...” —

деп басталатын отыз жол өлең келтірілген. Бұл өлең түгелдей Үмбетей жыраудікі екені оқырман жұртшылыққа әдебиет тарихы кітаптарынан, өлең-жыр жинақтарынан мәлім. Мысалы, “Ежелгі әдебиет нұсқалары” (1967 ж. 127–128-бет), “Алдаспан” (1970 ж., 133–134-бет). Ғылыми тұрғыдан зерттеліп, тарихи нақтылы деректермен дәлелденіп анықталмаған материалдарға энциклопедиядан орын берілмеуі керек.

XVIII ғасырдың аяғы, XIX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген Жанкісі бидің өзiрге тарихта мәлім болған “Қоқан ханына айтқаны” деген бір ғана жыры бар. Тарихи-әлеуметтік, әдеби-көркемдік мәні бар сол жырымен Жанкісі жырау әдебиет тарихынан орын алған адам.

Энциклопедияның 271-бетіндегі мақалада: “Жанатай (т. - ө. ж. белгісіз) — XVIII ғасырда өмір сүрген батыр. Мекені — қазіргі Көкшетау облысының Володар (Айыртау) ауданы. Жанатайдың зираты Солтүстік Қазақстан облысының Ленин ауданындағы Ильич совхозының “Жанатай” ауылы қасында”, — (?) деген. Бұл — нанымсыздау мағлұмат. Жанатай батырдың өлімі туралы Шоқан Уәлиханов: “Исторические предания о батырах XVIII в.” деген еңбегінде толық суреттеп жазған. Аз ғана үзінді келтірейік: “Последнее преследование бежавших торгоутов в преданиях народа известно под именем “пыльного похода”. В этом походе народу было более сан (без счета), хан стоял на сборном месте не двигаясь; он дожидался храброго батыра Баяна. В это-то время кандигалинец (ханджигалинец. — Қ. М.) Джанатай-батыр (дұрысы Жантай. — Қ. М.), державший передовой караул с отрядом в 500 человек в расстоянии суточной езды, был убит калмыками”, — деп бастап, Жантай батырдың қандай жағдайда, қандайлық ерлік көрсетіп өлгенін сурет-

тейді. Жантай 500 әскерімен он мың қалмаққа қарсы соғыста қырылады. Жалғыз тірі қалған Жантайдың баласы — Тоқыш Абылайға қайғылы хабар жеткізеді: “Қоғда Аблай узнал о смерти Джантая, плакал неутешно, говоря: “Не дававший себя точить, черныи булаг мой!””.

“Все войско (ходом чабуыл) быстро устремилось на Или и до прихода калмык окружили все броды...” (Ч. Ч. Валиханов. Собр. сочин. В пяти томах. Том 1. 1961. стр. 225–227).

Россиядан (Вола бойынан) Қытай жеріне қарай қашып келе жатқан көп қалмақпен Абылайдың осы баяндалған ақырғы соғысы 1771 жылы болғаны тарихта аян, шын уақиға. Осы тарихтық деректерге сүйеніп, Жантай бағырдың туған жылын нақтылы айта алмасақ та, өлген уақығын — 1771 жыл деуімізге әбден болады. Соғыс Жетісу жақта. Іле өзенінің өлкесінде болғаны да мәлім болып отыр. Олай болса, Жантайдың өлген жері де белгілі. Сондықтан энциклопедияда: “Ж-дың зираты Солт. Қазақстан обл-ның Ленин ауданындағы Ильич с-зының “Жантай” ауылы қасында”, — деп берілген мағлұмат шындыққа жатпайды. Энциклопедиядағы мақала авторы кім екені де белгісіз. Және мақала сонында бір де бір әдебиет көрсетілмеген. Шоқан Уәлихановтың еңбегін атап көрсету қажет еді.

Біз Жантай бағыр туралы энциклопедияда көлемді мақала жазылу керек деп отырғанымыз жоқ. Тарихи уақиға, тарихи адам туралы аз болса да, деректі, дәлелді нанымды мағлұмат берілуі керек деіміз. Атақты батыр Баян да жоғарыда айтылған соғыста (1771) өлген.

Энциклопедияның 534-бетінде “Жыға” деген сөзге берілген түсіндірмеде: “Жыға — соғыста киетін бас киім. Жығаның төбесі үшкір келеді, маңдай алды қасқа дейін түсіп тұрады, желке жағына мойынды айнала үз. 1–1,5 қарыстай шынжырлы баулар тағылады” деген сияқты сипаттама берілген. “Жыға” деген сөзге берілген бұндай түсіндірме көңілге қонбайды. Абай “Көңілім қайтты дастан да, дұшпаннан да” деп басталатын өлеңінде:

— Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда.
Ол тұрмас бастан жыға қисайғанда, —

дейді. Мұхтар “Еңлік—Кебек” пьесасында да, өзі ізденіп барып, жекпе-жекте Кебектің қолынан қаза тапқан Есен батырдың өліміне әрі күйініп, әрі ыза болған Еспенбет биге берген сөзінде: “... Есен бұл күнге дейін Найманның батыры болса, қазірде Тобықтының жығылған жынасын қайта тұрғызған Найманның бір шіріген жұмыртқасы...” демеи

ме? Жыға қисаяды екен, жығылады екен. Олай болса, жыға энциклопедиядағы айтылғандай соғыста киетін бас киім болмай шығады. Көрі құлақ карт ақындардан сұрағанымызда олар: – “Жыға” деп батырлар дулығасының төбесіне, жауға айбарлы болып көрінуі үшін, құстың қауырсынынан, көбінесе жылқының қылынан шоқтап, шаншып қадап қоятын салты болған, соны “жыға” деп атаған. Және қыздар бөрік, тақия немесе сәукелелерінің төбесіне тоты құстың, қырғауылдың қауырсынынан сәндеп қоятын, олар болмағанда үкі тағатын. Соны да “жыға” және “қарқара” деп те атаған”, – деуші еді.

Ал енді қазақ тілінің әртүрлі сөздіктерінен (қазақша-орысша түсіндірме, терминологиялық, орфографиялық, энциклопедиялық, синонимдік, т. б.) “жыға” деген сөзді кездестіре алмадық. Тек “Абай тілі сөздігінде” (1968); “Жыға” — бастан жыға қисайғанда. Бағы тайғанда, басына қиындық түскенде” — деп жалпы мағына жағынан дұрыс түсінік берілген де, “жыға” деген сөздің тура мағынасы айтылмаған. Н. Н. Ильминскийдің “Материалы к изучению киргизского наречия” (Казань, 1861) деп аталатын кітабында: “Жыға” үкі (перо, которое носят девицы на шапочке фазанье или павлинье) деп түсінік берілген.

“Жыға” сөзінің толық түсінігі А. З. Будаговтың “Сравнительный словарь турецко-татарских наречий” деп аталатын сөздігінің (Санкт-Петербург, 1869) I томының 437-бетінде берілген. “Жыға” араб әрпімен жазылған. Қай халықтардың тілінде қолданылатынын білдіру үшін қысқартылған белгі қойылған. Мысалы, п.-парсы, тур.-түрік, кир.-қазақ деген ұғымды береді. Сөздің түсіндірмесі орыс тілінде. Сонда былайша түсіндіреді: п. түрік, жыға... пух перьев, султан, носимый на чалме или на шапке... перья на шлеме, носимые храбрыми воинами, кир. перо (фазана или павлина, которые носят девицы на шапочке), жыға шаншу, воткнуть перо (где нельзя найти фазаньих перьев, втыкают филиновые).

Сөйтіп, “жыға” деген сөз соғыста киетін бас киім болмай шықты.

Жау мүлдем жеңілсе, жау жығасы жығылды, не жаудың жолы болмаса, жау жығасы қисайды деп, жау басына түскен істі оның жығасына ауыстырып (әдеби термині — метонимия) айту халқымыздың дәстүрлі сөзі болған.

Энциклопедияның 42-бетінде: “Дулыға” деген сөзге “темір қалпақ, батырлар соғысқа аттанғанда басына киеді...” — деген сияқты дұрыс түсінік берілсе, 534-беттегі “жыға” сөзіне келгенде мүлдем шалыс кеткен.

Энциклопедияның 599-бетінде: “Зеңгі баба — сиыр пірі. Ташкент облысындағы Янгиюль ауданының Зеңгі ата деген жерінде ертеректе оған ескерткіш орнатылған...” — делінген. Аты аңызға айналып кеткен, қазақта сиыр малының пірі дейтін Зеңгі бабаның кім болғанын атап айту керек еді. Ол туралы К. Г. Зелеманның, Әубәкір Диваевтың зерттеу еңбектерінде жазылған. Мысалы, Ә. Диваев: “Зеңгі атаның шын есімі Әмин баба еді, өте қара кісі (яғни негрлер — зеңгілер сияқты. — Қ. М.) болғандықтан, “Зеңгі баба” атанып кеткенін, әкесінің аты Төзқожа, туған, өлген жері Шаш (ескі Ташкент. — Қ. М.). Зеңгі ата Қожа Ахмет Яссауидің бесінші мұрагері, мұридi болғанын айтады.

Энциклопедияның 5 томының 316-бетінде Кәкітай Ысқақұлы Құнанбаев туралы берілген мағлұматта Кәкітайдың шын аты — Ғабдулхаким екені айтылмаған, туған, өлген жері көрсетілмеген, 1868 жылы туған деп қате айтылған. Кәкітайдың баласы Әрхам Кәкітайұлы Ысқақов әкесі жайында жазған естелігінде, Кәкітайдың өз аузынан естігендерін айта келіп, әкесінің сөзін келтіреді. Онда Кәкітай: “Мен Абай ағамның Мағауия деген баласымен бір жылы туған құрдас едім... Абай бізден екі жас үлкен баласы Әбішті орысша оқуға жіберген еді...” — дейді. Мағауияның 1870 жылы туып, 1904 жылы өлгені, Әбіштің 1868 жылы туып, 1895 жылы 27 жасында қайтыс болғаны мәлім. Және Әбіш Алматыда (ол кезде Верный) қатты науқастанып жатқанда, оған өлеңмен жазған Кәкітайдың екі хаты бары да мәлім. Бірінші хатында: “Тұла бойым балқи көр, Әбіш ағам дегенде” десе, екінші хатында және “Ағатай, сағындым, есен-сау көрмекке...” дейді. Осының өзінен де Кәкітайдың Әбіштен кіші, інісі екені айқын көрінеді.

Энциклопедияда Кәкітайдың абайтану мәселесінде үлкен еңбек еткені: “К-дың Абай шығармаларын жинап, 1909 ж. Петербургте тұңғыш рет жариялауы абайтанудағы үлкен еңбек болып есептеледі. К. осы жинаққа “Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі” атты мақала жазып, ақын шығармаларының табиғатын танытты”, — деп өте дұрыс тарихи, әдеби-ғылыми пікір айтылған. Бірақ сол Кәкітай жазған Абай өмірбаянының орыс тіліне екі рет (1905, 1907 жж.), қазақ тілінде үш мәртебе (1909, 1922 жж.) жарияланғанын атап айту аса қажет еді. Және мақаланың соңында библиографиялық мәлімет беру де орынды болар еді.

Энциклопедияның 359, 360-беттерінде Кемпірбай ақыңға арналған мақалада ақынның туған жері көрсетіліпті де, өлген жері аталмаған. Кемпірбай қатты ауырып, өлім халінде жатқан шақта Әсет ақын көңілін сұрап келіп өлең айтқан-

да, Кемпірбай өзінің сондағы ақырғы қоштасу өлеңінің соңында Әсетке:

— ...Сәлем айт, Арқадағы хан, қараға,
Қан Бертіс, Қарқаралы жандаралға,
Атығай, Қарауыл мен өрдегі Үйсін,
Қара өткел таныс едім екі араға.
Семейде топырағым болар білем,
Кемпірбай дұға қылсын бишараға! —

деген сөзінен оның Семейде өлгені көрінеді. Және бұл өлеңді энциклопедияда айтылғандай, Әсет пен Кемпірбай айтысы деп атау дұрыс емес. Тегінде Әсет пен Кемпірбай айтысқан емес. Бұл өлеңді тұңғыш жариялаған “Таң” журналында да (Семей, 1925, 1 сан) және одан кейін жариялаған Сәкен Сейфуллин де (“Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары”, 1931, 115, 116-беттер) айтыс өлеңі демейді.

Энциклопедияның 6-томының сегізінші бетінде Көкбай ақын туралы берілген мағлұматта: “Көкбай Жанатайұлы (1863, қазіргі Семей обл. Абай ауд. — 1927, сонда) — қазақ ақыны. Жасында Семейдегі медреседе оқып, ескіше білім алған...” — делінген.

Көкбайдың туған, өлген жылдары энциклопедияда дұрыс көрсетілмеген. Көкбайдың туған, өлген жылдары Абай шығармаларының толық жинақтарында да дұрыс көрсетілмей келген еді. Мысалы, 1957 жылы басылып шыққан Абай шығармалары жинағында Көкбай 1864 жылы туып, 1926 жылы өлген деп жазылса (II том, 265 бет), 1961 жылы шыққан Абай шығармаларының бір томдық толық жинағында — 1864 жылы туып, 1927 жылы өлген деп көрсетілген (660-бет).

Ең алдымен, Көкбайдың нақтылы туған жылын анықтап бере алатын деректерді келтіріп көрейік. Көкбайдың жақын туысы әрі шәкірті болған Есентай Бердин (1894—1967) “Көкбайдың өмір тарихы” деп аталатын естелігінде оның Семей қаласына кетуі жайында айта келіп: “Он алты жасқа келген соң, әкесі Жанатайдың бір ту биесін мініп, Семейге қашып келіп, орысша оқуға түседі”, — дейді. Осы сөздің шындығына архивте сақталған тарихи документ, деректер көзімізді жеткізеді. Қазақ ССР Мемлекеттік Орталық архивінде сақталған документтерден бір ғана дерек келтірейік: “Ведомость об успехах и поведении учеников Семипалатинского Уездного училища за 1-ю половину 1878—1879 учебного года.

11. Джанатаев Кокбай. Лета — 17, звание родителей — киргиз. Время поступления в училище — 1878. Способность — 4, прилежание — 4, поведение — 5”.

Сөйтіп, Көкбай 1878 жылы Семейге келіп, орыс мектебіне оқуға түскенде 17 жаста екен. Олай болса, Көкбайдың туған жылы – 1861 жыл. Және Көкбай “Жасында Семейдегі мектепте оқып, ескіше білім алған...” ғана емес, уездік училищеде орыс балаларымен бірге оқып, білім алған.

Мұхтар Әуезов “Менің өмірбаяным” деген жазбасында Көкбай туралы айтқанда: “Ол Абайдан он алты жас кіші еді” — дейді. Мұхтар Әуезовтің айтқаны да архивтегі тарихи дерекпен дәлме-дәл келіп, Көкбайдың 1861 жылы туғанын анықтап тұр.

Ал енді Көкбайдың нақтылы өлген жылын анықтайтын деректерге келейік.

Мұхтар Әуезов 1924 жылы Семей қаласында Абайдың өліміне 20 жыл толғанына арнап қазақ оқығандары жасаған ескерткіш кеште Көкбайдың Абай туралы естегілерін баяндап бергенін, оның ауызша айтқан сөздерін жазып алғанын айта келіп: “Көкең Абайменен 1880 жылдардан бастап 25 жылдай жолдас болған. Сондықтан бұл кісінің әрі аға, әрі жолдас-дос болған жақыны Абай туралы білген мағлұматтары көп болса керек еді. Бірақ сол 1924 жылы Көкеңнің саушылығы азайып, үлкен науқасты болды. Сонан соң 1925 жылдың жазғы салымында науқасы ауырлап елге қайтып, кетерінде: “Үйге барған соң шамам келсе, Абайдың жайын толық қылып жазармын”, — деп еді. Елге барған соң ол уәдесіне жете алмады. Үйткені, науқасы жеңіп әкетіп, мұршасын келтірмепті. Сол жылы Көкең дүние салды да, мен қысты күні есіткен аз мағлұматтардан басқаны жия алмаған қалпымда қалдым”, — дейді (Абай Құнанбаев. Толық жинақ. Қызылорда. 1933 ж. 385, 386-беттер).

Бұл мағлұматында Мұхтар Әуезов Көкбайдың қайтыс болған уақытын нақтылы, дәл айтып жазған, яғни 1925 жылдың “күзінде Көкең дүние салды” деген. Мұханның бұл айтқанын “Қазақ тілі” (қазіргі “Семей таңы”) газетінің 1925 жылы 20 октябрь күні) 631-санында басылған: “Көкбай қайтыс болды” деген хабар дәлелдеп, бекіте түседі. Ол хабарда: “Осы октябрдің 3-інде белгілі Көкбай Жанатайұлы қайтыс болды. Шығарған малдардан 3 тайынша, 1 құнан өгізді баласы Ақметқали елдегі, қаладағы мектептердің пайдасына қойғызды”. Хабарды берген Есентай Бердіұлы. Газет “Басқармадан” деп, Көкбай туралы қосымша мағлұмат берген.

Сөйтіп, Көкбайдың анық туған жылы – 1861, өлген уақыты – 3 октябрь 1925 жыл болады.

Ал енді Көкбай 1927 жылы өлген деген деректі ҚСЭ-на жазған адам (авторы көрсетілмеген) қайдан алды екен деген сұрақ туады. Мұхтар Әуезовтің он екі томлығында

Көкбай туралы: “Абайдың шәкірті Көкбаймен де әңгімелестім. Ақынның ең жақын достарының ішінен біздің заманымызға дейін көзі тірі жеткені сол ғана болатын. Көкбай 1927 жылы қайтыс болды”, — деген сөз бар (Мұхтар Әуезов. Шығармалар. Он екі томдық. Бірінші том. А., 1967. “Менің өмірбаяным”, 24-бет).

Көкбайдың 1925 жылдың күзінде дүние салғанын 1933 жылы жазғанында дәл, дұрыс көрсеткен Мұхтар Әуезов, енді 17 жылдан соң (1950 ж.) Көкбай 1927 жылы өлген деп жазуы мүмкін емес. Бұл баспадан ба екен, әлде баспаға әзірлеушіден бе, әйтеуір бір мүлт кеткен қате деп білеміз.

Көкбай туралы тағы былай делінген: “К-дың “Абай — ақындардың ұстазы” деген естелігі өзі қайтыс болған соң, “Социалистік Қазақстан” газетінде (1945) жарияланды”. Шынында Абай туралы Көкбай естеліктері 1945 жылдан бұрын 1933 жылы Абайдың толық жинағында және 1940 жылы “Көкбай әңгімелері” деген атпен Абай шығармаларының 2-томында басылған.

Энциклопедияның 426-бетінде “Қалқаман—Мамыр” поэмасына арналған мақала басылған. Мақалада: “Қалқаман—Мамыр” — 1722 ж. болған тарихи оқиғаға байланысты шығарылған дастан. Авторы белгісіз” (?)! дей келіп: “Екі жас дәстүрді бұзғаны үшін өлім жазасына кесіледі. Мамыр өз туысы Көкенайдың қолынан қаза табады. Ал Қалқаман өзін өлім жазасына кескен Кеңгірбай бидің (?)! “енді жазадан құтылдың” дегенін тыңдамай (?)!, үстем тап өкілдеріне өкпелеп, Бұхар жаққа кетеді” делінген. Қазақ тарихынан хабары бар және “Қалқаман—Мамыр” поэмасымен таныс адам бұлай жазбаған болар еді. “Қалқаман—Мамыр” поэмасында суреттелетін оқиға 1722 жылы Сырдария бойында болған болса, Қалқаманды өлім жазасына кескен Кеңгірбай би деу тарихи шындыққа жата ма? Қалқаман жөнінде билік айтқан би — Әнет екені поэмада айқын жазылған. Ал Кеңгірбай араласатын іс, “Еңлік—Кебек” поэмасында суреттелетін, 1780 жылдар Шыңғыс тауында болған оқиға екені бүкіл елге әйгілі емес пе?

Тағы энциклопедиядағы мақалада: Қ.М. дастаны алғаш рет 1892 ж. “Дала уалаяты” газетінде жарияланды делінген. Бұл да дұрыс мағлұмат емес.

1892 жылы “Дала уалаяты” газетінің 34–39-сандарында: “Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз” деген атпен жарияланған мақала бары рас. Шынында “Дала уалаяты газеті” “Сибирский вестник” газетінде: “Незабытое прошлое и настоящее киргизов” (очерк) деген атпен орыс тілінде жарияланған очеркті көшіріп басқанын, ҚСЭ-ның

4-томында басылған “Еңлік—Кебек” поэмасына байланысты мақала туралы пікірімізді жоғарыда толық айттық.

Сол очерктің соңында Қалқаман жөнінде Кеңгірбай билік айтыпты деп жаңсақ жазылған 8—9 жолдай ғана сөз бар. Энциклопедияда: “Қалқаман—Мамыр” дастаны алғаш рет 1892 ж. “Дала уалаяты” газетінде жарияланды”, — деп отырғаны жанағы айтылған 8—9 жол сөз ғана. Ол, әрине, поэма емес.

Әуелде кітап болып басылып шығып, халыққа әйгілі болған “Қалқаман—Мамыр” поэмасын жаттап алып, елге кең жайған өлеңші, жыршылар көп болған. Кітаптан көшірген жаттап айтушылардың аузынан жазып алған адамдар да аз болмаған. Энциклопедиядағы мақала поэманың “9 нұсқасы сақтаулы” деп отырғаны, поэманың ауызша және қолжазба арқылы ел арасына мол тарағанын көрсетеді. Поэманың “нұсқалары” деген мәселені түпнұсқасынан, яғни кітабымен салыстырып зерттеу — әдебиеттану ғылымының жұмысы болмақ.

Энциклопедияның 603-бетінде: “Қоңыр әулие — Қарағанды облысының (?) Шаған өзенінің бойындағы үңгір” деп мүлде қате мағлұмат берген. Семей облысы, Абай ауданының жеріндегі Қоңыр әулие үңгірі мен Шаған өзенін энциклопедияда Қарағанды облысының жеріне көшіріп тастайтыны қалай? Қоңыр әулие туралы жазылған басқа мағлұматтарды айтпағанда, “Абай жолы” романында (“Өкініште” тарауы) Қоңыр әулие тамаша сипатталған емес пе?

Және мақаланың соңында: “Қоңыр әулиеде көптеген атақты адамдар болған, олардың ішінде Абайдың өз қолымен жазған автографы сақталған”, — (?) депті.

1943 жылы Мұхтар Әуезов, Есмағамбет Исмаилов, Сапарғали Бегалиндермен бірге Абай ауданында болған кезімізде, әдейілеп барып, Қоңыр әулие үңгірін әбден аралап, анықтап көрген едік. Онда Абайдың өз қолымен жазған автографы дейтін мүлде жоқ және болмаған.

Энциклопедияның сегізінші томының 584-бетінде Орынбай ақынға арналған мақалада, оның туған жылы жайында А. Янушкевичтің кітабында келтірілген мағлұматтарды ескеру керек еді. Және мақалада “Ақынның әлі баспа бетін көрмеген” өлеңдері дей келіп, олардың ішінде “Абайдлдаға”. “Ерден батырға айтқаны” деген өлеңдері аталған. Шынында, Абайдлдаға айтқаны өлеңі 1923 жылы, ал Ерден батырға айтқан өлеңі Сәкен Сейфуллин 1931 жылы бастырып шығарған “Қазақтың ескі әдебиет нұсқаулары” атты кітабында (112-бет) жарияланған болатын.

Энциклопедияның тоғызыншы томында, 602-бетінде

Сабырбай ақын Ақтайлақұлын 1775 жылы туған деп көрсеткен. Ал Төлеу ақын Көбдіков жазған естелігінде, өзінің нағашы атасы Сабырбайды Құнанбаймен (1804–1885) құрдас болатын дейді.

Энциклопедияның екінші томының 37-бетінен: “Әлімбетов Сапарғали” деген, Қазақстанның белгілі халық ақыны туралы мақаланы оқыған едік. Ол мақалада Әлімбетов Сапарғалидың 1888 жылы Семей облысы, Жарма ауданы, қазіргі Енбекшіл ауылында туғаны, 1956 жылы 10 октябрь күні Семей қаласында қайтыс болғаны дұрыс көрсетіліп жазылған еді. Ал енді энциклопедияның оныншы томының 25-бетінен тағы сол ақын туралы: “Сапарғали Әлімбетов” деп аталған мақаланы кездестірдік. Бұл мақалада оның туған уақытын сегіз жылға шегіндіріп, 1880 жыл деп, өлген жылын бір жылға өсіріп, 1957 жыл деп кате көрсетіліпті. Ақынның 1962 жылы басылып шыққан шығармалар жинағы кітабында (“Өлеңдер мен поэмалар”) оның туған, өлген уақыты 1888–1956 деп дұрыс жазылған. Энциклопедияның екінші томында да солай дұрыс көрсетсе, оныншы томда екінші томдағы дұрыс мағлұматқа ешбір негізсіз қарсы шығып, Сапарғали туралы екінші рет мақала жазылуын түсінбедік.

Энциклопедияның оныншы томының 28–29-беттерінде Сара Тастанбекқызына арналған мақалада оның 1878 жылы туып, 1916 жылы 38 жасында қайтыс болғаны жазылған. Сараның туған, өлген уақыты ол туралы жазылып, жарияланған мақалалардың бәрінде де көрсетіліп келеді. Бұл жөнінде басқаша берілген мағлұмат, талас пікір жоқ және 1978 жылы Сараның туғанына 100 жыл толуына арналған мереке өткізілуі (“Социалистік Қазақстан” газеті, 2 август, 1978 ж.) ақынның туған жылы (1978) туралы жазылған мағлұматтың дұрыстығын көрсетеді.

Бұл арада Сараның өмірбаянының зерттелу мәселесі жайында қысқаша болса да айта кетуді қажет деп білеміз. “Біржан–Сара” айтысы әуелде қолжазба түрінде және жатталып айтылып, ауыздан-ауызға көшіп, елге мол тараған болса, 1898 жылдан бастап әлденеше рет кітап болып басылып шығып, халыққа онан сайын әйгілі болады. Сонымен бірге Сараның атын білмейтін адам да жоққа тән еді. Бірақ оның атақ-данқына мәз болғанымыз болмаса Сараның өмірбаянын зерттеу мәселесіне көңіл бөлінбей келді. 1958 жылға дейін Сараның қай жылы туып, қай жылы өлгені де белгісіз болып келген еді. Тек, 1958 жылы “Жұлдыз” журналының 5 санында, Талдықорған облысы, Қапал аудандық газетінің сол кездегі редакторы, журналист, Сараның жерлесі

Тәңірберген Қалилахановтың “Ақын Сара туралы соны деректер” атты үлкен мақаласы жарияланды. Қалилаханов көп ізденіп, Сараның көзі тірі туған-туысқандарының, оны көрген, білген замандастарының ақын жайында білетін мағлұматтарын жинап, оларды салыстырып зерттеп, қорыта келіп, Сараның нақтылы туған, өлген жылын анықтап берді. Сөйтіп, Сара Тастанбекқызының 1878 жылы туып, 1916 жылы 38 жасында дүниеден көшкені айқындалып, елге мәлім болды. Қалилаханов мақаласында жазылған Сараның ақындық өнері, тұрмысы, басынан кешкен хал-ахуалы жайын біз қазір сөз етпейміз. Сара туралы тұңғыш мағлұмат берген Қалилахановтың бұл еңбегін жан-жақты толық талдап, пікір айтып, Лияс Омаров марқұм көлемді мақала жазған болатын (“Қазақ әдебиеті” газеті, 17 июль, 1969 және І. Омаровтың кітабы “Шабыт шалқары”, 1973).

Энциклопедияның екінші томындағы “Біржан Қожағұлұлы” және “Біржан–Сара айтысы” деген мақалаларға бұдан бұрын жазғандарымызда тоқталмай кеткен едік. Себебі, ол мақалаларда берілген мағлұмат, деректердің оныншы томда Сараға арналған мақаламен тікелей байланысы болғандықтан еді. Сонымен ол мақалалар жөніндегі пікірімізді енді айтып жазуды мақұл көрдік.

Энциклопедияның екінші томының 555-бетіндегі “Біржан–Сара айтысы” деп аталатын мақалада: “Біржан мен Сараның айтысын 1871 жылы қазіргі Талдықорған облысының Қапал, Ақсу өңірінде Сараның айтуымен Жүсіпбек қожа Шайхсламұлы жазып алып, 1872 жылы баспаға дайындайды. Ол 1898 жылы Қазанда тұңғыш басылып шығады”, – дейді.

1871 жылы әлі дүниеге де келмеген Сара Біржанмен қалай айтыса алады? 1872 жылы да дүниеге келмеген Сараның аузынан айтыстың сөзін Жүсіпбек қожа қалай жазып ала алады?! Және Жүсіпбек қожа 1872 жылы 15 жасқа жаңа ғана шыққан адам болатын (1857 жылы туған). Шындықтан аулақ, тарихқа сәйкес келмейтін, ақылға қонбайтын жалған мағлұматтардың энциклопедиядан орын алуының себебін түсінудің өзі қиын.

Мұндай өрескел қайшылықтардың сырын ашу үшін Біржанның өмірбаянына, туған, өлген уақытына көз жіберіп, көңіл аудару керек болады. Энциклопедияның екінші томының 553–554-беттеріндегі “Біржан Қожағұлұлы” деген мақалада оның туған жылы – 1834, өлген жылы – 1897 делінген. Сонда бұл мәлімет қандай деректерге сүйеніп берілген? Бұл сұраққа жауап беру үшін Біржанның өмірбаянының зерттелу тарихына, қысқаша болса да, шолу жасау қажет. Ең ал-

дымен, Біржанның өмірбаянынан тұнғыш зерттеп мағлұмат берген Сәбит Мұқановтың 1939 жылы “Әдебиет майданы” журналының 1 санында жарияланған “Айтыс және ақын” атты мақаласын еске алу керек болады. Ол мақалада: “Біржан мен Сара айтысы” деген өлеңді Найман Әріп шығарыпты деген сөз бар. Сараға Біржан 37 жасында жолыққан, бұл 1862 жылы Сараны Біржанның іздеп барып жолығуы, айтысуы болған оқиға, оған сол кезде Біржанның атқосшысы болып барған айтысты көзімен көрген Біржанның ағасы Нұржанның баласының сөзі куә. Ол бата қазір қартайған шал”, – деген. Бұл мағлұмат бойынша Біржан Сарамен айтысқан кезде жасы 37-де екен және Біржанның Сараны іздеп барып, жолығып, айтысуы – 1862 жыл делінеді. Ал Сара 1862 жылдан он алты жыл кейін, яғни 1878 жылы дүниеге келген адам екені жоғарыда дәлелденіп жазылды.

1942 жылы шыққан “Айтыс” (I том) кітабындағы “Ақын және айтыс” деген мақаласында Сәбит Мұқанов: “Бізге шамалы түрде мәлім ақындар да жоқ емес, мәселен, атақты Біржан сал, ол қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Еңбекшілер ауданында (Көкшетауда) 1825 жылы туған, 1887 жылы өлген. Туған елінде Біржанның ақындығынан әншілігі көбірек мәлім”, – дейді (22-бет).

Осы мәліметті негізгі дерек етіп, 1939 жылы шыққан “Халық поэмалары” кітабында жарияланған “Біржан мен Сара” атты мақаласында Қ. Жұмалиев те Біржанның туған, өлген уақытын 1825–1887 жылдар деп жазған. “Қазақ ССР тарихы” кітабында да Біржанның туған, өлген уақыты 1825–1887 жылдар деп көрсетілген (I том, 1957, 631-бет).

Біржанның өмірбаянын одан әрі зерттей келіп, 1964 жылы шыққан “Айтыс” (I том) кітабында басылған, “Айтыстар туралы” атты мақаласында Сәбит Мұқанов: “Өлер алдында шығарған Біржанның бірнеше ауыз өлеңі Теміртас, Асыл, Ақық деген балаларының аттарымен басталады.

Теміртас – ұлы. Теміртас Біржан өлгенде үш жаста. Біржан өлеңінде Теміртасты 55-ке келгенде көрген қалқам дейді. Біржан 58 жасында 1891 жылы дүние салған. Біржан 1891 жылы 58 жаста болғанда сонда 1833 жылы туған болады. Ең анығы осы. Біржан 1825 жылы туып, 1887 жылы өлді деген мәлімет те, 1834 жылы туып, 1897 жылы өлді деген мәлімет те, шындықтан алыс” (17-бет) деген қорытындыға келеді. Мақаланың соңында: “1942 жыл” деген жазылған уақыты. – Қ. М.).

Ахмет Жұбанов 1942 жылы басылған “Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы” атты кітабында Біржан 1831 жылы туып, 1894 жылы өлген деп көрсетеді: “...Алпысқа

жасы жеткенде, байлауда екі қолын арқан кесіп, үш жыл жатып, 1894 жылы 63 жасында... қайтыс болды (112-бет), – дейді. Және “Замана бұлбұлдары” (1963) кітабында да солай жазған. Есмағамбет Исмаилов “Ақындар” атты кітабында (1957 ж. орыс тіліндегісі) Біржан 1832 жылы туып, 1895 жылы өлген деп көрсеткен. Ал енді энциклопедияда Біржанды 1834 жылы туып, 1897 жылы өлді дейтін дерек қайдан алынған?

Бұл жөнінде тағы бір мағлұматты еске ала кету керек. Е. Байболов деген жолдас “Қазақ әдебиеті” газетінің 1957 жылғы 2 (106)-санында жарияланған “Біржан ел аузында” деген мақаласында: “...1928 жылдың жаз айы еді. Қасымда өнші Өтелбайұлы Хамит бар – екеуміз Біржанның баласы Теміртасты іздеп, Ақкөл деген жерде жайлауда отырған Қожағұлдың ауылына келдік. Әдейілеп келген мақсатым – өншінің өмірі жайында мәлімет жиып, Біржан ұрпақтарының ақиқат өңгімесін дәл осы айтылған күйінде хатқа түсіріп алу еді. Теміртастың сөзін айнытпай қойын дәптеріме жазып алдым”, – дейді. Одан әрі Теміртастың өз сөзін келтіреді. Теміртас Біржанның үшінші атасы Бертістен бастап, Бертістің бес баласының бірі – Қожақұл, Қожақұлдың үш баласының бірі – Тұрлыбай екенін, Тұрлыбайдан – Біржан туғанын және жас бала күнінен Қожақұлдың тәрбиесінде болғандықтан Қожақұлдың баласымын деп кеткенін айтады. Теміртас әкесінің туған, өлген уақыты туралы былай депті:

“Біржан өлгенде, шешеміздің қолында үш бала қалдық. Қыздары – Асыл, Ақық, ұлы – мен. Біржан алпыс үштен алпыс төртке қараған жасында дүние салды. Ол қайтқанда мен тоғыз жасар бала едім... Ал өзім биыл дәл отыз тоғыз жастамын”. Осы Е. Байболовтың мағлұматы сенімді дейтін болсақ, Теміртас 1928 жылы 39 жаста екен. Олай болса, Теміртас 1889 жылы туған, ол туғанда әкесі елу бесте, яғни Біржан 1834 жылы туған, 63 жасында дүниеден қайтса, Біржан 1897 жылы өлген болады.

Сөйтіп, Біржан 1834 жылы туып, 1897 жылы өлген деп энциклопедияда жазылған, ең соңғы қорытынды сияқты мағлұмат “Қазақ әдебиетінің тарихы” кітабынан алынған болады. Біржанның туған, өлген жылы туралы энциклопедияда көрсетілген мағлұматқа Сәбит Мұқановтың Біржан 1833 жылы туып, 1891 жылы өлген – “Ең анығы осы” деп атап қорытқан мәліметі және Ахмет Жұбановтың Біржан 1831 жылы туып, 1894 жылы өлген дейтін мәліметі қайшы келіп тұрғанын көреміз. Сонда Біржан Сарамен айтысқан уақытта 37 жаста еді деген дерекке сүйенгеннің өзінде де

тарихи шындыққа жанаспайды. Біржан 1834 жылы туды десек, Сарамен айтысқан уақыты 1871 жыл болып шығады, 1833 жылы туды десек, 1870 жылы, ал 1831 жылы туды десек, 1868 жылы айтысқан болып шығады. Ол жылдары Сараның дүниеге де келмегені, оның 1878 туғаны жоғарыда айтылды.

Ал 1898 жылы тұңғыш рет басылып шыққан “Қисса Біржан салменен Сара қыздың айтысканы” атты кітапта: “Сол кезде 17-де ақын Сара, жел сөзге адам болмас одан епті”, – деп, Біржанды айтқанда: “Мың жарым жылқысы бар әкесінің уақыты екен 38 жасқа келер”, – деп жазылған (2-бет). Осы кітаптағы мағлұматқа сүйеніп, Біржанмен айтысқан кезде Сара он жеті жаста десек, айтысқан уақыттары 1895 жыл болып шығады. Ал С. Мұқановтың мәліметі бойынша, Біржан одан 4 жыл бұрын (1891), А. Жұбановтың мәліметі бойынша бір жыл бұрын (1894) өліп қалған.

Энциклопедиядағы мәлімет бойынша, Біржан 1897 жылы өлген болса, 17 жастағы Сарамен айтысқанда, ол 61 жаста болады. Ал А. Жұбановтың мағлұматында Біржан 60 жасқа жеткенде, байлауда, екі қолын арқан қиып, үш жыл жатып, 63 жасында қайтыс болды дегенін жоғарыда айттық. А. Жұбановтың бұл мәліметінің шындығын Біржанның өз сөзі дәлелдейді:

– Саясы кем болады қу қайынның,
Жігітке керегі не уайымның.
Келгенде 60 жасқа қонды қонақ,
Білмеймін не қыларын құдайымның, –

дейді ғой Біржан.

Біржанның баласы Теміртас, әкесі науқастанып жатқан кезінде Түндікбай деген құрдасы келгенде айтқан:

– Салғаным ағаш үйде әдемі пеш,
Бір құдай ғапу етіп, күнәмді кеш.
Бірде–сау, бірде–ауру Біржан ғаріп,
Құрдасым, аяқтағы арқанды шеш, –

деген өлеңін келтіре отырып, былай дейді.

“Әкеміз құрдасына жалынып, өтініп еді, бірақ шешем рұқсат етпеді. Шешеміз “Біржан жынданды” дегенге әбден иланып қалған еді” (“Қазақ әдебиеті”, 1957, № 22 (106)).

Және науқастанып жатқан Біржанның балаларына:

– Теміртас, Асыл, Ақық–балдан тәтті,
Қинауға салады екен адамзатты.

Үкідей желпіндірген қарақтарым,
Шешсенші, білегіме арқан батты, —

дейтін өлеңі бүкіл елге әйгілі.

Сөйтіп, Біржан мен Сараға, олардың айтысы дейтін мәселеге байланысты энциклопедиядағы мағлұматтар, тарихи ғылыми тұрғыдан әлі де зерттеліп, тарихи шындық анықталып, дәлелденіп берілуі керек екенін көрсетеді.

Энциклопедияның (10 т.) 548-бетіндегі. “Таң” журналы туралы мақаласында: “Семей қаласында 1924 жылдың басынан 1926 жылдың орта шеніне дейін ай сайын шығып тұрды. Редакторы Мұхтар Әуезов” деген жаңсақ мағлұмат берілген. Ал шынында “Таң” журналы 1925 жылы март айынан бастап шыққан. Сол 1926 жылы май айында 4-ші саны ғана шығып, сонан соң “Таң” журналы шығуын тоқтатқан. Мұхтар Әуезов редактор болмаған. “Таң” журналының жауапкер шығарушысы Ш. Токжігітов, басқарма алқасының мүшелері: А. Сайдалин, Ш. Жантілеуов, басқарма хатшысы: М. Әуезов” делінген. “Таң” журналының бірінші санынан бастап, барлық төрт номерінде Мұхтар Әуезовтің алты әңгімесі жарияланған. Бірінші санында “Қайғылы жетім” (кейін “Жетім” деп аталған), “Қанды түн” (“Барымта”), екінші номерінде “Қаралы сұлу”, “Қазақ қызы” (кейін “Кінамшыл бойжеткен”), үшінші номерде “Бүркіт аңшылығының суреттері” және төртінші номерінде “Ескілік көлеңкесінде” әңгімелері жарияланған. Журналда Абай, Асан қайғы, Бұхар, Үмбетей жыраулардың, Ақтайлақ, Сабырбай, Күдері, Алтыбай ақындардың шығармаларының, Иса Байзақовтың “Алтай ертегісі” атты поэмасының жарияланғанын айту керек еді. Мақала авторының “Таң” журналымен онша таныс еместігі байқалады.

Оныншы томда “Тауарих хамса” (588-бет) кітабына мақала арналыпты. Сол мақала, кітаптың авторы—“Халиди Құрбанғали” есімі, он бірінші томға кірген мақалада (563-бет) тағы қайталанады. “Тауарих хамсаның” 1911 жылы екінші рет жарияланғаны аталуы керек еді.

Энциклопедияның он бірінші томының 125-бетінде Төлеу ақынға арналған мақалада: “Төлеу Көбдіков (шын фам. Көпжасаров) (1874, қазіргі Семей облысы, Шұбартау ауданы — 1954, сонда), шешесі Қуандық 19 ғасырдың белгілі ақындары Жанак, Түбек, Байбаламен, т.б. айтысқа түскен” — деп жаңсақ мағлұмат берілген. Дұрысы Төлеудің әкесінің шын аты Көпжасар емес, Көпжер. Төлеудің қайтыс болған және жерленген жері Шұбартау ауданы емес, Шар ауданының орталығы. Төлеудің шешесі Қуандық Сабырбай ақынның қызы (1844—1928). Ол Жанакпен де, Түбекпен де,

Байбаламен де айтыспаған. Қуандық олармен замандас емес. Сөзді ұзартпау үшін Мұхтар Әуезовтің айтқанын келтірейік: “Жанақ Найман ішіне келіп, Түбек бастаған он алты ақынмен айтысып, бәрін женеді де, ең соңында жас бала ақынмен айтысып, одан өзін “жеңілдім” деп мойындайды. Сондағы бала – Сабырбай ақын болатын” (“Қазақ әдебиетінің тарихы”, I том, I кітап. 1960, 672-бет). Сөйтіп, Жанақ пен Түбектен Қуандық түгіл, оның әкесі Сабырбайдың да жасы әлдеқайда кіші. Ал Байбаламен айтысатын да Қуандық емес, оның әкесі – Сабырбай ақын.

Энциклопедияның екінші томының жетінші бетінде: “Әбенев Шәкір (10.1.1901 ж.т., қазіргі Семей обл., Абай ауд.) – қазақ совет халық ақыны” – деген мақала басылған. Шәкір ақынға арналған сол мақала, енді энциклопедияның 12-томының 207-бетінде: “Шәкір Әбенев (1901 ж. т., қазіргі Семей обл. Абай ауд., Жданов атынд. с-з) – халық ақыны”, – деп аталып екінші рет басылыпты.

Энциклопедияның он екінші кітабының 269-бетінде: “Шора (т. – ө. ж. белгісіз, шамамен 19 ғ. I жартасында өмір сүрген) – аты аңызға айналған құсбегі...” деген мақала басылған. Ең алдымен, “Шора” деген сөздің өзіне, сол сөзден туындайтын “Шора” атауларына, мысалы, “Шора” журналы, “Шора батыр” жыры, “еркешора” сияқты сөздерге арнаулы мақала, түсінік берілуі керек еді. Бұл сөздер энциклопедияға кірмей қалған.

Энциклопедияның 230, 231-беттерінде (12-том) “Шеге” және “Шегіртке” деген сөздерге арналған көлемді мақала басылған. Бірінші мақала: “Шеге” – қарапайым бекіту деталы...” – деп басталса, екінші мақала: “Шегіртке – өзі аттас тұқымдасқа жататын үйірлі шегірткелердің бірнеше түрі...” – деп басталып, “шегіртке” сөзіне тәптіштеп түсінік беруге тырысқан. “Шеге”, “Шегіртке” деген сөздерді көпшілік оқырман энциклопедиядан зерлеп іздей қоймаса та еді. Және бұндай мақалалар басылмаса да, өкініші бола қоймас еді. Өкінішке орай, он екінші томға, тарихта белгілі ақын, әнші, композитор, Абайдың талантты шәкірттерінің бірі – Шондыбаев Уәйіс (1873–1925) кірмей қалған. Сол сияқты “Шаир” атты (1910) ақын, жыраулардың таңдамалы шығармалар жинақ-кітабы да аталып, энциклопедиядан орын берілуі керек еді.

Байқалған олқылық, кемшілік дегендердің бәрін бірдей тізіп, көрсетіп жазуды мақсат еткеніміз жоқ.

Қазақ Совет энциклопедиясының келешектегі басылымдары мүлтіксіз, сапалы болып шықса екен дейміз.

Ноябрь, 1986 жыл.

Түсініктемелер жайында біраз сөз

Жинаққа кірген ақын шығармаларының қай кезде жазылғанын, жазылуына себеп болған жайларды алғаш рет қашан, қайда жарияланғанын, шығарманың идеялық мазмұнын, көркемдік қасиетін қоса көрсетіп, әр кезде басылған жинақтарда кездесетін сөз қайшылықтарына текстологиялық талдау жасау, сол сияқты түсінік қажет ететін жеке сөздердің мән-мағынасын айқындап ашып беру – Академиялық басылымның, ғылымдық құралы (научный аппарат) саналатын түсініктемелер (комментарий) бөлімінің ең басты шарты.

Сондықтан жинақтың бұл бөлімінде, жоғарыда көрсетілген мәселелер, мүмкіндігінше толық қамтылып, түсініктемелер берілуі керек.

Абай шығармаларының екі томдық толық жинағының ең соңғы рет 1977 жылы Қазақстанда “Ғылым” баспасынан басылып шыққаны мәлім. Осы басылымның бірінші томының басында: “Қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаев шығармаларының екі томдығын баспаға дайындау үстінде бұрынғы басылымдарындағы жетістіктер мен кемістіктер түгелдей ескеріле отырып, тыңнан текстологиялық тексерулер жүргізілді, түсіндірме сөздер толықтырылып түзетілді. Сондай-ақ Абай шығармаларының текстологиясы жөнінде бұрын-соңды айтылып келген орынды пікір мен ұйымды ұсыныстар қабылданды” делінген.

Бірақ бұл айтылғандар іс жүзінде орындалмаған. Орындалмағанын жинақтың “Түсініктер” бөлімінен көреміз. “Түсіндірме сөздер толықтырылып, түзетілді” десе, толықтырудың орнына, бұрынғы жинақтарда (1933, 1939, 1945) Абай өлеңдеріне берілген толық түсініктемелер мүлдем қысқартылып тасталған. Мысалы, “Кім екен деп келіп ем түйе қуған” деген өлеңге 1933 жылғы және 1939, 1945 жылғы жинақтарда берілген түсініктемеде: “Өлеңнің айтылған уақытын (1855), айтылуына себеп болған уақиғаны көрсетіп, Тұрағұл Абайұлы мен Мұхтар Әуезов толық баяндап берген болса, осы берілген дұрыс және толық түсініктеме 1977 жылғы жинақта қабылданбаған. Оның орнына берілген

түсініктемеде: “Кім екен деп келіп ем түйе қуған” ел аузынан алынып, 1933 жылғы жинақта тұңғыш рет жарияланған (353-бет)” — деген ғана, өлең туралы нақтылы түсінік бере алмайтын, жалаң сөздермен шектелген.

Сол сияқты 1977 жылғы жинақта “Иузи-рәушан, көзі-гәуһәр”, “Әлиф би”, “Абыралыға” дейтін өлеңдерге берілген түсініктемелерде де бұрынғы жинақтарда (1939, 1945) толық берілген түсініктемелер ескерілмеген.

Әсіресе “Әлиф би” сияқты толық түсініктеме беруді қажет ететін өлең туралы: “Өлең алғаш 1933 жылғы жинаққа енген” деген хабардан басқа ештеңе де айтылмаған.

Қысқасы, 1977 жылғы жинақтағы Абай өлеңдеріне берілген түсініктемелердің, осы айтылғандай, үстірт, тиянақсыз екенін көреміз.

“Тыңнан текстологиялық тексерулер жүргізілді” деген мәселеге келетін болсақ, текстологиялық тексеруде сүйенген ең негізгі дерек Мүрсейіт қолжазбалары болғанын көреміз.

1977 жылғы жинақтың “Алғы сөзінде”: “Ең алдымен ... Мүрсейіт Бікейұлының үш көшірмесін (1905, 1907, 1910) негізгі дерек ретінде атаған дұрыс” (6-бет), — деп айтылған.

Абай өлеңдерін көшіріп жазуда Мүрсейіттің еңбегі үлкен екені белгілі. Бірақ ақын өлеңдерін көшіріп жазған жалғыз Мүрсейіт қана болмағанын да естен шығармау керек. Мұхтар Әуезов айтқан: “Қазаннан әскерлік қызметтен қашып келіп, Абайға туысқан-дос болып кеткен татар молдалары: Ғабитқан, Кішкене молла (Мұхамметкәрім), Махмұт (Кішкене молланың баласы) және қазақтан шыққан Мүрсейіт, Самарбай, Ыбырай, Хасен, Дайырбай сияқты бала оқытушылар Абайдың өлеңдерін көп көшіріп таратып отырды ...” дей келіп; “Жаңағы молдалардың: Ғабитқан, Кішкене молла сияқты жасы үлкендері Абай өлеңдерін ертеректен жинастырып, көшіріп жүргенін” атап айтады (Мұхтар Әуезов. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. “Ғылым” баспасы. 1967, 27-бет).

Абайды зерттеп жүрген әдебиетшілер арасында Мүрсейіт Абай шығармаларын, ақынның көзі тірі кезінде, тікелей түпнұсқасынан көшірген деген қате түсінік бар.

Мысалы, Мекемтас Мырзахметов “Мұхтар Әуезов және оның абайтану проблемалары” атты кітабында (“Ғылым” баспасы, 1982): “Мүрсейіт Абай шығармаларын асыл туындыдан тікелей көшірумен бірге, ақын шығармалары оның қолына Абай маңындағы жақын адамдар арқылы жетуі де мүмкін ғой”, — деп жазыпты (121-бет).

Ал Мұхтар Әуезов былай дейді: “... жұртшылығымыз

үшін бірнеше тарихтық дәл деректей, мәліметтер айтайық. Мүрсейіттің өзі жасы жағынан алғанда Абайдан 10–15 жас кіші адам болған. Өмірі Абайдың өз қасында өткен емес, Абай ағайындарының бірнеше ауылдарында кезектеп бала оқытып жүрген. Ал Абай жинағы 1896 жылы ғана қағазға топталып жиналатын болған. Ол істі істеген Мүрсейіт емес, Мағауия, Ақылбай, Кәкітай, Көкбайлар. Бұлар алғашқы істі Абайдың өзінің тапсырмасымен сол 1896 жылы бастайды. Сонда 1896 жылға шейінгі Абай өлеңдері қайда кеткен? Ондағы Абайдың қарындашпен жеке қағазға жазған өлеңдері Абай маңындағы жас ақын, өнерпаз, хат таныған ақын шәкірттердің, жастардың қолды-қолына тарап кетіп отырған. Кейін 1896 жылы көшірілгенде сол тарап кеткен өлеңдері жиналған, бірақ бәрі түгел жиналып үлгермеген” (жоғарыда аталған кітап, 281-бет).

Ал Мүрсейіттің Абай шығармаларын қай жылдан бастап көшіргені туралы, Әрхам Кәкітайұлы Ысқақов (1885 жылы туған), әкесі Кәкітай (Ғабдулхакім) туралы жазған (1949) естелігінде былай деп баяндайды:

“... 1905 жылы жаз басында, Кәкітай Абайдың зор қарызын өтеуге бел байлап, дайындық жасады: әуелі кең ғып “абылайша” дейтін қос жасатты. Өз ауылында ескіше бала оқытып жүретін Мүрсейіт Бікі баласы (Әнет) деген молданы босатып алып, бала оқытқаннан табатын пайданды мен беремін деп міндеттеніп, сол қосқа отырғызып, қағаз, қарындаш, қалам, сия сықылды жазу аспаптарын түгендеп беріп, Абайдың ел аузына тарап, одан әркім жазып алып, сақтап жүрген өлеңдерін, қарасөздерін жинап беріп, өзі ол өлеңдердің не турасында жазылғандығын реттеп, бөлім-бөлімге айырып жазылған жылдарын көрсетіп, Мүрсейітке жазып бітіруге тапсырды”, – дейді.

Сөйтіп, Мүрсейіт Абай шығармаларын ақын қайтыс болғаннан кейін, 1905 жылдан бастап көшіріп жаза бастаған және “асыл түпнұсқадан” тікелей көшірмеген. Сондықтан Абай шығармаларындағы әртүрлі жазылып, басылып жүрген сөздердің дәлдігін анықтау үшін текстологиялық талдау жасау ісінде Мүрсейіт жазбаларын негізгі дерек деп біліп, бір ғана Мүрсейітке сүйену жеткіліксіз және біржақтылық.

Біреп ғана мысал келтірейік: “Көңілім қайтты дастан да, дұшпаннан да” өлеңінің алтыншы шумағының соңғы жолы 1909 жылғы жинақта:

– Ала жылан, аш бақа күпілдектер;
Кісі екен деп ұлықтан ұялмай жүр, –

деп дұрыс басылған. Ал 1977 жылғы жинақта осы өлең жолына берілген түсініктемеде: “Алтыншы шумақтың соңғы жолы Мүрсейіт қолжазбаларына сүйеніп:

– Кісі екен деп үлкеннен ұялмай жүр, –

деп қалдырылды.

Бұл жол 1909 жылғы жинақта: – Кісі екен деп ұлықтан ұялмай жүр, – делініпті”, – дейді (I том, 362-бет).

Сөйтіп, Мүрсейітке шексіз сенудің салдарынан, 1909 жылғы кітапта дұрыс басылған Абай сөзі. 1977 жинақта өрескел бұрмаланған. Өлеңнің ең соңғы шумағының бастапқы екі жолын оқып көрейік:

– Жасы кіші үлкеннен ұялмай жүр.

Сұрамшақтар нәпсісін тыя алмай жүр, –

дейді ғой Абай. Бұл арада біз Мүрсейітке емес, Абайдың өзіне сүйендік.

“Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол” деген өлеңінің үшінші шумағының соңғы жолы 1909 жылғы жинақта (32-бет):

– Биде такпақ, мақал бар, ойлап кара, –

деп дұрыс басылған. Ал 1977 жылғы жинақта, Абайдың “ойлап кара” деген терең мағыналы сөзі, тағы да Мүрсейітке сүйеніп, өзгертіліп, берілген түсініктемеде: “үшінші шумақтың соңғы жолы Мүрсейіт қолжазбаларының негізінде:

– Биде такпақ, мақал бар, байқап кара, –

деп алынды. Бұл жол 1909 жылғы жинақта: Биде такпақ, мақал бар, ойлап кара, – деп басылыпты” депті (371-бет). Сөйтіп Абайдың асыл сөзі тағы да өрескел бұрмаланған.

“Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас” деген өлеңнің екінші шумағының үшінші жолы 1909 жылғы жинақтан бастап, 1957 жылғы жинаққа дейінгі барлық нұсқаларда:

– Ар мен ұят сенбесе, өзге қылық,

Арын, алқын – бұл күннің мәртебесі, –

деп дұрыс басылып келген болса, 1957 – жылғы және 1977 жылғы соңғы екі жинақта, өз орнында дұрыс тұрған “сенбесе” деген Абай сөзі, тағы да Мүрсейітке сүйеніп, орынсыз өзгертіліп:

– Ар мен ұят сынбаса (!) өзге қылық, –

деп мүлдем бұрмаланып басылып, мағынасы жойылған 1977

жинақтың 427-бетінде былай деген: ...“Екінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы жинақ бойынша:

– “Ар мен ұят сенбесе, өзге қылық”, –

деп басылып келіп еді.

Бұл жолы 1905, 1907 жылдарғы Мүрсейіт қолжазбалары негізінде:

– “Ар мен ұят сынбаса өзге қылық”, –

деп алынды” деген ақылға қонбайтын түсініктеме берілген.

Енді бір мысал келтірейік. Әбдірахман науқастанып жатқанда жазған, “Я Құдай, бере көр” деп басталатын өлең алғаш рет 1933 жылғы жинақта жарияланған.

Өлеңнің бастапқы шумағының төртінші жолы 1933 жылғы жинақта:

– “Қорқытпай орнықтыр,
Шошынған жүректі”, –

деп дұрыс басылған.

Сол сияқты өлеңнің он төртінші шумағының үшінші жолында:

– “Сақайып сау болсаң,
Сағынған өзіңіз”, –

деп дұрыс басылған.

Ал 1977 жылғы жинақта тағы да Мүрсейітке жүгініп, 1933 жылғы жинақта дұрыс берілген Абай сөздерін өзгертіп басып:

“Алғашқы шумақтың соңғы жолы Мүрсейіт қолжазбалары бойынша:

– “Шошынған жүректі”, –

деп берілді.

Бұл жол 1933 жылғы басылуында:

– “Шошынған жүректі”, –

делініпті.

Он төртінші шумақтың үшінші жолы Мүрсейіт қолжазбалары негізінде:

– “Қатайып (!) сауықсаң”, –

деп қалдырылды. Бұл жол 1933 жылғы жинақта:

– “Сақайып сауықсаң”, –

деп көрсетілген”, – деп түсініктеме берілген (407–408-бет).

Мүрсейіт “сақаю” деген сөздің мағынасын түсінбей ба-
рып, “катайып” деп өзінше өзгертіп жазып кателескен болуы
керек.

Сақаю – ауырудан жазылу, тәуір болу. сауығу деген
мағынада айтылатын, қазақтың ежелгі байырғы сөзі екені
мәлім. Ал “катаю” деген сауығу мағынасынан аулақ тұрған,
басқа мағынадағы сөз екені беп-белгілі.

Алғашқы жинақтарда (1909, 1922, 1933) дұрыс басылған
Абай сөздерін, Мүрсейітке ғана сүйеніп, өзгертудің дұрыс
еместігін осы келтірілген мысалдардан-ақ көре аламыз.

Сондықтан бұндай жағдайда: ұлы ақынды тұңғыш рет
баспа жүзінде танытуда тарихи зор еңбек сіңірген, Абай өзі
тәрбиелеп өсірген мұрагерлері Кәкітай мен Тұрағұлдың
еңбегіне ерекше көңіл бөлуіміз керек.

Кәкітай, Тұрағұлдар Абайдың елге тарап кеткен шы-
ғармаларын жинап, Мүрсейітке көшіртіп, Мүрсейіттің
көшірген қолжазбаларын қайтадан қарап шығып, қате жа-
зылып кеткен Абай сөздерін бар мүмкіншілігіне түзетіп,
1909 жылғы тұңғыш жинақты әзірлеген. Сөйтіп, Мүрсейіт
көшіріп жазған Абай шығармалары Кәкітай мен Тұрағұл-
дың тексеруінен өтіп барып, баспаға берілген.

1909 жылғы жинақ: “Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбай-
ұғылының өлені. Бастырған Кәкітай, Тұрағұл Құнанбай
ұғланлары”, – деп аталып шыққаны мәлім.

Абай шығармалары 1909 жылы басылып шыққанға дейін
де қазақ даласына көп тараған. Бұл жөнінде Мұхтар Әуезов
былай дейді:

“Абайды... қолжазба күйде көшіртіп алып, тарату То-
бықты іші мен Семей уезі ғана емес, Қараөткел, Кереку,
Қарқаралы, Өскемен, Зайсан, Лепсі, Қапал уездерінің бар-
лығында да көп жайылған өнеге-дәстүр есепті болған”.

Мұхтардың осы айтқандары кейінгі жылдары анықтала
бастады. Мысалы, Өмірбек Жылқыбаев деген Новосибирь
қаласында тұратын (Қарқаралы азаматы) адамның қолын-
да Абай өлеңдерінің көшірме қолжазбасы сақталатыны 1944
жылы мәлім болды.

Мәди Тәстембекулы Әсеновтың (Кереку) қолында бол-
ған Абай өлеңдерінің қолжазбасы және Оразке Уақбаев-
тың қолжазбасы 1951 жылы мәлім болды.

Бұл үш адамның қолжазбаларының ішінде, бұрын еш-
қайда жарияланбаған, Абайдың алты өлеңі анықталды.

Бұл өлеңдер осы жинаққа кіргізіліп отыр. Бір ғана мы-
сал келтірейік.

“Абайдың әдетінде”, – дейді Мұхтар Әуезов, – бір жаз-
ған өлеңін қайта түзеп жазып, қайтадан қарастыру машығы
жоқ. Жалғыз ғана “Сегіз аяқ” деген өлеңнің басын қайта

бір түрлі қылып айтып еді деген сөз бар” (Абай Құнанбайұлы. Толық жинақ. 1933, 382-бет). “Сегіз аяқ” өлеңнің басын “қайта бір түрлі қылып айтқан” нұсқасын Абай өлеңдерін көшіріп жазған, белгілі адамдардың бір де бірінің қолжазбасынан кездестіре алмаймыз. Мұхтар сөзінің шындығына көзімізді жеткізген, 1951 жылы табылған, жоғарыда аталған Оразке қолжазбасы болды. Оразке көшіріп жазған Абай өлеңдерінің ішінде “Сегіз аяқ” өлеңінің қайта бір түрлі қылып жазылған нұсқасы бар болып шықты (Түсініктемеде толық жазылған).

Оразке қолжазбасында Абай өлеңдерінің дұрыс көшіріліп жазылғандығын дәлелдейтін бір ғана мысал келтірейік. Абайдың “Қалың елім, қазағым, қайран жұртым” деген өлеңінің он бес, он алтыншы жолдары, 1909 жылғы жинақтан бастап, барлық жинақтарда:

– “Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кетпесе енді өз ырқын”. –

деп қате басылып келе жатқан Абай сөзі тек Оразке қолжазбасында ғана:

– “Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқын”, ---

деп дұрыс жазылғанын көреміз.

Енді бір ерекше атап айтатын қолжазба – Садуақас Мұсаұлы Шормановтың (Кереку) 1884–1891 жылдар арасында жазылған қолжазба жинағы. Бұл қолжазба жинақты алғаш тапқан академик Әлкей Марғұлан былай дейді: “Садуақас осы дәптерін 1897 жылы Петербургке барған сапарында Петербург университетінің профессоры, қазақ тілін, әдебиетін зерттеуші ғалым П. М. Мелиоранскийге сыйға тартқан. Қазір бұл дәптер Салтықов-Щедрин атындағы көпшілік кітапханасында, академик А. Н. Самойлович архивінде сақтаулы тұр... Садуақастың бұл дәптері – қазақ қолжазбаларының ішіндегі маржандай тізілген көркемінің бірі. Садуақас орыс әдебиетін, Күншығыс халқының әдебиет дүниесін жақсы білетін мәдениетті кісі болғандықтан. Абай шығармаларына зор мән беріп, оны өз қолымен мүлтіксіз көшіріп, ғылыми кітапханаларға тапсыруы игілікті іс болған” (Ә. Марғұлан. “Абай қолжазбасы”. “Қазақ әдебиеті”, 16 август, 1963 ж.).

Садуақастың дәптерінде оның өзінің және басқа ақындардың 3280 жол өлеңі, қазақтың 178 мақалы жазылған.

Садуақас (1846–1925) Абайдың замандасы және Абаймен жақсы таныс, достас болған, өзі де әдебиетші, ақын адам.

Садуақас Абай өлеңдерін, ақынның көзі тірі кезінде, 1890 жылдары көшіріп жазған. Садуақас жазбасында Абайдың он жеті өлеңі бар, жалпы көлемі 576 жол.

Ол өлеңдер: “Көңілім қайтты достан да, дүшпаннан да”, “Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы”, “Қартайдық қайғы ойладық, ұйқы сергек”, “Қартайдық қайрат қайтты, ұлғайды арман”, “Қыран бүркіт не алмайды салса баптап”, “Байлар жүр жиған малын қорғалатып”, “Қазағым, қалың елім, қайран жұртым”, “Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ”, “Жігіттер, ойын–арзан, күлкі–қымбат”, “Ұрлық, сұмдық, қулықпен мал жиылмас”, “Ішім өлген, сыртым сау”, “Қажымас дос халықта жоқ”, “Бойы бұлған”, “Қансонарда бүркітші шығады аңға”, “Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан”, “Қараша желтоқсан мен сол бір екі ай”, “Жазғытұры”.

Садуақас қолжазбасындағы Абай өлеңдерін жинақтарда басылған нұсқаларымен салыстырып қарағанымызда, ақын сөздерінің көпшілігі Садуақас қолжазбасында дәл беріліп, дұрыс жазылғаны анық байқалады.

Абайдың осы академиялық жинағын баспаға әзірлеу үстінде, ақын сөздерінің дәлдігін қадағалап, анықтау ісінде қазір аталып отырған қолжазбалардың тигізген нақтылы көмегі зор болды.

Бұл жолы Мұхтар Әуезовтің: “Жалпы алғанда көптеген шығармалардағы Абай текстінің дәлдігі қолда бар ауызша-жазбаша нұсқалардың бәрін тұтас алып, текстологиялық талдаулар жасау жолымен анықталмақ” деген ғылымдық қағидасын мүмкіншілігінше берік ұстандық.

Абай шығармаларына берілетін түсініктемелердің, бар мүмкіншілігінше, толық және дәлді, дұрыс болуы ерекше ескерілді.

1909 жылғы жинақтан бастап, 1922 жылғы Қазанда және сол жылы Ташкентте басылған жинақтар, 1933 жылғы толық жинақ, 1939–1940 жылғы екі томдық толық жинақ және 1945 жылғы толық жинақ түгелдей қайта қаралып, ол жинақтардағы мағлұмат, деректер салыстырылып зерттелді.

Түсініктемелерді толықтыра алатын нақтылы мағлұмат деректер алынды.

Кәкітай жазған Абай өмірбаянындағы (1909), Көкбай мен Тұрағұлдың, Абай туралы естелік әңгімелеріндегі мағлұматтар, Мұхтар жазған Абай өмірбаяны, шығармаларына жасаған талдаулардан түсініктемелерге тікелей қатысы барлары орынды жерде пайдаланылды. Сол сияқты. “Абай шығармаларының текстологиясы жайында” (1959) деген кітаптағы текстологиялық талдаулар ескерілді.

Абайдың бірінші томындағы шығармаларына түсініктемелер-комментарий

Бірінші бөлім

Өлеңдер

1) “Кім екен деп келіп ем түйе қуған” (1855). — Бұл өлең бірінші рет Абайдың 1933 жылғы толық жинағында басылды (Абай Құнанбайұлы. “Толық жинақ”. Қызылорда, 1933 жыл, 71-бет). Бұл өлең ел ішінің бір қариясының аузынан жазып алынған. Ол ақсақал жас жігіт күнінде ауылындағы бір әйелді төркініне ертіп барады. Төркіндері бір жауыр айғыр береді. Жауыр айғырды алып келе жатып, Құнанбай ауылының жолда жатқан түйелерінің арасын аралап өтіп бара жатады. Оларды көре салып он жасар бала Абай ауылдан тайға мініп, шауып келіп, әлгілердің аты-жөнін сұрап алып, қайта бұрылып бара жатып, осы өлеңді суырып салып айтқан екен (Түсінік берген — Тұрағұл Абайұлы).

2) “Фзули, Шәмси, Сәйхали...” (1858). — Бұл өлең де бірінші рет 1933 жылғы толық жинақта басылған (71-бет). Бұл бір ауыз өлең Семей медресесінде оқып жүрген, он үш жасар шәкірт Абайдың шығыс ақындарына еліктеп жазған өлеңі. Өзіне үлгі еткен атақты ақындардың аттарын түгел атап келіп: “Мәдәт бер, я Шағири, Фәрияд” деп сиынып, “Мәдәт” тілейді.

3) “Иузи—рәушан, көзі—гәүһәр” (1858). — Бұл да 1933 жылғы толық жинақта тұңғыш рет жарияланған өлең. Бұл өлеңінде де шәкірт ақын өзі ұстаз тұтқан шығыс ақындарының дәстүрімен сұлуды мадақтап сипаттайды. Осы өлеңдерінің өзінен-ақ, бала ақынның араб, парсы, түрік әдебиетімен ерте танысқанын көреміз.

4) “Әлиф деп ай йүзіңе ғибрат еттім” (1864). — Бұл өлең де ең алғаш 1933 жылғы толық жинақта жарияланған (71—72-бет). Абай бұл өлеңді Семей медресесінен оқып шығып, еліне қайтып келгеннен кейін, 18—19 жасында жазған.

“Әлифби” өлеңін араб алфавитінің реті бойынша жазып, арабтың жиырма тоғыз әріпінің әр біріне бір жолдан өлең арнап, тіпті араб жазуында қолданылатын белгілерін де өлеңге қосқан.

Навоида да сол араб алфавитімен тізілген ғазелдер бар екенін. Мұхтар Әуезов айта келіп: “Бірақ ол әр жолдың басы емес, қайта аяғындағы ұйқасты сөздердің ең соңғы дыбы-

сын әлифби ретімен келтіреді ”, – дейді. Және жас ақын Абай: тек жігіттік, жастық сезімдеріне жаңа үлгі болғандай тың тұр ғана іздейді. Сол себепті “Әлифби” өлеңінде Навои ғазелдерінің кейбір сырт түрі, өрнектерін ғана алады.

Абай көп оқыған шығыс классигінің көбіне ортақ болған бір жай – махаббат сияқты сезімдерді жырлауда мистикалық сарындар да болады. Ғашықтықтың өзін Құдайды тану жолындағы жан әрекеті есебінде жырлау басым еді. Абайдың қасиеті сол – жас шағының өзінде де, еліктеуші бола тұрса да, өзінің махаббаттық арман шерлерін, тілектерін жырлағанда, сопылық мистикалық сарындарға бармайды.

Көп теңеулерде кітапшылап, әсірелеп жырлап отырса да, “Әлифби” өлеңінің соңғы екі жолында:

– ...Үгірмен асты-үстілі жазу да бар,
Болуға асты-үстілі көнсен өзін, –

деп келіп, Абай сүйген сұлуға арналған өлеңнің ең соңында нақтылы тілегін ашып айтады. Сезім, сана жағынан шығыстық сарыннан өз басының сау екенін танытады. Кейін аз уақыттың ішінде-ақ, өмір шындығына жақын өлеңді өз халқының анық халықтық тілімен жазып кететін Абай, мынау тұста тек аз уақыт қана өзінің көзі түскен және өзін жас шағында қызықтырған, тандандырған үлгіге аз бой ұрады.

Абай терең сезім, идеал, мазмұн жағынан түгелімен шығыс ақындарының ықпалына берілмесе де, өлең құру шеберлігі, түр жаңалығы жөнінде бұл кезде де көп нәрсе табады.

Абайдың шығыс поэзиясына еліктеп жазған өлеңінің ең көлемдісі де, соңғысы да – “Әлифби” өлеңі. Бұл өлеңнің бірінші рет 1933 жылғы жинақта жарияланғаны белгілі. Бірақ өлеңнің қайда сақталып, қай жолмен бізге жеткені еш жерде айтылмайды. Латын алфавитімен басылған 1933 жылғы жинақтағы “Әлифби” өлеңінің көп сөздері қате басылып, мағынасы бұзылған.

Бір ғана мысал:

– “Әліп, деп ай жүзіңе ғибрат еттім.
Бігі, балайы (?) дәретіңе (!?) ныспат еттім ”..., –

деп басылған. Ал 1939 жылғы жинақта (I том, 34-бет) өлеңнің 1933 жылғы қате басылған бастапқы екі жолы біраз түзетіліп басылған:

– “Әлифдек ай иузіңе ғибрат еттім,
Би, бәләйи дәртіңа нисфат еттім ”...

Екі жинақта да “балайы” – “бәләйі”, “дәретіңе” – “дәртіңа” деген сөздерге түсінік берілмеген.

1945 жылғы жинақта:

– “Әлиф дек ай йүзіңе ғибрат еттім.
Би, бәлаи дәртіңа нисбат еттім”... –

деп басылып, “бәлаи” деген сөзге: “Бәлаи–бәле, бәлелі деген мәнде” деп түсінік берген (6-бет). “Дәртіңа” сөзіне түсінік берілмеген. Бұл сөздің қай тілден алынғаны айтылмаған.

1957 жылғы жинақта “Балай” деп басылып, бұл сөзге: “Ұлы, жоғары” деп түсінік берілген (I том, 14-бет). 1977 жылғы жинақта да осы соңғы (1957) берілген түсінік қайталанаты.

“Балайы”, “бәләйі”, “бәлаи”, “балай” деп бұрмаланып басылып жүрген сөздің дұрыс нұсқасы – бәля (арабша) – қайғы, бәле, ауыр хәл деген мағынада. Осы сөзге “ұлы, жоғары” деп түсінік беру (1957, 1977 жинақтарда) дұрыс емес. Ал “ұлы, жоғары” дейтін сияқты сөздердің мағынасын арабша “ғазыйм” деген сөз білдіреді. Арабша “Бәляи газайым” (ұлы бәле, зор бәле) деген сөз тіркесі (ғыйбара) бар.

Жалпы “Әлифби” өлеңіне текстологиялық зерттеу жеткілікті жүргізілмеген.

1933 жылғы жинақта өлеңнің бастапқы жолы “Әлиф, деп ай жүзіңе ғибрат еттім” деп басталса, 1939 жылғы жинақта өлеңнің бастапқы жолы “Әлиф дек...” деп басылған. 1943 жылғы жинақта да “Әлиф дек...” деп басылып, “Әлиф-дек” (Әліптей) деген теңеу — шағатайша” (412-бет), — деп түсінік берілген. 1939 жылдан бастап, одан кейінгі жинақтардың бәрінде “Әлиф дек” деп басылып келеді. Өлең жолын тұтас оқысақ, мағынасы:

“Әлифтей ай жүзіңе ғибрат еттім” болады. Сонда сұлу қыздың жүзін (ай жүзін) араб әліппесінің бірінші харпі (әрпі), “1” – А” ға (арабша “Әлиф” деп аталады) теңеу көңілге қонбаса керек. Сондықтан 1933 жылғы жинақта: “Әлиф деп ай жүзіңе ғибрат еттім” деп басылғаны дұрыс болады. Яғни сүйген қызға арнап жазған хатын: “Әлиф деп” бастап, айдай жүзіңе ғибрат еткен.

1977 жылғы жинақта қате басылғаны анық көрініп тұрған сөздер түзетілді. Өлеңдегі араб, парсы сөздерінің негізгі жазылу түрі көрсетіліп, мағынасына түсінік берілді.

5) “Шәріпке”. “Тұңлікбайдың қатыны, атың – Шәріп”. (1870). – Бұл бір ауыз өлең ең алғаш 1933 жылғы жинақта басылған (72-бет). “Шәріп – Тұңлікбай дегеннің қатыны. Тұңлікбай Абай ауылдарының көршісі болған” (Мұхтар Әуезов, 1933 жылғы жинақ. 72-бет).

6) “Абыралыға”. “Мен жасымда көп көрдім, мұсылманды, кәпірді” (1876). – Бұл өлең ең алғаш 1933 жылғы жинақта басылған (73-бет). Өзінің замандасы Абыралы (1839–1920) лейтін адамның намаз оқығанда, құран аятын түсінбей, кара дүрсінге салып, бүлдіріп оқитын надандығын ажуа етіп жазған өлеңі. “Бұл өлеңнің аяғы ұзағырақ болса керек. Ол жерлері ешкімнің есінде қалмаған” (1945 жылғы жинақ, 412-бет).

7) “Жақсылыққа”. “Аяғыңды аңдап бас, ей, Жақсылық” (1880). – Бұл өлең де ең алғаш 1933 жылғы жинақтарда жарияланған (73-бет). Сол жинақта берілген түсінікте: “...Өлеңнің айтылған реті: 1880 жылы Абай Қоңыр Көкше деген елге назначение атап сайлаумен болыс болғанда, Мырза деген таптың Жақсылық деген кісісі: “Борышымды елге бөліп салып, мені құтқар”, – депті. Борышты болғанда, өзінің жарамсыз қылығынан борыштанса керек. Сонда Абай айтып еді деп, Көкбай марқұмның жиған өлеңінің ішінде жазылыпты” деген (323–324-бет).

Өлеңнің бастапқы жолы жинақтарда:

– Аяғыңды аңдып бас, ей, Жақсылық, –

деп басылып келеді.

Дұрысы: Аяғыңды аңдап бас, ей . Жақсылық, – деп білеміз. Абай бұл арада Жақсылықтың орынсыз талап етіп, аңдамай сөйлегенін айтып отыр. “Аңдамай сөйлеген, ауырмай өледі” дегеннің мысалы сияқты.

8) “Сап, сап көңілім, сап көңілім”. – Бұл өлең ең алғаш “Сана” журналының (Ташкент. 1924 жылғы 2–3 санында басылған (83–84-бет) 1933 жылғы жинақта “Жылы белгісіз өлеңдер” ретінде басылған (231-бет). Өлеңнің бұл басылған нұсқасының көлемі 30 жол. Түсінік берілмеген. 1939 жылғы жинақта басылған нұсқасы – 59 жол (231–232 бет). Бұл нұсқасы туралы: “Бұл Абайдың бозбала күнінде өзіне өзі айтқан өлеңі. Абай өлеңдерінің 1933 жылы шыққан жинағында алғаш рет басылған еді. Бірақ онда түгел табылмай, жарым жартысы ғана басылған болатын. Қазір сол олқылары түгелделіп, бірінші рет толық басылып отыр” деген (231-бет).

Өлеңнің жазылу тарихы туралы, толығырақ түсінік 1945 жылғы жинақта берілген: “...Мұхтардың көрсетуі бойынша, Абай өзінің жігіт шағында жазған көрінеді. Және сол жігіт шағынан қалған өлеңдерінің ішіндегі ең көлемдісі, көркемі.

... Мұны бұрын Абай жас кезінде өзі ғашық болған бір әйелі – Сүгірдің қызына айтқан дейді екен... Бірақ соңғы айтушылардың сөзіне қарағанда, бұл өлең Сүгір қызына

емес, Сүйіндік қызы Тоғжанға арналған көрінеді. Жігітектермен Құнанбай жауласып жүргенде, Абайдың қауіп-қатерге қарамастан бейнетпен, барып жүрген қызы — сол Тоғжан. Ерболмен достығы да сол қыз арқылы болған. Және Тумабайдың айтуынша бұл өлеңдегі қыз Сүйіндік қызы екенін білдіретін:

— Қыз ағасы Әлібек,
Ұстап дүре салмай ма, —

деген бір-екі жол өлең де бар екен. Жалғыз-ақ кейінгі айтуында ол жолдар түсіп қалыпты. Біз орнын білмегендіктен бұл екі жол өлеңді баспаға қоспадық. Соңғы нұсқасы Мүрсейіт қолжазбасынан алынған” (455, 456-беттер).

9) “Қансонарда бүркітші шығады аңға” (1882). — Бұл өлең де ең алғаш: “Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғлының өлеңі” деп аталған жинақта басылған (С.-Петербург, 1909 жыл, 14-бөлік, Аңшылық туралы, 71–72-бет). Бұл өлеңде Абай өз басынан кешкен, өзі көріп, терең сезінген уақиғаны жыр етіп, толғана суреттеп, шыншыл шеберлікті танытады. Қансонарда аңға шығатын бүркітші — Абайдың өзі.

Абаймен жиырма бес жыл бойы айырылмас жолдас, айнымас дос болған, оның мінезін, әдет-салтын өте жақсы білген, көзімен көрген Көкбай былай баяндайды:

— ...Аңшылық құру, бәйгеге ат апарып қосу, палуан апарып күрестіру, қаршыға, лашын салғызу, өнерді қызықтау сияқтының бәрін де көрді... Аңшылықты жасында істеген. Сонда ол кезде Шыңғыстың қыс бойы елсіз қалатын сыртында бұғы, арқар, киік, түлкі болады. Абай көп кісі, көп жақсы құсбегі, мерген сияқты жақсы аңшылармен қостап шығып, бірнеше үймен, көп соғым сойыспен барып, бір ай, екі ай жүріп қайтады.

Ат құмар, құс құмар, аңшылыққа соншама құштарлық мінездері Абайдың ақындық қуатын онан сайын рухтандырып, шабытын шарықтатып: “Қансонарда бүркітші шығады аңға” сияқты әрі идеялық мазмұны, әрі көркемдік түрі түгел қабысып тұрған, қазақ халқының тұрмыс-салтына тән, ерекше бір көрінісін көз алдына әкелетін тамаша өлеңін тудырған.

— “Қансонарда” өлеңінде, — дейді Мұхтар Әуезов, — орыс халқының өмірінен, не орыстың классик поэзиясынан түп-тура ауысып келіп, араласып тұрған ешбір белгі, дерек жоқ. Бұндағы көретініміз қазақ халқы мекен еткен қысы туралы табиғат, бүркіт салуға салт атқа мініп шыққан анық қазақтың аңшылар тобы. Ермек үшін еңбек еткен

ширақ, сергек, кажырлы әрекет үстіндегі адамдар. Көпшілік елдерде, бұл замандарда қолданбайтын бүркіт аңшылығы суреттелген. Осы адам тобының мінездері, аңшылықтағы тәсіл-тәжірибелері, әр алуан динамикалық кесек әрекеттері, толып жатқан машық-мерзімі тұтас қазақтың өзіне тән тіршілігі боп шығады.

Шындыққа, нақтылы деректілікке ерекше мән берген ақын реалистік дәстүр бойынша, өз шығармасының барлық бұйымын, бар тұрманын тұтас ету керек. Соның белгісін бұл шығармада Абай өзінің сөздігінен де айқын танытады.

“Сонар”, “қағушы”, “қайтқан із”, “бүркіттің қайқан қағып аспанға шығуы”, “түлкінің кере тұра қалуы”, “үйірімен үш тоғыз” десу – бәрі де аңшылықтың өзіне тән тілі. Сол өзгешелікпен қатар ақын қиялын да өткірлеп, сол асығыс, қарбалас, тайталастар үстінде шебер түрдегі соны тенеуді де табады.

“Қар – аппақ”, “бүркіт – қара”, “түлкі – қызыл” дей келіп, сол бір қайнаған қимылдарды қымсынған ұяң сұлудың асығып шомылған қозғалыстарына ұқсатуы да шеберлік айғағындай. Бұнда натуралдық үлгіде екі жайды: “ананы көр де, мынаны көр” деп ұқсата салу жоқ. Табиғатты, түлкі мен бүркітті түгел қосып, бір бейне етіп, ақ етті сұлудың динамикалық әрекетіне ұқсатуда көп ассоциация туғызатын терең де кең метафора танылады. Шын шебер реалистің ғана қаламына оралатын өзгеше үлгі.

Өлеңнің он үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (71-бет) және 1922 жылғы (Қазан) жинақта (141-бет):

– Кере тұра қалады қашқан түлкі, –

деп дұрыс басылған.

1933 жылғы жинақта (74-бет) және 1939 жылғы жинақта (39-бет):

– Көре (?) тұра қалады сонда түлкі”, –

деп мүлдем бұрмаланып басылған.

1945 жылғы жинақта (12-бет):

– Кере тұра қалады қашқан түлкі”, –

деп, 1909 жылғы кітап бойынша, дұрысталып басылған.

Ең соңғы 1977 жылғы жинақта “кере” деген сөз “көре” болып, қате басылған.

Абайдың осы өлең жолының дәлдігін анықтай түсу үшін текстологиялық талдау жасаған болатынбыз.

Ақын бұл арада: аспанға шығып алып, шүйілген қыраннан, құр қаша бергенмен құтыла алмайтынын білген тұлкінің, жанын қорғау үшін, қайрат қылмақ болып, кере тұра қалған көрінісін дәл суреттеген:

— ...Төмен ұшсам тұлкі өрлеп құтылар деп,
Қанды көз қайқаң қағып шыкса аспанға,
Кере тұра қалады қашқан тұлкі.
Құтылмасын білген соң құр қашқанға.
Аузын ашып кокактан, тісін қайрап,
О да талас қылады шыбын жанға.

Абай өлеңінің түпнұсқасы осылай оқылғанда дұрыс болмақ. Өлеңінің 13-жолы 1909 жылғы, 1945 жылғы баспаларында: “Кере тұра қалады қашқан тұлкі” деп түп нұсқасына сай дұрыс басылған. (Қайым Мұхамедханов. “Абай шығармаларының текстологиясы жайында”, 1959 ж. 11, 14-бет). Өлеңнің отызыншы жолында:

— ...Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға, —

дейді. Осы өлең жолындағы “қаса” деп басылып жүрген дөрекі сөзді Абай қолданбаған деп білеміз. Ақын бұл арада, нағыз сұлуды сипаттау үшін, терең де кең мағыналы “Хасса” деген араб сөзін қолданған. Хасса, хаса (арабша) — бір адамның тек өзіне ғана тән сипат, өзінде ғана болатын қасиет деген мағынадағы сөз. Сондықтан өлеңнің бұл жолын:

— ...Ұқсайды хаса сұлу шомылғанға, —

деп, дұрыстап оқуымыз керек.

Өлеңнің отыз тоғызыншы жолы 1909 жылғы кітапта (71-бет):

— ...Құсы да иесіне қоразданар,
Алпыс екі айлалы тұлкі алғанға, —

деп ақын сөзі дәл басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

— ...Құсы да, иесі де, қоразданар, —

деп, құсы мен иесі бірге қосақталып, өрескел бұрмаланып басылған.

Абай бұл арада “Алпыс екі айлалы тұлкі алған” бұркіттің

иесіне қоразданатынын бейнелеген. Ал құс иесінің қоразданатын кезін:

—“Үйірімен үш тоғыз” деп жымындап,
Жасы үткендер жанына байланғанда,
Сілке киіп тымақты, насыбайды
Бір атасын көңілің жайланғанда, —

деп жеке суреттеген.

Осылар сияқты бұрмаланып басылғаны анықталған сөздер түзетіліп дұрысталады.

10) “Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы” (1884). — Бұл өлең ең алғаш 1909 жылғы жинақта басылған (9-бөлік. Сұлу ұрғашы туралы. 63-бет). Өлеңнің тақырыбы қазақтың бойжеткен қызының сырт көрінісін, пішін, мүсін-келбетін суреттеуге арналған. Жас атаулы қызығарлық, сүйсініп тамаша етерлік ерекше сұлу қызды сипаттайды. Бұл өлеңде Абайдың анық жазушы ақын екенін аңғарамыз. Бұнда сұлу әйелді сипаттауда ең алғашқы жолдан бастап, айқын сезілетін тәртіптілік бар. Әуелі қыздың пішінін айтады. Келісті біткен маңдайынан бастап, көзіне, қасына тоқтайды. Одан ары мұрынын, бетін атай келіп, аузына ауысады. Сұлу тісін, бұлбұл үнді күлкісін айтып, аузына аз аялдап, содан ары мойнына, тамағына тоқтайды да, осыдан ары ұлы мүшесіне, жауырыны, иығына, бойына ауысады. Жазба ақын фольклор үлгісінен бөлек, ерекше планмен жазып отырғанын аңғартады. Ауызша шығарылған өлең болса, мұндайлық реттілік кездеспес еді. Әйелдің ішін пішінімен аралас жанда адам етіп беру қажет болса да, Абай бұл тұста өзінше үлгі көрсетеді. Ол сұлудың сыртқы портретін береді.

Ал адамның пішін-портретін арнаулы рет, әдіспен суреттеудің өзі де жазушы-ақын айтарлық мәдениетті үлгі.

Өлеңнің осы алғашқы күшті бөлімі сипаттау болады да, екінші бөлімінде өзі суреттеп отырған қызға айтпаса да, жалпы қыздардың оғаш мінездері үстірттеу сыналады, жігіттердің де кейбір мінездері сыналып, оларға ақыл-өсиет айтуға арналады.

11) “Жасымда ғылым бар деп ескермедім” (1885). — Бұл өлең де ең алғаш 1909 жылғы жинақта (3-бөлік. Өзі туралы. 35-бет) басылған. Тұрағұлдың айтуында: “Жасымда ғылым бар деп ескермедім” деген өлеңді Абай Абдырахман деген баласы Түмен қаласындағы реальный училищеде оқып жүргенде, Мағауияны, Құлбадан деген әйел баласын Семейдегі қалалық училищеде оқытып жүргенде жазған, — дейді.

12) “Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек” (1886). — Бұл өлең де 1909 жылғы жинақта басылған (1-бөлік. Ха-

лық туралы. 2-бет). Абай бұл өлеңінде ел ортасына бүлік салып жүрген тынымсыз атқамінерлерді ең алғаш рет сыңға алып, бөліп шығара бастайды. Ел бұзарлар осылар деп әйгілейді.

– ...Сырттансынбақ, қусынбақ, өршеленбек,
Сыбырменен топ жасап бөлек-бөлек.
Арамдықпен бар ма екен жұрттан аспақ
Өзімен өзі бір күн болмай ма өлек?

Қолдан келе бере ме жұрт менгермек,
Адалдық, арамдықты кім теңгермек.
Мактан үшін қайратсыз болыс болмақ,
Иттей қор боп, өзіне сөз келтірмек, –

деген өлең жолдарында елдің ортасында “жақсымын”, “жұрт ағасымын” деп жүргендерге ең алғаш сын сөздер айтады... Бұл өлеңінде болыстықтың өзі “қорлық”, “иттікке” апаратын жол деп, қазақ ортасындағы әкімшіліктің өзінен қашу керек дейді.

Өлеңнің бастапқы екінші шумағының екінші жолы 1909 жылғы жинақта:

– “... Тағдыр жоқ өткен адам қайта келмек”, –

деп дұрыс басылған болса (2-бет), 1977 жылғы жинақта:

– “Тағдыр жоқ өткен өмір қайтып келмек”, –

деп басылып, “ адам ” деген сөздің орнына “өмір” деген сөз орынсыз берілген.

Осы өлеңнің оныншы шумағы барлық жинақтарда:

– Ел бұзылса, табады шайтан өрнек,
Періште төменшіктеп, қайғы жемек.
Өзімнің иттігімнен болды демей,
Женді ғой деп шайтанға болар көмек, –

деп басылып келеді. Өлеңнің мағына-мазмұны бірінші жолдағы сөздерге байланысты. Олай болса “Ел бұзылса табады шайтан өрнек” деген өлең қандай ұғым беріп тұр? Біздің түсінуімізше: ел бұзылатын болса, шайтан өрнек, яғни үлгі табады (алады) деген болады.

Абай олай демесе керек. Өлеңнің осы шумағы Оразке және Сәдуақас жазбасында:

– Ел бұзылса, құралы шайтан өрнек,
Періште төменшіктеп, қайғы жемек.

Өзімнің иттігімнен болды демей,
Жеңдің ғой деп шайтанға берер көмек, —

деп Абай сөзі дұрыс берілген деп білеміз.

13) “Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман” (1886).
— Бұл өлең де 1909 жылғы жинақта басылған (4 бет). Абай осы өлеңінде атқамінер тобын айқынырақ, ашырақ шенеп, әйгілеп өтеді:

— ...Ант ішкен күнде берген жаны құрсын,
Арын сатып тіленген малы құрсын.
Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып,
Қу тілмен қулық сауған заңы құрсын.
Бір атқа жүз құбылған жүзі күйгір,
Өз үйінде шертиген паңы құрсын, —

деп сол атқамінер ортасын “жүзі күйгір” деумен жиренішті топ етіп көрсетеді.

Осы екі өлең туралы айта кететін бір жай бар. 1886 жылы қырық бір жасқа келген Абай өлеңдерін “Қартайдық, қайғы ойладық” деген сөздермен бастайды. Анығында бұл жылдарда Абай қартайған жоқ. Оны жасынан ғана айыру керек емес, халық қамқоры боп, азамат ақын боп, осы жылдан бастап жазған сөздеріне қарасақ, ақын анық үлкен тартысқа белсеніп кіріседі. Ызалы ашумен, қайсар қайрат, өнімді қажырмен араласады. Сондықтан қажыған адамның өлсіреп, қартайып, ой қуаты, жүрек оты бәсеңдеген күйін көрмейміз. Олай болса жаңағы “Қартайдық, қайғы ойладық” деген сөздерді Абай басқаша бір мән-мағынамен қолданады. Өсиетші, сыншы, ұстаз болуға бекініп кіріскен ақын халықтың анық ағасы боп, ақылшының тұрғысынан сөйлемек болады. Ел ұғымына қонымды бір “құлақ күй” сияқты сәл сарыннан бастайды. Бұрынғы ақылшының көбі — кәріден, атадан, ақсақалдан шығады деп түсініп қалған көпшілікке өзін де солайша жақсы етіп, тоқтаған, ой түскен, ел мұңшысы есебін де танытпақ боп, әдейі солайша бастайды. Болмаса өз басының қажыры мен өнеріне қарасақ, ол жылдарда құлшынып, өрлеп келе жатқан, қайнап, өсіп дами бастаған анық шабытын ақынның шалқып жанған жалынын сеземіз.

Ол жалын — ел жайына қарап отырып ызаланып, ширға түсіп, күйінген ердің көкірегіндегі ашулы жалын болады. Ал үлкен санадан туған қатты ашу мен қызулы жалын екеуі де кәрілік нышаны емес. Кемеліне келіп отырып, кектенген күресті іздейтін, қуаты күшті жүректен шығады.

Рас, сол жүрек халық жайын ойлағанда, біресе ызаме-

нен толқыса, бір кезде сол халық үшін камырық мұнға да толады. Мұхтар Әуезов Абай өлеңін осылайша талдап, түсініктеме береді.

Осы өлеңнің 1909 жинақта дұрыс басылған кейбір сөздері 1977 жылғы басылымда дұрыс берілмеген. Өлеңнің бастапқы екі жолы шумағының төртінші жолы 1977 жылғы жинақта:

– “...Мен қазақтан кегінді әперем деп”, –

болып басылған. Өлеңнің бастапқы екі жолында: “көп берем деп”, “тек берем деп” келе жатқан өлеңнің екпінді, әсерлі ұйқас, ырғағы соңғы жолға келгенде “әперем” деп басылып, баяулап, әлсіреп қалған. 1909 жылғы басылымда:
... Мен қазақтан кегінді ап берем деп, – дұрыс басылған (4-бет).

Сол сияқты, жетінші шумақтың төртінші жолы да, 1977 жылғы жинақта:

– “...Мен қапсам бір жерінді бөксерем деп”, –

болып басылса, 1909 жылғы жинақта:

– “... Мен қапсам тап бір жерің бөксерем деп”, –

басылып, ақын сөзі дұрыс берілген.

Тоғызыншы шумақтың үшінші жолы:

– ...Бар ма екен жай жүрген жұрт қанағатпен, –

деп, 1909 жылы дұрыс басылса, 1977 жылғы басылымда “жұрт” деген сөзді өзгертіп “жан” деген.

Оныншы шумақтың үшінші жолын 1909 жылғы кітапта:

– “... Жанын сатқан мал үшін антұрғанның”, –

деп дұрыс басылса (жан беруді, ант ішуді айтып отыр), 1977 жылғы жинақта “Арын сатқан” деп өзгертілген.

Осы сияқты орынсыз өзгертілген сөздер түзетілді.

Сөз болып отырған осы екі өлең де:

– “Қартайдық, қайғы ойладық ...”, –

деп басталады.

Ал Садуақас жазбасында екінші өлең:

– “Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман”, –

деп берілген. Осылай айтылуы дұрыс болар дейміз. “Қайғы ойладық” деген сөзді Абай екі рет қайталамаса керек.

14) “Қыран бүркіт не алмайды салса баптап” (1886). — Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 50-бет). Бұл қоғамдық мән-мағынасы терең, ерекше бір көркемдік түрде жазылған өлеңі. Некен-саяқ, сирек кездесетін қыран бүркіт пен көп күйкентайлар, қарғаларды салыстырып, тұспалдап суреттейді.

Сирек кездесетін қыран бүркіт — халық камқоры. бірлі-жарым ірі қайраткер. Көп күйкентайлар, қарғалар — отаршыл орыс патшасының қолшоқпарына айналған көп пысық, атқамінер, азғындар.

Бұл өлеңнен “мыңмен жалғыз алысқан” Абайдың өзін көреміз.

15) “Қалың елім, қазағым, қайран жұртым” (1886). — Бұл өлең де 1909 жылғы жинақта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 6-бет). “Қалың елім, қазағым, қайран жұртым-да” ақын өз халқының сол кездегі тарихи трагедиясын айта кеп дерттенеді”, — дейді Мұхтар Әуезов. Жоғын жоқтап, мұңын мұндап отырғаны “қалың елі, қазағы”. Оны “қайран жұртым” деп, бар жанымен ынтыға сүйеді. Бұның қамын ойлағанда, қамырыққа көңі толады”.

Абайды дерттендірген, халқының басына түскен “тарихи трагедия” — “қалың елі, қазағы” Ресей империясының отарына айналып, ерікті елдігінен айрылып, “өз малын өзімдікі дей алмайтын” хәліе душар болған қайғы-қасірет еді.

Патша үкіметінің 1868 жылғы реформасы, қазақ халқының ұлттық және саяси жөнінен правосыздыққа айналдырған нағыз бюрократтық, әскери-отаршылдық сипаттағы зұлымдық реформа болды. Елдің береке-бірлігін келірді, салт-санасын бұзды. Патша әкімдерінің өктемдік әрекеті күшейді. Қазақтың өз ішінен шыққан шен құмар, мансапқор сатқындар, “бас басына би болған, қықымдар” көбейді.

“Өз қолынан ыркы кеткен” халқының “тарихи трагедиясы” Абайдың жанына батып, қанын қайнатты. Сөйтіп, “Қалың елім, қазағым, қайран жұртым” деп, туған халқының қамын жеп, жар салып, елінің бостандығын, ерікті еркін ел болуын көксеп отырып жазған өлеңінің ішінен.

— “Өздерінді түзелер дей алмаймын,

Өз қолыңнан кетпесе (?). енді өз ыркың”. —

деген сөздерді көргенде, өз көзіңе өзің сенбей, секем алып абырап қаласың.

Өз еркінен айрылып, “өз қолынан ыркы кетіп” отырған халқының “тарихи трагедиясына” дерттеніп, өлең жазған Абайдың: өз қолыңнан ыркың (ерігің) кетпесе, өздерінді түзелер дей алмаймын деуі мүмкін емес, ешбір ақылға сыймайды.

Абай шығармаларының 1909 жылдан бастап, барлық басылымын мұқият қарап шықтық. 1909 жылғы тұңғыш жинағында да: “Өз қолыңнан кетпесе ...” – деп басылыпты (6-бет). Сонан кейінгі 1922 жылғы Қазан, Ташкент басылымдарынан бастап, ең соңғы 1977 жылға шейін:

– Өз қолыңнан кетпесе, енді өз ырқын, –

деп басылған. Абай өлеңдерін көшіріп жазған адамдардың қолжазбаларын қарап шыққанымызда, тек Оразке қолжазбасында ғана:

– Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кеткен соң, енді өз ырқын, –

деп жазылған (Оразке қолжазбасы Абай музейінің қолжазбалар қорында сақталады). Абайдың осы өлеңін бұрмаламай, нағыз дұрыс көшіріп жазған Оразке деп білеміз.

Абайдың ең басты, ең әйгілі өлеңдерінің бірі – “Қалың елім, қазағым, қайран жұртым” өлеңінің идеялық мазмұнына нұқсан келтіріп тұрған “Өз қолыңнан кетпесе” деп, қате жазылып, қате басылып кеткен сөздің жетпіс жыл бойы (1909–1977) түзетілмей басылып келуін не деуге болады?!

Біз осы мәселені 1956 жылы жазып, 1959 жылы шыққан: “Абай шығармаларының текстологиясы жайында” атты кітабымызда жариялаған едік (35–40-бет), одан кейінгі Абай басылымдарында ешкім елеп-ескерген жоқ.

“Өз қолыңнан кетпесе, енді өз ырқың” деп, қате басылып келген сөзді: “өз қолыңнан кеткен соң” деп түзетуіміздің дұрыстығын дәлелдейтін тағы бір мысал келтірейік. Осы өлең орыс тіліне аударылған кезде “Өз қолыңнан кетпесе” деген Абай айтатын сөз емес екенін жақсы түсінген, аудармашы ақын С. Липкин орыс тіліне былай деп аударыпты:

– Не надеюсь на исправление твое.
Коль судьбу свою в руки народ не берет, –

(Абай Кунанбаев. Собрание сочинений в одном томе, Москва, 1954, стр. 48) – деп, Абай өлеңінің идеялық мазмұнын дұрыс берген.

Бұл басылымда:

– ... Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кеткен соң, енді өз ырқың, –

деп, түзетіп басуды дұрыс көрдік.

Абайдың осы өлеңінің бастапқы жолы жинақтардың бәрінде:

– “Қалың елім, қазағым, қайран жұртым”, –

деп басылып, сөз ретінің орны ауыстырылып берілуі, өлеңнің ырғағын (ритм) бұзып, екпінін баяулатып, әсерін әлсіретіп тұрғаны анық байқалады. Ал Оразке және Садуақас қолжазбаларында:

– “Қазағым, қалың елім, қайран жұртым”, –

деп, өлең сөздері өз ретімен дұрыс жазылған.

Абай бұл өлеңін өзінің қазағына арнап жазған соң, ең алдымен “Қазағым!” деп жар салып бастайды.

Сондықтан өленді: “Қазағым, қалың елім, қайран жұртым” деп оқысақ, өлеңнің бастапқы “Қазағым” деген бір ғана сөзінің екпінді әсері адамды селт еткізіп, сезімін қозғап, көңілін аударады.

Тегінде Абай сөздері орын ретімен дұрыс берілмесе, тыныс белгілері дұрыс қойылмаса, сол сияқты не бір сөзден, не бір әріптен мүлт кеткен кемшіліктер кездесе, акынның асыл сөзінің мағынасы жойылып, көркем сөзінің көркі кетіп, шырқы бұзылады.

16) “Байлар жүр жиған малын қорғалатып” (1886). – 1909 жылғы кітапта басылған өлең (1-бөлік. Халық туралы, 7-бет). Ақын бұл өлеңінде өз шаруасын ғана бағып, тыныш отыратын ауқатты, малды байларды, атқамінер әкімсымақ, қу, пысықтардың, жем етіп жүргендерін суреттейді. Өтірік пәле жауып, “бұтып-шатып” арыз беріп, момындарды қорқытып, еңбек етпей мал табу әрекетімен әуре болып жүрген бұзақыларды әшкерелейді. Біреуді біреуге айдап салатын пәлекорларды:

– Жаны аяулы жақсыға қосамын деп,
Әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып, –

деп ашы ажуа етеді.

17) “Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да” (1886). – Бұл өлең де 1909 жылғы жинақта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 8-бет). Бұл шығармасында 1884 жылы болыс сайлауы кезінде өз басынан кешкен көңілсіз уақиға, сол сайлаудан кейін онан сайын өрши түскен, елдің берекесін кетірген ру тартысы, атқамінер әкімдердің әрекеті, ұрлық-қарлық, елдің азып-тозуы суреттеледі.

Абай:

– Көңілім қайтғы достан да, душпаннан да,
Алдамаған кім қалды тірі жанда? –

дегенде, 1884 жылғы сайлауда бұрынғы дос болып жүрген Оразбай, Жиренше. Күнту. Ерболдардың өзін алдап кеткенін айтады.

1977 жылғы жинақта өлеңнің бірнеше сөзі бұрмаланып, қате басылған. Бастапқы екінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы кітапта:

– ... Мұнан менің қай жаным ардақты деп, –

делініп дұрыс басылған (8-бет). Ал 1977 жылғы жинақта “жаным” деген сөз өзгертіліп, “жерім” деп басылған.

Төртінші шумақтың соңғы жолы 1909 жылғы кітапта:

– ... Ызаменен ыржайып күле алмай жүр, –

деп дұрыс басылса, 1977 жылғы жинақта, “ыржайып” деген сөз – “ыржиып” болып кеткен.

Алтыншы шумақтың соңғы жолы 1909 жылғы кітапта:

– Ала жылан, аш бақа, күпілдектер.
Кісі екен деп ұлықтан ұялмай жүр, –

деп дұрыс басылса, 1977 жылғы жинақта:

– Кісі екен деп үлкеннен ұялмай жүр, –

деп басылған. Ал “үлкеннен ұялмай жүр” деген сөз кейін келеді. Ең соңғы шумақтың бастапқы жолын оқып көріңіз:

– Жасы кіші үлкеннен ұялмай жүр,
Сұрамсақтар нәпсісін тыя алмай жүр, –

дейді.

Жетінші шумақтың бастапқы екі жолы 1977 жылғы жинақта:

– Бектікті (?) біреу бектеп (?) тұра алмай жүр,
О дағы ұры-қарды тыя алмай жүр, –

деп қате басылған. Бұл жолдардағы сөздер Оразке жазбасында және 1909 жылғы кітапта:

— Бектікте біреу бекіп тұра алмай жүр,
О дағы ұры-карды қыра алмай жүр. —

деп дұрыс басылған.

Осы өлеңнің бастапқы екі жолын келтірейік:

— Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда
Ол тұрмас бастан жыға қисайғанда.

Осындағы “жыға” деген сөзге 1977 жылғы жинақта: “Дулығаның артынан қаптап қоятын зат”, — деп кәте түсінік берілген (I том, 53-бет). Дұрысында, жыға — батырлардың дуылғасының төбесіне шаншита қадап қойылатын зат.

“Жыға” сөзін қазақ ауыспалы мағынада қолданған. Жаудың беті қайтса, жау жығасы қисайды дейді. Жауын жеңсе, жау жығасы жығылды дейді. Абай өлеңінде де “бастан жыға қисайғанда” деп, ауыспалы мағынада қолданылған, яғни адамның басынан бағы таюды, басына іс түсуді бейнелеп айтқан.

18) “Адасқанның алды—жөн, арты—соқпақ” (1886). — Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (I-бөлік. Халық туралы, 9-бет). 1886 жылдың сыншылдық, қоғамдық тақырыпқа арналған Абай өлеңдерінің бірі—осы “Адасқанның алды—жөн, арты соқпақ” өлеңі. Бұл өлеңде де ақын өзі көрген кемшілікті, жағымсыз жат мінездерді үлкен турашылдықпен қатты сынап, батыл шенейді. Бірақ бұл өлеңінде сынайтыны, басқа көп өлеңдеріндегі сияқты атқамінер, болыстар емес, ел ішіндегі еңбексіз өмір сүретін жалқау, сұғанақтар.

Өзінде мал жоқ, еткен еңбек жоқ, тіпті өз үйінде ішіп-жейтін ас та жоқ, тек малы бар, асы бар ауылдарды қыдырып, тамақ асырап жүретін кер жалқауларды сынап, сөгіп, әйгілейді:

— ...Осындай сидаң жігіт елде көп-ақ,
Бәрі де шаруаға келеді олақ.
...Олардың ойында жоқ малын бақпақ.
Адал еңбек. мал таппақ, жұртқа жақпақ, —

дейді. Қазақтың көшпелі ауылында болған жалқаулық, еңбексіздік ең алғаш өлеңмен суреттеп, арамтамақтық, кісінің асына көз сүзгіштіктің өзі де жатып ішерліктің бір түрі деп танытады.

Әсіресе бай ауылды жағалап жүрген, жатып ішерлік әдетке салынған жастарды ызамен айыптайды. Айыптап қана қоймайды. қамқорлық көңілмен: “Көзіңді сатпа.

терінді сат”, “еңбегің ғана есенді әпереді” деп ақыл айтады. Адамшылығыңды сақтауға, қорлықсыз, мазақсыз өмір кешуге жәрдемшің, сүйенішің сол еңбек қана болады дегенді көп үгіттейді.

Өлеңнің бастапқы екінші шумағының соңғы екі жолы 1977 жылғы жинақта:

– Қарсы (?) алдына жымырып келтірем деп,
Ақ тымақтың құлағы салтақ-салтақ, –

деп басылған. Дұрысы:

– Қас алдына жымырып келтірем деп, –

(1909 жылғы жинақ, 10-бет). Үшінші шумақтың бастапқы екі жолы 1977 жылғы жинақта:

– Жазғы күні ақ бөркі бүктелмейді-ақ,
Қолында бір сабау бар о дағы аппақ, –

деп басылған. Дұрысы:

– Жазды күні ақ бөркі бүктелмейді,
Қолына бір сабауы о дағы аппақ.

(1909 жылғы кітап, 10-бет).

Өлеңнің ақырғы шумағының соңғы жолы:

– Сәлемдеспей алыстан ыржаң қақпақ, –

деп басылған.

1933 жылғы “Толық жинақта” (82-бет) Мүрсейіт, Оразке жазбаларында:

– Сәлемдеспей жатып-ақ ыржаң қақпақ, –

деп дұрыс жазылған.

Осындай бұрмаланған сөздер түзетіліп берілді.

19) “Бір дәурен кімді күнге — бозбалалық” (1886). – Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 9-бет). – Сыншы, ұстаз ақынның жас буынға арнап айтқан өсиет өлеңі.

Өлеңнің бастапқы шумағының төртінші жолындағы бір сөз 1977 жылғы жинақта дұрыс берілмей, бұрмаланып:

– ...Дейміз бе еш нәрседен қорғаналық, –

деп басылған. Дұрысы:

– ...Дейміз бе еш нәрседен құр қалалық (1909 жылғы жинақ, 10-бет).

20) “Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат” (1886). – 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 12-бет). Бұл өлең де ұстаз ақынның жастарға үлгі-өнеге ретінде арнаған өсиет-өлеңі.

Өлеңнің бастапқы үшінші шумағының төртінші жолындағы бір сөз 1977 жылғы жинақта дұрыс берілмеген:

– Қырмызы қызыл жібек бозбалалар,
Оңғақ бұлдай былғайды бір дым тисе, –

деп басылған. 1909 жылғы кітапта:

– ... Оңғақ болса, былғайды бір дым тисе, –

деп ақын сөзі дұрыс берілген (12-бет).

Төртінші шумақтың үшінші жолындағы тағы бір сөз бұрмаланып берілген:

– ... Кейбір жігіт жүреді мақтан көйлеп (?), –

деп басылған. 1909 жылғы кітапта:

– ... Кейбір жігіт жүреді мақтан күйлеп (?), –

деп дұрыс басылған.

Бесінші шумақтың үшінші жолындағы бір сөз мүлдем бұрмаланып:

– ... Күншіліксіз (?) тату бол шын көңілмен, –

деп басылған. 1909 жылғы кітапта:

– ... Күншілдіксіз (?) тату бол шын көңілмен, –

деп дұрыс берілген.

Оныншы шумақтың бірінші жолындағы тағы бір сөз бұрмаланып:

– Көп жүрмес жеңсікқойлық әлі-ақ гозар, –

деп берілген. 1909 жылғы кітапта:

– Көп жүрмес жеңсікқойлық тез-ақ тозар, –

деп дұрыс басылған.

Он төртінші шумақтың соңғы жолындағы бір сөз өрескел бұрмаланып:

– ...Ері ақылды, катыны мінезді боп.
Тату болса райыс (?) үстіндегі үй. –

деп берілген. Және “райыс” деген сөзге “рахат” деп түсінік берілген (1977 ж., I том, 61-бет), “райыс” деген сөз қай халықтың сөзі екені айтылмаған. “Райыс” деп басылған сөздің түпнұсқасы – раис (араб сөзі) – басшы, бастық, басқарушы деген мағына беретін сөз. Абай, әрине өлеңінде бұл сөзді қолданбаған. Ізерлеп зерттеп отырып, бұл өлеңінде Абай қолданған араб сөзі “рияз” деген сөз болады деген қортындыға келдік. Рияз – гүлбақша (жәннәт) деген мағына беретін сөз.

Сол сияқты он жетінші шумақтағы “сызданбасын” деп қате жазылған сөз 1909 жинақ бойынша, “сазданбасын” деп түзетілді.

21) “Патша Құдай сиындым” (1886). – 1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік. Өзі туралы, 35-бет). Бұл өлең туралы Кәкітай былай дейді: “Өзге алыс ел құмар болып, Абайдың өлеңін жаздырып алып, жиылған топта Абайдың насихатын, ұқса ұқпаса да, құлақ қойып тыңдап отырғандарына қарағанда, қайта ең жақын туысқан елі тобықтының көбі айтқан сөз, жазған өлеңімен ісі жоқ болып, өзіне жаулық ойлағанына ыза болып жазғаны” (Абай (Ибраһим) Құнанбай ұғлының өмірі, Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбай ұғлының өлеңі: С.- Петербург, 1909 жыл, 110-бет).

22) “Базарға қарап тұрсам әркім барар” (1886). – 1909 жылғы кітапта басылған (6 бөлік. Насихат туралы, 51-бет).

23) “Интернатта оқып жүр” (1886) деп басталатын өлең 1909 жылғы кітапта басылған (6-бөлік, Насихат туралы, 51–53-бет). Өлеңнің көлемі – 154 жол. Абай өлеңдерінің екінші басылымында (Қазан, 1922), “Интернатта оқып жүр” өлеңі ешбір өзгеріссіз, 1909 жылғы жинақ бойынша басылған (105–108-бет). Одан соңғы үшінші басылымда (Ташкент, 1922), бұл өлең мүлдем өзгертіліп, “Интернатта оқып жүр” дейтін сөздерден бастап, 77 жол өлең қысқартылып, өлеңнің “Ғылым таппай мақтанба” дейтін сөзден басталатын 75 жолы ғана басылған. Өлеңнің қысқартылу себебі, нақтылы ашып айтылмай, берілген түсіндірмеде былай делінген: “Өзімізден болмаған себептерден. Семей интернатындағы орысша оқыған балалар туралы өлеңнің де біразы жіберілмеді” (“Дұрыстаушылардан”, IV бет. “Абай Ыбырай Құнанбай ұлының таңдамалы өлеңдері. Ташкент, 1922).

Сөйтіп, Абайдың “Интернатта оқып жүр” дейтін көлемді гүтас бір өлеңі бұзылып, жартысы ғана жарияланған.

Ал 1933 жылғы “Тотық жинақта” осы “Интернатта оқып

жүр” деп басталатын бір өлең екіге бөлініп, соңғы екінші бөлімі (Ғылым таппай мақтанба, 77 жол) өз алдына жеке өлең болып басылған (87–89-бет). одан кейін өлеңнің бастапқы бөлімі (Интернатта оқып жүр, 77 жол) жеке өлең ретінде жинақтың 91–93-беттерінде басылған.

1933 жылдан бастап, одан кейінгі барлық басылымдарда, 1933 жылғы жинақ бойынша, бір өлең екі бөлініп басылып келе жатыр.

“Интернатта оқып жүр” деп басталып, бөлек басылып жүрген өлеңде:

– Интернатта оқып жүр
Талай казак баласы
Жаңа өспірім көкөрім,
Бейне қолдың саласы, –

деп, жас буынға жаны ашитын, қамқор ұстаз, аталық көңілін білдіре отырып:

– Балам закон білді деп,
Қуанар аға-анасы.
Ойында жоқ олардың
Шаригатқа шаласы, –

деп, интернатта оқитын балалар туған халқының әдет-ғұрып, салт-санасын жақсы біліп, түсініп, ел үшін еңбек ететін адал азамат бола алмайтынын айтады. Бар талабы прошение жазу, шала законшік, шалағай төрешік болу, соның нәтижесінде халыққа залалды адам боп шығатынын шенеп айта келіп, өлең қазіргі басылып жүрген нұсқасында:

– Жеңіл көрме, бек керек,
Оған да ғылым, оған да ой
Қалайша, қайда еруге...

деген сөздермен аяқталып, ақынның жастарға бермек ақылы айтылмай, үзіліп қалады. 1909 жылғы жинақта “Интернатта оқып жүр” өлеңі “... Қалайша қайда еруге” деген сөзбен аяқталмайды:

– ... Қалайша, қайда еруге.
Ғылым таппай мақтанба.
Орын таппай баптанба.
Құмарланып шаттанба.
Ойнап босқа күлуге . –

деп келіп ақын айтатын ақыл сөзін өрістегіп өкетеді.

Өлеңнің тақырыбы, композициялық құрылысы, идеялық мазмұны, көркемдік түрі, ұйқас, ырғағы – осының бәрі – екі бөлек болып басылып жүрген өлеңнің бір-ақ өлең екенін көрсетеді.

Қазақ Совет Энциклопедиясының бірінші томындағы Абайға арналған мақалада “Интернатта оқып жүр” өлеңі туралы: “Абай тұсында қазақ балаларына қолайлы оқу орны мектеп-интернат еді. Соның бір-екеуі ... Семей қаласында болған. Абайдың “Интернатта оқып жүр” өлеңі осы тақырыпқа арналған”, – деп жазылған. Шынында да Абайдың өлең жазуына себеп болған Семейде ашылған бірер интернат емес, 1870–1880 жылдары Павлодар, Семей, Қарқаралы, Ақмола, Атбасар, Омбы, Қызылжар, Көкшетау қалаларында мектеп-интернат ашылған. Бұлардың бәрі қазақ халқынан алынған алым-салықтың есебінен ашылатын болған. Және патша өкіметінің бұл мектептерде қазақ баласын оқытудағы ниеті қаранғы елді ағарту емес, өзінің ояздық, облыстық, әкімшілік кеңселеріне жергілікті халықтан көмекші боларлық тілмаштар, ұсақ чиновниктер әзірлеп алу мақсаты ғана еді. Отаршыл патша өкіметінің зұлымдық саясатын өте жақсы білетін Абай: “Қызмет қылма оязға, жанбай жатып сөнуге” деп, өзі үміт еткен қазақ жастарына жар салып, “Ғылым таппай мақтанба” деп өсиетін айтып, програмдық үлкен өлеңін жазған.

“Интернатта оқып жүр” өлеңінің 1909 жылғы жинақта дұрыс басылған кейбір сөздері, 1977 жылғы басылымда өзгертілген. Мысалы: 1909 жылғы кітапта:

– “Аят, хадис емес кой,
Кәпір болдың демес кой”, –

деп басылса (52-бет), 1977 жылғы жинақта “кәпір” деген сөз өзгертіліп, “күпір” деп басылған.

1909 жылғы кітапта: “Көп орында көріне айтпа” деген өлең жолындағы “орында” сөзі өзгертілген, 1977 жылғы жинақта “көзіне” деп берілген.

1909 жылғы кітапта:

– “Тура сөзін айта алмай,
Қыйк етуге бата алмай”, –

деп басылса, (52-бет) 1977 жылғы жинақта:

– ... Қит етуге бата алмай, –

деп берілген. Сол сияқты дұрыс басылмаған кейбір сөздер түзетілді.

24) “Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ” (1886). — Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (16-бөлік. Аттың сыны, 97-бет). Өлеңнің жазылу тарихы Көкбайдың естелік-әңгімесінде баяндалады.

Абай Көкбайға: “Абылай мен Кенесарының өмір тарихтарын ұзақ әңгіме қылып айтып беріп: “Осыны өлең қыл” дейді.

Ұзақ дастан жазып әкеліп, Абайға оқып бергенін айта келіп, Көкбай: “Осы өлеңнің ішінде Наурызбайға Меркенің бегі берген Ақауыз аттың тұлғасын сипаттап едім. Ол атты менің сөзімнен сынады да: “Мынауың шыға шауып, жайылып қалатын ат болған екен” деп, сол күндерде “Ақауыз атты жазамын” деп “Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ” деген белгілі ат сынын шығарды. Басында мұны Ақауыз аттың сипаты деп айтқан соң: “Абылай—Кенесары” жырына кіргізейін бе? — деп сұрап едім: “Бұл шіркіннің өзі де мес болып кетті ғой”, — деп кіргіздіртпеді”, — дейді. “Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ” өлеңінің жазылу тарихы осы.

1909 жылғы жинақтан бастап, одан соңғы барлық басылымдарда акынның осы тамаша көркем шығармасының шырқын бұзып тұрған “бөтен сөздер” бар екені анық байқалады. Бұл мәселе жөнінде Мұхтар Әуезов: “Жалпы алғанда көптеген шығармалардағы Абай текстінің дәлдігі қолда бар ауызша, жазбаша нұсқалардың бәрін тұтас алып, текстологиялық талдаулар жасау жолымен анықталмақ”, — дейді. Мұхтар айтқан осы қағида бойынша, Абай өлеңіндегі сөздердің дәлдігін анықтап көруіміз керек.

Өлеңнің бастапқы шумағының соңғы жолы 1909 жылдан бастап, барлық басылымда:

— ... Ой желке үңірейген болса сағақ, —

деп басылып келеді. “Үңірейген сағақ” деген көңілге қонбайтын сөз. Абай сағақты сипаттау үшін, үңірейген деген сөзді қолданбаса керек. Абай өлеңін акынның көзі тірісінде (1897) көшіріп жазған Садуақас:

— ... Ойдық желке, жіңішке келсе сағақ, —

депті. Және 1897 жылы Қазанда басылып шыққан “Князь бенен Загифа өлені” деген кітапшада Абайдың осы өлеңінің бір нұсқасы жарияланыпты. Сонда біз сөз етіп отырған өлең жолы:

— ... Үзіліп ойдық желке, тұрса сағақ, —

деп басылған.

Ал Ақан сері Құлагеріне арнап айтқан өлеңінде:

– .. Атығай, Қарауылға олжа салған,
Бота тірссек, қыз сағақ сандал керім, –

дейді ғой. Мұхтар көрсеткен жолмен текстологиялық талдау жасағанда, Абай сөзінің дәлдігі анықталады. Сондықтан Абай өлеңін дұрыс көшіріп жазған адам – Садуақас деуімізге болады.

Өлеңнің екінші шумағының екінші жолы 1909 жылғы жинақта:

– ... Кабырғалы, жотасы болса күшті, –

деп дұрыс басылған. Одан кейінгі жинақтарда да (1922, Ташкент, 1933, 1939, 1945) өзгертілмей басылып келген өлең жолындағы “жотасы” деген сөз 1954 жылғы жинақта өзгертіліп, “жоталы” деп басылған. 1957 жылғы жинақта дұрысталып, “жотасы” деп басылса, 1977 жылғы жинақта тағы өзгертіліп, “жоталы” деп басылған.

1933 жылғы “Толық жинақтан” бастап, өрескел бұрмаланып, Абай өлеңінің шырқын бұзып, бүлдіріп тұрған бір сөз — барлық жинақтарда (1933, 1939, 1945, 1954, 1957, 1977, 1986) басылып келе жатыр. 1977 жылғы жинақтан (I том, 63-бет) өлеңінің төртінші шумағының соңғы жолын оқып көрейік:

– ... Күлте құйрық қыл түбі әлді келіп,
Көтендігі шығыңқы (?) аламайлы, –

деп басталған. Көп мініліп, жегіліп, әбден арықтап, күш-қуаттан айырылып, тұралап қалған аттың көтені шығып кететін болар. Абай сөзі өрескел бұрмаланған дейтініміз осы. 1909 жылғы жинақта (С-Петербург, 97-бет), 1922 жылғы жинақта (Қазан, 2-басылым, 144-бет). Және 1922 жылғы жинақта (Ташкент, 3-басылым, 180-бет). — Абай өлеңі араб әрпімен дұрыс және анық басылған:

– ... Күлте құйрық қыл түбі әлді келіп,
Көтендігі сығыңқы аламайлы, –

деген.

Алтыншы шумақтың соңғы төртінші жолы, 1909 жылғы кітапта:

“... Белдеуде тыныш тұрысын байлап көрссек”, –

деп дұрыс басылған. Одан кейінгі жинақтарда да (1922, 1933), 1909 жылғы жинақ бойынша, дұрыс басылған. Ал, 1939 жылғы жинақта (I том, 63-бет) “тұрысын” деген сөз орынсыз өзгертіліп:

– ... Белдеуде тыныш тұрса байлап көрсек. –

деп бұрмаланып басылған. Осыдан бастап, барлық жинақтарда (1945–1977) сол бұрмаланған күйі басылып келеді.

Өлеңнің жетінші шумағының бастапқы екі жолы 1909 жылдан бастап, барлық жинақтарда:

– Тығылмай әм сүрінбей жүрдек көсем,
Иек қағып, еліріп жүрсе әсем, –

деп басылып келеді. Осы арада өлеңнің көркемдік қасиетіне, “жүрсе” деген сөз нұқсан келтіріп тұрғаны байқалады. Абай бір өлеңде бір айтқан сөзін, екінші рет орынсыз қайталамайды. Садуақас жазбасында өлеңнің екінші жолы:

– ... Иек қағып, еліріп басса әсем, –

деп жазылған. Абай сөзі дұрыс берілген деуімізге болады. “Сұржекей” әнінің өлеңіндегі:

– Сұржекей әсем басып елеңдейсін... –

деген сөздер, Абай сөзін Садуақас дұрыс көшіріп жазған деуімізге, тағы бір дәлел бола алады ғой дейміз.

“Шоклардай кекілі бар, қамыс құлақ” өлеңінде әлі де текстологиялық талдау жасап, анықтауды қажет ететін сөздер бар.

25) “Жазды күн шілде болғанда” (1886). – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (11-бөлік. Жаз. 67-бет). Бұл өлеңнің бір нұсқасы 1889 жылы (48 жол) “Дала уалаяты” газетінің 7-санында жарияланған. Өлеңнің басында: “Семей оязы, Шыңғыс елінің қазағы Ибраһим Құнанбай ауылының Бақанас өзенінде Көпбейіт деген жерге қонып жатқандағы түрі”, – деп түсінік берілген. Өлеңнің соңында: “Кісіден үйреніп жаздым: Көкбай Жанатай ұғлы” деп басылған.

“Жаз” өлеңінің жазылу тарихын Көкбай баяндап берген. “1880 жылдан бастап, 1886 жылдарға шейін, – дейді Көкбай, – Абай әрбір өлеңді жазып жүрді. Бірақ бұл уақыттағы сөздерінің барлығын Көкбай сөздері деп жүргізді. Кейін Омбыда “Дала уалаяты”... газеті шыққанда, бірер өлеңін тағы менің атыммен жіберді... Осы хәл 86 жылға шейін келді де, сол жылдын жазында ел жайлауға шықты.

Абай ауылының ең өрістеп барып, орнықпақ болған жайлауы Бақанас өзенінің бойы еді. Көш жүріп кетті, біз Абаймен бірге, бірнеше кісі болып артынан келдік. Осы жылы Абай ауылында доктор Долгополов та қонақ еді. Ауыл Бақанастың бойындағы Көпбейіт деген жерге қонып жа-

тыр екен. Абай қонып жатқан ауылды көріп: “Осы суретті өлең қыл” деді. Мен біраз өлең қылып едім, жақтырмады да, өзі жазбақшы болды.

Сонымен үй тігіліп болып, бәріміз жайланған соң, Абайға келіп едім: “Өлең Көкшенің бойынан асайын деді ғой”, — деді.

Мен: “Асса басында мен қолқаланып алған нәрсе емес еді. Енді өзіңіз ретін тауып қайта аларсыз” деп қалжыңдадым. Сөйтсем сол күні “Жазды күн шілде болғанданы” жазған екен. Оқып берді.

Өзі жазған сөзіне ең алғашқы рет аз да болса қанағат қылғанын көргенім сол. Менің қалжыңыма орай қылып: “Сен соғымына бір ту бие ал, мен енді өлеңімді өзім алайын”, — деді.

“Жаз” өлеңіндегі ауылы Абайдың өз ауылы, Абайдың астындағы аяншылы, Абайдың Әбдірахметінен алған аяншыл Күрентөбел аты. Айқайшы шалы, сол жылы өз ауылымен көрші болып отырған Әнет Бармақ деген шал. Құс салып жүрген жас жігіттер, өзінің балалары — Ақылбай, Әбдірахман болатын.

Осыдан кейін өлеңді жиі жаза бастады”, — дейді Көкбай.

26) “Көкбайға” (1886). “Сорлы Көкбай жылайды”. — Бұл өлең ең алғаш Абай шығармаларының 1933 жылғы “Толық жинағында” жарияланған (93 бет). Өлеңді сақтап жеткізген Көкбай: “Сорлы Көкбай жылайды, жылайды да жырлайды” дегенді мен қылып қойып, (Абай) өзін айта-тын еді”, — дейді.

27) “Көжекбайға”. “Жамантайдың баласы Көжек деген” (1886). — Бұл өлең де ең алғаш 1933 жылғы “Толық жинақта” жарияланған. Көжекбайға арнап Абайдың өлең жазу себебін Тұрағұл баяндап береді.

“...Көжекбайдың әкесі Жамантай, — дейді Тұрағұл, — үлкен қажыға (Құнанбайға. — Қ. М.) өкіл ата болып, біздің Ұлжан шешемізді өкіл қыз еткен екен. Туысқандары жерге таласып, туысқандары Жамантайды өлтіргенде, қажы (Құнанбай) құнын келістіріп алып беріп, әкелен жас қалған: Көжекбай, Тезекбай, Мақаш деген үш баласын өз баласындай көріп еркелетіп, қанаттыға қактырмай өсірген екен. Сол Көжекбай біздің ел бұзылғанда, жеңген жақты жақтайтын мінезбен Құнанбай балаларының жауы жағына шығып, болыс болған Күнтумен құда болған. Біздің жау ағайынымыз Жігітек табындағы Базаралы деген кісі бізден кетіп, өздеріне еріп жүргенде, былай деп, Көжекбайды бок-

² Көкше — Көкбайдың руы. Бұл арада Көкбайды айтқан — Қ. М.

тапты: “Кімнің жүгі биік болса, соған қарғып шығатын мысық келді, ененді ұрайын”, – деп.

Оның үстіне сол Көжекбай 1885 жылы Құнанбай өлгенде: Қажының басқа балалары жабдық әкелмеді, болыспады”, – деп Абайға оның бауырларын шағыстырмақ болған. “Көжекбайға” деген өлеңнің айтылу себебі осы айтылғандар.

28) “Өкінішті көп өмір кеткен өтіп” (1886). – Бұл өлең Мүрсейіт қолжазбаларынан алынып, 1939 жылғы жинақта тұңғыш жарияланған (I том, 70, 71-бет). Өлеңнің мазмұнына қарағанда, 1884–1886 жылдарда болған ел ішіндегі партиягершілік, талас-тартыстан туындайтын опасыздық көріністері байқалады.

29) “Сабырсыз, арсыз, еріншек” (1887). – Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 15, 16-бет). Терең мағыналы, ұзақ өлең елдің берекесін кетірген, халықтың сорына біткен қу мен сұмның сан алуан жексұрын, жиіркенішті кескінін бейнелейді. Ел бүлдіруші атқамінер, арсыз арамтамақтардың, өтірікші, өсекші, екіжүзді, бұзақылардың сойқанды әрекеттерін әшкерелеп, әйгілеп береді. Бұл өлеңінде елдің дұшпаны кім екенін таңбалап таныта түседі.

“Сабырсыз, арсыз, еріншек” өлеңіндегі кейбір сөздер 1977 жылғы жинақта бұрмаланып, қате басылған. Басынан бастап санағанда оныншы, он екінші жолдардағы үш сөз дұрыс берілмеген:

- ... Іс қылмай ма ол кісі.
- ... Бірақ қарғып түсем деп, –

деп қате басылған.

Ал 1909 жылғы кітапта:

- ... Іс қылмай ма үлгісі.
- ... Бірақ ырғып түсем деп, –

делініп, дұрыс басылған (15-бет).

Отыз төртінші жолдағы өлең:

- Пысық деген ат (?) шықты, –

деп басылған.

Ал 1909 жылғы кітапта:

- Пысық деген ант шықты, –

деп дұрыс басылған (16-бет). Тағы осылар сияқты 1977 жылғы жинақта қате басылған екі сөз түзетілді.

30) “Көжекбайға”. “Бөтен елде бар болса ежеттесің, сыйласың” (1887). – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 16–18-бет). 1909 жылғы жинақта “Көжекбайға” деген тақырып қойылмаған. 1933 жылғы “Толық жинақтан” бастап, “Көжекбайға” деп аталып, басылып келеді. Оған себеп: “Сабырсыз. арсыз. еріншекті” жазып болып оқып бергенде, Абайдың қасында болып, атын ерттеп беріп жүретін жолдасы Қарасақау деген (шын аты Құсайын): “Көжекбай қалды ғой” деген екен. Сол сөз камшы болып, “Бөтен елде бар болса” деген өлеңін Көжекбайға арнапты деген – Тұрағұл берген мағлұмат.

Бұл өлеңді Мұхтар талдай келіп, мән-мағынасын ашып берген. Ел ішіндегі атқамінер, бүліктің атын “Көжекбай” деп атап тұрып, соның бар мінезін, іс-әрекет, қимыл-құбылысындағы бейнесін сипаттап берген.

Тынышсыз бүліктің бір алуан бейнесін қапысыз түгел түсірген және бір Көжекбай емес, көп Көжекбайдың психологиясынан жиынтық бейне жасаған.

Осы өлеңнің ішінде Абайдың кейінгі әдебиетке және халық даналығына афоризм есебінде қосып кеткен әлденеше шебер, ақыл, накыл, сыншылық сөздері бар. “Күн жауғанда қойныңды, күн ашықта мойныңды” немесе “жат айбынар ісі жоқ, жау айбынар күші жоқ” деген сияқты жолдардың жөні бөлек. “Ел бүлігі тобықғы, көп пысыққа молықты” деген мәтел есепті жолдар да осы өлеңнен табылады.

Көжекбайлардың көмектесі, жемтіктесі кімдер екенін де осында ашып береді:

– Орыс сыяз қылдырса,
Болыс елін қармайды.
Қу старшын, аш билер
Аз жүрегін жалғайды, –

дегенде, Көжекбайлардың тамыры мен тегі қайда жатқанын танытады. Бұл – патшалық әкімшіліктің қазақ арасына орнатып отырған аппараты. Пәле басы әкімшілік құрылыста, қоғамдық жаманшылықта екенін аша түседі. Жауыздық, жаманшылықпен алысуда, ақын бұрынғыдан да құлшына түсіп үдей бастағанын байқаймыз.

Өлеңнің 1977 жылғы жинақта қате басылып кеткен кейбір сөздері, 1909 жылғы жинақ бойынша түзетілді. Мысалы, өлеңнің ең соңғы екі жолындағы екі сөз:

— ...Сенімсіз болды алашка,
...Әлі күнге уайым
Қызған жан жоқ ұялмай, —

деп қате басылған.

Дұрысы:

— ...Сыйымсыз болды алашка,
...Әлі күнге уайым
Қылған жан жоқ ұялмай.

(1909 жылғы кітап, 18-бет).

31) “Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы” (1887). — Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (2-бөлік. Өлең туралы, 31, 32-бет). Осы өлеңнің жазылу тарихы туралы Кәкітай: “Сонғы уақытта Абай өзі өлеңнің өнер екенін біліп, жаза бастаған соң, бұрынғы ақындар надандықпен, өлеңді өнер орнына ғибрат үшін айтпай, тіленшілік орнына айтқандықтан, ақындықтың да, өлеңнің де қазақ ортасында бағасы кеткендігін айтып, өзін олардың ретінен басқа қылып, алмақ пайда үшін емес, халықты ғылымға үмтылтып, көңіл көзін ашлаққа ғибрат үшін жазғанын білдіріп өлең шығарған” (1909 жылғы жинақ, 107-бет), — дейді.

“Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы” — қазақ оқушыларына ертеден әйгілі, атақты, көркем әдебиетте Абай тудырған, биік тұрғы есебіндегі даңқты өлең.

Өлеңнің ең алғашқы сөздерінде өлеңге көркемдіктің шартын қойып, эстетикалық жаңа бағдар жариялайды. Сөздің асылы поэзия екенін жоғары бағалаумен бірге, оны төмендететін олқылықтарды да алдымен айтады. Шын жақсы өлеңді ердің ері, данасы туғызады дейді.

— Асыл сөздің басы: ең әуелі аят — Құран сөзі және хадис — пайғамбар сөзі, одан кейінгі бәйт мысал, яғни өнегелі мысал өлең, — дейді.

Алланың өзі, пайғамбары, мұсылмандарға ұстаздық етуші әулие ғұламасы — бәрі де өлеңді қадірлейтінін айта келіп, Абай өзінің эстетикалық жаңа қағидасын жариялайды.

— ... Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы? —

дегенде, өлеңнің мазмұны терең мағыналы, биік идеялы болып, сондай мазмұнына көркемдік түрі сайма-сай келуі — нағыз ақындық өнердің қасиеті деп біледі.

Халықты тәрбиелейтін анық ақындық, ұстаздық сөз терең мағыналы, әрі көркем болуын талап етеді.

Осы өлеңнің үшінші шумағының екінші жолы 1909 жылдан бастап, барлық жинақтарда:

– ...Қосарлы бәйітсымал (?) келді арасы, –

деп басылып келеді. Осындағы “бәйітсымал” деген сөз түсініксіз. Бірге жазылып (басылып) тұрған екі сөздің алғашқы, бәйіт деген араб сөзін, яғни өлең деген сөзін бөліп оқысақ, жеке қалған “сымал” деген сөз қандай ұғым береді? Ешқандай ұғым бермейтін, мағынасыз сөз екенін көреміз. “Бәйітсымал” деген сөз 1909 жылғы кітапта “бәйіт сымал” делініп, екі сөз ретінде, бөлек басылған. Осы сөздерге текстологиялық талдау жасай келіп, анықтағанмыз: бәйіт — өлең деген сөз дұрыс басылған да, “сымал” деген мағынасыз сөз қате басылып кеткен, яғни баспада “С” әрпі мен “М” әрпінің орны ауысқан. Осы әріптерді өз орындарына келтіріп оқысақ: “мысал” деген сөз болып шығады. Сонда қате басылып келе жатқан өлең жолын:

– Қосарлы бәйітмысал келді арасы, –

деп дұрыс оқитын боламыз.

Бұл сөздердің мән-мағынасы туралы жоғарыда жазылды.

Төртінші шумақтың екінші жолы:

... “Мүнәжәт уәлилердің зар наласы” — деп 1933 жылғы “Толық жинақтан” бастап, барлық жинақтарда басылып келеді.

1909 жылғы жинақта (31-бет), 1922 жылғы жинақтарда (Қазан, 61-бет, Ташкент, 150-бет):

– ...Мүнәжәт ғалымдардың зар наласы –

деп басылған. “Ғалымдардың” деген сөздің “уәлилердің” деп өзгертілу себебі белгісіз, ешбір түсінік берілмеген.

Тоғызыншы шумақтың төртінші жолы 1933 жылғы жинақта (100 бет):

– ... Былжырақ көрінеді соларды аңдап, –

деп, 1939 жылғы жинақта (79-бет), 1945 жинақта (55-бет), 1954 жылғы жинақта (56-бет):

– ... Былжырақ көрінеді бәрі даңдақ, –

деп 1957 жылғы жинақта (67-бет), 1977 жинақта (90-бет):

– ... Былжырақ көрінеді соларды аңдап, –

деп басылған.

Ал 1909 жылғы жинақта (31-бет), 1922 жылғы жинақтарда (Қазан, 62-бет, Ташкент, 152-бет):

“... Былжырақ көрінеді солар даңдақ”, –

деп дұрыс басылған.

Осы үш жинақта (1909–1922) дұрыс басылғандығына, өлең шумағын тұтас оқып, зер салсақ көзіміз жетеді:

– Қайда бай мақтаншаққа барған таңдап,
Жыйса да бай болмапты қанша малды ап.
Қазаққа өлең деген бір қадірсіз,
Былжырақ көрінеді солардан дақ.

Ақын бұл жерде; мал алу үшін байларды мақтайтын ақындардың өлеңі “қазаққа қадірсіз”, “былжырақ”, “мағынасыз” дандақ көрінеді деп отыр. Он бірінші шумақтың соңғы екі жолындағы екі сөз 1977 жылғы жинақта:

– ... Әншейін күн өткізбек әңгімеге (?),
Тыңдар едің бір сөзін мыңға балап, –

деп дұрыс басылмаған.

1909 жылғы жинақта және 1922 жылғы жинақтарда:

– ... Әншейін күн өткізбек әңгімені
Тыңдар едің әр сөзін мыңға балап, –

деп дұрыс басылған.

Осындай дұрыс басылманы айқын көрініп тұрған сөздер түзетілді.

32) “Назарға” (1887). – “Мынау келген Назар ма?” деп басталатын бір ауыз өлеңді Абай Қанай руының бір ақсақалы Назар дейтін кісі бір аттың майын сұрап келіп отырғанда айтыпты. Бұл өлең тұңғыш рет 1933 жылғы “Толық жинақта” басылған (101-бет). Өлеңді және бұл өлеңнің тарихын айтып берген кісі — Көкбай Жанатайұлы.

33) “Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол” (1888). – Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (2-бөлік. Өлең туралы, 32–33-бет). Бұл шығарма – Абайдың ақындыққа арналған тағы бір терең мағыналы, көркем өлеңі. Өлеңде ең әуелі адам басындағы қайғы-қасіретті, қуаныш-шаттықты, әдет-салтқа байланысты туған өлең-жырды және халық даналығын танытатын мақал, нақылдың баршасын да түгелімен мақұлдап, құптап өтеді. Өлең қазақтың халық әдебиетінде, жақсы дәстүрінде қандай зор орын алатынын түгел теріп айтады. Кісісі өлген жан, күйзелген зар-шерін өлеңмен айтатынын, шат-шадыман қуанышын да өлеңмен әйгілейтінін, толып жатқан әдет-салтта өленсіз өмір жоқ екенін атап айта келіп, осының бәрін анық халықтық қасиет деп бағалайды.

Өлең сөздің ерекше қадір-қасиетін сипаттай келіп, халық дәме қыларлық, ел мұңына анық жақын ақындарға қоятын талабын танытады.

Бұхар жырау, Шортанбай, Дулат сияқты атақты ақындарды сынағанда, “Өлеңі бірі – жамау, бірі – құрау” дегенде, олардың ақындық өнерін олқысынып отырған жоқ, “Халықты алға бастар өнімді жолдары жоқ” (М. Әуезов) деп сынайды.

Өлеңін қорыта келіп, ақын өз мақсатын:

– ... Максұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер.
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ, –

деп, жариялап, ұғындыра түседі.

Осы өлеңнің үшінші шумағының соңғы жолы 1977 жылғы жинақта:

– ...Биде такпақ, мақал бар байқап қара, –

деп басылған. Ал 1909 жылғы кітапта (32-бет):

– ...Биде такпақ. мақал бар ойлап қара, –

деп дұрыс басылған.

Сегізінші шумақтың үшінші жолы 1977 жылғы жинақта:

– ... Сүйенерлік (?) адамды құрымет қыл, –

деп басылған. 1909 жылғы кітапта:

– ... Сүйсінерлік адамды құрымет қыл, –

деп дұрыс басылған.

34) “Күз”, “Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан” (1889). – Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (12 бөлік. Күз, 68-бет). Сахра табиғатының өзгеше бір кезеңіне арналған өлеңінде, ақын көшпелі қазақ ауылының күзді күнгі тіршілігін, жүдеген табиғаттың көрінісін суреттейді.

Осы өлеңнің бастапқы шумағының соңғы жолындағы қолданылған сөздер дәлдігі жағынан алып қарағанда, анықтай түсуді қажет ететін сияқты.

– “... Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма,
Жылқы ойнап, бие кашқан, тай жарысқан”, –

деген өлең жолындағы “жылқы ойнап” сөзі, ат, айғыры бар, биесі, құлын, тайы бар, тұтас (ойнағанын) көрсетіп

түр. Сондықтан “жылқы ойнап” деген соң, “бие қашып”, “тай жарысқан” деген сөздердің бұл арада келетін жөні болмай қалады. Және де барлық жылқы түгелімен ойнап кетпейді. Күздікүні ширығып ойнақ сап, ойнап кететін: саяқ ат, жас құлын, тайлар болуы керек. Сондықтан Садуақас жазбасында:

“...Тойғаны ма, білмеймін, тоңғаны ма.
Ат ойнап, құлын қашқан, тай жарысқан, —

деп, Абай сөзі дұрыс берілген деуімізге болады.

35) “Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай” (1889). — Бұл өлең 1909 жылғы кітапта “Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан” өлеңіне жалғас, екінші өлең ретінде басылған (12-бөлік. Күз, 68, 69-бет). Өлеңнің жазылуына себеп болған жайды Тұрағұл былай баяндайды: “Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай” деген өлеңді өзінің Тәңірберді деген ағасының ауылында, ағасы мен жеңгесінің Дінсіләм деген немересін тамағыңды үйде отырып іш деп аңдып отырғанын, оның құрбыларымен бірігіп ішкісі келіп отырғанын, көріп айтқан” (Тұрағұлдың, “Әкем Абай туралы” деген қолжазбасынан). Осы айтылған себептің салдарынан туған “Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай” өлеңі — Абайдың табиғатқа арналған өлеңдерінің көркемдік жағынан да, өмір шындығы мен мазмұн жағынан да ерекше тұрған шығарма. Көшпелі шаруаның көп күйзеулігін таныта келе, әсіресе күздің ауыртпалығы кімге түсетініне айрықша көңіл бөліп, кедей ауылды бейнелейді. Сараң бай мен бәйбішенің, кішкене баласын жас басынан сараңдыққа баулып, азғырып отырғанын көріп, ақын:

— ... Ол да өзіндей ит болсын азғыр-азғыр!, —

деп, ызалы жүрекпен қатал жазғырып шенейді. Өлеңнің осы тұстағы: “Бай үйіне кіре алмас тура ұмтылып” деп басталатын екі шумағы (алтыншы және жетінші шумақ) 1909 жылғы жинаққа кіргізілмеген. Бұл екі ауыз өлең 1933 жылғы “Толық жинақта” қосылып басылған. Бұл туралы Мұхтар Әуезов: “Осы екі ауыз өлең бұрынғы баспаларға кірмей қалған. Елдегі жазбаларда да жоқ. Тәңірберді деген ағасының бала асырағанын көріп отырып айтқан” — дейді. (“Толық жинақ”, 1933 жыл, 126-бет).

Осы екі ауыз өлең 1954 жылғы жинаққа тағы кіргізілмей, алынып қалған (I-том, 61, 62-бет). Не себептен алынып қалғаны айтылмаған.

1954 жылғы жинаққа кіргізілмей қалған осы екі шумақ өлең 1957 жылғы жинаққа қайтадан кіргізіліп, одан соңғы жинақтарда басылып келеді.

Осы өлеңнің 1909 жылғы кітапта дұрыс басылған сөздерінің кейбіреулері, 1977 жылғы жинақта орынсыз өзгертіліп берілген. Өлеңнің үшінші шумағы:

– Жас балаға үйде от жоқ тұрған маздап.
Талтайып қақтана алмай, өле жаздап.
Кемпір-шалы бар болса қандай қиын,
Бір жағынан қысқанда жел де (?) азынап, –

деп басылған.

1909 жылғы кітапта:

– Жас балаға от та жоқ тұрған маздап.
Талтайып қақтана алмай, өле жаздап.
Кемпір-шалы бар болса қандай қиын,
Бір жағынан қысқанда о да азынап, –

деп басылып (68-бет) ақын сөздері орны орнымен дұрыс берілген.

Сегізінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы кітапта:

– ... Байда бейіл, жалшыда мейір де жоқ, –

деп, ақын сөзі өз орнымен беріліп дұрыс басылса (69-бет), 1977 жылғы жинақта:

– ... Байда мейір, жалшыда бейіл де жоқ, –

деп, Абай сөздерінің дәл тұрған орны ауыстырылып берілген. Шынында бейілі тар сараң байға жалшы да мейірімсіз болмақ керек.

Осындай қате басылып бұрмаланып берілгені айқын тұрған сөздер, 1909 жылғы кітап бойынша түзетіліп дұрыстатылып берілді.

36) “Қыс”, “Ақ киімді, денелі, ақ сақалды” (1888). – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (13-бөлік, Қыс, 70-бет). Бұл өлеңнің жазылу тарихы туралы: “Ақ киімді, денелі, ақ сақалды” деп, қысты өлең қылғаны: 1884 жылы қыс қатты болып, ел жұтаған. Қар апрельдің басында ғана кеткен. Соны өлең еткен”, – дейді Тұрағұл.

Ақын бұл өлеңінде қыстың өзін зор тұлғалы, тірі жанды бейне етіп сипаттайды. Бұл – тапжылмай тұрған қимылсыз бейне емес, “басқан жері сықырлап” омыраулап келе жатқан, кесек әрекет жасайтын, “түсі суық жанды тұлға”. Ауыз әдебиетінде, бір мәтелде: “Қылышын сүйреп қыс келеді”

деген ғана метафора болмаса, Абайдан бұрынғы қазақ әдебиетінде қысты қарт метафора адам бейнесінде сипаттау болған емес.

Абай “Қыс” өлеңінде орыстың классик поэзиясымен байланысты, “мәдениетті бір стильді көрсеткенін” Мұхтар Әуезов атап айтады. Бірақ Абай қысты, қазақтың кәдімгі көрі құдасына теңеу арқылы суреттейді. Абайдың қысы орыс әдебиетіндегі Аяз ата емес. Мал баққан қазақтың кең даласының табиғатын үлкен шеберлікпен, көркем суреттеп береді. Қысқы отардағы жылқышыны да, тебіндегі жылқыны да, оны торыған аш қасқырды да түгел атап айтып өтеді. “Қыс” ақынның терең мазмұнды, ерекше көркем шығармаларының бірі.

Өлеңнің он бірінші жолы 1909 жылғы жинақтан бастап, 1939 жылғы жинаққа шейінгі, барлық жинақтарда:

“... Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда” – деп, дұрыс басылып келсе, 1939 жылғы жинақта (I-том, 83-бет) “борандай” деген сөз ешбір дәлелсіз өзгертіліп:

“... Бурадай бұрқ-сарқ етіп долданғанда” –

деп басылған. 1945 жылғы жинақта, 1939 жылы өзгертілген сөз, әуелгі қалпына келтіріліп: “Борандай” деп басылған. Сонан кейінгі 1977 жылға шейін шыққан жинақтардың бәрінде дұрыс басылып келген сөз 1977 жылғы жинақта қайта өзгертіліп “бурадай” деп басылған. Сол сияқты, өлеңнің он сегізінші жолы, 1909 жылғы кітапта (70-бет):

“... Титығы құруына тез тақалды”, – деп, дұрыс басылып, одан кейінгі 1933 жылғы жинақта, сөз өзгертіліп: “тез айналды (?)” деп басылған. Осыдан кейінгі жинақтарда: 1939, 83-бет, 1945, 59-бет, 1954, 66-бет:

“... Титығы құруына тез тақалды”, – деп, 1909 жылғы кітап бойынша дұрыс басылып келсе, 1957 жинақта (I том, 74-бет) тағы өзгертіліп:

“... Титығы құруына аз-ақ қалды”, – деп басылған. 1977 жылғы жинақта да “аз-ақ қалды” деп берілген.

37) “Күлембайға”, “Уағалайкүмүссалам, болыс мал-жан аман ба?” (1888). – Бұл өлең тұңғыш рет 1933 жылғы “Толық жинақта” басылған (103-бет). Өлең Тұрағұлдың аузынан алынған. Өлеңнің айтылу тарихы: “Күлембай деген кісі дәулетінің арқасында болыс болып, 1888 жылғы шербішайынның сиездегі түрін көріп айтқаны”, – дейді Тұрағұл.

38) “Көкбайға” деген тақырып беріліп, ең алғаш 1933 жылғы “Толық жинақта” басылған: “Бұралып тұрып” деп басталатын, өлеңді Көкбайдың өзі айтып берген. Өлеңнің жазылу тарихы туралы, өзінің Абай туралы естелік әңгімесінде (1924) Көкбай Абайдың мінезін баяндап айта келіп:

“Бойын бағып қымтырылып”, “пәлен көрінем, түтілен көрінем” деп қолдан пішін жасайтын мінезді көре бастаса, қытығына тигендей жақтырмай қалатын. Ондайды кекетіп, мысқыл қылып, қалжыңмен өлең айтып жіберетін. Қалжың өлеңінің көбі маңайындағы жұрттың осындай мінездерінен туады. Бір күні осындайдың тұсында, өзімді де өлең қылды. Ел ішінің бір тобынан келе жатыр едік, жолда бірер сөз, бірер мінезді Абайдың жақтырмай қалғанын сездім. Ауылға жақындағанда Абай бізден озып кетіп еді. Үйге келсем, қолында бір табақ қағаз бен қарындашты алып жазып жатыр екен. “Не қылса да өзімді өлең қылып жатыр-ау” деп, ішіме сезік кіріп, қасына жетіп келіп едім, мына өлеңді оқып қоя берді:

– Бұралып тұрып,
Буыны құрып.
Қыйсайта тартып мұрынын:
Әсемсіп, сәнсіп,
Білгенсіп, бәлсіп.
Әр нәрсенің орнын;
Керенау, кердең бір керім,
Жакпайды маған сол жерің! –

деп өзімді өлең қылып қойыпты. Сонан соң жалынып отырып сұрап алдым да, көзінше жыртып тастадым. Өлеңің өзімнен басқа ешкім білген жоқ. Сол бір оқып шыққанда есімде қалғаны осы еді”, – дейді.

39) “Желсіз түнде жарық ай” (1888). – Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (4-бөлік. Ғашықлық туралы, 42-бет). Ұлы ақын осы жиырма-ақ жол, шағын өлеңінде көшпелі қазақ ауылының, жазғы жайлаудағы бір түнгі тіршілік көрінісін, асқан ақындық шеберлікпен көркем суреттеп берген. Жарық айдың сәулесі суға түсіп, дірілдеп тұрған жанды бейнесі, терең сазды қуалап, тасқындап ағып жатқан өзен, қалын ағаштың сыбырласқан жасыл жапырақтары, жер жүзін құлпыртып тұрған көкорай шалғын – табиғаттың сан алуан суреті, көз алдыға келіп, көңіліңе қона кетеді.

Ауыл ұйқыға кеткен. Дүниенің жым-жырт тыныштығын, анда-санда үрген ит пен түнгі күзетшінің айтағы, оған қосыла кеткен, тау жаңғырығы, ауық-ауық бұзып тұрғандай. Осындай түнде: бірін-бірі ансап, ынтыққан екі жастың кездескен сәтін көріп, олардың жүрек дүрсілін естіп тұрғандай боласың...

Абайдың таңғажайып тамаша лирикасының қалір-қасиетін тілмен айтып жеткізу мүмкін емес. Тек өзің оқыған шақта ғана, сүйсініп терең сезінесің. ләззәт аласың.

40) “Ішім—өлген, сыртым—сау” (1889). — Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1 бөлік. Халық туралы, 18-бет). Бұл өлеңінде, доспын деп жүрген өңкей өтірікші, құнарсыз қулардың, екі жүзді сұмдардың опасыздық кеселінен дерттенген ақын, өкінішті көңілдің шерін шертіп мұңаяды. Еңбек етпей “ұрлық пенен қулыққа” салынған ашкөз, арсыз, арамтамақтарды әшкерелеп, ажуалайды. Өлеңнің 19-жолы, 1977 жылғы жинақта:

— “...Берерменде біреусің”, (?) —

деп қате басылған. 1909 жылғы кітапта (19-бет):

— “...Берерменде бесеусің,
Аларманда алтаусың”, —

деп ақын сөзі дұрыс берілген.

Жиырма бесінші жол:

— “...Қайта келер есікті”, (1977) —

деп басылған. Ал 1909 жылғы кітапта (19-бет):

— “Қайтып келер есікті”, —

деп дұрыс басылған.

41) “Күлембайға”. “**Болыс болдым мінеки**” (1889). — Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған. (1-бөлік. Халық туралы. 19–21-бет). Бұл басылымда “Күлембайға” деген тақырып жоқ. 1933 жылғы “Толық жинақтан” бастап “Күлембайға деген тақырыппен басылып келеді. Осы өлең 1889 жылы “Дала уалаяты” газетінің 12-санында жарияланған. Өлеңте: “1888 жылда, май айында Ақшатау деген жерде Семей облысы менен Жетісу облысының шырбушайнай сияз болғанда бір ояздың ел билеушілерінің түрі”, — деп түсінік берілген. Өлеңнің авторы аталмаған.

Өлең көп қысқартылып, өткір сөздері мұқалып, өзгертіліп, идеялық мазмұны бұрмаланып басылған.

Абай “Болыс болдым мінеки” деген өлеңінде ең алдымен болыстың өзін сөйлетіп, оның жиренішті, жексұрын қылықтарын өз ауызымен айтқызады. “Болыс болдым мінеки, бар малымды шығындап” деп алып, оңбаған сұрқия болыс өзін-өзі әшкерелей бастайды. Ол өзінің: өтірікшілігін, жалтақтығын, қорқақтығын, екі жүзділігін, өз ауызымен айтып, ашып береді.

Шен-шекпенге сатылған азғын, мансапқор болыс атаулының бәріне тән, маскара шындықты, бір болыстың өз аузымен айтқызу – Абайдың жаңадан тапқан өте ұтымды, шебер әдісі.

42) “Әсетке”. “Біреуден біреу артылса” (1889). – Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы 23-бет), онда “Әсетке” деген тақырып жоқ. Өлең 1933 жылғы “Толық жинақтан” бастап, “Әсетке” деп аталып, басылып келеді. 1933 жылғы жинақта берілген түсінікте: “Біреуден біреу артылса” деген өлеңді Әсет деген ақынға айтқан. Мұны 1889 жылы балалары үшін сақтаған еді. Әсет: терісі тар, ызақор, өзін-өзін әлденелік көріп отыратын адам еді. Сол мінезінен шығарып айтқан” (352-бет), – делінген.

Өлеңнің төртінші шумағының екінші, үшінші жолы, 1977 жылғы жинақта:

→ “...Ісі жоқ... теріс пе оң ба,
Тіленіп, телміріп ізденер”, –

деп басылған. 1909 жылғы кітапта (23-бет):

– “...Ісі жоқ ісі теріс пе, оң ба.
Тіленіп, телміріп ізденіп,” –

деп акын сөзі дұрыс берілген.

Бесінші шумақтың соңғы жолы 1977 жылға жинақта:

– “Не қылсын өнер ізденіп”, –

деп басылған. 1909 жылғы кітапта (23-бет):

– “Не білсін өнер ізденіп”, –

деп басылған.

43) “Мәз болады болысың” (1890). – Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы. 21-бет). Өлеңнің жазылу тарихы туралы: “Мәз болады болысың” деген өлеңді 1890 жылы Семейге барон Таубе деген генерал-губернатор келіп, бірсыпыра болыстарға, билерге шекпен, қылыш сыйлаған. Сондағы шекпен алған болыстардың қуанғанына ыза болып жазған. Өзіне де қос ауыз мылтық сыйлап еді”, – дейді Тұрағұл.

44) “Білімдіден шыққан сөз” (1889). – Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 22-бет). “Білімдіден шыққан сөздің” қадір-қасиетін талапты, саналы адам ғана түсінетінін атап айта келіп, талапсыз, ойсыз, жалқау, бойкүйез желөкпелерді жерлеп, шенейді.

45) “Сегіз аяқ” (1889). – Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (8-бөлік. “Сегіз аяқ” 60–62-бет). “Сегіз аяқ” өлеңі

— кең көлемді, бай мазмұнды, терең мағыналы, ерекше көркем шығармаларының бірі. Әрбір шумағы сегіз жолдан келіп, қайырылып отыратын, өзгеше жаңа түрмен жазылған өлең. Ақын осы үлкен өлеңінде: заман құбылыстарын, қоғам өмірінің шындықтарын түгел қамтып сипаттайды. Өзінің көп ойларын толғайды, сезім сырын, көңіл күйін шертеді. Ел іргесі сөгіліп, берекесі кетіп, азып-тозып бара жатқанына күйінеді, “қаны қайнайды, жаны ашиды”. “Қайран елі қазағын” адал еңбекке, береке-бірлікке, достыққа шақырып:

— Бірінді қазақ, бірін дос
Көрмесен істің — бәрі бос, —

деп жар салады. Атақты өлеңіне әдейі арнап шығарған әйгілі әні де бар.

“Сегіз аяқ” өлеңінің кейбір сөздерінің жинақтарда дұрыс басылмай келе жатқаны байқалады. Төртінші шумақтың бесінші жолы, барлық жинақта:

— “...Қайраттан беркін”, —

деп басылған. Оразке қолжазбасында өлеңнің осы жолы:

— “...Қайраттан бекін”, —

деп жазылған.

Өлеңнің алтыншы шумағының бесінші жолында:

— “...Табытын қакқан”, —

деген сөздердің мән-мағынасын көпшілік оқушы түсіне бермесе керек. Абайдың ауыспалы мағынада қолданған, сөзіне бұл жинақта, түсінік беруді жөн көрдік.

Жетінші шумағының үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (60-бет):

— “...Жан аяма, кәсіп қыл”, —

деп дұрыс басылса, 1977 жылғы жинақта:

— “Жан аямай кәсіп қыл”, —

деп өзгертіліп басылған.

Он төртінші шумақтың екінші жолы 1977 жылғы жинақта:

— “...Жүз кісі сұмға”, —

деп басылған. 1909 жылғы кітапта (61-бет), 1933 жылғы “Толық жинақта” (114-бет):

– “... Жөн кісі сұмға
Әлі жетер заман жоқ”, –

деп ақын сөзі дұрыс берілген.

Он бесінші шумақтың сегізінші жолы барлық жинақта:

– “...Алқағанын зор қылмақ”, –

деп басылып келеді. “Алқағанын” деген сөз көңілге қона қоятын сөз емес сияқты. “Алқағанын” деген сөздің орнына “алғағанын” деген сөзді қолданып, өлеңнің соңғы жолын қосып:

– “Қарғағанын жер қылмақ
Алғағанын зор қылмақ”, –

деп оқысақ, дұрыс болса керек.

“Қарғағанын” сөзінің түбірі – қарғыс, “алғағанын” сөзінің түбірі – алғыс екені белгілі.

Он тоғызыншы шумақтың екінші жолы 1909 жылғы кітапта (62-бет):

– “Білгенге жол бос,
Болсашы қол бос”, –

деп дұрыс басылса, 1977 жылғы жинақта:

– “Болсайшы қол бос”. –

деп өзгертіліп басылған.

Сол сияқты жиырма бірінші шумақтың төртінші жолы 1909 жылғы кітапта (62-бет). 1933 жылғы жинақта (116-бет) және 1945 жылғы жинақта (74-бет):

– “..Есітіп үнін”, –

деп дұрыс басылса, 1977 жылғы жинақта:

– “...Естісем үнін”, –

деп орынсыз өзгертіліп басылған.

Осындай ешбір себепсіз, дәлелсіз өзгертіліп, бұрмаланып басылған ақын сөздері түзетілді.

46) “Сәулең болса кеудеңде” (1889). – Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (6-бөлік. Насихат туралы. 53-бет). Ақын бұл өлеңінде де халқының қамын ойлап толғанады. Ел билеуші, ел ағасы, ақылды, кемел-кемеңгер адам болуы керек дейді. Берекелі ел дәулетін – табиғат байлығына балап, сипаттай келіп, берекесі кеткен елді “Суы ашыған батпақ көлге” тенең бейнелейді.

47) “Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін” (1889). – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (2-бөлік. Өлең туралы. 33-

бет). Бұл өлеңнің жазылу тарихын былай баяндайды: — Шаһкәрім қажының жас жігіт күнінде, кәрілікті жамандап, бозбалалықты дәріптеп жазған өлеңі болған. Көкбай Әзірет Әлі айдаһармен алысыпты деп өлең жазған.

Сыбан руынан, Әріп деген өлең жазғыш жігіт “Зияда” деген дастанында қызды мақтамақшы болып, суреттегенде көзі—ғауһар, иегі алтын деп, осы сықылды асыл тастарды түсіне қарамай, сұлудың өне бойына жапсыра берген. Осы үш ақынға ой салып, ақыл айтпақшы болып, “Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін” деген өлеңді жазып еді. Ол өлеңге Әріп кектеніп, Біржан мен Сара деген қыз айтысыпты деп өлең жазып, біздің ақсақалды (Абайды. — Қ.М.) жамандайды. Біржанның Арғын емес, Керей екенін білмейді (“Әкем Абай туралы” деген естелік әңгімесінен).

“Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін” өлеңінің жазылуына Тұрағұл атап айтқан үш ақынның өлеңі себеп болғаны рас. Бірақ Абай үш ақынды сынаумен ғана шектелмейді, ақын мен ақындық өнердің міндеті туралы айта келіп, қазақтың талапты жас ақындарын үлкен мақсатқа бағыттап, жол көрсетеді.

Осы өлеңнің бірінші шумағының алтыншы жолы (бұл өлеңнің әрбір шумағы алты жолдан қайырылып отырады) 1977 жылғы жинақта:

— “...Көңілінің көзі ашық сергегі (?) үшін”, —

деп басылған.

1909 жылғы кітапта (33-бет), 1933 жылғы жинақта (117 бет) және 1945 жылғы жинақта (77-бет):

— “...Көңілінің көзі ашық сергек үшін”, —

деп дұрыс басылған.

Үшінші шумақтың үшінші жолы 1977 жылғы жинақта:

— “...Кәрілікті жамандап, өлім тілеп”, —

деп басылған. Ал 1909 жылғы кітапта (33-бет) және Мүрсейіт қолжазбасында:

— “...Елде көрі жамандап, өлім тілеп”, —

деп берілген. Осылай басылғаны дұрыс болар. Өйткені Шаһкәрімнің:

— “Алпыстан әрі бармаңыз,
Байқамай шал боп қалмаңыз”, —

деген өлеңіне орай айтылған ғой.

Төртінші шумақтың алтыншы жолы 1909 жылғы кітапта (33-бет):

– “... Қинамай қызыл тілді, кел тіл ал, қой”, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– “...Қинамай қызыл тілім, кел тілді ал, қой”, –

деп ақын сөзі мүлдем бұрмаланып басылған.

48) “Әуелде бір суық мұз ақыл зерек” (1889). – Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (4-бөлік. Ғашықтық туралы. 42-бет). Көлемі шағын, мазмұны терең өлеңінде адам жайындағы ойын толғайды. Толық сапалы, нағыз саналы адам болудың шартын айтады.

– “Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек”, –

дейді.

Абай осы өлеңнің мағына-мазмұнын, он жетінші сөзінде таратып, талдап береді.

49) “Ғашықтық, құмарлық пен ол – екі жол” (1889). – Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта “Әуелде бір суық мұз ақыл зерек” өлеңіне жалғасы, яғни бір-ақ өлең ретінде басылған. (4-бөлік. Ғашықтық туралы. 42-бет). 1933 жылғы жинақта (118, 119-бет), 1939 жылғы жинақта (102-бет) және 1945 жылғы жинақта (78–79-бет) бір-ақ өлең болып басылған. Ал 1954 жылғы жинақта “Әуелде бір суық мұз ақыл зерек” бір жеке (90-бет) өлең болып, “Ғашықтық, құмарлық пен ол–екі жол” (91-бет) екінші жеке өлең болып басылған. 1909 жылдан бастап, барлық жинақтарда бір-ақ өлең ретінде басылып келген өлеңді 1954 жылғы жинақта екіге бөліп, екі өлең етіп басқан. Бөлу себебі айтылмаған. 1954 жылғы жинақтың “Түсініктер” бөлімінде : “37. Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек” өлеңінің текісі 1909 жылғы және Мүрсейіт қолжазбалары бойынша(!) басылды” (278-бет), – деп жалған түсінік берілген.

1957 жылғы және 1977 жылғы жинақта, 1954 жылғы жинақ бойынша басылып келе жатыр.

50) “Хор болды жаным” (1889). – Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (4-бөлік. Ғашықтық туралы. 43-бет). Ғашықтық туралы бұл өлеңін, қазақ әдебиетінде бұрын ешбір ақын айтып көрмеген, ерекше жаңа түр тауып жазған. Және жаңа түрде жазылған шығармасы оқушыға ұғымды, көңіліне қонымды болуын ойлап, өлеңіне ылайық әдемі ән де шығарған.

51) “Сен мені не етесің?” (1889). – Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (4-бөлік. Ғашықтық туралы. 43-бет). Ғашықтық тақырыбына арналып жазылған бұл өлеңінде, опасыз жардан түңіліп, зар шеккен жас жігіттің шерін

шертеді. Ақын бұл өлеңіне тағы бір ерекше шебер түр табады. Әр шумағы жеті жолдан қайырылып отыратын бұл өлеңді “жеті аяқ” деп атауға болатын сияқты. Өлеңнің тағы бір түр ерекшелігі, шумақтың әр жолындағы сөздердің саны, буын өлшеуі күрт өзгеріп отырады. Өлеңнің кейбір жолдары бірнеше сөзден құрылса, енді бір жолдарда бір ғана сөз бір жол болып келіп отырады. Осындай аса күрделі, жаңа түрмен жазылған өлеңіне арнап қазақтың ән өнерінде кездеспейтін, жаңадан ән шығарған.

52) “Айттым сәлем, қаламқас” (1889). – Бұл өлең “Жігіт қызға айтқаны” деген тақырыппен 1909 жылғы кітапта басылған (4-бөлік. Ғашықтық туралы. 44-бет). Ғашықтық тақырыбына арналған бұл өлең де өзгеше бір көркемдік түрмен жазылған. Ғашық жігіттің сезім-сыры, оның сүйген қызына жолдаған сәлем хаты арқылы баяндалады. Ішкі сезім-сырларын бүкпелемей, ашықтан-ашық ақтарып айтып отырған, қазақ ауылының аңқылдаған ақ көңіл бозбала жігітінің шын мінезі, дәл бейнесі айқын көрінеді.

Өлеңнің жетінші шумағының үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (44-бет):

– “...Бой шымырлап, тән еріп”, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта орынсыз өзгертіліп:

– “... Тән шымырлап, бой еріп”, –

деп басылған.

Соңғы оныншы шумақтың екінші жолы 1909 жылғы кітапта (44-бет) және 1933 жылғы “Толық жинақта” (122-бет):

– “... Аш бетінді бір қарат”, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– “...Аш бетінді, бер қарат”, –

деп қате басылған.

53) “Қиыстырып мақтайсыз” (1889). – Бұл өлең де “Қыз жігітке айтқаны” деп аталып, 1909 жылғы кітапта басылған (4-бөлік. Ғашықтық туралы. 44–45-бет). Бұл өлең — қыздың, өзіне ғашық жігіттің сәлем хатына қайтарған жауап хаты ретінде жазылған. Қыз да, жігіт сияқты өзінің сезім-сырын бүркемей, ашық айтады. Қазақтың ақ жарқын, ақылды қызының бейнесі көрінеді.

Өлеңнің төртінші шумағының үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (44-бет) және 1933 жылғы жинақта (123-бет):

– “...Ит қор адам бола ма”, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– “...Ит қор адам болар ма”, –

деп бұрмаланып басылған.

54) “Білектей арқасында өрген бұрым” (1889). – Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (9-бөлік. Сұлу ұрғашы туралы. 64-бет). Өлең сұлу қызды сипаттауға арналған. Бұл өлеңнен бұрын (1884) жазылған “Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы” өлеңінде де сұлу қыз суреттелген. Осы екі өлең бір-ақ тақырыпқа жазылған болса да, “Білектей арқасында өрген бұрым” өлеңінің өзгеше өзіне тән көркемдік ерекшелігі бар. Өлеңнің алғашқы жолдарын оқи бастағанда: “білектей бұрымына” тағылған “шолпысы сылдыр қағып”, асықпай әсем басып келе жатқан, кәмшәт бөрікті, ақтамақ арудың бейнесін көреміз. Сұлудың көзін жай ғана суреттеп қоймайды, нұрлы көздің “жүрекке ыстық тиетін” әсерін де сипаттайды. “Үлбіреген ақ етін”, “ашық жүзін”, “әдемі тісін”, “бұраң белін”, “сұлу бойын”, “кішкене аяғын” – түгел суреттеп, ерекше жаратылған сұлудың тұтас сымбатын көрсетеді.

Осындай сұлумен кездесіп, сұхбаттасу сәті түсе қалғандай болса, қандай күйге бөленетінінді: адамның жасырын жан сырына дейін білетін, психолог ақын және сипаттап береді.

“Егер де қолың білегіне тисе”, “жүрегіне лүпілдеп қан соғады” екен, “бетіңді тамағына таяп барсаң”, “шымырлап сүйегіне бу енеді” екен.

Осының бәрі төрт-ақ ауыз өлеңге сыйып тұр.

55) “Қажымас дос халықта жоқ” (1889). – Бұл өлең де 1909-жылғы кітапта “Ішім–өлген, сыртым–сау” өлеңінің жалғасы ретінде, бір-ақ өлең болып басылған (1 бөлік. Халық туралы. 19-бет). 1933 жылдан бастап, барлық жинақтарда екі бөлініп басылып келе жатқан өлеңде ақын шын адал достың жоқтығын айтып, өкінішті көңіл күйін шертеді.

Өлеңнің төртінші шумағының үшінші жолы 1977 жылғы жинақта:

– “...Жақсы өмірім әуре еттің”, –

деп басылған. 1933 жылғы жинақта (136-бет) және 1945 жылғы жинақта (104-бет):

– “...Жақсы өмірім әуре өттің”, –

деп дұрыс басылған. Ақын бұл арада жақсы өмірінің әуре-

мен өткен өкінішін айтып отыр. Осыдан кейін келетін, төртінші жолда:

– “Жар таба алмай бір тегіс”, –

дейді. Олай болса, өмірінің жақсы кезінде, айнымас адал жар (дос мағынасында) таба алмай, мағынасыз әрекетпен өткізген өмір өкінішін айтып отыр деп түсінуге болады. Осы шумақтың үшінші жолындағы “әуре” деп басылып келе жатқан сөз дұрыс берілмеген деп білеміз. Бұл арада өмірдің мағынасыз іске (дау-шар, талас-тартыс) беріліп өткендігін бір ғана сөзбен жеткізетін, кең ұғым беретін “әуарә” деген парсы сөзін қолданған.

Әуарә (парсыша) — бір нәрсеге беріліп кету деген ұғым беретін сөз.

Қазақ тіліне парсыдан келген “әуарә” сөзі, әуре түрінде қалыптасып, мағынасы біраз өзгеріп, сінісіп кетсе керек. Қазақ әуре өтгің демейді, әуре еттің дейді. Абай осы сөздің түп-төркініндегі түрін де, қазақ тіліндегі түрін де өлеңінде қолданған. Өлеңнің төртінші шумағында:

– “Жақсы өмірім әуарә өтгің”, –

десе, бесінші шумағында:

– “Дос құбылып, әуре етер”, –

дейді.

56) “Жастықтың оты, қайдасың” (1889). — Бұл өлең алғаш рет 1939 жылғы жинақта жарияланған. (I том, 115 бет). Өлеңнің екінші шумағының соңғы, төртінші жолы 1939 жылғы жинақта (115-бет), 1945 жылғы жинақта (105-бет), 1954 жылғы жинақта (121-бет):

– “...Қолға ол түспес байламай”, –

деп басылса, 1957 жылғы жинақта (109-бет) және 1977 жылғы жинақта (141-бет):

– “...Қолға от түспес бойламай”, –

деп басылған. Бұлай өзгертудің себебі айтылмаған. Өлеңнің мазмұнына қарағанда 1939 жылғы жинақта дұрыс басылған деуге болады.

57) “Жарқ етпес қара көңілім не қылса да” (жазылған жылы белгісіз). — Бұл өлең тұңғыш рет 1939 жылғы жинақта жарияланған (I том, 237-бет). Берілген түсіндірмеде: “Мағына жағынан қарағанда бұл екі өлең сияқты. Бірінші өлең алғашқы екі ауыз да, қалғаны екінші өлең. Бірақ ұйқасына қарағандықтан ба әйтеуір көшірушілер ерте уақытта мұны

бір өлең қылып кеткен. Екіге бөлерлік мықты дәлеліміз болмағандықтан, сол ескі көшірушілердің ретімен бір өлең қылып бастық” (115-бет) деген.

1945 жылғы жинақта да 1939 жылғы жинақ бойынша, бір-ақ өлең ретінде (262, 263-бет) түсінік берілген (456, 457-бет).

1954 жылғы жинақта өлең екі бөлініп, екі өлең болып басылған: бастапқы екі шумағы – бір өлең (123 бет), қалған үш шумағы екінші өлең (124 бет). Екі өлең етілуі туралы түсінік берілмеген.

1957 жылғы жинақта да, 1954 жылғы жинақ бойынша екі өлең болып басылған (111, 112-беттер), “Мүрсейіт қолжазбалары бойынша басылды” (318-бет) деп түсінік берілген. 1977 жылғы жинақта да 1957 жылғы жинақ бойынша басылған.

Өлеңнің бастапқы шумағы махаббат тақырыбында жазылғандығы: “Дүниеде сірә сендей маған жар жоқ” деген сөздерінен-ақ анық көрініп тұр. Сондықтан бұл екі ауыз өлеңнің және басылуы дұрыс. Қалған үш ауыз өлеңнің, бастапқы өлеңге ешқандай байланысы жоқ екендігін: “Күшік ит бөрі ала ма жабылса да” деген сөздері көрсетіп тұр. Және Тұрағұлдың: “Күшік ит бөрі ала ма жабылса да” деген өлеңді, Абай Оразбайлармен жауласып жүргенде, жазған екен” дегені бар.

“Жарқ етпес қара көңілім не қылса да” өлеңінің екінші шумағының соңғы жолы, 1939 жылғы жинақта (237-бет) және 1945 жылғы жинақта (262-бет):

– “Қорлық пен мазағына табынса да”, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– “Қорлық пен мазағына табылса да (?)”, –

деп, мүлдем қате басылған. Және жаңсақ түсінік берілген (386-бет).

“Табылса да” деген сөз, өлеңнің бірінші шумағының соңғы жолында:

“Саған жар менен артық табылса да”, – деп, өз орнында жазылған. Келесі екінші шумақта, тағы “табылса да” деп, бір сөзді екінші рет қайталаудың қисыны да, орны да жоқ.

58) “Қара қатынға” (1889). – “Қара қатын дегенге, қара қатын” деген бір ауыз өлеңді, өзінің жолдасы, ертекті Баймағамбеттің бәйбішесіне, қалжыңдап айтқан. Бұл өлең алғаш рет 1933 жылғы “Толық жинақта” жарияланған (137-бет).

59) “Бай сейілі” (1890). – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік, Халық туралы. 23-бет). Бұл өлең туралы

Тұрағұл: “Бай сейілі” деген өлеңді ел билеген болыстарға наразы болып айтқан”, – дейді.

Өлеңнің әрбір шумағы алты жолдан қайырылып отырады. (“Алты аяқ” деп атауға болады. – Қ. М).

Өлеңнің екінші шумағының соңғы үш жолы 1909 жылғы кітапта (23-бет):

– “Ұрысса орыс,
Елге болыс
Үйден ұрған итке ұсап”, –

деп басылған. 1933 жылғы “Толық жинақта” да (137-бет):

– “...Үйден ұрған итке ұсап”, –

деп 1909 жылғы кітап бойынша, дұрыс басылған. Және Тұрағұл: “Ұрысса орыс, елге болыс үйден ұрған итке ұсап” дегені: үйден таяқ жеп шыққан ит, тыстағы итпен алыса кететін әдегі болады. Үйдегі кісіге ештеңе ете алмай, ашуын тыстағы иттен алады. Оязнойдан сөгіс естіген болыс та, сол ит секілді, оязға ештеңе ете алмай, тыстағы жай адаммен ұрысады, дегені” деп, толық әрі дәлелді түсінік береді.

1945 жылғы жинақта да (107-бет):

– “...Үйден ұрған итке ұсап, –

деп дұрыс басылған.

1977 жылғы жинақта:

– “...Үйден үрген итке ұсап, –

деп өзгертілген.

Бесінші шумақтың бастапқы екі жолы және төртінші жолы 1909 жылғы кітапта (23-бет):

– “Шашты барын,
Берді малын
Боларында жұртына
Еміренбес ...”, –

деп дұрыс басылса, 1977 жылғы жинақта:

– “Шашты малын,
Берді барын
Боларында жұртына
Еміреніспес..(?)”, –

деп бұрмаланып басылған.

Жетінші шумақтың соңғы жолы 1909 жылғы кітапта (23-бет):

– “... Тайса аяғың кім көмек”, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– “... Тайса аяғың кім көмбек”, –

деп қате басылған.

60) “Ем таба алмай” (1890). – Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы. 23-бет). Бұл өлеңінде өз басының қайғысын жазады.

Осы өлеңнің бастапқы үш шумағынан кейін: “Жас жүрегім жанды менің” деп басталатын соңғы үш шумағы туралы Тұрағұл: “Ем таба алмай” деген өлеңнің артына “Жас жүрегім жанды менің” деген өлең тіркеліп кетіпті. Ол өз алдына бөлек өлең. Бұл перевод болса керек еді”, – дейді. Және “Ем таба алмай” деген өлеңі 1890 жылы, Абайдың 45 жасында жазылғанын еске алсақ, “Жас жүрегім жанды менің” деген өлеңі текстологиялық зерттеуді қажет етеді.

61) “Келдік талай жерге енді” (1890). – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік. Өзі туралы. 35-бет). Бұл өлең де ақылын алмайтын, сөзіне құлақ салмайтын, көп наданнан көңілі қалып түңілген ақын: “Өзің жалғыз, надан көп” деп, жалғыздық мұңын шағады, “Әзелде тәңірім сорлы етті, арсыз елмен әуре етті” деп күйінеді. Өзін терең тебіrentкен іштегі қайғы-шерін шертеді. Терең ойларын толғап күңіренеді. Сонымен бірге өзінің ақындық өнерін, өзгеше бір тың теңеумен (“Балапан құстай...”) сипаттай келіп, шабытын шарықтата, сергіп-серпіле сөйлейді.

Ақынның бұл өлеңі де жана бір көркем түрмен жазылған. Өлең шумақтары бір келкі емес, ұйқастарының үйлесуі де өзгеше. Алғашқы шумақ алты жолдан басталып, сол шумақтың ақырғы жолындағы ұйқасқа, келесі төрт жолды, үш жолды шумақтардың үйлесе келген ұйқастары тіркесіп отырады. “Бергенді”, “ергенді”, “желгенді” сияқты үйлес ұйқастар лекілдеп келіп отырып, өлең аяқталады.

Екінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (35-бет):

– “... Таба алмадық бір адам” –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– “... Таба алмадық еш адам” –

деп орынсыз өзгертіліп басылған. Ең ақырғы шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (36-бет):

– “... Не ойлар едің өз басың”, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– “... Не ойлар ең өз басың”, –

деп бұрмаланып басылған.

62) “Өзгеге көңілім тоярысың” (1890). – Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік. Өзі туралы. 36-бет). Бұл шығармасында өзге нәрсенің бәрінен көңілі калып, түңіліп торыққанда, іштегі дертіне дәрмен болатын, жабырқаған жанын сергітетін жалғыз досы – өлең деп білетінін әйгілеп, терең тебірене толғайды...

Осы өлеңнің жиырма алтыншы жолы 1909 жылғы кітапта басылған (36-бет), 1939 жылғы жинақта (121-бет) және 1945 жылғы жинақта (112-бет):

– “Не пайда бар, мың надан
Сыртын естіп таңдансын”. –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– “...Сырттан естіп таңдансын”, –

деп қате басылған.

63) “Кейде есер көңіл құрғырың” (1890). – Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік. Өзі туралы. 37-бет). Бұл төрт шумақ шағын өлеңінде махаббат, достық жайында толғанып сыр шертеді.

Өлеңнің басылуында кеткен емле қатесі, тыныс белгілері түзетілді.

64) “Жазғытұры”. “Жазғытұрым қалмайды қыстың сызы” (1890). – Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта өз алдына жеке бір бөлік ретінде басылған (10-бөлік. Жазғытұры. 65, 66-бет).

Табиғат тақырыбына арналған бұл өлеңінде жылдың төрт маусымының бірі көктем көркі суреттеледі.

Мал баққан қазақ халқы үшін табиғаттың жадыраған, қуанышты бір мезгілі көктем көркін көтеріңкі көңіл күйімен масаттана, масайрай жырлайды. Табиғаттың жазғытұрғы көрікті көрінісін: “жер жүзін безендірген шебер тәңірінің” дүниеге төгілген “мейірбандық нұры” бейнесінде суреттейді.

Жазғытұрым жадырап, жайнаған табиғат аясындағы қазақ ауылының тіршілігі: ауыл-аймағы, мал-жаны, кәрі-жасының көңіл-күйі, дәулеті өнген шаруа, егін еккен диқаншы – еңбек елінің бейнесі, айдын-көліндегі аққу-қазы, сайда сайраған бұлбұлы, тастағы байғыз, көкегі – бәрі-бәрі түгел көз алдына келеді.

Абайдың асқан ақындық қуатын, теңдесі жоқ суретшілік өнерін, әсіресе айқын көрсететін, табиғатты суреттейтін ерекше көркем өлеңдерінің бірі – “Жазғытұры”.

Өлеңнің бастапқы шумағының бірінші жолы 1909 жылғы кітапта (65-бет) және 1922 жылғы жинақтарда: (Қазан, 132-бет), (Ташкент, 184-бет):

– Жазғытұрым қалмайды қыстың сызы, –
деп басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– Жазғытұры қалмайды қыстың сызы, –
деп басылған.

Өлеңнің төртінші шумағы 1909 жылғы кітапта және 1922 жылғы жинақтарда, 1933 жылғы толық жинақта (142-бет):

– “Түйе боздал, қой қоздал, қора да шу,
Көбелек пен күспенен сай да ду-ду.
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,
Сыбдыр қағып, бұраңдап ағады су”, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта өлеңнің екінші және төртінші жолы:

“... Көбелек пен құстар да сайда ду-ду.
... Сыбдыр қағып бұлаңдап ағады су”, –

деп бұрмаланып басылып, өлеңнің көркемдік түріне және мағынасына нұқсан келтірілген.

Өлеңнің бесінші шумағының төртінші жолы барлық жинақтарда:

– “... Ұшқыр атпен зырлатып тастағанда,
... Жарк-жүрк етіп ілінер көк дауылпаз”, –

деп басылып келе жатыр. Шынында Абай бұл арада: үйрек-қазға салатын ұшқыр қыран қаршығаны “көк дауылға” теңеп, қаршығаны – “баз” дейтін парсы сөзін қолданған. Сондықтан өлеңнің бұл жолын дұрыстап:

– “... Ұшқыр атпен зырлатып тастағанда,
... Жарк-жүрк етіп ілінер көк дауыл баз”, –

деп оқуымыз керек.

Тоғызыншы шумақтың төртінші жолы 1909 жылғы кітапта (65-бет):

– “... Адамзаттың көңілі күр көтерілер”, –

деп ақын сөзі дәл басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– “... Адамзаттың көңілі өсіп көтерілер”, –

деп басылған. Абайдың өзі қолданған қазақтың “күр” деген байырғы сөзін “өсіп” деп өзгерту дұрыс болмаса керек.

Он бірінші шумақтың төртінші жолы 1909 жылғы кітапта:

– “Таң атқан соң шығарын күннің біліп,
Өңі қашар бола алмас бұрынғыдай”, –

деп дұрыс басылған. 1977 жылғы жинақта:

– “Өңі қашып, бола алмас бұрынғыдай”, –

деп бұрмаланып басылған.

Он екінші шумақтың бастапқы жолы 1909 жылғы кітапта (66-бет):

– “Күн–күйеу, жер–қалыңдық сағынышты”, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– “Күн–күйеу, жер–қалыңдық сағынысты”, –

деп бұрмаланып басылған.

Он үшінші шумақтың екінші жолы 1909 жылғы кітапта (66-бет):

– “... Жан-жануар қуанар тойға еліріп”, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– “... Жан-жануар қуанар тойға елеріп”, –

деп бұрмаланып басылған.

Ендігі үлкен мәселе – осы “Жазғытұры” өлеңінің композициясы, өлең құрылысының реті жайында.

Садуақас Мұсаұлы Шормановтың жазбасындағы нұсқасын Абай жинақтарында басылып келе жатқан нұсқасымен салыстырып қарағанымызда үлкен айырмашылықты көреміз. Өлеңнің көлемі, жинақтарда да, Садуақас жазбасында да он алты шумақ. Шумақтардың, кейбір жеке сөздері болмаса, жалпы мазмұн, мағына жағынан айырмасы жоқ. Айырмашылық өлең шумақтарының басылу, жазылу ретінде. Жинақтарда өлеңнің бастапқы бірінші шумағы:

– “Жазғытұрым қалмайды қыстың сызы”, –

деп басталса, Садуақас жазбасында өлеңнің бірінші шумағы:

– “Күн жоқта кісімсінер жұлдыз бен ай”, –

деп басталады. Өлеңнің бұл шумағы жинақтарда он бірінші

шумақ болып басылып келеді. Жинақтардағы бірінші шумақ, Садуақас жазбасында – сегізінші, екінші шумақ, Садуақаста – жетінші... Сөйтіп, он алты шумақ өлеңнің жинақтарда басылу ретімен Садуақаста жазылу ретіндегі айырмашылық үлкен.

Осы үлкен айырмашылықты көріп, білу үшін Садуақас жазбасындағы “Жазғытұры” өлеңінің толық толық нұсқасын келтіруіміз керек.

– Күн жоқта кісімінер жұлдыз бен ай,
Ол кайтсін қара түнде жарқырамай.
Таң нұрланып, болуын жаздың біліп,
Өңі қашар бола алмас бұрынғыдай.

Күн–күйеу, жер–қалыңдық сағынысты,
Құмары екеуінің сондай күшті.
Күн қырын жүрген кезде көп қожандап,
Ай, жұлдыз күйеуліктен көтін қысты.

Жаз таянып, жылы жел хабар беріп,
Жан-жануар қуанар тойға еліріп.
Азалы ақ көрпесін сілке тастап,
Жер күлімдер өзіне шырай беріп.

Күйеуін жер сағынған ала қыстай,
Екеуі бір-біріне қосылыспай.
Жүздері раушан қарап нұрланғанда,
Жер толқып түрленеді тоты құстай.

Кемпір-шал шуақ іздер, бала шулар,
Мал мазатсып, қуанып аунап-қунар.
Әуеде жыршы құстар өлең айтып,
Көктегі қиқу салар қаз бен қулар.

Жүгірер құлан, киік ой мен қырға,
Шатланып рахыманымен келген жылға.
Көк шығып, көл жарылып қойын ашса,
Қонады аспандағы қаз бен тырна.

Жаздың көркі кіреді жыл құсымен,
Жайрандасып жас ойнар құрбысымен.
Көрден жаңа шыққандай кемпір мен шал,
Жалбандасар өзінің тұрғысымен.

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.
Жан-жануар, адамзат анталасып,
Ата-анадай елжірер күннің көзі.

Қырдағы ел ойдағы елмен амандасып,
Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып.
Шаруа қуған жастардың мойны босап,
Әзілдесіп, сөйлесіп, қарқылдасып.

Түйе боздап, қой маңырап, қора да шу,
Көбелек құстар менен сай да ду-ду.
Гүл мен ағаш майысып, таранғанда,
Айдаһарша бұрандап ағады су.

Көл жағалап, мамырлар қу менен қаз,
Жұмыртқа іздеп жүгіріп, бала да мәз.
Бозбала ұшқыр атпен тастағанда,
Жарк-жүрк етіп ілінер көк дауыл баз.

Құс қатарлап байлаған қанжығаға,
Қыз жабысып, бұрандап қылатын наз.

Жазға жақсы киінер қыз-келіншек,
Жер жүзіне өң берер гүл-бәйшешек.
Қырда торғай сайраса, ойда бұлбұл,
О да үн қосар тастағы байғыз, көкек.

Жаңа бұлмен жамырар саудагерлер,
Диканшылар жер жыртып, егін егер.
Шаруаның біреуі екеу болып,
Жаңа төлмен көбейіп, дәулет өнер.

Жер жүзін безендірген тәңірім шебер,
Мейірбандық дүниеге нұрын төгер.
Анамыздай жер иіп емізгенде,
Бейне атаңдай үстіңе аспан төнер.

Жаз жіберіп, жан берген кара жерге,
Рахметіне Алланың көңіл сенер.
Мал семіріп, ақ пенен ас көбейіп,
Жан-жануар көңілі өсіп ойнап-күлер.

Қара тастан басқаның бәрі жадырап,
Бір сараңнан басқаның пейілі енер.
Тамашалап қарасаң тәңірі ісіне,
Бойың балқып, ериді іште жігер.

Абайдың бұл өлеңі арнайы зерттеуді қажет етеді.

65) “**Асқа, тойға баратұғын**” (1890). – Бұл өлең 1909 жылы кітапта басылған (15-бөлік, переводтар, 77–78-бет). Өлеңнің басында: (перевод Лермонтовтан) деген. 1933 жылғы жинақта Лермонтовтан деп аталып басылған (144-бет). 1940 жылғы жинақта (II том. Аудармалары мен кара сөздері. 86-бет) “Асқа,

тойға баратұғын” тақырып беріліп басылған. Өлеңге берілген түсінікте: “Бұл өлең Лермонтовтан аударылған болар деген жору бар. Лермонтовтан бөлек өлеңдері, поэмаларында Абай өлеңдерінде айтылған сипат, ұғым кездеспейді. Мүмкін Абай Лермонтовты өте өзгертіп, өзінше бір сипат бере аударған шығар (260-бет)” – деген.

1954 жылғы жинақта: “Лермонтовта бұл шығарманың оригиналы жоқ” (294-бет), – деп түсінік берілген. Одан кейінгі жинақтарда да осындай түсінік беріліп, өлең Абайдың төл шығармасы ретінде басылып келеді.

Қалай дегенде де, әлі зерттей түсуді қажет ететін өлең.

66) “Ата-анаға көз қуаныш” (1890). – Өлең Ақылбайға деп аталып, 1933 жылғы жинақта тұңғыш рет жарияланған (145–146-бет). Бұл өлеңнің жазылу тарихы туралы, Мұхтар Әуезов былай деген мағлұмат берген:

“Ата-анаға көз қуаныш” деген өлеңді “Ақылбай” деген үлкен баласына ренжіп, талапты болмадың деп айтқан. Бірақ Ақылбай күндегі өмірде талапты пысық болмаса да, Абайдың балаларының ішінде ең таланттысы болған. Бұл ірі акын, жаңа музыкант домбырашы, скрипкашы, ән шығарғыш болған. Мұның шығарған екі үлкен әңгіме өлеңі бар: бірі – “Дағыстан”, бірі – “Зұлус” деген. М. “ (326-бет).

67) “Тайға міндік, тойға шаптық” (жылы белгісіз). – Бұл өлең ең алғаш 1939 жылғы жинақта жарияланған (238 бет). “Бұл бұрын басылмаған өлең” дегеннен басқа түсінік берілмеген.

1945 жылғы жинақта: “Тайға міндік, тойға шаптық” (бұ да жазған жылы белгісіз өлеңдер). Мүрсейіт қолжазбасынан алынып, ең алғаш 1939 жылғы Абай жинағына енгізілген. Мұны Абай Абдырахманның өліміне байланысты өзінің бір баласының атынан айтқан” деген түсінік берілген.

Өлеңнің мазмұнына қарағанда, Абдырахман өліміне ешқандай байланысы көрінбейді.

Сол сияқты “Ақылбайға” деген 1890 жылы жазылған өлеңге берілген түсінікте: “Бұл Абайдың өзінің тұңғыш баласы Ақылбайға, інісі Оспан өлгенде айтқан сөзі” деген. Ал Оспанның 1891 жылы өлгені белгілі және әлгі түсініктің соңында: “Мүрсейіт жазбасында бұл өлеңнің аяғына осы өлшеумен жазылған:

– “Тайға міндік,
Тойға шаптық”, –

деген өлең келген екен. Онысы бөлек жіберілді”, – дейді (1945 жылғы жинақ, 429-бет).

“Ақылбайға” деген өлең 1890 жылы жазылған десек,

сол өлеңнің жалғасы ретінде Мүрсейіт жазбасында жазылған “Тайға міндік” өлеңі де 1890 жылы жазылған болады. Олай болса, бұл өлеңді 1895 жылы өлген, Абдырахман өліміне байланыстырудың тіпті қисыны жоқ.

“Тайға міндік, тойға шаптық” ешкімнің өліміне байланысы жоқ, ауыл баласының жас шағынан бастап алған тәлім-тәрбиесін, көрген үлгі-өнегесін сипаттауға арналған өлең деп білеміз.

68) “Заманақыр жастары” (1891). – Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы. 23-бет) Бұл өлеңінде Керзаманның келесі зардабынан азғындап бара жатқан жастардың адамшылыққа жат мінездерін аяусыз әшкерелеп, жеріне жеткізе шенейді.

Өлеңнің бастапқы шумағының екінші жолы 1909 жылғы кітапта (23-бет):

– “... Қосылмас еш бастары”, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– “... Қосылмас ешбір бастары”, –

деп өзгертіліп басылған.

Сол сияқты екінші шумақтың төртінші жолы 1909 жылғы кітапта (23-бет) және 1945 жылғы жинақта (120-бет):

– “... Кұр тілменен жыйғаны”, –

деп дұрыс басылса, 1977 жылғы жинақта:

– “... Кұр тілімнен жыйғалы” –

деп бұрмаланып басылған.

69) “Көзінен басқа ойы жоқ” (1891). – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (7-бөлік. Замандас туралы. 58-бет). Надан адамның “Көзінен басқа ойы” болмайтынын қадап әсіресе, құлқынның құлы – шала молдаларды атап әшкерелеп, аямай ажуалайды.

Өлеңнің бесінші шумағының екінші жолы 1909 жылғы кітапта (58-бет):

– “Кітапты молда теріс оқыр,
Дағарадай боп сәлдесі”, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– “...Дағардай(?) боп сәлдесі” –

деп бұрмаланып басылған. Сол сияқты қате басылған тағы бір сөз түзетілі.

70) “Жастықтың оты жалындап” (1891). – Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (6-бөлік. Нәсихат туралы. 53–54-бет). Жастарға шын жаны ашитын, қамқор ұстаз. Бұл өлеңінде талапты жастарды алдыңғы бұзық органның адамшылыққа жат мінезінен, “ақылы, ары тапшылардан” арашалап ақылын айтады. Сұм-сүркия, қу замандағы үміт етерлік жас ұрпақтың тағдырын ойлап толғанады”.

Өлеңнің оныншы шумағының үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (54-бет) және 1945 жылғы жинақта (123-бет):

– “... Мақтатып жұртты шулатса”, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– “... Мақтанып (?) жұртты шулатса” –

деп, бұрмаланып басылған.

71) “Қызарып, сұрланып” (1891). – 1909 жылғы кітапта басылған (4-бөлік. Ғашықтық туралы. 45-бет). “Қызарып, сұрланып” – Абайдың махаббат тақырыбына арналған айтулы шығармаларының ішіндегі, шын ғашықтың ең нәзік сезімін, ең терең сырын аса шебер, ерекше көркем сипаттаған өлеңі.

Сәті түскен бір кеште алғаш кездескен екі жастың, бар ақыл-ойын бір ғана махаббат сезімі билеп алған күйдегі бейнесін суреттейді.

Махаббат сезіміне беріліп, жүздері жүз құбылып, айтатын сөз таба алмай, дүпкіл қаққан жүрекпен, алып ұшқан қуанышты көңілмен сыр танытқан ғашықтар көз алдына келеді. Көркем табиғат аясына табысып, “үндемей сүйісіп”, махаббат ләззәтына “мас болған”, жалындаған жас жүректерді көреміз.

Өлеңнің алғашқы шумағының екінші жолы 1909 жылғы кітапта (45-бет), 1922 жылғы жинақтарда (Қазан, 93-бет, Ташкент, 170-бет) және 1933 жылғы “Толық жинақта” (148-бет):

– “... Дүпкілдеп жүрегі”, –

деп дұрыс басылған. 1977 жылғы жинақта:

– “... Лүпкілдеп жүрегі”, –

деп бұрмаланып басылған.

Қатты қуаныш немесе қатты қорқыныш сезімінің әсерінен жүрек жеңіл ғана лүпкілдемейді, күштірек соғады, дүпкілдейді.

“Болыс болдым мінеки” өлеңінде де Абай “дүпкілдеп” деген сөзді колданып:

– “Сасып қалдым, күн тығыз,
Жүрек кетті дүпілдеп”, –

дейді ғой.

Екінші шумақтың бастапқы жолы 1909 жылғы кітапта (45-бет), 1922 жылғы жинақтарда (Қазан, 93-бет; Ташкент, 170-бет); 1939 жылғы жинақта (132-бет), 1945 жылғы жинақта (124-бет) және 1954 жылғы жинақта (148-бет):

– “... Екі ғашық құмарлы”, –

деп, дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– “... Екі асық құмарлы” –

деп бұрмаланып басылған.

Бесінші шумақтың екінші жолы 1909 жылғы кітапта (45-бет), 1922 жылғы жинақта (Қазан, 93-бет), 1939 жылғы жинақта (132-бет) және 1945 жылғы жинақта (124-бет):

– “... Тұмандап көздері”, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– “... Төмендеп көздері”, –

деп мүлдем бұрмаланып басылған.

Сегізінші шумақтың бірінші жолы 1909 жылғы кітапта (45-бет), 1922 жылғы жинақтарда (Қазан, 93-бет, Ташкент, 171-бет):

– “Көкірек елжіреп”, –

деп дұрыс басылып келген болса, 1933 жылғы жинақтан бастап, одан кейінгі барлық жинақтарда:

– “Жүрегі елжіреп”, –

деп өзгертіліп басылып келеді.

Өлеңнің бастапқы шумағында: “Дүпілдеп жүрегі” деп, үшінші шумағында: “Жүрекпен алысып” деп, “жүрек” деген сөз қисыны келген жерде екі рет айтылған. Абай бір сөзді бір өлеңінде орынсыз қайталамаса керек. Сондықтан бастапқы үш жинақта (1909, 1922): “Көкірек елжіреп” деп, Абай сөзі дәл берілген дей аламыз.

Тағы бір ойландыратын мәселе: “Иығы тиісіп” деп басылып жүрген өлең жолы, 1909 жылғы кітапта: “Иығы түйісіп” деп басылған. Өлең шумағын тұтас оқығанда, “Иығы түйісіп” деген нанымдырақ екені байқалады.

Бұл арада ғашықтардың иықтары жай ғана жақындасып тиіскені айтылып отырған жоқ, түйіскені, яғни құшырыланып құшақтасқаны суреттелгенін көреміз:

– “Иығы түйісіп,
Тұмандап көздері.
Үндемей сүйісіп,
Мас болып өздері”, –

деп оқысақ, Абай сөзі дәл орнына келетініне сенеміз.

72) “Көзімнің қарасы” (1891). – Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (4-бөлік. Ғашықтық туралы. 45–46-бет). Бұл өлеңінде сұлудың көркін әсірелей суреттейді, мінсіз мінезін сипаттайды. “Сұлулық – Құдайдың берген сыйы” – “Көрік–тәңір дәулеті” деп мадақтайды. “Сұлуды сүймектік пайғамбар сүндеті”, қадірлі дәстүр дейді.

“Көзімнің қарасы” – арнаулы әнімен қоса, халыққа ең әйгілі өлеңдерінің бірі.

Өлеңнің бірінші шумағының төртінші жолы 1909 жылғы кітапта (45-бет):

– “...Ғашықныкнік жарасы”, –

деп басылып кеткен. 1922 жылғы жинақтарда (Қазан, 93 бет, Ташкент, 172-бет):

– “...Ғашығынның жарасы”, –

деп басылған. 1933 жылғы жинақта (150-бет), 1939 жылғы жинақта (134-бет). 1945 жинақта (125-бет) және 1954 жылғы жинақта (150-бет):

– “Ғашықтың жарасы”, –

деп дұрысталып басылған. 1977 жылғы жинақта:

– “Ғашықтық жарасы”, –

деп өзгертіліп басылған.

Үшінші шумақтың төртінші жолы 1909 жылғы кітапта (45-бет), 1922 жылғы жинақтарда (Қазан, 93-бет, Ташкент 172-бет), 1933 жылғы жинақта (150-бет), 1939 жылғы жинақта (134-бет) және 1945 жылғы жинақта (125-бет):

– “...Қалқама сөз дайын”, –

деп дұрыс басылып келген болса, 1977 жылғы жинақта:

– “...Қалқаға сөз дайын”, –

деп бұрмаланып басылған.

Тоғызыншы шумақтың бірінші жолы 1909 жылғы кітапта (45-бет):

– “Кең маңдай, қалын (?) шаш”, –

деп қате басылып кеткен. Тек 1945 жылғы жинақта дұрыс-талып:

– “Кең маңдай, қолаң шаш”, –

деп басылып (126-бет), 1909 жылғы баспасында мына бір екі жол:

– “Кең маңдай. қалын шаш
Я бір кез, я құлаш”, –

делінген. Осындағы “қалын шаш” бұл жинақта “қолаң шаш”, – деп түзетілді, – деп түсінік берілген (430-бет).

Ал 1977 жылғы жинақта:

– “Кең маңдай, қалын шаш”, –

деп басылып, Абай сөзі тағы бұрмаланған.

Тоғызыншы шумақтың алғашқы жолы 1909 жылғы басылымы және Мүрсейіт қолжазбалары негізінде:

– “Кең маңдай, қалын шаш”, –

деп түзетіліп берілді. Бұрынғы жинақтарында:

– “Кең маңдай, қолаң шаш”, –

деп басылып келген деп, байыбына бармай, үстірт түсінік берілген (398-бет).

“Қақтаған ақ күмістай кең маңдайлы” өлеңінде сұлу-дың шашын:

– “Қолаң кара шашы бар жібек талды”, –

деп сипаттайтынын еске алсақ та жеткілікті шығар.

73) “Менсінбеуші ем наданды” (1891). – Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (7-бөлік. Замандас туралы. 58-бет). Жалғыздық тақырыбына жазылған шерлі шығармаларының бірі.

Бұл өлеңнен: “Көп наданмен алысып”, айтқан ақылын алдыра алмай, өнегелі өсиетін тыңдата алмай, “Көнбелі ешкім сөзіме” деп, әбден торыққан ақынның дағдарыс мұңын көреміз.

Осы өлеңнің жазылу тарихы туралы Көкітай: “Абай соңғы уақыттарында елдің партиясынан да жалығып һәм айтқан сөзді ұғып, жұрт түзелетұғын сықылды емес екенін біліп, көңілі қалыңқырап, өзі сөзге араласпай, үйде жатамын деп жазғаны”, – дейді.

Өлеңнің алтыншы шумағының екінші жолы 1909 жылғы кітапта (58-бет) және 1933 жылғы жинақта (153-бет):

– “Жарлы емеспін, зарлымын,
Мұны ойла толғанып”, –

деп басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– “... Оны да ойла толғанып”, –

деп өзгертіліп басылған.

74) “**Жұмбақ**” (1890). “**Алла мықты жаратқан сегіз ба-
тыр**”. – Тұңғыш рет 1933 жылғы жинақта (145-бет) жария-
ланған.

75) “**Жұмбақ**” (1891). “**Қара жер адамзатқа болған ме-
кен**”. – Тұңғыш рет 1933 жылғы жинақта (155-бет) жария-
ланған.

76) “**Жұмбақ**” (1891). “**Сыналар, ей, жігіттер, келді кезең**”.
– Тұңғыш рет 1933 жылғы жинақта (155-бет) жарияланған.

77) “**Не іздейсің, көңілім, не іздейсің?**” (1892). – Бұл
өлең 1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік. Өзі туралы. 37-
бет). Ақын бұл өлеңінде өз басының мұңын, көңіл шерін
шертеді. Ол мұң мен шер басына түскен ауыр қайғымен
байланысты еді.

1891 жылы ең жақсы көретін інісі, сенімді серігі, Оспан
қайтыс болады.

1891–1892 жылдар Абай үшін қайғы-қасіретке толы,
қаралы жыл болады. Сондықтан бұл жылдардағы шығар-
малары, көбінесе өз басының қайғысынан туған, жоқтау
сарындас зар, шер жыры боп келеді.

Өлеңнің жетінші шумағының үшінші жолы 1909 жыл-
ғы кітапта (37-бет), 1933 жылғы жинақта (157-бет) және
1945 жылғы жинақта (136-бет):

– “... Антұрған көп бүі емес”, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– “... Антұрған көп пұл емес, –

деп мүлдем бұрмаланып басылған.

78) “**Жүрегім, ойбай, соқпа енді**” (1892). – Бұл өлең де
1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік. Өзі туралы, 37-бет).
Бұл төрт шумақ өлеңінде де, жалғыздық мұңы, түңілген
көңіл шері шертіледі.

Өлеңнің үшінші шумағының бастапқы екі жолы 1909
жылғы кітапта (37-бет):

– “Сенісерге жар таба алмай,
Сенделеді ет жүрек”, –

деп басылса, 1977 жылғы жинақта:

– “Сенісерге жан таба алмай,
Сенделеді ит жүрек”, –

деп басылған.

79) “Қайғы шығар ілімнен” (1892). Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы. 24 бет). Ақын бұл өлеңінде де, мұң менен түңілу сарынында толғанады. Бұнда “көп наданнан” түңілу ғана емес, өзіннен өзі түңілу қайғысы да қабаттасып келеді. Надандықты, бар жаманшылықты ақылмен, білім күшімен түзетуге болады деген сеніммен күреске бел байлаған кемеңгер, аянбай қанша еңбек етсе де, мақсатына жете алмайтындығына көзі жетіп, көңілі қалып, түңіледі. “Қайғы шығар ілімнен”, “Ыза шығар білімнен”, “Қайғы мен ыза қысқан соң”, “Зар шығады тілімнен” деп қамығады, шерлі мұңға батады.

Бұндай қасіретті уақиғаны жалғыз Абай емес, Абайға ұқсаған, әлемнің талай атақты қайраткерлері басынан кешкен болатын.

“Қайғы шығар ілімнен” – Абайдың ең көркем туындыларының бірі.

Өлеңнің он алтыншы жолы 1909 жылғы кітапта (24-бет):

– “Болымсыз қулық тойымсыз
Болады балаң жөргекте”, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– ... Болды балаң жөргекте, –

деп бұрмаланып басылған.

Өлеңнің жиырма алтыншы жолы 1909 жылғы кітапта (24-бет):

– “Қызық пенен тыныштыққа
Қазақ тұрмақ торықтап”, –

деп дұрыс басылса, 1977 жылғы жинақта:

– “... Қазақ тұрмас тұрықтап”. –

деп бұрмаланып басылған.

80) “Оспанға” (1892). – “Жайнаған туын жығылмай” деген өлең “Оспанға” деп аталып, ең алғаш 1933 жылғы жинақта жарияланған (158-бет). Бұл өлеңді кенже інісі Оспан қайтыс болғанда жазған. Жақсы көретін інісінің жоқтауға арнаған өлені жаңа бір көркемдік түрде жазылған.

Жоқтау жырында Оспанның адамдық қадір-қасиетін: ақ жарқын мінезін, адал азаматтығын, ерекше ерлігін, қайт-

пас қайратын, жомарттығын сипаттайды. Тіршілігінде еш нәрседен беті қайтпай, жалтақтамай, жабырқамай, жалын-дап өткен жас өмірін сүйсіне суреттей келіп:

– “... Жан біткенге жалынбай,
Жаксы өліпсін, япырмай!” –

дейді.

Өлең: едел-жедел екпіндеп келіп отыратын бір ұйқас үйлесімімен жазылған аллитерация тәсілі аса шебер қолданылған.

Ерекше көркем, бас-аяғы он алты-ақ жол, шағын өлеңмен ардагер азаматтық алып тұлғасын сымбаттап берген.

81) “Оспанға” (1892). – “Кешегі Оспан, бір бөлек жан” деген өлең де, “Оспанға” деп аталып, тұңғыш рет 1933 жинақта басылған (159-бет). Бұл Оспан қайтыс болғанда жазылған екінші өлеңі. Бұл өлең де жаңа көркемдік түрмен жазылған.

Өлеңнің әр шумағы алты жолдан қайырылып отырады (“Сегіз аяқ” өлеңіне ұқсас). Осы өлең түрін “Алты аяқ” деп атауға болады.

Өлеңнің төртінші шумағының үшінші жолы:

– “... Жеке тартқан кетті гүл”, –

деп басылып келеді. Осы жолдағы “гүл” деген сөз өлеңнің мазмұнына қиыспайды және өлең ұйқасына келіңкіремейді.

Сондықтан “гүл” сөзінің орнына “ер” деген сөзді қолданып, өлең шумағын тұтас оқып көрсек, өлең дұрыс қалпына келеді деп сенеміз:

– “Ел тамағын,
Жұрт азабын
Жеке тартқан кетті ер.
Сондай ерді
“Алла берді “
Табар енді біздің ел!”.

Осылай оқығанымыз дұрыс болар. “Гүл” деген дәл осы өлең үшін “бөтен сөз” екені өзінен өзі айқын көрініп тұр.

82) “Күлімсіреп аспан тұр”. – Бұл өлең алғаш рет 1940 жылғы Абай жинағының II томында (аудармалар мен қара сөздері) жарияланған (96–97-бет). Берілген түсінікте: “Бұл өлең қолжазбада Лермонтовтан делінген. Лермонтовтан аударылуы ықтимал, бірақ Лермонтовтың қай шығармасынан аударғаны мәлімсіз “ (261-бет) деген.

1945 жылғы бір томдық толық жинақта басылған (163 164-бет).

1954 жылғы жинақта басылып (I том, 186–187-бет), түсініктеме: “Күлімсіреп аспан тұр” – шығарманың тексті Мүрсейіт қолжазбалары бойынша беріледі. Мүрсейіт қолжазбаларында Лермонтовтан делінген, бірақ қай шығармадан аударма екендігі белгісіз болып келіп еді. Соңғы кезде бұл өлеңнің оригиналы М. Ю. Лермонтовтың “Выхожу один я на дорогу” деген шығармасы екендігі анықталды.

Абай оны екінші шумағынан бастап аударған екен. (Орыс тілінде 2–5 шумақтары келтірілген. – Қ.М.). Осы төрт шумақты Абай жалпы мазмұнын сақтап еркін аударған”, – деген (390–310-бет).

Өлең 1957 жылғы жинақтың II томында (аудармалар мен қарасөздер) Лермонтовтан деп аталып басылған (99-бет).

1977 жылғы жинақтың I томында, Абайдың өз шығармасы ретінде басылған.

83) “Бсытқан, суытқан бойында бір көңіл” (1893). – Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (4-бөлік. Ғашықтық туралы. 46-бет). Махаббат тақырыбына жазылған шағын лирика.

84) “Бойы бұлғаң, сөзі жылмаң” (1893). – Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 24-бет). Бұл өлеңінде ел ішіндегі еңбек етпейтін, ел кезіп жүретін, құнсыз, желбуаз құларды ажуалап, шенейді.

Өлең “Кешегі Оспан” өлеңінің үлгісімен жазылған.

Өлеңнің екінші шумағының үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (24-бет):

– “... Еш міні жоқ бендесіп”, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– “... Бір міні жоқ бендесіп”, –

деп орынсыз өзгертіліп басылған.

85) “Жаксылық ұзақ тұрмайды” (1893). – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (5-бөлік. Ой туралы. 47-бет). Бұл өлеңде жаксылық пен жамандық туралы ойларын толғайды.

Әр шумағы сегіз жолдан қайрылып отыратын үш шумақ, жиырма төрт жол өлең, 1933 жылғы жинақта сегіз жолды шумақ төрт жолды шумаққа айналдырып, үш шумақ өлең алты шумақ болып шыққан. Соңғы шумақтың “Мақтанмен алдың мазамды” дейтін ақырғы жолы 1933 жылғы жинақта кірмей қалған.

1939 жылғы жинақта өлең 1933 жылғы жинақ бойынша басылған. Бірақ бастапқы сегіз жолды шумақтың соңында:

– “Жер қорығыш желкек шал
Желіп жүріп, боздайды”, –

деген екі жол қосып, он жолға айналдырып жіберген. “Бұл екі жол бұрынғы баспаларында басылмаған” деп түсінік берген (151-бет). Бұл қосылған екі жол өлең негізгі өлең мазмұнына қабыспайды және өлеңнің композициясын бұзып тұр.

Осы қосымша туралы 1945 жылғы жинақта: ...1939 жылғы баспасына тұңғыш рет Мүрсейіт көшірмесінен алынып:

– “Жер қорығыш желгек шал,
Желіп жүріп боздайды”, –

деген екі жол өлең сөз кестесіне қосылған. Бірақ бұл екі қатар 1909 жылғы Көкітай мен Тұрағұл бастырған баспасында жоқ. Мұның мағынасы анық емес, – деп түсінік берілген (433-бет).

86) “Баймағамбетке қатынының атынан шығарылған өлең” (1893). – “Ажының жақсы қызы едім” деп басталатын екі ауыз өлең ең алғаш Абайдың 1933 жылғы жинағында жарияланған. Ел аузында айтылып жүргенінен алынған. Абайдың Баймағамбет деген дос көршісі алты ай жас әйелінің қасына бір жатпай, тентіреп кете бергенін мінеп, соның әйелі атынан қалжыңдап жазған өлеңі, 1945 жылғы жинақ (434–435-бет).

87) “Антпенен тарқайды, жиылса кеңеске” (1894). Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы. 25-бет). Бұл Абайдың 1894 жылғы болыс және билер сайлауы сиезі кезінде, атқамінер, ру басылардың мінез-құлқын сөгіп жазған өлеңі еді, – дейді Тұрағұл.

Өлеңнің екінші шумағының бастапқы жолы 1909 жылғы кітапта (25-бет) және 1933 жылғы жинақта (164-бет):

– “Анттасын алқайды”, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– “Анттасып алқайды”, –

деп бұрмаланып басылған.

Үшінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (25-бет) және 1933 жылғы жинақта (164-бет):

– ...Басы ыңғай қайқайды”, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– ...Басы ақыр қайқайды”, –

деп бұрмаланып басылған.

Сегізінші шумақтың бастапқы жолы 1909 жылғы кітапта (25-бет):

– “Пысыктар шалқайды”, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– “Пысыктар шайқайды”, –

деп бұрмаланып басылған. Ал “шайқайды” деген сөз тоғызыншы шумақта:

– ...Бірлікті шайқайды”, –

деп өз орнында тұр.

88) “Қарашада өмір тұр” (1894). – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы. 26-бет). Ақын бұл өлеңінде – құлқынның құлы қуларды, ардан безген сұрқия, алаяқтарды, желөкпе желбуаздарды, “кеудесі толған қулық ой” пасық пысықтарды ашулы ажуамен әшкерелеп, аяусыз шенейді.

89) “Жас өспірім замандас қапа қылды” (1894). – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы. 26-бет). Бұл да сыншылдық тақырыпқа арналған өлең. “Еңбегі жоқ, еппенен мал табам деп”, “Арын сатқан антұрғандарды” қатты сынап, әшкерелейді.

Өлеңнің екінші шумағының бастапқы жолы 1909 жылғы кітапта (26-бет), 1933 жылғы жинақта (166-бет):

– “Жамандық, жақсылықпен оған бір бас” –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– “Жамандық, жақсылықпен – оған бір бәс”, –

деп бұрмаланып басылған.

Бұл өлеңнің жалпы көлемі төрт шумақ, жиырма төрт жол. Өлеңнің соңғы төртінші шумағы:

– “... Бір семіз ат болады оның құны”, –

деп аяқталады. 1909 жылғы кітапта (26-бет) басылғаны да сол төрт шумақ. Онан соңғы басылымдардың бәрінде төрт шумақ өлең ешбір өзгеріссіз басылған: 1933 жылғы жинақта (166-бет), 1939 жылғы жинақта (156-бет), 1945 жылғы жинақта 151–152-бет, 1954 жылғы жинақта 180-бет, 1957 жылғы жинақта 161-бет).

Ал 1977 жылғы жинақта жоғарыда көрсетілген барлық басылымдарда өзгеріссіз басылып келген, төрт шумақ өлеңнің соңына бесінші шумақ болып, бір ауыз өлең қосылып басылған.

Қосылған өлең мынау:

– “Малға сат, пайдаға сат қылығыңды,
Ылайла ылай оймен тұнығыңды.

Сонда өмірден алдамшы бола алмассың,
Ол білдірмей ұрламақ қызығыңды”.

Бұл өлең Абайдың 1909 жылғы кітабында басылған “Көк тұман алдындағы келер заман” (6-бөлік. Нәсихат туралы. 55-бет, 1897) деп басталатын өлеңнің бесінші шумағы.

1977 жылғы жинақта (I том) берілген түсінікте:

“Өлеңнің бесінші шумағы – “Көк тұман алдындағы келер заман” деген өлеңінен алынды. Мағынасына карағанда осы өлеңнің қорытынды шумағы ретінде қабылданады” (406-бет), – деген.

Ақынның төрт жыл бұрын жазылған (1894), бас-аяғы түгел тұрған төрт шумақ жеке өлеңіне, одан төрт жыл кейін жазылған (1897) тоғыз шумақ және өлеңінің бесінші шумағын жырып алып келіп, зорлықпен қоса салу, қай жағынан қарасақ та, ешқандай ақылға сыймаса керек. Тура шынын айтсақ, Абайға жасалған көрнеу қиянат.

90) “Ғашықтың тілі – тілсіз тіл” (1894). – Бұл екі ауыз өлең 1909 жылғы кітапта басылған (4-бөлік. Ғашықтық туралы. 46-бет).

91) “Әсемпаз болма әр неге” (1894). – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (6-бөлік. Нәсихат туралы. 54-бет). Ұлы ұстаз ақын бұл өлеңнің өзі үміт еткен талапкер жастарға арнаған. Туған халқына қадірлі адам болудың, қасиетті адал азамат болудың сипаттарын суреттеп түсіндіре келіп, қауымға пайдалы жан бол: “Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан!” деп, айқын жол нұсқап береді.

“Көп наданнан” көңілі қалып түңілсе де, жас ұрпақтан түңілмейді, үмітін үзбейді, соларға сеніп, өсиетін соларға арнап айтады.

Ақынның бұл терең мағыналы, шебер жазылған көркем өлеңі, қазақ жастарының әр буынына, өшпейтін үлгі, өлмейтін өнеге ретінде тарай бермек.

92) “Ескілік киімі” (1894) дейтін өлең Абайдың 1909 жылғы баспасында жоқ және Ғылым академиясында сақталған Мүрсейіт көшірмесінде де жоқ. Өлеңді алғаш “Сана” журналы басады (“Сана” – білім–әдебиет журналы, екі айда бір шығатын Түркістан білім Кеңесінің тілі. Шығарушы: қазақ-қырғыз білім Комиссиясы. Журналдың 1-саны 1923 жылы қаңтарда шыққан. Журнал Ташкент қаласында шығып тұрған. – Қ.М.). Абайдың 1933 жылғы толық жинағында (172-бет), одан кейін 1939 жылғы екі томдық толық жинағында енген.

1894 жылы Абайдың інісі Ысқақ қасына Қаржаубай дейтін шадды ертіп, Абайға сәлем беруге келеді. Сонда келіп отырған Қаржаубайдың киімдерін көріп, беліне байлаған

кісесін көріп жазған екен (Бұл түсінік 1945 жылғы жинақта алынды (473 бет). — Қ.М.)

93) “Әбдірахман науқастанып жатқанда” (1894). “Я Құдай, бере көр, Тілеген тілекті”. — Бұл өлең ең алғаш 1933 жылғы толық жинақта жарияланды (168-бет). Елден аулақ шетте қатты ауырып жатқан баласына мейірбан әкенің өлеңмен жолдаған сағынышты сәлем хаты.

1894 жыл ақын өмірінің аса бір ауыр кезеңі болады. Болашағынан үлкен үміт еткен және сол күткен үмітті ақтайтынына көзін жеткізген шағында сүйікті баласы Әбдірахман ұзақ ауыруға дұшар болып, төсек тартып алыста — Алматыда жатады.

Абай бұл баласын жақсы тәрбиелеп өсіріп, ауылда мұсылманша оқытып, сауатын ашқызған соң, Семей қаласындағы уездік школға оқуға береді. Ол школды жақсы оқып бітіргеннен кейін, Түмен қаласындағы реальное училищеге оқуға жібереді. Көкітай былай дейді: “... Фабдірахим реальный училищені бітіріп, Петербургтегі технологический институтқа түсемін деп барғанда, онда Лосевский деген, бұл жақта ояз болған таныс кісі жолығып, соның советі бойынша Михайловский артиллерийский училищеге түскен”.

Осы училищені 1892 жылы бітіріп шыққан соң, Ташкент қаласына қызметке жіберіледі. 1894 жылы қатты науқастанып, Алматыда тұратын Әбсәмет дейтін жиенінің үйінде жатады.

Осындай ауыр қайғыға ұшырап дерттенген әкенің қасіретін, тұңғық мұңға батқан күйіншіті көңіл күйін осы өлеңінен айқын көреміз.

Өзі шексіз сенген, бір Аллаға сыйынып, тілек тілеуден басқа амалы жоқ ақын шерлі жырын:

— “Я Құдай, бере көр,
Тілеген тілекті”, —

деп бастайды.

Өлеңнің сегізінші шумағының бастапқы жолы 1933 жылғы жинақта (168-бет):

— “Екі аяқ не қылып
Баскаша ауырып”, —

деп дұрыс басылған. Бұл арада Әбдірахманның екі аяғының ауыратынын айтады. Ал 1977 жылғы жинақта:

— Екі ай-ак (!!) не қылып ...

деп мүлдем бұрмаланып басылған, “аяқ” деген сөз “ай” боп кеткен.

Тоғызыншы шумақтың бірінші жолы, 1933 жыл жинақтан бастап, барлық жинақта:

– “Жаралап ауыз ашты”, –

деп дұрыс басылмай келе жатыр. Бұл арада “жаралап” деген қате басылған сөз. Қате басылған сөзді “жарылып” деп түзетіп оқысақ, өлең мазмұны дұрысталады. Олай дейтініміз: бір аяғындағы жараның жарылып, ауызы ашылып, жазылып келе жатқаны айтылып отыр. Осылай түзетіп, өлең шумағын тұтас оқып көрейік:

– “Жарылып ауыз ашты,
Жарасы жарасты.
Жарасыз біреуі
Неліктен ұйқы ашты?”

Бұл шумақтан түсінетініміз: Әбдірахманның бір аяғына жара шыққан, ол жара жарылып, бітіп (жазылып) келеді. Ал екінші аяғы жара шықпаса да (жарасыз біреуі) ауырып мазасын алып, ұйықтатпайды екен. Әбдірахманның науқасының жайын Абайға хат арқылы хабарлап, білдіріп отырған Мағауия болады.

Әбдірахман ауыр науқасқа дұшар болған соң, әкесіне хат жазып: “Мағауияны жіберіңіз” деген. Мағауия Алматыға келіп, науқас ағасын күтіп, қайтыс болғанға шейін қасында болған.

Абайдың өлең-хатындағы сөздердің көбі Мағауияға арналып айтылған.

Өлеңнің он төртінші шумағының үшінші жолы 1933 жылғы жинақта (170-бет):

– “... Сақайып сау болсаң,
Сағынған өзіңіз”, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– “... Қатайып (?) сауықсаң”, –

деп бұрмаланып, қате басылған және он төртінші шумақтың үшінші жолы Мүрсейіт қолжазбалары негізінде:

– “Қатайып сауықсаң”, –

деп қалдырылды. Бұл жол 1933 жылғы жинақта:

– “Сақайып сауықсаң (?)”, –

деп көрсетілген (407–408-бет) – деген түсінік берілген.

1933 жылғы толық жинақта Абай сөзінің дұрыс берілгеніне сенбей, Мүрсейітке жүгінетініміз қалай?

Мүрсейіт “сақайып” деген сөздің мағынасын түсінбей барып, “қатайып” деп өзінше өзгертiп жазып қателескен.

Сақаю – аурудан жазылу, тәуір болу, сауығу деген мағынада айтылатын қазақтың ежелгі байырғы сөзі екені белгілі. Ал қатаю деген, сауығу мағынасынан аулақ тұрған, басқа мағынадағы сөз екені беп-белгілі.

94) “Әбдірахманға” (1894). “Алланың рахметін, яр тұтып әр неге”. – Өлең алғаш рет 1933 жылғы жинақта жарияланған. Бұл да Әбдірахманға арналған өлең. Өлеңде сүйікті баласының тілегін тілеп, Аллаға сыйынып жалбарынғанда, діни ұғым-нанымдарды, мұсылманшылдықтың дін кітаптарының өз тілін өзгертпей қолдана отырып толғанады. “Әррахман”, “Яр тұту”, “дұғаның қуаты” сияқты сөздіктер өлеңнің мазмұнымен қабысқан ұғымдар болып келеді.

Әбдірахманға арналған өлеңдері, әсіресе ақынның өзінің дінге анық нанған адам екенін танытады.

Өлеңде қолданылған, жинақтарда дәл берілмеген араб, парсы сөздері дұрыс қалпына келтіріліп, түсініктер берілді.

95) “Әбдірахманға Кәкітай атынан хат” (1894), “Тілім саған айтайын, осы сөздің келісін тап”. – Бұл өлеңде Мүрсейіт қолжазбасынан алынып (147-бет), тұңғыш рет 1933 жылғы жинақта басылған (171–172-бет).

1933 жылғы жинақта басылған өлең нұсқасының көлемі он бір шумақ болса, 1939 жинақта (164–165-бет) тағы алты шумақ өлең қосылып басылған. Берілген түсінікте: “Көзімнің нұрысыз” дан бастап, аяғына дейін бұрын басылмаған, Мүрсейіт көшірмесінде “Тілім саған...” ға жалғанып жазылған. Біз де сол күйін де қалдырдық. Ред. “-делінген (165-бет).

Сөйтіп, 1933 жылғы жинақта басылған өлең нұсқасының көлемі он жеті шумақ болып шыққан.

1945 жылғы жинақта өлең өзгертiлмей, 1939 жылғы жинақ бойынша (он жеті шумақ), басылған (159–161-бет). 1954 жылғы жинақта да 1939, 1945 жылғы жинақтар бойынша өзгеріссіз басылған (I том, 193–195-бет).

1957 жылғы жинақта өлең екі бөлініп, екі өлең ретінде басылған. “Тілім саған айтайын”-нан бастап он бір шумақ жеке өлең болып басылған (169–170-бет).

Қалған алты шумағы “Көзімнің нұрысыз” деп бастап, екінші өлең ретінде басылған (171-бет). Өлеңді екіге бөліп беру себебі айтылмаған. Берілген түсінікте: “Абдрахманға Кәкітай атынан хат (“Көзімнің нұрысыз”)” өлеңінің тексті ... 1933 жылғы басылуы бойынша берілді”, – деген (335-бет). Ал шынында 1933 жинақта бұл өлең жоқ. Ол туралы жоғарыда айтылды.

1977 жылғы жинақта өлең 1957 жылғы жинақ бойынша басылып, сонда берілген түсінік қайталанған.

96) “Әбдірахманға Кәкітай атынан хат” (1894), “Көзімнің нұрысыз”. – Бұл өлеңнің тарихы “Тілім саған айтайын” өлеңінде берілген түсінікте айтылды.

97) “Қыздарға” (1894). “Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бөкең”. – Бұл өлең алғаш рет 1933 жылғы жинақта жарияланған (173-бет). Өлең Тұрағұлдың есінде сақталған. Бұл өлеңнің тарихы туралы Тұрағұл: Еркежанды алған жылы (1894 ж. – Қ. М.) болыстық сиез қылуға елге шыққанда, Қыздар атты бір құрдасы (1845–1932. – Қ. М.) олақтау адам еді, бейне бір менің әкем бұрын ішсе асқа, кесе киімге жарымай жүрген адамша қалжыңдаймын деп айтыпты: “Биыл үлкен үйге кірген соң, тойынып, күйленісің ғой”, – деп.

Сол Қыздардың қалжыңына ыза болып, мына өлеңді жазған. Бірталай өлең еді, ертеңінде Қыздар жалынып сұрап алып, отқа салып жіберді. Бір-екі рет оқығандағы жаттап алғанымыз осы-ақ. “Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бөкең” дегендегі Бөкең – Қыздардың табы (руы. – Қ. М.). Ілекер, Бітімбай, Аталық, Жанқожа – сол таптың Қыздардан бұрын өткен жақсылары. Байұзақ – Қыздардың ағасы. Бірақ бұл кезде тұғырдан түскен адам. Дауылбай – қанды балақ ұры. “Айпар–Жайпар” – жегіш, жұтқыш, жалмауыз деген сөздердің мағынасында. Шотқара – Қыздармен тектес, Бөкең ішіндегі бір тап, оның Айтқожа деген епті, жұғымды адамы болған. Досақ – Бөкең ішіндегі Қыздардың табы, – дейді Тұрағұл.

Бөкең – шын аты Байбөрі. Шаһкәрімнің “Қалқаман–Мамыр” дастанында: “Бөкең деп атап кеткен Байбөріні” дейтіні сол Бөкең. (Қ. М.)

98) “Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын” (1895). – Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы. 26-бет). Бұл төрт шумақ өлеңінде ел ішіндегі сөз тыңдай білмейтін өзімшіл өр кеуде, еңбек етпейтін еріншек, шаруаға қыры жоқ қыңырларды әйгілей шенейді.

99) “Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей” (1895). – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы. 27-бет). Ақынның негізгі басты тақырыбының бірі – еңбек. Бұл өлеңінде де, еңбек адам үшін, бүкіл қауым үшін қадірлі іс екенін насихаттайды. Адам адал еңбегімен ғана ел-жұртына қадірлі, сыйлы. “Тәуекелсіз, татапсыз мал табылмайды”. “Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел, малың болса сыйламай тұра алмас ел”, “еңбек қылмас, еріншек адам болмас”, – дейді.

Еңбектен қашып, қулық-сұмдыққа салынып, сыпайым-

сып, ел кезіп тамақ асырайтын арамтамақтарды өшкерелеп, аяусыз ажуалап шенейді.

Өлеңнің төртінші шумағының екінші жолы 1909 жылғы кітапта (27-бет):

– “... Ас берер ауыл іздеп жүрсің босқа”, –

деп басылса, 1977 жылғы жинақта:

– “... Ас берер ауылды іздеп жүрсің босқа”, –

деп бұрмаланқырап басылған.

Тоғызыншы шумақтың соңғы, төртінші жолы 1909 жылғы кітапта (27-бет):

– “... Антұрғанға қосылмай кетсін қаңғып”, –

деп басылған.

1922 жылғы Қазанда шыққан жинақта (44-бет), 1909 жылғы кітап бойынша:

– “... Антұрғанға қосылмай кетсін қаңғып”, –

деп өзгертпей басылған.

Ал 1922 жылы Ташкентте шыққан жинақты баспаға әзірлеп, дұрыстаушылар (Халел Досмұхамедов, Уәлихан Омаров) өлеңнің осы жолындағы бір сөздің 1909 жылғы кітапта қате басылған сөздің өлең мазмұнына нұқсан келтіріп тұрғанын байқап, тоғызыншы шумақтың төртінші жолын:

– “... Ант ұрғанға қосылма, кетсін қаңғып”, –

деп дұрыстап, бастырған (82-бет).

1933 жылғы толық жинақта (175-бет):

– “... Антұрғанға қосылмай кел, кет қаңғып”, –

деп басылып, өлеңнің мазмұны мүлдем бұзылған.

1939 жылғы жинақта (170-бет):

– “... Ант ұрғанға қосылма, кетсін қаңғып”, –

деп дұрыс басылған және берілген түсінікте: “Мүрсейіттің көшірмесінде” ант ұрғанға дегеннің орнына “кезегенге” деп отырады. Біз Тұрашты (Тұрағұлды. – Қ.М.) қолдадық, – деген (170-бет).

“Біз Тұрашты қолдадық” дегені 1909 жылғы Абайдың тұңғыш жинағын баспаға әзірлеген Тұрағұл мен Кәкітай, Мүрсейіт көшірмелерінде бұрмаланып, қате жазылып кеткен сөздерді баспаға берер алдында, түзетіп, дұрыстап бер-

ген болатын. Сондықтан “Біз Тұрашты колдадық” деп өте дұрыс айтылған.

1945 жылғы жинақта (167-бет):

– “... Кезегенге қосылма, кел, кет қаңғып”, –

деп басылып, өлең мазмұны тағы бұзылған және “антұрғанға” деген Абай сөзінің орнына, Мүрсейіттің “Кезегенге”-сі алынған.

Берілген түсінікте: “Бұл өлеңнің соңғы екінші шумағының 4 жолы 1933 жылғы Абай жинағында:

– “Бұрандап жылы жүзін асқа сатқан
Антұрғанға қосылмай кел, кет қаңғып”, –

делінген.

Соңғы жол Мүрсейітте:

– “Кезегенге қосылмай кел, кет қаңғып”, –

деп жазылған екен, жоғарғы осыған жуық. Ал 1909 жылғы Кәкітай мен Тұраш нұсқасында:

– “Ант ұрғанға қосылма, кетсін қаңғып”, –

деп басылыпты. 1939 жылғы жинақта осы Кәкітай мен Тұраш нұсқасы алыныпты. Бұл жолы:

– “Кезегенге қосылмай кел, кет қаңғып”, –

болып басылды”, – деген (438-бет). Бұндай негізі жоқ түсініктен еш нәрсе түсінуге болмайды. 1909, 1922 және 1939 жылы дұрыс басылған Абай сөзін ешқандай себепсіз бұрмалап, өзгертіп: Бұл жолы: “Кезегенге қосылмай кел, кет қаңғып” болып басылды, – дегенді қалай түсінуге болады? Бұлай болып басылудың себебі не? Дәлелі қайда?

1954 жылғы жинақта (198-бет):

– “... Антұрғанға қосылай, кетсін қаңғып”, –

деп басылып тоғызыншы шумақтың төртінші жолы 1909 жылғы жинақ бойынша:

– “Антұрғанға қосылмай, кетсін қаңғып”, –

деп қалдырылды. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

– “Кезегенге қосылма, кел, кет қаңғып”, –

деп көрсетілген деген түсінік берілген (I том, 311-бет).

1957 жылғы жинақта (I том, 175-бет):

– “Антұрғанға қосылмай, кел, кет қаңғып”, –

деп басылған. Берілген түсінікте: “Тоғызыншы шумақтың ақырғы жолы 1909 жылғы басылуында:

– “Антүрғанға қосылмай, кетсін қаңғып”, – делініпті. Ал бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

– “Кезегенге қосылма, кел, кет қаңғып”, – делінген екен. Бұл баспасында өлеңнің мағынасына қарап, осы екі нұсқасын біріктіріп:

– “Антүрғанға қосылмай, кел, кет қаңғып”, – деп қалдырылды (337-бет), – десе де, шынында 1933 жылғы жинақта басылған (175-бет) нұсқасының қайталанып басылғаны көрініп тұр.

1977 жылғы жинақта өлең жолы және түсінік 1957 жылғы жинақ бойынша өзгеріссіз қайталанып басылған.

Абай өлеңінің осы бір жолының түпнұсқасын анықтап, ақын сөзін өз қалпына келтіру үшін, ең алдымен өлеңнің мазмұнын, яғни ақынның айтқан ойын дұрыс ұғып, дәл түсінуіміз керек.

Тоғызыншы шумақтың соңғы екі жолын зер салып, зерттеп оқысақ, Абайдың айтқан ойын дәл түсіне аламыз. Ақын: “Бұрандап жылы жүзін асқа сатқандарды” антүрған деп атап, ажуалап, шенейді де, оқырмандарын сондай “антүрғаннан” сақтандырып: “Антүрғанға сен қосылма, антүрған өзінің антүрғандығымен қаңғып кетсін”, – дейді:

– “... Бұрандап жылы жүзін асқа сатқан
Антүрғанға қосылма, кетсін қаңғып”, –

деп оқысақ, Абай сөзі дәл өз қалпына келеді.

1909 жылғы кітапта өлең жолының бір сөзі ғана сәл кате басылып кеткен: “қосылма” деген сөз “қосылмай” болып басылып, “Бір құмалақ, бір қарын майды шірітеді” дегендей, “й” деген жалғыз әріп, өлеңнің мазмұнына нұқсан келтіріп тұр. Осы мүлт кеткен катені көре білген, 1922 жылғы Ташкентте басылған жинақты әзірлеп, дұрыстаушылар – Халел Досмұхамедов пен Уәлихан Омаров түзетіп:

– “... Бұрандап жылы жүзін асқа сатқан
Антүрғанға қосылма, кетсін қаңғып”, –

деп дұрыстап бастырған.

Түзетулері нанымды болғандықтан, дау туғызбайды деп сеніп, түсінік беріп жатуды артық көрген.

1933 жылдан бастап, Абай өлеңнің жолы, әр басылымда әр түрлі саққа жүгіртіліп басылып келіп, ең соңғы, 1977 жылғы “Ғылым” баспасынан шыққан жинақта:

“Бұл басылымда өлеңнің мағынасына қарап, ... екі нұсқасын біріктіріп:

– “Антұрғанға қосылмай, кел, кет қаңғып”, –

деп қалдырылды”, – деген (I том, 410-бет).

Сөйтіп, Абай, “кел, кет қаңғып” деген ауыр сөзді, “антұрғанға” емес, жазығы жоқ оқырмандарына арнап айтқан болып шыққан.

100) “Балалық өлді, білдің бе?” (1895). – Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 27-бет). Көлемі он жол шағын өлеңінде адамның өмір кезеңдерін сөз етіп толғанады.

Өлеңнің бесінші жолы 1909 жылғы кітапта (27-бет):

– “... Кім біледі байғұстар”, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– “... Кім біледі сен кәпір”, –

деп бұрмаланып басылған.

Өлеңнің тоғызыншы жолы 1909 жылғы кітапта:

– “... Боталы түйе сияқты”, –

деп басылса, 1977 жылғы жинақта:

– “... Боталы түйе секілді”, –

деп басылған.

101) “Лай суға май бітпес қой өткенге” (1895). – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (5-бөлік. Ой туралы. 47-бет). Бұл өлең – ақынның дін туралы ойларын толғайтын және өзінің дінге нанымын айқын сипаттайтын өлеңі.

Терең ойшыл өлеңінің басында, “шарықтан шар тараптан тиянақ таппаған көңіл” күйін, үлкен ақындық теңеумен суреттей келіп, мұсылманшылдық дінге тоқтайды.

– “... Күні-түні ойымда бір-ақ тәңірі

Өзіне құмар қылған оның әмірі”, –

деп ішкі сезім – сырын, сенім – нанымын баян етіп, Аллаға бас иген шын мұсылмандығын танытады.

Аллаға оның жаратқан пендесінің “ақылы жете алмайды”, ақыл – оймен білем десе адасады дейді.

– “... Халыққа махлұқ ақылы жете алмайды,

Оймен білген нәрсеміз бәрі-дәһри”, –

деп түйеді.

Абай бұл пікірін “Ғақлиат-тасдиқат” (38-сөз) деген еңбегінде де айтады: “Алла тағала – өлшеусіз”, біздің ақылымыз өлшеулі, өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды”, – дейді.

Аллаға ешбір шүбәсіз, шексіз сенетінін тағы бекітіп айта келіп: “Сонда да ойламай тұра алмаймын” деп, еш уақытта Алланы ойынан шығармайтынын, Құдайға барынша құмарлығын, құмарсыз құрғақ жалбарынуға (басқа біреулер сияқты) қанағаттана алмайтынын мәлімдеп:

– “... Ақылдың жетпегені арман емес,
Құмарсыз құр мүгуге тоя алмайтын”, –

дейді. “Мекен берген, халық қылған түп иенді” – Құдайды “көксемей бола ма екен?” және оған қайтпақсың, оны (түп иенді) ойламай, өзге мақсат ақылға тола ма екен? – деп өлеңін қорытады. Ақын бұл өлеңінде Құдайға, дінге көзқарасын жүйелі түрде, ашық, айқын жазған. Бұл өлеңнен қайшылық қарастырудың жөні жоқ.

Бұған дейін: “... ақынның мұсылманшылдығын шартты түрдегі мұсылманшылдық деп білеміз” деуге мәжбүр болғанымыз рас.

Өлеңнің үшінші шумағының соңғы екі жолы 1977 жылғы жинақта:

– “... Халыққа мақлұқ ақылы жете алмайды,
Оймен білген нәрсенің бәрі – дәһри”, –

деп басылса, 1909 жылғы кітапта (47-бет):

– “... Оймен білген нәрсеміз бәрі дәһри”, –

деп дұрыс басылған.

1977 жылғы жинақта (223-бет) халық деген сөзге – жаратушы, дәһри сөзіне – дінсіз деп қана түсінік берілген. Бұл сөздердің қай халықтың тілімен кіргені айтылмаған. Дәһри деген араб сөзінің үш түрлі мағынасы бар. Соның бірі – ахиретке сенбеуші, құдайсыз, дінсіз.

“Оймен білген нәрсеміз бәрі – дәһри” деген өлең жолындағы дәһри сөзіне “дінсіз” деп тура мағынасы бойынша түсінік берілсе (солай беріліп келеді), онда: “Оймен білген нәрсенің – бәрі дінсіз” деген ұғым тудырады. нәрсе дінсіз болып шығады. Сөйтіп ақын сөзінің мағынасы жойылады. Абай дәһри сөзін “дінсіз” деген тура мағынасында қолданбаған. Ақын жете алмай, құр оймен ойлап білген нәрсенің бәрі сенімсіз, екі ұшты, күдікті, тиынақсыз, күмәнді деген ойды айту үшін “дәһри” сөзін ауыспалы мағынада қолданғанын таратып айтып, түсінік беру дұрыс болады.

102) “Өлсе өлер табиғат, адам өлмес” (1895). – Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (5-бөлік. Ой туралы. 48-бет). Ақын бұл өлеңінде адамның жаратылысы туралы ойларын, сезім-сырын айқындап айта келіп:

– “Мені” мен “менікі” нің айырылғанын,
“Өлді” деп ат қойыпты өңкей білмес, –

дейді. Яғни адамның тәні (“менікі”) өлсе де жаны (“мені”), рухы өлмейді деген ой-пікірін білдіреді. Осы ойының дәлелі ретінде:

– “Өлді деуге сия ма, ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған”, –

деп түйеді. Яғни адамның өзі өлсе де оның ақыл-ойы – рухани қазынасы өлмейді деген нанымын айқындап аңғартады.

103) “Әбдірахман өлгенде” (1895), “Арғы атасы қажы еді”. – Өлең ең алғаш 1933 жылғы жинақта, “Құнанбайға Әбдірахман өлгенде” деген тақырыппен, басылған (178–179-бет). Ұзақ уақыт қатты ауырып жатқан Әбдірахман 1895 жылы қарашада Алматы қаласында қайтыс болады. Ардақты баласы Әбіштің өлімі, жан күйер інісі Оспанның өлімінен де ауыр, тағы бір қалың қайғыға батырады. Орны толмас қазаға өзегі өртеніп дерттенген мейірбан әкенің зар-шер жырларын туғызады.

Әбіш қазасына арналған осы алғашқы өлеңі жоқтау сарынында жазылмаған. Өзінің: “Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме” дейтін қағидасы бойынша жазылған”. Арғы атасы қажы еді, – деп бастап, өз әкесі Құнанбайдың барлық жақсы қадір-қасиетін сипаттап келіп:

– “Олар да тірі қалған жоқ,
Тірлік арты өлмек-ті.
Оны да алды бұл өлім,
Сабырлық қылсақ керек-ті”, –

деп, ауыр қайғыны ақылға жеңгізіп, өзін-өзі жұбатып, дертіне дәрмен тапқандай болады.

Өлеңнің бастапқы екінші жолы 1977 жылғы жинақта:

– “Арғы атасы қажы еді,
Бейістен татқан (?) шәрбәтті”, –

деп басылған. Осы жолдағы “татқан” деген сөздің өлең мазмұнына нұсқан келтіріп тұрғаны анық байқалады. Абай өлеңдерінің көбін, соның ішінде дәл осы өлеңін ертеден жатқа білетін Әрхам Кәкітайұлы Ысқақов:

– “Бейістен татқан” деп қате басылып кеткен, дұрысы: “Бейістен татқай шәрбәтті” болады. Абай әкесін “Бейістен татқан шәрбәтті, яғни бейіске (жұмаққа) кірген деп кесіп айтпайды, бейістен шәрбәт татса екен (татқай), яғни орны жұмақта болса екен деген тілегін айтады, – дейтін еді”.

Осы дұрыс берілген түсінік деп білеміз.

104) “Әбдірахман өлгенде” (1895). “Кешегі өткен ер Әбіш”. – Өлең алғаш рет 1933 жылғы жинақта басылған (179-бет). Бұл өлеңде енді Әбіштің өз басының адамдық қасиетін: мінезін, ерекше туысын, өнерін, ғылымға зеректігін, мейірімділігін, боямасыз ақ көңілін, адал азаматтығын сипаттай келіп, ақырында:

“Өлімнен жасқанбай” кеткен рухани ерлігін атап айтып:

– “Тағдырға тәбділ болма,
Сабырлық қылсақ керек-ті”, –

деп тағы да өзін-өзі жұбатумен тынады.

105) “Әбдірахман өлгенде” (1895). “Тұл бойың ұят, ар еді”. – Бұл өлең де ең алғаш 1933 жинақта жарияланған (179–180-бет).

Бұл өлеңінде де Әбдірахманның өз басына ғана тән ерекше жақсы қасиетін шебер суреттейді. Адамгершілігі зор, өнерлі, оқымысты, терең ойлы баласының өмірден ерте кеткеніне қатты тебіренеді:

– “Замана неткен тар едің,
Сол қалқамды қоймаған”, –

деп өкінішті мұңын шертіп толғанады.

Өлеңнің бастапқы жолы 1933 жылғы жинақта (179-бет), 1939 жылғы жинақта (177-бет), 1945 жылғы жинақта (174-бет):

– “Тұл бойың ұят, ар еді”, –

деп дұрыс басылып келген болса, 1977 жылғы жинақта:

– “Тұла бойың ұят, ар еді”, –

деп басылып, өлеңнің көркемдік шырқы бұзылған.

106) “Әбдірахман өліміне” (1895). “Жиырма жеті жасында Әбдірахман көз жұмды”. – Өлең тұңғыш рет 1933 жылғы жинақта басылған (180–182-бет). Бұл жоқтау өлеңінде Әбдірахманның өмірі, оның бойындағы таудай талап, өнер, білім және зор мағынадағы адамгершілік қасиеттер толығырақ баяндалып жырланады.

Өзін “ескінің арты” ретінде бағалап, Әбдірахманды: “Жаңа жылдың басшысы” болатын жас еді деп, өкінішті ашы арманын айтып тебіренеді.

107) “Әбдірахман өліміне” (1895). “Талаптың мініп тұла-рың, Тас қияға өрледің”. – Өлең тұңғыш рет 1933 жылғы жинақта жарияланған (189–190-бет). Бұл өлеңінде бұдан бұрынғы жоқтау жырларында айтылмаған Әбіштің жақсы қасиеттерін қастерлеп сипаттай келіп: “Ел ішіне сау кел-

сең”, “Тағлім айтатын ер едің” халқына “жол көрсетіп” барып өлмедің деп арман етеді.

Сөйтіп Абайдың Әбдірахманды жоқтаған жырлары, өз басының ғана қайғысы болып қалмай, жалпы қоғамдық қайғыға айналып отырады.

108) “Әбдірахманға”. “Орынсызды айтпаған”. – Өлең ең алғаш 1939 жылғы жинақта басылған (239-бет). Бұл өлеңнің жазытқан жылы белгісіз.

Әбдірахманның бойындағы нағыз адамгершілік қасиеттер өзі үміт еткен қазақтың бар жас ұрпағына үлгі-өнеге болады деп білген. Сондықтан да 1894, 1895, 1896 жылдардан кейінгі уақытта да, әр кезде Әбішке арнап жазған өлең – жырлары аз болмаған. Сондай шығармаларынан сақталғандарының бірі – осы өлеңі.

Бұл өлеңінде Әбіштің турашылдығын, кішіпейілділігін, бауырмалдығын тағы басқа жақсы мінездерін суреттейді және жас шағынан орысша оқып білім алып, көп уақыт орыс ортасында болса да, өзінің ұлттық қасиетін, дінінің таза сақтаған адамшылығын атап айтады.

109) “Әбдірахман өлген соң өзіне айтқан жұбатуы”. “Бермеген құлға қайтесің”. – Бұл өлең де алғаш рет 1939 жылғы жинақта жылы белгісіз өлеңдер ретінде басылған (240-бет). Бұл өзін жұбату өлеңінде:

– “Өмірін берген Құдайым
Ажалын да беріпті”, –

деп, Құдайдың жіберген ажалына амал жоқтығын мойындап, тәубеге келеді.

Әбіштің алдында дүниеден өткен інісін еске алып, оның адамгершілік қасиеттерін Аплатон, Сократ, Хазірет Ғали сияқты тарихтағы ұлы адамдармен салыстыра келіп:

– “Оспанды алған бұл өлім,
Тәубе қылсақ керек-ті”, –

дейді.

Сол сияқты әкесін де еске алып: “Ескендір, Темір, Шыңғыстай Мұсылманға атакты”, – деп кастерлеп бағалай келіп:

– “Қажыны алған бұл өлім,
Сабыр қылсақ керек-ті”, –

деп тәубеге келеді.

110) “Әбдірахманның әйелі Мағышқа Абайдың айтқан жұбатуы”. Өлең бірінші рет 1939 жылғы жинақта жарияланған (241–242-бет). Әбдірахман сияқты асыл жарынан айырылған жас келін: Мағыштың (шын аты – Мағырифа. – *Қ.М.*) ауыр қай-

ғыны көтере алмай, Құдайдан өлім тілеп өксіген, аса аянышты хәлі Абайға қатты батады. Аяулы келін баласына тоқтау айтып, ауыр қайғысын аз да болса, жеңілдетпек болып, ұзақ өлең жазып, сабырлық етуін тілеп, ақылын айтып:

– “Жылама, Мағыш, жылама,
Алладан өлім тілеме!
Қолдан ұшқан ақ сұңқар
Қайта келіп қонбайды”, –

дейді.

111) “Әбдірахманның әйелі Мағышқа Абай шығарып берген жоқтау”. – Бұл ұзақ жоқтау өлең тұңғыш рет 1939 жылғы жинақта жарияланған (243–246 бет). Абай қайғылы келініне тоқтау айтып, өлең жазса да, өзіне жоқтау өлең шығарып беріп, жұбатқан болса да, Мағыш қалың қайғыдан айыға алмайды.

Әбіштің жылына жетпей, Мағыш та қайтыс болады.

112) “Оспанға”. “Кешегі Оспан ағасы кісінің малын жемегті”. – Өлең алғаш рет 1933 жылғы жинақта басылған (180-бет). Бұл өлеңінде де Әбдірахманның қайғысына толғанып, Оспанды есіне алады да: “Оны да алған бұл өлім, сабырлық қылсақ керек-ті”, – деп өзін-өзі жұбатады.

113) “Көз жұмғанша дүниеден иманын айтып кеткені-ай”, – деп басталатын өлең “Ғылым” баспасынан шыққан, 1977 жылғы ең соңғы жинақта: “Баласы өлген анаға Абай шығарып берген жоқтау” деп аталып басылған (1-том, 246–247-бет)

Абайдың бұл өлеңіне ешбір дәлелсіз ат қойып, айдар тағып: “Баласы өлген анаға Абай шығарып берген жоқтау” деген ақылға қонбайтын, ойжота айтылған, негізсіз жайдақ сөз. Баласы өлген белгісіз бір әйелге Абай жоқтау жыр шығарып берген деген дәлелі жоқ бос сөз ешкімді де иландыра алмайды.

Бұл өлең ең алғаш 1933 жылғы жинақта “Әкімбай өлгенде” деп аталып, “Жылы белгісіз өлендер” ретінде басылған (232–233-бет). Өлеңге түсінік берілмеген.

1939 жылғы жинақта да “Әкімбай өлгенде” деп аталып басылған (235–236-бет). Берілген түсінікте: “Әкімбай өлгенде” деген өлең дәлді Әкімбай өліміне арналған ба, жоқ басқа бір жақынының өліміне арналған ба, осы күнге шейін анық емес. Әкімбай өз баласы, Ділдәдан туған. Бұны Ысқақ асырап алып, соның қолында жүргенде жас шағында өлген екен. Сөз қисынына қарағанда, өзінің етбауыр жақыны туралы айтқан өлең сияқтанғандықтан айтушылар Әкімбай деп ұйғарды, – деген (275-бет).

1945 жылғы жинақта да “Әкімбай өлгенде” деп, жылы белгісіз өлеңдері ретінде басылған (261–262-бет).

“Әкімбай (1865–1874) Ділдәдан туған Абайдың баласы...” деп түсінік берілген (487-бет).

1954 жылғы жинақта: “Негізгі нұсқасы белгісіз өлеңдер” ретінде тақырыбы аталмай, түсінік берілмей басылған (II том, 143-бет).

Ал енді 1957 жылғы жинақта өлеңге: “Баласы өлген анаға Абай шығарып берген жоқтау” деген ойжота тақырып беріліп, 1895 жылы жазылған өлең ретінде басылған (I том, 195–196-бет).

Берілген түсінікте: “Баласы өлген анаға Абай шығарып берген жоқтау” (“Көз жұмғанша дүниеден”) кейбір баспа-ларда “Әкімбай өлгенде” деген атпен басылды. Бірақ өлең-нің Әкімбайға, не басқа біреуге арналып шығарылғаны анық белгісіз. Әкімбай – Дәлдәдан туған Абайдың баласы. Әкімбай бала кезінде, 9 жасында қайтыс болған (1865–1874). Ал өлеңнің мазмұнына қарағанда ересек, жігіт боп қалған адамға арналған сияқты, – деген (340-бет). Еш нәрсе түсініп болмайтын түсінік берілген.

Өлеңге: “Баласы өлген анаға Абай шығарып берген жоқтау” деп тақырып берудің себебі қайсы, дәлелі қайда? Осы мәселеге түсінік берілуі керек емес пе?

Сөйтіп, Абайдың “Көз жұмғанша дүниеден иманын айтып кеткені-ай” деп басталатын, көлемі 40 жол жоқтау өлеңінің жазылу тарихы неше саққа жүгіртіліп келіп, ақыры Абай баласы өлген әйелге жоқтау шығарып беретін жыр-шы болып шыққан.

Мұхтар Әуезовтің: “Тегінде Абай шығармаларының аздығынан кенде боп жүргеніміз жоқ. Барын барша бажа-йына барғыза алмаудан, зерттей алмаудан кендеміз” дейтіні – Абай шығармаларын зерттеу ісінде осындай шалағайлық-тың, жауапсыздықтың салдары.

1977 жылғы жинақта: “Баласы өлген анаға Абай шыға-рып берген жоқтау” (“Көз жұмғанша дүниеден”). – Бұл өлең алғаш 1933 жылғы басылымына кіргізілген деген түсінік дұрыс емес. Шынында бұл өлеңді ең алғаш Мұхтар Әуезов 1925 жылы “Таң” (Семей) журналының екінші санында (73–74-бет) жариялаған. Өлеңнің басында: “Абайдың жария-ланбаған өлеңдері”. Бір немере інісі өлгенде айтқан, – деп анық, айқын түсінік берген.

Абайдың өз інісінің өліміне арнап жазған жоқтау өлеңін 1957 және 1977 жинақтарда: “Баласы өлген анаға Абай шығарып берген жоқтау” деп беруді шектен шыққан өрескелдік демегенде, не дейміз.

“Көз жұмғанша дүниеден...” өлеңін 1925 жылы “Таң” журналында жарияланғанда Мұхтар: “Бір немере інісі өлгенде айтқан деп қана қысқаша түсінік беріп, ол інісі кім, кімнің баласы екенін атамаған. 1940 жылғы жинақтың (II том) “Абайдың өмірбаянына қосымша материалдар деген бөлімінің” Абай жайында Мәдияр, Қатпа, Әрхам, т.б. айтқан әңгімелері” деп аталған тарауында “Көз жұмғанша дүниеден” өлеңінің кімге арналғаны туралы Мұхтар былай дейді: “Ән, дауыс сияқтыны” Әйгерімге Абайдың өзі де үйреткен екен. Тәңірбердінің Мақұлбай деген баласы өлгенде, Әйгерім Абай үйретіп берген дауысты айтып жүріпті (291-бет).

Сөйтіп, өлеңінің 1933, 1939, 1945 жылдардағы жинақтардағы: Әкімбай өлгенде деп аталуы және 1957, 1977 жылғы жинақтарда: “Баласы өлген анаға Абай шығарып берген жоқтау” деп аталып басылуы мүлдем дұрыс емес.

Абай бұл өлеңді өзінің ағасы Тәңірбердінің (Төкежан-ның) Мақұлбай деген баласының өліміне арнап жазған. Мақұлбай Тәңірбердінің Қаражан деген екінші әйелінен туған ұлы.

Мақұлбай ақылды, шешен, жақсы мінезді азамат болыпты. Осындай адамшылық қасиетін ұнатқан Абай жақсы көретін інісі қайтыс болғанда, қатты қайғырып, жазған өлеңінде:

– “Орамды тілді ауыздым,
Ақылға жүйрік маңыздым.
Көп жасамай тез кетіп,
Көзімнің жасын ағыздым”, –

дейді.

Мақұлбай 1869 жылы туған, 1891 жылы 22 жасында дүниеден өткен. Артында екі әйелі қалған. Екеуінен де бала болмаған. Абайдың:

– “Артына белгі қалдырмай,
Жал-күйірығын келте алды”, –

дейтіні де сол.

Жоқтау өлеңде:

– “Ата тегін мұндағы –
Орта жүздің ұлығы.
Ана тегің ондағы –
Өзен судың тұнығы.
Екі асылдан қосылған
Сом алтынның сынығы.

Өлгенше естен қалмайды
Өзгеше біткен қылығы”, —

деген сөздер бар. “Ата тегің мұндағы” деп Құнанбайды айтса, “Ана тегің ондағы” деп Мақұлбайдың нағашысын (шешесі Қаражанның төркіні) — Кенжеғұлды айтады. Кенжеғұл Найман ішінде Сыбан руының беделді адамы, белді биі болған. Біржан—Сара айтысында Сараның аузынан айтылған өлеңде:

— “Кенжеғұл казак жетпес баласына
Төрт арыс билік айтқан арасына”, —

дейтін Кенжеғұл сол.

Мақұлбай өлімі, Абайдың оған арнап жоқтау жыр шығарғаны “Абай жолы” романында да суреттеліп жазылған (“Еңісте” тарауы).

“Көз жұмғанша дүниеден иманын айтып кеткені-ай!” өлеңінің жазылу тарихының шындығы осындай.

Өлеңнің тоғызыншы, он екінші, он үшінші және он төртінші жолдары “Таң” журналында” (73-бет):

— “Ием қабыл алды-ау деп...
... Күнәлі көңілім түйтпеді-ай,
... Ата тегің мұндағы,
... Ана тегің ондағы”, —

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

— “... Ием қабыл алды-ақ деп,
... Күнәлі көңіл түтпеді-ай.
... Ата тегі мұндағы,
... Ана тегі ондағы”, —

деп бұрмаланып басылған.

114) “Махаббат, достық қылуға, кім де болса тең емес” (1896). Бұл екі ауыз өлең 1909 жылғы кітаптың “переводтар” деп аталған, 15 бөлігінде, “перевод Лермонтовтан” деген өлеңдер тобында басылған (80-бет).

1940 жылғы жинақта да 1933 жылғы жинақ бойынша басылған (99-бет). Берілген түсінікте: “Бұл өлең қолжазбаларында Лермонтовтан делінген, бірақ Лермонтовтың қай шығармасынан аударғанын анықтауға болмады.” — деген.

1945 жылғы жинақта (183-бет): “Махаббат, достық қылуға” деп аталып басылған (183-бет), Лермонтовтан делінбеген. Берілген түсінікте: ... қолжазбада Лермонтовтан делінген. Бірақ дәл қай шығармасынан аударылғанын

дәлелдеу қиын. Түбінде бұл өлеңнің аударма қатарына жатуы күмәнді, — деген (442-бет).

1954 жылғы жинақта (II том, 77-бет) басылған, ешқандай түсінік берілмеген.

1957 жылғы жинақтың II томында (аудармалары) басылған (102-бет). Берілген түсінікте: “... Мүрсейіт қолжазбасында Лермонтовтан делінген. Соған қарағанда бұл өлең “Ғашықтық іздеп тантиманың” екінші варианты сияқты. Бірақ одан гөрі Лермонтов текстінен тым алшақтау. Тегінде мұны аударма қатарына қоспай, Абайдың өз шығармасы деп санаған жөн, — деген (236-бет).

1977 жылғы жинақта бұл өлең Абайдың өз шығармасы ретінде басылған.

115) “Малға достың мұңы жоқ малдан басқа” (1896). Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы. 28-бет). Бұл өлеңде малдан басқа мақсаты жоқ, ардан кешкен ашкөз, тойымсыз комағай, құлқынның құлдарының топастығын өткір сынмен әшкерелейді. “Өзі шошқа, өзгені ит деп ойлайтын” оңбағандарды ащы ажуалап, оңдырмай түйреп, әйгілеп береді.

Патшалық отарлаудың зұлымдық саясаты тудырған, осындай оңбаған, адамгершілікке жат жексұрын мінездерді жеріне жеткізе шеней отырып, еңбек елін адамгершілікке шақырып:

— “Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек”, —

дейді.

116) “Туғызған ата, ана жоқ, Туғызарлық бала жоқ” (1896). — Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы. 28-бет). Бұл үш шумақ, шағын өлеңінде “сүм заманда” азғындауға айналған ортаның мұңын толғайды.

Өлеңнің екінші шумағының бірінші жолы, 1909 жылғы кітапта (28-бет), 1939 жылғы жинақта (182-бет) және 1945 жылғы жинақта (178-бет):

— “...Толайын десе шара жоқ”, —
деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

— “...Тулайын десе шара жоқ”, —
деп, бұрмаланып басылған.

117) “Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында” (1896). — Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы. 28–29-бет). Бұл өлең қазақ әйелдерінің өміріндегі аянышты бір хәліне арналған. Өлеңнің бастапқы екі шумағы аңыз тәрізді уақиғаға арналып:

– “...Етімді шал сипаған құрт жесін деп,
Жартастан қыз құлапты терең суға”, –

деп аяқталады. Шалға тигісі келмеген жас сұлудың өліміне бас байлаған трагедиясы, өлеңге кіріспе ретінде баян етіледі. Одан әрі малға сатылып, бай шалға еріксіз кететін жас әйелдің кәрі күйеуімен өтетін өкінішті өмірін суреттейді. Жас әйелді арылмайтын қайғы-қасіретке душар ететін пасық байларды “есерлер” деп таңбалап, хайуанға теңеп шенейді.

Әйелдің қайғылы хәліне адамгершілік және нағыз сын-шылдық тұрғыдан қарап, қазақ әдебиетінде тұңғыш сөз еткен ақын Абай ғана екенін көреміз.

Өлеңнің сегізінші шумағының төртінші жолы 1909 жылғы кітапта (29-бет) және 1945 жылғы жинақта (180-бет):

– “... Дастарханның байлығын мақтан көрсең”, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– “... Дастарқан мен қатынды мақтан көрсең”, –

деп мүлдем бұрмаланып басылған. Ақынның дұрыс тұрған сөзін бұрмалау себебі айтылмаған.

118) “Сағаттың шықылдағы емес ермек” (1896). – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (5-бөлік. Ой туралы. 48-бет). Бұл өлеңді Абай өзінің балалары: Тұраш, Мағауия сағатты өлең қылып жазамыз деп жүргенде жазыпты (1945 жылғы жинақ, 441–442-бет). Өлеңнің екінші шумағының үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (48-бет):

– “...Махаббат жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті”, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– “... Тиянақ жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті” –

деп бұрмаланып басылып, өлең мазмұнына нұқсан келтірілген. Абайдың “Махаббат” деген сөзін алып тастап, оның орнына “тиянақ” деген сөзді әкеліп қоюдың себебін дәлелдейтін түсінік берілмеген. Өлең жолында тиянақ мағынасын беретін “тұрлау” деген сөз тұрғанда, ақынның “Махаббат” деген сөзін өзгертіп, “тиянақ” деу ақылға қонбаса керек.

Сол сияқты өлеңнің үшінші жолының бастапқы жолы 1909 жылғы кітапта:

– “Өткен өмір хабары – осы сыбдыр”, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– “Өткен өмір белгісі (?) – осы сыбдыр”, –

деп бұрмаланып басылған. Сөйтіп өлең мазмұны тағы бұзылған.

Абай сағаттың сыбдырын құлаққа естілетін “хабар” деп дәл суреттеп берген болса, оны орынсыз өзгертіп, “хабар” ды алып тастап, оның орнына, “белгі” деген сөзді әкеліп қою, яғни сағаттың құлаққа естілетін сыбдырын (дыбысын), көзге көрінетін нәрсеге айналдырып: “белгі” деп беру ешқандай ақылға қонбайды.

119) “Көңіл құсы күйкылжыр шартарапқа” (1896). – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (2-бөлік. Өлең туралы. 33-бет). Бұл ақынның ән өнеріне арналған өлеңі. Өз халқының ән өнерін өзгеше ыстық көңілмен сүйген Абай, әннің ерекше қасиетін сүйсіне сипаттап, жырлайды. Адамды көп уайымынан, ауыр қайғы-қасіретінен айықтырып, сезімін сергітіп, қуат беретін қазақ әнінің құдіретін ерекше жоғары бағалап суреттейді. Әнді өзінің ойына, ақындық өнеріне қанат бітіретін сенімді серігі деп біледі.

Бірақ терең ойлы, нәзік сезімді, шыншыл ақын әннің бәріне бірдей бас ие бермейді, сын көзімен қарап бағалайды: “Әннің де естісі бар, есері бар...” дейді.

Қазақ әнінің тек өзіне ғана тән. ерекше қасиетін:

– “... Көбінесе ән басы келеді ашы,
“Кел тыңда!” деп өзгеге болар басшы”, –

деп айқындап атап айтып береді.

Ән өнерін үлкен эстетикалық ойшылдықымен Абайша көркем суреттеп сипаттау, қазақ поэзиясында болған емес.

120) “Адамның кейбір кездері” (1896). – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік. Өзі туралы. 38-бет). Бұл өлеңінде ақындық өнер туралы толғайды. Ақындық – “табиғат сыйы, Құдайдың берген сыйы”; “Тәңірінің берген өнері” дейді.

Ақындық шабыты келген шақтағы ақын бейнесін суреттейді. Жайшылықта көптің бірі боп жүретін ақынның шын шабыты келген кезде шарқ ұрып, шығандап кететін шақтағы ерекше бір құдіретті тұлғасын сипаттайды. Шабыт үстіндегі көрегендігін бүркіттің қырағылығына теңеп:

– “... Қыранша қарап қырымға,
Мұн мен зарды қолға алар.
Кектеніп надан, зұлымға
Шиыршық атар, толғанар”, –

дейді. Надандыққа, зұлымдыққа – барлық жаманшылыққа қыранша түйіліп, тайсалмай, жалтармай аяусыз әшкерелеп, өз үкімін айтады.

Қазақ әдебиетінде Абайдан бұрын ақынға немесе ақындық өнерге арнап өлең жазған адам болған емес.

Өлеңнің екінші шумағының үшінші жолы 1909 жылғы

кітапта (38-бет), 1933 жылғы жинақта (183-бет), 1939 жылғы жинақта (183-бет) және 1945 жылғы жинақта (178-бет):

– “... Кірлеген жүрек өз ішін
Тұра алмас өсте жуынбай”, –

деп дұрыс басылған.

Ал 1977 жылғы жинақта:

– “...Кірлеген жүрек өзі үшін (?)”, –

деп басылып, өлеңнің мазмұны бұрмаланып, бұзылған.

Үшінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (38-бет) және 1939 жылғы жинақта (183-бет):

– “...Қуаттан, ойдан бас құрап
Еркеленіп шығар сөз”, –

деп дұрыс басылған. Ақын бұл арада сөздің екі нәрседен: қуаттан, ойдан құралып шығатынын айтып отыр. Абай ақындық өнерді: “Қуат, Құдайдың сыйы” деп аталған (Толық жинақ, 1933 ж., 388-бет).

1977 жылғы жинақта:

– “...Қуатты ойдан (?) бас құрап”, –

деп басылған. Өлеңнің мазмұны мүлдем бұрмаланып бұзылған.

121) “Көк ала бұлт сөгіліп, Күн жауады кей шақта” (1896). – Бұл екі шумақ өлең алғаш рет 1933 жылғы жинақта басылған (189 бет).

122) “Рахымшалға”. “Сұлу аттың көркі жал” (1896). – Өлең ең алғаш 1933 жылғы жинақта жарияланған. Өлеңді Абай Көжекбай дегеннің баласы Рақымшалға айтқан. Рақымшал жасында бос, болжыр екен және бала күнінде тәрбиесіз болған. Абай өз балаларына жаман үлгі беретін болған соң, Көжекбайды қасынан көшірген. Бір жолы кешке дөң басында отырып, соның осындай бір мінезін көріп айтыпты.

Көжекбайды Абай өз қасында ұстап, асырап отырған (Абай Шығармаларының толық жинағы, 1945 ж., 443-бет).

123) “Қатыны мен Масақбай” (1896). – Бұл өлең де тұңғыш рет 1933 жинақта басылған (189-бет). Бұл өлеңді Абай Масақбай мен қатыны атынан айтқан. Масақбай Абайдың інісі Ысқақтың ауылдасы екен, әйелімен екеуі ұрсыса береді екен (1945 жылғы толық жинақ, 443-бет).

Өлеңнің бастапқы шумағының соңғы жолы 1933 жылғы жинақта (189-бет) және 1939 жылғы жинақта (190-бет):

– “...Бүксiтiп, бықсыйтып, коқсыйтып келтiрдi”, –

деп басылған.

1977 жылғы жинақта:

– “Бүксiтiп,
Бықсыйтып,
Қоқсыйтып келтiрдi”, –

деп басылған. Түсiнiк берiлмеген.

Үшiншi шумақтың төртiншi жолы 1933 жылғы жинақта:

– “Ас кылып бергенге
Шыдамсыз, сабырсыз”, –

деп дұрыс басылса, 1977 жылғы жинақта:

– “...Шыдамас сабырсыз”, –

деп басылып, бұрмаланған.

124) “Күйiсбайға” (1903). “Дұғай сәлем жазамын Күйiсбайға”. – Бұл бiр ауыз өлең алғаш рет 1933 жинақта басылған (230 бет).

1945 жылғы жинақта бұл өлеңнiң жазылу тарихы туралы: Күйiсбайдың туысканы Серiкбай деген кiсi Қөтiбақ Әбiлхайырдың бiр айғырын ұрлайды. Абай Күйiсбайға сол айғырды тапқызып бер десе, орындай қоймапты. Айғырды бермей сөзбұйдаға сала берген соң айтқан екен. Күйiсбай бұдан соң айғырды таптырып берген, – делiнген (455-бет).

125) “Дүйсенкүлға”. “Саудан-ай, сауды алмадың-ау, сырқауды алып”. – Бұл бiр ауыз өлең де ең алғаш 1933 жылғы жинақта, “Мырзағұлға” деп аталып, жылы белгiсiз өлеңдер қатарында басылған (231-бет). 1939 жылғы жинақта да жылы белгiсiз өлеңдер қатарында “Дүйсенкүлға” деген атпен басылған (233-бет). Өлеңге берiлген түсiнiкте: “Саудан-ай сауды алмадың-ау” деген өлеңдi бұдан бұрынғы баспада “Мырзағұлға” деп басып едiк. Дәлiнде ол Мырзағұл емес, соның ағасы Дүйсенкүлға арналған екен. Бұл Абайдың Жақып деген ағайынының күйеуден қайтып келiп отырған ауру қызын алса керек. Өзi бұрын қатын тастағыш болса керек. Және қатын тастағанда қыз алмай, ылғи байсыз отырған қатынды алады екен. Сондай жайларына мысал етiп айтқаны, – деген (275-бет).

126) “Разаққа”, “Мына үйде отыр Разақ”. – Бұл өлең алғаш рет 1933 жылғы жинақта жылы белгiсiз өлеңдер қатарында басылған (232-бет). 1939 жылғы жинақта: “Мына үйде отыр Разақ” деген өлеңдi Разақ деген жiгiтке айтқан. Бұл Абайдың аймағындағы қожалар ауылының жiгiтi. Ол бiр жылы Абай

ауылына келіп, Абайдың өз үйіне бармай, өз құрбысы Әубәкірдікіне (Әубәкір – Ақылбайдың баласы, Абайдың немересі. – Қ.М.) қонақ болып отырады. Сонда айтқан “Үлкен қожа” – Әуез, – деп түсінік берілген (27^с бет).

127) “**Көк тұман – алдындағы келер заман**” (1897). – Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (6-бөлік. Нәсихат туралы. 55-бет). Бұл өлеңінде заман ағымын адам өмірі жайындағы ойларын толғайды.

Бұдан екі жыл бұрын (1895) жазған “Өлсе өлер табиғат, адам өлмес” өлеңіндегі:

– “Мені” мен “менікінің” айырылғанын,
Өлді деп ат қойыпты өңкей білмес”, –

деген ой-пікірін мына өлеңінде:

– “Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі,
“Мені” мен “менікінің” мағынасы – екі.
“Мен” өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан
“Менікі” өлсе өлсін, оған бекі”, –

дей таратып, анықтап айтып, ұғындырып береді.

Терең ойлы, кең мағыналы бұл өлеңнен Абайдың діндік нанымын, адамгершілік зор қасиетін айдан айқын көреміз.

Өлеңнің екінші шумағының бастапқы екі жолы 1909 жылғы кітапта (35-бет):

– “Ол күндер өткен күнмен бәрі бір бас,
Келер, кетер артына із қалдырмас”, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– “Ол күнде өткен күнмен бәрі бір бес (?)
Келер, кетер артына түк қалдырмас”, –

деп мүлдем бұрмаланып басылған.

Төртінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы кітапта:

– “Әділет пен арлылық, махаббатпен”, –

деп басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– “Әділеттік, арлылық, махаббатпен”, –

деп бұрмаланып басылған.

Осы төртінші шумақтың төртінші жолы 1909 жылғы кітапта:

– “...Ой жолдасың қабірден әрі өткенде”, –

деп басылған.

1922 жылғы (Қазан) жинақта (113-бет) және 1922 жылғы (Ташкент) жинақта (130-бет); 1909 жылғы кітап бойынша:

– “...Ой жолдасың кабірден әрі өткенде”, –

деп басылған.

Одан кейінгі жинақтарда: 1933 жылғы (191-бет), 1939 жылғы (193-бет) және 1945 жылы жинақта (190-бет)

– “...Үй жолдасың кабірден әрі өткенде”, –

деп өзгертіліп басылған. Өзгерту себебі айтылмаған.

Ал 1954 жылғы жинақта (II том, 24-бет)

– “...Үш жолдасың кабірден әрі өткенде”, –

деп басылған. Бірақ берілген түсінікте “Үш жолдасың” деп басылуы туралы еш нәрсе айтылмаған (263–264-бет). 1957 жылғы және 1977 жылғы жинақта:

– “...Үй жолдасың кабірден әрі өткенде”, –

деп басылған. “Үй жолдасың “ деп басылу себебі туралы түсінік берілмеген.

1909 жылғы және 1922 жылғы жинақтардағы “Ой жолдасың...” деген сөздер өлең мазмұнына қабыспай тұрғаны байқалады. Одан кейінгі жинақтарда (1933–1977):

“Үй жолдасың...” деп басылуы ақылға тіпті қонбайды.

Ақын бұл арада үйдегі (тірі кездегі) жолдас болатын нәрсе туралы айтып отырған жоқ. Өлгеннен кейінгі ахиретке бірге баратын жолдас туралы: “...жолдасың кабірден әрі өткенде” дейді. Сондағы жолдас болатын нәрселерді: “Әділет, ар, махаббат” деп, адамшылықтың үш сипатын атап айтып береді. Өлеңнің идеялық мазмұнын осылайша түсініп, “ой, үй” деген сөздер баспа қатесі деп біліп, “ой, үй” деген өлең мазмұнына қиыспайтын сөздердің орнына, өлең мазмұнына сай келетін “үш” деген сөзді қолданып: “Әділет пен арлылық, махаббатпен – үш жолдасың кабірден әрі өткенде”, – деп оқысақ, ақын сөзі өзінің дұрыс қалпына келеді деп білеміз.

Өлеңнің төртінші шумағына жалғаса келетін: “Малғасат, пайдағасат қылығыңды” деп басталатын 1909 жинақтан бастап, 1957 жылғы жинаққа шейін басылып келе жатқан, бесінші шумағы 1977 жылғы жинақта, “Жас өспірім замандас қапа қылды” өлеңінің соңында тіркеліп басылғаны туралы өрескелдік жайында жоғарыда жазылды.

Өлеңнің алтыншы шумағының төртінші жолы 1909 жылғы кітапта (55-бет):

– “Төн калып, мал да калып, жан кеткенде,
Соны ойла, болады не сенікі?” –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– “... Сонда (?) ойла, болады не сенікі?” –

деп бұрмаланып басылған, яғни “Сонда ойла” – өлгеннен кейін ойла деген мағынасыздыққа айналған.

Сол сияқты сегізінші шумақтың бастапқы жолы 1909 жылғы кітапта:

– “Көптің бәрін көп деме, көп те бөлек”, –

деп дұрыс басылса, 1977 жылғы жинақта:

– “Көптің бәрі көп деме, көп те бөлек”, –

деп басылған.

128) “Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап” (1897). – Өлең 1909 жылғы жинақта басылған (6-бөлік. Насихат туралы. 55-бет). Бұл өлеңнің бастапқы жолы Лермонтовтың “Не верь хвалам и уверениям” деп басталатын өлеңіне ұқсайды, бірақ онда ғашықтық жайы сөйленсе, Абай жалпы адамгершілік, әділет жайында сөйлейді. Аударма емес (1945 жылғы жинақта, 444-бет).

129) “Алла деген сөз жеңіл” (1897). – Өлеңнің бастапқы екі шумағы 1909 жылғы кітапта басылған (5-бөлік. Ой туралы, 48-бет). “Ақылға сыймас ол Алла” деп басталатын қалған екі шумағы 1939 жылғы жинақта қосылып басылған (196-бет). Бұл негізінде, көлемі төрт шумақ, бірақ өлең соңғы екі шумағының 1909 жылғы жинаққа кіргізілмей қалуының нақты себебі белгісіз.

Бұл өлеңнің жазылу тарихы туралы Кәкітай Ысқақұлы былай дейді: “Абай әсіресе ихтыйқатқа бек махкам еді. Не іс қылса да, не нәсихат айтса да мынау құдайшылыққа жөн, бүйтсе адамдыққа жөн деуші еді. Ғыйбадаттың ең үлкені көңілдің тазалығы, адам баласына жаны ашырлық деуші еді. Сыртымен софысынып, тақуасынған кісіні қатты ұнатпаушы еді. Мұндай адамдар халық үшін ғыйбадат қылады. Халықпен шын көкірегі емес, қара жұртқа құрметті болмақтан басқасы жоқ дейтін. Құдайға шын көңілмен ғыйбадат қылған кісі хафия¹ қылады деп, бұл туралы айтқан:

– “Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз қол емес.
Ынталы жүрек. шын көңіл
Өзгесі хаққа жол емес”.

¹ Хафи (арапша) құпыйа деген мағынада – Қ.М

“Абай (Ибрагим) Құнанбай ұғлының өмірі”, “Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбай ұғлының өлеңі” (С.-Петербург, 1909 г., 106 бет).

“Ақылға сыймас ол Алла” дейді. Бұл ой-пікірін 38-сөзінде анықтап: “Алла тағала өлшеусіз. Біздің ақылымыз өлшеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды”, – деп ашып айтып берген.

Ақыл жетпейтін Алланы, түстеп таныстыруға (тағрипка) тіл де жетпейді:

– “Тағрипка тілім қысқа ah!” –

деп өкінгендей болады.

Алланың бар екендігіне шүбә жоқ (“Барлығына шүбәсіз”), өзі бар (мәжүд) нәрсеге куә қажет емес:

– “Барлығына шүбәсіз
Неге мәжүт ол куә”, –

дейді.

Алланың барлығын ақыл да, адамның сезім мүшелері де (хауас) білмейді, тек жүрек сезеді:

– “Ақыл мен хауас барлығын
Білмейдүр, жүрек сезедүр”, –

дейді.

Сөйтіп Алла туралы өзінің ой-пікірін тұжырымдап, қорытып айта келіп, Алланы, дінді өздерінше дәлелдеуші (мүтәкәллимін) мұсылман теолог-ғалымдарын, логикашыларды (мантыйкин) қатты шенейді:

– “Мүтәкәллимін мантыйкын
Бекер босқа еседүр”, –

дейді.

Өлеңнің алғашқы шумағының екінші жолы:

“...Аллаға ауыз жол емес”, –

деп, төртінші жолы:

“...Өзгесі хаққа қол емес”, –

деп 1909 жылғы кітапта (48-бет), “жол”, “қол” деген сөздердің орны ауысып, қате басылып кеткен. Сол кітаптың соңында басылған, Абай өміріне арналған мақаласында Кәкітай өлеңнің алғашқы шумағының дұрыс нұсқасын:

– “Алла деген сөз жеңіл.
Аллаға ауыз қол емес,

Ынталы жүрек, шын көңіл
Өзгесі хаққа жол емес”, –

деп, Абай сөзін дәл берген (106-бет).

Осы өлең шумағының екінші және төртінші жолы 1977 жылғы жинақта және одан бұрынғы жинақтарда:

“...Аллаға ауыз жол (?) емес,
...Өзгесі хаққа қол (?) емес”, –

деп дұрыс басылмаған.

Бұдан 70 жыл бұрын (1923) Ілияс Жансүгіров. “Абай кітабы” атты мақаласында, 1922 жылы Ташкентте басылып шыққан (3-басылуы) Абай жинағында қате басылған сөздерді көрсете келіп:

– “Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз жол емес.
Ынталы жүрек, шын көңіл
Өзгесі хаққа қол емес”.

Бұл екі жолдағы “қол” мен “жол” айырбасталып түскен. Абайдың бұл жыры кітаптың (1909 жылғы кітап. – Қ.М.) басындағы өмірінде (Кітаптың соңында басылған, Кәкітай мақаласын айтады. – Қ.М.) дұрыс жазылған, ортасында түзетілмеген, – деген еді (Тілші газеті”, 1923 жыл, 8 май, Алматы). Сонан бері осы күнге шейін түзетілмей басылып келе жатыр.

Өлеңнің үшінші шумағының төртінші жолы 1977 жылғы жинақта:

– “...Неге мәужүт ол куа”, –

деп, дұрыс басылмай, бұрмаланған.

Дұрысы:

– “...Неге мәужүд ол куә”. –

болады, сол сияқты төртінші шумақтың бастапқы екі жолы:

– “Ақыл мен хауас барлығын
Білмейдүр жүрек (?), сезедүр”, –

деп тыныс белгісі дұрыс қойылмай басылғандықтан, өлең мазмұны мүлдем бұзылған. Тыныс белгісі “білмейдүр” дегеннен кейін “жүректің” алдында қойылуы керек еді.

130) “Құр айғай бақырған, құлаққа ән бе екен?” (1897). – Бұл екі ауыз өлең тұңғыш рет Самат Әбішұлы Нұржанов бастырған “Абай термесі” (Орынбор, 1916) атты жинақта жарияланған, одан кейін 1933 жылғы жинақта басылған (195-бет).

Өлеңнің екінші шумағы 1977 жинақта:

– “Өңкей надан антүрған
(Қанша айтса, жан ба екен)
Бос жүріп, қор қылған
Өміріне сән бе екен?”, –

деп басылған.

1933 жылғы жинақта (195-бет):

“...Бос жүріп құр қылған
Өмірі кән бе екен?”, –

деп басылған (“Сән бе екен” деген бірінші шумақта айтылған).

“Абай термесінде”:

– “Өңкей надан антүрған
Не десе де жән бе екен?
Бос жүріп құр қалған
Өміріңе сән бе екен?”, –

деп басылған. Бұл өлең текстологиялық зерттеу қажет етеді.

131) “Мен сәлем жазамын. Қарағым, қалқам” (1897). – Бұл өлең тұңғыш рет 1933 жылғы жинақта жарияланған (195-196-бет). Өзі әнмен айтылған өлең болуға тиіс. Кімге, не жайында жазылғаны белгісіз (1945 жылғы жинақ, 446-бет).

132) “Соры қалың соққы жеген пышанамыз” (1897). – Бұл бір ауыз өлең алғаш рет 1933 жылғы жинақта басылған (196-бет). Бұл өлең туралы Тұрағұл: “Дала уалаяты” газетіне менің әкемді әкесіне ас бермеді деп жамандап, Кереку жағының біреуі “Атадан бала туса игі, ата жолын қуса игі”, деп жазған. Сондайлардың мінезіне айтқан..., – дейді.

133) “Ғабидоллаға” (1897). “Жазғытұрым қылтыйған бір жауқазын”. – Өлең 1933 жылғы жинақта жарияланған (196-бет). Бұл өлеңді өз ауылындағы татар Ғабитқанның баласы Ғабидолла деген жігітке айтқан. Ол бір уақыт сауда істеп, мал тапқанына мастанып, білгіш кісімсіп, қалай болса солай шалқып, сөз таластыра береді екен. Асып-тасып алған кезінде: – Абай, Абай дейсіндер, осы Абайларың кім өзі? – депті. Соны естіген соң, ызадан туған өлеңі. Сол кезде Ғабидолла отыз жастағы жігіт екен. Оның әңгімесінің ішінде болып, астамшылық сөзін естіп отырған Абайдың он алты жастағы немересі Әубәкір (Ақылбайдың баласы) қолма-қол суырып салып, Ғабидоллаға:

– “Ит ылықса, болса ток,
Танымайды иесін.
Борбайынды көтеріп,

Әр бұтаға сиесін.
Екі ені бар айғыр да
Таныйды ғой биесін
Тыныш жатқан кісіге
Өзін келіп тиесің”, –

депті.

“Фабидоллаға” деген өлең тұңғыш рет “Абай термесі” жинағында басылыпты.

Өлеңнің бастапқы шумағының бесінші жолы Абай термесінде:

– “...Күз жеткен соң тамырын үсік шалып”, –

деп басылыпты.

1977 жылғы жинақта:

– “...Күз келген соң тамырын үсік шалып”, –

деп басылған.

134) “Құлақтан кіріп, бойды алар” (1897). – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (2-бөлік. Өлең туралы. 34-бет). Бұл – ақынның ән мен күйге арналған екінші өлеңі. “Құлақтан кіріп бойды алар, жақсы ән мен тәтті күй” деп бастап, ән мен күйді тыңдап, тамаша етуші ғана емес, өзі құмартып сүйген “жақсы ән мен тәтті күйден” зор құш-қуат алатынын, музыка өнерінің әсері ақындық шабытына шабыт қосып, шалқытатын қасиетін айтып, жыр толғайды.

Терең ойлы, сергек сезімді, ұшқыр қиялды данышпан ақын бұл өлеңінде ән мен күй өнерінің барлық қасиетін көркем сөзбен жеріне жеткізіп, суреттеп берген.

135) “Ерекше естен кетпес қызық қайда?” (1897). – Бұл үш шумақ өлең ең алғаш 1940 жылғы жинақта (2-том, аудармалары мен қара сөздері, 108-бет) М. Ю. Лермонтовтан аударған “Қасиетті дұға” атты өлеңінің соңғы үш шумағы ретінде басылған. Берілген түсінікте: “...Өлеңнің басқа он екі жолы Лермонтовтың “В минуту жизни трудную” деп басталатын “Өмірден тепкі көрсем жазығым жоқ” өлеңінің аудармасы. Ал өлеңнің “Ерекше естен кетпес қызық қайда?” деген жерінен бастап, қалған он екі жолы Абайдың өзіне тән өлең көрінеді. Лермонтов өлеңінде айтылған ой-пікірді, қосымша өлеңдермен Абайдың өзінше толықтырғаны байқалады (262-бет), – деген.

1945 жылғы жинақта (198-бет), 1954 жылғы жинақта (2 том, 38-бет) және 1957 жылғы жинақта (II том, 112-бет) “Қасиетті дұға” Лермонтовтан деп аталып, 1940 жылғы жинақ бойынша басылған.

Тек 1977 жылғы жинақта “Ерекше естен кетпес қызық қайда?” деп басталатын үш шумағы Абайдың өз өлеңі ретінде басылған. Берілген түсініктегі: “...1957 жылғы жинақ бойынша берілді” (420-бет) – деген сөздері дұрыс емес.

136) “Болды да партия, ел іші бұзылды” (1898). – Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы. 29-бет). Бұл өлең туралы Тұрағұл: “Болды да партия...” деген өлеңді де Қыздарға шамданғаннан айтып еді, – дейді. Бұл көп себептің бір шеті ғана болуы керек. Өлеңнің тууына үлкен себеп болған мәселе туралы Мұхтар Әуезов былай дейді: “1898 жылдарға келгенде, Абай ел сөзі мен ел жұмысынан шыға алмай қойғанда, көбінесе ел ішіне әділ билікпен тыныштық орнатып, тым болмаса дау-шарды тоқтатармын деген үмітте болған сияқты. Бірақ берірек келген сайын, ел сөзінен шынымен қашып жүрсе де, еріксіздік кірістірген уақытта көп еңбегін осы жаққа салады:

– “Болады да партия,
Ел іші жарылды.
Әуремін мен тыя,
Дауың мен шарыңды” ... –

дейді.

... Абай не қылса да бұл тартыс тыйылмайды. (1933 жылғы жинақ, 377–378-бет). Пәлекор атқамінерлер ақынға тыныштық бермей, мазасын ала береді.

– “Ортаға көп салдым
Өзімде барымды
Япырмай, неңді алдым,
Сау қоймай арымды”, –

деп мұңға батып, толғанады.

Өлеңнің үшінші шумағының бастапқы жолы 1909 жылғы кітапта (29-бет):

– “Ортаға көп салдым
Өзімде барымды”, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– “Ортаға кеп салдым”, –

деп бұрмаланып басылған.

Сол үшінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы кітапта:

– “...Япырмай, неңді алдым”, –

деп басылса, 1977 жылғы жинақта:

– “...Япырмау, ненді алдым”, –

деп өзгертіліп басылған.

137) “Қуаты оттай бұрқырап” (1898). – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік. Өзі туралы. 39-бет). Бұл өлеңі ақындық өнерге арналған. Ерекше көркем, кең ойлы, терең мағыналы өлеңінде, ақын сөзінің өзіне тән, өзгеше құдіретті қуатын сипаттап, толғайды.

Нағыз ақынның келісімді көркем сөзі салқын ақылға, салмақты ойға қона қалмайтын, ең алдымен адамның жылы жүрегін, сергек сезімін қозғайтын қасиетін сипаттап:

– “Ақылмен ойлап білген сөз
Бойыңа жүкпәс, сырғанар.
Ынталы жүрек сезген сөз
Бар тамырды қуалар”, –

деп суреттейді.

138) “Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма?” (1898). – Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік. Өзі туралы. 39-бет). Бұл өлең туралы қысқаша түсінік берген Тұрағұл: “Сұм дүние тонап жатыр ісің бар ма?” деген өлеңді 1898 жылы тісі түскенде айтты, – дейді.

Өлеңнің бірінші шумағының төртінші жолы 1909 жылы кітапта (39-бет):

– “...Желікпен жерге тықпас кісің бар ма”, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– “...Желігін жерге тықпас кісің бар ма?” –

деп бұрмаланып өлең мазмұны мүлдем бұзылып басылған және 1909 жылы басылымы туралы бірінші шумақтың соңғы жолы 1909 жылғы жинақ негізінде:

– “Желіккен жерге тықпас кісің бар ма?!”, –

деп басылып келген еді (420-бет), – деп шындыққа жатпайтын, жалған түсінік берілген.

1909 жылғы кітапта:

– “Желікпен жерге тықпас кісің бар ма?” –

деп араб әрпімен анық басылған. Одан кейінгі жинақтардың бәрінде 1909 жылғы кітап бойынша:

– “Желікпен жерге тықпас кісің бар ма?” –

деп басылған: Қазан, 1922 жылғы жинақ (78-бет), Ташкент 1922 жылғы жинақ (114-бет), 1933 жылғы жинақ (198-бет),

1939 жылғы жинақ (205-бет), 1945 жылғы жинақ (204-бет), 1954 жылғы жинақ (II том) 43-бет.

Сөйтіп 1909 жылдан бастап, 1954 жылға шейін, 45 жыл бойы дұрыс басылып келген Абай сөзі, 1957 және 1977 жылғы жинақта:

– “...Желігін (!) жерге тықпас кісің бар ма?” –

деп мүлдем бұрмаланып басылып өлеңнің мағына, мазмұны жойылған.

139) “Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?” (1898). – Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік. Өзі туралы. 39-бет). Ақынның бұл өлеңі туралы Кәкітай Бісқақұлы Құнанбаев былай дейді:

“... Абай бала жасынан қазақтың тәуір жігіті партияда күшті боламын деп талап қылғаннан басқаны ойламайтұғын уақытта өсті. Сол себепті жазушылықтың өзі де екінші дәрежеде қалып, салақ болып, берірек ұлғайыңқыраған кезінде өкініш түсіп, жасынан ғылым жолында болмай, қазақтың айғайымен жүргендіктен кешірген өмірінің, жазған өлеңінің ретсіз болып, яки ғыйбрат алмаққа жарамайтұғын, ақылға сыйымсыз жері болса, кейінгі замандағы сынаушы жастардан, өзінің тәрбиесіз, үлгісіз өскен өмірін айтып, надан елдің ішінде неше түрлі машақат әурешілікпен бойды ыза кернеп өткен хатам болса аяп, аз сөге көріндер деп жазғаны “Өлсем орным қара жер сыз болмай ма...” (Абай (Ибрагим) Құнанбай ұғлының өмірі. “Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбай ұғлының өлеңі”. С.-Петербург, 1909 жыл, 110–111-бет).

Ұлы ақын келер ұрпаққа бар сырын ашып айтып, мұң шағады.

Өлеңнің төртінші шумағының бастапқы жолы 1909 жылғы кітапта (39-бет):

– “Жүрегіннің түбіне терең бойла”, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– “Жүрегімнің (?) түбіне терең бойла”, –

деп мүлдем бұрмаланып басылған. Ақын сөзінің не себептен өзгертілгені туралы түсінік берілмеген.

1909 жылдан кейінгі барлық жинақтарда да:

– “Жүрегіннің түбіне терең бойла”, –

деп дұрыс басылған. Мысалы, 1933 жинақта (199-бет), 1939 жылғы жинақта (206-бет), өлеңнің ең соңғы шумағы ақын жинақтарында: 1945 жылғы жинақта (206-бет), 1954 жылғы жинақта (II том, 44-бет).

140) “Жүректе қайрат болмаса” (1898). – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (5-бөлік. Ой туралы. 48-бет). Бұл өлеңін “Жүректе қайрат болмаса, ұйықтаған ойды кім түртпек” деп бастап, адамшылық сипат туралы ойларын толғай келіп, надандықты шенейді.

– “Атымды адам қойған соң,
Қайтып надан болайын.
Халқым надан болған соң,
Қайда барын оңайын”, –

деп басылып келеді.

Осы өлеңнің екінші жолындағы бір сөз, Оразке жазбасында басқаша беріліп:

– “Атымды адам қойған соң,
Қайтып хайуан болайын”, –

деп жазылған.

Абай осы арада “надан” деген сөзді қолданған ба, жоқ әлде “хайуан” деген сөзді қолданған ба? Осы сөздің басын ашып алу керек.

Біз өлеңді бастан аяқ қайталап оқып, шығып: Абай “хайуан” деген сөзді ауыспалы мағынада қолданған деп түсіндік. Өлеңнің бастапқы шумағының соңғы екі жолын оқып көрейік:

– “...Ақылға сәуле қонбаса,
Хайуанша жүріп күнелтпек”, –

дейді.

Енді ең соңғы шумағының алдындағы өлеңді келтірейік:

– “Малда да бар жан мен тән,
Ақыл, сезім болмаса.
Тіршіліктің несі сән,
Тереңге бет қоймаса”, –

деп келеді де, өлең былайша қорытылып, аяқталады:

– “Атымды адам қойған соң,
Қайтіп хайуан болайын.
Халқым надан болған соң,
Қайда барып оңайын”.

Сөйтіп, “хайуан” деген сөз ауыспалы мағынада қолданылғанына көзіміз жетеді және Абай бір ауыз өлеңінде, мағынасы бірдей бір сөзді, яғни “надан” деген сөзді қайталап, екі рет жазбайды. Сондықтан Оразке қолжазбасында Абай сөзі дұрыс берілген.

Абай өлеңдерін көшіруші басқа адам “хайуан” деген сөзді өз ойынша оғаш көріп, ол сөздің орнына, өлеңнің өзінде тұрған “надан” деген сөзді жаза салуы да мүмкін.

141) “Жаманбаланың баласы өлгенде” (1898). – Өлең ең алғаш 1933 жылғы жинақта жарияланған (218-бет). Бұл бір ауыз өлеңді: “Өзінің кедей көршісі Жаманбала дегеннің баласы өлгенде айтқан” (1933 жылғы жинақ, 327-бет).

142) “Күн артынан күн туар” (1898). – Бұл бір ауыз өлең ең алғаш 1933 жылғы жинақта басылған (218-бет).

Өлең 1933 жылғы жинақта:

– “Күн артынан күн туар,
Бір күн дамыл еткізбес.
Ой артынан ой туар,
Желге мінсең, жеткізбес”, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта өлеңнің үшінші жолы орынсыз өзгертіліп:

– “...Ой артынан ой қуар (!)”, –

деп басылған.

143) “Ауру жүрек ақырын соғады жай” (1898). – Бұл өлең алғаш 1933 жылғы жинақта, Лермонтовтан деп аталып, басылған (218–219-бет), ешқандай түсінік берілмеген.

1940 жылғы жинақта (II том, аудармалары мен қара сөздері) Лермонтовтан аударылған өлеңдер ретінде басылған (143-бет). Берілген түсінікте: Бұл өлең Абайдың бұрынғы баспаларында “Лермонтовтан” деп келген. Бірақ Лермонтовтың қай өлеңінен аударылғандығын анықтауға мүмкіндік болмады, – деген (265-бет).

1945 жылғы жинақта “Ауру жүрек ақырын соғады жай” деп тақырып беріліп басылған (235–236-бет). Берілген түсінікте: “Ауыру жүрек ақырын соғады жай” (1898) – деген өлең Мүрсейіт қолжазбасында “Лермонтовтан” деп көрсетіліпті (98-бет, 63-бет). Бірақ дәл қай өлеңінен аударылғанын білу қиын... Бұл баспаға 1940 жылғы басылған нұсқасы алынды”, – деген (451-бет).

1954 жылғы жинақта (II том) басылған (49-бет) түсінікте: “... Өлеңнің тексі Мүрсейіт қолжазбалары бойынша алынды” – деген (271-бет).

1957 жылғы жинақта (I том, 227-бет) және 1977 жылғы жинақта (I том, 285-бет) Абайдың өз өлеңі ретінде басылған. Түсінік берілмеген.

Мұхтар Әуезов Абайдың Лермонтовтан аударылған өлеңдері туралы айта келіп: Абайды “Ауру жүрек ақырын соғады жәй” дейтін өлең орысша “Больное сердце бьется ров-

но” деген өлеңмен сарындас шығады, — дейді. (М. О. Әуезов. “Абай Құнанбаев мақалалар мен зерттеулер”, 1967 ж., 192-бет).

144) “Есінде бар ма жас күнің” (1899). — Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік. Өзі туралы. 40-бет). Бұл өлеңінде жасы елуден асып бара жатқан ақын қызықты жастық шағын емірене еске алып, сағынышты көңіл күйін шертіп, толғайды.

Өлеңнің екінші шумағының үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (40-бет):

— “...Үміті жақын көңіл ақ”, —

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

— “...Үміт жақын, көңіл ақ”, —

деп бұрмаланып, орынсыз тыныс белгісі қойылып басылған.

Төртінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (40-бет):

— “...Қасиет кетті, дос кетті”. —

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

— “...Махаббат кетті, дос кетті”, —

деп бұрмаланып басылған. “Қасиет” деген өз орнында тұрған сөз “Махаббат” деген сөзбен ауыстырылған.

1933 жылғы жинақта 219-бет, 1939 жылғы жинақта 210-бет және 1945 жылғы жинақта 237-бет, 1909 жылғы кітап бойынша:

— “...Қасиет кетті, дос кетті”. —

деп дұрыс басылған. Абай өзінен “махаббат кетті” демейтін шығар.

Абайдың:

— “Махаббатсыз дүние бос,
Хайуанға оны қосыңдар”, —

дегенін еске алсақ та жеткілікті.

145) “Жүрегім менің қырық жамау” (1899). — Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік. Өзі туралы, 40-бет). Өзінің бас қайғысына арналған бұл өлеңінде: “Қиянатшыл дүниеден” торығып, дерттенген ақын, терең тебіреніп қайғылы көңіл күйін толғайды.

146) “Адам бір боқ көтерген — боқтың қабы” (1899). — Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (6-бөлік. Насихат тура-

лы. 56-бет). Өлеңнің бастапқы шумағында адам табиғатын, әдейі тұрпайылау сөздерді қолданып, сескендіре суреттейді. Адамды тәубеге келтіргісі келгендей болады.

Екінші шумағында адам өмірі бір қалыпты тұра алмай-тынын айта келіп:

– “Адамды сүй, Алланың хикметін сүй,
Не қызық бар өмірде онан басқа”, –

дейді.

Өлеңнің екінші шумағының екінші, үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (56-бет):

– “...Көз жетті бір қалыпты тұра алмасқа.
Адамды сүй, Алланың хикметін сүй”, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– “...Көз жетті бір қалыпта тұра алмасқа.
Адамды сүй, Алланың хикметі сез (?)”, –

деп өзгертіліп, бұрмаланып басылған.

147) “Күшік асырап, ит еттім” (1899). – Адамның опасыздық оңбаған мінезін шенейтін, бұл бір ауыз өлең алғаш рет 1933 жылғы жинақта жарияланған (223-бет).

148) “Сүйсіне алмадым, сүймедім” (1899). – Бұл бір шумақ өлең де алғаш рет 1933 жылғы жинақта басылған (222-бет).

149) “Дүтбайға”. “Жылуы жоқ бойының, жылмайғаны не еткені” (1899). – Бұл өлең де тұңғыш рет 1933 жылғы жинақта басылған (222–223-бет). Берілген түсінікте: “жылуы жоқ бойының, жылмайғаны не еткені” дегенді Мұқыр болысындағы өзінің жақын досы Дүтбайға айтқан. Бұл бір болыс Мұқырдағы Көкшенің басты адамы болған. Артынан Абайдың Күлбадан деген әйел баласының өз күйеуі (Дүтбайдың інісі. – Қ.М.) өлген соң, осы ағасы Дүтбай алып, Абайға күйеу де болған. Бірақ дос, жақын болса да, мінездерін ұнатпағандықтан осылайша өлең қылған, – деген (327-бет).

150) “Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен” (1899). – Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (15-бөлік, Переводтар, 85-бет). Өлеңнің басында “Лермонтов” деген.

1933 жылғы жинақта “Лермонтовтан” деп аталып басылған (220–221-бет). 1940 жылғы жинақта (II том) Лермонтовтан аударылған өлеңдер қатарында басылған (144-бет). Берілген түсінікте: “Бұл өлең Лермонтовтың қай өлеңінен аударылғаны белгісіз. Бұрынғы қолжазбасы мен баспаларында Лермонтов өлеңі деп келе жатқан соң сол мақұл болар дейміз” – деген (266-бет).

1945 жылғы жинақта басылған (239-бет) бұл өлеңге берілген түсінікте: “...Бұ да Мүрсейіт қолжазбалары мен бұрынғы баспаларында” Лермонтовтан делінген. Бірақ дәл қай өлеңінен екені белгісіз. Тегінде, Абайдың Лермонтов сарынымен жазған өз өлеңдері де аз болмауға тиіс пе деп шамалаймыз, – деген (452-бет).

1954 жылғы жинақта басылғанына (91-бет) берілген түсінікте: “...1909 жылғы жинақ және Мүрсейіт қолжазбалары бойынша берілді. Кейбір баспаларда Лермонтовтан деп көрсетілген, бірақ Лермонтовта бұл өлеңнің оригиналы жоқ”, – деген (289-бет).

1957 жылғы және 1977 жылғы жинақта, 1954 жылғы жинақта түсінік беріліп, Абайдың өз өлеңі ретінде басылған.

Өлеңнің бастапқы шумағының бірінші жолы 1909 жылғы кітапта (85-бет) және 1922 жылғы Қазанда шыққан жинақта (176-бет):

– “Нұрлы аспанға тіресіп өскенсің сен”, –

деп басылған.

1933 жылғы жинақта (220-бет) өзгертіліп:

– “Нұрлы аспанға талпынып өскенсің сен”, –

деп басылған.

1940 жылғы жинақта (II том, 144-бет):

– “Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен, –

деп басылған. Осыдан кейінгі жинақтардың бәрінде 1940 жылғы жинақ бойынша басылған.

Біз 1909 жылғы кітаптағы басылуын дұрыс деп білеміз.

Үшінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (85 бет):

– “...Дәні толық, басы ауыр егіндей-ақ”, –

деп дұрыс басылған. Одан кейінгі жинақтардың бәрінде (1922–1954) 1909 жылғы кітап бойынша дұрыс басылған.

Ал 1977 жылғы жинақта орынсыз өзгертіліп:

– “...Дәні толық, басы үлкен? егіндей-ақ”, –

деп басылған.

Бұл арада ақын дәні толық егіннің басы ауыр, яғни салмақты болатынын айтып отырғаны түсінікті болатын шығар.

151) “Жүрегім, нені сезесің” (1900). – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік. Өзі туралы, 40-бет). Ақын бұл өлеңде өзінің бас қайғысын толғайды, ішкі сезім-сырын

шертеді. “Әркімге тілеу қостық қой, бәрі алдамшы – саудагер” деп опасыздықты шенеп, күйінеді. “Кеңесерге адам жоқ”, “Жалғыздықтан жаман жоқ” деп мұнаяды.

Өлеңнің бесінші шумағының бірінші және үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (40-бет):

– “Досты қайдан табасың”, –
... Әрлі-берлі шабасың, –

деп басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– “Досты қайдан табарсың,
... Әрлі-берлі шабарсың”, –

деп бұрмаланып басылған.

152) “Көлеңке басын ұзартып” (1895). – Өлең 1909 жылғы жинақта басылған (3-бөлік. Өзі туралы, 38-бет). Бұл терең сырлы лирикасында табиғаттың бір бейуақ кезінде, күн батып бара жатқан шақта ақын көңілі де күңгірт тартып, мұңға батып, табиғатпен сырласқандай болады.

Өткен өкінішті өміріне “ой жіберіп” толғанады. “Кім алдады, кім тоқпақ салды, соны санап”, өкінішті көңіл шерін шертеді.

Өлеңнің екінші шумағының екінші жолы 1909 жылғы кітапта (38-бет):

– “...Сұрқыл тартқан бейуаққа”, –

деп басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– “...Сұрғылт тартқан бейуаққа”, –

деп, өзгертіліп басылған. Өзгерту себебі айтылып, дәлелденбеген.

153) “Ұяламын дегені көңіл үшін” (1901). – Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы. 29-бет).

1945 жылғы жинақта бұл өлең туралы: “Ұяламын дегені көңіл үшін” деген өлең Абайдың 1933 жылғы жинағында басылған. Одан бұрынғы баспаларында жоқ, – деп қате түсінік берілген (454-бет).

Абай бұл өлеңінде елінің мінез-құлқы бұзылып, адамшылық ар-ұяттан айырылып бара жатқан аянышты хәліне күйініп, тебіренеді.

Отаршыл орыс патшалығының зұлымдық саясатына, қазақты біріне-бірін айдап салған әрекеті елдің береке-бірлігін кетіріп, аздырып-тоздырғанына жаны күйіп:

– “Туысканың, достарың – бәрі екі үшті,
Сол себепті досыңнан дұшпан күшті.

Сүйсе жалған, сүймесе аянбаған,
Бұл не деген заманға күнім түсті”, –

деп қаны қайнап, күңіренеді.

Өлеңнің екінші шумағының үшінші жолы 1909 жылғы кітапта (29-бет):

– “...Ар мен ұят ойламай тән асырап”, –

деп басылып, өлеңнің көркемдік шырқы бұзылған.

154) “Жапырағы қуарған ескі үмітпен” (1901). – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (6-бөлік. Насихат туралы. 56-бет). Бұл үш ауыз шағын өлеңінде өткен өкінішті өмірін есіне алып толғанады.

Өлеңнің бастапқы шумағының екінші жолы 1909 жылғы кітапта (56-бет):

– “Жапырағы қуарған ескі үмітпен
Зыя ғып өмір сүріп, бос жүріппін”, –

деп дұрыс басылған.

1922 жылғы Ташкентте шыққан жинақта (134-бет), 1909 жылғы кітап бойынша:

– “...Зая ғып өмір сүріп, бос жүріппін”, –

деп басылған және “зая” деген сөзге:

“Зая – (арабша-зыяғ) босқа, бос кету бос өткізу, жоғалту”, – деп Халел Досмұхамедов түсінік берген (278-бет).

Ал 1922 жылғы (Қазан, екінші басылуы) жинақта (115-бет), “Зыяғ” (зая) деген араб сөзін түсінбегендіктен болуы керек:

– “... Хиял ғып өмір сүріп, бос жүріппін,” –

деп басылған. Бұдан кейінгі жинақтардың бәрінде (1933–1977):

– “... Қиял ғып өмір сүріп, бос жүріппін,” –

деп 1922 жылғы (Қазан) жинақ бойынша бұрмаланып басылған.

Екінші шумақтың бірінші жолы 1909 жылғы кітапта (56-бет):

– “Ой дәурен, өмір емес бір көрген түс,” –

деп басылған.

1922 жылғы (Қазан) жинақта (115-бет) және 1922 жылғы (Ташкент) жинақта (134-бет), 1909 жылғы кітап бойынша:

– “Ой, дәурен! Өмір емес, бір көрген түс”, – деп басылған. Бұдан кейінгі жинақтардың бәрінде (1933, 225-бет, 1939, 221-бет, 1945, 248-бет):

– “Ой дәурен, өмір емес, бір көрген түс”, – деп басылған.

Ал, 1954 жылғы жинақта (II том, 103-бет):

– “Ол дәурен өмір емес, бір көрген түс”, – деп өзгертіліп басылған. Өзгерту себебі айтылмаған.

1957 жылғы жинақта (239-бет) әуелгі нұсқасы бойынша:

– “Ой, дәурен өмір емес, бір көрген түс”, – деп дұрыс басылған. Бірақ тыныс белгісі дұрыс қойылмаған. Берілген түсінікте: ... Екінші шумақтың 1-жолы кейбір баспаларда:

Ол дәурен өмір емес бір көрген түс, – деп басылып келді. Бұл жинақта:

– “Ой дәурен өмір емес, бір көрген түс”, – деп Мүрсейіт қолжазбаларындағы (1905, 1910) қалпы сақталды деген (350-бет).

Ал 1977 жылғы жинақта:

– “Ол дәурен өмір емес, бір көрген түс”, – деп 1954 жылғы жинақ бойынша басылған. Берілген түсінікте: “...Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1910) бойынша жіберіліп отыр”, – деп (425-бет) дұрыс айтылмаған. 1909 жылғы, 1957 жылғы жинақта қалай басылғаны жоғарыда көрсетілді.

Сөйтіп, тек 1954, 1977 жылғы жинақта ғана:

– “Ол дәурен өмір емес, бір көрген түс”, – деп басылған.

155) “Қуанбандар, жастыққа” (1901). – Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (6-бөлік. Нәсихат туралы. 56-бет). Өлеңнің жазылу тарихы туралы Тұрағұл былайша баяндайды: “Біздің елге Ысқақ Махмұдов деген ноғай ертеректе саудамен келіп, қазақтан қыз алып, қазақ ғұрпына түсіп, қазақ сықылданып кеткен, қазақ ішінде недәуір бай болған. Құнанбай қажының балаларынан қыз алып, қыз беріп құршаласып құда, құшақтасқан дос, туысқан есебінде болған. Сол Ысқақтың немерелері Сыдық, Жабиолла деген екі жасы, бозбала балалар менің әкемнің үйіне келіп отырған-

да соларға арнап: “Қуанбаңдар, жастыққа” деген өлеңді жазған (Тұрағұл Абай ұлының “Әкем Абай туралы” деген естелік әңгімесінен. — Қ.М.).

Өлеңнің бастапқы екінші жолы 1909 жылғы кітапта (56-бет):

— “... Елірме күлкі, мастыққа”, —

деп басылса, 1977 жылғы жинақта:

— “... Елерме күлкі, мастыққа”, —

деп бұрмаланып басылған.

Он екінші жолы 1909 жылғы кітапта:

— “... Даңғойланып қақтықпа”, —

деп дұрыс басылған.

1977 жылғы жинақта:

— “...Даңғойланып қаптықпа”, —

деп тағы бұрмаланып басылған.

Он жетінші жолы 1909 жылғы жинақта:

— “Арсыз, құмар болғандар
Опыр-топыр, шақ-шүкка”, —

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

— “Арыз (?) құмар болғандар”, —

деп мүлдем бұрмаланып басылып, өлеңнің мазмұны бұзылған.

156) “Осы қымыз қазаққа мақтаның ба, асың ба?” (1901).

— Бұл өлең де 1909 жылғы жинақта басылған (6-бөлік. Насихат туралы, 56-бет). Бұл өлеңнің жазылу тарихы туралы Тұрағұл: “Осы қымыз қазаққа мақтаның ба, асың ба?” деген өлеңді де сол күні, сол жерде (“Қуанбаңдар, жастыққа” өлеңі жазылған уақытты айтады. — Қ.М.) қымыз ішіп, қызып отырғандарға арнап жазып еді” — дейді.

Өлеңнің бесінші жолы 1909 жылғы кітапта (56-бет).

— “Бойыңа сіңіп ұрт болған
Қызба бастық жасында,” —

деп дұрыс басылған, “ұрт” — араб сөзі.

1977 жылғы жинақта:

— “Бойыңа сіңіп өрт болған...” —

деп қате басылған.

Жетінші жолы 1909 жылғы кітапта (56-бет):

– “Қызылшыл семіз жаз қымыз,” –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

– “Қызылшыл семіз жас қымыз,” –

деп бұрмаланып басылған.

Өлеңнің ең соңғы жолы 1909 жылғы кітапта (57-бет):

– “Қойныңда ақша, қолда қой
Күзетке оңай, шошыма,” –

деп дұрыс басылса, 1977 жылғы жинақта:

– “Күзетке оңай, шошынба,” –

деп басылған.

157) “Буынсыз тілің” (1901). – Бұл шағын өлең ең алғаш 1933 жылғы жинақта басылған (227-бет).

158) “Тоты құс түсті көбелек” (1902). – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған.

159) “Алланың өзі де рас, сөзі де рас” (1902). – Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (5-бөлік. Ой туралы, 49–50-бет). Бұл шығарма Абайдың дінге арналған өлеңдерінің ең соңғысы. Дін туралы ойларын қорытып айтқан түйінді пікірін білдіретін және анық діншіл ақын екендігін айқын көрсететін өлеңі.

Өлеңін: “Алланың өзі де рас, сөзі де рас, Рас сөз еш уақытта жалған болмас” деп бастап, Аллаға шексіз сенетінін әйгілеп, ашықтан ашық, анық аңғартады.

“Көп кітап келді Алладан, оның төрті Алланы танытуға сөз айырмас” деп, сол келген көп кітаптың, яғни 104 кітаптың ішінен Алланы анық танытатын төрт кітап дейді. Бөліп айтып отырған төрт кітабы: Мұса пайғамбарға келген кітап – Тәурат (Талмуд), Иса пайғамбарға келген Інжил (Евангелия), Дәуіт пайғамбарға келген – Зәбүр (Псалма) және Мұхаммед пайғамбарға келген кітап – Құран.

Барлық мұсылман өзінің мұсылмандығына иман келтіріп айтатын Құранның шартты аятын атайды. Ол аят мынау:

“Амантү билләһи. Уамалай кәтиһи. Уактубиһи. Уарслуһи. Уаляюум әлахр. Уалқадр хаире уашрәмін. Алла тағалаһи. Уалбағыз бағдал мәут”.

Мағынасы: “Аллаға сендім, барлығына, жалғыздығына иландым және періштелері және кітаптарына сендім және пайғамбарларына сендім. Соңғы күніне, яғни қиямет күніне сендім”.

Барша жақсылық, жамандық істер Алла тағаланың тағдырынсыз болмайтуғынына сендім.

Өлгеннен соң тіріліп, сұрау беретұғынымызға сендім.

Иманның осындай жеті шарты еске алынады.

Алланың өзгермейтінін айта келіп:

– “Махаббатпен жаратқан адамзатты.
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп
Және сүй хақ жолы деп әділетті.
Осы үш сүю болады имани гүл,
Иманның асылы үш деп сен тахкыйқ біл,” –

дейді. Абайдың дінге нағыз нанымы иман, адамгершілік туралы ұғымы, ой-пікірінің түйіні осы өлеңінде анық, нақты баяндалған.

Үш сүюді таратып айта келіп;

– “Осыларды бұзатын және үш іс бар”, –

дейді.

Иманды бұзатын үш істі:

– “Пайда, мақтан, әуесқой”, –

деп атап айтып, “содан шошы” деп сақтандырады.

Дінге сыртпен емес, ішкі сарайыңмен, бар жан-дүниеңмен берілу керек.

– “Руза, намаз, зекет, хаж талассыз іс,
Жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс”, –

дей отырып, бірақ “имани гүл” – үш сүюді “бекітпей” тұрып, ораза ұстап, намаз оқып, зекет беріп, хаж барғанын “татымды жеміс бермейді” дейді.

– “Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ...
“Құран рас Алланың сөзі дүр ол”, –

деп дінге деген сенімін, нанымын тағы да бекітіп айта келіп, өлеңін:

– “Алланың, пайғамбардың жолындамыз”, –

деп қорытады.

Абайдың адамгершілік зор қасиетін, ұлы гуманистігін, адамзат баласына бірдей ортақ данышпандығын осы өлеңіндегі:

– “Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп”, –

деген сөзі тағы да айқындай түседі.

“Алланың өзі де рас, сөзі де рас” өлеңінің бірінші шумағының төртінші жолы 1909 жылғы кітапта:

“... Көп кітап келді Алладан оның төрті
Алланы танытуға сөз айырмас (49-бет)”, –

деп басылған. Сол сияқты 1922 жылғы жинақта (Қазан, 102-бет), 1922 жылғы жинақта (Ташкент, 146-бет), 1939 жинақта (226-бет), 1945 жылғы жинақта (252-бет), 1954 жылғы жинақта (II том 109 бет) өлеңнің төртінші жолы, 1909 жылғы кітап бойынша:

– “... Алланы танытуға сөз айырмас”, –

деп дұрыс басылған. Осы аталған алты басылымда бірдей дұрыс басылып келген Абай сөзі 1933 жылғы жинақта өзгертіліп:

– “... Алланы танытуға сөзі айырымас”, –

деп басылған. 1957 жылғы жинақта (244-бет) және 1977 жылғы жинақта (303-бет), 1933 жылғы жинақ бойынша:

– “... Алланы танытуға сөзі айырылмас”, –

деп бұрмаланып басылған.

Өлеңнің екінші шумағының төртінші жолы 1909 жылғы кітапта (49 бет):

– “Жарлықпен ол сіздерге сызды оларме”. –

деп басылған. Осы басылған қалпында оқып түсіну қиын. 1922 жылғы жинақта (Қазан, 102-бет):

– “Жарлықпен ол сіздерге, сіз оларға (?)”, –

деп басылуынан да еш нәрсе түсінуге болмайды.

Ал 1922 жылғы Ташкент жинағында (146-бет):

– “Жарлық берді ол сіздерге сөзді ұғарға”, –

деп еркін түзетіліп, ұғымды етіп берілген. Бірақ ешқандай түсіндірме берілмеген.

1933 жылғы жинақта (227-бет), 1922 жылғы (Қазан) жинақ бойынша:

– “Жарлықпен ол сіздерге, сіз де оларға”, (?) –

деп қате басылған.

1939 жылғы жинақта (226-бет):

– “Жарлықпен ол сіздерге сызды оларға”, –

деп бір сөзді ғана өзгертіп, 1933 жылғы жинақ бойынша басылған.

Берілген түсіндірмеде: “Бұл сөз Сізді” деп те жазылушы еді. Мүрсейіт жазуын біз “сызды”, “жазды” деген мағынада оқыдық” (226-бет) деген.

1945 жылғы жинақ (252-бет) және 1954 жылғы жинақта:

– “Жарлықпен ол сіздерге сызды оларға”, –

деп 1939 жылғы жинақ бойынша басылған.

1957 жылғы жинақта (244-бет) және 1977 жылғы жинақта, 1933 жылғы жинақта қате басылған, мағынасыз сөздерді қайталап:

– “Жарлықпен ол сіздерге, сіз де оларға”, (!) –

деп басылған.

Біз “Абай шығармаларының текстологиясы жайында” деген 1959 жылы басылған кітабымызда сөз болып отырған өлең жолына 1909 жылғы басылым бойынша текстологиялық талдау жасай келіп, мынандай қорытынды пікірімізді жазған едік:

“Абай бұл арада: “Алла өзгермес, адамзат күнде өзгерер” дей келіп: “Жарлықпен ол сіздерге сызды өлер ме”. – деп отыр. 1909 жылғы басылған өлең жолын осылай сәл түзеп оқысақ, түсінікті болар деп ойладық. Яғни “Жарлықпен Ол (Алла) сіздерге сызды (жазды) өлер ме” деп Алладан келген кітаптарды айтқан деп білеміз.

1922 жылғы (Қазан) жинақта және 1933, 1939, 1945, 1954, 1957, 1977 жылдардағы жинақтарда ақын сөзі дұрыс басылмай, мағынасы мүлдем жойылған.

1922 жылғы (Ташкент) жинақтағы Халел Досмұхамедовтың түзетуін Ілияс Жансүгіров те мақұлдап, 1933 жылғы жинақтағы мақаласында Абай сөзін Халелдің түзетуі бойынша:

– “...Алла өзгермес адамзат күнде өзгерер,
Жарлық берді ол, сіздерге сөзді ұғарға”, –

деп келтіріпті (41-бет).

Өлеңнің төртінші шумағының бастапқы сөзі 1909 жылғы кітапта (49-бет) және 1922 жылғы жинақтарда (Қазан 103-бет, Ташкент, 146-бет):

– “Күллі махлұқ өзгерер, Алла өзгермес.
Әһлі кітап бұл сөзді бекер демес”, –

деп дұрыс басылған. Сол сияқты 1933 жылғы жинақта (228 бет), 1945 жылғы жинақта (252-бет) және 1954 жылғы жинақта да (109-бет):

– “Әһлі кітап бұл сөзді бекер демес”, –

деп дұрыс басылған.

Әһлі кітап (арабша) – Діни кітаптардың (Тәурат, Инжил, Құран) біреуіне сеніп дін тұтушылар деген мағынада.

Ал 1939 жылғы жинақта (226-бет), 1957 жылғы жинақта (244-бет) және 1977 жылғы жинақта, осы үш жинақта: “Әһлі кітап...” – деп қате басылған. “Әһлі” сөзінің мағынасы мүлдем басқа. “Әһлі” (арабша) – Қолға иеленген, қолға үйренген (Ручной, прирученный. домашний) деген мағынадағы сөз.

Өлеңнің бесінші шумағы барлық басылымдарда:

– “Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті”, –

деп басылып келеді.

“Абай шығармаларының текстологиясы жайында” деген кітабымызда (1959) өлеңнің төртінші жолының қате басылып келе жатқаны туралы пікірімізді келтірейік: “Мәселе осы бесінші шумақтың төртінші жолындағы қателікте. Осы соңғы жолға үніле қарасақ, мағына-мазмұн жағынан да, өлеңдік қисын жағынан да ойсырап жатыр. Абай сөзіне бөтен сөз араласып, бүлдіріп тұр. Біз өлең шумағын былайша оқысақ:

– “Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және сүй хақ жолы деп әділетті”.

Сөйтіп өлеңнің төртінші жолын осылай түзеп оқысақ, Абайдың өзіндік түпнұсқа қалпына келеді деп сенеміз. Бұлай түзеу үшін біз Абайдың өзіне сүйендік. Осы өлеңнің келесі алтыншы шумағының бастапқы екі жолын оқып көрсек те жеткілікті:

– “Осы үш сүю болады имани гүл,
Иманның асылы үш деп сен тәхкыйқ біл”.

Біздің осылай түзетуіміздің дұрыс екендігін Мұхтар Әуезовтің 1934 жылы жарияланған “Абай ақындығының айналасы” деген мақаласы да дәлелдей түседі. Мақаласында Мұхтар Абайдың қате басылып келе жатқан өлең жолын түзетіп жазып, келтіріпті: “... діндар көп мұсылманның бірі екенін даусыз, айқын көрсете отырып, солармен қатар:

– “Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және сүй хақ жолы деп әділетті”, –

дейді (Мұхтар Әуезов. “Абай Құнанбаев, Мақалалар мен

зерттеулер”. Қазақ ССР-нің “Ғылым” баспасы, 1967 жыл, 236-бет).

Өлеңнің оныншы шумағының бірінші жолы 1909 жылғы кітапта (50-бет), 1922 жинақтарда (Қазан, 103-бет, Ташкент, 147-бет):

– “Адамдар ғибадаттан сөз қозғаған”, –

деп басылған болса, 1933 жылғы жинақта (228-бет), 1939 жылғы жинақта (227-бет), 1945 жылғы жинақта (253-бет), 1957 жылғы жинақта (245-бет) және 1977 жылғы жинақта:

– “Имамдар ғибадаттан сөз қозғаған”, –

деп басылған. Ал 1954 жылғы жинақта (110-бет):

– “Адамдар ғибадаттан сөз қозғаған”, –

деп басылған. Біз өлең жолының 1909 жылғы 1922 жылғы жинақтарда:

– “Адамдар ғибадаттан сөз қозғаған”, –

деп басылуы дұрыс деп білеміз. Олай дейтініміз: Аллаға ғибадат ету, яғни табыну, құлшылық ету тек имамдарға ғана емес, барлық мұсылман адамға тән нәрсе. Осы өлең шумағының екінші жолындағы бастапқы үш сөз 1977 жылғы жинақта:

– “Хүсинзән мин (?) иманды білді ойлаған”, –

деп дұрыс басылмаған. Дұрысы:

– “Хүснi занмен иманды білді ойлаған”.

Хүснi зан (арабша) – жақсы ойда болу, жақсы ой түту деген сөз.

Он бірінші шумақтың екінші жолының ең соңғы сөзі, 1977 жылғы жинақта басылмай қалған.

– “Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ,
Мүмин болсаң, үйреніп сен де ұқсап?” –

деп басылып, ақынның айтпақ ой-пікірі аяқталмағандықтан өлеңнің мазмұн-мағынасы жойылған. Өлең жолының толық түпнұсқасы:

– “Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ,
Мүмин болсаң, үйреніп сен де ұқсап бақ!” –

деген болады.

Өлеңнің он үшінші шумағының бірінші жолы 1909 жылғы кітапта (50-бет) және 1922 жылғы жинақтарда (Қазан, 104-бет), Ташкент, (148-бет):

– “Мұсылман болсаң, әуел иманды ойла”, –

деп дұрыс басылған. 1945 жылғы жинақта (254-бет) және 1954 жылғы жинақта да (111-бет):

– “Мұсылман болсаң, әуелі иманды ойла”, –

деп дұрыс басылған. Тек “Әуел” деген сөзге бір әріп “і” әрпі артық қосылып кеткен.

Ал 1933 жылғы жинақтан бастап (229-бет), одан кейінгі жинақтарда (1939, 1957, 1977) “Мұсылман” деген сөз өзгертіліп:

– “Мүмин болсаң, әуелі иманды ойла”, –

деп басылған. Бұл өзгерту дұрыс емес. Абай мүмин деген сөзді өлеңнің он бірінші шумағының екінші жолында және ең соңғы он төртінші шумағының үшінші жолында, яғни екі рет қолданған. Сондықтан өлеңнің он үшінші шумағының бастапқы бірінші жолын 1909 жылғы жинақ бойынша “Мұсылман болсаң, әуел иманды ойла”, – деп дұрыстап оқуымыз керек.

160) “Жүрек теңіз, қызықтың бәрі асыл тас” (1902). – Бұл үш шумақ өлең 1909 жылғы кітапта “Алланың өзі де рас, сөзі де рас” өлеңінің соңы ретінде бірге басылған (5-бөлік. Ой туралы, 50-бет). 1922 жылғы екі жинақта да (Қазан, 104-бет, Ташкент, 148–149-бет) 1909 жылғы жинақ бойынша басылған. 1933 жылғы жинақтан бастап, “Алланың өзі де рас, сөзі де рас” өлеңінен бөлініп, жеке өлең ретінде басылып келеді.

1945 жылғы жинақта берілген түсіндірмеде: “...Тұраш (Тұрағұл) бұл өлеңді өз алдына бөлек сөз дейді. Сол себепті және мазмұны “Алланың өзі де рас, сөзі де рас” дегенге сай келмегендіктен, 1933 жылдан бері бұл өлең өз алдына бөлек басылып жүр”, – деген (455-бет).

Өлеңнің екінші шумағының үшінші жолы 1909 жылғы жинақтан бастап, 1957 жылғы жинаққа дейінгі барлық жинақтарда:

– “Ар мен ұят сенбесе өзге қылық .” -

деп дұрыс басылып келсе, 1957 жылғы және 1977 жылғы соңғы екі жинақта, өз орнында дұрыс тұрған “сенбесе” деген сөз орынсыз өзгертіліп:

– “Ар мен ұят сынбаса (!) өзге қылық...” –

деп мүлдем бұрмаланып басылған.

1977 жылғы жинақта ...екінші шумақтың үшінші жолы
1909 жылғы жинақ бойынша:

– “Ар мен ұят сенбесе өзге қылық”, –

деп басылып келіп еді.

Бұл жолы 1905, 1907 жылдардағы Мүрсейіт қолжазба-
лары негізінде:

– “Ар мен ұят сынбаса, өзге қылық”, –

деп алынды, – деген (427-бет) ақылға қонбайтын түсіндірме
берілген.

Біз өлеңнің бұл жолының нағыз түпнұсқасы 1909 жи-
нақта дұрыс басылған деп білеміз және Мүрсейітке емес,
Көкітай мен Тұрағұлға сенеміз.

161) “Жалын мен оттан жаралып” (1903). – Өлең 1909
жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы. 30-бет).

Абай өлерден бір жыл бұрын жазған терең сырлы, та-
маша көркем шағын лирикасында: ақындық өнердің,
“Қуаты күшті нұрлы сөздің” ерекше қасиетін толғайды.

Өлеңін табиғаттың құдіретті қуатын:

– “Жалын мен оттан жаралып,
Жаркылдап Рәғыд жайды айдар”, –

деп күннің күркіреуін сипаттаудан бастайды. Күн күркіреп
жаңбыр жауғаннан кейінгі көрікті көрінісі:

– “Жасырын шығып гүл жайнар”, –

деп суреттеп, сонымен қатар, табиғаттың адамды мерт қыла-
тын қаһарлы күші – нажағайды:

– “Жайына біреу келсе кез,
Белгілі жұмыс сор кайнар”, –

деп сипаттайды. Одан кейінгі өлеңнің қасиетін сипаттауға
көшкенде: “Қуаты күшті нұрлы сөз” деп бейнелеп суреттей
келіп, өлеңнің қуатын табиғаттың күшіне теңеп, табиғатқа
арнаған сипаттауын әдейі қайталап, енді өлеңге арнап:

– “Жалын мен оттан жаралған.
Сөз ұғатын қайсың бар?”, –

дейді.

Өлеңнің сонында “Қуаты күшті нұрлы сөз” дін қадір-

қасиетін білмейтін, сөзді ұқпайтын, пейілі тар, құлық-сұмдық қуған партиякор, паракор, атқамінер, “көп наданды”, ызалы жүрек, ашы тілмен әшкерелеп, аяусыз қатты шенейді.

“Сұм заманнан” әбден көңілі қалып, дерттенген ақын:

– “Несі өмір, несі жүрт,
Өңшен қырт бас қаңғырт”, –

деп ақырғы жазған шығармасын аяқтайды.

Өлеңнің бастапқы шумағының екінші жолы 1977 жылғы жинақта:

– “Жаркылдап Рағит жайды айдар”, –

деп басылып, “Рағит” деген сөзге:

“Дін ұғымында найзағайды, жайды билейтін, күнді күркіретуші періштенің аты”, – деп түсінік берілген. Дұрысы: Рағит емес, Рәғйд (арабша) – Күн күркіреу (гром) деген сөз. Құранның 13-сүресінде әлрәғйд – Күн күркіреу (гром) деп аталады.

162) “Домбыраға қол соқпа, Шымырлатып бір-бірлеп”. – Абайдың жаңадан табылған бұл өлеңі алғаш рет 1940 жылы “Әдебиет және искусство” журналының 9-санында жарияланған. Онан кейін 1945 жылғы Абай Шығармаларының толық жинағында басылған (273–274-бет). Берілген түсінікте: “Домбыраға қол соқпа” дейтін өлең Абайдың бұдан бұрынғы баспаларында басылған емес. Мұны 1940 жылы жазушы Қайым Мұхамедханов пен Архам Абай ауданының азаматы Рахымжан Мамырқазовтан жазып алып, Ғылым академиясына тапсырған. Және 1940 жылы “Әдебиет және искусство” журналының 9-санында басылды. Өлеңді сол Қайымның қолжазбасынан алып, бұл жинаққа тұңғыш рет басып отырмыз, жазылған жылы мәлімсіз (457-бет).

Ал, 1977 жылғы жинақта “Домбыраға қол соқпа”. Бұл өлең ең алғаш 1940 жылғы жинақта кіргізіліп, (?) сонан бергі жинақтарда түгел басылып жүр. Өлеңнің тексті 1940 жылы Рахымжан Мамырқазиннен (Абай ауданы) жазылып алынған (428-бет) деп, әрі кате, әрі бұрмаланып, түсінік берілген.

163) “Ғалымнан надан артпас ұққанменен”. – Өлең алғаш рет 1945 жылы “Екпінді” газетінде (қазіргі “Семей таңы” газеті) 10-маусымдағы 116-санында және сол жылы “Майдан” журналының (Алматы) 2-санында жарияланған. Тұңғыш рет 1945 жылғы жинақта басылған (274-бет). Берілген түсінікте “Ғалымнан надан артпас ұққанменен” дейтін бір ауыз өлең бұл жинаққа тұңғыш рет қосылып отыр. Бұл өлеңді 1940 жылы Архам Абай ауданынан тауып, Семейдегі Абай

музейіне берген. Өленнің айтылу себебі: Тобықты ішінде Жуантаяқ Балғожа Баканов дейтін кісі Ғабитқан дейтін молдамен “Мұқтасардың” бір сөзіне таласып Абайдың алдына келіпті. Сонда айтқан екен (457-бет) деген.

164) “Түбінде баянды еңбек егін салған”. — Бұл өлең алғаш рет жоғарыда аталған “Екпінді” газетінде және “Майдан” журналында жарияланған, тұңғыш рет 1945 жылғы жинақта басылған. Берілген түсінікте: (458-бет) “Түбінде баянды еңбек егін салған” дейтін бір ауыз өлең 1940 жылы Ташмұхамбет деген Семейде тұратын бір қарияның аузынан жазылып алынған. Жазып алушы әлгі Қайым Мұхамедханов. Қайымның айтуынша бұл өлеңді Абай Тобықты Қарамырза Ташмұхамбет Бөшібаевқа қаратып айтыпты. Ол кісі өз елінен кетіп, Белағаш (Қазіргі Белағаш ауданы) деген жерге барып, егін салып кәсіп етеді екен. Сол кісі бір күні Абайға кездескенде, Абай осы өлеңді айтыпты. Өлең бұл жинаққа тұңғыш рет басылып отыр”, — деп дұрыс және толық айтылған.

1977 жылғы жинақта 1945 жылғы жинақта берілген толық түсінікті орынсыз қысқартып және бұрмалап:

“Түбінде баянды еңбек егін салған”. Ең алғаш 1945 жылғы жинақта енген. 1940 жылы Ташмұхамбет дегеннің аузынан жазылып алынған. Бұл өлеңді Абай елінен Белағашқа (Семей облысы) көшіп келіп, егін салып кәсіп еткен Ташмұхамбет Бөшібаевқа айтқан көрінеді (Толық жинақ 458-бет), — деп қате түсінік берілген.

165) “Әйелің—Медет қызы, аты—Ырым”. — Бұл өлең де алғаш рет 1945 жылы жоғарыда аталған “Екпінді” газеті мен “Майдан” журналында жарияланған. Тұңғыш рет 1945 жылғы жинаққа енгізілген (275-бет). Берілген түсінікте: “Әйелің—Медет қызы, аты—Ырым” деген бір ауыз өлең де 1940 жылы ел аузынан жазылып алынып, бұл жинаққа тұңғыш рет басылды. Жинаушы — Қайым. Архам мен Қайымның айтуынша: Абайдың замандасы Қайранбай дейтін жігіт кезінде әйеліне көңілі толмай “әйел аламын” дегеніне қаратып айтқан екен (458-бет), — делінген.

1945 жылғы жинақта дұрыс берілген түсінікті, 1977 жылғы жинақта берілген түсінікте тағы да өзгертіп бұрмалаған (429 бет).

166) “Бөстегім, құтылдың ба Көтібақтан”. — Бұл өлең алғаш рет 1945 жылы “Майдан” журналының 2-санында жарияланған. Тұңғыш рет 1945 жылғы жинақта басылған (275-бет). Берілген түсінікте: “Бөстегім, құтылдың ба Көтібақтан” деген бір ауыз өлеңді де сол Қайым мен Архам ел аузынан жазып алып, 1944 жылы Ғылым Академиясына

тапсырған. Қайымның айтуынша: бұл өлеңді Абай өзінің немере баласы Әубәкір (Ақылбайдың баласы. — Қ.М.) дегенді жұмсап; Көтібақ дейтін адамның “Бөстек” дейтін бүркітін сұратып алған, сол құсына қаратып айтыпты. Баспаға тұңғыш рет шығып отыр” (458-бет), — делінген.

Ал 1977 жылғы жинақта берілген түсінікте, 1945 жылғы жинақта дұрыс және толық берілген түсінік өзгертіліп: “Бөстегім, құтылдың ба Көтібақтан”. Ең алғаш 1945 жылғы жинаққа кіргізілген. Бұл өлең ел аузынан жазылып алынған. Абай Көтібақ дегеннің “Бөстек” дейтін бүркітін сұратып алған екен, соған шығарышты (Толық жинақ, 458-бет) — деп бұрмаланып берілген (429-бет).

167) “Мен боламын демендер”. — Бұл өлең алғаш рет 1945 жылы жоғарыда аталған “Екпінді” газетінде және “Майдан” журналында жарияланған. Тұңғыш рет 1945 жылғы жинақта басылған (275-бет). Толық түсінік берілген: “Мен боламын демендер” деген өлеңді де сол Қайым мен Архам 1940 жылы Жаңа-Семейде тұратын Көкбайдың баласы Ахметқалидан (жасы 30-да) жазып алып, 1944 жылы Ғылым академиясына тапсырды. Ахметқали қазір әскерде. Ахметқалидің айтуына қарағанда бұл өлеңді Абай Көкбайға айтқан. Көкбай жасырақ кезінде әзіл етіп, Абайды сөйлетпек үшін:

— “Жүрісім, тұрысымның бөрі Абайша,
Абайдан кем боламын мен қалайша.
Көп зақун, азғана ақыл өзімде бар.
Ашылып көкіретім кең сарайша”, —

деп өлең айтыпты. Жоғарғы өлеңді Абай Көкбайдың осы сөзіне қаратып айтқан екен. Жазылған жылы белгісіз. Баспаға тұңғыш рет түсіп отыр (458-бет).

1977 жылғы жинақта 1945 жылғы жинақта берілген толық түсінік өзгертіліп, бұрмаланып берілген (428-бет).

168) “Ойға түстім, толғандым”. — Бұл өлең де алғаш рет, 1945 жылы “Майдан” журналының 2-санында жарияланған. Тұңғыш рет 1945 жылғы жинақта басылған (476-бет). Өлеңге берілген түсініктеме былайша баяндалған:

“Ойға түстім, толғандым” дейтін өлеңді жоғарғы алты өлеңмен бірге 1944 жылы Ғылым академиясына Қайым әкеп тапсырған. Бұрын баспа көрмеген. Қайымның айтуынша бұл өлең Абай ауданының азаматы Жұмағазы Кенжебаев дегеннің аузынан жазылып алынған. Жұмағазыдан Бәткен (Сағындықов. — Қ.М.) деген жас ақын жазып алады екен. Бәткен мұны 1939 жылы Жұмағазының ескі кітаптарының бірінің сыртқы мұқабасына жазылып жүргенінен көшіріп

алған. “Бірталай жері өшуге айналып, көмескі тартып қалған екен”, – дейді Бәткен. Өленнің аяғына “Абай” деп жазылған екен. Қайымның қолына бұл өлең сол Бәткеннен 1940 жылдың июнь айында түскен.

Бұл өлеңнің ішінде мағынасы, қолдануы күман тудыратын бір сөз бар, ол:

– “Аршып алып тастауға,
Апандағы саз емес.
Бәрі болды өзімнен,
Тәңірім салған наз емес”, –

дегендегі – “наз”. Мұны Қайым “наз ба екен, жоқ аза ма екен” деп жазады Мұхтар (Әуезов. – Қ. М.) “аза” болмас па деп белгі қояды, әзірше “наз” деп жібердік. Жазылған жылы мәлімсіз (458–459-бет).

1945 жылғы жинақта осы өлең туралы берілген толық және дұрыс түсінік 1977 жылғы жинақта мүлдем қысқартылыпты.

“Ойға түстім, толғандым”. Бұл өлең алғаш рет 1945 жылғы жинаққа кіргізілген. Өлең тексті Жұмағазы Кенжебаев (Абай ауданы) дегеннің айтуынша жазылып алынған” (428-бет), – деп өзгертіліп, бұрмаланып берілген.

169) “Жол көрмек, жоба білмек, жиһан кезбек”. – Бұл екі шумақ өлең тұңғыш рет 1977 жылғы жинаққа кіргізіліп (Бірінші том, 316-бет), берілген түсінікте былай делінген: “Жол көрмек, жоба білмек, жиһан кезбек”. Өлең тексі алғаш Зейнелғабиден ибн хәміре әл-Жауһари әл-Омскаудің (1881–1920) 1909 жылы Уфа қаласында басылған “Насихат қазақия” деген рисаласында (трактат) жарияланған. Онда: “... ғибрат айтып, ғылым, өнер іздеу хақында мәшһүр Ибраһим Құнанбаевтың бір сөзі” (7-бет) деген ескертумен берілген. “Жол көрмек, жоба білмек, жиһан кезбек” өлеңінің ой сарыны тек өлең өрнегі жағынан алғанда Абайдың 1886 жылғы “Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек” деген өлеңіне жақын келеді. Тіпті осы айталмыш өлеңнің бесінші шумағының екінші жолы:

– “Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек”, –

деп берілсе, “Насихат қазақиядағы” екінші шумақтың соңғы жолы:

– “Ғылым, өнер, мал таппақ, жұртқа жақпақ”, –

деген жолмен ой жағынан да, сөз жағынан да үйлес шығып жатады. “Жол көрмек, жоба білмек, жиһан кезбек” өлеңінің алғашқы шумағының үшінші жолындағы бір сөз толық анықталмағандықтан, оның орны көп нүктемен берілді” (429-бет).

II БӨЛІМ

Мақалалар

Абайға байланысты кейбір деректер

Біз бұл мақаламызда Абайдың өмірі мен ағартушылық, ақындық қызметіне байланысты кейбір тарихи деректер жайында айтпақпыз.

Абай Семей қаласында оқыды. Ақынның балалық шағынан бастап, өл-өлгенше өмірі сол қаламен байланысты болды. Семей қаласы Абай үшін тек әкімшілік орталығы ғана болған жоқ. Абай өз заманында қолы жеткен мәдениет қазынасын сол қаладан тапты. Ұлы ақын өміріне байланысты біраз деректі сол кездің архив материалдарынан ұшыраттық.

Семейдің көпшілік кітапханасы мен облыстық музейінің 1883 жылдың 14 сентябрі мен 1886 жылдың 1 январы арасындағы істеген ісі жайындағы статистика Комитетінің есебінде (“Семипалатинские областные Ведомости”, № 19, 10/ V, 1886 жыл) орыстың атақты саяхатшысы Н.М.Пржевальскийдің 1885 жылғы 5 декабрьде Семей қаласында болғаны хабарланады. Облыстық музейді ұйымдастырған статистика комитеті, ал оның секретары – Абайдың досы Е.П.Михаэлис еді (Абайдың да Статистика Комитетінің мүшесі болғаны мәлім).

Н. М. Пржевальский Семейдің облыстық музейімен, кітапханамен танысып, осы мекемелер жайында былай депті:

“Бұлар көңіл аударуға тұрарлық мекемелер, осы мекемелер үшін қалаға қайырлы болсын айтуға және бұл мекемелердің алдағы уақытта өркендей беруіне тілектестік білдіруге болады. Осындай қыйыр шетке душар болған адам Отанынан мүлдем қол үздім деп сезінбейді, өзін қоршаған өмірді зерттеумен шұғылданғысы келсе, жыйнақталған дайын материалды музейден табады – бұл мекемелер осы жағынан маңызды”.

Полиция архивінің мәліметі Абайдың достас адамдары

— саяси қылмыскер ретінде жер ауған Н.И.Долгополов 1884 жылдың 6 июнінен 1886 жылдың 12 майына дейін, С.С.Гросс 1883 жылдың 27 майынан 1885 жылдың 12 февраліне дейін, А.Н.Леонтьев 1884 жылдың 21 октябрінен 1886 жылдың 7 июліне дейін Семейде болғанын дәлелдейді. Бұлардың бәрі де облыстық музеймен, кітапханамен тығыз байланысты адамдар. Ендеше Н.М. Пржевальскийдің сөзіндегі “қыйыр шетке душар болғандар” деп айтып отырғандары осылар екені сөзсіз. Сол 1885 жылғы жаз айында Семейге келіп, музеймен, кітапханамен танысқан Кеннан мен Форстқа Леонтьев қазақтың Абай сияқты білімді адамдары барын айтқаны мәлім (Кеннан, “Сибирь и ссылка”).

Біз келтіріп отырған 1886 жылғы мағлұматта Кеннан мен Форст та музейде болып, музейдің этнография бөліміне назар аударып, суретші Форст кейбір экспонаттарды (қобыз, шамдал) суретке түсіргені айтылған. Абай Семей кітапханасының дағдылы оқушысы болумен бірге өзінің достары Е.И.Михаэлис, Н.И.Долгополовтармен бірге облыстық музейді ұйымдастырушының бірі болған. Жоғарыда көрсетілген “Семипалатинские областные Ведомости” облыстық музейдің негізін салған Статистика Комитеті екені, Е.П. Михаэлистің секретарь кезінде комитет жинаған экспонаттық коллекциялар және көне дәуірдің заттары музейге берілгені айтылады. Әлгі хабарда: “Өткен жылы жаз айында қазақ даласында болып қайтқан Н.И.Долгополов музейдің қазақ еліне арналған бөліміне көптеген заттар әкелді делінген. “Ведомости” Долгополовтың музейге музыка аспаптарын, қазақ үйін ішкі жасау жабдығымен әкелгенін хабарлайды. Осы айтылып отырған жылы Долгополов Семей ұлықтарының рұқсатымен денсаулығын түзеу үшін Абай ауылына барғаны мәлім. Полиция архивының дерегі бойынша ол Абай ауылында 1885 жылдың 12 июнінен сол жылдың 10 августына дейін болған. Олай болса, жоғарыда 1886 жылғы мәліметтен Долгополов өткен жылы жаз айында қазақ даласында болды деуі оның Абай ауылында болғанын растай түседі. Демек, оның қазақ даласынан әкеліп музейге тапсырған заттары екені сөзсіз. Сонымен бірге музейдің қазақ еліне арналған бөліміне Абайдың (И.Кунанбаев деп басылған. — К. М.) өзінің де заттар жібергені айтылады.

Біз осы деректер бойынша музейдің қолжазба қорын қарастырдық. Азып-тозып жатқан ескі қағаздарды ақтарып отырып, музейдің экспонаттары жайын да мәлімет жазатын ескі журналдың бір бөлігін таптық. Онда: “Губернский научный музей. Этнографический отдел” делініпті. Онда

казак, қытай, монғол халықтарына арналған бөлімдердегі экспонаттардың тізімі бар екен. Тізімде экспонаттардың номері әрбір заттың толық сипаттамасы, кім берген зат екендігі (тегін бе, сатып берген бе?) жазылып отырған. Соның ішінде Ибраһим Құнанбаев пен Н. И. Долгополовтың музейге қандай заттар бергенін таптық. Бұлар музейге өткізген нәрселер үшін ақша алмаған және түгелдей казак еліне тән нәрселер. Абай мен Долгополов тапсырған экспонаттар (қырықтан астам) казак елінің тұрмыс-салтын, көшпелі ауылдың шаруашылық күй-жайын, кәсіп-қарекетін т.б. қысқасы, бір елдің этнографиялық бейнесін көрсетуді көздейді. Оның ішінде казак үйінің жасау-жабдығы: төсек аяқ, бесік, кебеже, асадал, саба, піспек, жез мойнақты торсық, жай торсық, қалмақбас (қайшынаяқ—көшкенде шынаяқ салатын тобылғыдан тоқылған ыдыс), т.б. бар. Бұлардан басқа казактың шоқпар, найза, айбалта сияқты қару-жарақтары, кіселі белбеу екі оқшантайымен, бірнеше түрлі шаруашылық саймандары, төс, көрік сияқты ұстаның құралдары, тоғызқұмалақ, музыка аспаптарынан: домбыра, қобыз, сыбызғы, т.б. бар. Осы заттардың әрқайсысының толық сипаттамасы жазылып отырған.

Абай мен Долгополов музейге тапсырған бағалы заттар Абай аулынан, Абай елінен алынғанында дау жоқ. Осы заттар соңғы жылдарға дейін Семей облыстық музейінің экспозициясында, этнография бөлімінде тұрды. Оларды облыстық музейге барған жұртшылық көретін. Бірақ Абай қолынан шыққан заттар екенін, ұлы ақынның облыстық музейді құруға осыншама зор ынтамен кірісіп, еңбек сіңіргенін ешкім білмейтін еді. Бұл шындықты жетпіс жыл бойы шаң басып, елеусіз жатқан архив қағаздары ашып берін отыр.

Ал енді осы әңгіме етіп отырған заттарымыз қайда? Музейлердің экспонаттары мәңгі-бақи сақталмаушы ма еді? Жоқ, Семей музейінің жайы олай болмаған. Бір кезде Пржевальский сияқты даңқты ғалымдардың көңіліне қонып, назарын аударған Семей музейі де, оның тамаша бай кітапханасы да қазір бұрынғыдай емес. Семей музейінде қазір этнография бөлімі атымен жоқ. Бұл күндерде казак, қытай, монғол бөлімдерінің тамаша бай экспонаттарын табу қиын. Соңғы жылдары музей кездейсоқ адамдардың бірінен соң бірінің қолынан өтті. Орны толмас қымбатты экспонаттардың кейбіреуі әркімнің қолында кетті. Көптеген заттар архив қоры күтімсіз күйге түсіп бүлінген. Кейбір экспонаттар музейдің қоймасында жатып, көзден ғайып болды. Жоғарыдағы деректерге сүйеніп, Абай заттарын қарастыруға болар еді.

Музейдің қазіргі басшы қызметкерлері музейдің өзін жөндеуге, Семей облысының жаңа бейнесін көрсетуге еңбек сіңіріп жатқандарын айтпай кетуге болмайды. Оларға қай жағынан болсын, көмек керек.

Абайдың халық ағарту ісіне атсалысқанын көрсететін енді бір дерек – 1895 жылы Семейде басылған: “Отчет совета общества попечения о начальном образовании в г. Семипалатинске за 1893/94 год”. Осы қоғамның мүшелерінің тізімінде мыналар бар:

Құнанбаев Ибраһим Құнанбайұлы,
Құнанбаев Ақылбай Ибраһимұлы,
Құнанбаев Мағауия Ибраһимұлы.

Ақылбай мен Абай үш сомнан, Мағауия бір сомнан жарна төлеп жазылған. Қоғам мүшелерінің ішінде бұлардан артық жарна төлегендері жоқ екен. Әрине мәселе – әкелі-балалы үшеуінің басқаларға қарағанда көп ақша төлеуінде емес, Абайдың ағартушылық қызметін аз да болса дәлелдейтін тарихи деректе.

Архив мәліметтерінде 1883–1886 жылдардағы кітапхана оқушыларының саны, оның ішінде төрт қазақ оқушысы бар екені айтылады. Онда оқушы жұртшылықтың орыс, европа жазушыларынан кімдерді көбірек оқығаны, қандай журналдар оқығаны жайында да мәлімет берілгені.

“Семипалатинские областные Ведомости” Абаймен әр жағдайда, әртүрлі қарым-қатынасы болған адамдар жайында да деректер кездеседі.

Абайды зерттеуде тағы бір еске алатын қызықты деректердің бірі – ағайынды Белослюдовтардың 1912 жылдан бастап 3–4 жыл бойы жазысқан хаттары, Николай Николаевич және Виктор Николаевич Белослюдовтар әрі суретші, әрі педагог, әрі өлке зерттеуші болған. Виктор Николаевич 1912 жылы 13 октябрьде Том қаласынан Семейдегі Николай Николаевичке жазған хатында: “Осында орыстың бір ақынының келуін күтудемін. Құнанбаевтың өлеңдерін аудару мәселесін сонымен сөйлеспесем, Науырызозтан ештеңе шығатын емес сияқты”, – дейді Николай Николаевич өзінің Виктор Николаевичке жазған бір хатында: “Құнанбаевтың өлеңдерін аудару мәселесінде саған не айтуға болады? Білімді бір қазақтың болмағаны ма? Ондай адам болар. Тек іздеп табу керек...” дейді. Бұлардан үш-төрт жыл бойы өзара жазысқан хаттарынан талай адамдармен сөйлесіп, Абай өлеңдерін орыс тіліне аударуға соншама сүйіспеншілікпен, ынта-жігерімен кіріскенін көреміз.

Виктор Николаевич бір хатында Абай өлеңдерін орыс-

шаға аудару жөнінде атакты ғалым Г. Н. Потанинмен әдейілеп сөйлесіп, одан ақыл сұрағанын жазады. Г.Н.Потанин Виктор Николаевичке Семейде Коншин деген адам ба-рын айтады. Абайды орысшаға аудару жөнінде сол Коншинмен сөйлесу керек. Коншин, алдымен, Абайдың бірнеше таңдамалы өлеңдерін орысшаға аудартып, оларды “Сибирская жизнь” газетіне бастырсын деп ақыл береді. Коншиннің Абаймен жақсы таныс, достас-істес адам болғаны мәлім.

Г.Н.Потаниннің берген кеңесі бойынша Белослюдовтар Коншинмен сөйлесті ме, Коншин Абай өлеңдерін орысшаға аударып, газетке бастырды ма, жоқ па? Ол жөнінде біз көрген 1912–1914 жылдар арасындағы Белослюдовтардың хаттарында дерек жоқ. Ал олардың кейінгі жылдардағы хаттары біздің қолымызға түспеді.

1914 жылы басталған империалистік соғыс Белослюдовтардың бұл ізгі ниеттерінің іске асуына мүмкіндік бермей кетуі де мүмкін. Дегенмен де жоғарыдағы Потанин атаған “Сибирская жизнь” газетін қарастыру артық болмас еді.

Ағайынды Белослюдовтардың осы хаттарынан олардың қазақ халқының ауыз әдебиетін зерттеу, орысшаға аудару мәселесімен де шұғылданғанын көреміз. Мысалы, Николай Николаевич өзінің Виктор Николаевичке 1914 жылы 6 февральда Семейден жазған хатында Абай өлеңдерін аудару мәселесін айтумен бірге, інісі – Алексейдің “Қозы Көрпеш–Баян сұлу” поэмасының бас жағын өлеңмен орысшаға аударып оқып бергенін хабарлайды. Және былай дейді: “Бүгін ойда жоқ жерде “Алтай өмірінің” (“Жизнь Алтая”) 26 ма жоқ 25 нөмерінен бе, “Сибирь әдебиет жаңалықтары” деген хабар кездестірдім. Оның жалпы мазмұны мынадай: “Оны Потанинге бір жас автор “Сұлу-Баян және Қозы Көрпеш туралы жыр” деген атпен қазақ поэмасының аудармасын жіберген. Өлең көлемі үш мың жол. Бүлдіріп жүрген Алеша емес пе екен?...”. Бұл да әдебиет зерттеушілеріміздің есінде болатын нәрсе. Ол жас автор Г. Тверитин болуы да ғажап емес. Әзірше қорытынды пікір айту қыйын.

Николай Николаевич Белослюдовтардың (1944 жылдар қайтыс болған адам) архивын тауып зерттесе, Абайға байланысты, жалпы қазақ әдебиетінің тарихына байланысты қызықты деректер тағы болуында сөз жоқ.

Абай баспаға алғашқы жариялаған өлеңдерін басқа адамның атымен шығарғаны белгілі. Ондай шығармалардан бізге мәлім екі-ақ өлеңі. Абайдың басқа да еңбектерінің көзі тірісінде басқа адамдардың атымен жариялануы мүмкін. Сондықтан осы жайды да Абайды зерттеу ісінде есте ұстауымыз керек.

Абайдың өмірі, заманы жайындағы мәліметтерді түгел жыйнап, жете зергітеп, ақынның өмірбаянын тарихи деректермен толықтыра беру керек.

1956 жыл.

Ұлы ұстаз

Абайдың ақындық еңбегі қазақ әдебиетін жаңа бағытта ілгері дамытумен бірге, қазақ қоғамының дамуына да игі әсер етті.

“Әдеби шығарма тек көркемдік қасиетімен ғана емес, қоғамның дамуына ететін игі әсерімен, әдебиетті ілгері дамытудағы әсерімен бағаланады”, — дейді Н.Г.Чернышевский.

Абай өзінің бойына біткен табиғи талантын, ақындық өнерін, ақыл-ойын, жігер-қайратын, парасат-білімін, бүкіл саналы өмірін туған халқына арнады. Халқының бақытты, ерікті ел болуын, өнер-білімді, мәдениетті елдермен терезесі тең болуын мұрат-мақсат етіп, сол ұлы арман жолында аянбай адал еңбек сіңіруді азаматтық, адамгершілік борышым деп білді. Абай тек қазақ сахарасының перзенті болып қалған жоқ. Ұлы гуманист Абай: “Әкесінің баласы — адамның дұшпаны, адамның баласы — бауырың”, “Адам деген даңқым бар!” деп бүкіл адамзат баласына жар салды.

Абай өз халқының ең ардақты, аяулы арманын, ой-пікірін, терең сезім-сырын, ұлттық мінез-құлқын жеріне жеткізе жырлаған, жарқын бағыттағы жаңа жазба әдебиеттің атасы, қазақ көркем әдебиетінің көрікті тілін ұстартқан, құдіретті ақындық өнерімен үлгі-өнеге жайған классик ақын.

Ақын — ағартушы Абайдың мақсаты:

— “Мақсатым тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наланың көзін қойып, көңілін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ”.

Әлеуметтік мазмұны терең, асқан шеберлікпен жазылған ақын өлеңдері өз заманының шындық бейнесін әдебиет айнасына айнытпай түсірумен қатар, халықтың келешекке бой ұрған ой-санасының жетекшісі болды.

Қазақтың өлең-жырын ертедегі ел көшiнiң ескi сүрлеуiнен алып шығып, жарқын дүние, нұрлы өмiрге бағыттайтын даңғыл жолға салған Абай:

– “Ескі бише отырман бос мақалдап,
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.
Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел,
Сендерге де келейін енді аяндап”, –

деп жаңғырған жаңа әдебиеттің көш бастаушы көсемі болды. Қазақтың ақындық өнерін, нағыз кең ұғымдағы халықтық шын ұлттық дәрежеге келешекте бүкіл әлемге әйгілі боларлық шырқау биікке көтерген тұңғыш классик ақын да – Абай.

Максим Горький Пушкинге арнаған мақаласында: “Әдебиеттің өте маңызды ұлттық мәні бар екендігін бірінші көре білген, кеңседе, патша сарайында отырып, қызмет істеуден де артық деп санаған Пушкин ғана. Жазушы атағын жоғары көтерген, қол жеткісіз биікке шығарған да Пушкин”, – десе, Горькийдің Пушкинге арнаған осы әділ сөзін, Абайға да арнап, еркін айта аламыз.

Қазақ жазба әдебиетінің тарихында ақынның атағын аспанға көтерген, Горькийше айтқанда “Қол жеткісіз биікке шығарған да” – Абай. Абай да Пушкин сияқты ұлықтан, бар мансап, бар дәрежеден де ақындықты ардақтап, әдебиетті қадір тұтқан оқушы жастарға арнаған өсиет өлеңінде: “Ойында жоқ бірінің, Салтыков пен Толстой, я тілмаш, я адвокат болсам деген бәрінде ой... Военный қызмет іздеме, оқалы киім киюге, қызмет қылма оязға, жанбай жатып сөнуге”, – десе, шен құмар, мансапқорларды:

– “Мөз болады болысың, арқаға ұлық қаққанға,
Шелтірейіп орысың, шенді шекпен жапқанға.
Күнде жақсы бола ма, бір қылығы жаққанға,
Оқалы тон тола ма, ар-ұятын сатқанға?!” –

деп шенейді.

Орыс әдебиетінен алған үлгі-өнеге, Абайдың халықтық идеясын тереңдетіп, әдебиеттің ең басты міндеті халық өмірін, халық мүддесін жырлау екендігін айқындай түсті. Қазақ халқы өзінің мәдениет тарихына көз жібергенде, адасптырмас жол көрсеткен орыс халқының ұлы мәдениетін зор құрметпен атайды. “Қазақ халқының қалың бұқарасы орыс халқының қалың бұқарасымен достық көзқараста болған, орыс халқын аға санағаны сияқты, озық пікірлі орыс әдебиетін, оның Пушкин сынды данышпан өкілін Абай да өзіне үлгі, мектеп деп білді” (М.Әуезов).

Пушкин шығармаларының негізгі идеясы – патша үкіметінің деспотизіміне қарсылық, халықтың правосын қорғау, халықты сүю, әділетті жақтау, бостандықты аңсау

еді. Бұл Пушкин заманындағы ең озық идея болатын. Гуманизм, өмірді сүю, оптимизм – Пушкин поэзиясының негізгі желісі. Пушкин шығармалары орыс халқының шындық өмірінің айнасы болды. “Орыс әдебиеті тек Пушкиннен басталады, өйткені оның поэзиясында орыс өмірінің тамыры соғады”, – дейді Белинский.

Орыстың XIX ғасырдағы ең ірі ақын, жазушыларына Белинскийдің идеясы өнегелі мектеп болды. Орыс әдебиетінің ұлы классиктері Белинскийді өздерінің әрі қатал, әрі әділ сыншысы, айнымайтын, аумайтын терең негізді озық ой-пікірдің жетекші-көсемі, ұстазы деп санады. Белинскийді Абай да өзінің ұлы ұстазы деп таныды.

Белинскийдің Пушкин туралы жазған үлкен еңбегін Абайдың зер салып оқығаны даусыз.

“Қазақ халқының XIX ғасырда оянуы мен жаңғыруына басшы болған Шоқан, Ыбырай, Абайлар Белинский ойлары мен өсиеттерінен, үлкен сындарынан мол нәр, тәрбие алған. Абай шығармаларындағы, Алтынсарин өсиеттеріндегі халық қамын жейтін сан толғаулары Белинский еңбектерінен ауысқан өнімді ойлар әсерін тану қиын емес”, – дейді М.О. Әуезов.

“Кім де кім жаратылысында дарынды, талантты болса, сол ғана ақын болады. Бірақ ақындық таланттың да шамашарқы бар, ол әркімде әртүрлі, әр дәрежеде болады” – дейді Белинский.

Абай шәкірт достарына ақындық туралы сөйлегенде: “Ол – қуат, табиғат сиы. Ақындық шабыты шын келгенде, адамды қайта тудырып жібереді. Ол келгенде адам жай жабайы адам болмайды”, – дейді екен.

Абайдың ақынға қоятын шарты: “Өнер өнер үшін емес, өнеге үшін” деген қағида. Осы қағидасын: “Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін” атты әйгілі өлеңінде ақын тілмен айтып берді.

Ақынға қоятын шарты осындай болса, ақындық өнерге қоятын талабы, қатал қағидасы – “өлең – сөздің патшасы”. Олай болса өлеңнің биік идеялық мазмұнына түр көркемдігі сай болуы шарт, орынсыз бөтен сөз араласпауы керек. Ақынның өзін сөйлетейік:

– “Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы”.

Абайдың ақын, ақындық өнер жайындағы бұл қағида-

сы өзі көп ізденіп, талғап барып, таңдап тапқан, мол тағылым алған ұстаздары — Белинский, Чернышевский бастатқан орыстың ұлы революцияшыл-демократтарының эстетикасымен түбірлесіп, туысып жатады.

Туған халқын шексіз сүйіп, ел қамқоры болған Абай еңбекшілерді езуші бай-шонжарлармен, болыс, би, алаяқ, атқамінерлермен күреске белін бекем байлап шықты. Ақын өз өлеңінде: Соқтықпалы соқпақсыз жерде өскенін, мыңмен жалғыз алысқанын айқын айтқан.

— “Қалың елім қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың”, —

деген Абай өлеңінен екі жақты езгіде отырған елі үшін ет бауыры елжіреп, ел тағдырын егіле, терең тебірене жырлаған нағыз азамат ақынның бейнесін көреміз.

— “Адасып алаңдама жол таба алмай,
Берік түзу жолға шық қамалмай.
Не ғылым жоқ, немесе еңбек те жоқ,
Ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай”, —

деп халқына түзу жол көрсетті. Ол көрсеткен жолы, сілтеген бағыты — алдыңғы қатардағы орыс мәдениетіне, өнербіліміне бастайтын жол.

Абай қазақ әдебиеті тарихында орыс халқының ұлы мәдениетін, орыс классиктерінің шығармаларын, қазақ даласында мол насихаттаған тұңғыш ақын, ұлы ағартушы — демократ, халықтар достығының жалынды жаршысы болды.

Патша үкіметі, оның жергілікті жерлердегі мансапқор, топас әкімдері Россия империясының қол астындағы ұлттарды езіп, қорлап, жәбірлеп, жауыздық үстем болып тұрған шақта, аз ұлттарға, жалпы еңбекшілерге шын адамгершілікпен қарап, орыс халқының адал жүрек, ізгі көңілін көрсеткен орыстың ұлы жазушы-гуманистері еді.

“...Халық орыс жазушыларын самодержавиеден, православиядан және солармен тілектес халықшылдықтан” қорғайтын көсеміміз деп санайды” — деген ақиқатты Белинский айтқан болатын.

Патшалы Россиядан, чиновниктер, помещик, алпауыт байлар үстемдік құрған Россиядан, Пушкин мен Лермонтовты, Герцен мен Белинскийді, Чернышевский мен Добролюбовты, Салтыков-Щедрин мен Некрасовты, Лев Толстой мен Тургеневті берген Россияны Абай айқын айырып, тани білді.

“Абайдың Пушкин шығармаларын өз оқушыларына жеткізуі — қазақ сахарасына орыстың ұлы мәдениетінің жарығын әкеп төккендей болды”, — дейді М.Әуезов.

Пушкиннің нағыз мұрагері, Россия аспанынан қара түнекті қақ жарып, жай отындай жарқылдаған жалынды ақын Лермонтовты Абай ерекше бағалап, оның отызға тарта өлеңін аударды. Орыстың атақты мысалшы ақыны Крылов шығармаларын қазақ еліне мол танытқан да Абай.

Лермонтов және басқа орыс ақындарының аудармаларынан алып, дүние жүзі әдебиеті классиктері – Гегенің, Шиллердің, Байронның, Мицкевичтің кейбір өлеңдерін қазақ оқушысына ана тілінде алғашқы жеткізген де Абай.

Ұлы ақын осы аударма еңбегімен өз еліне өнеге көрсетіп: – Халқым, мен сендерді осылардай, бүкіл адам баласына қамқор болған, ұлы даналарды тудырған халықпен – орыс халқымен адал достыққа шақырамын. Орыс халқының мәдениетіне ұмтыл, өнер-білім үйрен! – деп жар салды. Оқудағы, өнер-ғылым табудағы мақсат – халыққа адал қызмет ететін азамат болу дейді Абай. Ең алдымен өз балаларын орыс мектебіне оқуға берген Абай:

– “Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет кылсын, шен алсын деп бермедім”, –

дейді Абай өлеңдерінің, қара сөздерінің көбі өнер-білім, адамгершілік, адал достық тақырыбына арналады.

Абай шығармаларының басты тақырыбының бірі – адал еңбек. Ол еңбекті, еңбек адамын ерекше жоғары бағалап, ардақтайды, мадақтайды. Өзінің нақыл сөзінде:

“Бақпен асқан патшадан, мыймен асқан қара артық, сақалын сатқан кәріден, еңбегін сатқан бала артық”, – десе, адал еңбекті өзінің құлқыны үшін етпеу керек, адамшылық қарызы үшін ету керек деп білген. “Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың, адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, халықтың сүйген ұлы боласың”, – дейді ұлы гуманист.

“Малға достың мұңы жоқ малдан басқа” деген өлеңін:

– “Осыны оқып, ойлай бер, болсаң зерек,
Еңбекті сат, ар сатып неге керек.
Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек”, –

деп қорытады ақын.

Еңбектен қашып, аранын ашып, өтірік-өсек айтып, арын сатып, құлық-сұмдықпен тегін мал таппақ болған “бойы бұлған, сөзі жылмаңдарды”, “сабырсыз, арыз, еріншек, көрсеқызар жалмауыздарды” ажуа, мысқыл етіп, ашына жырлап, мазак-масқара қылатын Абай өлеңдері – өзі бір сала.

1860 жылдар орыстың ұлы революционер-демократтары Чернышевский, Добролюбовтардың сыншылдық, қоғамдық озық ой-пікірлерінің Абай шығармаларына өзекті тақырып болып, сыншылдықпен жырланғанын көргенінде, қатты толғанып, қуанасың, сүйсінесің.

Добролюбов өз заманында орыс жұртшылығына қандай әдебиет қажет екенін айта келіп, орыс ақын, жазушыларына әлеуметтік тұрғыдан талап қойғанда: “Жағымпаз жаршы да, даурыққан сыншыл да, тәтті тілді мақтағыш та қажет емес. Россияға шабытты, ызалы сатирик, ащы сыншыл сөздің тасқынын беретін ақын керек”, — деген.

Абай заманындағы қазақ халқына да, сол Добролюбов айтқандай ақын керек еді. Сондай ақын Абай болды.

— “Мақтау — жел сөз жанға қас,
Қошаметшіл шығарған.
Бір мақтаса тоқтамас,
Ел табылса құмарлан.
Мен — мақтанның құлы емес,
Шын ақылға зорлық жоқ.
Антұрған көп пұл емес,
Өлім барла қорлық жоқ”. —

деген Абай, өз тұсындағы қазақ қауымына: Добролюбов айтқандай: “шабытты, ызалы сатирик, ащы сыншыл сөздің тасқынын беретін ақын” болып, жауыздыққа қарсы аянбай алысты: Абайдың “Көжекбайға”, “Болыс болдым мінекей”, “Мәз болады болысың”, “Байлар жүр жиған малын қорғалатып”, “Қыран бүркіт не алмайды салса баптап” тағы басқа өлеңдерінен елін сатқан екі жүзді болыстарды, қу старшын, алаяқ билерді, арсыз атқамінерлерді, пасық байларды, өтірік арыз бергіш, өсекші сұмдарды “ызалы жүрек, доғты қол, улы сыя, ащы тилмен” түйреп әшкерелеп, халық алдында оларды масқара етіп, жиркенішті бейнесін жасап берген. нағыз сатирик ақынды көреміз.

Еңбекшілерді езіп, билеп-төстеп жүрген атқамінер, әкім ұлықтардың жексұрын сиқын ажуалап, әшікере ете отырып, Абай халқын ондай жауыздардан “жасқанбауға” шақырады:

— “... Ол болдым-ақ дей берер,
Бұлғақ қағып басқанға.
Елең қағып елірер,
Алартып көзді аспанға.
Жайы мәлім шошқанын,
Түрткенінен жасқанба!” —

деп, ет-жұртына жігер-қайрат беріп, зұлымдыққа қарсы

тұруға насихаттайды. Данышпан ақынның қаламынан қағыс қалған бірде-бір келелі тақырып жоқ-ау.

Бұрын қазақ поэзиясында болмаған: “Жаз”, “Жазғытұрым”, “Күз”, “Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай”, “Қыс” сияқты көркемдік түр, идеялық-мазмұн жағынан теңдесі жоқ тамаша табиғат лирикалары, бүкіл адам баласына ортақ, терең, нәзік сезім сырына толы адал махаббат лирикалары, философиялық, адамгершілік тақырыбына жазылған лирикалар, қуаныш, күйініш жырлары, жарқын әзіл-қалжың өлеңдер, сағыныш, сөлем-хат түрінде жазылған өлеңдер, көңіл күйі, ой-толқынынан туған туындылар ақын, ақындық өнер, ән-күй, музыка өнері туралы өлеңмен түйінделген. Абайдың эстетикалық қағидалары – осының бәрі ақын поэзиясының ұшан-теңіз байлығын, тереңдігін, көркем сөздің нағыз классик үлгісін танытады.

Абай – өлең құрылысына бұрын болып көрмеген ондаған жаңа түр қосқан новатор ақын.

Ақынның “Масғұт”, “Ескендір” сияқты дастандарының өзі бір төбе. Абайдың “Ғаклия” (Қарасөз) деп аталатын қырық бес шығармасы, аударма еңбектерін атағанда, оның үстіне композиторлық өнерін қосқанда – ұлы ақынның дана ойшылдығына, үлкен ғалымның, демократ-ағартушының ірі қоғам қайраткерінің алып тұлғасына бас иіп, мақтан етесің.

Абай “соқтықпалы, соқпақсыз” заманда:

“Жамандықты кім көрмейді? Үміт үзген – қайратсыздық. Дүниеде ешнәрседе баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің? Қары қалың қатты қыстың артынан, көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді”, – деген екен.

Абай арман еткен “жақсы жазы” қазақ даласына да жетті.

1981 жыл.

Асыл мұраны таза сақтайтын болайық!

“Қазақ әдебиеті” газетінің 9 май күнгі (1985) санында жарияланған “Асылға абай болайық” атты мақаласында белгілі жазушы, сыншы Герольд Бельгер Абай туралы әдебиет әжептәуір бар екенін айта келіп: “Сөйте тұра, бір ғажабы, күні бүгінге дейін Абай шығармаларының әбден анықталған, айқындалған, бір қалыпқа түсірілген тұрақты алтын нұсқасы (канондық тексі) жоқ екен”, – деп өте орынды, дұрыс пікір айтқан және нақтылы дәлелдеп берген. Г. Бельгер Абай шығармаларының екі басылымын, 1976 жылы “Жазушы” баспасынан және 1977 жылы “Ғылым” баспасынан шыққан өлеңдерін салыстырып қарап, “Абай өлеңдеріндегі сәйкессіздіктердің, үйлесімсіздіктердің көптігін” анықтайды. Мысалы, “Сабырсыз, арсыз, еріншек” өлеңін салыстырғанда, сәйкессіздіктердің саны он бес, “Көңілім қайтты дастан да, дұшпаннан да” деген өлеңдегі үйлесімсіздік он үш болып шығыпты. Сөйтіп екі баспадағы ақын өлеңдерін салыстырып қараған Г. Бельгер: “Сонымен Абайдың небәрі он өлеңін салыстырып қарағанымызда тоқсан тоғыз (!) сәйкессіздікке көзіміз жетті. Ал жүз өлеңін салыстырған жағдайда және екі басылыммен шектелмей, барлық басылымдарды үңіле қарап шықсақ, “табысымыз” тоғыз жүз тоқсан тоғызға жетер ме еді, қайтер еді? – дейді.

Мақалада Абай өлеңіндегі кейбір жеке сөздердің, өлең жолдарының екі басылымда екі түрлі беріліп, қым-қиғаш болып жүргеніне, тыныс белгілерінің жөн-жосықсыз, қалай болса солай қойыла бергеніне нақтылы мысалдар келтіріп: “Ал енді жаңағы сәйкессіздіктерді орыс жұртшылығына қалай ұғындырамыз, қалай жеткіземіз?” – дейді. Өкінішке толы орынды ой-пікір айтады. Абайтануға байланысты әлі істелмей жатқан, істелетін кезі әлдеқашан келген келелі мәселелерді атап-атап көрсеткен.

Енді біз Г. Бельгер мақаласында көтерілген Абай шығармаларының текстологиясы мәселесіне тоқталамыз.

Ең алдымен Г. Бельгер мақаласында айтылған “Абай өлеңдеріндегі сәйкессіздіктер” мәселесіне келейік. Бельгер: “Жазушыдан” шыққан басылымда: “Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың”, делінсе “Ғылымда” шыққан екі томдықта: “Өз қолыңнан кетпесе, енді өз ырқың” – деп басылған”, – дейді.

Абайдың “Қалың елім, қазағым, қайран жұртым” деген өлеңінде “Ғылым” баспасы өрескел қате жіберген. Дәлелдеп көрейік. Мұхтар Әуезов Абайдың бұл өлеңі туралы былай деген: “1886 жылдың тағы бір өлеңі – “Қалың елім, қазағым, қайран жұртымда” ақын өз халқының сол кездегі тарихи трагедиясын айта кел дерттенеді. Жоғын жоқтап, мұнын мұндап отырғаны “қалың елі, қазағы”. Оны “қайран жұртым” деп ынтыға сүйеді. Бұнын қамын ойлағанда, қамырыққа көңіл толады”.

Ақын бұл өлеңінде 1868 жылдың реформасынан кейінгі еңбекші қазақ елінің басына төнген ауыр халды сипаттайды. Реформа еңбек елінің тұрмыс-халын ауырлата түсті. Алымсалық онан сайын көбейіп, патша әкімдері мен қазақ атқамінерлерінің елді билеп-төстеу үстемдігі, өктемдігі күшейе түсті. Сөйтіп, бұл реформа қазақ халқын ұлттық және саяси-әлеуметтік жөнінен правосыздыққа айналдырған, нағыз бюрократтық, әскери-отаршылдық сипаттағы реформа болды (Қазақ ССР тарихы. Бес томдық. 1979. “Административные реформы в Казахстане в 60–90-х годах XIX века” тарауын қараңыз). Ендеше халқының өз қолынан билігі кеткенін көріп отырған Абайдың: “Өз қолыңнан кетпесе, енді өз ырқың” деуі ешқандай ақылға сыймайды.

Абай:

– “Өздеріңді түзелер дей алмаймын.
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың”, –

деген. Абай өлеңінің осы біз айтып отырған идеялық мазмұнын дұрыс түсініп, өлеңді орыс тіліне аударған ақын С. Липкин:

– “Не надеюсь на исправление твое,
Коль судьбу свою в руки народ не берет”, –

депті (Абай Құнанбаев. Собрание сочинений в одном томе. Москва, 1954, стр. 48).

Ал 1909 жылы тұңғыш рет басылып шыққан Абай өлеңдерінің жинағында: “Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың”, – деп ақын сөздерінің түпнұсқасы дұрыс берілген. Осы айтқандарымызды 1956 жылы да жазған болатынбыз.

Бельгер тағы мынандай сәйкессіздіктерді атап көрсетеді: “Бірінші айтылған басылымда: “Бектікте біреу бекіп тұра алмай жүр” болса, екіншісінде сол жол: “Бектікті біреу бектеп тұра алмай жүр” деп берілген. Сол сияқты: “О-дағы ұры-қарды қыра алмай жүр”, – “О-дағы ұры-қарды тыя алмай жүр”, “Саудагер тыныш сауда қыла алмай жүр” – “Саудагер тыныштық сауда қыла алмай жүр”.

Бұлар Абайдың “Көңлім қайтты достан да, дұшпаннан да” дейтін өлеңінде кездесетін сөздер. “Бектікті біреу бектеп тұра алмай жүр” деп “Ғылым” баспасында дұрыс берілмеген. Бұл арада Абай ел басқарушы атқамінер әкімдердің, болыстық, старшындық қызметте (бектікте) тұрақты бола алмауын айтып отыр. Сондықтан “Бектікте біреу бекіп тұра алмай жүр” деп басылуы дұрыс болады. Осыдан кейін келетін өлең жолының: “О-дағы ұры-қарды қыра алмай жүр” деп берілуі дұрыс. 1909 жылғы басылымда да осылай басылған (9-бет). Абай ел билеуші әкімдердің ұрлық-қарлық сияқты қылмыстарды жоя алмай (қыра алмай) жүргенін айтады. Және “қыра алмай жүр” (“тыя алмай жүр” емес) деген сөздер өлеңнің көркемдік түріне, үйлес, ырғағына да сай келіп тұр. Өлең шумағын тұтасымен оқысақ, төрт аяғын тең басып тұрғанын көреміз:

– “Бектікте біреу бекіп тұра алмай жүр,
О-дағы ұры-қарды қыра алмай жүр.
Қарсылық күнде қылған телі-тентек,
Жаза тартып ешбірі сұралмай жүр”.

“Саудагер тыныштық сауда қыла алмай жүр” деп “Ғылым” баспасына берілуі дұрыс дейміз. Бұл арада Абай саудагерлердің де қазақ арасында тыныштықпен сауда қыла алмайтынын, елге несиеге нәрсе беріп, несиесін дұрыстап ала алмайтынын айтып отыр. “Саудагер тыныштық сауда қыла алмай жүр, қолдан беріп, қор болып ала алмай жүр”, – дейді Абай. Қазақта ондай мінез барын Абай қара сөздерінде айтады: “Саудагер несиесін жия келгенде, тапқаным осы, бітім деп алсаң ал, әйтпесе саған бола жерден мал қазамын ба?” дейтуғын болушы еді ғой, – дейді (Он алғыншы сөз).

“Көңлім қайтты достан да, дұшпаннан да” өлеңіндегі дұрыс берілмей жүрген бірер сөз туралы айта кету керек. Жоғарыда басылған екі баспада да (“Жазушы”, “Ғылым”) Абай сөзі өзгертіліп:

– “Ала жылан аш бақа күпілдектер,
Кісі екен деп үлкеннен ұялмай жүр”. –

деп берілген. 1909 жылғы өлеңдер жинағы кітабында: “Кісі екен деп ұрлықтан ұялмай жүр”, – деп дұрыс басылған. Абай бұл арада қазақтың атқамінерлерін – “ала жылан, аш бақа күпілдектер” деп таңбалап атап, сол алаяқтардың ұрлықтан (орыс әкімнен) ұялмайтынын айтып отыр. Және Абай бір өлеңінде бір сөзді орынсыз қайталамайтын акын. “Үлкеннен ұялмай жүр” деген сөзді осы өлеңнің басқа бір шумағында өз орнында қолданады: “Жасы кіші үлкеннен

ұялмай жүр” дейді. Өз қолжазбасы сақталмаған Абай шығармаларын кітап етіп басып шығару аса қиын да күрделі мәселе еді. Сондықтан 1909 жылдан бері жеке кітап болып шыға бастаған Абай шығармаларының текстологиясында кемшіліктер кездесіп отырады. Ол кемшіліктер туралы кезінде мақалалар да жазылып, текстологиялық зерттеу жұмысы жүргізіліп келді.

Көптен бері толғантып жүрген Абай шығармаларының текстологиясын зерттеу жұмысымен мен де шұғылданған едім. Ол зерттеу жұмысыма негіз етіп алғаным Абайдың 1954 жылы басылған екі томдық толық шығармалар жинағы болды. Өйткені Абай шығармаларының, Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасынан тұңғыш рет шыққан толық жинағы да сол еді.

1954 жылы шыққан Абай шығармалары жинағының алғы сөзінде: “Бұл баспаның текстологиялық негізі ретінде ақынның 1909 жылғы жинағы және Мүрсейіт жазған Абай шығармаларының қолжазбалары (1905, 1907, 1910 жж.) алынып, ғылыми тұрғыдан сын көзімен қаралып пайдаланылады.

... Абай шығармаларының осы кезге дейінгі басты-басты жинақтарының бағалы, құнды жақтары ескеріліп, негізге алынды”, – деген. Соның өзінде жинақта дұрыс берілмеген жеке сөздердің, кейбір өлең жолдарының саны (қара сөздерін қоспағанда) үш жүзден астам екені байқалады. Және Абай өлеңдері жинақтарында қате беріліп, ақын өлеңінің мазмұнына, көркемдігіне нұқсан келтіріп тұрған кейбір “бөтен сөздерді” дұрыстау үшін 1909 жылғы жинақ та, Мүрсейіт қолжазбасы да негіз бола алмайтынына көзіміз жетті. Мысалы, “Алланың өзі де рас, сөзі де рас” деген өлеңнің 9-шумағының бастапқы екі жолы 1954 жылғы жинақта:

– “Бас жоғары жаралған, мойын төмен,
Қарашы дүние біткен ретіменен”, –

деп басылған. 1909 жылғы жинақта да дәл осылай басылған. Бұл арада өлеңнің мазмұнын бұзып, нұқсан келтіріп тұрған “дүние” деген сөз. Абай ешқашан бір ойды бастап айтып келе жатып, оны тастай беріп басқа жаққа ауытқып кететін ақын емес... Абай дүние құрлысын сөз етіп отырған жоқ, адамның дене мүшесінің рет бітімін айтып отыр. Бұл пікірімізді осы өлеңнің бірінші жолы тапжылтпай дәлелдеп тұр. Сондықтан Абай жазған түпнұсқаны былай оқыр едік:

– “Бас жоғары жаралған, мойын төмен,
Қарашы дене біткен ретіменен”.

Біз Абай өлеңінің мазмұнына үніліп қарап, осылай түзе-

ген болатынбыз. 1957 жылдан бастап, ақын жинақтарында сол түзету бойынша басылып келеді.

Осы өлеңнің 5-шумағы 1954 жылғы жинақта және 1909 жылдан бастап, барлық жинақтарда:

– “Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті”, –

деп басылған. Осы өлеңнің соңғы жолына үңіле карап, ақыл-ой таразысына салсақ, мағына-мазмұны жағынан да, өлеңдік қисын жағынан да, ойсырап жатыр. Қажетті бір сөз – “сүй” деген сөз түсіп қалып, оның орнына “осы” деген “бөтен сөз” кіріп кетіп, өлеңді бүлдіріп тұр. Біз осы өлең шумағын былайша оқысақ, түпнұсқа алғашқы қалпына келеді деп берік сенеміз:

– “Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және сүй хақ жолы деп әділетті”.

Бұлай түзеу үшін біз Абайдың өзіне сүйендік. Осы өлеңнің келесі 6-шумағының бастапқы екі жолын оқысақ та жеткілікті:

– “Осы үш сүю болады имани гүл,
Иманның асылы үш деп сен тахық біл”.

Біздің бұл пікіріміз Абай жинағының басылымдарында қабылданбай келеді.

“Қан сонарда бүркітші шығады аңға” өлеңіндегі кате басылып жүрген сөздердің бәрін тізе бермей, барлық басылымдарда да (1954, 1957, 1961, 1976, 1977) бұрмаланып беріліп келе жатқан бір жол өлеңге ғана көңіл бөлейік. Жинақтарда:

– “Құсы да, иесі де қоразданар,
Алпыс екі айлалы түлкі алғанда”, –

деп беріліп жүр. Абай бұл арада құс иесінің қоразданғанын айтып отырған жоқ. “Алпыс екі айлалы түлкі алған” бүркіттің (құстың) иесіне қоразданғанын айтып отыр. Бүркітшінің (құс иесінің) қораздануын өлеңнің кейінгі жолдрында:

– “Сілке киіп тымақты, насыбайды
Бір атасың көңілің жайланғанда”, –

деп суреттейді. Сондықтан бұрмаланып басылып жүрген

өлең жолдарын 1909 жылғы жинақ бойынша дұрыстап оқыуымыз керек. 1909 жылғы кітапта (71-бет) өлең жолдары:

– “Құсы да, иесіне қоразданар,
Алпыс екі айлалы түлкі алғанда”, –

деп анық басылған.

Мәселе Абай шығармаларының текстологиясы жайында болғандықтан, осыған байланысты өз еңбегім туралы да айта кетуім керек.

“Абай шығармаларының текстологиясы жайында” атты зерттеу жұмысымды 1956 жылы аяқтап, Алматыға апарған едім. Қолжазбамды ең алдымен оқып шыққан академик Смет Кенесбаев “Ғылым” баспасынан шығаруды мақұл көрген еді. Онда қаламақы төленбейтін болғандықтан, көркем әдебиет баспасына тапсыруға тура келді. Ол баспада үш жыл жатып, тек 1959 жылы шағын ғана тиражбен жарық көрді. Егер де Ғабит Мүсірепов қамқорлық жасамаса, еңбегім еш болып, мүлдем жарық көрмей қалуы ғажап емес еді. Енді Абай шығармаларының текстологиясын зерттеу жұмысымда (1954 жылғы жинақ негізінде) ескерген мәселелерді айта кетейін. Абайдың өз қолжазбасы сақталмағандықтан, ақын жинағын баспаға әзірлеу кезінде 1909 жылғы кітабын, Мүрсейіт қолжазбаларын текстологиялық негіз ретінде алу дұрыс. Бірақ ол жеткіліксіз. Оның себебі ол кезде Қазақстанда полиграфия базасының болмауы, баспасөз мамандарының жоқтығы Абайдың алғашқы жинағының сапалы болып шығуын қамтамасыз ете алған жоқ. Петербург қаласында басылып жатқан Абай өлеңдерінің корректурасын Кәкітай Құнанбаевтың Семейде отырып жүргізуі осы қиындықтардың айғағы болады. Және ескі араб әрпімен басылған кітапта қазақ сөздерінің таза сақталып берілуі мүмкін болмағандығын еске алғанда, Абай өлеңдерінің тұңғыш жинағының көп кемшіліктермен шыққанын көреміз.

Бұл жөнінде Мұхтар Әуезов: “Революциядан бұрын Абайдың баспаға шығуы, әсіресе жинақ боп шығуы, зор қадірлі, тарихтық іс болғанмен, ойдағыдай шыға алмаған”. – дейді. Мүрсейіт Абай шығармаларын ақынның түгел өз қолжазбасынан көшірген емес. Басқа адамдардың да жазбаларын пайдаланған және ақын өлеңдерінің ел аузында сақталғандарын қағаз бетіне түсірген. Абайдың 1909 жылғы жинағымен Мүрсейіт қолжазбаларын салыстырып қарағанда, сөз қайшылықтары кездесіп қалып отыратыны да сондықтан. Біз зерттеу жұмысында ақынның 1909 жылғы жинағынан бастап, одан соңғы 1954 жылға дейінгі шыққан

басты-басты жинақтары және Мүрсейиттен басқа да Абай шығармаларын көшірген Рахым Жандыбаев, Оразке Уақбаев, Әкімал Мамырбаев, тағы басқа адамдардың қолжазбаларын пайдаландық. Сонымен қатар Абай өлеңдерінің көбін ерте кезден жаттап, естеріне сақтаған Төлеу Көбдіков, Сапарғали Әлімбетов, Шәкір Әбенев ақындардың Әрхам Кәкітайұлы Ысқақов, Шабдан Әлмағамбетов, Рахымжан Мамырқазовтардың мағлұматтарын ескердік. Абайдың шәкірттері, жақын достары — Көкбай. Кәкітайдың жазбаларына ерекше көңіл аудардық.

Ең ақырында Абайдың өзіне жүгіндік. Абай өлеңдерінің жинақтарында, көшірме қолжазбаларда кездесетін орынсыз тұрған оғаш сөздерді дұрыстап, түпнұсқасына келтіру мәселесінде ақын творчествосының өзіне тән ерекшеліктері жетекші бола алады. Бұл жөнінде Абайдың ақынға, ақындық өнерге қоятын шарты, эстетикалық қағидасы — адастырмас Темірқазық. Ерекше көркемдік түр мен терең идеялық мазмұны “қиыннан қиысып” жатқан Абайдың сымбатты өлеңіне “бөтен сөз” араласып бүлдіріп тұрған жері болса, зер салып үңіле қараған зерттеушінің көзіне түспей қалмайды.

Осы айтқандарымызды еске ұстап, 1954 жылғы екі томдық жинақ бойынша. Абай шығармаларының текстологиясын қарастырғанымызда дұрыс берілмеген жеке сөздердің, кейбір өлең жолдарының саны — (қара сөздерін қоспағанда) үш жүзден астам болып шыққанын жоғарыда айттық. Сол кемшіліктерді атап-атап көрсетіп, оларды түзетіп, қате басылып жүрген Абай сөздерін алғашқы қалпына, түпнұсқасына келтіруге арналған еңбегіміз — “Абай шығармаларының текстологиясы жайында” деп аталған кітапшамыз еді.

1954 жылдан кейінгі шыққан Абай жинақтарында, гүтел болмаса да, біздің еңбегіміз ескерілген.

* * *

Енді 1977 жылы “Ғылым” баспасынан шыққан Абай шығармаларының екі томдық жинағына тоқталу керек. Жинақтың алғы сөзінде. “Абай шығармаларының текстологиясы жайында” деген атпен 1959 жылғы Қайым Мұхамедхановтың еңбегі жарық көрді. Қайым Мұхамедханов Абай мұрасын және ұлы ақын төңірегінде шоғырланған басқа да авторлардың шығармаларын зерттеуде көптеген ғылыми еңбектер жазып, елеулі үлес қосқан ғалым. Демек, оның пікірлерімен санасқан абзал”. — дей келіп, менің монографияма екі түрлі себеппен арнайы тоқталмайтынын айтады. “Бірінші себеп — автор осы еңбегін жазғанда, неге екені

белгісіз, өз зерттеуіне негіз етіп Абай шығармаларының 1954 жылы жарияланған басылымын алыпты”, — дейді. Оның себебі белгісіз емес, белгілі. Олай дейтінім мен жұмысымды жаза бастаған кезде (1955 жылы) ең соңғы шыққан Абай шығармаларының басылымы сол 1954 жылғы жинақ болатын. Жұмысымның аяқталған уақыты 1956 жыл екені 1959 жылы жарық көрген “Абай шығармаларының текстологиясы жайында” кітабының соңында көрсетілген.

“Екінші себеп — сол кітапта (менің кітабымды айтады. — Қ. М.) өте орынды көрсетілген кемшіліктердің көпшілігі Абайдың 1957 жылғы басылымында түзетілді, күдіксіз дегендері қабылданды. Бірақ та біз өз жорамалымыз бойынша беталды түзете берушілікке жол берген жоқпыз”, — дейді.

Сөйтіп, 1957 жылғы жинақта “өте орынды көрсетілген кемшіліктердің көпшілігі түзетілді, күдіксіз дегендері қабылданды” десе, түзетілмегені, қабылданбағаны қанша? Сол қабылданбаған, түзетілмеген кемшіліктер түгелімен 1977 жылғы басылымға көшкен. 1977 жылғы жинақ бойынша, ондай кемшіліктердің (қара сөздерді қоспағанда) жалпы саны — 215.

Бұл мақалада ол кемшіліктердің бәрін тізіп атап айту мүмкін емес. Мысал үшін біразына ғана тоқталайық.

1977 жылғы жинақта “Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат” өлеңінде қате басылған 4 сөздің біреуін ғана келтірейік:

— “Күншіліксіз тату бол шын көңілмен”.

Дұрысы:

— “Күншілдіксіз тату бол”.

1909 жылғы кітапта:

— “Күншілдіксіз тату бол шын көңілмен”, —

деп дұрыс басылған (12-бет).

“Аттың сыны” өлеңінен бір ғана мысал:

— “Қабырғалы, жоталы болса күшті”, —

дұрысы:

— “Қабырғалы, жотасы болса күшті”, —

(1909 жыл, 97-бет):

“Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы” өлеңінде: Мүнәжәт Уәлилердің зар наласы”, дұрысы: “Мәнәжәт ғалымдардың зар наласы” (1909 жыл, 31-бет). “Былжырақ көрінелі соларды аңдап”, дұрысы: “Былжырақ көрінелі солар даңдақ” (1909). “Әншейін күн өткізбек әңгімеге, тыңдар едің

бір сөзін мыңға балап”, дұрысы: “Әншейін күн өткізбек әнгімені, тыңдар едін әр сөзін мыңға балап” (1909). “Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол” өлеңінде: “Биде тақпақ, мақал бар байқап қара”, дұрысы: “Биде тақпақ, мақал бар, ойлап қара” (1909). “Сүйенерлік адамды құрмет қыл”, дұрысы: “Сүйсінерлік адамды құрмет қыл” (1909, 32-бет). “Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай” өлеңінде: “Жас балаға үйде от жоқ тұрған маздап”, дұрысы: “Жас балаға от та жоқ” тұрған маздап” (1909), “Бір жағынан қысқанда жел де азынап”, дұрысы: “Бір жағынан қысқанда о да азынап” (1909), “Байда мейір, жалшыда бейіл де жоқ”, дұрысы: “Байда бейіл, жалшыда мейір де жоқ” (1909, 69-бет). 1909 жылғы жинақта дұрыс берілген Абай бұл арада жалшыны қанап отырған дүниеқор, сараң, байда бейіл жоқ (тар бейіл) дейді. Ал өзін қанаушы, дүниеқор, бейілі жоқ байға жалшы да мейірімсіз, яғни өзін қанаушы байға жалшы мейірімсіз, дұшпан деген пікірді айқын айтып отыр.

“Мен жазбаимын өлеңді ермек үшін” деген өлеңінде: “Көңілінің көзі ашық сергегі үшін”, дұрысы: “Көңілінің көзі ашық сергек үшін” (1909, 33-бет). Абай бұл жерде сергек, көңіл көзі ашық, сөз ұғатын адамды айтып отыр. “Кәрілікті жамандап, өлім тілеп”, дұрысы: “Елде кәрі жамандап, өлім тілеп”. 1909 жылғы кітапта дұрыс басылған. (33-бет). Абай жалпы кәрілікті емес, адамның жасына шек қойып, “пайғамбар, жасында” өлуді дәріптеп:

– “Алпыстан әрі бармаңыз.
Байқамай шал боп қалмаңыз”, –

деп өлең жазған ақынды сынаған.

“Бес-алты мисыз бәңгі күлсе мәз боп,
Қинамай қызыл тілім, кел тілді ал. қой”!

деп 1977 жылғы жинақта мүлдем бүлдіріп берілген, тыныс белгілері де дұрыс қойылмаған. Ал 1909 жылғы кітапта: “Қинамай қызыл тілді, кел тіл ал, қой!” деп дұрыс басылған (33-бет). Абай бұл ақылын кімге арнап айтқанын, өлеңнің келесі жолдары көрсетіп тұр:

– “Өлеңі бар, өнерлі, інім сізге
Жалынамын, мұндай сөз айтпа бізге”, –

дейді.

“Бай сейілі” деп басталатын өлеңдегі бес кемшіліктің екеуі туралы ғана айтайық: “Ұрысса орыс, елге болыс үйден үрген итке ұсап”, 1909 жылғы жинақта “Үйден үрген итке ұсап” (23-бет). “Үрген ит” деген дұрыс па? Әлде “үрген ит”

(ұрылған, таяк жеген) деген дұрыс па? Нағыз дұрыстығын анықтау үшін нанымды түсінік беру керек болады. “Бай сейілі” деген өлеңді ел билеген болыстарға арнап айтқан. “Ұрысса орыс, елге болыс үйден ұрған итке ұсап” дегені: Үйден таяк жеп шыққан ит тыстағы итпен алыса кететін әдеті болады. Үйдегі кісіге ештеңе ете алмай, ашуын тыстағы иттен алады. Уезнойдан сөгіс естіген болыс та, сол ит секілді, уезге ештеңе ете алмай, тыстағы жай адаммен ұрысады екен”. Біз осы түсінікті, нанымды да сенімді дейміз. Осы өлеңдегі енді бір сөз 1977 жылғы жинақта: “Тайса аяғың кім көмбек” деп берілген. Дұрысы: “Тайса аяғың кім көмек”. Аяғың тайса, кім көмек көрсетеді деген ұғымды береді (1909, 23-бет). “Жастықтың оты жалындап” өлеңінде “Мақтанып жұртты” шулатса”, дұрысы: “Мақтатып елін шулатса” (1909, 54-бет). “Көзімнің қарасы” өлеңінде бір сөзі: “Кең маңдай, қалың (?) шаш” деп қате берілген, дұрысы “қолаң шаш” болады. Бұл өлеңде тағы бес қате кеткен.

“Сағаттың шықылдағы емес ермек” өлеңінен бір мысал: “Өткен өмір белгісі — осы сыбдыр”, дұрысы: “Өткен өмір хабары — осы сыбдыр” (1909, 48-бет). “Көк тұман алдындағы келер заман” өлеңіндегі бес кемшіліктің екеуінақ келтірейік: “Әділеттік, арлылық, махаббатпен”, “Үй жолдасың қабірден әрі өткенде”, дұрысы: “Әділет пен арлылық, махаббат пен”. Бірақ 1909 жылғы басылымда да: “Үй жолдасың қабірден әрі өткенде”, — деп берілген. “Үй” деген сөз бұл арада оғаш тұрған бөтен сөз. Біз “үш жолдасың” деп түзедік (үш жолдас — әділет, арлылық, махаббат). Жорамалымыз (гипотеза) нанымды болар деп ойлаймыз. Осы өлеңге жалғас келетін:

— “Малға сат, пайдаға сат қылығыңды.
Лайла лай оймен тұнығыңды.
Сонда өмірден алдамшы бела алмассың,
Ол білдірмей ұрламақ қызығыңды”. —

(1909, 55-бет) деген бір шумақ өлең 1977 жылғы жинақта атымен жоқ.

1977 жылғы басылымдағы “Ескендір”, “Масғұт” дасгандарының тексінде 1909 жылғы жинақпен салыстырғанда 19 сөз дұрыс берілмеген. Орыс ақындарының аударма өлеңдері тексінде дұрыс берілмеген және 1909 жылғы басылыммен салыстырғанда ұшырайтын сөз қайшылықтарының саны — 74. Бірнеше ғана мысал келтірейік. “Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек” (Лермонтовтан) өлеңінде:

— “Кісімсі қайда жүрсең олжаға ток.
Шұқыма халық көзінше қарғаша бок

Жұрт – жас бала жылағып тартып алма,
Білдіртпей ептеп алсаң залалы жоқ”

Ал 1909 жылғы жинаққа (25-бет):

– “Кісімі қайда болса олжаға тоқ,
Шоқыма халық көзіңше қарғаша бок
Жүрг – бала еш нәрсесін тартып алма,
Білдіртпей ептеп алсаң залалы жоқ”, –

деп дұрыс берілген.

“Рахат, мені тастап қоймадың тыныш” өлеңінде: “Жастық құмар үміттің нұры қайтып” десе, 1909 жылғы жинақта: “Жастық қуат үміттің нұры қайтып (80-бет)” деп дұрыс басылған. Бұл өлеңде тағы төрт сөзде қайшылық бар.

“Жарлы бай” (Крыловтан) өлеңінде он сөз дұрыс ба-сылмаған. Бір ғана мысал: “Дорбаны әуел дарияға ат, той-ғаныңша ал-дағы” Әуелі дорбаны дарияға атып жіберген соң, несін алады! Дұрысы: “Дорбаны ол дарияға ат, тойға-ныңша ал-дағы” (1909, 91-бет). Крылов мысалдарынан аударма өлеңдерде 1977 жылғы жинақта 32 сөз дұрыс беріл-меген.

Сол сияқты Абайдың Пушкиннен аударған алты-он алты сөз дұрыс берілмеген. Мысалы, “Онегиннің сипаты” өлеңінде: “Қамыққансып қайғырып, орны келсе” деп ба-сылса, 1909 жылғы кітапта: “Қамыққан сыр қайғырып орны келсе” (73-бет) деп дұрыс берілген. 1977 жылғы жинақта: “Жаның шошыр, ерлігі жаннан бөлек” деп берілсе, “Жаның шошыр, өрлігі жаннан бөлек” деп 1909 жылғы кітапта (73 бет) дұрыс басылған.

Татьянаның Онегинге жазған хатында: “Талапсыз, бақ-сыз мен сорлы” деп берілсе, “Талайсыз бақсыз, мен сор-лы” деп, 1909 жылы дұрыс басылған. “Шыдар ем күйіп мен жанып” деп берілген өлең жолы, 1909 жылғы жинақта: “Шыдадым күйіп мен жанып” деп өлеңнің мазмұнына сай дұрыс басылған. Өлең шумағын түгел оқысақ, дұрыстығы-на көзіміз жетеді.

– “Әлімше мен де ұялып,
Білдірмен дедім өлсем де,
Шыдадым күйіп мен жанып,
Айында бірер көрсем де”.

Өлеңнің келесі шумағының соңғы жолдары: “Шыдар ем бір ай жатуға, ұзақ күн жұмбай көзімді” деп дұрыс берілмеген. Дұрысы: “Шыдар ем бір ай жануға” (1909, 74-бет). Абай бұл арада Онегинге ғашық болған Татьянаның

ішкі сезім-сырын беріп отыр. Бір ай бойы ұзақ түн көзін жұмбай құр бақырайып қарап жату емес, ғашық отына күйіп-жанып, қасірет шегуді, ынтазарлықты айтып отыр.

“Амал жоқ қайттым білдірмей” деп басталатын, әлемі әнмен айтылатын осы әйгілі өлеңнің жеті сөзі дұрыс басылмай келеді. Енді екі сөзге ғана тоқталайық: “Әлде азғырып әуре еткен жаумысың теуіп таптаушы”, – деп басылып жүрген (1909 жылғы кітапта осылай басылған) осы өлең жолындағы “таптаушы” деген сөз орынсыз, окшау түр. Бұл арада Татьяна Онегинге: “шыныңды айт, кімсің тербеткен, иембісің сақтаушы, жоқ, әлде, көңілімді қалдырып, бетімді қайтарып тастаймысың деген күдігін айтады. Онегин оның көңілін суытып, бойына үйір етпей, ақын тілімен айтқанда “теуіп тастауы” мүмкін (солай етеді ғой). Ал әрі теуіп, оның үстіне таптау деген ақылға қонбайтын, Абай айтпайтын сөз. Абай: “Әлде азғырып әуре еткен, жаумысың теуіп тастаушы” деп жазған болар-ау деген қорытынды ойға келеміз.

Осы өлеңнің ең соңғы жолдарындағы өрескелдікті көргенде, Абайдың өзі айтатын: “Бөтен сөзбен былғанса, сөз арасы, ол – ақынның білімсіз бишарасы” дегені ойына сап ете түседі. Өлеңнің соңғы жолы барлық басылымдарда:

– “Кепілім менің бір өзің,
Бөтен жан тесік (!) таба алмас”. –

деп басылып келеді. 1977 жылғы “Ғылым” баспасынан шыққан жинақта да дәл осылай берілген. 1909 жылдан бастап, 1977 жылға дейін басылып шыққан Абай жинақтарының сегіз басылымын қарап шықтық. Бәрінде де сол “Бөтен жан тесік таба алмас” деп басылған. Ақынның асылын былғап, көркем сөзінің көркіне нұқсан келтіріп тұрған бұралқы “бөтен сөз” Абай жинағына кіріп, жайғасып, жетпіс алты жыл бойы келе жатыр.

“Тесік” деген сөз Пушкинде жоқ. Және Абай да айтпаған сөз екеніне кәміл сенеміз. Пушкинде:

– “Но мне порукой Ваша честь,
И смело ей себя вверяю...”, –

деп жазылған. Абай еркін аударма жасаған. Ал “тесік” деген сөзді Абай қолдануы мүмкін емес. Бұл арада Абай Татьянаға мынадай сыр айтқызып отыр: мен бір өзіңе ғана берілгенмін (“Кепілім сенің бір өзің”), басқа жанға бұйырмаспын, несіп болмаспын. Өлеңнің мазмұнына қарап, осындай ұғымға келсек, бүлініп жүрген өлең жолын:

– “Кепілім сенің – бір өзің,
Бөтен жан несіп таба алмас”, –

деп түзетіп оқыр едік. Бұлайша түзетуде біз тағы Абайдың өзіне жүгіндік. “Тәңірі қосқан жар едің сен” деген өлеңде де Абай “нәсіп” (несіп) деген сөзді қолданады. “Татьяна сөзінде: “Мен де сорлы несібімнен, жатқа тидім алшы деп”, – дейді.

Қолжазбада “несіп” деген сөзді араб әрпімен жазу үстінде байқаусыз екі нокат қойылып кетсе, бастапқы “н” әрпі “т” ға айналып “тесіп” деген сөз болып шығады. Ал баспаханаға барғанда, әріп теру кезінде “тесіп” болып кеткен сөздің соңғы “п” әрпінің орнына “к” әрпі теріліп кетсе, “тесік” болып шығады. 1909 жылы шыққан Абай өлеңдер жинағында осындай күйге ұшыраған сөздердің көптігінен көзің сүрінеді. Осы сөз болып отырған екі жол өлеңнің бастапқы жолында тағы бір сөз 1977 жылғы жинақта қате басылған:

– “Кепілім менің — бір өзін”, —

деп берілген. Дұрысында Татьяна Онегинге: менің кепілім сен ғанасың, сенің бір өзіңсің деп отыр. 1909 жылғы кітапта:

– “Кепілім сенің бір өзін (74-бет)”, —

деп Абай сөзі дұрыс берілген.

Абайдың “Қара сөздері” делініп жүрген шығармаларының текстологиясы жайында сөз қозғау бұл мақалала мүмкін емес. Ол өз алдына бір күрделі мәселе. Тек Абайдың өзінің бір сөзін ғана келтірейік. Қазір “Отыз екінші сөз” деп басылып жүрген сөзінде Абай: “Бесінші осы сөздің он тоғызыншы бабында жазылған ақыл кеселі деген төрт нәрсе бар”, — дейді. Ал енді Абай өзі айтып, сілтеме жасап отырған он тоғызыншы бабын (сөзін) қарасак, онда Абайдың: “Жазылған ақыл кеселі...” деген сөздер жоқ. Сөйтсек, Абайдың айтып отырған “он тоғызыншы бабы” қазіргі жинақтарда “Отыз бірінші сөз” болып басылып жүр екен.

Жинақтардың бәрінде “Отыз бірінші сөз” деп басылып жүргені “Он тоғызыншы сөз” екенін Абайдың өзі анықтап беріп отыр. Сөйтіп, Абай қара сөздерінің басылу тәртібінің (ретінің) өзі де дұрыс болмай отыр.

Соңғы жылдардағы басылымдарда Абай шығармаларына берілген “түсініктердің” ғылымдық дәрежесі туралы да, жинақтар Абайға таңылып, жарияланып жүрген кейбір өлеңдер туралы да бұл жолы сөз қозғамаймыз.

Мақаламызды ұлы ұстаз Мұхтар Әуезовтің өсиет сөзімен қорытып, аяқтаймыз: “Тегінде Абай шығармасының азы-

ғынан кенде боп жүргеніміз жоқ. Барын барша, бажайына барғыза алмаудан, зерттей алмаудан кендеміз.

– Абай сөзі деген бір-ақ жол болса да, Абайша шықса жарасар... бар сөзінің кенеуін кетірмейік деп көбірек ойнайық. Жауаптырақ қарайық”.

Абайдың асыл мұрасын таза сақтайтын болайық.

1985 жыл.

Бәріміздің Абайымыз

Абайдың дүниеге келгеніне 140 жыл толады. Бірақ оның қай айда, қай күні туғаны жайында нақты тарихи дерек әлі анықталған жоқ. Абай шығармаларының ең алғашқы таңдамалы жинағы бірінші рет Петербургтегі Илияс Бораганский баспаханасында 1909 жылы шығарылғаны белгілі. Сол жинақтың соңында Кәкітай жазған Абайдың бірінші өмірбаяны берілген. “Абай (Ибраһим) Құнанбай ұғылының өмірі” деп аталған мақаласының басында: “23 июньде 1904 жылында, туған жері Шыңғыс тауында дүниеден қайтты. атақты қазақ ақыны. Шыңғыс елінің қазағы Абай Құнанбай ұғлы. Кітапша шын аты – Ибраһим, бірақ қазақ әдеті бойынша шешесінің еркелетіп қойған “Абай” атын халық атап кеткендіктен біз де Абай дейміз” (104-бет). Сөйтіп, Абайдың дүниеден қайтқан күні, нақты белгілі – ескіше 23 июнь (жаңаша 5 июль)

Ал Кәкітай ақынның қай айда, қай күні туғанын атап айтпайды. “Абай 1845 жылы жылан жылында туды. 1904 жылы ұлу жылында 60 жасында дүниеден қайтты”, – дейді (105-бет).

Абайдың 1933 жылы шыққан “Толық жинақ” деп аталатын кітабының соңында жарияланған Мұхтар Әуезовтің үлкен мақаласында да ақынның туған айы, күні көрсетілмеген: “Абай 1845 жылы әкесі Құнанбайдың 41 жасында Ұлжан деген бәйбішесінен туған”. – делінген. Мұхтар Әуезов сол 1933 жылдан бастап, өмірінің соңғы жылдарына дейін Абайға арнаған мақалаларында, ең соңғы монографиялық үлкен еңбегінде де ақынның туған айын, күнін атап жазған емес

Ал Абайдың туған күні 10 август деп аталып жүр. Бұл мағлұматты берген Әрхам Кәкітайұлы Ысқақов. Әрхам 1885 жылы туған. Оның әкесі Кәкітай (Ғабдұлхакім) туралы Мұхтар Әуезов Абайға арнаған үлкен зерттеу еңбегінде “Қай ақынды болса ең мол танытатын баспаға шығу болғандық-

тан, алдымен революциядан бұрын Абайды баспа жүзінде танытқан еңбекке тоқтайық. Бұл жөнінде қазақтың мәдениет тарихын, Абай мұрасына ерекше еңбек сіңірген, Абай тәрбиелеп, баулыған жас жұртшылықтың көрнекті өкілі болған Кәкітай Ысқақұлының еңбегін айрықша айту керек”, – дейді.

Ал Әрхам әкесі туралы: “Абай Кәкітайды он жасында өзі бала ғып қолына алып, содан 24 жыл бойы қасында ұстап тәлім-тәрбие берді”, – дейді.

Әрхам өзі де жас шағынан Абайды көріп, ақынның немере балаларының біріндей болып өскен адам. Абай дүниеден қайтқан жылы Әрхам 19 жастағы жігіт болатын. Сондықтан ұлы ақын атасын өзі көрген-білгені бар, кейін әкесі Кәкітайдан естіп құлағына құйғаны, көңіліне тоқығаны бар. Әрхам Абай туралы тарихи құнды мағлұмат, мол дерек қалдырып кетті, Әрхам әкесі қайтыс болған жылы (1915) 30 жаста еді. 1963 жылы 78 жасынан дүниеден көшті.

Әрхам “Абайдың өмір жолы” (ақын өмірінен естігенім, білгенім және көргенім) деген көлемі 190 бет еңбек жазып қалдырды. Осы қолжазбасының ішінде Абай өмірбаянын толығырақ танытарлық мәні бар мағлұмат, деректер аз емес.

Әрхам жазбасында Абайдың дүниеге келген жері айы, күні нақтылы айтылған.

– Құнанбай ауылы Қасқабұлаққа келіп қонғаннан кейін, 1845 жылы, ескіше 10 август күні Құнанбайдың екінші әйелі Ұлжан толғатып, бір ұл дүниеге келеді... Құнанбайдың бұдан бұрын туып, ер жетіп қалған екі ұлы болатын. Өзінің алғашқы бәйбішесі Күңкеден туған ұлының атын Құдайберді, Ұлжанның тұңғыш ұлының атын Тәңірберді қойған. Мынау үшінші ұлының атын – Ибраһим деп арабшалап қояды, – дейді.

– Сөйтіп, Әрхамның айтуы бойынша, Абайдың туған күні ескіше 10 август, жаңаша 22 август болады. Қазақ Совет Энциклопедиясында Абайдың туған уақыты 10 август 1845 жыл, өлген уақыты 6 июль(?) 1904 жыл деп берілген. Қайдан алынғаны белгісіз, 1975, 1976 және 1985 жылдардың қазақ календарында Абайдың туған күніне 8 август деп көрсеткен.

Тегінде, ақынның ата шежіресін, Абайдың өмірбаянын толық білмей тұрып, оның әдеби мұрасын дұрыс зерттеп, танудың өзі қиын. Мысалы, Құнанбайдың бәйбішесі Күңкеден туған баласы Құдайберді, Ұлжаннан – Тәңірберді, Абай, Ысқақ, Оспан, үшінші әйелі Айғыздан – Халиола, Смағұл.

Сәбит Мұқанов “Жарқын жұлдыздар” кітабында Құнанбайдың үш әйелінен туған, жоғарыда аталған балаларын айтып, олардың туған, өлген жылдарын көрсетіп келіп;

“Құнанбайдың жеті ұлынан Халиолла ғана жасында өлген. Өзгелері тетелес, қатар өскен. Абайдың “Сегіз аяқ” атты өлеңінде:

– “Атадан – алтау,
Анадан төртеу,
Жалғыздық көрер жерім жоқ”, –

дейтіні осыдан” (170-бет), – дейді.

Абайдың 1909 жылғы өлеңдер жинағында “Сегіз аяқ” өлеңі 1889 жылы жазылған деп көрсетілген (62-бет), 1977 жылғы жинақта да солай (1889). Ал Абайдың ағасы Құдайберді 1866 жылы өлген. Олай болса, 1889 жылы көзі тірілері: атадан бесеу – Тәңірберді, Абай, Ысқақ, Оспан, Смағұл, анадан төртеу Тәңірберді, Абай, Ысқақ, Оспан болып шығады. Сондықтан “Сегіз аяқ” өлеңінің жазылу уақыты шығарманың мазмұнына сай келмейді.

Тағы бір мысалы, Абайдың “Көз жұмғанша дүниеден иманын айтып кеткені-ай” деп басталатын өлеңі 1933 жылдан бастап ақын жинақтарына кірген. 1933 жылғы кітапта бұл өлең “Әкімбай өлгенде” деп аталып, жылы белгісіз өлеңдер ретінде жарияланған (232–233-бет). Өлеңге түсінік берілмеген. “Әкімбай өлгенде” өлеңі 1939 жылғы жинақта басылып (I том, 235–236-бет), былайша түсінік берілген: “Әкімбай өлгенде” деген дәлді Әкімбай өліміне арналған ба, жоқ басқа бір жақынның өліміне арналған ба, осы күнге шейін анық емес. Әкімбай өз баласы, Ділдәдан туған. Бұны Ысқақ асырап алып, соның қолында жүргенде жас шағында өлген екен. Сөз қисынына қарағанда өзінің ет бауыр жақыны туралы айтқан өлең сияқтанғандықтан айтушылар Әкімбай деп ұйғарды”, – деген (275-бет).

1945 жылғы жинақта да “Әкімбай өлгенде” деп басылған (261–262-бет). Кітаптың 487-бетінде: (Әкімбай (1865–1874). Ділдәдан туған Абайдың баласы...” деген түсінік берілген.

1954 жылғы кітапта: “Негізгі нұсқасы белгісіз өлеңдер” ретінде өлеңнің тақырыбы аталмай, түсінік берілмей жарияланған.

1957 жылғы жинақта өлең тақырыбы мүлдем өзгертіліп “Баласы өлген анаға Абай шығарып берген жоқтау” деген атпен басылған. Ал 1961, 1968 жылғы жинақтарда қайтадан “Абайдың баласы Әкімбайды жоқтауы” деген атпен басылған.

1977 жылғы Қазақ ССР-нің “Ғылым” баспасынан шыққан Абай шығармаларының екі томдық толық жинағында өлең “Баласы өлген анаға Абай шығарып берген жоқтау” деген атпен 1895 жылы жазылған өлеңдер ретінде жария-

ланып (I том, 246–247-бет), түсінік берілген. Түсінікте: “Баласы өлген анаға Абай шығарып берген жоқтауы” (“Көз жұмғанша дүниеден”). Бұл өлең алғаш 1933 жылғы басылымнан кіргізіліп, соңғы жинақтарда түгел басылып келеді. Кейбір басылымда “Әкімбай өлгенде” деген атпен жарияланылып келді. Бірақ өлеңнің Әкімбайға, не басқа біреуге арнап шығарылғаны анық белгісіз. Әкімбай – Ділдәдан туған. Жасында қайтыс болған Абайдың баласы”, – делінген (414-бет).

Сөйтіп, Абайдың “Көз жұмғанша дүниеден иманын айтып кеткені-ай” деп басталатын көлемі 40 жол жоқтау өлеңінің жазылу тарихы неше саққа жүгіртіліп, ақыры шешуі табылмайтын жұмбаққа айналған.

Мұхтар Әуезовтің: “Тегінде Абай шығармаларының аздығынан кенде болып жүргеніміз жоқ. Барын барша бажайына барғыза алмаудан, зерттей алмаудан кендеміз” дейтіні ақын шығармаларын зерттеу ісінде осындай шалағайлықтың ойланбай айтылған өрескелдіктің, жауапсыздықтың салдары.

“Баласы өлген анаға Абай шығарып берген жоқтау” деген ақылға қонбайтын, ойланбай айтылған сөз. Абай баласы өлген беталды бір әйелге жоқтау шығарып беретін ақын емес. Жақсы көретін, жаны ашыр жақын адамының қазасына арнай жазылған күйініш жыры екені ақын шығармасының мазмұнынан айқын көрінеді. Әкімбай туралы не білеміз? Құнанбайдың молдасы Ғабитқан Омбы кадет корпусында оқып жүрген Халиоллаға 1866 жылы Семейден жазған хатында: “Семейпалатқа айт оқуға деп келіп едік. Бұл хатты тәгеңіз (Құнанбай. – Қ.М.) айтуы бойынша жаздық... Тәңірберді ағаңыздың қатыны бір ұғыл тапты, аты-Әзімбай, Ибраһим ағаңыздан бір ұғыл туды, аты – Хакімбай (Әкімбай осы. – Қ.М.) “Хаттың аяғында: “Қайыр көп не айталық, дұғагөйіңіз болып жүруші указной ахун молла Ғабитхан Ғабдыназар ұғы, Инаятлік үшін мөрімді бастым. 1866 жылда, февральдың 4 күнінде”, – деген. Сөйтіп, Абайдың Ақылбайдан кейінгі екінші ұлы Әкімбай (Хакімбай) 1866 жылы дүниеге келген. Ол кезде Абай 21 жаста, Әкімбайды Ысқақтың әйелі Мәніке бауырына басып, бала ғып алған. Әкімбай 8–9 жасында өлген. Абай Әкімбай өліміне өлең жазбаған. Өлеңнің сегіз жасында өлген балаға арналмағаны “Көз жұмғанша дүниеден иманын айтып кеткені-ай”, “Орамды тілді ауыздым, ақылға жүйрік маңыздым” деген сөздерінен-ақ анық байқалады. Және 1874 жылы қайтыс болған балаға 21 жыл өткен соң, 1895 жылы Абай жоқтау өлең жазды деу ақылға сыймайды.

Сонда Абай бұл өлеңді кімнің өліміне арнап жазған болады? 1977 жылғы Абай жинағында берілген түсінікте: “Бұл өлең алғаш 1933 жылғы басылымына кіргізіліп, соңғы жинақтарда түгел басылып келеді”, – делінген.

Ал шынында бұл өлеңді алғаш рет Мұхтар Әуезов 1925 жылы Семейде “Таң” журналының екінші санында (73–74-бет) жариялаған. Өлеңнің басында: “Абайдың басылмаған өлеңдері” (“Бір немере інісі өлгенде айтқан”), – деп, кімге арналған өлең екенін ашық айтып берген. Сонда ол Абайдың немере інісі кім? Ол – Мақұлбай, Тәңірбердінің Қаражан дейтін екінші әйелінен туған ұлы. Мақұлбай ақылды, мінезді, тілді азамат болыпты. Ол 1869 жылы туған. 1891 жылы (Оспан өлген жылы) 22 жасында дүниеден өткен, артында екі әйелі қалған, бала болмаған. Мақұлбай Абайдың жақсы көретін немере інісі болған, Мұхтардың “Бір немере інісі өлгенде айтқан” дейтіні сол. Абайдың Мақұлбайға арнаған өлеңінде (“Таң” журналынан келтіреміз):

– Ата тегің мұндағы –
Орта жүздің ұлығы,
Ана тегің ондағы –
Өзен судың тұнығы.
Екі асылдан қосылған
Сом алтынның сынығы.
Өлгенше естен қалмайды
Өзгеше біткен қылығы, –

деген сөздер бар.

“Ата тегің мұндағы” деп Құнанбайды айтса, “Ана тегің ондағы” деп Тәңірбердінің қайыны, Мақұлбайдың шешесі Қаражанның төркінін айтып отыр. Қаражанның төркіні Найман ішінде Сыбан руының ел билеуші беделді, мықты адамы Кенжегүл деген белгілі кісі болған. “Көп жасамай көк орған, жарасы үлкен жас өлім”, “Артына белгі қалдырмай, бауыры қатты тас өлім” деп Мақұлбайдан ұрпақ қалмағынын айтып: “Орамды тілді ауыздым, ақылға жүйрік маңыздым. Көп жасамай тез кетіп, көзімнің жасын ағыздың”, – деп өлең аяқталады.

Мақұлбай өлімі, Абайдың оған жоқтау өлең жазғаны “Абай жолы” романында да суреттеледі. Романның “Еңісте” атты тарауында: “Осы түнде Абай өзі жасаған бір байлауын Әйгерімге айтты.

– Сен ертең Тәкежан үйіне бата оқи барасын. Ауылдың бар үлкені сол үйде болады. Бүгін тыңдап шықтым, Қаражан шешесі болса да, Мақұлбайдай асыл баланы жоқтай

алмай отыр. Менің көңіліме сенің жаңағы өңіңнен әсер алған жоқтау күйі тұр. Сөзін жазайын. Сен жаттап ал. Әнін өзің табасың!..

Осы сөз екеуінің де байлауы. ...Жазғанын аяқтай сала, Әйгерімге дауыстап оқи жөнелді.

– Қызыл балақ қыранның
Балапанын дерт алды.
Жеміс ағаш бәйтерек,
Балдырғанын өрт алды.
Артына белгі тастамай,
Жан-құйрығын келте алды.
Ағайынды тойғызбай,
Аз күн қоймай ерте алды
Көп жасамай көк орған,
Жарасы үлкен жас өлім!.. –

(романда осы тұсынан бастап, өлең аяғына дейін келтірілген).

“Аналық мейірімі өз жүрегіне көптен орнаған және Мақұлбайды өлімге қимаған Әйгерім күйеуі жаңағы өлеңді оқып отырғанда, жылап жіберді. Абай төрт-бес қайыра оқығанда, бұл сөздерді жаттап алып, бірге ілесіп, айтып шықты”, – дейді.

Мұхтар Мақұлбайдың 22 жасында өлгенін, артында екі әйелі қалғанын, ол екеуін де Әзімбай алғанын жақсы білсе де, уақиғаны қысқа қайыру үшін болуы керек, романда Мақұлбайды 12 жасында өлді деген. “Құнанбайдың Тәкежан мен Қаражаннан туған ең үлкен немересі, сүйікті немересі 12 жасар бала Мақұлбай, көктемнен бері науқас еді. Кеше ол қайтыс болыпты”, – дейді. Міне, Абайдың бір ғана өлеңінің тарихы осындай.

1920 жылдардан бастап, Абайдың өмір тарихы мен ақын мұрасын зерттеу мәселесімен өмір бойы шұғылданып, көп еңбек жазып, абайтану ғылымының негізін салған Мұхтар Әуезов: “Бұл күнде өзім түсінген Абайды тану ғылымының бір нәтижесі – “Абай” романы деп білемін. Екінші нәтижесі... ғылымдық зерттеу – Абай жөніндегі монография”, – дейді. Мұхтар Әуезовтің Абай жөніндегі ең соңғы ғылымдық үлкен зерттеу еңбегі 1959 жылдан бастап басылып келеді. Сол монографиясының “Абайдың өмірбаяны” деп аталатын үшінші тарауының қорытындысында Әуезов былай деген: “Абайдың өмірбаянын зерттеп, толықтырып жазу жұмысы жетер өрісіне жетіп, аяқталған жоқ. Бірақ бұл күнге шейін ақын шығармаларының әрбір толық баспасының тұсында сол

өмірбаянына кіретін тың дерек, жаңалықтар қосыла түсіп өсіп келеді. Осы зерттеуде де ақынның өмірбаяны бұрынғы жазылғандардан бір талай өзгертіліп тың редакциядан өтті. Абай өмірі туралы бұдан былай да ел аузынан жиналатын естегілер, жалпы әңгімелер жамала беруі тиіс. Сонымен қатар, ерекше бір көңіл бөліп, кейінгі зерттеушілердің есіне, әсіресе, салып өтетін бір жай: ақын жөніндегі орыс тілінде сақталған деректер туралы...” – дейді.

Абайдың өмірбаяны революцияға дейін Семейдің өзінде орыс тілінде екі рет (1905, 1907 жж.) басылғаны, Кәкітай жазған өмірбаяны қазақ тілінде 1909 жылы басылғаны мәлім. Кәкітай жазған ақын өмірбаянындағы тарихи құнды деректердің өзіне де осы күнге шейін терең зер салмай, мән бермей келген жайлар да болды. Мысалы, Құнанбайдың балаларын оқытуы жайында Кәкітай: “Өзге жұрт орыстан баласын жасырып жүргенде, балаларына орысша оқу оқытып, Халиолла деген баласын Омский кадетский корпусынан оқытып, сонан соң Мәскеудегі Павлодарский кавалеристский школдан оқытып, сабақты жақсы бітіріп, корнет болып қызметте жүргенде ауырып, дүниеден қайтып еді”, – дейді (1909 ж. жинағы 104-бет).

Ал “Абайдың өмірі мен творчествосы” деген кітапта (Алматы, 1954) жарияланған “Абайдың қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуы” атты мақалада: “Құнанбай патшаның жақтасы бола отырып, фанатиктігіне жеңдіріп, баласын орыс мектебіне жібермеді. Астыртын орыс мектебінен Абай сабақ алып жүр дегенді естіп, медресені толық бітіртпестен Абайды қаладан ауылына қайтып алған” (67-бет), – деп жазылған. Бұл – ғылымдық, тарихтық негізі жоқ, әйтеуір Құнанбайды құбыжық етіп көрсету салдарынан туған сыңаржақ пікір. Мұхтар Әуезов: “Абайдың өмірбаянын зерттеп, толықтырып жазу жұмысы жетер өрісіне жетіп аяқталған жоқ” деп бекер айтпаған.

“Білім және еңбек” журналының 1984 жылғы 9-санында Сардар Кенбаевтың “Құнанбай орысша оқуды жақтаған” (Архив қазынасынан) деген мақаласы жарияланыпты.

Сол мақаладан автордың сөзін өзгертпей, қысқаша үзінді келтірейік. “Республикамыздың Орталық мемлекеттік архивінде қызғылықты документтер табылып отыр. Сібір қазақтарын шекаралық басқару мекемесінің қорында, “Кіші тобықты (дұрысы: күшік тобықты. – Қ.М.) болысының болысына Өскенбаевтың бала оқытатын училище салуына рұқсат беру туралы” деп аталатын шағын ғана іс қағаздарының папкасы сақталған... Документтердің өзіне сөз берейік. “Сібір қырғыздарын, шекаралық басқару мекемесіне Қарқаралыдағы сыртқы округ приказынан.

Рапорт

Кіші (Күшік. – Қ.М.) тобықты болысын билеуші старшын Өскенбаев биылғы 3 январьда жазған рапортында өзі басқарып отырған болыс қырғыздарының ортақ игілігі мен пайдасын көздеп балаларды орысша және азияша сауаттандырып, оқыту үшін училище құрмаққа рұқсат сұрай отырып, бұған азияша тәржімасында білетін орыс мұғалімін жіберуді сұрайды.

Қарақаралы округтік приказы осыны мағлұмдап шекара басқармасының ықтиярлық ыркына жеткізуді мерей көреді” (Аға сұлтан Таукиннің мөрі басылып, бірнеше заседательдерінің қолдары қойылған).

Документ 1845 жылғы 12 январьда Қарқаралыда жазылған, 151 дейтін номері бар.

Екінші бір документ сол жылғы 16 февральда Омбыда, Шекара басқармасы бастығының атынан жазылыпты. Онда былай делінген: “Сібір қырғыздарын шекаралық басқару мекемесіне болыс басқарушы, старшын Құнанбай Өскенбаевтың өз болысында қырғыз балаларын орысша һәм азияша сауаттандырып оқыту үшін училище ашу хақында ниетін бек пайдалы деп қараймын. Бірақ қарамағымда орысша һәм азияша жетік білетін бос кісім болмағандықтан, оның бұл қажетіне мен орыстардан мұғалім тағайындай алмаймын. Осы мәселе хақында оның осы айдың 6-сындағы мағлұмдамасына орай, старшын Өскенбаевқа балаларды сауаттандырып, оқыту үшін пайдасы тиетіндей бос адамды өзі тауып алуына ықтиярлансын, яки болмаса приказ Тобықты болысындағы тілмаштың қызметінен қолы бос уақытында балаларды ақы-пұлсыз оқытуына жарлық етсін” (Қазақ ССР ОМА, 74-қор, 1-тізім, 551-іс, 590-бума, 3–4-бет).

Училище ашып, қазақ балаларын орысша оқыту мәселесін Құнанбай 1845 жылы 3 январьда, Абай дүниеге келерден 8 ай бұрын көтеріпті.

Сөйтіп, бұл мәселе жөнінде Құнанбай туралы Кәкітайдың жазғаны тарихи шындық екенін көреміз.

Ұлы жазушы, кеменгер ұстаз Мұхтар Әуезовтің көрсетіп кеткен өшпес үлгі-өнегесі бойынша айтып кеткен ақыл-өсиеті бойынша Абайдың өмірбаянын, асыл мұрасын терең зерттеу қазақ әдебиетші, тарихшы ғалымдарының жалпы мәдениет қайраткерлерінің борышы, абыройлы міндеті.

Абай – ұлы ақын, қазақтың жаңа жазба әдебиетінің көшбасшы көсемі екенін орыстың алдыңғы қатарлы мәде-

ниет қайраткерлері ақынның көзі тірісінде-ақ танып, білген. 1903 жылы “Россия Полное географическое описание нашего отечество. Том XVIII. Киргизский край” деп аталатын кітапта жазған (202-бет).

Татар әдебиетші-ғалымдары Абайды, оның өлеңдерін кітабы басылмай тұрғанда-ақ жақсы біліп, зор бағалаған. Орынборда шығып тұрған “Уақыт” атты газеттің 1908 жылғы 338-санында: “Ибраһим Құнанбаев” деген атпен мақала жариялап, онда былай деген: “Мырза Ибраһим бұдан 4 жыл бұрын 59 жасында қайтыс болды. Ғылымсыз, қара халық арасында, сахра халқының ішінде жалғыз жұлдыздай жарқырай шығып, тілі майда, сөзі әсерлі өлеңдерімен бүкіл атрафқа өзін мәшһүр етті.

Ол шығармаларын қазақша жазды, бірақ өзінің еждиһатымен Русь әдебиетін кәміл білді. Оның шығармалары әуені мен әуезі жағынан Лермонтов шығармаларына ұқсайды.

Абайдың жанында мәжіліс құрған кісілер үшін оның тілі ләззәтті, сөзі раушан болған. Ол араб, парсы, түрік, қалмақ һәм қазақтың өзінің шығармаларынан хабардар болған. Тарих, жағрафия пәндерінен мағлұматты болып, оқуы үскәрі (жоғары, терең. – Қ.М.) еді.

Марқұмның шығармалары (өлеңдері) көп болса да, матбұғалары (басылған) жоқ дәрежесінде дүр.

Шығармаларын (бастырып шығаруға) ғайрат етпеген кісілер басында дүр күнәсі.

Марқұмның шығармаларының бірі.

– “Қуаты оттай бүрқырап,
Уәзінге өлшеп тізілген.
Жаңбырлы жайдай сырқырап,
Көк бүлттан үзілген.
Қайран тіл, қайран сөз –
Наданға қадірсіз.
Тәуекел мен батыр ой
Өткір тілді найза етіп,
Сайысып-ақ бақты ғой,
Неше түрлі айла етіп.
Оянбай, қайран жұрт,
Ұятмай қал жым-жырт.
Ақылмен ойлап білген сөз
Бойына жұқпас, сырғанар
Ынталы жүрек сезген сөз
Бар тамырды қуалар.
Ән салар, жатқа алар,
Түбінде құр қалар”.

Абайдың өлеңдер жинағы 1909 жылы басылып шыққан соң, ұлы ақынның атақ-даңқы онан сайын кең тарап, туысқан, бауырлас халықтарға жайылып кетті. Мысалы, башқұрттың атақты халық жазушысы Сәйфи Құдаш Абай шығармаларымен 1913 жылы танысқанын айта келіп: “Мен оның 1909 жылы Петербургте бірінші рет тасқа басылып шыққан өлеңдер жинағын оқыдым. Ол қазақ тілінде оқыған алғашқы кітабым болды.

Жаңа жинақ арқылы және бір данышпан ұстаз Абайды таптым...” – дейді түркмен жазушысы Социалистік Еңбек Ері Б.Кербабаяев.

“Біз Абайды ұлы ақын және ұлы адам болғаны үшін ыстық жүректі, нұрлы ақылды, қайтпас қаһармандығы үшін қанымыз бір, жанымыз бір өз туысымыздай емірене сүйеміз”, – деген.

Совет әдебиетінің классигі Социалистік Еңбек Ері Николай Тихонов: – “Абай – бәріміздің де Абайымыз... оның өмірбаяны мен творчествосы талай жұртқа мағлұм.

Қазақ халқының ғажайып ұлы – Мұхтар Әуезов Абай жайында өзінің роман-эпопеясында ыстық ілтипатпен, тамаша шеберлікпен баяндады. Міне, содан соң Абай даңқы біздің өз елімізге, одан тыс жерлерге бұрынғысынан да кең тарап кетті. Сөйтіп, ол жайындағы әңгіме Батыс пен Шығысты шарлауға шықты” деген.

Біздің Абай осындай.

10 тамыз, 1985 жыл.

Абайдың бір өлеңі

Дерек

Абайдың “Көз жұмғанша дүниеден иманын айтып кеткені-ай” деп басталатын өлеңі 1933 жылдан бастап ақын жинақтарына кірген. 1933 жылғы кітапта бұл өлеңі “Әкімбай өлгенде” деп аталып, “Жылы белгісіз өлеңдер” ретінде жарияланған (232–233-бет), өлеңге түсінік берілмеген. “Әкімбай өлгенде” өлеңі 1939 жылғы жинақта басылып (I том, 235–236-бет), былайша түсінік берілген: “Әкімбай өлгенде” деген өлең дәл Әкімбай өліміне арналған ба, жоқ басқа бір жақынының өліміне арналған ба, осы күнге шейін анық емес. Әкімбай өз баласы, Ділдәдан туған. Бұны Ысқақ асырап алып, соның қолында жүргенде жас шағында өлген екен.

Сөз қисынына карағанда, өзінің ет бауыр жақыны туралы айтқан өлең сияқтанғандықтан айтушылар Әкімбай деп ұйғарды”, — деген (275-бет).

1945 жылғы жинақта да “Әкімбай өлгенде” деп басылған (261–262-бет). Кітаптың 487-бетінде: “Әкімбай (1865–1874) Ділдәдан туған Абайдың баласы...” деген түсінік берілген.

1954 жылғы кітапта: “Негізгі нұсқасы белгісіз өлеңдер” ретінде, өлеңнің тақырыбы аталмай, түсінік берілмей жарияланған.

Ал енді 1957 жылғы жинақта өлең тақырыбы мүлдем өзгертіліп, “Баласы өлген анаға Абай шығарып берген жоқтау” деген атпен басылған. Ал 1961, 1968 жылғы жинақтарда қайтадан “Абайдың баласы Әкімбайды жоқтауы” деген атпен басылған.

1977 жылғы “Ғылым” баспасынан шыққан Абай шығармаларының екі томдық толық жинағында өлең “Баласы өлген анаға Абай шығарып берген жоқтау” деген атпен, 1895 жылы жазылған өлеңдер ретінде жарияланып (1 том, 246–247-бет), түсінік берілген. Түсінікте: “Баласы өлген анаға Абай шығарып берген жоқтау” (“Көз жұмғанша дүниеден”). Бұл өлең алғаш 1933 жылғы басылымға кіргізіліп, соңғы жинақтарда түгел басылып келеді. Кейбір басылымда “Әкімбай өлгенде” деген атпен жарияланып келеді. Бірақ өлеңнің Әкімбайға, не басқа біреуге арналып шығарылғаны анық белгісіз. Әкімбай Ділдәдан туған. Жасында қайтыс болған Абайдың баласы”, — делінген (414-бет).

Сөйтіп, Абайдың “Көз жұмғанша дүниеден иманын айтып кеткені-ай” деп басталатын көлемі 40 жол жоқтау өлеңінің жазылу тарихы неше сәтқа жүтіртіліп, ақыры шешуі табылмайтын жұмбаққа айналған.

Мұхтар Әуезовтің: “Тегінде Абай шығармаларының аздығынан кенде боп жүргеніміз жоқ. Барын барша бажайына барғыза алмаудан, зерттей алмаудан кендеміз”, — дейтіні акын шығармаларын зерттеу ісінде осындай шалағайлықтың, ойланбай айтылған өрескелдіктің, жауапсыздықтың салдары.

“Баласы өлген анаға Абай шығарып берген жоқтау” деген ақылға қонбайтын, ойланбай айтылған сөз. Абай баласы өлген беталды бір әйелге жоқтау шығарып беретін акын емес. Жақсы көретін, жанашыр жақын адамының қазасына арнап жазылған күйініш жыры екені акын шығармасының мазмұнынан айқын көрінеді.

Ал енді, Әкімбай туралы не білеміз? Құнанбайдың молдасы Ғабитқан Омбы кадет корпусында оқып жүрген Халиоллаға 1866 жылы Семейден жазған хатында: “Семейпа-

латқа айт оқуға деп келіп едік. Бұл хатты төтеңіз (Құнанбай. — Қ.М.) айтуы бойынша жаздық... Тәңірберді ағаныздың қатыны бір ұғлы тапты, аты — Әзімбай, Ибраһим ағаныздан бір ұл туды, аты—Хакімбай” (Әкімбай осы. — Қ.М.) Хаттын аяғында: ”Қайыр көп не айталық, дұғагөйініз болып жүруші указной ахүн молла Ғабитхан Ғабдыназар ұғлы, инаяттік үшін мөрімді бастым. 1866 жылда, февральдің 4 күнінде” деген.

Сөйтіп, Абайдың Ақылбайдан кейінгі екінші ұлы Әкімбай (Хакімбай) 1866 жылы дүниеге келген. Ол кезде Абай 21 жаста. Әкімбайды Ысқақтың Мәніке деген әйелі бауырына басып, бала қып алған. Әкімбай 8—9 жасында өлген. Абай Әкімбай өліміне өлең жазбаған. Өлеңнің сегіз жасында өлген балаға арналмағаны: “Көз жұмғанша дүниеден иманын айттып кеткені-ай”, “Орамды тілді ауыздым, ақынға жүйрік маңыздым” деген сөздерінен-ақ анық байқалады. Және 1874 жылы қайтыс болған балаға, 21 жыл өткен соң, 1895 жылы, Абай жоқтау өлең жазды деу ақылға сыймайды.

Сонда Абай бұл өлеңді кімнің өліміне арнап жазған болады? 1977 жылғы Абай жинағында берілген түсінікте: “Бұл өлең алғаш 1933 жылғы басылымына кіргізіліп, соңғы жинақтарда түгел басылып келеді”, — делінген.

Ал шынында бұл өлеңді алғаш рет Мұхтар Әуезов 1925 жылы, Семейде шығып тұрған “Таң” журналының екінші санында (73—74-бет) жарияланған. Өлеңнің басында: “Абайдың басылмаған өлеңдері” (Бір немере інісі өлгенде айтқан), — деп, ашық түсінік берген.

* * *

Ұмытпасам, 1935 жылы Мұхтар Алматыдан Семейге келді. Қасында ақын Өтебай Тұрманжанов бар еді. Бұл сапарында, Абайды көрген, ақынды жақсы білетін, оның көзі тірі замандастарымен, Абай елінің адамдарымен көрісіп, әңгімелесуге келіпті. Олармен алдын ала хабарласып, Семейде бас қосуға уәделескен екен. Содан бір жыл бұрын, 1934 жылы қазіргі Абай атындағы Семей облыстық театры ашылған болатын. Әңгімелесуге келетін адамдарға театр үйінен қазақ салты бойынша, орынжай даярлатып қойыпты. Үлкен адамдардың ыңғайына қарай барлық жағдай жасалған. Сонда келген адамдар: Мадияр Түсіпов, Тұмабай Наданбаев, Қатпа Қорамжанов, Әлімбек Қазыбеков, Әрхам Кәкітай ұлы Ысқақов — бәрі де Мұхатның ежелден таныс кісілері. Бұлардың бәрі де көріқұлақ, зерделі-зерек, Абай жайын, ел тарихын жақсы білетін сұңғыла, шетінен ше-

шен, шежіре адамдар. Мұхаң олардың әрқайсысының сезім-сырын, көңіл-күйін тамыршыдай танып, емін-еркін әңгіме-дүкен құрды. Әңгімені өзі бастайды. Аналар да көрген-білгенін жасырып-жаппай, шешіліп сөйлеп, ақтарыла сыр шертеді. Мұхтар олардың сөзін бөлмейді, ешбір бөгет жасамайды, беріле тыңдап, құптап, қошеметтей отырып, жазып алып та отырады. Ақсақалдардың аузынан шыққан сөздерін, әсіресе бас алмай қағазға түсіретін Өтебай Тұрманжанов еді...

Әлгі адамдармен әңгімелескен кезде жазып алғандарының бірталайын Мұхтар енді бес жылдан кейін, 1940 жылы Абай жинағының соңында: “Абайдың өмірбаянына қосымша материалдар” деп атап, жариялады. Жоғарыда аталған адамдардан жазып алғандары туралы: “Қосымша материалдардың бір алуанын бергендер: Мәдияр Түсіп ұлы, Қорамжанұлы Қатпа, Әрхам Ысқақ ұлы, т.б. Бұлар да Абайды көзі көрген адамдар. Әрқайсысы әр алуан жайда Абаймен кейде дос, кейде араз болып жүрген ауылдардың адамдары. Бұлардың әңгімелері желілі болып құрылған, жыл мөлшерімен тізілген, кезегімен келетін әңгімелер емес. Абай жайындағы естігені мен білгенді жеке-жеке үзінді, оқшау-оқшау әңгімеше айтып өткен сөздер. Ақынның өмірбаянына жанасатын материалдардың бір алуаны осылайша болғанын біз теріс те көрмедік. Сондықтан бұлар айтқан әңгімелер, сол айтылған қалпында үзінді-үзінді болып тізіледі. Оның ішінде кейбір адамдардың Абайға айтқан үлкенді-кішілі сөздері болса, олар да ... қисынына қарай айтыла отырады”, – дейді Мұхтар Әуезов.

Енді сол әңгімелердің ішінен өзіміздің сөз етіп отырған тақырыбымызға тура қатысы бар жерін ғана келтірейік: “Абай жастарға өз әнімен қатар әсіресе, елдің ескі ән-күйлерін үйренуді көп тапсырған. Өз тұсындағы атақты әншілерден Біржан, Әсет, Мұқа сияқтыларды қонақ етіп, ауылында ұзақ-ұзақ сақтағаны да бар. Мысалы, Біржаннан ән үйрен деп, өзінің тоқалы Әйгерімге де тапсырады. Бұл жасында ірі әнші болған әйел екен. Кейбіреулер Абай оны әсіресе әншілігіне қызығып алған деседі. Сол Әйгерім жас шағында Біржаннан ән үйренгенін айтып кеп: “Абайдың айтуынша Біржан ақын емес, әнші еді. Ал әншілігінің ерекшелігі, дауысы өте зор еді. Қыстауда отырып салған әні Тізесуға естілетін (бұл екі ара қозыкөш жер. – М.Ә.) Өзіме осыдан ән үйрен деп Абай тапсырды. Біржанды жаз бойын қонақ қып сақтады”, – дейді. “Ән, дауыс сияқтыны Әйгерімге Абайдың өзі де үйреткен екен. Тәңірбердінің Мақұлбай деген баласы өлгенде, Әйгерім Абай үйретіп берген дауысты айтып жүріпті. Кейін Әбдірахман өлгенде оның келіншегі Мағыш деген келініне де Абай

өзі жоқтау өлең шығарып, жазып береді деседі”. (Абай (Ибраһим) Құнанбай ұлы. Шығармалары., II том, Алматы, 1940 ж., 269, 291-бет).

Сөйтіп, Абайдың: “Көз жұмғанша дүниеден иманын айттып кеткені-ай” деп басталатын өлеңі, ақын жинақтарында; “Әкімбай өлгенде” (1933, 1939, 1945, 1961, 1968), “Баласы өлген анаға Абай шығарып берген жоқтау” (1957, 1977) деп аталып басылып жүргені мүлдем дұрыс емес. Дұрысында, Абай бұл өлеңді өзінің ағасы Тәңірбердінің (Тәкежанның) Мақұлбай деген баласының өліміне арнап жазған. Мақұлбай Тәңірбердінің Қаражан дейтін екінші әйелінен туған ұлы. Мақұлбай ақылды, тілді және жақсы мінезді азамат болыпты. Ол 1869 жылы туып, 1891 жылы 22 жасында дүниеден қайтқан, артында екі әйелі қалған, екеуінен де бала болмаған. Мақұлбай Абайдың жақсы көретін немере інісі. Ақынның Мақұлбай өліміне арнаған өлеңін тұңғыш рет “Таң” журналында жариялағанда, Мұхтардың: “Бір немере інісі өлгенде айтқан” — дейтіні де сол.

Абай өлеңінде:

— “...Ата тегің мұндағы —
Орта жүздің ұлығы.
Ана тегің ондағы —
Өзен судың тұнығы.
Екі асылдан қосылған
Сом алтынның сынығы.
Өлгенше естен қалмайды
Өзгеше біткен қылығы”, —

деген сөздер бар. “Ата тегің мұндағы” деп Құнанбайды айтса, “Ана тегің ондағы” деп, Мақұлбайдың нағашысын (шешесі Қаражанның төркінін) — Кенжеғұлды айтып отыр.

Кенжеғұл Найман ішінде Сыбан руының беделді адамы, белді биі. “Біржан-Сара айтысындағы”; Сараның сөзінде:

— “Кенжеғұл қазақ жетпес баласына,
Төрт арыс билік айтқан арасына”, —

дейтін Кенжеғұл сол, “Көп жасамай, кек орған, жарасы үлкен жас өлім”, “Артына белгі қалдырмай, бауыры қатты тас өлім” — деп Мақұлбайдан ұрпақ қалмағанын айтып, “Орамды тілді ауыздым, ақылға жүйрік маңыздым. Көп жасамай тез кетіп, көзімнің жасын ағыздың” деп өлең аяқталады.

Мақұлбай өлімі, Абайдың оған жоқтау өлең жазғаны

“Абай жолы” романында да суреттеліп жазылған. Романның “Еңісте” атты тарауында: “Осы түнде Абай өзі жасаған бір байлауын Әйгерімге айтты.

– Сен ертең Тәкежан үйіне бата оқи барасың. Ауылдың бар үлкені сол үйде болады. Бүгін тыңдап шықтым, Қаражан шешесі болса да, Мақұлбайдай асыл баланы жоқтай алмай отыр. Менің көңілімде сенің жаңағы әніңнен әсер алған жоқтау күйі түр. Сөзін жазайын. Сен жаттап ал. Әнін өзің табасың!..

Осы сөз екеуінің де байлауы. ...Жазғанын аяқтай сала, Әйгерімге дауыстай оқи жөнелді.

– Қызыл балақ қыранның
Балапанын дерт алды.
Жеміс ағаш бәйтерек,
Балдырғанын өрт алды.
Артына белгі тастамай,
Жал-құйрығын келте алды.
Ағайынды тойғызбай,
Аз күн қоймай ерте алды
Көп жасамай көк орған,
Жарасы үлкен жас өлім!.. ”

(романда осы тұсынан бастап, өлең аяғына дейін келтірілген).

“Аналық мейірім өз жүрегіне көптен орнаған және Мақұлбайды өлімге қимаған Әйгерім күйеуі жаңағы өлеңді оқып отырғанда, жылап жіберді... Абай төрт-бес қайыра оқығанда, бұл сөздерді жаттап алып, бірге ілесіп, айтып шықты”, – дейді.

Мұхтар Мақұлбайдың 22 жасында өлгенін, артында екі әйел қалғанын, ол екеуін де Әзімбай алғанын жақсы білсе де, уақиғаны қысқа қайыру үшін болуы керек, романда Мақұлбайды 12 жасында өлді деген. “Құнанбайдың Тәкежан мен Қаражаннан туған ең үлкен немересі, сүйікті немересі 12 жасар бала Мақұлбай, көктемнен бері науқас еді. Кеше сол қайтыс болыпты”, – дейді. Абайдың бір өлеңінің шындық тарихы осындай.

17 қаңтар, 1986 жыл.

ТҮСІНІКТЕР

Бірінші бөлім: Әдебиет тарихы туралы зерттеулер

“Қаракерей Қабанбай батыр” жыры – 1945 жылы М Әуезовтің тапсырмасы бойынша 1948 жылы жарық көрген “Қазақ әдебиеті тарихының” I томына арнайы жазылған Түрлі идеологиялық кедергінің нәтижесінде томдыққа енгізілмеген Араға 40 жыл салып барып 1991 жылы “Қазақ әдебиеті” газетінде ғалымның алғысөзімен жарияланды Мұнда тарихи жырдың өмірлік шындыққа жанасуы мен құрылымдық және көркемдік ерекшеліктері үш түрлі қолжазба нұсқасының негізінде талданады Томдыққа газеттегі нұсқа бойынша ұсынылып отыр

“Мұхаммед-Хайдар Дулати” – 1968 жылы 26 ақпанда жазылған Семейдегі Абай музейінде тұрақты түрде өткізіліп тұратын “Абай оқуларының” кезекті дәрісінде оқу үшін дайындалған М Дулатидің өмірі баяндалып, ол туралы зерттеулерге шолу жасалып, оның қазақ тарихнамасынан алатын орны сараланады Мақала жеке жинаққа тұңғыш рет енгізіліп отыр

“Қалдығали Қосынулы Жалайыри” – 1968 жылы жазылған Бұл да Семейдегі Абай музейінде тұрақты түрде өткізіліп тұратын “Абай оқуларының” кезекті дәрісінде оқу үшін дайындалған Мұнда да Қ Жалайыридің өмірі баяндалып, ол туралы зерттеулерге шолу жасалып, оның қазақ тарихнамасынан алатын орны, Ресей мен қазақ хандығының арасын дәнекерлеудегі ықпалы сараланады Мақала жеке жинаққа тұңғыш рет енгізіліп отыр

“Дулат жырау” – мақала 1977 жылы 11 қарашада Семейдегі Абай музейіндегі “Абай оқулары” атты қалалық дәрісте оқыған лекциясының түпнұсқасы бойынша беріліп отыр Сілтемелер жақша ішіне алынып, қатарласа берілді Сілтемеде “Дулат кітабының көшірмесі” тыңдаушыларға көрсетілген Ол фотокөшірме бұл томдыққа енгізілмесе де, қолжазба мәтін өзгертілмеді Мақаладағы Дулат “ұлтшыл бағыттағы ақын, кейбір қайшылықтарға ұрынды” деген пікірлер кеңес тұсында ақынның “зар заман” сарының бүркемелеп, түспалдап жеткізуге мәжбүр болғандығын көзі қарақты оқырман қауым түсінер деген оймен еш өзгеріссіз, түсіндірмесіз жіберілді Мақала жеке жинаққа тұңғыш рет енгізіліп отыр

“Шөже ақын” – 1978 жылы жазылған Бұл да сол жылдары Семей қаласындағы Абай музейінде тұрақты түрде өткізіліп тұратын “Абай оқуларының” кезекті дәрісінде оқу үшін дайындалған Ақынның айтыстарындағы өжет те көркем айтылған сөдері сыни тұрғыдан тәмсіленеді Мақала жеке жинаққа тұңғыш рет енгізіліп отыр

“Үш халыққа ортақ ақын” – 1981 жылы 26 желтоқсанда “Семей таңы” газетінің № 247-санында жарияланған Әдебиет тарихында қазақ, башқұрт, татар халқының ортақ ақыны ретінде бағаланған, жадидтік ағымның көрнекті өкілі Ақмолланың шығармашылық өмірі барынша сындалы түрде қамтылып, тың деректер берілген Мақала жеке жинаққа тұңғыш рет енгізіліп отыр

“Бұхар жырау” – 1982 жылы 30 шілдеде, 6 тамызда “Қазақ әдебиеті” газетінің № 31, 32-сандарында жарияланған Бұхар жыраудың өмірбаяны

мен шығармаларының зерттелу мәселесіне арналған көлемді ғылыми очерктің қолжазбасы (64-бет) Газетке ықшамдалып басылған. Мұнда жыраудың өмірі мен өлеңдеріне қатысты жаңсақ пікірлер мен дүдәмал деректер, текстологиялық сәйкеспеушіліктер, тарихи оқиғалардың бұрыс пайымдаулары салыстырмалы түрде сараланып, нақты ғылыми дәлелдер мен тұжырымдар жасалған. Томдыққа қолжазбадағы нұсқа бойынша берілді. Мақала жеке жинаққа тұңғыш рет енгізіліп отыр.

“Мол мұраның несі” – мақала алғаш рет 1983 жылы 3 қарашада “Семей таңы” газетінің № 210-санында жарияланған. Мұнда Мөшһүр-Жүсіптің өмірі мен шығармашылық жолы, оның артта қалған мұраларының маңыздылығы мен зерттелуді, ол туралы айтылып жүрген әдеби сын-дардың бір жақтылығы туралы пікір білдірген Әсіресе, философиялық тәмсілердің тереңдігіне ерекше тоқталған. Мақала жеке жинаққа тұңғыш рет енгізіліп отыр.

“Жанақ жырау” атты мақала туралы – “Қазақ әдебиетінің” 1984 жылғы 8 маусым күні санында жарияланған С. Дәуітовтің “Жанақ жырау” атты мақаласына жауап ретінде 1984 жылы 8 қыркүйек күні Семей қаласында жазылған. Мұнда С. Дәуітовтің аталған мақаласы мен Б. Ақмұқанованың 1983 жылы жарық көрген “Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті (XV–XVIII ғасыр)” атты жинақтағы “Тауарих хамса” және қазақ әдебиеті” атты жарияланымдындағы тарихи еңбек туралы ғылыми негізсіз пікірлері мен түпнұсқаны оқудағы жаңсақтықтары түпнұсқамен салыстырыла көрсетіліп, дәлелді түрде айғақтар келтіреді. Мақала жеке жинаққа тұңғыш рет енгізіліп отыр.

“Семсер жырға сергек қарайық” – Бұл көлемді мақала “Қазақ әдебиеті” газетінің 1986 жылғы 9,16 мамыр күндеріндегі санында жарияланған Махамбет өлеңдерінің 1912–1979 жылдар арасындағы сегіз басылымын өзара салыстыра келіп, ұлы ақынның өлеңдерінің текстологиясының бір ыңғайға түспеуін және әр басылымда негізсіз, ғылыми дәлелсіз әркімнің ырқына орай өзгертіліп отырылуын, олардың дұрыс-бұрыс пайымдауларын текстологиялық тұрғыдан салыстыра отырып, үлкен мәселе көтереді. Махамбет шығармаларының текстологиясын бір ізге түсіріп, орынсыз бұрмалауларға тосқауыл қоюды ұсынады. Мақала жеке жинаққа тұңғыш рет енгізіліп отыр.

“Келелі іске кемелдік жарасады” – 1986 жылы “Жұлдыз” журналының №11-санында жарияланған. Мұнда “Қазақ совет энциклопедиясының” 12 томдығының жарық көруінің рухани маңызын ерекше атай отырып, басылымға кірген немесе ескерілмей қалған тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғалар туралы жаңсақ пікірлерге тоқталып, олардың мән-мазмұны мен тарихи шындықтары туралы деректі тұжырымдар жасалады. Сондай-ақ алдағы уақытта ойласатын немесе түзететін мәселелер туралы ой қозғайтын энциклопедиялық сипаттағы зерттеу болып табылады. Мақала жеке жинаққа тұңғыш рет енгізіліп отыр.

“Түсініктемелер жайында біраз сөз” – мақала 1995 жылы “Жазушы” баспасынан жарық көрген Абай шығармаларының толық академиялық басылымына орай арнайы жазылды. Академиялық басылымды баспаға дайындау барысында бұл түсініктер шінара өзгертулермен жарияланған. Көп томдықтың I томы негізінен Абай шығармаларының жазылу тарихы мен текстологиясына арналғандықтан да мақала осы жинаққа арнайы түпнұсқа негізінде беріліп отыр.

Ғалым Абай мұрасының барынша таза, қоспасыз болуына айырықша

мән беріп, оны өмірлік ғалымдық мақсатына айналдырғаны белгілі. Ол Абайтанудың негізін қалаған М. Әуезовтің айтқан пікірлерін басшылыққа алып, Абай өлеңдерінің жазылу жаңы туралы тың деректерге сүйене отырып, ғылыми болжамдар жасайды. Абай поэзиясының текстологиясы туралы бұрынғы пікірлердің ескертмеге ие аңта келіп “Бірақ бұл айтылғандар іс жүзінде орындалмаған. Орындалмағанын жинақтың “Түсініктер” бөлімінен көреміз. “Түсіндірме сөздер толықтырылып, түзетілді” десе, толықтырудың орнына бұрынғы жинақтарда (1933, 1939, 1945) Абай өлеңдеріне берілген толық түсініктемелер мүлдем қысқартылып тасталған”, — дей келе, “Қысқасы, 1977 жылғы жинақтағы Абай өлеңдеріне берілген түсініктемелердің, осы айтылғандай, үстірт, тиянақсыз екенін көреміз” деген пікір айтады.

Зерттеуші бұл мақаласында, кейбір ғалымдардың Абайдың өз қолжазбалары бізге жетпегендіктен де, Мүрсейіт Бікеұлының Қазақстан Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы мен М. О. Әуезов атындағы әдеби-мемориалдық музейіндегі көшірмелерін басты дерек ретінде санау керек — деген тұжырымдардың теріс екенін айтады. Ол “Сөйтіп, Мүрсейіт Абай шығармаларын ақын қайтыс болғаннан кейін, 1905 жылдан көшіріп жаза бастаған және “асыл түпнұсқадан” тікелей көшірмеген Сондықтан Абай шығармаларындағы әртүрлі жазылып, басылып жүрген сөздердің дәлдігін анықтау үшін текстологиялық талдау жасау ісінде Мүрсейіт жазбаларын негізгі дерек деп біліп, бір ғана Мүрсейітке сүйену жеткіліксіз және біржақтылық. Сондықтан бұндай жағдайда ұлы ақынды тұңғыш рет баспа жүзінде танытуда тарихи зор еңбек сіңірген, Абай өзі тәрбиелеп өсірген мұрагерлері Кәкітай мен Тұрағұлдың еңбегіне ерекше көңіл бөлуіміз керек. Сөйтіп, Мүрсейіт көшіріп жазған Абай шығармалары Кәкітай мен Тұрағұлдың тексеруінен өтіп барып, баспаға берілген”, — деп түйіндейді.

Аталған мақалада ғалым ақын сөздерінің дәлдігін қадағалап тексеруде Садуақас Мұсаұлы Шорманов қолжазбасының да маңыздылығын көрсетеді. Садуақастың Абаймен замандас және жақсы таныс, достас болғанын аңта келе “Садуақас Абай өлеңдерін ақынның көзі тірі кезінде, 1890 жылдары көшіріп жазған Садуақас жазбасында Абайдың он жеті өлеңі бар, жалпы көлемі — 576 жол”, — дейді. Ақынның “Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек” және “Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман” деген екі өлеңне түсініктер бере келе, ғалым мынандай қорытынды жасайды:

— “Сөз болып отырған осы екі өлең де
Қартайдық, қайғы ойладық, ”, —

деп басталады.

Ал Садуақас жазбасында екінші өлең

— “Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман”, —

деп берілген. Осылай айтылуы дұрыс болар дейміз “Қайғы ойладық” деген сөзді Абай екі рет қайталамаса керек.”

Ғалым Абай өлеңдерінің әрбір сөзіне мән беріп, өте ұқыптылықпен зерделеп қарап көңіл бөледі. “Қалың елім, қазағым қайран жұртым” деген өлеңге түсініктер беру барысында, оған қонымды пікір айта келе “Абайдың осы өлеңінің бастапқы жолы жинақтардың бәрінде “Қалың

елім, қазағым, кайран жұртым” деп басылып, сөз ретінің орны ауыстырылып берілді. өлеңнің ырғағын (ритм) бұзып, кешінін баяулатып, өсерін әлсіретіп тұрғаны анық байқалады Ал Оразке және Садуақас қолжазбаларында “Қазағым, қалың елім, кайран жұртым” деп өлең сөздері ретімен дұрыс жазылған”, – дейді

Мақалала Абайдың 169 өлеңіне және “Масұғұт”, “Ескендір”, “Әзім әңгімесі” дастандарына түсініктер берілген

Мақала – Абаитану ыліміне қосқан ғалымның сүбелі еңбектерінің бірі

Екінші бөлім: мақалалар

“Абайға байланысты кейбір деректер” – “Қазақ әдебиеті” газетінің 1956 жылғы 7 желтоқсандағы санында жарияланған Жинаққа тұңғыш енгізіліп отыр Мақалаға Абайдың достас адамдары Е Михаэлис пен Долгополов, ағайынды Белослюдовтармен қарым-қатынасы жөніндегі архив деректері арқау болған Абайдың облыстық музейге өткізген заттары және ағарту ісіне атсалысқандығы туралы мағлұматтар береді

“Ұлы ұстаз” – “Семей таңы” газетінің 1981 жылғы 21 тамыздағы санында жарияланған Мақалада орыстың ұлы сыншысы Г.Белинскийдің “Орыс әдебиеті Пушкиннен басталады, өйткені оның поэзиясында орыс өмірінің тамыры соғып тұр”, – деген. Добролюбовтың “Жағымпаз жаршы да, даурыққан сыншыл да тәтті тілді мақтағыш та қажет емес Россияға шабытты, ызалы сатирик, ащы шыншыл сөздің тасқынын беретін ақын керек”, – деп айтқан пікірлеріне арқа сүйей отырып, Абайдың қазақ әдебиетіне қосқан үлесіне және қоғамдық, кайраткерлік, гуманистік қызметтеріне тоқталады

“Асыл мұраны таза сақтайтын болайық!” – “Семей таңы” газетінің 1985 жылғы 26 маусымдағы санында жарияланған. Жинаққа тұңғыш енгізіліп отыр Мақала жазушы, сыншы Герольд Бельгердің “Қазақ әдебиеті” газетінің 1985 жылғы 9 мамырдағы санында жарық көрген “Асылға абай болайық” атты мақаласына орай жазылған Сыншы 1976 жылғы “Жазушы”, 1977 жылы “Ғылым” баспасынан шыққан Абай шығармаларының басылымдарын салыстыра келе, көптеген сәйкессіздіктерге кезіккенін айтады Ғалым осы “сәйкессіздіктерге” ғылыми тұрғыдан, нақты дәлелді тұжырымдар келтіре отырып жауап береді Сонымен қатар, Абай шығармаларының текстологиясы жайлы да сөз қозғайды

“Бөріміздің Абайымыз” – Семей таңы газетінің 1985 жылғы 10 тамыздағы санында жарияланған Жинаққа тұңғыш енгізіліп отыр Мақалала Абайдың өмірбаянына ғылыми тұрғыдан зертеп, талдау жасайды Сонымен қатар, Құнанбайдың орысша оқытуды жақтағаны жөнінде архив материалдарынан деректер келтіреді

“Абайдың бір өлеңі” – “Қазақ әдебиеті” газетінің 1986 жылғы 17 қаңтардағы санында жарық көрген Жинаққа тұңғыш енгізіліп отыр Абайдың “Көз жұмғанша дүниеден иманын айтып кеткені-ай” деп басталатын 40 жол жоқтау өлеңінің жазылу тарихы жөнінде жазылған

Мазмұны

Бірінші бөлім

Әдебиет тарихы туралы зерттеулер.....	5
“Қаракерей Қабанбай батыр” жыры..	5
Мұхаммед-Хайдар Дулати.....	23
Қадырғали Қосынұлы Жалайыри.....	28
Дулат жырау.....	33
Шөже ақын.....	42
Үш халыққа ортақ ақын	48
Бұхар жырау.....	54
Мол мұраның иесі.....	86
“Жанақ жырау” атты мақала туралы.....	96
Семсер жырға сергек қарайық.....	111
Келелі іске кемелдік жарасады.....	136
Түсініктемелер жайында біраз сөз.....	174

Екінші бөлім

Мақалалар.....	299
Абайға байланысты кейбір деректер.....	299
Ұлы ұстаз.....	304
Асыл мұраны таза сақтайтын болайық.....	311
Бәріміздің Абайымыз.....	324
Абайдың бір өлені.....	333
Түсініктер.....	339

ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВ

Баспа директоры Дидахмет Әшімханұлы
Редакторы *Р Райбаева*
Техникалық редакторы *А Тлеукеева*
Суретші *Ж Айдос*
Корректоры *Л Саяқызы*
Беттеген *Д Дидахметұлы*

II-том

Шығармалары

Теруге 23 05 2005 ж берілді Басуға 26 07 2005 ж қол қойылды
Пішімі 84×108 ¹/₃₂ Қарп түрі «Times Kaz» Шартты баспа
табағы 18 06 6 Есептік баспа табағы 19 Таралымы 2000
Тапсырыс № 675

“Алаш” баспасы, 480009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143

Жедел басу баспаханасы ЖШС, 480016, Алматы қаласы,
Д Қонаев көшесі 15/1

ISBN 9965-669-43-0



9 789965 669439



Қайым Мұхамедханов Абай мұражайында
(1940 ж. Семей қ.)

	<p>КУЭЛІК №0003</p> <p>Осыны көрсетуші жолдас</p> <p><i>Міңамедханов</i> <i>Ғабдулғаюм</i></p> <p>Абайдың әдебиет музейінің директоры екені анық</p> <p>Қазақ ССР Ғылым Академиясы Вице-Президенті Кадрлар басқармасы Алматы 9-апрель 1948 ж.</p> <p>М. Горьев А. Ергалиев</p>	<p>УДОСТОВЕРЕНИЕ № 0003</p> <p>Предъявитель сего</p> <p>тов. <i>Мухамедханов</i> <i>Ғабдулғаюм</i></p> <p>является директором Государственного литературного музея Абая</p> <p>Вице-Президент АН КазССР Нач. упр. кадровой работы Г. Алма-Ата 9-апреля 1948 г.</p> <p>М. Горьев А. Ергалиев</p>
--	--	---

Абай мұражайының директоры Қайым Мұхамедхановтың куәлігі. Қайым Мұхамедханов 1947-1951 жылдары Абай мұражайын (мұражай Қаз ССР Ғылым академиясының қарамағына кірген кезде) басқарды



Жамбылдың ақындық шығармашылығының 75 жылдық мерейтойына арналған Халық ақындары мен жыршыларының жиынында Қайым Мұхамедханов Жамбыл Жабаетпен бірге. (мамыр 1938 ж. Алматы қ.)




Солдан оңға қарай: Қайым Мұхамедханов, Қайрулла Закиров (Қ. Мұхамедхановтың курстасы) және Сәбит Мұқанов (1939 ж. Семей қ.)



Қайым Мұхамедханов, Құрманбек Жандарбеков және
Тайыр Жароков (1942 ж. Алматы қ.)



Қайым Мұхамедханов, Естай Беркімбаев және
Қасен Қалиманов (1938 ж. Семей қ.)



Абай мұражайы қызметкерлерінің Абай ауданына экспедиция кезі. Солдан оңға қарай: Долгунин (суретші), Қ. Мұхамедханов (мұражай директоры), Б.А. Акерман (мұражайдың ғылыми қызметкері) және жүргізуші (Семей облысы, 1948 ж.)



Қайым Мұхамедханов және Жұмағали Саин (1939 ж. Семей қ.)




Қайым Мұхамедханов және Всеволод Иванов
(1948 ж. Семей қ.)



Қайым Мұхамедханов, Зоя Кедрина және Ләйлә Әуезова
(1987 ж. Борли, М. Әуезовтің 90 жылдығында)



Қ. Мұхамедхановтың
жұбайы Фархинұр
(30-шы жылдар, Семей қ.)



Қ. Мұхамедхановтың
жастық шағы
(30-шы жылдар басы,
Семей қ.)



Қайым Мұхамедханов Семей облыстық тарихи-өлкетану
мұражайында (сәуір, 1964 ж.)



Қайым Мұхамедханов және Абайдың немересі
Мәкен Тұрағұлқызы (1990 ж. Алматы қ.)



Қайым Мұхамедханов және
Сәлкен Сұбханбердин
(1940 ж. Талғар қ.)



Қайым Мұхамедханов
(30-шы жылдар басы,
Семей қ.)



Қайым және Фархинұр Мұхамедхановтар балаларымен. Солдан оңға қарай: Фархинұр, Назым, Мүслима, Роза, Қазыбек, Қайым және Жәнібек (12 шілде 1948 ж. Семей қ.)



Қайым және Фархинұр Мұхамедхановтар Абай ескерткішінің жанында (70-ші жылдар, Семей қ.)